

A 2005
26-19 14

Дим Кекелайлов




Әбіл Қежібайұлы

ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ

ОН ЕКІ ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

4
ТОМ



Кекілбайұлы Ә. — Шығармалар жинағы. 4-том. Алматы: «Ан» баспасы, 1999 ж. — 484 бет. — 1000 экз.

ББК 84 (8 Каз.)

Алматы

«Ан» баспасы

1999

К 28 4202250101

ISBN 5-2667-2299-X

ББК 84 (5 Каз)

К 28

Басылымның жалпы
редакциясын басқарғандар:
Мереке Құлкенов
Темірхан Медетбек
Тілекқабыл Боранғалиұлы

Кекілбайұлы Ә.

К 28 Он екі томдық шығармалар жинағы.— Алматы:
«Өлке» баспасы.— Т. 4.—1999.— 464 бет.

К 4702250101

ББК 84 (5 Каз.)

ISBN 5-7667-7799-X

© «Өлке» баспасы, 1999 ж.
(Құрастыру. Алғы сөз, көркемдеу)

Тәңір Өзінің

БАШТАК

ҮРКЕР

роман
(жалғасы)

А. Қасымовтың А. Тәңірдің Үркері романының жалғасы. Бұл романның бірінші бөлімі 1952 жылы Алматыдағы «Жазық» журналында жарыяланды.

Тағы да бұл жылбұуыр бол. Тағы да — бір тастадай
тегіс жылмағай ұсырт. — Тағы да сол көз ұшпанық аяқай
тұрып алатын көз нәл мұнар.

Артқына-төрткілігім әл әл түйе, әл түйе әл
Үлкенбайыр дөңделері құлағына ы қалдырды, тағы
жылапты бір түйедей, салмағын түйе дөңделеріне қарай
қарай түсті.

Сол-сана мойын да қалай, түйе түйедей әл
қалды. Қалай мойын, қалай мойын — сол-сана
үйреңіне қарай. Қалай қарасаң да — сол-сана
көздері күбі сүз көңілің. Жерге қарасаң да — түйе
жөтел көздері күбі сүз көңілің.

Уфадан шыққан бір аяқпен ішінде, ең болмағанда
рәу аспанға бұлт айналды, жанбыр сипіресейді. Және
түйемен түйемен құлағына да жөтел күбі сүз
көңілің сол-сана құлағына қалай. Қалай қарасаң
да, қалай қарасаң да, бұлтпен бұлтпен бұлтпен
де тұрады. Сол-сана сол-сана дөңделеріне қарай
де бұлт көрің, қалай қарай қарайсың, сол-сана
жанымның ішінде қалай қалай қалай қалай.

Екінші бөлім

ЕЛШІЛІК

...Ұлы Петр 1722 жылы Персияға жасаған жорығы мен Астраханда болған кезінде қырғыз-қайсақтардың жапан түзгі жайлаған пәтуасыз халық екендігіне қарамастан, ол Орда қалған Азия елдері мен жерлері үшін әрі қақпа, әрі кілт болғандықтан да, талай кісіден оның жәй-жапсарын сұрастырып бақты.

«Генерал-майор А. Тевкелевтің Орынбор өлкесі мен қырғыз-қайсақ ордасы жайлы әр алуан қағаздарынан. 1762 жыл».

Тағы да бір жанбауыр бел. Тағы да — бір тақтайдай тегіс жылмағай үстірт. — Тағы да сол көз ұшында көлкіп тұрып алатын көк ніл мұнар.

Артынып-тартынған он екі түйе, екі жүз ат. Ұланғайыр дөңдерде шұбыртпа із қалдырып, сары желістен бір танбай, салдырып келе жатқалы қанша күн, қанша түн!

Соза-соза мойын да талып, қарай-қарай көз де қажыды. Қара мейлің, қарама мейлің — сол баяғы үйреншікті көрініс. Көкке қарасаң да — мелмиіп жатқан көлкөсір құба сұр кеңістік. Жерге қарасаң да — мелмиіп жатқан көлкөсір құба сұр кеңістік.

Уфадан шыққалы бес аптаның ішінде, ең болмаса, бір рет аспанға бұлт айналып, жаңбыр сіркіресейші. Жоқ, төбеңнен төңкеріліп құлазитын да жататын құба сұр кеңістіктің сол баяғы құлазыған қалпы. Қашан қарасаң да, қанша қарасаң да, бетпақ әйелдің бетіндегі бедірейеді де тұрады. Оған аспан деп дабырайтып ат қойып жүрген де бұлт көріп, аспан көріп жарымай, ала жаздай ақ шаңыттың ішінде далақтап шапқылайтын да жүретін күс

табан, жарық ерін, жалба тымақ көшпенділер шығар. Әйтпесе, мынау зорығып өлген көк есектің көңіндеі боп бозарып жататын да қоятын боз ала кеңістіктің қай жері жер, аспан екенін бір тәңірдің өзі ажыратып алмаса, адам айыра алатындай емес.

Не де болса, осы бір шетсіз-шексіз ұланғайыр пәлен күннен бері жол соқты боп келе жатқан түсі бөлек, түрі бөлек, киімі бөлек, жүрісі бөлек бейсауат адамдардың іштерін пыстырып, естерін тандырып, әбден мезі қып, қайдан келдікке түсірейін деп әдейі безеріп жатқандай.

Бұл өлкеде, сірә, бір өң, бір келкі емес нәрсе болсайшы! Аспаннан оқта-текте бір естіліп қалатын құс шиқылы да бір келкі, бір сарынды. Жол-жөнекей ін аузында күнге қыздырынып отырған тышқандардың шиқылы да бір келкі, бір сарынды. Бірінен-бірі аумайтын дөңдер, бірінен-бірі аумайтын күндер. Кеше де солай еді. Бүгін де солай. Ертең де дәл осылай болатынына еш күмәндана алмайсың.

Былай қарасаң, алға он шақты атты шолғыншы, артқа он шақты атты шолғыншы, қос қанатқа он-он аттыдан шолғыншы салып, қалған аттылар мен арбалыларды қақ ортаға бір шоғыр қып иіріп, ешқандай бытыратып-шашыратпай, жұмылған жұдырықтай жұп-жұмыр, жып-жинақы ұстап, жосылтып келе жатқан әскери керуеннің жүрісі сондай суыт, қарқыны сондай қатты секілді. Жалдарын жел желбіреткен жарау аттардың қатқыл алатағанақ дөңді қадап басып, тағалы тұяқтардың көптен жаңбыр көрмей еңіреп жатқан жентек сазды қарш-қарш асап, дүсірлетіп-ақ баққандары. Атан түйелердің желке шудалары желк-желк етіп, желіп келе жатқандары. Арбалардың төрт доңғалағы да зыр-зыр айналып бір сәт тыным тапқан емес. Бірақ, соның бәрінен шығып жатқан патуа шамалы.

Баяғы сол бір орынында не ілгері кетпей, не кейін кетпей бадалып тұрып алғаның. Қайда көз тастасаң да, сол баяғы көрініс — томсырайған құла түз. Қазір көріп тұрғаның да сол. Мына таңертең көргенің де осы еді. Кеше де солайтұғын. Бұдан жиырма күн, жиырма бес күн бұрын көргенің де — дәл осы болатын.

Ал, анау қамшылары бұлғақтап жалба тымақтардан сұрасаң, көзіңді ашып-жұмғанша жаныңды жанаттан бір-ақ шығарады.

— Жолдың көбі өтіп, азы қалды. Тәйірі, Ырғыз дегенің бұл арадан тиіп тұр! Аман болса, енді бір аптада ел қарасына ілінбес пе екенбіз. Шіркін, несін айтасың! Ақ түйенің қарыны жарылады ғой! Алдияр хан біздерді асыға күтіп отыр. Ұлан-асыр той жасайтын шығар. Қызыл қуырдақ, сары қымызға қанып алғасын шаршағаныңның бәрі ұмыт боп, құйрығын теуіп ойнаған құлындай сергіп шыға келесің!... Суайттар күрек тістері көстеңдеп сөйлей жөнелгенде бір мүдірсейші, сірә! Ауызымен қарқ қылады да салады. Қалы кілемге жатқызады. Үстіңе шәйі көрпе жапқызады. Езуіңнен ақ майды ағызады.

Олардың бұл ертегісін тыңдағалы да алты аптаға айналып барады, бірақ сол әлі жамбасыңды ер тескен изең-изең. Сол әлі қалайы құтының жылып кеткен жылымшы суы. Сол әлі Уфа воеводасының кенеп қалтаға салып берген қатырлақ қара наны.

Мынау қарғыс атқан даланың шегі мен шетінің, қапелімде, жеткізе қояр түрі көрінбейді. Зығырданың қайнағанда кімді боқтарыңды да білмейсің. Үйде қалған қатыныңды боқтайын десең, ол жазғанның да шұлғауыңды жуып бергеннен басқа жазығы шамалы. Астыңдағы атыңды боқтайын десең, о да ақ тер-көк тер боп барын салып келеді. Патша апайға тіл тигізу құдайдың атына күнә. Оның үстіне ол жарықтықтың бір рота солдат сыйып кететіндей айлапат төсегінен қайдағы бір тілін шайнап шүлдірегген немістерге болмаса, арақ ұрттап, қияр қажаған орыс адамына орын тие қоймайды деседі. Мынау құла түздегі қайдағы бір бар-жоғы белгісіз қаңғырма халықтың қайдағы бір бар-жоғы белгісіз қаймана ханына жер түбінен елші шаптырып отырғанда да сол немістер емес дейсің бе! Әкесінің ауызына ит сарығыр әлгі Бирон найсаптың мынау құла далада несін жоғалтып алып жүргенін кім білсін!? Россияда қазір буаз мегежін іш тастап, қысыр мегежін күйлесе де, сол найсаптың бір қатысы болғаны. Патша апайдың құшағынан бастап кең байтақ Россияның ең түкпір пұшпағына дейінгі қай арадағы қандай өзгеріс те, ең алдымен, сол төбетке байланысты деседі. Ол неме тап мынау бұлар келе жатқан сабылманы да, аңқау халықтың бостан-босқа борбайын созғылау үшін әдейі ойлап тауып отыр ғой. Қайда бар десең де, борсандап шапқылай жөнелетін ақ көңіл орыс адамдары қайдағы бір қанішер пұсырмандардың қайқы кездігінен

бір-бірлеп болса да, өле берсін дейді ғой. Ана жолы мыңға тарта орыс боздағы қайдағы бір қара мұрт, қара сақал бұралқының соңынан шұбырып, Хиуаға барамыз деп, мынау нәлет атқыр жапан түздің әлдебір пұшпағында сүйектері жиылмастан жайрап қалды емес пе! Мынау ақ көкірек, ақ періште болып келе жатқан жалба тымақ қазақтар мен жарғақ шалбар башқұрттардың да бұларды ен далаға шығарып алған соң қай бұтаның түбінде кәллаларын қырқып, қылжитып кететіндерін кім біліпті?!

Анау қақ алдарындағы солқылдақ сары ала күймедегі мамық төсекте манаурап бара жатқан сары ала иық ұлық та қалмақ дей ме, ноғай дей ме, татар дей ме, тіпті қазақ дей ме, әйтеуір орысқа алпыс алты атасында, жетпіс жеті шешесінде ешкім жуықтап көрмеген қайдағы бір қырық қайнаса сорпасы қосылмайтын көп бұралқының бірі дейді. Қайран Россияда сонда немістер мен бұралқылардан басқа ес біліп, етек жая алар ешкім қалмағаны ма! Олар болмағанда есіл ел әбден қараң қала жаздаған екен де! Орыс қазынасын теспей сорып жатқан өзге бұратана жетпегендей енді мынау ен далада өз көлеңкесімен өзі жарысып жүрген әуейі көшпенділерді де қол астымызға алып, асыраймыз деп ақ патшаға ант бергіздіргелі келеді дейді. Сонда мынау бедеу қатынның бетіндей жылмиып жатқан даладан не тауып қарық боламыз деп жүргендерін ит білсін! Өлген кесірткенің терісін жинамаса, көзге көрініп тұрған өзге ештеңе жоқ сияқты.

Сонда да, міне, талай аптадан бері ат терлетіп өңмеңдеп шауып келеді, шауып келеді. Анау көз ұшында бұлт-бұлт ойнап бара жатқан сары-ала күйме бір сәт аялдауды білмейді. Қос қапталынан жалпылдап жалба тымақтар да қалмайды. Ауыздарын жаппай әлденені айтып көкіп бара жатқандары! Не айтып бара жатқандарын өздері де білмейді. Әйтеуір бір сілекей ауыздардың әңгімесі таусылмайды. Өне біреуі көкжиекке қарап қайта-қайта қамшысын шошаңдатып қояды. Дәуде болса, суайт неме Петербордан келе жатқан ұлықты: «Өне бір таудан ассақ, шалқыған дарияға тап боламыз деп» алдарқатып келеді. Оларының қандай тау, қандай дария екенін басқа білмесе де, бұлар жақсы білетіндей болды. Уфадан шыққалы олар талай «таудан» асып, талай «өзеннен» өткен-ді. «Сонау сәнкіп тұрған Көксеңгірді көрдіңіз бе? Ол, жарықтық, пәлен

деген тау» дейді олар көкжиекке қамшысын сілтеп бетіңе бүлк етпей бажырая қарап тұрып. Алыста көкніл сағымға оранып, мұнартып тұрғанына қарап, әлгілердің айтқанын шынында да тау екен деп қаласың. Баурайында сылдырап ағып жатқан бұлағы, шоқ-шоқ тоғайлары бар шығар деп ойлайсың. Көз ұшынан көлкілдеп діңкеңді құртып тұрады да, қасына жақындасаң жер тістеген жатаған төбе болып шыға келеді. Ол бұлардың тауларының сиқы. Ал енді өзендеріне келсек, орыс кавелериясының бір эскадроны бел суытып алған жерде қалқып шыға келетін қақ суынан әруақты болса не дейсің. Бұлар үшін қотыр лақ секіріп өте алмас шалшықтың бәрі өзен, бәрі көл; бұтадан биік төмпектің бәрі тау, бәрі сеңгір. Өздерін өздері алдап, өздерінен-өздері мәз боп жүрген бұл әуейлердің елміз, жұртпыз деп жүргендерінің қанша қара құрым күркенің жиынтығы екенін, ал ханымыз бар деп қақырайтып жүргендерінің қоңсы тайпалардың қанша табын жылқысының обалына қалған қандай қарақшы екенін бір тәңірдің өзі білсін!..

Ой, тоба-ай, патша сарайында отырғандар да ойына не келсе, соны істейді екен-ау! Ар жағындағы француз, ағылшын, неміс, шведтер жетпегендей, жер түбіндегі майтымақтармен келіссөз жүргізіп, елші сабылтқандары да еріккендіктің бір түрі шығар.

Әне бір тырсиған сары ала иық бұралқы ақ патшаның елшісімін деп басқанынан жер ойылатындай боп кергиді. Қасындағы қалбағай бөріктілер талтақ бұт орыс офицерін Ғайса пайғамбарымның он екі шәдиярының бірін көргендей жандары қалмай, біресе ол жағынан, біресе бұл жағынан шығып, екі етек боп далақтаумен келеді. Сыртынан қарасаң, баланың ойыны, бақсының жыны сияқты бірдеңе. Әйтпесе, тегінде теке атпаған, бағзы бабаларының өзі орыстың ну орманының қай түкпірінен шыққаны белгісіз, ал бергі аталары Персияға асып кете жаздап, әзер қайтқан, бармаған жері, баспаған тауы қалмаған жалаң аяқ Уфа казагіне салтанатты елшіліктің сапында шеру шегетіндей дәуренді қандай мырза құдай көзі қиып бере салды дейсің!

«Жә, бекерден-бекерге бас қатырып қайтемін! Дүниені өзім құдай болғасын, Россияны өзім патша болғасын бір-ақ түзетіп алмаймын ба! Оған дейін мәңгір басты босқа қаңғыртпай, алдияр ханның ақ ордасына жетіп, қызыл қуырдаққа тойғанша, ұйқымды қандырып

ала тұрайын», — деп ойлады арт жақтағы арбада отырған Уфа казагі Сидор Цапаев ту сыртындағы тұз салған қапшыққа басын сүйеп мызғып бара жатып.

Көзі іліне беріп еді — өзінің Уфаның шет жағындағы бөренеден қиып жасаған үйінің ауласынан сопаң етіп шыға келгені. Әйелі Устинья бұның көзі таяр-таймаста-ақ қырмызыдай құлпырып, гүл-гүл жайнап қоя беріпті. Екі беті албырап, екі көзі жайнақтап өртеніп тұр. Әншейінде мыш боп жататын мықындықтан төменгі жағы көшпенділердің жері от жылдары күзде базарға айдап әкеп сататын саулықтарының қараптан-қарап жарылып кете жаздап тұратын құйрықтарындай теңкиіп алған. Қапелімде, бұл оны Устинья емес хорунжий Безруковтың май бөксе Марфасы екен деп те қалып еді.

— Сидор Ефимович, қалай тез оралғансыз?! — деп сыңғырай шыққан дауысынан тани кетті.

Бал-бұл жанып, жайраңдап тұрған әйелін құшақтай алғысы кеп, әзер шыдап тұрса да, көңіліне бір қитұрқы ой қашып, қолындағы қамшысын умаштай түсті.

— Жаныңның барында мойныңа ал, қаншық, сені мен жоқта жардай сауыр біткенше жамбастатып жүрген қай көшенің төбеті! — деп төне түскелі жатыр еді, кенет...

Бұ заманда жұрт бөгет болмай жүре ме! Ең болмаса, жан дегенде жалғыз қатыныңның қаққанда қанын, соққанда сөлін шығарып, армансыз бір сілкілеп алуыңа да мұрша бермейді ғой, түге!

Біреу иығынан тартқылады. Көзін ашпай ыңыранып біраз жатып еді, әлгінде ғана гүл-гүл жайнап алдында тұрған қатыны құрғырының аяқ астынан айдаһар жұтып кеткендей жым-жылас жоғалғаны. Енді қайтып көре қоймайтынын біліп, күдерін үзгесін барып, сығырайған көзін ашты. Үстіне манадан бері арбаның арт жағында ыңқылдап келе жатқан жадау сары төніп тұр екен.

— Сидор Ефимович! Сидор Ефимович.

— Екі қатынның обалына бірдей қалып, дүниеге тап мына сен сілімтікті әкеліп жүрген су мұрын әкеңнің тап сапсыған теке сақалын...

— Сидор Ефимович деймін. Әне көкжиекте бірдеңе көрінеді, ол немене болар?

— Көрінсе, көріне берсін. Көп болса, баяғыда көшпенділердің күлінің басында арам қататын сенің әлгі қаңғыбас атаңның моласы шығар...

— Қылжақ қылмаңызшы, Сидор Ефимович...

Ойына, қапелімде, ауызының қышуы қанатындай қитұрқы балағат түсе қоймағасын, Цапаев басын көтеріп көкжиекке көз тастауға мәжбүр болды.

Сөйтсе, жұрттың бәрі оң жақ қапталға қарап қапты. Қандай есерсоқтың ерінбей-жалықпай үйіп жүргенін кім білсін, анадайда бір қызыл үйік тұр. Баяғыдан бері жанарын талдырған жадау кеңістіктегі мынау үйік шырайлы қыздың жүзіндей көзіне шоқтай басылды. Қызыл үйіктің басында қонжиып түздің тарғыл бүркіті отыр. Мына ен далада өзіне қол көтерер ешкім жоқтай қаннен-қаперсіз отыр. Жан-жағына дұрыстап көз де салмайды.

— Пай-пай қасқаның маңқиюын-ай!

— Қасынан керуен өтіп бара жатқанымен де шаруасы жоқ.

— Шаруасы болғанда сенен шылым сұрай ма, қайтеді...

— Осының өзі қорқады ма екен?

Бірнеше адам иықтарынан асулы мылтықтарын жұлып алысты. Қызыл үйікке қардай борап оқ түсе бастады. Тарғыл бүркіт не болып, не қойып жатқанына түсінбегендей, гүрс-гүрс үн шыққан жаққа қарай мойнын керенау созып, қанатын қомдап, бірер талпынып қойды да, отыра берді.

— Әй, мынауың былқ етпейді ғой.

— Ендеше, тигізбегенмен, жақындатып атып көрейікші.

Тарғыл бүркіттің тап қасынан бұрқ-бұрқ шаң ұша бастады. Тағы қанатын желпілдетіп біраз отырып барып, ытқи көтеріліп, көкке самғап бір-ақ шықты. Зеңгір көкке аспандатып шығып алғасын қалықтап жүрді-жүрді де, кенет керуеннің төбесінен шүйіп кетпей тұрып алғаны.

Жұрт аң-таң. Тарғыл бүркіт тайсалар емес. Мынау тосын адамдардан, ауызы үңірейген мылтықтардан еті шімірікпесе не дейсің! Төніп-төніп келеді де қайта жоғарылайды.

Біреу бұған күйініп кетті білем, мылтығын көкке көтеріп көздей бастады. Сол-ақ екен сары ала күймені тастай салып далақтап шауып келе жатқан тымақты қазақ әлгінің қасына жетіп барып, қамшымен құлаштап тұрып тартып қалып еді, қолындағы мылтық анадай жерге ұшып кетіп, гүрс ете түсті.

Таяқ жеп қалған солдат жалма-жан қылышын ап тұра ұмтылып еді, хорунжий Безруков жолын кескестеді.

Әлденені айтып өжеңдеп, қалш-қалш етіп ашуға мініп тұрған қайқы төс қара сұр қазақтың не дейтініне атымен түсінбесе де, казактар мен солдаттар қолдарындағы мылтықты жалма-жан иықтарына қайта асып алысты.

Тек үрпек бас жадау сарының ғана ештеңемен жұмысы жоқ, қойынынан дәптер суырып, тас төбелерінде шүйіп жүрген тарғыл бүркітке жалтақ-жалтақ қарап қойып, бірденелерді шимайлай жөнелді.

Қылжақбас Цапаев тұттыға сөйлеп жатқан оқа шекпенді қазақ пен не болғанына түсіне алмай, ауыздарын ашып қалған серіктеріне басын шайқап, мұртынан күлді.

Қанша дегенімен, сүмбіленің аяғы емес пе! Күн сәскеге дейін қоңыр салқын боп тұрады да, сәскеден кейін ыси бастайды. Ал талма түсте таң атқалы танауыңды қышырқандырып келе жатқан түз шөбінің таңсық иісі күрт жоғалып, күн қыздырған киіз бен шүберектің, ат сауырын шылпытып тастаған ащы тердің, доңғалақты майлаған қара майдың, қолаңса сасыған қайыс пен темекінің ию-қию иісі мұңкіп қоя береді.

Осылай ит-зықысы шығып келе жатқан елшінің ұйқысы әлгіндегі бүркіт оқиғасынан кейін шәйдай ашылды. Уфадан шыққалы құлағының құрыш етін жеп келе жатқан сөзуар қазақтардың да жақтары семейін депті. Қабақтарын шарт түйіп, қарсы алдарында кесе көлденең жатқан дөңбек жалға қарап телмірісе қапты. Әсіресе, мана орыс солдатына қамшы көтерген қылыш мұрт, қара сұр қазақ — Сүйіндік батыр өрттей боп күреңітіп апты. Оның қасындағы қою қас, қыр мұрын, монтаны көз Мұқанбет қожа томсарып келе жатқан серігі мен сары ала күймеде ойға батып келе жатқан орыс елшісіне кезек-кезек жалтақтап қояды.

Елшінің көз алдында, тарс еткен мылтық дауысы шыққанда мұнымен шүйіркелесіп сөйлесіп келе жатқан Сүйіндіктің әңгімесін кілт үзіп, атын тебініп, кейін қарай жалт бұрылғанда оқыс жарқ ете қалған суық жанары кетпей келеді.

«Да!» — деп қойды ішінен орысша ойлайтын елші. Манадан бергі шала татарша, шала қазақша кібірттік әңгімеден жүрісі жайсыз көлікке мінгендей әбден ит-зықысы шығып еді. Үйреншікті тілінде қиялға батқанда, ойының аяқ алысы ширап қоя берді.

«Иә, солдаттардың әлгі бір қылығына бұлар осынша шамданып қалды. Сырын білмейтін аттың сыртынан жүрме деген осы ғой. «Дос боламыз, қол астыңызға алыңыз» деп жер түбінен хат жазып, елші шаптырып отырып, қайдағы бір түз тағысына бола талақтары тарс айырылады. Онда тұрған таңғалатындай не бар? Екі халық түгілі екі пенденің басының біріге қоюы қиын. Сонда мынау өмір бақи бір-біріне қырық қайнаса сорпасы қосылмаған, не тілі, не діні, не тегі, не түрі ұқсамайтын екі жұртты жер түбінен бір-біріне ұмсындырып қойған құдіретті айтам-ау...»

Тевкелев өз-өзінен басын шайқап қояды.

Талайдан бері патша сарайының маңында жүріп, көп нәрсенің байыбына бара алатындай болып қалған ақ қаптал Тевкелев Сыртқы істер коллегиясының кеңсесіне бас сұқпай жатып, ақ та жоқ, көк те жоқ: «Сені вице-канцлер Остерман шақырып жатыр», — дегенді естігенде буын-буыны дір-дір етіп абдырап сала берген-ді. Мұндайда салып ұрып жетіп баратын князь Юсуповтың өзі басымен қайғы боп қуғында жүр. Басқа шонжарлардан бұған тап емешегін үзіп тұрған ешкім жоқ. Қапелімде, ақылдаса қоятын адамның да ретін таба алмады.

Жүріс-тұрысы шапшаң Тевкелев аяғын ілбіп басып аулаға зорға жетті. Жез мұрт біреу сыртынан тәптіштеп орап тас-таған бума қағазды құдайдан сұрап алған жалғыз нәрестесіндей қып өбектей көтеріп, қасынан өте беріп еді, есіне обер-секретарь Кирилловтың түсе кеткені...

Арғы түбі шарық сүйреткен шаруа, іскерлігімен, білімділігімен әзір ділдалап ерғара боп қатарға қосылып жүрген обер-секретарь біртоға сақ адам-ды. Кім көрінгенге жарқ ете бермейтін. Екі етек боп кіріп барғанда басын ашып бірдеңе айтса жақсы, айтпаса тауы шағылып қалады-ау. Бірақ не естісе де, ішіне бұқтыратын аузының құлпы мықты кісі. Әйтеуір, Тевкелевтің неге келгенін, не деп кеткенін елге

жаймайды ғой. Бұған аз-маз үйірлігі де жоқ емес. Тевкелевтің алыс бір жаққа барып келгенде алдымен Кирилловқа тартатын әдеті еді. Бөтен өлкеден не көріп, не қойғанын, ең алдымен соған айтатын.

Кирилловтың үйі ыбырсыған қағаз. Ана жерде де шиыршықтап ораған бір бума қағаз, мына жерде де шиыршықтап ораған бір бума қағаз. Қайсысының да бүктеуін жазып қарасаң да шимай-шимай карта боп шығады. Кириллов сондай шимай қағаздың біреуін алдына жайып салып:

— Алексей Иванович, бір кісі дұрысын айтса сіз айтатын шығарсыз. Ішімдікке онша үйір емес деп есітем. Әлгі Сағыз өзені Жайықтың шығысында ма, батысында ма? Ана жолы бір орыс бауырымыз кеп, бір кеш отырып, үйдегі арағымды әбден сарқып ішіп: «Сағыз дегеніміз Жайықтың шығыс жағында ғой», — деп кетіп еді, ертеңінде біреудің сары ала таңнан кеп сартылдап есік сабалай жөнелгені. Ашсам — кешегі сабазым. Табалдырықтан аттамай жатып самбырлап сөйлеп кетті. «Иван Кириллович, кеше мен құдайдың алдына күнакар боп қалдым-ау» деймін. Сізге осы Сағыз Жайықтың шығыс бетінде деген секілдімін. Ал, енді үйге барып есіме түсіріп көріп ем, сол көрі жаңғырың Жайықтың батыс бетінде жатқан сияқтанды да тұрды. Барлық пәле әлгі Жайықтың қазақтарынан болды. Жалба тымақты шөшмектердің екі сөздің басын біріктірмей балпылдай беретін балдыр-батпағынан құлақтары сарсып, бастары қатып отырған немелер біздермен армандарынан шыққанша орысша сөйлесіп іштерін босатып, бір жасап қалғандары, Құдайларының бергендері сонша, қара уылдырықты шелек-шелегімен көсіп әкеп, тау қып үйіп қойды. Ішіп-жемнің мол болғаны сонша, ішіңнен: «Мырза құдайдың қайдағы бір кіндік-піндік жасап босқа әуре болғанша, адамға неге бес-алты ауызды қатарынан жаратпады екен?!» — деп өкінесің. Олар алдымызға үйіп-төгіп әкеле беріпті, мен апырып-жапырып соға беріппін. Содан мұздай судың ортасына барып шолп ете қалғанда бір-ақ ояндым. Көзімді ашып алсам — жан-жағым жөңкіген ағыс. Ортасында — мен. Киімшен қалпым. Қаннен-қаперсізбін. Терең суға бүлк-бүлк ойнап, батадай батып бара жатыр екем. Енді болмағанда қай жайынның құрсағында құлындай шыңғырарымды кім білген, қылқ-қылқ су жұта бастағанымда, жағада сандарын шапақтап мәз боп тұрған сұмырайлар өздері кеп шашымнан тартып суырып алғандары. Ұялған тек

тұрмас деген ғой! «Апырай, мына Жайығың тастай суық қой. Сіңірім құрысып қалғанын қарашы!» — деймін жаратқан иемнің жарылқаған бөлек-салағының бәрін түйенің жабуымен қымтап, малмандай іш-киімді умаждай сығып тұрып. Әлгі оңбағандардың: «Сандалыпсың, Проша, қайдағы Жайықты айтып тұрсың, бұл Сағыз ғой!» — деп күркірей жөнелгендері. Сөйтсем, мен пақыр үш күн бойы шайқа-лақтаған арбаның үстінде өтпей отырған кәрі қызын алып, сауабына қалған қайын енемнің үйінің төрінде жатқандай, көсіліп салып ұйқыны соғайын кеп. Кескен бөренедей ессіз-түссіз домалайын кеп. Сауығып есін жияр деген үміттері үзілген серіктерім екі қол, екі аяғымнан көтеріп тұрып кемерінен асып шырпып жатқан жойқын өзенге бір-ақ атсын кеп... Әттең, сол оқиғаның Хиуаға бара жатқанда болғанын, жоқ қайтып келе жатқанда болғанын есіме анық түсіре алмай арманда қалып тұрғаным», — деп екі шекесін кезек тоқпақтап, тағы да тақ тойып алып, үйіне қайтып кетті. «Жайықтан өтерде сіз тап өйтіп керелене қоймаған шығарсыз...» — деп Кириллов екі иығы селкілдеп кеңк-кеңк күлетін.

Бұл жолы Тевкелевтің Кирилловқа барғанда айта қоятын тап ондай таңсық әңгімесі жоқ-ты. Петр патша өлгелі ол ешқайда аттап шыққан емес, Тек әне бір жолы жоңғар елшілерін ертіп екі-үш күн қыдыртқаны бар. Бірақ олардан жағрафия жайында сыр тартып көру есінде болмапты. Әй, жарайды, қайдан шықса, одан шықсын...

Сенат жайғасқан палата қаңырап бос тұр екен. Оның да реті бар-ды. Париж боп Лондон салондарында аққаптал дипломаттардың күлегеш ханымдардың көңілін көтеретін қылжақбас хикаяларының көбі орыс сарайының төңірегінде болатын. Солар: «Россияда патшаның барын, Биронның барын, сенаттың барын білмейтін жан бұл дүниеде жоқ, бірақ Анна Иоановна патшайымға Россияның неге керек екенін, Биронның неге керек екенін білгенмен, сенаттың неге керек екенін білетін кісі бұл дүниеде атымен жоқ», — деп шек-сілелері қатады дейді.

Шынында да, сенаттың ертелі-кеш ешкім бас сұқпайтын абажадай кең залында столдарды бір-біріне жалғастырып қойып, үстеріне есіктен төрге жететін шытырлақ қағазды жайып салып, жеңін шынтағынан асыра түріп тастап, бір қолында сызғыш, бір қолында қалам шытына ойланып Кириллов қана тұр екен. Қашан қасына барғанша бұрылып қараған жоқ. «Егер патша

апамыздың өзі кіріп келер болса, қайтер еді? Бүйтіп қалай обер-секретарь боп жүр екен?» — деп ойлады Тевкелев сәлемдесіп жатып.

— Ал, саяхатшы, бұл жолы ат басын қайдан тартпақсыз?

— Не дедіңіз... Мен әлі...

— Тәйірі сонша неге шошыдыңыз!

— Шошыған жоқпын. Қуанып кеткенім ғой. Мен өзіңізге бір төтен хабармен келіп едім.

— Ендеше баяндаңыз.

— Иван Кириллович, мені Остерман шақыртады дейді. Неге екенін құлағыңыз шалмады ма?

Кириллов басын шайқады.

— Остерман шақырса, абыржитындай не тұр? Ушаков шақырмаса болғаны да!

Енді отыра берген Тевкелев кілт кідіріп жан-жағына қарап алды.

— Құдай сақтасын, Иван Кириллович!

— Ендеше, Алексей Иванович, шақырылып тұрған кезде баратын жерге барып қалу керек. Әйтпесе, қайталап шақырып, қайыра бұйым салу деген біздің елде жоқ дәстүр. Бір барғанда жер сыбағанды жеп, киер сияпаңызды киіп шықпасаңыз, кейін опық жеп қаласыз. Тевкелев орынынан айран-асыр боп тұрды. Әншейінде артық-ауыс сөзге жоқ Кириллов бүгін бұған нағып бүйтіп ағыл-тегіл ақтарылып отыр. Қазіргідей «сөз бен істің»¹ қып-қызыл өртінің екіленіп тұрған кезінде тілінің тиегінің бұлай ағытыла кеткені сенгені ме екен, жоқ сынағаны ма екен...

Кириллов ештеңемен шаруасы жоқ. Қаламын сияға малып, көлдей қағаздың үстіне шұқшия қалыпты.

Тевкелев сол жан-жағына жалтақтаған күйі Остерманның үйіне де жетті. Париж бен Лондон дипломаттарының қалжыңына көп іліккен тағы бір нәрсе орыс үкіметінің қызмет орны еді. Олар патша сарайынан шыққан қағаздың қай-қайсысынан да Остерманның бәйбішесі пісірген самсаның исі аңқып тұрады дейтін. Өйткені, орыс үкіметінің өзі Остерман еді. Ал, Остерман анда-санда патшаға шақыртылғанда болмаса үйінен шықпайтын. Қағаздарға да үйінде қол қоятын.

¹ Анна Иоановна тұсында қылмысты істер құпия кеңесінің басшысы болған Алексей Иванович Ушаков патшаға сенімсіздік көрсетті деп мындаған адамдарды айдатып, асқызды. Сенімсіз атану үшін біреудің «Сөз бен іс» деп жар салып, куәлік айтқаны жеткілікті еді (Ә.Қ.)

Есікті бір имең-имең еткен ұзын бойлы селеу шаш сары жігіт ашты. Ыржалақтап күле береді. Тевкелевтің көңіліне күдік қашты. Үкімет жағында аз-мұз байланысы бар адамдардың малайы түгілі есіктің алдындағы итінің өзі бірдеңенің исін сезіп үрмесе, бостан босқа үрмейді деуші еді. Мынау ұйпа шаш, сары жігіттің неге екі езуі екі құлағында? Ол тас сатыны тық-тық басып бұның алдына түсті. Олар жүріп келеді, жүріп келеді. Бір уақыттарда барып жетті-ау ақыры. Ашық тұрған емен есіктің тұсына келгенде, алдындағы жігіт «кіріңіз» деп қолымен нұсқады да, сол ырсалаңдаған қалпы кейін бұрылып кетті.

Бұның табалдырықтан аттауы-ақ мұң екен, әлдеқайдан сыбызғыға қосқан ойнақы неміс әуені сызылтып қоя бергені.

Тевкелев әлденеге қымсынып тоқтап қалды. Абажадай залдың төр жағынан бірдеңенің өзіне қарай үн-түнсіз жылжып келе жатқанын байқады. Сөйтсе, үй ішінде жүретін доңғалақты арба зулап келіп алдына тоқтады. Арбада — арық екенін, семіз екенін, бойының қандай, жасының қандай, жынысының қандай екенін ажыратып болмас бір адам отыр. Арық дейін десең арбаның құндағына әзер сыйыпты. Толық екен дейін десең, шеке тамыры баттиып-баттиып шығып тұрған сопақ беті боп-боз. Тапал екен дейін десең, созған қолы ұп-ұзын. Бойшаң екен дейін десең мойны жатаған арбаның арқалығынан асып жарымайды. Жас екен дейін десең, көзінің алды әжім-әжім. Кәрі екен дейін десең тісі бүп-бүтін, үні шып-ширақ.

— Төрлетіңіз, Құтлық Мәмет Мамашев мырза!

Тевкелев қапелімде сасып қалды. Өзінің шын аты-жөні өз құлағына тосын естілді. Петербургта ешкім оны татарша есімімен атамай, орыс үрдісімен Алексей Иванович Тевкелев дейтін. Оның үстіне өзі ұмыта жаздаған нағыз аты-жөнін вице-канцлер біледі екен деп кім ойлаған!

Онсыз да абыржып тұрған Тевкелев мынаны естігенде тіл-ауыздан бірден айрылды.

— Сізді жұрт құранды жатқа соғады дейді ғой. Мұсылмансыз ба?

— Жоқ, православие шеркеуінің үмбетімін.

— Жә, қалжыңға айтам, сіздің христиан екендігіңізге еш күмәніміз жоқ. — Тевкелев үндемеді.

— Уфаны жақсы білетін боларсыз. Сол маңайдан көрінесіз ғой.

— Бабаларымның сол маңайдан шыққаны рас.

— Ендеше, Құтлық Мәмет Мамашев мырза, сол ата-баба топырағына барып біраз аунап-қунап қайтсаңыз қайтеді?

Тевкелевтің демі бітіп барады. Сығырая қараған вице-канцлердің дәл мына сөзіне не дерін білмей аңырап тұр. Ата-баба топырағына аунап-қунап қайтқаны қалай? Қазір қайдағы бір қаңғыбас кірме ол түгілі Россияны Россия еткен алтын дінгекпіз дейтін ең бір шонжар әулеттердің өздерінің талай жайсаңы сонау Ақ теңіздің маңындағы әлдебір монастырьлердің астындағы жұмбақ ұраларда шіріп жатқан тұста астанадан аласталғанмен алыс атамекендеріне кеткендер құдайына мың мәртебе тәуба айтып аттанатын. Ендеше, құдай бұған да оң көзімен қарайды екен. Әйтпесе, мынандай қараптан-қарап тұтанып тұрған кезде ойыңда жоқ бір сілекей ауыз: «Сөз бен іс!» деп айқай салып, сыртқы істер коллегиясының шығыс тілдері жөніндегі тілмашты Алексей Мұртаза Мамашев мырзаның баяғыда қалмақ сапарында, не баяғыда парсы жорығы тұсында, не Бекович-Черкасский экспедициясына қатысқан кезінде пәлен деген жерде пәлен деп қойғанын өз құлағымнан естідім деп өзеуреп шыға келсе, қылар қайраның қайсы! Ондайда Уфа түгілі Итжеккен асып кетсең де, тірі қалғаныңа пейіл болмассың ба!

Ендеше, Тевкелев мырза, алыс Уфа воеводасының қарауына жолың түсіп тұрса, оған да мың-мың шүкіршілік айт! Бұл заманда жендеттің қара балтасы мен дар ағаштың қыл тұзағынан басқаның бәрі жақсылық, бәрі шүкірлік!

Ендеше, Тевкелев мырза, алдында қол арбада бөксесінен жоғарғы жағының бәрін түбіт орамалмен орап алып, саған сығырая қарап отырған, түріне қарап ұлтын, жынысын, жасын, қызметін ешбір айырып болмас жұмбақ адамға, Россия тағдырын қолына ұстап отырған үшінші адамға, вице-канцлерге, шын мәніндегі канцлердің де өзі граф Андрей Иванович Остерманға кеш қалмай тұрғанда: «Құп болады!» деп құлдық ұрып қал...

— Алдияр патша қайда жұмсаса да әзірмін! — деді ол даусын ширатып, бойын тіктеп.

— Әлбетте, — дей салды вице-канцлер сүлесоқ.

Ұйықтап кететіндей көзін жұмып сәл ойланып отырды да:

— Ендеше, Алексей Иванович, — деді өңін жылытып. — Қазір өзіңіздің Сыртқы істер коллегиясына барыңыз. Қалғанын сонда естірсіз. Сау тұрыңыз, көгершінім!

Содан бұл абажадай кең залдың табалдырығынан сыртқа аттай беріп еді, манағыдан бері құйқылжып құлағында тұрған ойнақы неміс сазы кенет пышақ кескендей тыйыла қалды. Емен есікті жайлап жаба беріп еді, манағы селеу шаш, сары жігіттің ырсалаңдап алдынан қайта шыға келгені.

Бұл әшекейлі темір шарбақтан шығып бара жатқанда жаңағы ойнақы саз тағы да сыздырта жөнелді.

Тевкелев, сүйтіп, Остерманның үйіне аң-таң боп келіп, аң-таң боп кетіп барады. Бүгінгі жүрісінің, бүгінгі естігендерінің бәрі жұмбақ. Кириллов жұмбақпен бастап еді, Остерман жұмбақпен аяқтады. Бірақ, көңілі орынына түскендей. Не де болса, сөйлескен, әйтеуір, Ушаков емес қой. Ушаков бүйтіп жұмбақтап қайтсын!.. Міне, қызық! Оң табаны қышып қоя берді. Табаны қышыса, алыс сапарға көрінуші еді. Кім біліпті, шынында да, мұны алыс сапар күтіп тұрған шығар.

Табанының қышығаны ештеңе емес, бұғағы дуылдай жөнелмесе болғаны. Бұғағы қышығандар қыл тұзаққа қылғынып жатқандары. Ғайсаға сиынғанын не, аллаға сиынғанын, орысша айтқанын не арабша айтқанын өзі де аңғармапты; әйтеуір әзір талша мойыны иығында, аман-есен жер басып жүргеніне тәуба айтып, ішінен дұға қылғанын біледі.

Сол бір күнгі жұмбақтап басталған әңгіме енді, міне, әкеліп мынау жапан түзден бір-ақ шығарып отыр.

Көсенің иегіндей көксұрланып жатқан ұшан дала Тевкелев үшін тап онша таңсық нәрсе емес. Екі аяғы салбырап көктен түскен дәнеңесі де жоқ. Уфа маңынан шыққан көп мырзалардың бірінің ұрпағытұғын. Христиан дінін қабылдап, бірте-бірте орысқа айнала бастаған бұл тұқым біраздан бері патша сарайының төңірегінде-ді. Шығыс елдерімен жасалатын қарым-қатынастың қай-қайсысынан да құр қалмай, құрақтай ұшып солар жүрер-ді. Соның ішінде де осы Алексей Иванович Тевкелев айрықша көзге түскен-ді. Парсыға жұмсауға да сол керек, Қырымға жұмсауға да сол керек, түрікке жұмсауға да сол керек, башқұртқа жұмсауға да сол керек, қалмаққа жұмсауға да сол керек. Ақыр

аяғында қазаққа жұмсауға да, міне, сол керегіпті. Бір жағы Орал тауларынан айналып өтіп, бір жағы Кавказ тауларына жетіп жығылып көл-көсір көсіліп жатқан ұлы далада ол бармаған пұшпақ кем де кем. Желкілдеп шапқылай да жүреді. Петр патшаға ілесіп Азовқа барды, Персия жорығына қатысты, Аюкенің ордасында алты ай қонақ болды, Даулеткерей мырзаға ілесіп Каспий теңізінің терістігі мен шығыс жағалауын тегіс аралап шықты. Сол сапарларында қазақ даласын да шет-шепірлеп көре қалған-ды. Енді, міне, дәм бұйырып ішіне дендеп кіріп келеді. Алдында не күтіп тұр? Ол жағы әлі күңгірт. Қасындағы хан жіберген адамдардың саудыратып айтып келе жатқан әңгімесін бір сөзін қағыс жібермей мұқият тыңдап алғанмен, ешқайсысын құлағына ілген емес. Қашан өз көзімен көріп, өз құлағымен естігенше біреу туралы біреудің айтқан сөзіне құлап жығылмау қашаннан қатты ұстанып келе жатқан қағидасы.

Оның үстіне, Россияның ертеден қоян-қолтық араласып келе жатқан жұрты, бірақ, соған қарамастан, еңбір біліп-жарымайтын жұрты осы қазақтар-тұғын. Қажет десеңіз, атын екеш атын да жөндеп айтпай, біресе «қазақ», біресе «қайсақ», біресе «қырғыз-қайсақ» деп қырық құбылтып бағыпты.

Қазақ даласында бұрын-соңды болғандардың жазбалары да қым-қиғаш. Біреуі батыр десе, екіншісі қорқақ дейді; біреуі ағынан жарылған ақкөкірек шыншыл десе, екіншісі жөн сұрасаң, иттің өлген жерін «міне, тиіп тұр» деп иегін сілтей салатын суайт дейді; біреуі сәбиден бетер аңғал десе, екіншісі сұмдығына найза бойламайтын арам дейді; біреуі жылқының жабағы жүніндей ұйысқан қалың ел десе, екіншісі көсенің сақалындай селдір дейді; біреуі бәрін бір хан билейді десе, екіншісі әрқайсысы әр ханның соңында бет-бетіне шашырап жүр дейді; ал үшінші біреулері олардың ханмен де, қарашамен де ешқандай шаруасы жоқ, басына жүген-құрық тимеген, тұздің тағы аңдарымен бірге өріп, бірге түнеп жүрген, аты екі аяқты демесең, төрт аяқтылардың аз-ақ алдындағы арда жабайылар дейді. Әйтеуір, Россия үшін тұмсығының астында жатқан қазақтардан беймәлім, қазақтардан жұмбақ халық жоқ болады деп тұрады. Сол жұмбақты шешуді тағдыр басқаға емес бұған, тілмаш Мәмбет мырзаға, Алексей Иванович Тевкелевке жазған түрі бар.

Ол 1722 жыл еді. Орыс кемелері Персияға қарай жорыққа аттанып бара жатқан-ды. Каспийдің шаңқан көк жазирасын бірінен-бірі қалмай тізіле жөнкіліп келе жатқан көп желкен көмді де кетті. Тевкелев тұтқындармен сөйлесем деп, темекінің, насыбайдың, күтімсіз жаралылардың, оларға жағылған қайдағы бір қолқанды қабар қоңырсақ дәрілердің ию-қию иісіне жүрегі лоблығындай болғасын, бір ауық таза ауаға шығып сергіп алмақшы боп, тұмсық жақтағы оңаша алаңқайға барып, қақ маңдайдан екілене ескен қарсы самалға көкірегін тосып тұр еді, кенет алдарындағы ту көтеруші кемеден бір қайық суға түсірілді. Он ескекші екі қапталға бөліне отырып, жеделдете есіп, бұларға қарай беттеп келеді. Қапталдаса бергенде, ортада отырған біреу кеңірдегін жырта айқай салды:

— Тілмаш Тевкелевті патша ағзам шақырып жатыр!

Бұның жүрегі дүрс-дүрс етіп қоя берді. Кемеден қайыққа тасталған кендір арқан сатымен тілерсегі дірілдеп зорға түсті. Патша шақыртқан сайын осындай хәл кешеді. Онысының қуаныш екенін, жоқ қорқыныш екенін өзі әлі жөнді білмейді.

Жақында ғана терістіктен жел сапырып, бірнеше күн аласапыран боп, ақ айранданып қалған Каспийдің көк реңі енді-енді орала бастаған-ды. Күні кешегі дөңбек толқындар бүгін ақ тымыққа айналып аршындай жүзген орыс кемелерінің біресе ол жақ кемерінен, біресе бұл жақ кемерінен шылп-шылп сүйкеніп шырпынып жатыр. Күн тымық. Теңіз тыныш. Теңізшілер көңілді. Тек патша ғана тұнжыраңқы екен. Серейген аяғын кеменің кенересіне тіреп, қолын тарақтап ойланып қапты. Көз алдында — жер түбінен мұнартқан күн шығыс көкжиек. Теңіздің тентек желінің падишаның қабағының қатыңқы екендігімен шаруасы жоқ, едірейген сұлу мұртының екі шалғысын кезек қақпақылдап, әбден ұйпа-тұйпасын шығарыпты.

— Бері кел! — деді патша кемеге көтеріле берген тілмашты көзі шалып қап.

— Мәртебеңізге құлдық, алдияр тақсыр!

Патша аяғын төмен түсіріп жалт бұрылды. Тевкелевтің желқақты қоңырқай жүзіне қарап сәл ойланып тұрды да, тұнжыраған қалпы:

— Анау арғы жаға жайында не білесің? — деп сұрады, иегімен күн шығыс жақты сілтеп.

Тевкелев қалмақтар, қазақтар, түрікпендер, хиуалықтар жайында бар білетінін саудыратып айта жөнелді.

Патша қабағын түйіп:

— Қырғыз-қайсақтар жайында айтшы, — деді.

— Алдияр тақсыр, олар да жапан түзде ұшарын жел, қонарын сай біліп, бет-бетіне босып жүрген көп көшпендінің бірі ғой. Өздерін былайғы көшпенділерден де гөрі жабайы, пәтуасыз жұрт деседі. Малдан басқаны байлық, тойғаннан басқаны мұрат деп ойламайтын болса керек...

Қырғыз-қайсақтарды ма, жоқ әлде тілмаштың өзін бе — кімді мұқатып тұрғаны белгісіз, патшаның едірең мұрты қыбыр ете қалды.

— Ал, жері ше? Жері қандай?

— Құдай оларға басқаны бермесе де, жерді берген. Құм, шөлейт, сортаң боп келгенмен мал жаюға қолайлы. Өздері егін салмайды, астықты Хиуа, Бұхара, Тәшкент, Самарқанд жағындағы отырықшылардан жүн-жұрқаға айырбастап алатын көрінеді, — деді жуықта кездейсоқ оқыған мәліметін сөзбе сөз қайталап.

— Сонда әлгі елдермен шектес болғандары ғой!

— Дәл айтасыз, алдияр тақсыр!

— Ал Жаркентке ше?

— Оған да тиіп тұр.

Патша тағы да мұртынан күлді.

— Ендеше, ол көшпенділерің қанша пәтуасыз болса да, Азияға шығатын алтын қақпаның кілтін өз қолдарында ұстап отыр десейші...

Тевкелевтің құлағы қыз-қыз қайнап қоя берді.

— Дәл солай, алдияр тақсыр.

— Өздерінің саны қанша екен?

— Ол арасын білмедім, алдияр тақсыр!

— Білу керек, Тевкелев. Егер сен солардың, ең болмаса, бір миллионын қол астымызға қаратып берсең, біз қырқысып жүрмес ек, әлгі Азияның алтын қақпасының мынау қызылбастармен жыл сайын бүйтіп қызыл шеке боп кілті де біздің қолымызда болар еді. Индия мен Жаркенттің алтынына бірден бір төте жол солардың даласы!.. Жә, оны кейін көре жатармыз. Бірақ, бұл әңгімені ұмытып кетіп жүрме, мықтап ойла!

Патша аннан бір, мұннан бір көстеңдей аттап, кеменің тұмсық жағына қарай жылыстай берді. Тевкелев сол тұрған орнында қаққан қазықтай қадалды да қалды.

Арада үш жыл өтер-өтпесте патша ағзам дүние салды. Әлгі әңгіме аяқсыз қалды. Бірақ, Тевкелев қазақтар жайында жазылған хат-қағаздан ештеңе тастамай оқи берді. Онысын Кириллов қана білетін. Қазақ ханына елшілікке жіберетін кісі іздегенде, оның атын атаған да сол көрінеді.

Жолсыз даладағы жәйсіз жүрісі қайта-қайта көңілін бөлгенмен, Тевкелев баяғы бір ойына қайта айналып соға береді. Адам мен адам қан арқылы жақындасып ағайын, көңіл арқылы жақындасып дос, мүдде арқылы жақындасып тамыр-таныс болмақшы. Ал, халықтар ше? Оларды да не жақындастыра алады?

Міне, бұл елші болып келе жатқан екі халықтың арасында қандай байланыс бар? Біреуінің діні — христиан, біреуінің діні — ислам. Бірі — отырықшы, бірі — көшпенді. Бірі — европалық, бірі — азиялық. Бірі — көп, бірі — аз. Біреуін бүкіл дүние жүзі біледі, біреуін Европа түгілі Азияның өзі жөндеп білмейді. Сонда бұлардың басы қайтып бірікпекші?

Екеуі, әрине, шекаралас. Тіл, дін, қан, үрдіс, нәсіл жағынан еш маңайласпағанмен жер жағынан қоян-қолтық араласып жатыр. Бір суықта бірге тоңып, бір аптапта бірге қаталайтын жер жақындағы тағдырын мен тарихынды жақындастырмай қоймайды. Тағдыр жақындығы мүдде жақындығын туғызады. Мүдде жақындығы жоқ жерде тіл, қан, дін, үрдіс, нәсіл жақындығы ештеңе бітірмейді.

Тіл мен дін жақындығы бірдеңе бітірсе, жоңғарлар мен халқалықтар өзара қырқыспаған болар еді. Қан, нәсіл, үрдіс жақындығы бірдеңе бітіре алса, қазақтар одақтасты бер жағындағы орыстардан емес, ар жағындағы жоңғарлардан іздеген болар еді. Мүдде жақындығы жоқ жерде жер жақындығы мен шекараластықтың да бақастық пен дұрдараздық өрбіткеннен басқа бітірері шамалы. Шекараластық қаралай туыстырып жіберетін болса, Россия шығысындағы Қазанды қара қанды судай ағызып жүріп бағындырар ма еді. Адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жалғастырар ең берік дәнекер — мүдде жақындығы ғана. Күндердің күнінде күллі адамзат бір ененің баласындай ынтымақтасып кетер заман туып жатса, ол да осы мүдделер жақындығының арқасында ғана орнай алмақшы.

Дүниеге дипломатия деген кәсіпті әкеліп жүрген де — сол елмен елдің мүдделерін тіл табыстыра білудің қамы. Сонда аз бен көптің, озық пен қалықтың мүдделері де ортақтаса алатын болғаны ма? Әрине, көптің көздейтіні — күш асыру, байлық асыру, ықпал асыру. Азға бастың амандығы мен іргенің тыныштығынан басқа мұрат жоқ. Көптің аңсайтыны — асқан, аздың ойлайтыны — қатардан қалмаған. Көп өз мақсатына күшпен де жете алады. Аз ақыл-айласымен ғана күн көре алады. Ақылы болса, көптің көздегенін өз мүддесімен орайластыра алса, аз да есесін жібермейді. Бұл әлемдегі барлық нәрсені тек күш шешетін болса, ақыл мен білік әлдеқашан адыра қалмас па еді. Бірақ, олай емес қой. Адамзаттың оны ұққанына да көп уақыт өте қойған жоқ. Күні кешеге дейін тарихтың бірден бір басыбайлы қожасы күш боп келсе, енді міне, ақыл мен білік те қосарласты. Бұрын тек күшімен көп қана шыға алатын тарих сахнасынан ақылмен аз да көріне алатын болды. Көп білегін шаршататын жерге аз басын шаршатады. Тәсілқойлық әскері шағын қол басыға, пұлы аз саудагерлерге қандай керек болса, аз халықтың бас көтерерлеріне де тап сондай қажет. Шама-шарқына қарамай шалқақтайтын шәлдуар билеуші өзіне де, жұртына да опа таптырмайды. Мақтан мен көкірек аз түгілі көптің өзін мерт етсе, ақыл мен сақтық көп түгілі аздың өзінің көсегесін көтере алады. Ол үшін ешқашан өз мүдденді өзгенің мүддесіне қарсы қойма, қайта одан олжа түсірер ортақтастық ізде...

Орынымен пайдаланса, орыстар мен қазақтар арасындағы мүдделер ортақтастығы саулап тұрған сауын сиыр ғой! Тек жебеп, қайтармалап, қақтап еме білер епсекті ерін керек. Қомағайланам деп асығыс сорып, шашалып қалма, қазымырланам деп қаттырақ сорып, шошынтап алма! Тісіңді тіліңмен бөгеп, таңдайыңды майда төсеп, бауырын басыңмен түйгіштемей, балбыратып еме біл! Амал не, кейбір сұғанақ немелер ыссылай сұғынып, мама желін марқасқалардың өзін шабынан тістеп, шапшытып алып, ауызынан қағылып жатқаны. Мүдделер ортақтастырған екі жақ ешқашан біріміз сиыр, біріміз бұзау екенбіз деп ойламауы керек. Екеуі де ортақ ененің екі үрпіне жабысқан егіз бұзауымыз деп сезінгендері жөн. Әйтпесе, ашқарақ аз кеңпейіл көпті көнбіс көк сиыр ғып алам десе, ақыры азу тісінен айырылып тынады. Өктем көп әлжуаз азды зорлықпен

емемін деп өңмеңлесе, тышқақ бұзаудың бауырына басын ала жүгірген бұзақы бұқадай маңына ешкім жуымай, жұрттың бәрін шығынтып алады. Мүдделер тіл табысатын жерде қарағайдай мүйіздің қайраты емес, қаймыжық еріннің айласы керек!

Іргелі ел болам деген жұртқа мұздай темір құрсанған қарулы қол қандай керек болса, тілі майда, сөзі жорға, көкірегі даңғыл мәмлегерлер де сондай қажет. Оған мысалды алыстан іздеп жатпай-ақ, Тевкелев мырза өзін елші қып жұмсап отырған орыс империясының тарихынан шаш етекпен таба алады. Күні кеше, он бесінші ғасырдың басында дүние жүзін былай қойғанда іргесіндегі Европада Россияны кім білуші еді? Ал тап сол ғасырдың аяғында үшінші Иванның тұсында тап сол Россия тап сол Европада аты ауыздан түспейтін аңызға айналды емес пе? Күні кеше біреу біліп, біреу білмейтін елеусіз елдің падишасы Византия императорының қызымен неке қиысар дәрежеге жетті. Күні кеше орыс қалаларын қарадай қалтыратқан қаһарлы Қазан екі бүктетіліп ақ патшаның аяғына құлады. Азулы алты қарыс Алтын Орданың ұлысбектері күні кеше өздері төбесінде ойнаған орыс патшасының табалдырығынан аттай алмай, босағасынан көздерін сатып, мөлиіп тұратын күйге түсті. Ливон сайыпқырандары қақ маңдайдан шоқпар тиген ұры тазыдай қыңсылай қашты. Сөйтіп атағы жер жарған Иван Васильевичтің кезінде Москва князьдігінің жер көлемі жарты миллион шаршы мильден асар-аспастай ғана емес пе еді?! Ал қазір ше? Бүкіл Балтық бойы Россияның қоластында. Бүкіл Еділ бойы Россияның қол астында. Бүкіл Орал бойы Россияның қол астында, Кавказдағы Грузия Россияның қол астында. Ең байтақ Украина Россияның қол астында. Енді, міне, орыс шекарасы оңтүстікте Қаратеңізге барып маңдай тіреп тұр. Қандай құдіретті мемлекет те көк мұхитқа тікелей жол тауып, жаһанның қан базарының қай-қайсысына да емін-еркін бара алмай тұрып, көсегем көгерді дей алмақ емес. Қазір Россияның батыс іргесі теңізге тірелді, терістік іргесі теңізге тірелді, күнгей іргесі теңізге тірелді, шығыс іргесі теңізге тірелуге жақын. Сонда ол осынша жердің бәрін тек қарудың күшімен ғана алды ма? Жоқ. Қарудың күшімен алған жері Орал тауынан зорға асты. Ал, айламен, мәмлегерлікпен алып келе жатқан жері сонау Тынық мұхитқа жетпей жығылар түрі жоқ!

Сонда мұндай ақыл күллі дүниенің дәулетін теспей сорып жатқан Европадан шықсын-ақ, сол Европадан тәлім ала бастаған Россиядан шықсын-ақ, ал бірақ ұшқан құс, жортқан аң қаталап өлер құла түзде бейберекет босып жүрген көшпенділердің көн шоқайлы көсемінен қайдан шығып жүр?! Осыны ойлағанда бір кезде Петр патшаға оларды қарынының бір тойғанынан басқаны мұрат, малдан басқаны дәулет деп білмейтін жетесіз жер көкірек жұрт қып көрсеткісі келген пәтуасыз жауабы жадына оралып, төбе құйқасына дейін қызарып кетеді.

Жетесіз жұрт жер түбіндегі мемлекеттерге елші салып қайтеді? Жетесіз жұрт өзгенің мүддесінен өз мүддесіне қорек табам деп дәмете ала ма? Жетесіз жұрт өз дегеніне жету үшін тілдің шекарасынан, діннің шекарасынан, нәсілдің шекарасынан аттап шыға ала ма?

Бақса, мынау жұрт, ол шекараны баяғыда-ақ бұзып өтіпті. Мына екі ортаға аяқ басқан алғашқы елші бұл емес екен. Қазір өзі келе жатқан құла түзде талай-талай орыс елшісінің миы зеңіп, еріні кезеріпті.

Үш ғасыр бойына Алтын орданың иегінен аса алмай былайғы дүниеден атымен көр құлақ отырған орыс патшалары шығыс жақтарындағы қиық көз, қиғаш қабақ жұрттардың бәрін бір халық деп ойлап, бәрін татар дей салыпты. Сөйтсе, олар сан қилы тайпалардан, сан қилы халықтардан тұрады екен. Оған көздері Қазан мен Астраханьды алғасын барып жете бастады. Қазақтар жайлы ызыңды да алғаш сол тұста естіді. Бір мың бес жүз отыз төртінші жылы IV Иван патшаның Ноғай ұлыстарына барып қайтқан елшісі Даниил Губин қазақ деген мықты жұрт барын, олардың ташкенттіктер мен қалмақтарды бағындырып, енді терістіктеріндегі Сібір хандығымен жауласып жатқандығын айтып келіпті. Қазақтар бұрынғы қауқарынан айырылайын десе керек, оларға жан-жағындағы жұрттар жапатармағай қол сала бастапты. Ол баяғы Қасым ұлы Ақназардың бет-бетіне бытырай бастаған көшпенділердің басын қайта қосып, «үш жүз» бірлігін құрған кезі еді. Сосын-ақ орыс патшалары алыстан жетіп жатқан әлгі дақпырттардың ешқайсысын қағыс қалдырмай, құлақтарын тіге түседі. Өйткені, олар Орал тауынан арғы далаларға аяқ асырып алу қамына мықтап кіріскен-ді. Бірақ, қырсыққанда жолдарына кесе көлденең түсіп Сібір хандығы жатып алды.

Сол Сібір хандығы орыс-қазақ мүдделерінің алғаш тоғысқан жері болды.

Ақназар көк желкесінен күнде найза сұқандатып тұрған Көшім ханның өзінің ту сыртынан одақтас тапқысы келсе, орыс патшасы бір жағынан өз керуендерінің қазақ даласында еш кедергіге ұшырамауын, екінші жағынан Қама бойындағы ұлыстарына тыным бермей тұрған Сібір хандығымен бірге жағаласар жақтас табуды көздеді. Көшім күнгейінде қазақтармен қырқысын аз көргендей, терістік батысындағы ағайынды Строгановтардың қол астындағы Перм өлкесіне көз алартты. Ол кезде татар, башқұрт макси-боғұлдардың Москва князьдігіне ашуы әлі тарқай қоймағанды. Көшім сол өшпенділік отына май құйып бақты. Азғантай жұрттардың тілін оңай тапқан Көшім құбыла бетіндегі әлі ешкімнің жүген-құрығы тимей бас асау жүрген қазақ ханы Ақназардың аузын алуды құнттамады. Мұны ол ескермегенмен орыс патшасы ескерді. Ағайынды Яков және Григорий Строгановтардың ақылы бойынша Ақназарға Третьяк Чебуков бастаған елшілік аттандырды. Иван Грозный Чебуковқа қазақ хандығымен Ақназармен Көшімге қарсы бірге соғысатын әскери одақ құру туралы келісімге отырып қайтуды тапсырды.

Елшілік хабары Көшімнің де құлағына жетеді. Ол немере інісі Мәмбетқұлға бастатып торуылшы қол жібереді. 1573 жылы Тобыл қаласынан онша қашық емес жерде. Қама өзені бойындағы башқұрттар ауылында қаннан-қаперсіз түстеніп отырған орыс елшілігі Мембетқұл жаубасарларының қанжарына қарналып, түгел қырылады. Бірақ орыс пен қазақ арасындағы байланыстың алды-арты сонымен тынып қалмапты. Бір мың бес жүз сексенінші жылы Тобыл воеводасы Данил Чулков Қара Ертістің бойында қаршыға салып жүрген бір топ саятшының үстінен шығады. Сөйтсе ол Көшімнің бірден бір бақталасы, Сібір хандығы тағының әу бастағы иесі Жәдігер әулетінің соңғы ханзадасы Сейдақметтің нөкері екен. Қиқулап жүрген қызық құмар топ мұздай темір құрсанып жан-жағынан қоршап алған орыс әскеріне қылар қайран таба алмайды. Сөйтіп Сейдақ хан тұтқынға түседі. Оның қасында қамқа тонды кішкентай бала тұрады. Қорамсағындағы көп қу жебенің арасында қан күрең үш қызыл жебесі бар екен. Ол сегіз жасар

қазақ ханзадасы Оразмұханбет сұлтан екен. Қаршадай ханзаданың жел жағынан қалқалай тұрған қаракер атты томаған көз қарасұр мырза Сейдақтың ақылшысы, Оразмұханбеттің тәрбиешісі Қараш мырза — қазақ тарихшысы Қадырғали Жалайыри мырза боп шығады. Соған қарағанда, бесіктен белі енді шыққан Оразмұханбет қазақтың Ақназар ханы мен алты сұлтаны Арыс бойында Моғұлстан мен Ташкент билеушісі Баба сұлтанның біріккен әскерінен жеңіліс тауып, тұрымтай тұсына, балапан басына кеткен қилы заманда қазақ ұлыстарын қалаған уақытында барып талап тұрған Сібір хандығына тұтқын боп кетті ме, жоқ Сейдақ хан бақталасы Көшім ханнан басым түсу үшін қазақ тағының мұрагерін әдейі өз қолында ұстап отырды ма — оны ешкім білмейді. Не де болса, бір тұтқыннан босанып, екінші тұтқынға тап болған Оразмұханбет ханзада 1588 жылы 16 жасында Мәскеудегі патша сарайына қызметке келеді.

Арыс бойында арандап қалып, шаңырағы ортасына түскен қазақ жұрты Тәуекел ханның тұсында тағы да ес жиып етек жабады. Бірақ, әуелден салымы екі оттың ортасынан бұйырған қазақ ол тұста да бір жағында Сібір ханы Көшімнен, екінші жағында Бұхара ханы Абдолладан құқай көріп бақса керек. Күн батыстағы ноғай ұлыстарымен де тап майлы қасықтай араласып-құраласып кете алмапты. Тәуекел хан төңірегіндегі жұрттардан күдер үзіп, алыстағы Мәскеуге ат шаптыртады.

Бір мың бес жүз тоқсан төртінші жылдың қақаған қаңтарында мәскеуліктер бір әрі оғаш, әрі таңсық көріністің куәсі болады. Қазан жақтан басталған айдау көшелерінің бірінде сүңгілеріне мұз қатқан мылтықтарын көтере ұстап, алпыс-жетпіс жауынгер жеті-сегіз жалбағай тымақ біреулерді қаумалай қоршап астанаға алып кірді. Қақ ортадағы жолаушылардың түр-түстері де, ер-тұрмандары да, киген киімдері де тосын. Бастарында желкелігі жауырынына дейін жауып тұрған, сыртын сары тай жарғақпен қаптаған жалбағай түлкі бөрік, үстерінде ішін қасқыр терісімен астарлап, өңірін көк мауытпен әдіптеп, сыртын қынаға бояған қой терісімен қаптаған қызыл тон, аяқтарында қонышы қарасанға жететін қайқы бас саптама етік, аттарына сыртын былғарымен сырып киіз жабу жапқан, ерлерінің басы

қаздың мойынындай қайқиып кеткен. Өңшең сүлік сұлу торы ала ат мінген әлгі жат жерліктер алыстан келе жатса керек. Аяз сорып тастаған беттері қабарып алыпты. Қақ алдарындағы біреу қолына тұмылдырықтап қаршыға ұстапты. Бейсауат жолаушылар көше бойындағы анталай қарап қалып жатқан аттылы-жаяу көп жүргіншімен істері жоқ, екі көздері екі қапталдағы сенгір таулардай серейіп-серейіп тізіліп тұрған биік үйлерде. Құдды бір қазір олар үстеріне құлап кететіндей әрі таңырқай, әрі сескене қарайды.

Жұрт бұлардың кім екенін біле алмай аң-таң. Айбалталы айдауылдар орман арасында орыс отрядтарына шабуыл жасаған әр қилы жалба тымақтарды жан-жақтан желкелерінен түйгіштеп қуып келіп жатушы еді. Мыналары атқа отырыстары да тым сәнді, тым салтанатты. Тұтқын емес дейін десең — қашып кететіндей жан-жақтан көк сүңгілі сақшылар қоршап апты. Таңсыққұмар жұрт қаңтардың қызыл шұнақ аязында қыңқ етпестен тосын жолаушыларға ауыздарын ашып қарап қапты. Жоқ, мынау ұзын тізбек Любянкаға қарай бұрылмады, бірден Манеж алаңына тартты. Тұтқын болмады, елшілік болды. Аң-таң жұрт жөн-жөніне тарай бастады.

Елшілік приказы қабағына қырау қатқан қасқыр ішікті мейманды ыссы шай беріп жылытты: астындағы атын патшаның атқорасына апарып жемге байлады: соңындағы нөкерін қып-қызыл боп қайнап тұрған моншаға апарып тоғытып, бит-бүргеден тазартып, асты-үстеріне түсіп, бәйек болды да қалды. Алты айшылық жол жүріп, қырғи қабақ ноғай ұлыстарының тұсынан жал-жалдың тасасымен бұқпақтап өтіп, жаңбырға малшынып, боранға ұрынып көр азапты көріп келген елші Құлмағанбет қою шайға қанып алғасын төрт аяқты былқылдақ мамық төсекке шалқасынан түсіп ойға кетті. «Жауда да бір үйің болсын деген осы-ау! Әйтпесе патшасының байтақ қаласында бүйтіп тыраңдатып жатқызбақ түгілі өсіп тұрған егісінің ық жағынан жүргізбейтін қара шекпенің бұрын бүйтіп бәйпеңдесе, көрмей жүр дейсің бе! Бәрі де әлгі Оразмұханбет сұлтанның арқасы ғой» — деп қояды ішінен. Орыс ордасында жарты патша болып отырған жасы кіші болғанымен жолы үлкен ұлық інісіне қайтып көрісіп шығар екем деп уайымдап жатыр еді, елшілік

приказының жылмаңдаған көп қызметкерінің біреуінің кіріп келгені.

— Елші мырза, — деді иіліп-бүгіліп. — Сені Оразмұханбет ханзада көргісі келеді.

Қуанып кеткен Құлмағанбет орнынан атып тұрып әлгі жігіттің соңына ерді.

Оларды бірінен-бірі аумайтын үш жігіт орындарынан тұрып қарсы алды. Құлмағанбет, қапелімде, бұл үш ақ құбаша жігіттің қайсысының ханзада екенін айыра алмады. Жастайынан орыс арасында өскен сұлтанның сүйек бітіміне қарап қана қазақ екенін еміс-еміс аңғаруға болатын еді. Өңі боп-боз. Ұшқын шашқан көзі мен жымиған жүзі ғана көңілінің сергек екенін сездіргендей.

— Құлмағанбет, — деді ол енді жайғасып отыра берген елшіге. — Бүгін сенен көп нәрсе сұрамаймын. Маған, мына Степан және Вельямин Степанов мырзаларға Тәуекел ағайыммен қалған ағайындардың амандық-саулығын, көршілес Бұқар хандығымен, ноғай ұлыстарымен араларының қандай екенін, алдияр патшаның қоластына кіреміз дегендеріңіздің не әңгіме екенін айтып берсең болғаны.

Ханзаданың көзінен-көзін айырмай қадала қарағанынан, аузын ашпай жатып бастырмалатып осынша көп сұрақ қойғанынан, қасында мынау екі бейтаныс жігіттің отырғанынан Құлмағанбет бұл тап өзі ойлап келгендей көптен көріспеген екі ағайынның амандық-саулық сұрасып, емін-еркін сағыныштарын басатын оңаша сұбхаты емес екендігін бірден аңғарды. Манағы мамық төсектегідей емес, көңілі біраз ортайып қалған. Бөркін алып, қамшысын әдет бойынша алдына тастап сөйлеудің ретін таппай, тізесіне шаншып, ханзаданың шұқшия қараған көзіне тайсалмай қадала қарап сөз бастады.

— Ағаң Тәуекел бүгінде қазақ ордасының ханы, інісі Шаһмұхамбет қалмақтардың билеушісі. Ағайын арасында алауыздық жоқ. Қатар көшіп, қатар қыстап, майлы қасықтай араласып отыр. Бұхара ханымен бітімшілік жасасқан сияқтымыз. Бірақ қаншаға баратынын қайдам... Ноғайлардың Алтау ауылымен қас-қабағымыз жаман емес. Ал, Таңахмет балаларымен, Орыс әулетімен сол баяғы бірде бату, бірде тату қалпымыз. Сенің ақ патшаның сарайына тап болғаныңды естігелі алдияр ханымыздың күнде іргеден сұқаңдап тыныштық бермей отырған Бұқарды

орыстардың көмегімен біржолата бұқтырып алсақ қайтеді деп ойға кетіп жүргені. Бізге тек оқ-дәрі, қару берілсе болғаны, ар жағын өзіміз-ақ келістірер едік. Бұхара бүгінде баяғы Бұхара емес. Жан-жағына түгел көз алартып қырып барады. Әзім ханды қуып шығып, Үргенішті қол астына қаратып алды. Енді Сарайшыққа қайтадан қала салмақшы боп, ноғайлармен әмпейі боп жүр. Жайыққа аяқ басса, бергі жағындағы Астраханьға құлқыны құритыны сірә, белгілі. Оның мұндай ашкөздігін ақ патша жақтыра қояр дейсің бе деп, осы тұста қайрат қосысып бірге қимылдасақ қайтеді деп айтқалы келдім. Алдияр патша мархабаты түсіп, ол пәтуамызға құлақ асса, орынына ханның балаларының бірін аманатқа жіберіп, өзіңді елге қайтарып алмақ ойымыз бар. Біздің жүрісіміздің мән-жәйі осы.

Ханзаданың қасындағы екі жігіт Құлмағанбетке ауыздарын ашып қарап қалыпты.

Оразмұханбет сыр алдыртпас сабырлы қалпынан танбай:

— Тәуекел ағайдың балалары қазір қанша өзі? — деп сұрады.

— Үлкені Құсейін онға шықты, ортаншысы Ыбырайым сегізде, кішісі төртте.

— Иә, — деді ханзада. — Ағаларым дұрыс істепті. Бір жақ іргеден жау шығып жатқанда, екінші жақ іргеден дос іздемесең, ертеңгі күніңнің не боларын кім біліпті. Басқа жаққа жалтақтамай, Ресейге елші салғандарың жөн болған. Орыс деген бүгінде қабырғалы халық болып алды. Христиан дүниесінің бас патшасы, Россия тағының иесі, ұлы князь Федор Иванович ағзамның панасына кеп бауыр басып жатқан жұрттар мен ұлыстар аз емес. Алдияр патша олардың ешқайсысын беттен қақпай, қай-қайысын да өзінің шапағатына бөлеп, қамқорлығынан қағыс қалдырып жатқан жоқ. Россияда біз секілді тегі бөлек нәсілдердің әрі ақылшысы, әрі қамқоры, ақ патшаның туған балдызы нұр сипаты Борис Федорович ағзам. Мен сол кісіге ағаларым айтқанында тұрады, бір баласын аманатқа жіберіп, Россияның мейірбан алақанының саясына жығылып, өле-өлгендерінше анттарына адал боп өтеді, тек ар жағында жағаларынан алып, етектеріне жармасып, құдайдың құтты күні тыныштарын қашырып тұрған Бұхарлықтармен соғысуға қажетті қару-жарақ беріп тұрсаңыздар

екен деп өтініп айтайын. Еншалла, бұл сөзімді ол аяқ асты қалдыра қоймас.

— Ханзада, ендеше, сол ағзамға айтыңыз, қазақ ханы өз сөзінің құлы деңіз. Егер алдияр ханымыз бен асыл текті сұлтандарымыз ақ патшаға деген әлгіндей ықыластары қалтқысыз шындық болмаса, мынандай қыстың көзі қырауда мені бүйтіп жер түбінен сабылтпаған болар еді деңіз. Ол жағынан патша ағзамның ешқандай қам жемеуін сұраймыз. Айтайын деген тағы бір өтінішім: ақ патшаға қызылбас елінен Ғаділбек деген елші келіпті деп естиміз, Мүмкіндігі болса, сол Аббас шахтың елшісімен бетпе-бет жүздескім келеді. Аббас шах та біздің Тәуекел хандай Абдоллаға азуын қайрап жүрген падиша көрінеді. Айлас қатын мұңдас деген ғой. Бірер ауыз тіл қатыссам деп едім.

Арада бір апта өтті. Оразмұханбет елшілер приказында болып Дьяк Василий Шелкаловқа Құлмағанбетпен арада болған әңгімені сол қалпында баяндап берді. Тіпті Құлмағанбеттің қызылбас елшісімен оңаша кездескісі келетінін де жасырған жоқ.

Шелкалов тап сол күні Иван Федорович Годунов ағзамға барып жолықты.

Годунов бұның бәрін дәл сол күні патша ағзамның мәртебелі ғұзырына мәлім етті.

Патша қазақ елшісінің қызылбас елшісі Ғаділбекпен кездесуіне рұқсат берді. Оразмұханбет ханзаданы: «Елінен келген мейманды анасына, әйеліне, қарындасына көрсетіп, қонақ қып жіберсін», — деп өзі берген мекенжайына қайтарды.

Арада бірер күн өткен соң қазақ елшісі қасына Петр Новосильцев деген бекзаданы, тілмаш Бұлғақ Алексеевті ертіп, Оразмұханбет ханзаданың қонысына қонаққа барады.

Тевкелев осы арада жуырда өзі оқып шыққан бір қағаз есіне түсіп жымыып күліп қойды.

«Әмбе Ресейдің алдияр патшасы һәм ұлы князь Федор Иванович ағзамға құлақ кесті құлын, қазақ ордасының ханзадасы Оразмұханбет аяғына бас ұрады.

Сен алдияр тақсыр, өзіңнің басыбайлы малайың маған, менің әжеме, шешеме, нағашы апама әм қарындастарыма өзіңнің алдиярлық ғұзырыңдағы бекзада Петр Новосильцовты, оған қосып Қазақ ордасының елшісі Құлмағанбет пен тілмаш Бұлғақ Алексеевті өзің қайыр-патиха қылған менің қонысыма

жіберіпсің. Сенің алдияр басыңның тапсырмасы бойынша өзіңнің алдиярлық ғұзырыңдағы бекзада Петр Новосильцов елші Құлмағанбет һәм тілмаш Бұлғақты ертіп кеп екі күн болды, алдияр басыңның басыбайлы малайы мына мен, алдияр тақсыр, сенің алдияр басыңның тапсырмасы бойынша өзіңнің алдиярлық ғұзырыңдағы бекзада Петр Новосильцовты, қазақ ордасының елшісі Құлмағанбетті һәм тілмаш Бұлғақ Алексеевті Мәскеуге, саған, алдияр тақсыр, үшінші күні жөнелттім. Сен өзіңнің алдияр басыңмен өзіңнің қонысыңның түсімінен басыбайлы малайың мына маған, өзіңнің үмбеттерің әжем һәм шешеме, нағашы апайым, һәм қарындастарыма қажеттеріне жаратсын деп өзіңнің алдиярлық қазынаңнан өзіңнің алдиярлық ғұзырыңдағы бекзада Петр Новосильцев арқылы жүз сом ақша беріп жіберіпсің, өзіңнің алдиярлық ғұзырыңдағы бекзада Петр Новосильцов өзіңнің құлақкесті құлың мына мені жарылқаған әлгі жүз сом ақшаның кейін менің өзіңнің алдиярлығыңнан алатын жалақымнан ұсталмайтынын ескерткен алдиярлық сөзіңді жеткізді...»

Әр әрпі аяғыңды жалап, әр сөзі басын шұлғып тұрған осы бір бүгежектеген жәреуке хаттың өзі-ақ патшаның алыстан келген қазақ елшісі өз еліне мақтап барса екен деп тырысқанын байқатады. Ондағы көздегені — Тәуекел бұны Бұхараға қарсы жұмсағысы келсе, бұл оны әлі күнге тыртысып беріспей келе жатқан өлермен Көшімге айдап салу еді.

Боярлар Думасы қазақ ханына тілмаш Вельямин Степановты елші қып жіберуді ұйғарды. Ақ патшаның Тәуекел ханға және Шаһмұхамбет, Күшік сұлтандарға жолдаған грамотасын, Оразмұхамбеттің ағасына Москва мемлекетімен тату-тәтті бол деген дұғай сәлемін, Тәуекел ханның анасы Әзи ханым, келіні Алтын ханым, немере қарындастары Бахты ханым, Күн ханым, Ақ ханымдардың елдегі ағайын-тума, абысын-ажынға жолдаған құндыз жаға, көк сауыр етік, алтын жүзік, күміс қасық, садақ, бәкі, әмиян, шәйі орамал, айна-тарақ сықылды сәлем-сауқаттарын қоржынға лықа толтырып алып, қасына үш серік, соңына отыз жауынгер нөкер ертіп жолға шыққан Вельямин Степанов март айында Қазаннан аттанып, одан Жайық, Ырғыз асып, жолдағы ноғай ұлыстарына соқпай айналып өтіп, май айында Тәуекел ханның алты шатырды қатар тіккен ақ ордасына келіп жетеді. Екі айдан астам аунап-қунап дем алады.

Жас бағылан, тәтті қымыз үстінде Тәуекелмен әбден іш ақтарысып сөйлеседі. Діттеген жерімнен шықтым-ау деген тұсында қонақжай ханмен қош айтысып, Ұлытау арқылы кері сапар шегеді. Содан бір ғасыр бойына екі арадағы елшіліктің аяғына жем түседі. Ол дәстүр Тәуке ханның тұсында барып қайта жанданады. Тәуке ақ патшамен тату-тәтті қарым-қатынас орнатуды ғана көздейді. Одан кейінгі Қайып тату-тәттілікпен ғана шектелмей жоңғарларға қарсы бірге соғысатын әскери одақ құруды ұсынды. Ал, Әбілқайыр ол екеуінің де көкейінде болмаған жаңа бір пиғылдың соңына түсті. Ол 1726 жылы ақ патшаға елші жіберіп: «Қол астыңа ал!» — деп сұранды.

Патша сарайы бұл ұсыныстардың қай-қайсысына да көзжұмбайлық жасамады. Тәуекел тұсында келетін Степановтан Көшімді бағындыруда қазақтардың одақтас боп жарытпайтынын білді. Оларды тек Сібірдегі соғыс театрынан бейтарап ұстауды ғана көздеді.

Көшім ханның дәурені көпке бармады. Ол Шәйбан әулетінен өрбитін Мұртаза сұлтанның ұлы еді. Бір мың бес жүз елу алтыншы жылы заманында Шыңғыс ханның өзімен ұстасқан Уан ханнан тарайтын керей Жәдігер әулетінің ақтығы Тайбұғыны тақтан тайдырып өзі хан болады. Содан қырық екі жыл бойына жалпақ Сібірді жалғыз өзі дүбірлетіп өтеді. Қол астындағы бірі бұтқа, бірі отқа, бірі шіркеуге табынған ала-құла жұртты түгел дерлік мұсылман дініне қаратуға күш салады. Әскер деген қала салып, оны өзіне астана етеді. Сөйтіп айтқаны келіп, атқаны тиіп дәуірлеп жүргенде 1581 жылы Ертіс бойында Ермак Тимофеевичтен ойсырап жеңіледі. Қашып барып Омбыдан жоғарырақта Қарақала деген қамал салады. Бірақ бір тайған бақ басына бәрібір тұрақтамай, 1598 жылы біржолата жеңіліп, әуелі Есіл даласына, одан ноғайлар арасына қашып кетіп, сол жақта пұшайман боп дүниеден өтеді.

Көшімнің бұлай тас-талқаны шығып күйрей жеңілуіне көрші жатқан қазақтардың селт етпей бейтарап қалғандығы аз әсер етпесе керек. Борис Годунов оған дейін Тоқтамыс әулетіне билетіп келген Қасымов хандығының тағына 1600 жылы қазақ сұлтаны Шығай немересі, Ондан ұлы Оразмұханбетті тегіннен тегін отырғызған жоқ-ты. Орыс патшасы ол кезде шектес жатқан жатжұрттардың ауызын алу үшін олардың ханзадаларын шет аймақ ұлыстарына ұлық қып қоятын.

Ока дариясының жағасындағы Керман шаһары, орысша Қасымов қаласы, сондай бір шет аймақ ұлыс еді де, оған әкім тағайындалған Оразмұханбет сұлтан әлгіндей жатжұрттық ханзада еді. Оған дейін ол 1590 жылы шведтерге қарсы, 1593 жылы Қырым хандығына қарсы жорықтарға қатысты. Патша сарайындағы той-томалақтан да қалып көрмепті. Бірақ, хан болуына ол айтқандардың бірі де емес, Сібірді бағындыру тұсында қазақтарды бейтарап ұстауға сіңірген айрықша еңбегі себеп болған сияқты.

Сібір бағындырылғасын орыс базарлары мен қазақ далалары арасындағы ерсілі-қарсылы керуендер еш толастамағанмен патша сарайы мен хан ордасының арасындағы байланыс пышақ кесті тыйылыпты. Оның да қилы-қилы себептері бар еді. Россия біраз уақыт Екінші Жалған Дмитрийдің зобалаңына ұшырады. Орыс тарихында «Қилы заман» атанған осы бір тұста батыспен де, шығыспен де қарым-қатынас өте әлсіреп кеткен-ді. Сол бір екі талай кезде қазақ ханзадасы Оразмұханбет те жәйіне қарап жүрмей ши шығарып алды. Қасымов қаласына сегіз жыл хан болған сұлтанның түлен түртіп Екінші Жалған Дмитрийдің жағынан бір-ақ шыға келгені. Бірақ, оны жаңа жақтастары да тап онша құшақ жайып қарсы ала қоймапты. Күні кеше ақ патшаға құлақкесті құл болған бұратана сұлтан арамызға сыр тартуға келіп жүрген жансыз шығар деп сенбеді. Ақыр-аяғында оны: «Сен бізді сатқалы жүрген көрінесің!» — деген айып тағып, өлтіріпті. Россия әлгіндей әрпіл-тәрпіл дәуреннен енді құтыла бергенде Польшамен, Түркиямен соғыстар килікті. Оның бәрі орыс патшаларының Жайықтан арғы далаларға байланысты жоспарларын біраз уақыт атымен жиып қоюға мәжбүр етті. Ол жылдары қазақтардың да айдарынан жел есіп тұрмаған-ды. Күн шығысынан жоңғар деген жау шығып, жанының ұйқысы, малының күйісі бұзылды. Орыс пен қазақ ортасындағы қарым-қатынастың қайта жандануына да сол жоңғарлар түрткі бопты.

Тевкелев бұған дейін Сыртқы істер коллегиясы тарапынан көбіне-көп жоңғарларға байланысты тапсырмалар алып келген-ді. Петр патшаның ақылымен Еділ бойындағы Аюке ханның ордасында айлап-жылдап жатып, қалмақ тілін де үйренген-ді. Сонда бір нәрсеге қатты қайран қалып оралған-ды. Қалмақтар басы Аюке

болып, кім көрінгенге іштерін аша бермейді екен, Петр патшамен бірге шведтерге қарсы соғысып, қымызды тастап, француздардың шампанын ішуге үйреніп алған әккі хан орыс елшісімен оңаша сұхбат үстінде шамадан тыс сілтенкіреп жіберіп, қанша рет мас боп қалса да, ауызынан артық-ауыс сөз шығарып көрген емес. Жанына жақпайтындай сауал қойсаң, басқалар құсап қабағын түйіп тырсия қалмайды. Көзін сығырайта қысып, аузын ашып, тісін ақситып сылқ-сылқ күледі. Әлденеге басын шайқап қояды. Бірақ ештеңе демейді. Ондайда Тевкелев Аюкенің жап-жалпақ маңдайына қарайтын. Ханның жазық маңдайы тас бақаның жотасындай боп бүлк етпей тым-тырыс жатады. Орыс елшісі сыр тартып көрмек дәмесімен күдерін үзіп сыртқа шығып кетеді. Сырттағы сұп-сұр дала да ханның әлгі тас маңдайындай тым-тырыс бүк түсіп ап жатқаны. «Далалары да өздері сияқты», — деп ойлайтын іштей. Ол мынау түк болмағандай, түк білмейтіндей жымпиып жатар да қояр көл-көсір монтаны даланың көлгірлігінен сонда-ақ шошынып еді.

Ол мәңгі-бақи тап осылай өлген түйенің тулағындай сұлқ түсіп жата берген, болашақта да тап осы сұлқ қалпынан бір жазбай тырп етпей жата беретін секілденеді де тұрады. Ал тап соншалықты меңіреу даланың төсінде болған оқиғалардың қағазға түскен үзік-үзік шежірелерін үңіле оқып көрсең, қандай шытырман, қандай шырғалаң! Батыс жұрттарының батыстан шығысқа қарай шиырып жазғандарының да, шығыс жұрттарының шығыстан батысқа қарай кесте қайығындай қып тізілтіп жазғандарының да әр әрпі жүрегінді шағып, әр жолы көңіліңді қырық саққа жүгіртеді.

Олардың айтқанына сенсең мына даланың тыныш тұрған күні, аптасы, айы болса болған шығар, бірақ тыныш жатқан жылы болмапты. Бәрін қойып анау көлкіген көкжиекке қарашы! Көк найзасын самсатып жер қайысқан қалың қол келе жатқандай емес пе! Иә, иә... Бірақ, ол қазір көзден бір-бір ұшып жоғалатын алдамшы сағым ғана. Алайда, дәл осы көлгірдің көз алдындай көлкіп тұрған көкжиекті мәңгі-бақи бүйтіп сағым шалып қана жатпаған. Оны талай-талай көк найзалар да көлкештеген. Бірақ, олар да артынан көзден көк сағымдай бір-бір ұшып ғайып болған! Иә, бұл көл-көсір көкжиектен кімдер келмеген, кімдер кетпеген.

Анау көк мұнардың ортасынан күндей күркіреп һундар да өтіпті, сақтар да, түріктер де, маңғұлдар да өтіпті. Бәрі де осылай көз алдында көлкіп тұрған көркем көріністен көңіліндегі әншейін буалдыр елеске айналып, су аяғы құрдым боп зым-зия жоғалатын өткінші көк сағымның кебін киіпті. Батыс пен шығыс талай-талай маңдай тіресіп, мүйіз сындырысқан ұлы майдан — тап осы талма түсте талықсып жатқан жансыз жазиралар. Тарихтың талай тарлан бозы дүние-жаһанға қалқанның сыңғырымен, қылыштың сартылымен, жебенің суылымен, тұяқтың дүсірімен, аламанның айқайымен, жан алардың тісінің сықырымен, жан берердің ақырғы рет дем тартқан қорқырымен тіл қатқан айлапат сахнасы да — осы жылмиған жазықтар. Мынау ат тұяғынан шыққан болмашы лептің өзінен зәре-құты қалмай діріл қағып қоя берген селдір бас жусандар талай рет қасіреттің қара қанына бөгіп құрап, талай рет қасіреттің мөлдір шық көз жасына шыланып қайта өнген. Дүниеде дәл осы келе жатқан кең жазығындай қан көп сіңген, бұта сайын бір бас домалатып, жусан сайын бір жілік шіріткен жебір өлке бұл дүниеде кем де кем шығар! Көкжиегін қысы-жазы киіздей ұйысып көк мұнар қоршап тұрғаны тегіннен-тегін ғой дейсің бе! Сол бір тұлдыр кеңістіктің төрінен өз-өзінен шымырлап өніп, ұйыса-ұйыса, қоюлана-қоюлана келіп, адымыңды аттатпастай боп, жан-жағыңнан тіреліп тұра қалар қоймалжың көк кіреуке сиыр сәскеден осы бір өлкеге ежелден көз сүзіп ентелескен ашқарақ дұшпанның әлі сағы сынбай, туы жығылмай тұрған кездегі кескекті кейпіндегі сойқан елестесе, бесін ауа дөң-дөңнің басынан бөкенше желе жортақтап, түйдек-түйдек жөңкіліп бергенде әлгі тепсінген басқыншының бұл маңайдан алды-артына қарамай безіп берген масқара сәтіндегі бет-бетіне лағып сеңдей сапырылысып қоя береді. Әлдебір сиқыр баяғыда мынау өлкеде нендей сұрапылдар болып, немен тынғанын мөлдір ауаға күнде қайтадан жаңғырып, күнде қайта тіріліп тұратындай қып мәңгі қашап кеткен сияқты. Бедірейіп жатқан безбүйрек далада тек сол көз ұшында жөңкіліп жүрген көк мұнар ғана бірдеңе деп ымдап, сенен сыр тартқысы келетіндей.

Оларды сөйлетсең, мынау құлазыған қу даланың мың-мың тұяқтың ұшында бұрқыраған мың сан тозаңға айналып біржолата із-түзсіз құрып кетпегеніне қайран қаласың! Оларды сөйлетсең, мынау құлазыған қу

даладағы ілбіген сылбыр тіршіліктің інін неғып біржола су алып, өшіп қалмағанына қайран қаласың! Оларды сөйлетсең, талай басқыншының семсерінің жүзінде, найзасының ұшында, атының тұяғында қалған, тарих аласапырандарының ақ шаңыт айдау жолында жатқан осынау қу медиенді мекендеп тентірей көшіп жүрген халықтың қайтып біржола құрып кетпегеніне қайран қаласың!

Олар үстерінен жөңкіліп өткен ақ түтек ағынмен талай жерлерге барып, талайды бастан кешіріп, лағып-лағып, ақыр-аяғында осы бір құлазыған қу даласына қайтып оралады да отырады. Мынау қанға бөгіп, тұяққа жаншылып, пәлен жыл бойына бөртпей жатып-жатып, күндердің күнінде тағы да көзге түсіп, тағы да тіске ілініп кетем-ау деп сескенбей, қайта желкілдеп шыға келетін шөлдің сілті бас көк жусанындай бұл не қылған жанықас, бұл не қылған жаны сірі жұрт еді! Оның басына түсіп көрмеген зобалан бар ма екен, сірә!?! Қанша рет құдайдың қаһарына ұшырап ала дөңде жүгенін ұстап, айдағанынан түгел айырылып жұтап қалды. Ін бағып, шөп түбін тырмаласа да, өлген жоқ, күнін көрді. Қанша рет басына біржолата жоғалып кету, өзімен көппен араласып, құмға сіңген судай боп, тілінен, дінінен айырылып бөтен боп кету қауіпі туды. Бірақ, сонда да, қойдай қосақталып, қырылып жатса да, ұлыс-ұлысымен итарқасы қиянға жер ауып кетіп жатса да, жат жерде жүріп маңдайына шоқпар тигізіп, өз жерінде отырып іргесіне найза жүгіртіп, қорлық пен құқайдан көз аша алмай жатса да, баяғы бір ұлы табан қара жұртына қайтып келіп, баяғы сол бауырсақ құлақ қоңыр қошақанын кішкіштеп, баяғы сол қалқиған тал шаңырағын жал басына жарбита көтеріп, баяғы сол талтақ бұт тал бесігін күні-түні тербетіп, таңдағы тамақ тәңірден деп, қырық жыл қырғынға тап болса да, күдерін үзбей, келешекке кеңірдегін созып телмеңдеп баққан бұл не қылған өлермен жұрт еді! Олардың өткені ғой — қашан да өкініш, олардың ертеңі ғой — қашан да уәйім. Сөйтіп тұрып бұлар торығуды білсейші, мынау ақыр аяғында бәрібір жамбастарын жаныштатпай тынбайтын жанқаста жағаластан жалығуды білсеші! Жығылып жатса да, көкірегіне айқара мініп алған ата-дұшпанның

тұқым-теберін қыра боқтап, тырбынып жатады-ау бұлар!

Міне, бұл да сол бір сан дүрмек оқиғалар өткен сары дөңде, сол бір айдаһардың аузында тұрса да, жарық дүниенің жақсылығынан үмітін үзбей, жау-жағаласқан жалықпай келе жатқан жұмбақ жұртқа бетін түзепті. Мынау соңындағы ақ тер, көк тер аттардың мігірсіз жортағы, қисалаңдаған арба доңғалақтарының беймаза шиқылы, арба үстіндегі әлдекімнің бір сарын жүрістен іші пысып ыңырсып салған мұңлы әні, әңгүдік солдаттардың мана айдалада өзімен-өзі отырған тағы құсқа таласа-тармаса атқан жапа-тармағай оғы, сырдықта емес бейтаныс жұрттың игі жақсыларына ертең емініп кеп айтар көл-көсір әңгімелері әлгі бесін ауа бет-бетіне тырағайлап қаша жөнелер көк сағымдай көзден бір-бір ұша ма, жоқ, сарғайған көп парақтардың көмескі тартқан көне шежіресіндей мағлұмат пен лақапқа ындыны қанбас екі аяқтылардың әлдене ұрпағының жадында әлденеше жыл жаңғырығып тұрар айтулы оқиғаға айнала ма?! Белгісіз. Мынау пәлен күннен бергі сартыл жөңкіліс жер түбінен ат сабылтып келе жатқан көп тобырдың аз күндік бейнеті ме, жоқ артынан қайырын көрер көп күндік зейнеті ме: талай шырғалаңнан әке-көкелеп аман өтіп келе жатқан өз басын асқақтатып абырой аспанынан шығара ма, жоқ өлермен есектің құйрығынан құлаған құмалақтай домалатып жерге түсіре ме?! Кім білген! Аяқ астынан сап ете қалған бұл сапары анау ақ патшадан елші келе ме деп, ертелі-кеш жолға қарап отырған көңілі күпті ханның мәртебесін асыра ма, әлде ел алдындағы абыройын айрандай төге ме? О да беймәлім. Осының бәрі ертең орыс патшасының қол астына қарағандағы күніміз қалай болады деп, қаралай елегізіп отырған қос үрей халықтың маңдайын жарқыратып ашар бағы ма, жоқ мәңгі-бақи қайдағыға қайдан тап болдым деп өз бармағын өзі тістеп өтер құтыла алмас қырсық соры ма? Бәрі-бәрі белгісіз.

Тевкелев өз сауалынан өзі тосылып жан-жағына қарайды. Құбасұр дала сол баяғы бүлк етпеген қалпы. Ол, бәлкім, қашан да тап осылай тарс бүркеніп жатқан да қойған шығар. Қай тарапынан қандай жолаушы аттаса да, қай тараптан қандай хабаршы келсе де, дәйім осылай бедірейген қалпынан бір танбаған шығар.

Сары ала күймеде сан-сапат қиялға батып келе жатқан сары ала иық елшінің ойына сергіткісі келгендей көз ұшынан әлденелер андыздап шыға келді. Орман дейін десең бір-бірімен ұйыспай соқиып-соқиып бөлек-бөлек шаншылып тұр. Адамдар дейін десең бір-бірімен көз қатысқаны, сөз қатысқаны сезілмей мелшиє-мелшиє қалған. Тевкелев әлгі бір қиялындағы көк найзалы қалың қол самсап, шыннан да, алдынан шыға келгендей аңтарыла қарады. Әлде әлгі мыңға жуық нөкер ертіп шығатын ханзадалары осы ма екен. Ендеше мынау жол бастаушы қазақтарда неғып қимыл-қыбыр жоқ. Оларға көз қиығын тастап еді, көкжиекпен ешқандай шаруалары жоқ бастарын көкіректеріне алып мүлгіп келеді. Тевкелев енді көзін сол қарайғандардан айыра алмады. Алыстан андыздап-андыздап көрінген қара сырықтар жақындаған сайын аласара түсті. Ақыр аяғында бұлардың керуені бір тақтайдай қара дөңге көтерілгенде әлгі серейген-серейген қара бағандар көмескі қара ноқаттарға айналып бұқшиып-бұқшиып жатып алды.

Ылдырмақ-сылдырмақты ұзын тізбек сол көп қарайғанға жақындап келеді. Көп қарайған кілкіген көк сағымның ортасында көл бетіндегі көп салындыдай бүк түсіп, бүк түсіп жатып алды. Бұлар жақындаған сайын әлгі көп қарайғанды қоршап жатқан тербетілген айдын көл де бірте-бірте тартыла түсті. Ақыр аяғында бұлар ай далада жайылған қойдай бытырап жатқан көп қорымға келіп тірелді. Ешқандай күмбез, сағана жоқ. Тап осы араға аспаннан әлдебір тас жаңбыр жауғандай шашырай қағылған қада тас. Бір кездегі төмпек атаулы жермен-жексен шөгіп кеткен. Мына араның қорым екенін әр жер, әр жерде ағарып жатқан сүйек жұрнақтарына қарап қана айыра аласыз. Шамасы, қанды шайқастың ізі. Әуелі әр жер, әр жерден бір қылтиып шашырап басталған қада тастар бір жерге келгенде қолдың саласындай боп әбден ұйысып кетті. Содан біраз жерге дейін сол қалың қада тас жалғасып барады да, қайтадан шашырай бастайды. Соған қарағанда айдалада бейқам кездескен екі қолдың шайқасы. Ешқайда бекінбеген. Қаша жүріп соғысқан. Ырғыз даласында ондай шайқастың талайы болған. Баяғыда Шыңғыс хан айтулы батыс жорығын бастамай тұрғанда, өзіне бағынбай безе көшкен меркіт тайпасын соңынан қуып келіп осы Ырғыз даласында қырып

кеткен. Сол қырғынның орнына аң аулап жүрген хорезм шахы Мұхамбет қолы кездейсоқ жолығып, шаруасын бітіріп қаннен-қаперсіз кері қайтып бара жатқан маңғұл шолғыншыларын қуып жетіп шайқасатын. Екеуі де осылай ойда жоқта кездескен ұрымтал ұрыс-ты. Мынау солардың бірінің орыны емес пе екен?! Осынау жарылған жүгерідей бытырай шашылып жатқан көп қада тас маңғолдар мен меркіттердің шайқасының ізі ме, жоқ хорезмдіктер мен маңғұлдар қақтығысының ізі ме? Жоқ әлде маңғұлдардың бұл аймақтағы ең алғашқы екі шайқасының екеуінің де емес, одан берідегі көп қырғындардың бірінен қалған қорым ба? Мелмиген меңіреу тастар үндемейді. Әлгінде осынау тақтайдай қара дөңнен қашып кетіп, көкжиекке барып қордаланып алған көлгір мұнар ештеңе деп жауап қатпайды. Ішмерез әйелдің бетіндей бедірейіп жатып алған бетпақ түзде де еш нышан жоқ. Бәлкім ол баяғы Шыңғыс шолғыншыларының қашқан меркіттерді қуып кеп қырып кеткен қанды шайқасының тұсында да, олардың хорезм шахы Мұхамбет қолымен ұстасқан айқасының тұсында да тап осылай бедірейіп жатқан да қойған шығар. Ол қазір де, міне, үстінен өтіп бара жатқан мынау түрі жат, түсі суық бейтаныс керуеннің не керуен екенімен ешқандай шаруасы жоқ, сол баяғысынша қора сыртында қасқыр ұлып тұрғанда, жылы төсегінде шалжиып жатқан бейқам қойшыдай қаннен-қаперсіз манаурай көлбеп жатыр.

Көшпенділер қырылып-жойылып таласып алатын орыс сисасы, француз бөзі, үнді шәйі, қазанның шегірен былғарысы мен саратовтың темір-терсегінің бір де бірін әкеле жатпаған бұл суыт керуеннің мына далаға не артынып-тартынып келе жатқанынан қайдағы бір тас-топырақ, шөп-шаламның меңіреу жиынтығы қара жер түгілі қайдағы-жайдағының басын шалып қиялға бата беретін ғұлама елшінің өзі де анық хабардар емес-ті.

Білетіні, әйтеуір, бұл сапары мына өлкенің о шеті мен бұ шетіне ерсілі-қарсылы шұбырып жататын өзге жүргіншілердің келісі мен кетісіндей оп-оңай ұмыт бола салатын кездейсоқ оқиға емес. Сондықтан да күймесіне бір сандық қағаз бен бір қоржын қаламсия салып келеді. Көрген-білгенінің бәрін қағазға түсіре бермек. Кім біліпті, ертең басқа бір заманның өзі секілді көне қағазды көп ақтаратын басқа бір шұқыншағы бұның әр әрпі

аңшының тазысының құйрығындай шиыршық атып тұратын шимай жазуына қарап, бұл күндердің де көмескі көріністерін көз алдына елестете алар. Бейсаубат сапармен бейтаныс өлкеге аяқ басқан бұның ғана емес, ертеңінің не боп кететінін біле алмай, екі оттың ортасына түсіп отырған жұрттың басындағы дән-дәнәй халді түсінер. Кім біліпті, бұл оқиға, бұл сапар, бұл құбылыстың шын бағасын да солар берер. Олар ол кезде де мына мелмиген қалпында меңірейіп жатар да қояр. Ырғыз даласының, осы бір алатағанақ өлкенің әу бастан-ақ не бір әлемет тосын оқиға, тосын құбылыстардың беташарын көруге жаралағанын біліп қайран қалар. Бұдан алты ғасырдай бұрын күллі Тұран қаннен-қаперсіз маужырап тып-тыныш тұрғанда тек осы арада ғана қарш-қарш қадалған қайқы қылыштар мен сарт-сарт тиген садақ оғынан телегей-теңіз қан аққан болса, тап сол Ырғыз тап сондай қан-қасапқа бұдан екі-үш жыл бұрын да куә болғанын естіп таңғалар! Баяғыда да айқайлап жауға тигендердің бір жағы түркіше, бір жағы маңғұлша ұрандаса, бұл жолы да тап сол көріністің тап сол қалпында қайталанғанын естіп таңдай қағар! Алты ғасыр бойына жарғақ құлағы жастыққа тимей жаугершілікпен өткен бұл өлкенің, әсіресе, соңғы бір ғасыры қиямет-қайым қиын болғанына түсінер. Ол тауқымет, ол зобалаңның осы қазір «Жоңғар! Жоңғар!» — деп құлақ жара жаңғыртып тұрған жойқын лақабын олар да еміс-еміс ести қоймас дейсің бе?..

Тевкелев ішінен есептеп көріп еді, дүниеге Жоңғар мемлекеті келгелі де, енді төрт жылда, аттай бір ғасыр толады екен. Сол тоқсан алты жылдың ішінде Азия құрылығында ауызға ең көп іліккен сөз де осы «жоңғар» шығар. Ол сөз сол тоқсан алты жыл бойына арғы жағындағы Қытайдың, бергі жағындағы Түркістанның құлағын сары шаяндай шағып келеді. Жоңғарлар мінген жатаған жабы жылқының тұяғы тиген жерде шашыраған қан, домалаған бас қалады. Жоңғар найзасының ұшы тиген жерде шаңырағы шатынап ортасына түскен орда, адыра қалған тақ қалады. Күні кешегі күндей күркіреген Турфан қайда? Жоқ. Оның басын жұтқан жоңғар. Күні кешегі шаршысына толып шалқақтаған Мағолстан қайда? Жоқ. Оның да көзін құртқан бір мықты әлгі жоңғар. Алтай мен Сібірдің ну жынысын лықа толтырған жыпырлаған мал мен жанды

иемденіп атан түйедей алп-алп басқан Алтын хан елі қайда? Оны да жалмаған осы жоңғар. Бұл қалпымен жоңғардың жолында жойылмайтын халық, құламайтын тақ қалмастай түрі бар. Енді, міне, сол жойқын Жоңғардарияның кесепат толқыны мынау ұланғайыр даланы лақылдатып басып кетуге аз-ақ қалып шіреп тұр. Енді қай жұрт та жоңғар атын естігенде елеңдеп қалатынды шығарды. Алыста жатқан орыс патшасы да ойланайын деді. Әп дегеннен жылы-суық шырай байқатпай сабыр сақтап бақты.

Сөйтсе, от іздеп қолды-аяққа тұрмайтын қоңыр қошақандардың соңында анда-санда бір шәйт деп қойып, ат үстінде қамшысына таянып, айналаға қыдырта көз салатын айыр қалпақ тайшылардың да көкейін тескен жер екен. Жер болғанда да, бетіне тебіндеп шыққан көк қылтанақ шөбі екен. Көшпендінің ұғымында жердің барша қадыр-қасиеті сол мал аузына ілінер көк қылтанақпен ғана шектеледі екен. Өріс іздеген жоңғарлар орыс шетіне де тіміскілеп көп келетінді шығарды. Сібірдегі орыс тұрғындары ол кезде жоңғарлар лап берсе, қарсы тұра алардай қауқарға әлі ие бола қойған жоқ-ты. Содан да ма екен, Тоқауқарға әлі ие бола қойған жоқ-ты. Содан да ма екен, Тобыл воеводасы Матвей Гагарин 1607 жылы сол маңайда көшіп жүрген ойрат тайшыларына елші шаптырды. Егер Россияның қол астына өз еріктеріңізбен өтетін болсаңыздар, Сібір өзендерінің бойынан өріс береміз дейді. Ондағы ойы жоңғарлардан сыр тартып көру еді. Елшілік дүрбіттердің тайшысы Далай мен торғауыттардың тайшысы Дзоріктіге барып жолығады. Солардан торғауыттардың тең жартысының 1604 жылы Хо-Өрлік деген тайшыға еріп, қалған жоңғарлардан бөлініп шығып, Қара Ертістің бойына көшіп кеткенін біледі. Ойраттардың арасында да алауыздық бар екенін естігенде князь Гагариннің құдайы бір беріп қалды. Дереу Мәскеуге ат шаптырды. Ақ патша Далайды, Хо-Өрлікті, басқа да тайшыларды өзіне жолығысқа шақырды: «Өзіме келіп сөйлесіңдер, Алтын ханның да, ноғайлар мен қазақтардың да түртпегіне өзім тойтарыс берем», — деді. Бұны естіп тайшылар да орыс әкімдерінің тамырын басып көруге бел буады. Хо-Өрлік 1607 жылы Тару қаласына елші жіберіп, Есіл, Қамысты өзендерінің бойын жайлауға рұқсат сұрайды, Воевода оған:

«Хо-Өрлік орыс жерінен өріс алғысы келсе, ақ патшаның қол астына өтсін», — деген талап қойды.

Екі жақ екі жыл бойы аңыс аңдап, тағы да тым-тырыс жатып алды. Воевод 1609 жылы Голубин деген елшісін тайшыларға тағы да жұмсайды. Март айында кеткен елшілік июль айында Тару шаһарына қайтып оралады. Бұл жолы да ештеңе шығара алмапты. Абай мен Қошушы деген екі тайшының қол астындағы екі тайпаның игі-жақсылары қосылып, тұрымтай жиын өткізеді. Жиында орыс елшісінің бұйымтайы сұралыпты. Айыр қалпақ тайшылар: «Орыс патшасы бос жатқан даласын жайылысқа бермесе, басына шайнап жақсын. Қазір қазақтар өзара қырқысып жатыр. Соны пайдаланып жорыққа шығамыз. Патша бермеген жерді солардан тартып аламыз» — депті. Шамасы, сондай жорықтардың нәтижесі болуы керек. Тевкелев анада Сыртқы істер коллегиясында қазақ пен қалмаққа байланысы бар қоқырсыған көп қағаздарды ақтарып жүріп, 1616 жылы Жоңғарияға барып қайтқан елшілер Петров пен Куницынның журналының үстінен шыққаны бар. Сонда олар терістік батыс ойраттарды басқаратын дүрбіт тайшысы Далай батырдың қол астына торғауыт Хо-Өрлік, шорос Шоқыр тайшылардың ұлыстарымен қоса Ұлы жүз қазақтары мен Енисей қырғыздары да қарайды екен деп жазыпты. Дәл сол тұста манжұрлар да қарап жатпағанға ұқсайды. Әншейінде бастары піспей жүретін ойраттардың қайтадан ауыз біріктіріп, Россия патшасына: «Қол астына ал!» — деп қайта-қайта елшілік жіберуі соны аңғартқандай. Михаил Федорович патшаның 1618 жылдың 14 апрельде Далай Батырдан келген елшіге берген грамотасының көшірмесін Тевкелев өз көзімен көрді. Келесі жылы дәл сондай грамота Хара-Хула тайшының елшісіне беріліпті. Ол кезде Хара-Хуланың беделінің күшейгені сонша, 1619 жылы хал-хастардың билеушісі Алтын хан орыс патшасына елші жіберіп, Хара-Хулаға қарсы бірге соғысайық деп ұсыныс жасапты, шіркін, саясат десеңші! Алтай мен Тарбағатайдың ну жынысына сыймай, бір-біріне атарға оғы жоқ болып жүрген екі ханның елшісі Сібірден дәл бір уақытта аттанып, Мәскеуге дәл бір күні — 1620 жылдың 10 январында барады, ал 29 январьда ақ патша бір-біріне тістерін қайрап тұрған ала көз екі елшіні өз сарайында бірге қабылдайды.

Ойраттардың бастары біріге бастағанынан тек Алтын хан ғана емес, қазақтар да қатты сескенген түрлері бар. Ойраттар 1619 — 1621 жылдар арасында халқалықтар мен қазақтардың екі жақты қыспағына әлденеше рет ойсырата тойтарыс беріпті. Мұндай шапқыншылықтар жоңғар тайпаларын тұтастыра түспесе, ыдырата алмаған. 1625 жылы Далай тайшы мен Хара-Хуланың арасы жарасып, торғауыт тайшысы Хо-Өрлік Еділ бойына қарай ойыса бастаған. Сол шамада өлкеде болып қайтқан Михаил Тарханов: «Еділ сағасы мен Арал теңізінің оңтүстік пұшпағының арасы қаңырап бос жатты, ұшан-тоғайда ит жүгіртіп, құс салған қалмақ аңшыларын көруге болады, — деп келіпті.

Соны оқығанда, неге екені белгісіз, Тевкелевтің жүрегі шым ете қалған-ды. Бәлкім патша сарайының төңірегінде жүрген Сыртқы істер коллегиясының орта қол қызметкері Алексей Ивановичтің көкірегінде кенет өз атын өзі ұмытуға айналған ноғай мырзасы Құтлық Мәмет Мамашев мырза қайта бас көтерген шығар! Аталмыш өлке бір кезде оның ата-бабаларының көк көріне өріске, шөп сарғая қыстауға шұбап, әрлі-берлі сайраңдаған қоныстары ғой. Баяғыда Аюке ордасына барғанда түк көрмегендей жымпиып жатқан жымысқы дала бұны бір кезде осы өңірде тіршілік кешкен жойқын жұрттың жүрегінен шашыраған бір тамшы қан екенін ұмытып қалмады ма екен деп сынап жатқандай көрінген. Жоқ, ұмытқан жоқ... Неге ұмытсын. Аталары орыс дініне күні кеше кірген бұлар түгілі князь Юсуповтың өзі кейде ащы араққа тойып алғанда «Жайықтан арғы кең жазық жайында көл-көсір хикая шертуші еді. Князь орыс ақ сүйектерінің қай-қайсысы секілді өзінің ата-тегі жайында қыруар шежіре жинай жүретін.

— Алексей Иванович, ақтарып жатқан көп қағазыңның арасынан біздің шалдардың атын көрсең, дәптеріңе түртіп ала жүр, — дейтін.

Иә, орыс қағаздарының арасында не көп, Ноғай ордасы жайында мәлімет көп. Тевкелев қазақтар мен қалмақтар жайындағы біраз мағлұматтары сол «ноғай істерінен» тапты. Ноғай архивтерін ақтарған адам мынау жалғанның қаншалықты опасыз екеніне көзін оп-оңай жеткізе алады. Бір кезде күндей күркіреген. Алтын Орданың ақырғы билеушісі Тоқтамыс болғанда, Тоқтамыстың түбіне барлас Темір жетпеуші ме еді! Ал,

ақсақ аяғымен жарты жаһанды жамбасына басқан барлас Темірдің қанжығасына Тоқтамысты тоқтыша өңгеріп беретін маңғыт Едіге ғой! Сол Едіге Ноғай өлгесін, оған қараған ұлысты бір өзі басқарып, Алтын Орданың ең атақты билеушісіне айналмай ма! Сонда күні кеше Тоқтамысқа қарсы шыққан Темір енді кешегі одақтасы Едігенің өзіне қарсы шықпай ма! Сол атағы жер жарған Едігенің қол астындағы ел бұрынғы билеушілері Ноғай өлгесін Қара теңіз жағалауындағы қоныстарын тастап, Еділ мен Жайық бойына аумай ма! Еділден Ертіске, Арал теңізінен Орал тауына дейін созылып жатқан ең байтақ өлкені Едіге Нұрадын, Кейқуат деген екі баласымен бірігіп басқармай ма! Жалпы ұлысты билеп отырған ең үлкен әміршіден кейінгі әмірші Нұрадын, одан кейінгі әмірші Кейқуат атанатын дәстүр сол дәуірден қалған емес пе! Кейін бүкіл Ноғай ордасының тізгіні сол Нұрадын балаларының қолында қалмай ма! Нұрадыннан Ақ Орданың ханы Әбілқайырдың замандасы және сырлы аяқпен бал ішкен сырласы Оқас туған да, Оқастан Мұса, Жаңбыршы, Асан тумай ма! Билік баланың үлкені Мұсаға тимей ме! Бақ қонған Мұса бес әйел алып, олардан он тоғыз ұл сүймей ме! Бәйбішесі Ыбақ ханның қызы құндыздан Шегем, Алшағыр, Сейтек, Көшім, Шаһ-Мамай, Жүсіп, Ысмайыл деген жеті ұл тумай ма! Сол жетеудің жастай өлген Көшім мен Алшағырдан басқасы жастарына қарап кезек-кезек ел билемей ме! Оқастың ұлы Мұса әкесінің досы Әбілқайыр балаларының жыртысын жыртып, қазақтарына қарсы соғысып, Мұхамбет Шәйбанидің сойылын соқпай ма! Сол қырқыстардың тұсында Жәнібек пен Керейден тараған қазақ сұлтандар мен бірге Оқас тұқымынан да талай боздақ жер жастанбай ма! Мейманасы асқан Мұса балалары Ноғай ордасын былай қойып, көрші Астрахань, Қазан, Қырым хандықтарының билігіне араласпай ма! Өздері түгілі өзгелерді билеп-төстеп үйренген Мұса балалары ақыры өзді-өзді жауласып тынбай ма! Ол араздықтың ең өршитін тұсы Мұсаның бәйбішеден туған екі кенжесі Жүсіп пен Ысмайылға билік тиген кез еді ғой! Ол тұста бұрынғы Алтын Орданың бір кездегі шалқар теңізі қайтып, әр жер-әр жерден қалған шұқанақ көлдердей жұқанақ хандықтарына орыс патшаларының көз тіге бастаған кезі-тұғын. Олардың жанарына алдымен іліккен Ақ

Еділдің бойына самсай қонған Қазанның қара қаласы еді. Ал Қазанға көз тіккен жау сол тұста ноғай ордасын билеп отырған Жүсіптің де жел жағынан шығар еді. Өйткені Қазанның билеушісі — Жүсіптің қызы Сүйінбикенің күйеуі-тұғын. Орыстар Қазанды әуелі айламен алмақшы болды. Қазанның тағы қолдан-қолға өтті. Ақ патша бұл айласынан ештеңе шықпаған соң Қазанды күшпен алуға бел буды. Ноғайлардың тілімен айтқанда Қара Иванның, орыстардың тілімен айтқанда Иван Грозныйдың Қазанға бет алғанын естіп Жүсіп Россияға қарсы жорыққа шықпақшы болды. Бірақ, ақ патша ауызын алып қойған Нұрадыны, туған інісі Ысмайыл етегінен тартты. Соның айтқанын істеймін деп аңыс аңдып жүргенде Қазаннан айырылды. Көкіректеріне содан қатқан қан қашан бір-бірінің басын жалмасқанға дейін жібімей қойғаны. Ноғай арасы екі айырылды. Қырым мен Орта Азиядағы мұсылман елдерімен одақтасуды жақтайтындар Жүсіп жағына, іргелеріндегі Қазан мен Астраханьды алып тұрған орыстарды жақтайтындар Ысмайыл жағына шықты. Астрахань алынатын 1554 жылдың аяғында алауыз екі жақ ақыры шекісіп тынды. Қанды қырғын соғыста Ысмайыл ағасы Жүсіпті өлтіріп, Ноғай ордасының бірден-бір билеушісіне айналды. Бірақ, екі әулеттің ортасындағы өшпенділік оты онымен өше салмады. Жүсіп балалары өле-өлгендерінше Ысмайылмен арпалысып өтті. Олардың соңғы айқасы 1562 жылы болды. Сол шайқаста Жүсіптен ең соңғы тұяқ Ыбрайым мырза мен Елбек мырза тұтқынға алынып, ақ патшаға аманатқа аттандырылды. Қазіргі орыс ақ сүйектері князь Юсуповтар сол екі мырзаның үрім-бұтақтары болып табылады. Билік Ысмайыл әулетіне көшкенмен олардың да көсегесінің көгергені шамалы. Алшағырдан туған Орақтың ұлы Қазиді бастаған бір ұлыс ел Кавказ ауып Кіші Ноғай ордасы атанып ол кетті. Шахмамайдан туған алты ұл билейтін ұлыстар Ысмайыл балаларына бүйректері бұрмай, Жем асып, Ырғыз асып қырындай көше-көше қазақ ордасына ауып бұл кетті. Қазақтың Кіші жүзі содан шығыпты деген сөз де бар. Ысмайыл балаларының өзді-өздерінің де ауызы біріге қоймапты. Ағалы-інілі Танахмет пен Орыс ұрпақтары бір-бірінің жағасына жармасумен өтті. Әуелі Танахмет балалары Орманбет, Тыңмәмбет, Бәйтерек Орыс балаларының қолынан мерт тапты. Кейін Естерек мырза ел билеп

тұрғанда, Танахмет балалары Орыс тұқымын баудай жусатады. Ноғай ордасын 1600 жылдан 1619 жылға дейін билеген Естеректі арғы түбі ноғай ордасынан шыққан орыс шонжары Борис Годунов қолдайды. Сол тұста Естерек Орыс балаларынан қалған тұқым-теберді ақ патшаға аманатқа аттандырып, ордадан біржолата аластайды. Қазіргі князь Урусовтар әулеті содан тараған. Өздеріне бой бермеген әулеттерді патша сарайына аманатқа аттандырып құтылу ноғай билеушілерінің үйреншікті тәсілі болып алған-ды. Бүгінде орыс дворяндары атанып жүрген Кутумов, Шейдаков, Байтереков, Тахтарев әулеттері арғы түбі сол кепті кигендер еді.

Тевкелевтің Сыртқы істер коллегиясының жымжырт қоймаларында жатқан сарғыш қағаздардан көз майын сарқып оқып алған сол оқиғалардың бәрі бесіннің бұла сағымына тапталып бұлдырап жатқан мынау құба сұр далаларда өткен-ді. Осы өзі келе жатқан Ырғыз алабында да ноғайлардың көк алалы жылқысы мен қарақұрым қолы талай ойнақ салған-ды. Енді, міне, сол аламан-асыр ала шабуылдар өлкесі жымпиып тыныш жатыр. Сөйтіп алшаң басқан асау ноғайлардың басындағы дәуренді де біржола сап қылған әлгі жойқын жоңғарлар еді. Жоңғардан бөлінген торғауыт өзара қырқыстан әбден діңкелеп отырған Ноғай ордасын әп-сәтте-ақ тоз-тоз қып тоздырып жіберіп, Еділ, Жайық, Жем бойының жылқы жусар қара дөңі мен қой мыңғырар нарын шағылдарын өздеріне қаратып алды. Торғауыттар қалған қалмақтан 1623 — жылан жылы бөлініпті. Содан бері ноғайлардың аты өшті де, одан қалған ен қоныс сонау Алтай ауып келген көшпенділерге бұйырды. Хо-Өрліктің бұл қылығын біреулер жоңғарлардың арасында өріске таласқан алауыздықтың салдарынан сайыса, біреулер бұрынғы маңғол қол астында болған өлкелерді қайтадан өздеріне қаратып алуды ойлаған тайшылардың әдейі уәделесіп әп істеген айласы деп санайды. Оған 1640 жылғы Тарбағатайдағы құрылтайға ойраттардың қалған тайшыларымен бірге Хо-Өрліктің де қатысқанын, 1644 жылы Батыр қоңтайшының Астрахань түбіндегі орыс қоныстарының тынышын ала бастаған Хо-Өрлікке қарсы бірге күресейік деп барған Владимир Клепиковтың ұсынысын қабылдамай тастағанын, айдалаға шығындап кеткен торғауыт тайшылары мен

табан жұрттарында қалған Тарбағатай тайшыларының арасындағы алыс-берістің әлі үзілмей келе жатқанын тілге тиек етеді.

Баяғыда қалмақ арасында болғанында Тевкелев те бұл мәселеге ептеп назар аударып көріп еді, іші бітеу жымысқы жұрт бәрібір сыр ашпай қойды.

Хара-Хуланың баласы Хотоқосын Батыр қонтайшы 1635 жылы мажұрлардың Қытайды бағындырып, қолдары тимей жатқанын пайдаланып Жоңғар хандығын құрды. Оған Далай-лама Ерден Батыр қонтайшы деген атақ берді. Батыр Қонтайшы әуелден-ақ ешкімге тәуекелсіз билеуші екенін айтып жар шаша келді. Ол 1644 жылы Михаил Федорович патшаға жазған хатында: «Екеуміз де өз мемлекеттеріміздің дербес падишасымыз», — деп терезесін тең ұстай сөйлепті. Бұл арқылы ол боғдыханға да, патшаның да мойын ұсынбайтынын сездірген еді. Патшалар бұндай астамшылықты көп көтере бермейтін. Тевкелевтің ноғай қағаздарын ақтарып отырып мынандай бір күлкілі жағдайға тап болғаны бар. Ысмайыл 1553 жылы орыс патшасына жазған хатында: «Менің сенен жасым үлкен, сен болсаң, менің баламнан да кіші екенсің», — деп, «ұлым» деп тіл қатады. Иван Васильевич патша жауап хаттарында біразға дейін «әкей» дей қоймағанымен «достым» деп сыпайысып жүреді де, 1558 жылы елшісі Елизар Мальцов арқылы ноғай мырзасының өзіне «патша алдияр» деп тіл қатуын талап етеді. Михаил Федорович те ата-бабаларының ол үрдісінен хабарсыз емес еді, бірақ өзімен терезесін тең ұстаған жоңғар қонтайшысының аузына өйтіп қақпақ болғысы келмейді. Өйткені ол кезде Россия үшін қонтайшының арғы жағындағы қытай боғдыхандары алдында бас имей, көкірегін жоғары ұстағаны, өзін тәуелсіз сезінгені өте-мөте қажет еді. Сондықтан да оның дербес билеуші сезінген көңіліне шоқ тастап, айтқанын екі етпеуге тырысып бақты. Қонтайшының сұратқан ұсталары мен шеберлерін, сауыт, қалқан, ай балта қару-саймандарын, орыс қазынасынан асыл бұйым, ақшаларды кідіріссіз жіберіп тұрды. Қытай базарынан қол үзіп қалған ойрат тайпаларын орыс бұйымдарына қандай мұқтаж болса, Сібірде күн санап көбейіп келе жатқан орыс тұрғындары жоңғардың малы мен ет, сүт, майына, жүн-жұрқасына сондай зәру еді. Батыр қонтайшының орнына келген Қалдан Бесоқтының тұсында да орыс пен ойрат майлы

қасықтай араласты. Ойраттар Россияға өз жерлері арқылы Қытай базарымен сауда-саттық жасап тұруға еш кедергі келтірмеді. Ол тұста Терістік Маңғолияда манжұр-қытай басқыншыларының Орталық Азияның солтүстік батысында Цин империясы үстемдігінің етек алуы Жоңғар қонтайшысын тек ойрат ұлыстары ғана емес күллі батыс Маңғолия қауыпсыздығын мықтап ойлауға мәжбүр етті. Ойрат феодалдары Россиядан көмек сұрай бастады. Бірақ, орыс үкіметі ол кезде Сібірде жеткілікті әскері жоқтығынан әрі ежелден бері желісі үзіліп көрмеген Қытаймен арадағы сауда қатынасына зиян келтіріп алмас үшін 1685 жылы Мерген Қошықтың елшілігіне ашық жауап айта алмады. Қалдан Бесоқты оған қарамастан манжұрларды жақтайтын халқас тайшыларын қаймықтыру үшін Терістік Моңғолияға Жоңғария мен Россия бірігіп соғыс ашқалы жатыр деп оңды-солды лақап таратып бақты. Қытаймен екі ортада ши шығарып алмауды көздеген патша сарайына 1692 жылы Нерчинск воеводасы Ф. И. Скрипцин арқылы қонтайшыға ешқандай әскери көмек берілмейтінін ресми түрде мәлімдеуден басқа амал қалмады.

Қалдан Босоқтыдан кейін жоңғарды билеген Сыбан Раптан шығыс майданда да, батыс майданда да елеулі табысқа жетті. Ол 1711, 1712, 1714, 1717 және 1725 жылдары қазақ ұлыстарын қансыратып жеңсе, 1715 жылдан 1726 жылға дейін созылған он бір жыл бойғы соғыста қытайларға да айтарлықтай тойтарыс берді. Манжұрлердің жаңа императоры Юнчжән Сыбан Раптаның манжұр-қытай әскерін ойрат мемлекетінің шекарасынан алып кету жөніндегі талабына құлақ асуға мәжбүр болды. Бірақ бұл уақытша бітім көпке созылмады. Цин империясы Қалдан Сереннің қонтайшы болғанына бір жыл толмай жатып, соғысты қайта бастады. Жоңғарлармен соғыстың бүйтіп сағыздай созылып кеткені қытай жағының қабырғасына қатты батқан түрі бар... Осы жуықта ақ патшаға Пекиннен елші келеді екен, ол Жоңғар хандығын бірге жаулап, жерін бөлісіп алайық деп ұсыныс жасамақ екен, — деген сыбыс тарап, ол Тевкелевтің де құлағына тиген-ді.

Олары, әрине, бекер әуре. Іргесіндегі итжығыс екі елдің біреуінің көкірегіне біреуін шығарып беріп, ақ патшаға не көрініпті! Үлкен елге дәл өзіңдей іргелі жалғыз көршіден гөрі өзінен әлдеқайда әлсіз ұсақ-түйек

көп көршінің болғаны әлдеқайда тиімді. Оны орыс патшалары баяғыдан біледі. Оған осы жорыққа шығар алдында Россияның шығыс саясатының жай-жапсарымен қайталап танысқанда көзі әбден жетті. Басқаны былай қойғанда, қазақтар мен жоңғарлар арасындағы шиеленістің тұсындағы орыс үкіметінің қылығы тап соның айқын айғағы емес пе!

Патша сарайы Сыбан Раптан мен Тәукенің тұсында жаға жыртысып жатқан екі жұртты бір-біріне жығып бергісі келмей, қазақ елшілерінің қай сөзіне де құлақ аспай тырп етпей отырып алды. Сондай саяси көлгірліктен екі жақ та бір-бір елшінің қанын арқалап, бірінің алдында бірі беттеріне шіркеу түсіріп алды. Тевкелев дәл осы сапарына баяғыда Түркістанда тұтқында шіріп өлетін Андрей Неприпасовтың жиенін тауып алып, ертең бөтен елге барғанда күтпеген жерде шығып қалар көлденең дау-шаралардың тұсында керегі боп қала ма деп ертіп келеді.

Қайыптың тұсында Россия Қытай мен жоңғардың арасындағы кикілжіңдерге мықтап назар аударып, қазақ пен жоңғардың ара-қатынасына мейлінше қанығып алуға тырысты. Сондықтан да Сырдақ баласының үйінің іргесіне күніне бір көк арба доғарылды да тұрды. Тобылға келгенде басқандарынан жер ойылардай боп бұтқа толғандарымен Қайыптың елшілері әуселелерінің шамалы екенін оңай сездіріп алды. Жоңғарға қарсы бірігіп соғысайық! — деп күнде қақсайтын Қайып хан бірде қара басып, аузынан жаңылып, бар болғаны отыз мыңдай ғана әскері бар екенін айтып қойды. Қазақтардың шын қауқарының қандай екенін білгісі кеп, Қайып ордасын шыр айналып шықпай жүрген Тобыл елшілері енді мынадан кейін «шу, қара құйрық» деп тайып тұрды. Содан қайтып қараларын көрсетпеді. Ол — әлеуеттілердің әуелден келе жатқан үйреншікті әдеті еді. Әлді екенінді, әлсіз екенінді анық білгенше сипаншақтап сыпайы боп жүреді де, осалдығыңды білгесін одырайып шыға келеді. Өйткені, ертең кім біліпті, күндердің күнінде саған қолын салуға тура келер. Сонда кешегі жылы сөзі мен оң қабағы аяғына тұсау, бетіне шіркеу боп жүрмей ме! Сондықтан әуелден-ақ аяз әлін, құмырсқа жолын білгені дұрыс. Ақылы бар әлжуаз әлеуеттімен тіреспейді. Ақылы жоқ әлжуаз әлеуеттіден көмек сұраудың орнына, «дос болайық, одақ болайық» деп кісімсиді. Әлді әлсізді одақ

қылып қайтуші еді. Қайыптың қатесі осындатұғын. Сол қатені, енді міне, бұл жолыққалы келе жатқан Әбілқайыр жақсы аңғарыпты. Ол 1726 жылы Қойбағар Көбековты елшілікке жібергенде қазақтарды Еділ бойы қалмақтары сияқты Россияның қол астына алуды өтінді. Одақ жайлы атымен ауыз ашпай, «ортақ жауға қарсы тұрар күн туа қалса, патша ағзамның әміріне шын жүректен құлдық ұрамыз», — деп уәде қылды. Бірақ, Көбеков елшілігі мақсатына жете алмады. Сыртқы істер коллегиясы бұндай ұсыныстың орыс империясына келер-кетері жоқ деп тапты. Ондағысы ол кезде қазақтарды өз жерінен тықсыра қуып шыға бастаған ойраттармен қарым-қатынасты шиеленістіріп алғысы келмегендері еді. Сөйтіп, «елшіліктің өкілетілігін танытатын айғақ жоқ» деген сылтаумен Қойбағар еліне құр қол аттанады.

Бір таңғалатын нәрсе, патшадан мұншалық ауыр дипломатиялық соққы ала тұрса да, Әбілқайыр дегенінен қайтпапты. Желкелей қуған ойратпен қайырылып қайта тіресіп, жауда қалған біраз жерді қайтарып алғасын Уфа воеводасы арқылы тағы да елшілік жөнелтіпті. Қол астындағы халқымен ақ патшаның қарауына көшіп, басыбайлы бағынышты болатынын ашып айтыпты. Көрпесіне қарай көсілген Әбілқайырдың бұл ұсынысы Россияның Азиядағы мүдделерінің қай-қайсысына да ешқандай зиян келтірмейтін еді.

Тевкелевтің көз алдына тағы да сол баяғы бір көрініс елестеді. Едірең мұртын жел жығып, көк айран теңіз төсінде мұнартып жатқан шығыс жақ жағалауға ойлана көз тастап тұрған Петр патша келеді. Ол орыс мемлекетінің төрт жақ іргесін де теңізге тіреп алуға соншалықты күш салып баққан еді. Үш жақ ірге, оның көзі барында-ақ, теңізге тірелді. Россияның әлі күнге аптап соғып тұрған ашық іргесі — осы оңтүстік шығыс жағы. Қалған жақтан қандай жау қоқандап жатқан бұл жақ іргеден сүйкенер дұшпанды әзірге сөзбен тоқтата тұрғаннан басқа амал жоқ. Петр патшаның баяғыда Тевкелевтен қазақ даласының жәй-жапсарын соншалықты шұқшия сұрауының себебі осында екен... Тевкелев оған кейін түсінді. Орыс мемлекеті өзді-өзі қырқысып жатқан шығыстағы көршілерін алма-кезек қостап, көмек сұрап келсе, екеуін де құрғақ уәдемен алдап-сулап шығарып салып, сол арқылы екеуін де өз

иегінің астында ұстап, тезірек Жәркент пен Индияның алтынына жетіп алуды, Үндістан түбегіне жанталаса қол созып келе жатқан ағылшындардың алдын орап кетуді көздейді. Ол үшін Азия құрлығындағы ең басты бәсекелесі Қытайдың көзі мен көмейін жылмиысқан жылы қабақ, жылтыраған жылы сөзбен алдарқата тұрып, Орта Шығысқа қарай мысық табандап жақындай түспекші. Бұл арада жоңғарлар мен қытайлардың арасындағы қырқыс Россияға қып-қызыл пайда еді. Қытай жоңғармен жағаласып жатқанда Үнді мұхитына бір жетіп алса, ар жағында шүршіт императорларының күні де бір уыс боп шыға келмес дейсің бе!

Россия патшалары қанша сұңғыла болғандарымен жер-жаһанды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстап отырған көктегі тәңірі емес қой. Олардың да дегені бар-бар уақытта діттеген жерден шыға бермесі хақ. Бір күн тыныш тұруды білмейтін халықаралық саясат мұхитындағы ұйтқыма жел әмісе орыс желкендерінің желкесінен итермелемей, ара-тұра қақ маңдайларынан соғып, қадалып тұрып алатынды шығарып тұр. Орыс флоты әлі Қаратеңізден әрі аса алмай жүрген кезде кейбір мемлекеттердің кемелері Үнді мұхитына шығып ап, емін-емін сайрандай бастапты. Оның үстіне Қытайдың кергіме керауыз саясатшылары шік түс десең, бүк түсіп, айтқанға көне қоймады.

Тевкелевтің өз көкірегі айтады: орыс патшалары шығыс саясатында үш түрлі кезеңді бастан кешкен сияқты. Әуелі олар орыс көпестері сақалын шошаңдатып көп айта беретін Жәркент пен Индия алтынына, Орта Шығысқа жеделдетіп тез жетіп алуды мақсат тұтты. Бірінші Петр «Каспий теңізінің шығыс жағалауына аяқты нық басып тұрып алуға» күш салды. Бұл үшін ол Орта Азия хандықтарындағы алауыздықтарды пайдаланып, жергілікті билеушілерге жеке гвардия ретінде орыс әскери отрядтарын жіберіп, әр жер, әр жерге әскери бекіністер салып, Азиядағы Россия ықпалын күшейте беруді құп көрді. Іздегенге сұраған дегендей оған 1700 жылы Хиуа ханы Шаһнияз қол астына ал деп елші жіберді. Бірақ оны пайдаланып «Каспийдің шығыс бетіне шығып алуға терістік елдерімен соғыс мүмкіндік бермеді. Сөйтіп жүргенде Хиуа ханы тағы өзгеріп кетті. Бұл жолы патша жаңа ханды таққа отыруымен құттықтап өзі елші аттандыруды ұйғарды. Ол жоспарды жүзеге асыруды

өзінің сенімді адамы, кабарда бегі Дәулеткерей Бекмурзинге тапсырды.

1715 жылы орыстар Бекович-Черкасский атап кеткен Дәулеткерей Бекмурзин 1760 адаммен Астраханьға келді. Март айында қасына 6350 адам ертіп 20 кеме, 150 түйемен Каспийдің терістік шығыс жағалауын зерттеп қайтуға Гурьевке қарай жолға шығады. Осы сапарда ол Астраханьнан шықпай жатып бір ыңғайсыз оқиғаға тап болады. Сол жылы Кубан татарларының басшысы Сұлтан Герей отыз мың адаммен қалмақ ұлысын шабады. Үш мыңдай кісіні өлтіріп, көп дүние-малды талап әкетеді. Аюке хан үй ішімен Бекович-Черкасскийдің отрядына барып тығылып бас сауғалайды. Хан өзінің аман қалғанына місе тұтпай, князьге Кубань барымташыларына оқ ат деп қолқа салады. Бекович-Черкасский ол тілегін орындамайды. Кабардалық бек қалмақ ханының қабағынан қар жауа қалғанын байқағанмен, оған онша көп мән бере қоймап еді. Кейін сонысы түбіне жетіп тынды.

Алғашқы экспедицияның нәтижесін Бекович-Черкасский Балтық бойындағы Либаведе жүрген бірінші Петрге барып баяндады. Ол князьге Каспийдің шығыс бетінен қамалдар тұрғызуға, Хиуа ханын Россияның қол астына өтуге үгіттеп көруге, Амударияның бойымен Индияға көпес аттандырып, барлау жасап қайтуға тапсырма берді.

Бекович-Черкасский Астраханьға қайтып келіп, екінші жорыққа әзірленді. Жүз отыз сегіз кемеге артынып-тартынып шыққан сол экспедицияның құрамында Тевкелевтің өзі де бар еді. Жиырма екі зеңбірегі, алты мың жарымнан астам жауынгері бар ауыр қол 1716 жылдың 9 октябрінде Маңғыстаудағы Түпқарағаннан шығып, теңізге тіреп кіріп жатқан жалаңаш көсеге Киелі Петр қамалын салуға кісі қалдырады. Одан жүз жиырма шақырымдай жердегі Бектұрлы ишан шығанағының қасынан Александровск бекінісінің ірге тасы қаланды. Ноябрь айында Балқан түбегінде Қызылсу шығанағына жетіп, тағы бір тас қамал салуға кісі қалдырылады. Экспедиция 1717 жылдың басында Астраханьға қайтып оралады.

Сол кезде Хиуаға барған орыс елшілері кісі қобалжытатын хабарлар айтып кеп жүрді. «Орыстар бізге елші боп келе жатқан жоқ, басып алмаққа келе жатқан көрінеді», — деп күллі Хиуа дүңк-дүңк етеді

дейді. Бекович-Черкасский ол ұйтқыма хабарларды құлағына қыстырмай, Орта Азияға жасайтын жорығына әзірлене берді. 1717 жылдың 11 июль күні үш мыңдай әскер, бір мыңдай көші-қонның қызметшілері небары төрт мың адамы бар ауыр қол ырғалып-жырғалып жолға шықты. Жол-жөнекей көміліп қалған құдықтарды аршып, о жер, бұ жерге шағын керуен сарайлар салдырып жайбарақат келе жатқан керуенге Шілден құдығына жеткенше ешқандай төтен оқиға ұшырасқан емес. Шілден құдығына түнеп шыққан күні таңертен Аюке ерткен жол көрсетуші Меңлі Қасқа мен қасындағы адамдар үштігөйлі жоқ боп шықты.

Бекович-Черкасский сонда да елең етпей, ілгері тарта береді. Тағы да тоғыз күн жүріп Жалғыз құдыққа жеткен жерде аттары шаршаған мың кісіні демалысқа қалдырып, астраханьдық бекзада Керейтовтың қасына жүз кісі қазақ қосып, Шерғазы ханға хабаршы шаптырды. Хан патшаның елшісіне жатып жастық, иіліп төсек боп, тағзым етіп аяғына жығылып, алдынан шығып қарсы алатынын айтып, кері қайтарды. Өзі сол арада жиырма төрт мың әскермен орыс отрядына тойтарыс беруге жоспар құрып, астанадан асығыс аттанды. Оның бұ хабары Бекович-Черкасскийге де жетеді.

Ханның қарау ниетін естіген бойда Айбұғыр көлінен Қарағаш өзеніне жеткенше екі шақырымдық жерге окоп қазып бекініп, жалғыз құдыққа тастап кеткен казактарына кісі шаптырыпты.

Қарақұрым хан әскері Айбұғырға жете бере алдарына ат бойы топырақ үйіп, жер қазып, алты жерге батарея орнатып, бекініп алған орыстарды көреді. Шерғазының ақалтеке арғымақ мініп, қайқы қылыштарын түре сермейтін түрікмен әскері екі күн бойы шабуылдап, көп адамынан айырылып ештеңе шығара алмағасын айлаға көшеді. Ертеңіне хан орыс шебіне ақ ту көтеріп бітімші жібереді. Бітімші: «кешелі бергі шабуылдан хан бейқабар. Ол — мынау осы арадағы кейбір тентек бектердің өз беттерімен істеп жүрген бұзақылығы» — деп ант су ішеді. Сол екі ортада ақалтеке мінген дудар бөріктер тағы да қаптағайлап қоя береді. Ханға тағы да жаушы шаптырылады. Хан тағы да: «Бұл менің ықтиярымсыз болып жатқан жағдай. Айыптылардың ертең өзім жазасын берем», — деп кешірім сұрап, бітімшілік өтінеді. Ол сөзінің растығын дәлелдегісі келіп, кешеден бергі бұзақылыққа осылар

айыпты деп екі адамды беттеріне күл жағып, біреуінің мұрнынан, екіншісінің құлағынан таспа өткізіп, қосақтастырып байлап, қалың әскердің алдынан жетелеп өтіп, көп алдында масқаралайды.

Аталмыш жаза орындалғасын хан жағынан екі адам орыс лагеріне келіп бітімге қол қояды. Хан Бековичті өз шаһарына шақырып қонақ еткісі келеді, бірақ мұншама қалың қолды тұтас сиғыза алатын орын жоқ, сондықтан әскердің бір бөлігі осы арада лагерьде қалып, бір бөлігі қалаға кірсін деген ұсыныс жасайды.

Бекович-Черкасский бұл ұсынысқа келісіп, өзінің орынбасары боп қалған майор Франкенбергке әскерді екі бөлуге әмір етеді. Франкенберг үш рет адам жібергенде де ол әміріне көнбей қояды. Ақыр аяғында әскери сотпен қорқытқан соң, отрядты алты жүз адамнан шағын-шағын топқа бөліп, әрқайсысын әр жаққа таратуға тура келеді.

Хан бұл хабарды естіген бойда әлгіндей шағын топтарды жеке-жеке тұтқынға ап, біразын қырып жіберді, біразын шонжарларына құл қып таратып берді. Дін бұзар опасыз Бекович-Черкасскийді офицерлерімен қамауға алып, өзінің көз алдында тырдай жалаңаш шешіндіріп, басын шауып өлтірді.

Бұл хабарды естіген Петр патша Каспий теңізі маңындағы әскеріне Хиуаға қарсы жорыққа шығып кек алуға бұйрық берді. Бірақ, орыс әскері бір қырсықтан соң бір қырсыққа ұшырады. Әскер тиеген флот жол-жөнекей теңіз үстінде дауылға ұшырап, бірнеше кеме сол күйі суға батты, қалғандары өліп-талып шығыс жағалауға жетті. Әбден шаршап-қалжыраған әскерде Хиуаға шабар қайрат қайдан болсын. Жергілікті түрікпен тайпаларының төмпешіне қайта ұшырап көресіні әбден көрді. Ақыр аяғында, оларға іздеуші кемелер аттандырылып, 1718 жылы Астраханьға қайтарылып алынды.

Сол бір зобалаңдардың тұсында бүгін, міне, Ырғыз даласында сары ала күйменің ішінде сары ала иық елші боп келе жатқан тілмаш Алексей Иванович Тевкелев те о дүниеден бір-ақ ат басын тіреп тұруы әбден мүмкін еді! Құдай оңдағанда, оған теңіз арқылы Индияға сапар шегіп қайтуға тапсырма берілгені. Оның да кемесі дауылға ұшырап, Астрабадтан келіп бірақ шықсын. Талайды көрген тарланбоз немеге біраз уақыт Астрабад абақтысының дәмі-тұзын татып көруге тура келді.

Сөйтіп, Бірінші Петрдің Каспий мен Хиуа арқылы жеделдетіп Индияға жетіп алу ниетін құдайы құп көрмеді.

Бұл жорықтың сәтсіздігін көп адам түп-түгел Бекович-Черкасскийден көреді. Біреулер жорыққа шығар алдында суға кетіп өлген әйелі мен екі қызының қайғысынан ақылынан алжасып, жорыққа дұрыс басшылық жасай алмады дейді, екіншілері ол кейінгі кезде шашын тықырлатып алғызып, қайтадан мұсылманшылықтың жолына түсіп еді, асылы, сатқындық жасаған болар деп бал ашады, үшінші біреулер шығыс мәселесін шығыс адамына сеніп тапсыруға болмайтын еді, ашықауыздық жасады деп Петр патшаның өзін күстаналайды.

Тевкелевке салсаң, ол үш пікірдің үшеуі де дұрыс емес. Рас, Бекович-Черкасский дәл мұндай істі еңсеріп тастауға шамасы келмейтін шалағай кісі боп шықты. Бірақ, гәп оның әйелі мен қыздарының өлгенінде де емес, қайтадан шапан киіп, шашын тақырлатып алдырғанында да емес, Хиуа ханының тұмсығының астында жер ойдық қол шұбыртып, бір Каспийді үш рет айналып, көлеңдеп көп жүріп алғанында еді. Дәл мұндай оралымсыздыққа Бекович-Черкасский ғана емес, ол кездегі орыс үкіметі де айыпты тұғын. Мұндай жартылай әскери, жартылай дипломатиялық миссияға өйтіп алыстан орағытып, алдын ала екі жыл бойы зерттеу жүргізіп, ырғалып-жырғалудың көк тиынға да керегі жоқ-ты. Елшісінің өзі кеп қамал салып бер деп тұрғанда салып ұрып жетіп бару керек еді. Сонда өзі аузынан жаңылған Хиуа ханының орыс жоспарына тойтарыс беруге еш қайраны қалмас еді. Ханды қолға мықтап ұстаған сонда зерттеліп, салынар қамалдар салынар еді. Ал Бекович-Черкасский болса, патша сарайы тапсырмасының сынық әрпін өзгертпей дәл орындаймын деп теңіз жағасында қаптап отырған қара үзікті түрікмен ауылдарының алдында ақ желкенін жарқылдатып айналсоқтап жүрді де қойды. Кеме толы қызыл жаға, көк жағалыларды, оннан-мұннан мойынын созған мыс зеңбіректерді көрмей жағадағылардың көздеріне теріскен шығып па! Мына ызғындай жұрттың елшілік емес әскер екені белгілі боп қалды. Оның үстіне әлгі Аюке ханды ренжітіп алғаны қосылды. Көз алдында бөтен ұлысты тонап ырғап-жырғап бара жатқан таулық туыстарының озбырлығын көріп тұрып қолдарынан қақпаған кабарда бегін қалмақ ханы қайдан

кешірсін! Орыс елшілігінің жәй-жапсарын түгел айтып Шерғазыға жасырын жаушы шаптырды. Оны естігесін Шерғазы бейқам ұйықтай алар ма...

Дәл осындай оралымсыздық дәл сол кезде Орта Азияға Сібір жақтан жеделден жетіп алу жоспарын да жүзеге асырмай тастады.

Сібір генерал-губернаторы князь Гагарин 1713 жылы Петр патшаға Ертіс өзенінің бойынан бірнеше қамал тұрғызып, солар арқылы Жәркент алтынын жәукемдеп кету жоспарын ұсынды. Ол жоспар да патшаға қатты ұнады. Оны жүзеге асыруды бригадир Бухгольцке тапсырды. Бухгольц 1715 жылы үш мың адаммен келіп Жәміш көлінің қасына қамал салып жатқанда, ойда жоқта ойраттар тап беріп, көп адамын, соның ішінде шет елден шақырылған бірнеше мамандарды тұтқын қып әкетеді. Бекович-Черкасский мен Бухгольц экспедициясының дәл бір уақытта бірдей сәтсіздікке ұшырағаны патша сарайын мықтап ойлантты. Мұндай қауырт әскери операциялардан әзір бас тарта тұруға келді. Шығыс саясатында әскери рейдтерден гөрі қайтадан дипломатиялық тәсілдерге көбірек мән берілді. Бұрынғы іргелес хандықтарды бір-біріне айдап салатын әдіске олардан бір қабат әрірек жатқан елдердің ауызын алатын әдіс қосылды. Мұндай «секірме саясат» орыс дипломатиясында бұрын да бар дәстүр еді. Баяғыда Көшім ханның іргесіне зеңбірек тірелгенде патша сарайы оның ар жағында жатқан Тәуекел ханның ауызын алып алған-ды. Сөйткен қазақтың өз іргесіне зеңбірек таянғанда ар жағында жоңғардың ауызы алынған-ды. Енді жоңғардың іргесіне тақап келіп қалғанда арғы жағындағы қытайлардың ауызын қисайтпай болмайды. Орыс мүддесі бүйтіп екі өкпесінен бірдей қысқан кезде алауыз хандықтар қайдан төтеп бере алушы еді?! Сүйтіп Россияны терістіктен Мұзды мұхит, батыстан Атлант мұхиты, шығыстан Тынық мұхит қорғап жатса, күнгейінен де олардан кіші емес бір мұхит қоршап жататын. Ол мұхиттың аты — аз ұлттар мен әлсіз хандықтардың арасындағы өзара қырқыс. Алауыздық мұхитында батылдықтан гөрі айла-тәсіл көбірек керек еді. Петр патша тұсында желкесі күдірейіп, желкені биіктеген орыс флоты дүниежүзілік мұхитқа дендеп кіре бастаса, Алауыздық мұхитында да Орыс дипломатиясы дейтін жойқын флотилия аршындап жүзе бастаған-ды.

Мұндағы адмиралдар-дипломаттар. Оларға тарғыл жолбарыстардың тайсалмас жүрегімен қоса жылмаңдаған жылпос тұлкінің сылаңдаған аяр құйрығы да керек-ті. Асау Кавказ Россияға Таяу Шығысқа жолды өзі ашып берді. Енді мынау ала шекпенді Орта Азия, Орта Шығыс пен Таяу Шығысқа жол ашып берсе, Россияның іргесі Үнді мұхитына барып бір-ақ тірелер еді. Орыс дипломатиясы секірмелеп Қытайдың аузын алып жатқанда, орыс әскері мысық табандап Орта Азияға еніп, Индияның қалақтай жауырынына тұмсығын тіреп тұрып алса, күнгей елдерінің көп алтыны көзінің алдында анығырақ жарқылдап, түбі жақұтқа толы Үнді мұхитының шуылы құлағына анығырақ естілер еді.

Петр патша ол армандарына жете алмай кетті. Россияның қыл тізгінін қырық үш жыл бойына уысынан шығармай келген ұлы патша 1725 жылы елу үш жасында дүние салды. Өзі елі үшін не керектің бәрін істеген атақты патшаның қолынан келмеген жалғыз шаруасы — орыс тағына өзіне лайық мұрагер қалдыра алмағаны ғана еді. Петрдің көзі жұмылып үлгермей жатып, күні кешегі қойдай қоңыр момақан Россия аяқ астынан дуылдап шыға келгені. Ұлы Петрдің тақымынан қалған тақ әкесі Алексей Михайловичтің бірінші әйелі Мария Ильинична Милославскаядан туған Иоан Алексеевтің Екатерина, Анна, Прасковья атты үш қызына да, өзінің Анна, Елизавета атты екі қызы мен жалғыз ұлы Алексейден туған Петрге де тимей, шведтермен соғыс тұсында қас-қабағы ұнап қап үйленген екінші әйелі Екатеринаға бұйырды. Солдаттардың сабан төсегінен патшаның алтын сарайынан бір-ақ шыққан жолы болғыш әйел Меньшиков, Бутурлин, Басевич, Гальстинскийлердің желеп-жебеуімен алтын таққа отырды. Жаңа императрица онсыз да айран-асыр орыс жұртын одан сайын таңырқата түскісі келгендей Петрдің өзі тәуекел етіп үлгере алмай кеткен үш мәселені бірден қолға алды. Россияда ғылым академиясын құрып, оған лейб-медик Блюментросты президент қып тағайындады. Терістік теңіздерге дат Берингте экспедиция бастатып аттандырды. Граф Савва Лукич Владиславович-Рагузинскийді Қытайдың жаңа императоры Юнь-Джинға елшілікке жұмсады.

Петербургтан 1725 жылдың декабрінде шыққан Рагузинский 1726 жылдың 24 августында шаршап-шалдығып Қияқтыдан ат шалдырып, 21 октябрьде

өліп-талып Пекинге де жетті. Келіссөз столының басындағы кергілестің қасында алыс жолдың азабы ойыншық боп қалды. Дүниеде сөз де көп екен, сөзді құбылтудың жөні де көп екен. Екі жақ жеті айдың ішінде болашақ келісім шарттың жиырма түрлі жобасын жасады. Жиырмасы да қызыл кеңірдек талқыға түскенде қабылданбай қалды. Кеше ғана нүкте қойып кеткен жерің ертең тәңертең қайтадан үтір боп шыға келеді, ол түс қайта имиген сұрау белгі боп төбеңнен төніп тұрып алады: ақыр аяғында сұрау белгінің де сорайған мойыны жығылып жер бауырлаған көп нүктеге айналады. Кергіме дау сол бетімен 1727 жылға да жетті. Жаңа жылдық 7 февралінде Қытай жағы бейбіт келісім деген атпен жаңа шарт жобасын ұсынды. Ол жоба Сібірдің көп жерін Қытайға беруді талап етті. Рагузинский ол жолы өлген жоқ, бірақ өлгеннен басқа көресіні түгел көрді. Екі жыл бойы шалқайысқан екі жақ 1728 жылдың 3 апрелінде келісіп шартсымақ бір қағазға қол қойысты.

Сөйтіп, Қытайдың жаңа императоры Россияның күн шығысқа байланысты үміттерінің бір де бірін ақтамады. Енді шығыс мәселесінде орыс әскеріне ғана емес, орыс дипломатиясына да мысықтабандап қимылдауға тура келді.

Жаңа дипломатиялық әдістің алғаш сыналар жері де — осы қазақ даласы болмақшы. Алтынға апарар қақпаның кілті қолға түссе ар жағында қайтып қимылдау керектігін уақыт өзі көрсете жатар.

Петрдің тұсында да, одан кейінгі патшалардың тұсында да қазақ хандары қанша рет елші салып, көмек сұраса да, орыс әкімшілігі жылтырақ қабақ танытып, жылмия күліп шығарып салғанынан танбады. Өйткені, қазақ хандығының ар жағынан тықсыра қуып келе жатқан жоңғарларға әлдері келмейтіні әбден белгілі еді. Бергі жағында: «Аттап басшы, кәні!» — деп қалмақ пен башқұрт жаланып тұр. Сонда қазақ: «Ойбай, құтқар!» — деп орысқа келмегенде қайда барады?! Ендеше өзі келсін... Аяғына жығылсын... «Бағынам!» — деп бас ұрсын... Сондықтанда әзір оған жылы да, суық та рай танытпай, шыдай тұру керек. Іріңдей бастаған жараны ерте жарып асқынтып алмай, әбден пісіп, өзегін өзі ашқанын күту медицинаға ғана емес, дипломатияға да керек тәсіл. Россия сол қағиданы ұстанды. «Көре кетті де, өле кетті», — демесін деп, Әбілқайырдың алғашқы

елшілігіне де елп ете қоймайды. «Россияға бағынуға шын мүдделі болса, қайда кетер дейсің, қайтып келер», — деп ойлады.

Соны алыстан аңғарған, араға ұзақ уақыт салмай, ұсынысын қайталап елші жібергеніне қарағанда Әбілқайыр да нағыз мысықтабан жымысқының сойы сияқты.

Осы жолы орыс үкіметі Бекович-Черкасскиймен Бухгольц сәтсіздіктерін қайталамауға күш салып бақты.

Россиядан басқа барар жер, басар тауы қалмай бара жатқанмен қазақтардың дипломатиялық нарқы көтеріле түспесе, арзандаған жоқ. Жаны қатты қысылса: «Ақыр түбі бір есеп, бүгін ол төбеге шықса, ертең біз төбеге шығармыз», — деп, бой бермей бара жатқан жоңғарларға бағына салуы да мүмкін ғой. Қазақ ел ұсталарының арасында ондай да пиғыл жоқ емес көрінеді. Ол деген сөз, қанша дегенмен, әлі күнге ешкімге тәуелсіз, бір кезде маңғолдардың қол астында болған қоныстардың бәрін қайтарып алудан дәмелі, шын мәнінде, бүгінгі күні Орталық Азиядағы ең іргелі, ең айбынды мемлекетке айналып отырған Жоңғар хандығы бір иығымен Қытайды, бір иығымен Россияны кимелеп күдірейіп шыға келеді деген сөз. Бүгінгі жоңғар-қазақ қырқысының арты әлгіндей боп тынса, ертең жоңғар-қытай кикілжіңнің немен бітерін кім біліпті. Алда-жалда Қытайдың пайдасына шешіле қалар болса, әлсіз де болса, саны өзіңнен әлденеше есе көп халқы бар мемлекет тап іргеңе, Жайықтың жағасына кеп жамбастай сұлап жатып алады деген сөз емес пе! Ал, жоңғарлар жеңе қалған күнде де, оң жақ босағаннан тағы бір күшті мемлекеттің дүркіреп шыға келгенінен көсегең көгере қоя ма! Екі жағдайда да Россияның Қиыр Шығысқа, Орта Шығысқа аттап басар адымы қысқара түспей ме? Қазақ жоңғармен, жоңғар Қытаймен ұстасып жатқанда Үнді мұхиты болмағанмен Тынық мұхитқа еркін жетіп алуға болады ғой. Қазіргідей қысталаң сәтте күллі Азияның кілті болып тұрған қазақ ордасы Россияның шығыстағы мүдделерінің жүзеге аспаспандасының бірден-бір кепілі боп табылады. Мұндайда, қазақ ордасының дипломатиялық нарқы қайтып аспандамасын! Ендеше, қазақтардың бар ханы болмағанымен бір ханы әлгіндей оң қабақ танытып тұрғанда қапы қалмай қимылдап қалу керек... Ант қағазының астына Петр патша айтқандай, қазақ

хандарының, ең болмаса, біреуінің қолын қойдырып алса, баяғыдан бері көздің жауы, көңілдің құрты боп келе жатқан Азияның кілті орыс патшасының қалтасынан бір-ақ шығары сөзсіз. Сосын далиған далалар картаға да түсер, қамалдар да салынар. Сондықтан да бұл жолы көшпенділер сескенетіндей көп қол да ерткен жоқ, алдын ала ел қараған, жер қараған, зерттеулер де жасалмайды. Ханның өзі айтпаса, қала салу туралы сөз де қозғалмайды. Бұл жолғы міндет — ханның мөрі басылған бір жапырақ қағазды қолға түсіру. Ертең мына даланың асты-үстін иемдендіретін тілге тиек сол болмақ. Сол қолға түскенше, ханның өзі айтып жатпаса, оған көп шарт та қойылмайды.

Патша сарайының нұсқауы өз алдына, Тевкелевтің ойлап келе жатқаны осы. Осы жолы Бекович-Черкасский мен Бухгольцтің кебін кимей, ақ патшаға көкейін тескен ант қағазын алып барса, Россияның шығыс дипломатиясындағы жарқыраған жарық жұлдызы бұл болмағанда кім болмақ!

Тевкелевтің көз алдына Петр патшаның қуанғанда жыбыр ете қалатын едірең мұрты елестейді. Бірақ, құдай мұның маңдайына ондай бақытты қимапты ғой. Патшаны қойып, әлгі індетке қарайтын Остерманның шүңірек көзінің қиығының бір қылп еткенін көрсе де осал болмас еді...

Осыны ойлағанда Тевкелев масаттанудың орнына қобалжып қалады. Бақса, Россияның болашаққа артқан, үміттерінің басқа батыс елдерінің алдына шығаратын шығыстағы мүдделерінің кілті басқа ешкімде де емес, тек мұның өзінде, Сыртқы істер коллегиясының тілмашы Тевкелев мырзаның ақылы мен айласында, тілінің ебінде, осы жолғы сапарының сәтінің түсер-түспесінде екен.

Орыс дипломатиясы бар болғаны отыз екі қағаздан тұратын батыс пасьянсын бес саусағындай біліп алды, ал қажет десеңіз жүз қағаздан тұра беретін шығыс қитұрқысын қаншалықты меңгере алатыны осы жолы белгілі болады... Егер осы жолы да бұрынғы әріптестері секілді бөтен елде опат болса, не иманды ауызы сылп етпей құр қол қайтса, орыс дипломатиясындағы бүтін бір кезең тағы пәлен жылға кейін шегінеді деген сөз. Егер осы жолы ол іс шығара алмаса, өзін адам етіп, санатқа қосқан Петр ағзамның бір асыл арманы бірі Лондон, бірі Париж, бірі Вена сарайының құлақ кесті құлы болып

алған қазіргі патша сарайы бюрократтарының көк шұғасының астында әлі талай жыл сүрленері сөзсіз.

Осы жолы бұл құласа, сарай маңындағы мансап-қорлардың да: «Пәлі, шығыс мәселесін шығыс адамына сеніп тапсыруға болмайды деп айтпап па едік!» — деп құдайлары беріп қалады. Бұның мына сапарынан ештеңе шықпағанынан қазақтардың несі құриды дейсің! Көп болса, бір-екі жыл аңысын аңдап тыныш отырар. Сосын баяғы Сұбханқұлды патшаға жұмсап, «Кінә бізден болды», — деп бас ұрып, ат-шапан айып төлеудің орнына, сый-сияпат алып қайтатын хиуалықтар құсап бұлар да өтірік мүләйімсір. Бұлардан да сонау Петербургке дейін салпаңдап шауып барып қайтар бір Сұбанқұл табылмас дейсің бе?

Осы жолы құласа, ұтылатын тек Россия ғана! Оның не бір керемет жоспарлары тағы да беймағлұм ертеңнің қарауына көшеді.

Осы жолы құласа, Алексей Иванович Тевкелев немесе Құтлық Мәмет Мамашев мырзаның мынау мәңгір басы, ең болмаса, Ушаков тақсырдың ай балтасына бұйырмай даланың көрінген көк ит сүйкенетін бір сасық бұтасының түбінде қурап қала бермекші.

Шіркін, мынау құлазыған құбақай далада бұны не күтіп тұр екен. Әлгі Әбілқайыр хан бұл жайында не ойлап отыр екен, білер ме еді!

Тевкелев басын көтеріп алып төңірегіне қарайды. Көретіні — көкжиекте көлкіп тұрған баяғы сол көк мұнар ғана...

Таяқ жеген адамның жалқылдап ісіп кеткен көзінің алдындай боп көкжекке көк мұнар көлکیدі де тұрады. Ол аласа нәрсенің бәрін жермен жексен қып жерге сіңіріп жібереді де, сәл төбесі қылтиған нәрсенің бәрін серейтіп-серейтіп көкпен тайталастырып қояды. Сосын мына ұшан даладағы қай қарайғанның аласа, қай қарайғанның биік екенін біліп көр. Әне, анадайдағы қарауыл төбенің басындағы сақшының өзі қолындағы найзадан бетер жіңішкеріп, көзге еміс-еміс қана қылаңдатады. Қапелімде, сол бір сабақ жіптей жіңішке нәрсенің қашан қимылдағанын, не деп белгі бергенін аңғарудың өзі қиын.

Ашық іргеге оқтын-оқтын көз тастап отырған Әбілқайырға сол көк мұнардың ішінде теңселіп тұрған қылдырық қарауытқан қимылдап тұрғандай көрінеді.

Бірақ сол қозғалса, бер жағындағы әр жер, әр жерге топ-топ қып иіріп қойған сақшы қостары да қарап тұрмас еді ғой. Шапқылап шабармандар келмес пе еді! Бәрінің де аяғына жем түсе қалған. Ешбірі тырп етпейді. Көлкіген көк мұнар. Құбасұр кеңістік, тылсым тыныштық.

Хан іргеден көзін тайдырды. Бет-аузы ісіңкі. Көзінің алдында жалқаяқ көгіс бар. Онсыз да домалақ бас сүйегі одан сайын тырсиып ісіп кеткендей. Жанары еш нәрсеге тағаттамай айналасына есеңгірей қарайды. Ала көзіндегі ұшып-қонып тұрған қарашық, сидиып-сидиып ұйып қалған аяқтары көптен көңілін құрсап тұрған шыдамның шар болат сауытының да сетіней бастағанын сездіргендей.

Иә, сабыр да қашанға сарқылмасын! Ойлаған ойыңнан шығып жатсаң, бұның бәрі әлі-ақ ұмыт болар-ау, ал...

Хан күрсініп қойды. Көз алдына кешегі бір патшадан елші келеді деген хабар дүңкілдеп жеткен дүбірлі күндер оралды. Сол бір дырду мәжілістердің тұсында жол соқты болып келе жатқан сары ала иық ұлықты Нұралы сұлтан соңына әр рудан жиырма-отыздан жігіт ертіп мың қаралы нөкермен екі-үш күндік жерден алдынан шығып қарсы алатын болып уәде байласылып еді. Содан Әбілқайырдың біразға деген көңілі тоғайып жүрген. Үлкен баласын өңкей бір өң сүлік сұлу ат мінген мың қаралы сүлей жігітпен қадірлі мейманның алдынан жіберетін күнді асыға тосқан. Ол күн де келді. Бірақ баяғыдан бері көңілінде масатыдай қырық құлпырып тұрған аңсарлы көрініс көз алдында бірден жадап-жүдеп сала берді. Ру басылары әуелі жігіттерін уәделі күнге жібере қоймай бір шаршатты, сосын айтқандарының тең жартысына жетер-жетпес жігіт жіберіп екі шаршатты, енді, міне, жігіттері келгенмен өздері қараларын көрсетпей үш шаршатып отыр. Қарауыл төбенің басындағы қарақшы да қашанғы қаққан қазықтай қақшияр да тұрар дейсің. Бір күні басындағы бөркін жұлып алып былғаланды салар-ау. Сонда бұл ай астының тұтқасын бір өзі ұстап отырғандай бұтқа толып біткен ақ патшаның сары ала иық елшісін соқа басы сорайып жалғыз қарсы алам ба деп қорқады. Үй ішін ертіп, белдеудің қасында тұрып аттан түсіретін ол мұның балдызы не бажасы емес. Іргелі елдің елшісінің алдынан игі-жақсыларының бәрін қаздай тізіп,

омырауын тіктеп, иығын қомдап, сән-салтанатымен шықпағасын, келіссөзден не пәтуа күтпексің! Ханмен келісіп шартқа отырам деп келгенде қайдағы бір құйрық-жалсыз қу басқа қайдан жолықтым деп жүреді ме, қайдам...

Соны ойлағанда отырған жері өз-өзінен шөгіп бара жатқандай еңсесі түсіп кетеді. Жүрегінің басынан біреу сілті құйып жібергендей. Іші-бауырының бәрі ылжырап жидіп қоя берді. Кеше ғана аяғының астында нық жатқан қара жер бүгін асау аттың сауырындай, абай отырмаса, көзін ала беріп, аударып тастап кетердей. Қара жер... Қара жер... Қашан өз құшағына алып, өмірем қаптырғанша, жүрегінің басын май ішкендей қылшылдатады да отырады-ау... Осы жолы ол басқа бір елден келер бейтаныс мейманын күтіп жүрмегендей... Өлшеулі тағдырдың мерзімді шегін тосып отырғандай. Аяғын бір аттаса-ақ, аз күндік алдамшы болмыстың жеміріліп бара жатқан ақырғы жұрнағы да күрт опырылып, оны аз күндік қана үйреншікті фәниден беймәлім бақидың құрдымына біржола лақтырмақ секілді. Баяғыдан бері діңкесін құртып келген тыпыр-тыпыр тіршілік, өлермендікке салып ілгері өңмеңдеген есек дәме ертеңнен бастап көл-көсір шалқи жөнелетіндей көрінетін де тұратын келешекке артқан телегей-теңіз үміт-арман — бәрі-бәрі мынау ай асты қимыл-қыбырдың қай-қайсысы сияқты пәтуасы жоқ, татуы жоқ тұрлаусыздыққа, мағынасыздыққа айналмақ секілді. Мағынасыздық... Мағынасыздық... Мағынасыздық... Қай жағына қараса да, көретіні, табатыны тек сол ғана! Міне, мынау ертең ақ патшаның елшісі келгенде қабылдаймын деп әдейілеп жаңадан жасаулап тіккен әлекей-жүлекей аңылжыған ақ орданың ішінде құлазыған қу мазар мағынасыздықтан басқа не бар... Қақ төрде алшайта қондырған алтын тақ тұр. Ал, онда не мағына, не қадір-қасиет бар? Құлазыған қу тақты жағалай жайғасқан игі жақсы қайсы? Қасың мен қабағыңа қараған халқың қайсы? Аяғыңның астына етпеттей жығылып еңкілдеп жатқан айыптың қайсы? Айыптыға беріп жатқан жазан қайсы? Көңіліңді тындырып, көкірегіңді көкке көтеріп жатқан жайсаңдарың қайсы? Оларды есігіңнен жайраңдатып шығарып салып жатқан сый-сияпаң қайсы? «Ә, бәрекелді!» — деп бас шұлғып тұрған көп жәреукең қайсы?.. Жәреуке демекші, қолдағы биліктің одан асқан

көрінісі мен куәсі болушы ма еді? Жан-жағына қамаған қалың жәреуке жоқта, қолында билік те жоқ, басында бақ, ауызында абырой да жоқ.

Міне, қызылды-жасыл хан орда қу мазардай құлазып тұр. Ел ұстаған билеушінің ордасынан гөрі өтпей отырған жері қыздың қызылды-жасылды отауына көбірек ұқсайды.

Ханның қадірі қол астындағы көп қарақшының еңкіш еңкесі мен сынық назарында емес пе еді? Ал мұның қол астындағы жұрт қандай жұрт? Ел тізгінін ұстадым деп отыр, қолында тізгін, қол астында ел бар ма өзі? Қолында тізгін болса, мынау абажа аппақ орда бүйтіп құлазып тұрар ма еді?! Көптен бері буулы жатып кеше ғана жайылған мынау тақымынды қыдықтап бағар қырмызы кілемдердің үстінде дуадақтай-дуадақтай боп тізіліп игі жақсылар отырмас па еді? Қазір олар ертең келетін бейтаныс елшіні қайтып қабылдап, қандай қошемет көрсететінін айтып мәслихат құрып жатпас па еді?! Елші келмек түгілі, ертең құда келеді хабар құлағына тисе, алдын ала ат сабылтып шауып кеп, ертеңгі той-томалақтың жәй-жапсарын айтып қызыл кеңірдек боп бағатын қазақ жарықтыққа су ағып дүние жаратылғалы бітпеген сабыр осы жолы біте қалыпты. Мынау көк мұнар көлкіген көкжиектің ар жағында көл-көсір ел жатпағандай, жер тістеген жермешел молалар жатқандай. Жан-жақта бір шошаң еткен оқшау жүргінші көрінсейші, сірә? Көрінбейді-ау, көрінбейді... Басқа ауылдан ат ізін салатын жолаушыларды былай қойғанда, жоқ қарап, ағайын аралап тыным таппайтын осы ауылдың қыдырмаларының да аяғына жем түсе қапты. Не келе жатқан, не кетіп бара жатқан ешкім жоқ. Осындай сүлесоқ ауылда отырып жер түбінен келе жатқан ұлық қонақты күтіп не абырой таппақсың? Қалған қасақана жұрт әдейі сол "масқара сәтті күткендей. Баяғыдан бері қылша мойынына салмай келе жатқан қыл тұзақтарын осы жолы лақтырмақ боп, сонау меңіреу көкжиектің ар жағынан мұның өңшең жан аларлары жалаңдап тұрғандай. Мынау мөлдірей тұнып тұрған тылсым ауа да ауа емес удай. Абайсыз молырақ жұтып қойса, табан серіпкізбей қатыра салардай. Осы бір хәлді ол бұдан да бұрын бір рет басынан кешкені бар сияқты еді. Бір рет пе еді? Жоқ, әлденеше рет. Тіпті күнде-күнде көріп келе жатқаны осы емес пе! Жоқ, дәл осындай бір шағырмақ күнді бастан кешкені бар сияқты.

Дәл осы күні де бұл мынау жарық жалғаннан дәл бүгінгідей мағыналы ештеңе таба алмай қатты торыққан сияқты еді ғой... Сол мағынасыз өмірден әбден түңіліп ауыр ойға батып отырғанда бір жылт еткен игі мақсаттың саңылауын көзі шалғандай болып еді ғой... Сол бір көмескі сәулені қуа-қуа осы күнге де жетіп еді ғой... Сонда сол мағыналы мақсат деп қуалап келген көмескі сәулесі де мағынасыздықтың жай әншейін көзді арбай беретін көп алдамшы елесінің бірі ғана боп шыққаны ма?.. Сонда бұның баяғыдан бергі жарғақ құлағын жастыққа тигізбей жүрген жан азабының бәрі мағынасыздықтан мағына іздеген құр далбаса ғана ма?..

Төңірегі шұбарытып сала берді. Сол бір шағырмақ көктем ойына қайта оралды. Күйзеле түскен сайын көз алдындағы елес анықтала, айқындала түсті. Құдай-ау, сол күні де дәл осылай қараптан-қарап құлазып отыр еді-ау! Оған не себеп болғанын өзі де білмейді. Бәлкім, сол жылғы қыстың жайсыздығынан шығар деп ұққан кейін. Иә, жарықтық жаратылыстан білгір не бар дейсің! Қазақтың басына түсер зобалаңды екі жыл бұрын сезгендей. Қыс екі жыл қатарынан көк бет қатынның бетіндей бедірейіп өтті. Екі жыл қатарынан күз аяғында түскен көбік қарды қаңтардың қара суығы аш сиырдың тіліндей жалап-жұқтап жеп қойды. Екі жыл қатарынан сол желтоқсанның басындағы тобықшылар ұшқанақтан басқа ештеңе түспеді. Екі жыл қатарынан қара жер ит жылғы көн тулақтай тақылдады да жатты. Қыстың сиқы әлгіндей болғасын жаз қайдан оңсын! Көктемде қойшының көптен бері майланбаған көн шоқайындай тілініп-тілініп жарылып кеткен жер әуелі көз көрсетпес тас бақаның дауылы боп бір борады. Жаз бойы күн шығыстан адам көрмеген қызыл жел қадалып тұрып ап, жер бетіндегі құм-тозаңды ұшырып әкеп бетіңе шеңгелдеп шашты да тұрды. Одан екіленіп қазанның дауылы соқты. Қыс бойы терістіктен көк сүңгідей ызғырық есті. Жел жеп тастаған тақырға қылтанақ қайдан өссін, түйенің төс табанындай жалтырады да жатты. Мал деген неткен өлермен мақұлық еді. Топырақ жаласа да, тырмысып жан бергісі жоқ. Бірақ, безеріп алған қара суық нені шыдатсын, екі қыс бойы ауыл-үйдің иті мен тұздің өлексе жейтін тағы жыртқыштарының құдайлары берді. Көп ауылдың қора-қора қойынан тең-тең қара тері ғана қалды. Әсіресе, екінші жылғы қыс қазақ даласын күйедей

жалмады. Қыс қыс қой, көктемнің қара суығынан төбе шашың тік тұрады. Жаңа қоздап, іші бауыры аңылжып бос қалған аш саулықтар үй көрсе киізі мен шиін, адам көрсе балағы мен етегін шайнап тұра ұмтылатын қасқырға айналды. Ит екеш иттен де қашпайды. Көрсе болды, құйрығына ауызын ала жүгіреді. Малды ауылдың итінің малға тимейтін әдеті ғой. Бірақ, сүмендеп соңдарынан қалмағасын, аш саулықтарға жындары кеп ырылдап тұра қалысады. Кейде тіпті шап беріп тістей кетеді. Саулықтардың онымен шаруалары жоқ, ауызы жеткен жерге кенедей қадалып жібермейді. Ит сосын басымен қайғы боп безе жөнелуге мәжбүр болады. Әншейінде аяғын бусаң, мыңқ етпей қылжия салатын момын жарықтық арп етіп аузын ала жүгіретін түйенің айбатынан да, жылқының тұяғынан да шіміркенуді қойды, құйрығы мен жабағысына жабысады да қалады. Туған бойда қозысына тап беріп, үстіндегі шырышын ғана жалап қоймай, қырбық түгіне кірш-кірш тіс қадайды. Талай қошақан көзін ашпай жатып өз енесінің аузынан ажал тапты. «Апырай, мынандай да сұмдық болады екен ғой» — деп жұрт жағасын ұстасты.

Жұрт шошыса, шошығандай еді. Жерден де, елден де, малдан да сән кетті. Тек ит күйлі болды. Желкелері күдірейіп ауыл айналып шапқылайды да жүреді. Есігіңнің алдына келіп бірін-бірі иіскелесіп жыныңды келтіреді. «Ерден бақ таярда қатыны құтырады, елден бақ таярда иті құтырады деуші еді. Қалғаны құрыса құрысын, қазақ тек арғымағы мен азаматына абай болсын!» — депті Мәті би.

Бұрын мал төлдеп, сары уызды бүйенге сап пісіріп, ірімшік қып қатырып, қазан-қазан сүт сапырып аққа қалқып отыратын қазақ ауылында асайын десе қара судан басқа ештеңе табылмай, үй сайын мұрынынан сорасы, көзінен жасы арылмай отырған қызыл қарын жас бала жылайды, оларды немен жұбатарын білмей, жерден өшін кімнен аларын білмей, көктегі құдайдың құлағына жармасып жатқан бір-бір қара шұнақ қатын шаңқылдайды. Өріске айдаған малың жерге басын салмай ауылға қарап жамырай маңырап тұрып алады. Түйе біткен күңірене боздайды. Жау шаппай зарланып жатқан жапа-тармағай айғайды естігенде тұра қашқың келеді. Тұра қашқанда да қайда қашарсың? Отыра қалып мәңгінің қиялына берілесің. Шіркін-ай, дейсің! Қазақтың ортақ тағы өзіңнің қол астыңда болса ғой? Онда мынау

қалың қазақты бүйтіп қаралай жауға шаптырып қояр ма едің? Былтырғы қыстың сылайынан-ақ шошып, барша ер азаматты атқа қондырмас па едің? «Бір күн тудық, бір күн өлдік!» — деп, ар жағындағы шүршіттен арпалысып жатқан жоңғардың ту сыртынан, не батыстағы қалмақтың тас төбесінен тап бермес пе едің? Қазақтың жарақтанып барып жеңіліп қайтқан жері жоқ, жеңілген тұсының бәрі — жайбарақат отырып төбеңнен түскенде... Егер баяғыда құдайдың жоғын шығарып, тірілей індігешке кіріп алмағанда Аякөзде де әл бермейтін едік. Жоңғар қытаймен арпалысып мұрынына су жетпей отырғанда тап берсе, ең болмаса, шет ұлыстарының Жетісудың көк майсасына аунап-қунап құйрығын теуіп, құтырып жүрген көп жылқысын қуып әкеп, жіліншігінің жылан қарағы үзілермен болып отырған аш-арықтың ауызын қызылдап, қажан-құжанға қарық қылады ғой. Жарайды, жоңғарға тиісуге дәті бармай-ақ қойсын! Су-судың бойына егін салып, ұраларын астыққа толтырып алып, қала шығып барған қазақтардың түйелерін, шапандарын шешіп ап, желкілдетіп үркітіп, шексілелері қатып отырған Бұхара мен Хиуаға күші жетеді ғой. Оларды осындайда неге тезге салып алмасқа! Тәуке өлгенде бұлар енді қайтер екен деп, біраз уақыт аңыс аңдыған айналаның қазір қайтадан жандана бастаған сыңайы бар. Жанданбай да қайтсын! Түркістандағы Болаттың дастарқанға қол созғаннан басқа қарекеті көрінбейді. Қайып қалмаққа шауып та, орыспен әмпей болып та ештеңе бітіре алмай, дүние салды. Удан өліпті деседі. Не де болса, жорықта емес, өз төрінде, өз төсегінде сары жамбас болып сарғайып өліпті. Әйтеуір, әңгіме іздеп қалған қазақтың езуін біраз қиғаштатты. Олар со бір ойда жоқ ажалды әр саққа жүгіртеді деседі. Біреулер оны өлтіріп жүрген інісі Сәмеке екен, Орта жүздің тізгінін өзі алайын деген екен десе, екіншілері Болаттан көреді. Тіпті бәрін қойып, «бір пәле келсе, осыдан келеді» деп жер түбіндегі бұдан күмәнданатындар да аз емес сияқты. Баяғыда азын-аулақ әмпейі болып жүргенде, екеуінің құдандал болған жайы бар-ды. Қазақта жігіт пен жігіт достасса ат алмасатын, жақсы мен жақсы достасса, қыз беріп, қыз алысып, кіндік байласатын дәстүр бар ғой. Сол үрдіспен Қайып баласын мұның немере қарындасына үйлендірген-ді. Ондағы Қайыптың ойын бір алла білсін, ал бұл күндердің күнінде Орта жүздің тізгініне қол

созуға қақысы бар жас сұлтанның өзімен жекжат болғанына іштей қуанбаса, ренжімеген. Бірақ, онымен Орта жүздің тізгіні Батырға бәрібір тие қояр түрі көрінбейді. Бір жақтан жалаңдап Сәмеке шықса, бір жақта жаудай жағаласып Әбілмәмбет жүр. Кең далаға сыймай өз иығын өзі жұлып жеп жүрген Барақ пен Күшік тағы бар. Олар, шамалыда Батырға теңдік бере қоймас. Оның үстіне Батырдың өзі де әкесі марқұм секілді, кекірейіп, кеудесін көтере бергеннен басқа ештеңе білмейді. Қасына көшіріп әкеп, алты шектіге ұлысбегі қылып қойды. Қарауында Орта жүздің де кейбір ауылдары бола тұрып, Әбілқайыр оларға Жәдік тұқымының төлін жорта жолатпады. Онда да бір көздегені бар. Өз балалары да үйелменді-сүйелменді болып өсіп келеді. Жан-жағынан селдір болғанмен, мал жағынан қою әлгі үш руға солардың бірін ұлысбек қойса, кім біліпті, күндердің күнінде Өсеке балалары да Орта жүзге қолын іліктірер... Ал Батырдың өз қасында болғаны жақсы. Орта жүз тізгінінен дәмелі бір төре қасында болғаны жақсы. Орта жүз тізгінінен дәмелі бір төре қасында болса, ол елдің де бір көзі мұның жағында жүреді ғой. Оның үстіне, Әбілқайырдың баяғы Аякөз оқиғасынан кейін көкірегіне шемен боп байланған бір ойы бар. Оны жүзеге асыратындай сәт шығып жатса, Батырдың да бір керегі болады. Ұлы жүз тізгіні інісі Жолбарыста, Кіші жүз тізгіні өзінде, Қайыптың қара шаңырағын қасына тігіп қойса, Орта жүз тізгінінен де дәметуге қақысы бар емес пе! Бірақ, ол ойы әлі қашпаған қашардың уызы. Біреу-міреуге тісінен шығарып көрмек түгілі есіне де көп ала бермейді. Ойда жоқта қиялына ілікті де, көкірегіне шемен болып байланды. Мынандай аласапыран заманда буынсыз жерге пышақ ұрғандай болатын ол ниетін күнде жадына алып, өз көңілін өзі қажыта бергісі келмейді. Бірақ бір сәт те ұмытпайды. Одан тек өлім ғана айныта алар. Кісінде көкейтесті мақсаттың ғана болуы аз, сол мақсаттың ұрымталын сарыла күте алар сабыр да керек қой. Ал, қазір... Қазір ол Болат қозғалмай тырп етпейді. Өйткені, Болаттың тап не істесе де, бүлдірмесе күлдіре қояр түрі көрінбейді. Өз басынан ештеңе шықпайды, өз ойына ештеңе түспейді, өз қолынан ештеңе келмейді. Былайғы тұрпаты шынжау жұқа көрінгенмен бас терісі түйенің көніндей тым қалың білем. Ештеңені өздігінен аңғарып, өздігінен түйсінер сыңайы байқалмайды. Ал, оған ақыл айта қоятын

адамның да реті шамалы. Сәмеке, Барақ, Күшікке, сірә, ақыл қоспайды. Сонда Болат қайтер екен... Қашанғы бүйтіп тұяқ серіппей жатар екен. Бұл да, міне, не де болса, көріп алуға бел буды. Өзі тыныш жатқанмен, қасындағы Батырды тыныш жатқызбады. Алты шектінің сен тұр, мен атайын жігіттерін қасына қосып, жарғақ құлағын жастыққа тигізбей жортуылға қойды. Қазір де, міне, жорықта. Сонау жер түбіндегі түрікмендердің ұраларындағы астықтарын артып, өрістегі малдарын қуып келмек. Сүйтіп мынау аштан өліп бара жатқан өз ұлысына қызыл таратпақ...

Әбілқайыр күйеу баласын жортуылға жұмсап, қос астындағы елдің шиеттей қатын баласының сауабын ғана алып қоймайды. Кәнігі неме ел басына іс түскендегі бұл қайратының із-түзсіз кетпейтінін де іші сезеді. «Малың өлсе — қызылдас, қатының өлсе — жылулас!» дейтін қазақ алмақтың да салмағы бар екенін ешқандай есінен шығарған емес. Аштықта жеген құйқаның дәмі тоқтықта ұмытылар ма! Ертең естерін жиып, алдарындағы мал аяқтарынан тік тұрғасын қазіргі жеген бір-бір тоқты-торым боп үйірге қосылады. Оның үстіне қол қусырып қарап отырғанда арыстанның ауызындағы, түрікменнің төріндегіні әкеп қызыл қарын халқының ауызына ұстаған мәрт азамат аты жайылады. Бәрінен бұрын Орта жүздің сұлтандарының көзін қызықтырады. Өз сұлтандары мынандай аласапыранда қылар қайрат таба алмай, үйлерінде бұғып жатқанда жолбарыстай жортып жау өтінде жүрген Батыр сынды сұлтаннан көрер көзге айырылып қалып отырғанын көрсін, бәлем! Әбілқайырға да керегі сол — ел алдында Жәдік тұқымының беделінің түсе бергені. Әсіресе өз ықпалы жүрмейтін Сәмеке, Әбілмәмбет, Барақ, Күшіктердің абыройының айрандай төгіле бергені дұрыс. Қайта олардың алдында Батырдың айдыны аса бергені жөн. Қанша дегенмен, өз бауырына кіріп отыр ғой. Батырдың ер аты, еті тірі аты жайыла берсе, Жәдік тұқымының өзара дұрдараздығы өрши түспесе, әлсіремейді. Сонда мынау жалпақ алашта жөн білетін, бас білетін сұлтан бір өзі, кіші баладан туды деп қатарға қанша қоспасаң да, қатар тұрғызып қойып, қай жағынан сығаласаң да, жалы биік тұратын бұл, Әбілқайыр екенін көрсоқырлар да көрер. Көрер де іштері жылыр... Іштері жылыса ар жағындағысын өзі біледі. Қалың қазақты бүйтіп әрпіл-тәрпіл қоймас еді. Бір жағына шығарар еді...

Ол әйтеуір алтын тақ астында, алтын таж басында, үш алаштың төрге шығарар, төбеге көтерер шікірәсі болып отырып, иә сыртқа айбыны жоқ, иә ішке қайырымы жоқ Болаттай болмайды. Өсеке балаларының Жәдіктің азуы алты қарыс ұрпақтары Тәуеке, Есім, Жәңгір, Тәуке тұсында оң жақ босағада жаңа түскен келіндей боп сықсиғандары да жетер. Қайдағы бір Болат, Сәмеке, Әбілмәмбет, Барақ, Күшік сияқты құрт-құмырсқалардың тұсында өйтіп кішірейе алмайды. Кеудесінде жаны, талағында биті бар екенін бір көрсетеді... Мынау не бүк емес, не шік емес екіталай дәурен бүйтіп сағыздай созыла берер дейсің бе?! Оған қазақ шыдағанмен, қалмақ шыдай қоймас, қайта шабар. Қазақта қол бастап, семсер сілтегенмен үш алаштың азаматының басын біріктіре алған әз Тәукенің өлгенін біліп отырып, таққа әкеге тартпай, көзкүйік боп туған нәжегей Болат келгенін, оның, міне, әкесі өлгелі он екі жыл өтсе де, не жақсы, не жаман аты шықпай тірі көлеңке боп отырғанын, сұмырай келсе су құриды деп сорлы жұрттың басқа азабы аз болғандай екі қыс қатарынан жұтқа, екі жаз қатарынан құрғақшылыққа ұшырап, қыста қызылға, жазда аққа жарымай, қу қаудай құрап, жығыла кеткелі отырғанын сығырақ көз сімсік жоңғар қайтып көрмей, қайтып білмей отырғанына бұл қатты қайран қалып жүр. Әй, қайдан байқамасын... Байқап отырған шығар-ау... Былтырғы жыл аңысын аңдады... Ал, биыл... Әй... Қонтайшының басындағы қауашаққа сықап толтырған сасық қоңыздың қиы емес, ми болса, биылғы жаз қазақты үй бақтырып қоймай, ереуіл аттарын ерттеттірер-ау деген қауыпты неге ойламасын. Өзі де көшпенді емес пе? Көшпенділер не күші бойына сыймай, өз буына өзі мас боп, қайраты асқан кездерінде, не ұятты қойып, өзгенің ырысына жармасудан басқа жол қалмаған кезде ғана ат жалынан тартып мінбей ме?! Ондай жанын шүберекке түйіп: «Қайда барсаң да көретінің бір ажал!» — деп қанына қарайған қара нөпір аш-жалаңаш қолын әуелі қоңдыға созбай ма? Қазір қазақпен іргелес жұрттардағы ең қоңдысы жоңғар емес пе? Отырықшы қалаларды шабар еді... Жарайды, ұрасындағы астығын алар. Жарайды, дүкеніндегі шүберегін талар. Жарайды, онымен жаңалаш қатынының иінін, жалаңбұт баласының абыройын жабар. Жарайды, бірер күн қара көжеге тойып, қарынын тыр-тыр қасыр... Бірақ, отырықшы

жұрттың ұядай ұрасы қазекеннің жаламына қанша күн жұғын болмақ?! Тағы да өңіреңдеп шықпай ма? Оған құйрығы теңкиген қой керек, сауыры жыртыла жаздап зорға жүрген жылқы керек, білектей-білектей қазы мен білем-білем құйрық керек. Қыс тісінің арасына сіңір кірмесе, жаз таңдайына өңез қатпаса, қазекен бүкіржік боп орнынан тұра алмай қалады ғой. Қазақтың жаны — малы. Малының арығаны — жанының арығаны. Малынан айырылғаны — жанынан айырылғаны. Қазақты мұқалтатын кісі осындай тұсты аңдиды. Кім біліпті, жоңғар да қазір жер түбінен көзін сатып жалаңдап отырған шығар-ау. Олардың ойына мұндай қара қашпасын, қашса осы қораларынан ұзатпай басады. Малы төлдеген қазақ та бір, жұмыртқа басқан құс та бір. Алысқа ұзап кете алмай, қыстыгүні қара көңінен шырқ үйіріліп шыға алмай жүргені. Ондайда әр шағылдың ығында шашырап қалады. Көк желкесінен түс те, көгендеп қыра бер. Адамында әл, атында қоң жоқ халық қарсыласқанда не бітіре алмақ!

О тоба! Қайдағы пәле қайдан есіне түсіп отыр? Бетін аулақ қыл, жасаған! Мына ойын қонтайшы, сұмырайға жер де жеткізбесін, жел де жеткізбесін!..

Әбілқайыр ішінен кәлимасын қайырды. Ерінін жыбырлатып екі рет қайталап, үшінші рет қайталай бергенде көзі атыздай болды. Ауылдың алдындағы қара жалға қаққан қазықтай боп біреу көтеріліпті. Басы-көзге қарамай борбайлап шауып келеді. Мынандай кезде қазақ болар ма мал аямас па! Аямағанына қарағанда, бір сұмдықтың кезіккені ғой! Ол не сұмдық екен! Түрікпенге кеткен қол бір нәрсеге ұрынып жүр ме екен! Өй дейін десе тымақ киісі Кіші жүзге келіңкіремейді. Не деп айқайлайды? Дауыс етіп келе ме? Үні неткен жексұрын еді! Баяғыда Тәуке өлгенде «ой, бауырымдап» келетін шабарманның дауысы сияқты екен! Болатқа бірдеңе болды ма? Өлмесе, өмірем қапсын! Оны несіне ат сабылтып, жігіт қинайды! Апырау, мынау не дейді? Қаралы хабар әкеле жатқан кісі ауылдың қарасын көрісімен екі жағына кезек аунап, басын ерге ұрып, өз бетін өзі тырналап, жұлынып бітетін еді ғой. Ал, мынау сол баяғы қаққан қазықтай қалпы. Бірақ, қақылдап ауыз жаппай келеді. Әлде әлгінде ғана өзі ойлағандай жоңғарлардан бірдеңе шықты ма?..

— Жау! Жау! Жау шапты, жау шапты!

Әсекет алла, ақ тоба! Аумай-төкпей келіпті де қойыпты ғой! Әй, бәсе! Орнынан атып тұрды. Жалма-жан есікке ұмтылды. Жаман хабар әкеле жатқан шабарманды атынан сыпырып, ап дүреге жығатындай қолына қамшысын ұстай көтерілді.

Содан ол атқа мінді. Жорықтағы Батыр мен Бақтыбайдың соңынан шабармен кетті. Қарақұмға мал төлдетіп жатқан Бөкенбайға хабар кетті. Қызылқұмның арасында қораларынан шыға алмай отырған Есетке хабар кетті. Борсық құмның арасында қалың қалмақтың тап іргесінде маңыратып қой қоздатып, ыңырантып түйе боталатып жатқан кете Балпаш байға хабар кетті. Адаматының бойындағы Әзіретінің Алатауында отырған сегіз арыс адайға хабар кетті. Тайлан біраздан бері Батырдың қасында жүрген. Оған да хабар тиетін шығар.

Қазақ даласында тағы да бір ұлы дүрбелең басталды. Күндіз көрсең — биік атаулының басында астарына қара ат мініп, үстеріне қара киіп, қолына найза ұстап, өткен-кеткенге қол бұлғап хабар беріп тұрған қарауылдар. Жазық-жазықтарда қара ат мініп, қара киініп, көк найзаларын еңкейте ұстап, «аттан, аттан» сап еміне шауып бара жатқан шабармандар. Түнде көрсең — биік-биіктің басы аспанмен тайталасып алаулап жанған ұран оты. Қараңғыны жамылып, әлдеқайда жұлдыздай ағып бара жатқан суыт шабармандардың қолында да жыландай ирелеңдеген қызыл жолақ ұран оты. Жер-көк түгел өртеніп келе жатқандай.

Бас-аяғы үш күнде ен байтақ ұлыстың қиыр-қиырынан жиылар қол жиылып болды. Қабақтары салбыраған қарақұрым қол Қаратау қайдасың деп жүріп кетті. Жауда қалған ата тау: «Мені құтқаруға қайдан кім келер екен?» — деп өкшесін көтеріп жол қарап тұрғандай. Жер түбінен көгеріп мұнартып тұр. Көкжиектегі сол бір көк ніл биік жақындай түскен сайын қоңырая, жақындай түскен сайын жатағандана түсті. Ата биік аласара түскен сайын жер қайысқан қалың қолдың да көк тіреп келе жатқан көкіректері басылып, еңселері етектеріне кетіп, көңілдеріне мұң, көздеріне дым жүгірді.

Суыт жүрісті Кіші жүз қолы жапырық таудың әбден аласарып, болдыртқан көрттің мүжілген жамбасындай боп сілемденіп біткен күн батыс құйрығына ілікті. Заманында Сары Арқаның сары белінен төтелеп кеп

Сығанақ асатын Сұғындық асуына ат басын бұрып еді, сонау Жәнібек, Керей заманынан бермен қарай талай шайқасты көріп, талай боздақтың басын жұтқан аран шатқал сілтідей тынып тұр екен. Құздарынан тырс-тырс тас домалатып арқар қашты. Былтырғыдан қалған қауқиған-қауқиған сүр құрақтың арасынан күтір-күтір қабан қашты. Көкесі келе жатқандай, қуыс қуыстан басын жылтындатып көкек шақырды. Лып еткен келте самал сай бойының енді-енді қылтиып келе жатқан көк майсасының шырын иісін әкелді. Бұл жер әлі бейбіт.

Әбілқайыр, Бөкенбай, Есет, Батыр тұра қалып ойға батты. Жау Балқаш беттен келе жатса Қаратаудың теріскей бетінде отырған Орта жүз бен Ұлы жүз ауылдарын жапырып өтпей, сонау Қошқар ата жақ тұмсықтан айналып Түркістанға беттей қоймас. Әскерінің бір парасын әлгі айтқан Қошқар ата Бадам жағымен Арыс бойлатып күнгеиге аттандырар да, қалған жағына Көсегенің көк жоны арқылы кеп Баба-Ата, Шолаққорған, Созақты шаптырып, Торлан мен Сұғындық арқылы құбылаға өткізіп алуға асығар. Ендеше Сұғындықтың мынау ұйыған қатықтай дірілдеп тұрған тылсым тыныштығы да көп ұзаққа созыла қояр дейсің бе! Бүгін-ертең қалмақтың қарқылдаған қарғадай әжептарқы кернейінің жексұрын дауысы анау түк көрмегендей боп жымпып-жымпып тұрған жақпар құздарды тағы да жаңғырықтырар. Олай болса, бұл асуды бұлай елсіз қалдыруға болмайды. Бірақ, бұл араға ертең келер жауды күтіп, бүгін ана жақта бейбіт жұртты шырылдатып жатқан ата дұшпанмен айқасқа түспей қайтып шыдай аларсың! Әскерді амалсыз екі бөлуге тура келеді. Шекті мен жарты Байұлы осында құз-құзға бекініп, қалмақтың Сұғындыққа сұғына кірген қалың қолына ойран салады. Кіші жүздің қалған қолы ілгеріде болып жатқан шайқасқа барып қосылады.

Жартысын жолға тастап, желе-жортып ілгері қозғалған ауыр қол бұрынғысынан да суыт жүрді. Бір қапталда мұнартып қалғып тұрған Қаратау. Оның мынау абыр-сабырмен ісі жоқтай. Екі аяқтылардың әрлі-берлі жөңкілісі ол үшін ештеңеге тұрмайтын әншейін әуре-сарсаңдай. Бұлар қанша жабыр-жұбыр айқайласқанмен оның баяғы мыңдаған жылдар бойғы тылсым ұйқысынан селт етіп оянар түрі көрінбейді. Сол мүлгіген қалпы сұлқ шөгіп жатыр. Ал бұлар болса өрт шыққандай желе жортып жүріп келеді. Баяғы аңшылық

құрып жүрген кезде бұл арадан талай өткен Әбілқайыр көзі боталап жан-жағына көп қарайды. Сүйтсе, Тайланд да қалған қолдан ала бөтен ілгері озып, асығып келеді екен. Күнге тотыққан қара-торы жігіт бүгін қаны қашып құқылданып алыпты. Ала көзін жан-жаққа бұрмай, ту сонау алдағы көкжиекке қадап апты. Иә, оның есіл-дерті — сонау Көсегенің көк жонына шығар жердегі оңаша бұлақ басында отырған өз ауылына жету, жетпістен өтіп сексенге аяқ басқан кәрі әкесін көру, енді-енді тәй-тәй басып жүре бастаған ұлын көру, жалғыз көк ала атпен жүрсе де, қалған қазақты көрмегендей, өзін қалап келген қазақтың ең асқан байы Садыр Жомарттың әлпештеп баққан жалғыз қызы Пәтшәйімді көру. Сол үшін әншейіндегі мығым қалпынан айырылып, міне, елден ала бөтен емпеңдеп келеді. Әбілқайыр ат үстінде құс болып ұшып кетуге амал таба алмай, зорға шыдап келе жатқан Тайланды көріп, аяп кетті. Іші бауыры мұздап бара жатқандай көрінді. Шынында да, үш жүздің ауызында аты жүрген атақты Мәті бидің, үш жүздің ауызында аты жүрген көк ала атты Тайлан батырдың қара шаңырағы мынау атам заманғы Қаратаудың теріскей бауырындағы талайдан бергі қара жұртында қалқиып тұрса жарар еді-ау...

Алдыңғы жақтағы шолғыншылардың біреуі құйғытып кері шауып келеді. Бұлар ат басын іркіп далақтап шауып келе жатқан қызыл танау жас жігіттің хабарын күтті.

— Алдыңғы жақтан шаң шықты! Қою шаң! — деді жігіт жетер-жетпесте алқына тіл қатып.

Әбілқайыр көкжиекке көз тастап еді. Шынында да, маңдай тұстары манағыдай емес лайыта бастапты. Қалған жақтары сол баяғысынша көк шәйідей мөлдіреп тұр. Тек шығыс жақта ғана жер мен көкті көмкеріп ақ шаңыт көтеріліпті. Иә, бұл тегін шаң емес. Сонау көк аспанды лайлап жатқан қою шаң — қазақтардың пәлен жылдан бері бүгін тап бола ма, ертең тап бола ма деп, үрейлене күткен сұмдығы. Міне, о да тап болды. Қазақ даласының тіршілігінің тұнығын шайқап, аспанын лайлап, мың сан басты аждаһадай жолындағысының бәрін жапыра жалмап жақындап келеді.

Жұрттың бәрі түнеріп тұрып қалған. Бәрі де тілден айырылғандай. Қарақұрым қолдың ішінде ләмим үн қатқан ешкім болған жоқ. Бәрі де мұның ауызына қарап қапты. Не дер екен деп тұр? Не дейтін еді? Енді не

дегенінде не тұр? Әрине, ақ көз жауды бұған жібермеу керек еді?! Баяғыдан бері ұзын арқау, кең тұсаумен жүріп алмай, кеңнен қайрат қылғанда, бейшара ел бүйтіп босқа қырылмас па еді, қайтер еді. Енді өкін не, өкінбе не? Бәрі кеш! Өз бармағыңды өзің қыршып, қарсы келген қас дұшпаныңмен қасық қаның қалғанынша арпалысып, өз жастығыңды ала өлгеннен басқа, амалың қайсы...

Әбілқайыр қасындағы батырларға:
— Мынандай айдалада, ала тағанақ тақырда шайқасып не абырой табамыз? Онан да әлгі Сұғындыққа шегінейік! — деді.

Батырлар құптап басын изеді. Қалған шолғыншылар да жыра-жықпылмен бұқпақтап жетіп қалған екен. Жау қарасы жақындапты.

Кіші жүз қолы кері шегінді. Бірақ, жаңа ғана жүріп өткен ізімен кері шегінбей, терістігіндегі қалың бұйраттарға қарай бұлтарды, бірер жал асып барып, Сұғындық асуына күнбатыс жақ бүйірден келіп кірді. Ондағылары жаудың басын шырғалаңға салу еді. Сұғындықта бекініп отырған қазақ қолы бар екенін, қапелімде, біле алмай қапы қалсын деген есеп еді. Қазақ қолы Сұғындыққа түгел кірген жоқ. Бір қатары асудан аулағырақта тосқауылда қалып, аңыс аңдай тұратын болды.

Сұғындыққа суыт енген қазақ қолы шатқалдың құз-қиялы қиын түбіне қарай өрмелеп, қапталға бөлінетін ұры жыраларды бойлап, тасаға бекінді де, сай табанына жақын жақпар жартастардың тасасына мергендерін орналастырды. Қауырт қимылдап, тез қамданған қалың әскер әп-сәтте-ақ жақпар-жақпарға, қалың бұталардың ара-арасына сіңіп кетті. Бұлар кіргенде сай түбіне қарай жөңкіле қашқан аңдардың сатыр-сұтыры әп-сәтте басылды. Аждаһаның аран ауызындай қара шатқалда қайтадан меңіреу тыныштық орнады. Бейбіт заман қайта келген екен деп қалса керек, жақпар-жақпарға тығылып отырған шошақай көкектер сұңқылдап қоя берді. Бұта-бұтадағы сансыз құс шуаққа жондарын тосып жамыраса әндете жөнелген. Тек қия жақпарлардың арасынан дүр көтерілген қыран құстар ғана бір дүбірді сезгендей қайта қонбай мазасыз шүйіліп жүр.

Тау арасында көктем иісі білініп қапты. Екі жақ бөктердегі қараған, арша, қаптаған бұталар мен тырбық

шөптердің бәрі бөртіп, мұрт жарып үлгеріпті. Сай табанындағы ағын судың екі бетінде бозбаланың түбіт иегіндей боп көк қылтанақ көрініпті. Енді сәл шыдаса, мына шатқалдағы ұлан-асыр тіршілік дүр етіп бой көтергелі тұр. Көктемнің қуатты күні кірпігіңе ойнап, тұл бойыңа бір әзәзіл тіршілік қуатын дарыта түскендей. Сонау көк майсаға барып жата қалып аунағың келеді. Мынау жақпар шоқының басына шығып ап, мына жықпыл-жықпылдың ара-арасынан көзің шалып қалған аң мен құсты бүкір садақтың белі жазылғанша кере тартып атқың келеді. Таудың мынау саумал ауасына көкірегінді толтырып алып, енді көп ұзамай сонау етектегі қара жалдардың басына самсап қона қалатын ақ жұмыртқа ауылдардың қыз-қырқыны естісін деп аңыратып ән бастағың келеді. Тіпті мынау маңдайыңды қыз-қыз қайнатып бара жатқан күн шуағына омырауыңды төсеп, шалқаңнан түсіп ұйықтағың келеді...

Пәлен күннен бергі ереуілдеген тіршілік тұсында ұмыт болған ұйқы мынау сәл саябырда кірпігінді қайта айналып тапқандай. Өне бойың делсал маужырап барады. Шатқал жақ бетін тасаға салып, өз қолы жақ бетін ашық қалдырып, қара жартастың күн жақ тасасына жасырынған Әбілқайырдың енді болмағанда көзі ілініп барады екен. Қарсы жақ жақпардан екі-үш «байғұздың» жарыса шықылықтап қоя бергені. Көзін шәйдай ашып алды. Сөйтсе, қалмақ қолының алды шатқалдың ауызына ілігіпті.

Сай бойы тым-тырыс. Мынау тас қоршауға сескене кірген ауыр қол жан-жағына жалтақ-жалтақ қарап, жасқана басып ілгері жылжи түсті. Әуелі топырлай кірген қалың қол бірте-бірте сабақтаған иненің жіңішкеріп, ұзын шұбақ көшке айналды. Бірінің ізін бірі басып жоғары өрлеп келеді. Жоңғардың таулы жерге үйренген жатаған аттары тырмысып баурайға да шығып апты. Кейбіреуі жақпар-жартастар мен баурайдың бұта-бұтасының арасына жасырынып отырған қазақ жігіттерінің қасына қол созымдай жерге дейін барып, жан-жағына тіксіне қарап қояды. Ту зымыран биікке шығып алып, аспай-саспай қалықтап жүрген құз тағыларынан басқа ештеңе көрінбейді. Тіпті арқар екеш арқарға дейін құрып кеткен. Сай бойында құлағыңды шағып, шақыр-шұқыр дыбыс көбейді. Жоңғар аттары үсті-үстіне пысқыра береді. Айлакер жау тағылып

отырған қазақ жоқ па екен деп, үңгір көрінсе, ну жыныс қалың бұта көрінсе бұрқыратып оқ жаудыра жөнеледі. Атқан оқтары кейде тасқа тиіп шақ-шақ ете қалады. Кейде қалың жынысқа сүңгіп жоқ болады. Бірақ орынынан атып түрегелген ешкім көрінбейді, ыңыранған дыбыс та шықпайды. Бір сәт кідіріп тың тыңдап ап, шұбалған қол тағы да ілгері тартады.

Сұмырай дұшпандар әлгіндей топырлата оқ жаудырғанда Әбілқайырдың жүрегі шым ете түседі. Шаншымай қайтсын — анау қарауытқан қалың бұталардың арасында талай боздақ үн-түнсіз жан тапсырып жатыр. Мана: «Қашан жоңғар қолы тар шатқалға түгел кіріп, алды шатқал түбіндегі тығырыққа кеп тірелгенше, оқ атпаймыз, дыбыс та бермейміз», — деп уәделескен-ді. Енді, міне, ажал алдында жарақатын ауырлап, ыңыранса, дұшпан сырымызды біліп қояды деп, тістерін шықырлатудан басқаға дәрмені келмей талай боздақ арманда жан тапсырды. Қайран сабаздар-ай десейші... Әншейінде, әрқайсысына бір-бір төр, бір-бір бас, бір-бір ат, бір-бір шапан керек, шамалыға басын имей шекелей қарайтын тарпаңдар ғой... Енді, міне, бүгін кеп садақаға шалынған қоңыр қошақандай тіл тартпастан кетіп жатыр, кетіп жатыр. Соны білгендей, жоңғар мергендері жолдың екі жағына тұра қалып, секем алатындай қуыс-қалтарыс, жыныс-жықпыл көрсе болды, бір де бірін тастамай, себелеп оқ жаудырып келеді. Үн шықпаған сайын секем ала түседі.

Қыл жалаулары жалбырап тіптен жақындап қалды. Енді мынау тас қапшықтай тар аңғардан қиялай шығатын жаңғыз аяқ соқпаққа аяқтарын бір іліктірсе, әрі қарай Сығанақ асады. Бірақ, олар қанша жалтақтап қарағанмен қарасұр жақпар тастар бәрібір сыр бере қояр емес. Сол баяғы сазарған-сазарған қалыптары. Кей арада кейін шегініп, далиған-далиған алаңқай жасап, кей арада қайтадан сүзискен текедей тұмсық тірестіре қалады, кей арада жайпауыт тартып, кей арада тіп-тік найза шыңдарға айналып түксиіп тұрып алады. Сылдыр-сылдыр су ағады. Сықыр-сықыр тас құлайды.

Шұбалаң көштің алды Сығанаққа жол шығатын соңғы асу, соңғы қолтыққа келіп тірелді. Артының да сонау етектегі тар шатқалдың аузына енді-енді іліккен түрлері бар.

Әлі де шыдай тұру керек. Қол басындағылар Сығанақтың жалғызаяқ соқпағына түссін. «Уһ, мынау тас қамалдан құтылдық па, жоқ па», — деп демін бір алсын. Әлгі бір тас түйін сақтықтан айырылсын. Жайбарақаттансын. Қолдың арты да шатқал аузынан ұзаңқырап, сұғына түссін. Мынау жеті жұрт көшіп, жеті жұрт орнаған кең байтақ даланың қай қырқасында да аран өңешін бір қандамай құр тұрмаған құзғын шатқал бүгін де талайдың басын жұтар, бүгін де лық-лық қан құсар. Ләйім сол қан жоңғардікі болғай!

Кенет әлдеқайдан керней тартылды. Жоңғарлар түп-түгел бастарын көтеріп жоғары қарады. Сол-ақ екен, талай көкірекке оқ қадалып, талай аттың жалын қан жауды. Қарғыс атқыр мына таудың бұта екеш бұтасы да садақ атып, тасы екеш тасы да оқ жаудыра білетіндей.

Мынадай тұтқиыл шабуылдан не істеп, не қоярын білмеген қалмақ қолы, қапелімде, алақтап сасып қалды. Төбеге қарасаң ештеңе көрінбейді. Бірақ талай мойынды қылшасынан қырқып түсіп жатқан тажал оқ сол биіктен жауып тұр. Сонау жақпар тастар мен ну жыныстың арасына тығылған мергендер манағы жоңғар мергендері жаудырған оқтан түп-түгел қырыла салмапты. Көбі солай мергендердің қайда орналасқандарын білмек боп көкке қарап ауыздарын ашып тұрғанда қапталдағы ұры қойнаулардан дүрсе қоя берген қазақтар қылыштаса, найзаласа жөнелді. Сәл кеңіске шыққандар сайысып кеткенмен, тар арнаның табанында қалғандар көкке қарай атқылап, босқа оқ шашқандары болмаса, еш қайран қыла алмады. Төбеден жауған оқ олардың қатарын қоғадай селдіретіп барады, ал олардың оғының қайда кетіп жатқанын ешкім білмейді. Ілгері аттайын десең, алдыңғы жағың тар қойынауға кептеліп қалған. Кейін шегінейін десең, ол да солай тарс тығындалып, тырп ете алмай тұр.

Әуелі алдыңғы жақтан айқай шыққандай болып еді, енді арт жақтан да баж-бұж дауыстар көбейді. Шамасы ол тарапта да сатыр-сұтыр шайқас қыза түссе керек. Не болып, не қойып жатқанын ешкім білмейді. Әйтеуір, домалап түсіп жатқан екі аяқтыларды көреді. Тақымнан босаған жануарлар мынау тар қамашауда қалғысы келмей, қос қапталдағы өр бауырға жанталаса тырмысып шауып шыққысы келеді, бірақ не тайып кетіп, не оқ тиіп қайтадан сылдыр-сылдыр су ағып жатқан сай

табанына қарай сатыр-күтір домалай жөнеледі. Кісінескен, оқыранған, бақырған, шыңғырған, қорқыраған, ойбайлаған, ақырған, боқтасқан жандылардың дауысы шақыр-шұқыр, сатыр-сатыр, тақ-тақ, тырс-тырс, гүрс-гүрс жансыздардың дауысымен мидай араласып құлағыңды жеп барады. Әлгінде ғана тым-тырыс сүлесоқ көлбеп жатқан Қаратаудың тәніндегі сан жетпес жақпар тастарға аяқ астынан жан бітіп оқыранып, кісінесіп, бақырып-шақырып, шақыр-шұқыр тісін қайрап, ойбайлап, боқтасып, тайдай тулап аламан-асырды салып жатқандай. Жер мен көкте алысып-жұлысып жатпаған ештеңе қалмағандай. Қара жердің бетінде не болып жатса да, миына кірмей жымыңдағанынан бір танбайтын күлегеш күн көзі де мына шайқастың егжей-тегжейіне қанып алғысы келгендей, сарт та сұрт қылыштасып жүргендердің біресе ол жағынан, біресе бұл жағынан аунап, жалт-жұлт сығалап қояды.

Жоңғар қолы маңдайын тасқа тіреп тұрып алды. Арттағылар шатқалдың ауызына қарай кері бұрылып, кеңге шығып алғысы келіп жанталасып еді, тасадан «Тұлпарлап» лап қойған қалың атты кескестей кетті. Әлгінде ғана басқандарынан жер ойылардай боп жер тәңірсіп келе жатқан жоңғарлар бүйендей шұбалған тар шатқалға қамалды да қалды. Қазақтар енді оларды әсіпке туралатын еттей кескілеп бағады.

Қара жақпар тасқа шақ-шұқ жаңғырыққан қылыш дауысы жоңғарлардың желігін басып, жүректеріне үрей ұялатса, қазақтардың жігерін қоздырып, қайраттарын шыңдай түскендей. Бұта-бұтаның, жақпар-жақпардың тасасына тығылып жатып алған мергендер бастарын көтеріп алып, сай табанында қамалып тұрған қалмақтарға садақ оғын сары масадай қаптата жөнелді.

Әбілқайыр өз жігіттерінің ұйымшылдығына, мұншалық ержүректігіне қатты таңғалып тұр. Қазақ жағынан шашау шыққан, қате болған бір де бір қимыл, бір де бір әрекет көзіне түспеген сияқты. Мергендер де дер кезінде оқ ашты. Тосқауыл да дер кезінде ұрысқа кірісті. Шатқалдың басы мен аяғы да дер кезінде қоршауға алынды. Бас-аяғы жеті мыңдай жау қолы енді, міне, бұның нояндарының көз алдында торға түскен шортандай бұлқынып жатыр. Олар енді қанша бұлқынса да, бұл қамашаудан тірі құтыла алмас. Әттең, дүние,

бұлар сәл кешігіп келді ғой. Бұрынғы шайқастардың қалай болғанын кім біліп жатыр?

Бұл енді сонау сай табанындағы, екі жақ бауырайда шоқ-шоқ боп шайқасып жатқандарға қарады. Сығанаққа жол ашар дөңгелек қойнауда ақ семсерін былғалап Тайлан жүр. Қайдағы бір шиіе байланған түйіндей кескілес болып жатқан қалың шоғырдың арасына қойып кетеді де, әп-сәтте-ақ жайратып шыға келеді. Жалақтап жан-жағына бір қарап алады да, тағы сондай бір қою шоғырды тауып ап, дүрсе қоя береді. Шатқалдың тығырық басынан оқтын-оқтын Бөкенбайдың күркіреген даусы шығады. Сай аяғында да ызы-қиқы айқай. Ту сыртына қарап еді. Ақ боз ат мініп хан туын асқақтата көтеріп Мырзатай тұр. Тентек неме ат үстінен қопандап: «Ноқай неме, оң жақтан келе ме екен?! Қап қызынды ұрайын-ай! Е, бәсе, қолтықтап шаныш! Жарадың! Әй, артыңнан әне біреу келіп қалды. Шешеннің көрін, маңдайыңдағы көз бе, жоқ без бе?» — деп сай табанындағы біреуге ақырып қояды. Мана қуыс-қуысқа жасырып қойған ру-рудың тулары да желк-желк етіп шыға келіпті. Көп ұзамай бұл шайқастың да бітетұғын түрі бар. Қыл жалаулы жау тіптен селдіреп қалыпты. Қайдан шыққандары белгісіз қарқ-қарқ етіп қарғалар қаптап кетіпті. «Ау, анау жайрап жатқан жаудың көзін шұқиық! Қылыш, найзаларыңды тарта тұрыңдаршы!» — дегендей кескілесіп жатқандардың төбелеріне төніп-төніп барып, қарқ-қарқ деп қайтадан қалықтап шыға келеді.

Хан көкірегін екі ұдай сезім билеп алған. Бір жағынан мынау жеңіске желпініп тұрса, екінші жағынан көкірегі бір сұмдықты сезгендей, іші-бауыры қалтырап барады. Манағы тұла бойын түгел буып келген ызасы мынау ағыл-тегіл аққан дұшпан қанын көргесін тарап кеткендей. Ширыққан жүйкесі де болбырап сала берген.

Бесін ауып барады. Сай табанында көлеңке ұзарды. Шайқас әлі жүріп жатыр. Күн екіндіге таянды. Сай табанындағы гүж-гүж дыбыстар басылып, шақыр-шұқыр қылыш үні де азайыпты. Әттеген-ай десейші. Жоңғардың бас қолы мынау тар қыспаққа неден тығылсын. Ол сонау кеңнен оратылып күнгеиге шығып алды ғой. Мынау сол Созақты тонап келе жатқан шағын қол болды ғой!»

Неге екені белгісіз, Әбілқайырдың алақанының ду-ду қышығаны басылмай тұр.

— Бұлардың басшылары қайда екен? Тілдесе алдыңдар ма?

— Бір жас тайшы екен! Мана бесін ауа оққа ұшқан.

— Қайда жатыр?

— Денесі сай табанында, басы, — міне!

Батыр сұлтан ханның аяғының астына әлденені сылқ еткізіп тастай салды. Шекесі торсықтай ай маңдай біреу қарсы алдына кеп қасқиып жата кетті. Бет-ауызы «менің балам болсын» дейтіндей бір сүп-сүйкімді жігіт. Қусырыңқы қыр мұрнының астынан мұрт тебіндепті. Бетінде ашу да, ыза да, кек те жоқ. Аларған екі көзі сонау көк аспаннан бірдеңе көргендей қадала қапты. Мынау өзі бір таныс неме сияқты ғой. Тіпті басындағы айдары да таныс сияқты екен!

— Біздің осы Нұралы қайда? — деп сұрады хан.

— Мен мұндамын, көке! — деді ту сыртынан таныс дауыс. Ақ боз аттың үстіндегі он бір он екі жастар шамасындағы торсық шеке ай маңдай бала жігіт тұлымшағы желбіреп ілгері озыңқырап тұрды.

Хан жалт етіп бір қарады да, үндеген жоқ. Байбек төлеңгіт ұстап тұрған атына бұрылды.

— Мынаны қайтеміз! — деді Батыр басты нұсқап.

— Қайтетін едік. Тастай сал! — деді Әбілқайыр.

Ол ерге енді қонғанда Батыр сұлтан әлгі олжасын қимағандай біраз ұстап тұрды да, шатқалға қарай атып кеп жіберді. Кішкентай қара нүкте барған сайын құрдымдана түсті де, аран сайды тұтаса көміп алған қара көлеңкеге сіңіп үштігөйлі жоқ болды.

Әбілқайыр басын көтеріп алып еді. Қып-қызыл күн екі шошақ жақпар тастың арасына барып қыстырыла қапты. Сай табанында қимас бірдеңесі бардай көзін сатып сығалай қарап тұр.

Әбілқайырға ол бірдеңені елестеткендей болды. Немене еді сол?! Ойына ештеңе түсіре алмады. Қып-қызыл күн қылмың-қылмың күліп қояды. «Е, қан жалаған қызыл қаншық секілді екен ғой. Опасыз уақытқа қара жерде не болып жатса да, бәрібір екен ғой. Қан ағып жатыр ма, у ағып жатыр ма, адам өліп жатыр ма, шыбын қырылып жатыр ма, — оған бәрібір. Оған, әйтеуір, мынау уылжыған дүниенің құлазып бос тұрмай, жым-жырт тыныш тұрмай, дүрлігіп жатқаны керек екен ғой!»

Хан баяу басып жүріп кетті.

Қара көлеңке жамылған қара шатқалдан қара бұлттай түнеріп қалың қол шықты.

Содан бұлар Созаққа келді. Тып-типыл. Шашылған кесек пен көлденең түскен өліктен ат сүрініп жүре алмайды. Анадай-анадайдан ит ұлиды. Басқа тіршілік дыбысы естілмейді.

Содан бұлар Шолаққорғанға келді. Бұл да тып-типыл. Қираған үй. Шашылған қазан аяқ. Жайрап жатқан өлік.

Баба-атаның басы да жым-жырт. Басына ала-құла шүберек байлаған жалғыз ағаштан басқа аман қалған ештеңе жоқ. Мынау қорқынышты дүниеден үрейі ұшып қара іздегендей қапталдағы қара жоталардың астынан қайта-қайта қасқыр ұлыды.

Баба-атадан шыға бере-ақ Тайлан жұрттан бөлініп шаба жөнелді. Екі иығы бүлк-бүлк етіп бара жатқандай көрінді. Қуып жетіп қатарласуға ешкімнің дәті бармады.

Күн жаңа шығып келе жатқанда бұлар Көсегенің жонына көтерілді. Таныс жон, таныс көріністер Әбілқайырдың көзіне оттай басылды. Мына бір қоянжонданып шыққан қолаттың аяғындағы жалғыз үй көз алдына сайрап келе қалды. Баяғыда Тайлан екеуінің арқарға таласып алғаш келгеніндегі қараша үй есіне түсті. Артынан осы кезге дейін өңі екенін де, түсі екенін де білмейтін, қызыл түлкі қуып жүріп ойда жоқ соққаны тағы есіне түсті. Төр алдында малдасын құрып салып шәй сораптап отырған Мәті би көз алдына келді. Оң жақта шынашағын шошайтып шәй құйып отырған Пәтшәйім көз алдына келді. Неге екені белгісіз, бет-ауызы жыбырлап қоя берді. Алдарынан арсыз күн кеше ештеңе болмағандай, алдыңғы күні ештеңе болмағандай, одан бұрын да ештеңе болмағандай, бүгін ештеңе болмайтындай жымың-жымың күліп жарқылдап шыға келді.

Бұлар сол көз ұшында кетіп бара жатқан Тайланның соңынан салып келеді. Әне Тайлан атынан түсті. Тізгінін қолына алып жаяу кетіп барады. Бұлар да атынан түсті. Қалың қолды сол араға қалдырып, қасына ру басы, қол басы батырларды ертіп бір кезде айдалада көзге шалынып жалғыз үй тұратын оңаша қолатқа қарай ілби басып жүріп келеді. Жалғыз үй ғайып болған. Жұртында ыбырсып бірдеңелер жатыр. Айқай жолдан былайырақ оңаша тұрған жалғыз үйді де аман қалдырмапты. Қараптан-қарап тізесі бүгіліп бара

жатқандай, Әбілқайыр аяғын зорға алып келеді. Екі көзі алдындағы Тайланда. Екі көзі алдындағы ыбырсып жатқан жұртта. Бірте-бірте жақындаған сайын жүрегiнiң шанышқаны күшейдi. Мынау айдаладағы жалғыз үйдiң өзiне соншалықты жақын, соншалықты қымбат болғанын бүгiн сезiп келедi.

Әлгi қарауытқан өртенген үйдiң орыны болып шықты. Сау сағанақ қалдырмапты. Қаусаған қара күл мен күйiктiң үстiнде емен шаңырақтың күйiк-күйiк қаңқасы жатыр. Адамдарын да бiрге өртедi ме екен деп, үйiндiнi найзамен шұқылап, аударыстырып қарап едi, адам мүрделерi ұшыраса қоймады. Тайланның сұп-сұр бетi бүлк ете қалғандай болды. Шамасы, мынау жалған дүниедегi өзiне ет жақын үш адамның қорлық көрсе де, қара жердi басып тiрi жүргенiне шүкiрлiк қылған секiлдi. Сонда оларды қалмақтар айдап әкеткенi ме? Жалақтап жан-жағына қарады. Көзiне ештеңе түспедi. Кенет анадайдағы жаңа тебiндеп келе жатқан алақандай егiстiктi көрдi. Мәтекеңнiң бiраздан бергi ермегi осы жер тырналау-тұғын. Баяғыда бiр ұлы билiкте жұрт айтқанын тыңдамағанда, шаршы төрде отырған алқа би басымен орнынан атып тұрған да үн-түнсiз жүре берген деседi. Иығына қақпа шекпенiн iлiп, шөгерулi жатқан бурасына мiнiп, шаужайына жармасқандардың қолын қағып тастап, бетi ауған жаққа тайып тұрыпты. Сол бетiмен барып бiр күн түнде үйiн теңдеп көшiп кеткен. Тәңертең тұрса, Мәтi бидiң үйiнiң жұрты ғана жатыр. Жұрт әр саққа алып қашқан. Бiреулерi бұның арғы түбi қарақалпақ деушi едi, Хорезм ауып кеттi дескен. Бiреулер ағайынына өкпелеп, қайындарына, қара қыпшақтарға сiңiп кетiптi дескен. Бiреулер сонау Бұқараға барып пiрәдар болып алыпты дескен. Жұрт әр қилы лақап шығарып болғанша, Мәтекең Қаратаудың терiскей бетiне ауып, осы бiр оңаша бұлақтың басына кеп орныққан. Оның хабарын Шашқа мал айдап келе жатқан қыпшақтар шығарған. Жаңа жұртқа келгесiн аурулы әйелi жалғызүйлiктен iшқұса боп өлiптi. Үйiн артып көшiп келген үш көнмойнақтың екеуi бөтен жақтың отына үйренiсе алмай, iштерi жарылып жайрап қапты. Жалғыз үй, жалғыз шал, қаршадай қара бала мен шудасы тiзесiне түскен қара бурамен қала берiптi. Қалың жауға талай жалғыз шапқан Мәтi би батырды бiлмейтiн қазақ кем де кем. Талай шаршы дауда қасқиып тұрып билiк айтқан әдiл қазыны бiлмейтiн қазақ кем де

кем. Баяғыда салқам Жәңгірді қамап тұрған қалың қолға бір өзі тиісіп, ханды қашырып өзі тұтқынға түсетін Мәтіні кім білмесін! Артынан мынандай төтен ерлігіне тәнті боп, алдына шақыртып алған қоңтайшының: «Дүниедегі ең үш тәтті нәрсені қателеспей айтып берсең, басыңа бостандық берем», — дегенінде: «Ақ некелі жардан тәтті не болушы еді, ақтан туған ұлдан тәтті не болушы еді, азамат екеніңді біліп өлген ажалдан тәтті не болушы еді. Мен осы үш тәттінің үшеуінен де дәм таттым, енді өлтірсең де өзің біл, босатсаң да өзің біл», — деп қас дұшпанынан ат-шапан айып алып қайтатын Мәтіні кім білмесін! Қызыл тілім мен сара көкірегімнің жолына тұзақ болады деп иініне асыл ілмей, алдына мал түсірмей, жанына ағайын-жекжат жолатпай қара қылды қақ жарған тура би атанған Мәтіні кім білмесін! Билікке алған дүние-дәулетті тап сол арада ғарып-ғасырға пышақ үстінен таратып беріп кететін сақи Мәтіні кім білмесін! Биліктен әлдеқашан қалған кезінде бір замандасының артынан бата оқи барғанда: «Көктегі жарылғаушы жалғыз тәңір, жердегі жарылғаушы жалғыз Мәті би деуші еді. Мәті би екенің рас болса, жарылға!» — деп шаужайына жабысқан бір есалаң кемпірге астындағы тақым артар жалғыз көлігі шудасы жерге түскен қара бурасын түсіп беріп, жаяу кететін мәрт Мәтіні кім білмесін!

Сол Мәті мынау Тайлан туғалы жалғыз үйлі-ді. Сол Мәті мынау Тайланды Қаратаудың бауырайын тырналап нан тауып, шатқалын аралап ет тауып ел қатарына қосып еді. Тері киіп, терсек төсеніп өскен намысқой жігіт: «Әке, менің қатарым атқа мінді. Мен қайтем, қу даладан құлан ұстап жуасытам ба?» — дегенде: «Балам, жұрттан талай алғыс алып ем. Сол алғысым сені жаяу тастар деймісің!» — депті. Аңшы жігіт тағы қуалап, таудан-тасқа ырғып-қарғып жүргенде етекте кетіп бара жатқан бір керуеннің көзіне шалынады. Керуен басындағы шұбалған көк ала атты анадайдан бұрылып кеп: «Жігітім, кім боласың?» — деп сұрайды. Тайлан жөнін айтады. Сонда бейтаныс кісі атынан түсіп, аңшы жігітке ұсынады. Тайлан мынау суреттей атқа қызығып тұрса да, қайдағы бір меймана қазақтың оп-оңай жарылқай салғанын мүсіркегендік деп түсініп, намыстанып оңай келген олжадан бас тартады. Ат иесі: «Жігітім, тартынба, ал! Кісіге бақыт та, қасірет те осылай ойда жоқта тап болатын. Бақытыңнан бас тартып

тұрғаныңды, жоқ қасіреттен бас тартып тұрғаныңды қайдан білесің? Меселімді қайтарма. Жалғыз-ақ бұйымтайым, әкеңе сәлем айтып барсаң болғаны», — дейді. Сонда жігіт шұбалған көк шұбарға тақым салып тұрып: «Әкеме кім сәлем айтты деп барамын?» — деп сұраған екен. Аңадайда өзін тосып тұрған керуенге жаяу аяңдап бара жатқан әлгі бейтаныс кісі: «Қызыл тайынша!» — деп айқайлапты.

Баласының салаңдаған көк ала атқа мініп келе жатқанын көріп Мәтекең: «Балам, атың құтты болсын!» — депті. «Қайдан алдың? Кім берді?» — деп сұрамапты. Кешқұрым жатар алдында баласы манағы бейтаныс кісімен қалай кездескенін әңгімелеп берген екен, кәрі би мырс етіп күліп жіберіпті. Сөйтсе, манағы кісі бала кезінде базарға мал айдап кетіп бара жатқан бір байдың қызыл тайыншасын жол-жөнекей ұрлап апты. Қазанын енді түсіріп жатқан ұрының үйіне жоқ қараған бай серіктерімен сау етіп кіріп барыпты. Қазанын күлге төгіп, шешесін бұрымынан ұстап ап, көк ала қойдай қып сабапты. Баланы құлағынан бұрап, шырылдатып отырып, сол маңайда түстеніп жатқан жерінде, Мәті бидің үстіне әкеп кіргізіпті. Сонда Мәтекең: «Сенің баға алмай айырылып қалған малың тамағын таба алмай отырған аш ауызға тап боп сауабына қалған екен. Барымтада кеткен малың болса бір сәрі, қасқыр жеп кететін қызыл тайыншаның дауымен кеп, алдымдағы асты суытқаның үшін маған бір сауын түйе айып төлейсің, өзіңді туған әйелдің шашынан көзіңе шөп түспей тұрып тартқаның үшін мына баланың шешесіне бес бие айып төлейсің, би алдынан өтпей тұрып күш көрсеткенің үшін өзіне он қой айып төлейсің» — деп, дау қуып келген дүниеқоңызды басымен қайғы қылып жіберіпті. Жұртқа көрсетпей қызыл тайынша ұрлап соятын батыр бала мынандай ағыл-тегіл малды жұрт көзінше айдап кетуге жүрексінгенде атақты би манағы жолаушының Тайланға айтқанын айтып, қолын жайып: «Қой анасы оннан, түйе анасы бірден, жылқы анасы бестен, өсейін десе астан-кестең», — деп бата берген екен. Манағы жолаушы сол ұры бала болғаны ғой! Баяғы мал адал боп бұйырып, алдына дәулет түскені ғой.

— Сәлем айтса, сәлемат болсын! — деген Мәтекең.

Содан Мәтекең бірде көк шабдар ат мініп көлеңдеп жүрген баласына:

— Балам, базарға барып қайтсаң қайтеді, — депті.

— Одан не бітірем, әке? — депті Тайлан.

— Көк атыңа мініп бар да, көк атыңа мініп қайт, басқа ештеңе істеме, — депті Мәтекең.

Тайлан содан Түркістанның базарына барыпты. Көк ат мініп көлденеңдеп келе жатқан жас жігіттің үстіндегі тері жарғақ киіміне таңғалды ма екен, бір отағасы анадайдан:

— Жолың болсын, балам, — депті.

— Әләй болсын, ақсақал, — депті Тайлан.

— Шырағым кімнің баласысың? — депті ақсақал.

Тайлан жөнін айтыпты.

— Ендеше, балам, осы арада тұра тұр. Анау қым-қуыттың арасына кірмей-ақ қой. Менің бір Мәтекеме беріп жіберетін сәлемдемем бар еді, — депті.

Ақсақал көп ұзамай бір қапшықты арқалап әкепті де, Тайланның артына өңгеріпті.

— Ақсақал, бұны кім берді дейім? — депті Тайлан.

— Мәтекеңнен жақсылық көрген адам аз ба? Соның бірі дей сал, — депті кәрия.

Тайлан үйіне кеп қапшықты ашса, лықа толы өзіне арналған асыл киім екен. Тайланның үстінен жарғақ тон осылай түсіпті деседі. Кейін Әбілқайыр екеуі бірге жорыққа барып жан қиыспас дос боп қайтқасын бірде Мәтекең баласынан:

— Балам, атың түзелді, киімің түзелді, досың түзелді, енді ер жігітке не жетпей тұр? — деп сұрапты.

— Әке-ай, оған үйірімен үш тоғызды, қырық жылқыны қайдан табамыз? — депті.

Сонда Мәтекең:

— Бала әкеге бес жыл жұмбақ, әке балаға өмір бойы жұмбақ деген осы екен ғой. Әкеңнің қадірін әлі түсінбегенің бе, балам, — деп басын шайқап күліпті. — Әкең — Мәті, досың — Әбілқайыр болса, саған қандай қалың керек. Қасыңа сұлтанды ерт те, сұлтан түсетіндей бір үйдің ту сыртынан барып ат басын тарт. Ар жағын өзің көрерсің!

— Әке, сонда кімнің ауылына барғаным дұрыс дейсің? — деп сұрапты Тайлан.

— Өзіңнің болашақ қадіріңді, әкеңнің атын, досыңның абыройын тегін үйдің босағасына тастай салма. Жалғыз шалдың жалғыз баласы болып та біраз жүрдің ғой. Ең болмаса қайның қалың ауыл болар ма екен? Алысқа ат шаптырып қайтесің, мына Боралдай бойындағы Жомарттың ауылына бара сал, — депті.

Әкесінің «бара салының» өзі байлығы мен сән-салтанаты күллі қазақтың ауызына іліккен Жомарт болғанына Тайлан таңғалмағанда, кім таңғалсын! Қапелімде, іштей жүрексініп тұрса да, әке аузынан шығар сөз шығып қалғасын, қасына Әбілқайырды ертіп Жомарттың ауылына барды.

Салтанаты асып, Сайрамның ауызын бағып, дүние-малды қайда шашарын білмей отырған Садыр байының ауылы Кіші жүзден ат басын туралап бір төре, бір батыр қонаққа келгесін шашылмасқа жағдайы қайсы. Аяқтарын жерге түсірмей, ат үстінен көтеріп алып, ақ үй тігіп қонақ етіпті. Енді жас жігіт бай ауылда бір күн жатыпты, екі күн жатыпты. Үшінші күні күтуші, даяшылардан ертең жолға шығатын райларын танытқанда, Жомарт келіпті.

— Бұйымдарыңды кетерде емес, келген бойда сұрайтын аса қадірлі қонақтарымсыздар. Бірақ, көмейлеріңді ішім сезіп тұрып, келмей жатып сырларыңды айтқызып алмайын, қысылып-қымтырылмай қонақ бола тұрсын дедім. Сонымен Мәтекең келінін қай шамада алып кетем деп отыр? — дегені.

Пәтшәйым бұл ауылға сүйтіп келген. Жомарт бұлардың бұйымтайын айтқызбай орындады. Бұлар Садырларға қыздарын көрместен құда түсті. Ол жолы қалыңдықты екеуі көре алмай қайтқан. Сөйтсе, Пәтшәйым екен. Жә, ол турасында Әбілқайыр мынандай кер кеткен тұс түгілі замананың тынышында да ойына алмауға тырысатын. Жан досының, онсыз да құйрық-жалы селдір жалғыз-жігітке құрдасының көңіліне қаяу түсе ме деп ойлайтын. Тағдырдан басқа ешкім жазықты емес сол бір құпияны бұған дейін мынау қара жердің бетінде білсе, екі адам ғана білетін еді. Енді, міне, Пәтшәйым не өзі, не өлігі көрінбей, үшті-күйлі жоқ. Ол сырды бұдан былай Әбілқайырдың өзінен басқа ешкім де білмейді.

Тайлан қараң қалған жұрттың басында байыз тауып тұра алмай сенделіп кетті. Жер ошақтың басында Пәтшәйым ұстаған көсеу аман қапты. Пәтшәйым жақында ғана теріп әкелген тезек аман қалыпты. Баласы ойнап жүріп осында әкеп тастаған болу керек, қынаға салып бояған төрт-бес асық жатыр. Тайланның кешегі, жиын-тойдай дәуренінен қалған бар жұрнақ сол...

Манадан төңірегіне қабарыта қарап, тік тұрған, қаздып берік тұрған Тайлан сұлқ шөгіп отыра кетті. Шашылып жатқан су күлді жұдырықпен қойып-қойып қалды. Тайланның манадан бері буынып тұрып-тұрып, аяқ асты лық ете қалған өкініші мен қасіретіндей көк сұр күл бұрқ ете шапшып, еңгезердей батырдың жап-жалпақ бет-аузын көмді де кетті. Кешегі бейбіт тіршіліктен қалған осы бір болмашы із оған: «Ошағың мен шаңырағыңды бақпай, қайда жүрсің?» — деп зірк ете қалғандай.

Әбілқайырдың екі жауырынының арасы мұздап қоя берді. Есіл досын от басының қызығынан айырып, қасынан тастамай, көп ерткеніне, енді, міне, бүгін келіп өкініп тұр. Қай бір ақ тауды айырып, қара тауды қайыратын жігіттің мына дүниеде тындырып кетер жақсы ісінің, тастап кетер жақсы атының, қар төсеніп, мұз жастанып жүріп қылған қайратының, елге істеген, халыққа істеген қызметінің, ағайынға, досқа істеген шапағатының жалғыз хиуазы — өз отының басы мен өз өлең төсегіндегі кемді-күн көрер қызығы екен ғой. Енді, міне, Әбілқайыр соны да мынау Тайлан досына түгел бұйыртпапты. Бірде жол шығыпты, бірде жорық шығыпты, бәрінде де Тайланды тастамай, кісі шаптырып алдырыпты да отырыпты. Соның бәріне ол өз ошағының жылуын, өз төсегінің рақатын, өз дастарқанының ырзығын, әкесінің мейірімін, жарының ықыласын, тәй-тәй басқан баласының балдырлаған тәтті тілі мен мойынына оратылған ыстық құшағын тастап келеді екен ғой.

Әттең дүние-ай десейші. Биқасиет тіршіліктің пәтуасыз шырғалаңы қай нәрсенің қадір-қасиетін түгел ұқтырып жатыр!

Тайлан орнынан атып тұрды. Бет-ауызын көміп кеткен күл-тозаңды сүрткен жоқ. Тәлтіректеп басып алақандай егістікке беттеді. Егістіктің шетіндегі шаншулы күйінде қалып қойған күрекке барды. Күректің сабын көкірегіне басып біраз тұрды. Сонда барып анадай жерде жайрап жатқан өліктерді көрді. Жүгіре басып қасына барып еді, төрт-бес жоңғар ұзыннан сұлап түсіпті. Қарақұстан тиген ауыр соққының орнына қатпарланып қан ұйып қалыпты. Жексұрын көкала шыбындар гүж-гүж етіп шыр айналып ұшып жүр. Бір жоңғар қос қолымен әкесінің тірсегінен ұстай құлапты. Құбыла бет шетіндегі етпеттей

жығылған Мәті би екен. Кетпені анадай жерге ұшып кеткен. Нағілет жоңғарлар жетпістен асқан кәрі шалды қос жауырынының арасынан найзамен шаншып өлтіріпті. Кәрі батыр өлер алдында біраз жағаласты салса керек. Айналасы қорс болып қалыпты. Қасындағы жайрап жатқан төрт-бес өліктің ажалдарын диқан шалдың қара кетпенінен тапқан түрлері бар. Жарықтық сексенге аяқ басқанмен жастығын ала өліпті.

Тайлан әкесінің қасына барып жер тізерлеп, етпеттей құлаған мүрдені шалқасынан аударды. Сол баяғы Мәтекең. Жүзінде өкініш те, ашу да жоқ. Өмір шіркіннің бір күні дәл осылай жер қаптырып кетерін алдын ала біліп қойған кісідей, жайбарақат жатыр. Жығылғанда ауызын бірдеңеге ұрып алса керек, сақалына қан ұйыпты. «Ә, келдіңдер ме», — дегендей әлі ашық жатқан нұрсыз ала көздері телміре қарайды. Ешкімге, ештеңеге реніші жоқ жайбарақат жүз. Егер бұған оған әлі жан тапсыра қоймаған кезінде жетсе де: «Әй, қарақтарым-ай, әлдеқашан айтпап па едім», — деп өкпе-назсыз жөнеле беретіндей.

Әбілқайыр Тайланның қарсы алдына барып отырып, кәрі бидің көзін өз қолымен жапты. Ішінен қатты күйзеліп толғанып отыр. Иә, Мәтеке, сен әлдеқашан айтқансың. Айттың Мәтеке, айттың, Сен баяғыда-ақ айтқансың. Алқалы жиынның төрінен тұрып кеткенде-ақ, сен күндердің күнінде осылай боларын айтып кеткенсің. Сен мынау елсіз, оңаша бұлақтың басына қонып алып жеті атаң, жеті бабаң істемеген кәсіпті қуып, жер шұқып кеткенде де қазақтың қатты ойланатын уақыты әлдеқашан келгенін, олардың бұрынғы ат-жалы, түйенің қомы болған, дәуреніне көнбіс уақыт бұдан әрі көне бермейтінін айтып баққансың. Тәуке өліп, күллі қазақтың сақал-мұртынан жас тамып тұрғанда: «Таққа ие табылмайды деп жылап тұрсыңдар ма, жоқ, елге ие табылмайды деп жылап тұрсыңдар ма?» — деп сұраған да жалғыз сен едің. Болат таққа отырып, жұрт ханталапайға аттанып жатқанда: «Жақсы хан таққа мінсе, өзі талапайға түсер, жаман хан таққа отырса, елі талапайға түсер. Осы неменді бала кезінен білетін едім, тоңқаңдап жырадан шықпаушы еді, көк төбенің басына шығып, белін көтере түріп, бетін желге бұрып шабына қарап түзге отырғанын бір көрмеп едім. Иә, жасық шығар. Иә, пасық шығар. Қайсысы болғанда да, айдарларыңнан жел есе қоймас», — деп

анықтап айтқан да жалғыз сен едің. Сен айтқансың, бәрін айтқансың. Тап осы жуырда ғана, биылғы көктемнің сылайынан шошып, ел-жұртқа: «Арғымақ пен азаматқа абай болсын!» — деп сәлем салған да сен болатынсың. Бірақ оныңды қай қазақ құлағына іліпті! Міне, бос белбеу отырып боқ басында жайрап қалдық. Оны және әркім өзінен көрмей, біреу біреуден көреді. Бұл да, міне, Түркістанның көк сарайында көлбеп жатып ап, күні-түні ұйқы соққан Болаттан көріп тұрған жоқ па! Иә, иә, өзі айтсыншы! Ақылды бір кісіге айтсаң, осыған айтып ең ғой. Басқаны қойғанда, сол айтқаныңды осының өзі түгел орындап па екен? Қайдан! Бұл әлі баяғысынша шетке қашып, оңаша күрсінгеннен әрі аса алмай жүр. Сырттай кіжінгені болмаса, бел буып шайқасқа шыққан жер жоқ. Әлі күнге әліптің артын бағулы. Әліптің, арты, міне, — жайрап жатқан өзің, жайрап жатқан елің. Жол басшың қызыл түлкі болсын деп ең, бұл түлкілікті, айлакерлікті, бұта көрсе, бұға беру деп түсініпті. Бұл бұқпақтап жүргенде жол бастаушы қызыл түлкісі қан жалаған қызыл қаншыққа айналыпты. Баяғыда Пәтшәйым екеуіңе келіп, шәй ішіп кеткенінен бері ол көзіне көрінбеп еді. Кеше көрді. Сұғындықтың асуында көрді. Бататын күн болып, қарсы алдына кеп, қара аңғардың кемерінен аса тасып аққан қара қошқыл қанды шылп-шылп жалап тұр екен. Бұған қарап үшкір тұмсығын көкке көтеріп, қызыл тілін салақтатып құйрығын бұлғағандай болды. Оның не сұмдық екенін бір алла білсін! Бірақ, кешеден бері көріп келе жатқанынан асқан не сұмдық болатын еді. Иә, бұдан асқан сұмдық бар дейсің бе...

Мәті ақсақал бәрін естіп, бәрін түсініп, бірақ не деп тіл қатарын білмей, екі көзін тарс жұмып ойланып жатқандай. Тайлан мен Әбілқайыр оның мынау өліп жатқанда да ой шырмауынан шыға алмаған әжімді жүзіне, ашу-кексіз кешірімді келбетіне аңтарыла қарап біраз отырды. Сосын орындарынан тұрып, құбыла беттен қос құлаш жер қазып, шайқаста шәһит болған кәрі батырды киімшене күйі қара жердің қойынына беріп, үстіне жығылған нардай үлкен қызыл төмпек үйді. Ажалы жеткенше қолынан тастамаған соңғы қаруы балшық пен қан қабаттаса жұққан қара кетпенді басына сайғақ қып шанышты. Дәу төмпешіктің үстіне ұшын шығысқа қаратып жез масақты сұр жебе тасталды. Бұл

марқұмның кегін қуған кісі жауын осы жақтан іздесін деген нысана нышан...

Айғыр топ қол құбылаға жығылып намаз оқыды. Жұрт жапа-тармағай атына мініп жатқанда да Әбілқайыр ұзынынан сұлаған Қызылжал төмпектің қасында тұрды. Бұрын жандыдағы жалғыз пірім осы бір қайсар қара шал деп ойлаушы еді. Енді жер бетінде ол да жоқ, жалғыз қалды. Бұрын ол ой деп аталатын шалқар мұхитта көз ұшындағы осы бір жалғыз қалтырамас қайсар желкеннің қарасын бағып, қуалай жүзуші еді. Енді, міне, ол да тұңғиыққа батып, бұл әр күні жел әр тараптан шығып, ағыны мен толқыны әр қилы аунап, әр қилы шалқыған сол бір қатерлі ағында қалтаңдаған жаңқа қайық мініп жалғыз қалды. Бұрын өз ой аңғарының дұрыс-бұрысын осы бір қиқар қара шалдың қитұрқы лебізіне қарап бағыттаушы еді, енді оның өз көкірегінен басқа сенері жоқ. Шын жалғыздық деген осы екен ғой! Енді мұның серігі ойда жоқта тап болып, ойда жоқта ұғысқан аты халық ауызында қалар кәрі бидің бұлыңғыр елесі мен заман өткен сайын орынды, заман өткен сайын ұғынықты бола түсер азын-аулақ лебіздері ғана... Соңғы бір келгенінде: «Алаштың талағының биті, көкірегінің көзі бар азаматының қатарынан озбаққа ұмтылған жақсы. Ондай жігіт бойкүйездік жасаса, өзінің де, елінің де бағын байлайды. Ал, қолының ебі болғанмен көкірегі соқыр пысықайлардың төрге шапшығаны бақыт емес, тақсірет. Сорлатқанда біздің қазақтың жақсысы бойкүйез, жаманы өлермен келеді», — деп еді. Оны енді ұғып тұр. Сөйтсе, бұған айтқан бопсасы екен. Жоқ, бұдан әрі бұғып жүре бермес, не де болса, ақыр түбі бір жарып шығар.

Көсегенің көк жолындағы жаңадан түскен жалғыз төмпектен елдің ең соңы боп аттанған Әбілқайыр еді.

Ол орнынан тұрса, Тайлан атын жетектеп манағы күлдің басына қайта барыпты. Үюлі тезек пен күл арасында сенделіп жүрді де қойды. Еңкейсе — темір қазық. Қасында бірдеңе бұлтияды. Қазса — темір таба. Ашса — ішінде сап-сары таба нан. Шетінен біреу бір тістепті. Пәтшәйімнің өзі ғой. Тірі болды ғой, Тайлан таба нанды қойынына тығып, атына мініп, қолдан бөлініп жалғыз кетті.

Сосын... Сосын не болсын... Бір шырғалаң басталды да кетті. Әбілқайырлар ат үстінен түскен жоқ. Апталап шайқасты. Бір жеңді, бір жеңілді. Бәрібір шыққан пәтуа

жоқ. Дүниенің төрт бұрышын сықсия баққан сығыр жау қазақтарды қапыда қалдырды. Сәуірдің жарқырап атқан жақсы таңында Боралдай өзенінің бойында Үлкен Тұра тауының қасында бір алқапты бір өзі толтырып тәтті ұйқыда жатқан садыр Жомарттың ауылына жау шапты. Оны әуелі түзге шыққан бір кемпір көріпті. Өзеннің аңғарынан бұқпақтап шығып қалған жоңғарды таң атқанша қыз ойнақ салып, енді ауылға қайтып келе жатқан осы ауылдың көп бозбалаларының бірі деп қалса керек.

— Тәйт әрі, мына көргенсіз қайтеді ей. Түзге отырған адамның алдынан жүре ме екен. Жарымағыр осыдан көзіңе теріскен шығып жүрсе, өз обалың өзіңе! — деп бажылдайды.

Бірақ, сай бойынан шығып келе жатқан «жарымағырдың» оған құлақ асар түрі жоқ, емпеңдеп тартып келеді дейді. «Мынау бір көзіне қарайған неме екен», — деп ойлаған кемпір орынынан атып тұрып, «ойбайлап» ауылға қашады. Шет жақтағы үйлерден сыртқа атып шыға келгендерге, бейшара кемпір: «Бұ заманның еркегіне не болған? Сайға таман барып, дәретке енді отыра беріп ем. Мына бір шешек шыққырдың тарпа бас салғаны», — деп ауылды басына көтеріп келе жатыр дейді. Ал, үйден жүгіре шыққандар түзге отыруға барған кемпірді қуып келе жатқан көрсе басарды емес, ауылды үш жағынан иретіле орағытып жатқан өзен аңғарынан бірінен соң бірі қаздай тізіліп атып шығып жатқан түстері суық бейтаныс еркектерді көріпті.

— Ойбай! Жау! Жау шапты! — деп айқай салыпты сыртқа атып шыққан кісілер.

Сөйтсе, ауылдан бір де бір ат табылмапты. Бәрі жайылыста екен. Ыңыранған бай ауылы ұйқы-тұйқы болыпты да қалыпты. Көп ойбай, көп айқай. Құр ойбай, құр айқай. Сегіз қанат ақ орданың қақ төрінде манаурап жатқан Жомарт орынынан атып тұрып, кереге басындағы көк найзасы мен қылышын қолына ұстап, көйлек-дамбалшаң сыртқа жүгіре шығыпты. Жан-жақта жөңкілген дүрбелең. Есі кеткен халық анадайда аңырайып тұрған Үлкен Тұра мен Кіші Тұра — егіз таудың арасындағы қара аңғарға қарай босып барады дейді. Қара аңғарға тығылып қайдан құтылсын, алдарынан анталаған жау тағы шыға келіпті. Сүйтсе, қаскөй дұшпан көп әскерін сонда қалдырып, ұйқыдағы

ауылды үркітуге азғантай тобын жіберген екен. Сай бойындағы сатыр-сұтыр сайыс көпке созылмапты. Бейхабар отырған ауылдың еркек кіндігі сәскеге дейін түгел жер құшыпты.

Сәске тұсында жоңғарлар қараң қалған ауылдың қатын-баласын қиқулатып қамап қойып, сай табанында отырып тамақтанып алыпты. Сосын қатын-балаларды қойдай тізіп, ертең жесір мен жетім қып алдарына сап айдап кететіндерін сұрыптай бастаған екен, бір тайшы кеп:

— Жетім мен жесір алда да жеткілікті. Қатын-қызының ең сұлуын алыңдар. Балалардың ішінде қазақтың белгілі батырларының төлі болса ғана алыңдар! — депті.

Содан он шақты қыз-келіншек пен төрт-бес бала ғана іріктеліп алыныпты. Қалғандары сары масадай жабылған сай кез оққа жем болыпты.

Дәл сол күні дәл осындай оқиға найман Бөрте батырдың да ауылында болыпты.

Осылай басталған топалаң қаулады да жүре берді. Қаратаудың теріскейінің үш қаласы алдымен күйреді. Енді Боралдай, Бадам, Қошқар ата, Арыс бойындағы ауылдар талапайға ұшырай бастады. Қапыда тап болған жаудың хабарын кеш естіп асығыс атқа қонған қазақ қолдары өліспей-беріспей жанталаса шайқасса да, жау екпінін тойтара алмады, не бір қиын шатқалдардың ішінде, не бір жіңішке өткелдердің ауызында, Иқан, Түркістан, Қарнақ, Шорнақ, Сауран, Жөлек түбінде босқа жайрап қалды. Ол күндер қазақтардың көкіректері ояу қарияларының баяғыдан қақсап айтып келе жатқан ақыр заманының орнаған күні болды. Жан-жағың жайраған өлік. Арасында әлдеқайда зытып келе жатқан босқын елдің сіңірі шыққан қызыл сирағы. Мал жауда қалды. Бірінен-бірі адасқан жұрт. Ұлы жүз бен Орта жүздің найман, қоңыраты жол-жөнекей Сырдария бойындағы екі Ала көлдің екеуінің де жағасын өлікке толтырып Бұқараға құлады. Орта жүздің арғыны мен қыпшағы ақ шаңытты толарсақтан кешіп, ақ табан боп Торғай бойына түмсық іліктірді. Кіші жүздің ұлан-асыр көші басын тауға бір, ойға бір соғып, Сауранды бір айналғанда үш айналып, Қызыл құмның қалыңын кешіп, Хиуаның бойына тартты. Қызыл шағылды толарсақтан кешкен аш, жалаңаш... Ақай-жылау... Жұрттың үсті елбе-селбе... Бет-ауыздарын айғыз-айғыз шаң көміп, екі

көзі зорға жылтырайтын қалтақ-құлтақ мүскіндерді көргенде, әу баста топырақтан жаратылсақ, жаратылған шығармыз деп ойлайсың. Аш пақырлардың жата қалып құм аса десең құм асайтын түрлері бар. Шөп басында пісіп тұрған дәннен ештеңе қалмады. Су көрінсе жағасына жайғасып ап, бақыраш толтырып шөп қайнатып отырған бір адам. Екі-үш қайнатып, ашуын кетіріп, шайнасаң шағыр екеш шағырдың да ас болатынын ол сонда көрген. Алғидың тамыры, жау-жұмырдың түбі сораңның басын Қоңыраттың ақ жүгерісі ме деп қаласың. Құмаршықтың талқанына хан болмаса, қараның қолы жетпейді. Бұрын еріккен балалар қазатын қоян тобық, көсік, мондалақты енді таласып-тармасып сақалдары сапсыған үлкендер қазады. Күні кешегі ақ сәлделі ақсақалдардың шарта жүгініп ап, көсіктің түбін аршып жатқандары. Бұғының мүйізіндей шаңбақтанып өскен көк тарамыс шөптің ең ұзын тармағы қарап тұрған жаққа біреу жоласа, «Кет, әрі жүр, менің қазып жатқан көсігімнің жұбайын қазып қоясың», — деп байбалам салады. Тақыр көрінсе еңгезердей еркектер атынан түсе қалып, қынындағы қанжарын суырып алып, тамыры жарты құлашқа дейін тереңдеп кете беретін қоян тобыққа шап береді. Індігеш кезіксе, біреуі түтін салып, қалғандары жер жұтқыр жәндік қай арадан қашып шығар екен деп, екі көздері төрт болып торып отырғандары. Анада көктем басында күбідей болып семіріп алған мақұлықтардан үрерге ит қалмай барады. Бұрын аяғыңның астына кеп оратыла кететін жәреуке немелер қазір адам көрсе, жер түбінен безе жөнеледі. Мынау көзіне не түссе де, ұстап алып құзғын құрсақтарынан бірақ шығаратын екі аяқты жебірлердің жолында тұрмайық деп ай даланың аңы екеш аңы безіп кеткен. Бұл қара нөпір жолында тұрса, жолбарыс пен арыстанды да ұстап алып тірілей үйтіп асап салудан тайынатын түрі жоқ. Жылан екеш жыланның етінің де майы қалқыған тәтті сорпасы болатынын жұрт сол жылы білген. Құрт ауыруға борсықтың майының ем екенін, өкпенің қағындысына сары үйек жыланның сорпасының ем екенін, мысқыл жараны ыссылай тартқан күшік етінің былауы қағып түсетінін, белдің құяңын құмырсқаға таланып кетіруге болатынын қазақ сол жылдары ұққан. Ол сұмырай жылдары жұрт не сұмдықты біліп, не сұмдықты істемеді дейсің. Тіпті көш сайын ақсақалдарға ертелі-кеш

бесіктегі кішкене балаларды түгендеп отыруға тура келген тұстар да болды. «Арпа, бидай — ас екен, алтын, күміс — тас екен», — дейтін мақал да сол жылдары шыққан.

Құламаның құла шөлінде өлгендері өліп, жеткендері жетіп шұбырынды халықтың алды барып, Хиуаға құлады. Хиуалықтар әуелі көрместі көріп, келе жатқан көп шұбырындыға қолдарынан келгенше қайыр-патихасын берді. Бірақ, бір емес, он емес, жүз емес, мыңдаған қайыршыға қайыр-патиханы қайдан тауып бере берсін. Көп ұзамай мынау көшпенді шұбырындылардан азар да безер боп, қашатынды шығарды. Тас дуалға қамалып ап есіктерін ашпайды. Оған қараған көшпенділер бар ма, барып алып базарларын талады. Егінжайға, бақшаларына түсті. Жайылып жүрген малдары көзапара қызыл қуырдақ боп кетті. Енді хиуалықтар сыртқа есек екеш есегін шығармайтын күйге жетті. Сөйтіп өздері біреуден таяқ жеп қашып келе жатқан қалың босқыншы келе-келе басқыншыға айналды. Қараптан-қарап тал түсте таланып хиуалықтарды қара басып па! Сол жылдары талай қазақтың көлләсін сұр мойнақ мінген жәуміт жігіттерінің қайқы қылышы қақшыған-ды. Сөйтіп қазақ пен түрікпеннің арасына да қара мысық жүгірді.

Әй, ол жылдары несін айтасың. Ақтабан шұбырындының сұрқиясы мен сұмдығын айтып тауыса алармысың! Әбілқайыр бүгінде сол бір көп сұмдықты көз алдына елестетуге дәті шыдамайды. Есіне ол түсті-ақ төбе құйқасы шымырлап қоя береді. Бірақ бір нәрсені ғана ойына алмай тұра алмайды. Ол баяғы Көсегенің көк жонында қалған жаңғыз мола... Шалқасынан түсіп, көзін жұмып ойға батып жатқан Мәті. Сонда оның басында іштей егіліп отырып ойлаған ойлары. «Көкірегіннің көзі ашық, талағының биті бар азаматтардың бойкүйез болғаны өзінің де, халқының да сору...» «Тірі жүрсем ақыры бір жарып шығам...» «Ендігі халқыңның жол бастаушысы — жолбарыс та, бәрі де емес, қызыл түлкі...» «Қызыл түлкінің бір ауық құрт-құмырсқаға айналып, қайтадан қалпына түскені болашағынан әлі үмітін үзбегені шығар...» Құлағына жарыса жаңғырығып тұрған осы сөздер оның мынау аласапыранда жүріп, беталды құладүзге қаңғып келе жатқан өз жұртының осынша талайсыз болғанына

күйініп, әбден мұқап-мүжіліп болған жігерін қайта қайрағандай...

Шынында да, қазақ деп аталатын халықтың мынау ұлан байтақ кеңістіктен өз орынын, өз салмағын, өз қадірін таба алмай, тани алмай осы тозып кеткені кеткені ме екен? Қай жақтан күшті жел соқса, соның ығына домалай берер қайраңсыздықтан енді қайтып құтыла алмайтын болғаны ма? Оның ендігі тағдыры көк желкеден сұғынған көк сүңгінің айтқанына көніп, айдағанына жүру ме? Енді ол өз тізгініне өзі ие болудан мәңгі-бақи қалып, осылай жел қуған қаңбақтай жұртқа желкелетумен өткені ме? Жоқ, табан тіреп, бір тоқтамға бекініп, кер заманның кергісіне көне бермей, аруақ шақырып, айбын көрсетер күні болар ма екен! Мынау кім көрінген кемсіткен «майтымақ», «бұратана», «көшпенді», «босқыншы», «қаңғырма», «қой соңындағы қой» аттарынан құтылып қайтадан «қазақ», «қазекем» атанар күні туар ма екен? Жан-жағынан қыспаққа алып, арлан қасқырлардай анталап тұрған аран ауыздардан азуларында жаншылып, өңештерінен өтіп кетпей, құрт-құмырсқа екеш құрт-құмырсқаға да орынын тауып, ырзығын айырып, жайбарақат күн кешіп жатқан кең баайтақ қара жердің бетінде олар да жұрт қатарлы бастары қарайып жүре алар ма екен?

Ақтабан шұбырындының ала шаңытына ұрынып, басына күн туған бейшара халық, кім біліпті, күндердің күнінде есін біліп, етегін де жинар. Баяғы бір өңі екені, түсі екені белгісіз қызыл түлкі көз алдында құрт-құмырсқаға айналып кеткенмен артынан топыраққа бір аунап тұрып қайтадан қалпына түсіп еді ғой. Кім біліпті, қазақтың да бұл біржола құрығаны емес, қапысын тапқан аяр жаудың аяусыз жер соқтырғаны ғана шығар. Жұртыңды жөнге бастар болсаң, суырылып алға шығар тұсың осы! Тұрғыластарыңнан тұрқың озық екені рас болса, көрінетін тұсың осы! Бойыңды сарысудай сарыуайым ғана жайлап алмай, бір мысқал тәуекел қалса, оны ат қып ерттеп мінер кезің осы!

Әбілқайыр ойға шомды-ақ, әлдебір сиқыр дауыс намысын шабақтап, құлағына қайдағы-жайдағыны құяды да жатады.

Ал тәуекеліне мінсін делік... Сонда не істеп, не тындыра алады? Хиуаның өзбегі мен түрікпені көздеріне шұқып сыйғызар емес. Баяғыда бес қаруы белдерінде, қайраттары бойларында отырған шағында осы бір екі

шағылдың ығында тығылып отырып-ақ қарыны тоқ, киімі бүтін, құлағы тыныш хандықтарды мойын ұсынтып көндіре алмапты. Бақса, ертелі-кеш жер ұшық жасағандай жығылып-тұрып тоңқаңдап жүрер біраз диханды қол астында ұстағанның пайдасы болмаса, зияны жоқ екен ғой. Қап, бәлем, осыдан естерін бір жинап алса, бір етегін сонау Сарыарқаның салқын дөңіне қарай созса, екінші етегін мынау лайытып аққан екі дарияның бойына қарай созар-ау. Сонда, міне, қазіргідей тандыр жауып жатқан ала шекпеннің қасына барып алақан жайып, көзін сатып тұрмас едің, әлпештеп баққан ару қызыңды кәудіреген кәрі шалға бір қап арпаға беріп, обалына қалмас едің... Оның бәрі — мәңгінің қиялы. Қазір, мына қазір қайтпек керек. Тентіренді жұртың бұдан әрі тентірей берсе, несі қалады? Жоқ, қазақтарға, әйтеуір, бір тізгін тежер жер керек болса, ол осы ара, осы тұс...

Хан сөйтіп өз ойымен өзі пұшайман болып жүрген-ді. Бір күні сары бесінде атының сауырын ақ көбікке былғап, екі езуі екі құлағына жетіп, тама Есеттің шабарманы келсін. Әбден зәрезап болып қалған Әбілқайырдың жүрегі, қапелімде, тағы бір ойнақшып қалды. Аралдың арғы басына өтіп алып, оң бүйірін башқұртқа, сол бүйірін түрікпенге, қақ маңдайын торғауыт қалмақтарға қаратып, алшая қонып алған Адай, Тама, Табын ауылдарының өздерінің іргесінде де тыныштық жоқ еді, өздерінің өзгелерге де тыныштық көрсетіп отырғаны шамалы еді. Сүйтіп түске дейін «алақайлап», түс қайта «ойбайлап» қала беретін алмағайып кезде кесепаттың қайдан келедісі бар ма! Басына құс қондырып алғандай тымағы жалпылдап екі етек болып келе жатқан шабарман, сау болғыр, әйтеуір, анадайдан «Сүйінші!» «Сүйінші!» деп айқайлағаны.

— Иә, не қуаныш!

— Батырдың қатыны ұл тапты!

— Бауы берік болсын!

Жер түбінен шауып келген хабаршысының әлі күнге екі езуін жиып үлгере алмай тұрғанына қарағанда, батыр бөркін аспанға атып жатқан сияқты. Бармай болмайды екен...

— Тағы кімдерге хабар кетті?

— Бөкенбайға, Батырға, Төлебайға, Байсауға, Сырлыбайға, Шоланға, Есенқұлға, Жаулыбайға, Сабытайға —

қойшы, хан-ием, құлағыңызды ауыртып не қылайын, әйтеуір Жанарыстың етегін жауып жүрген біздерміз дейтіннің бәріне...

Хан қасына нөкерін ертіп Аралдың күн батыс бетіндегі теңізге еміне кірген бір қара түбекте отырған Көкінің Есетінің ауылына тартты. Шілде енді басылған, бірақ, сүмбіле әлі туа қоймаған, күннің сүйек балқытар сартап қызуының әлі қайратында тұрған шағы еді. Әбілқайыр тобы ай далада жалғыз жайылған нар түйедей бір сөңкиген биіктің басына шығып күн шалып, айналаға көз тастауға тоқтаған-ды. Күн асты шаңытқандай болды. Жел жоқ тымық алқапта шарбыдай ұйысып тұрып алған түбіттей түтілген шүйке тозаңның күн батыс құйрығы бірте-бірте ұзара түскен сияқты. Сүйтсе бір қашқан құландай түйдек топ күн батысты бетке алып суыт жөңкіліп барады екен.

— Анау не? Аң ба, жүргінші ме?

— Қараптан-қарап жөңкіле қашып, аңға не бопты? Жүргінші шығар.

Биік шоқының басындағы қалың қарайғанның қаптағайлап ойға құлағанын көргесін шүйе тозаң одан сайын зымырай түсті. Хан төрт-бес жігітті жұмсап:

— Анау не шаң екен, біліңдерші, — деді.

Жалаңдаған жас жігіттер аттарына қамшы басты. Қалаған топ сар желіспен соңдарына түсті. Бір қыр асқанша қолдарын бұлғалақтап, бейбіт жүргінші екендерін, хабарласқылары келетінін білдіріп еді. Көз ұшындағы шүйке тозаң, көрсе де, көрмеген болып қайырылмай тарта берді.

Біреп қыр асқасын қуғыншы жігіттер де аттарын ақ тер, көк тер қып қайтып оралды.

— Жеткізбей кетті. Жақындап барып: «Тоқтаңдар, хабарласа кетіңдер!» — деп айқай да салдық. Тоқтамады.

— Сықпыттары қандай өздерінің?

— Анық білмедік. Жетектерінде бос аттары бар. Бәрі де баран сияқтанды. Шамасы терге батып келе жатса керек. Алыстан шыққан жүргіншілер болмаса қайтсын!

— Қол деуге шағын сияқты. Әрі жүрісі тым суыт көрінді.

— Ендеше, не елші, не жаушы шығар.

— Елшілік болса, ерткен керуені, қарақұрым нөкері болмай ма?

Әбілқайыр сонау күнбатыс жақ белдерге сіңіп жатқан сұрғылт мұнарға біраз қарап келе жатты да:

— Жарайды, Есет күтіп қалар, жолдан қалмайық, — деді.

Күн кешкіре қара түбекте отырған Есеттің ауылы да көрінді. Батыр былтыр Қарағантүпті шапқанда, түрікпеннің бір бегінің он бес жасар қызын тартып алып келіпті деуші еді. Шамасы, сол босанып жатқан шығар деп еді. Шынында да солай екен.

Есет батыр жаңа босанған Жұмабибі сұлуды құндыз ішікпен қымтап, ортадағы лаулап тұрған отқа кесек-кесек шарбы май лақтырып:

— Ақ түйенің қарны жарылды! Ақ түйенің қарны жарылды! — деп алақанын шапақтап отыр екен. «Хан келеді!» хабарды естіп сыртқа шығыпты.

Сол екі арада түйдек-түйдек шаң әр тұстан да жиілей берді.

Жанарыс балалары аранға қамап аулап алған құланның қызыл қуырдағына белшесінен бөгіп отырған Есеттің ауылында екі күн жатты. Әуелі жаңа туған жас нәрестеге ат қойылды. Шешесі құланның етіне талғаған торсық шеке ұлдың аты Құланды болды. Өйткені ол туған қара түбек Құланды аталатын еді.

Той иесінің көңілін сонымен аулап үлгерген үлкен жиын енді ел жайын замана сылайына ауысты. Манағы бір суыт жөңкіген тозаңды жол-жөнекей басқа ауылдардан келе жатқандар да көріпті. Бөкенбайдың жігіттері қуып жетіп, жөн сұрасса Аюкенің елшісі Саған Мәжі болып шығыпты.

Әрине, ол сығыр мынандай ала топалаңның тұсында бекерге құйындатып жүрген жоқ. Бұл сапарында да бір гәп бар.

Есет батырдың дастарханында қолдарына бір-бір жілік ұстаған игі жақсылар сол жұмбақтың шешуін таба алмай бастары қатты. Бәрінің көңілдерінде де құлақтары қалқиып бастары қатты. Оны айтуға әуелі Әбілқайырдың көмейін біліп алғылары келеді.

— Мына жақтан Сыбан Раптан құтырғасын енді мына жақтан Аюке қозғалайын деп жүрмесін. Байластырған шоқайдан бұл екі ит біреуі ырылдағанда екіншісі неғып тыныш жатсын, — деді Бөкенбай, «сен не дейсің» — дегендей Әбілқайыр жаққа аңтарыла қарап.

Әбілқайыр ішін ашпай біраз отырды. Сәлден кейін үй-арасының үйреншікті күйбеңін сөз еткендей сүлесоқтау тіл қатып:

— Солай болса, солай шығар, — деді.

Манадан бәрі тым-тырс отырған Есет дүңк ете қалды.

— Ау, сонда жоңғардан төмпеш жесек жейік, ал мына торғайдай торғауытқа не жоқ. Найсаптар. Көптен бері қазақтың қамшысын жемей, бөкселері қышып жүр-ау, шамасы!

Ақсақалдар сұйықтау езу тартты.

— Соған осы Жанарыс балаларының өзінің де күші жетпей ме? — деді сол жақ қанатта отырған баппен қимылдап, баппен сөйлейтін Есенқұл мерген.

— Не де болса, Хиуаның ақ шаңына қамалып отыра бермей, бір тіршілік жасауымыз керек қой, — деді Батыр қою сақалын күміс бунақ қамшысының сабымен бір сүйкеп өтіп.

— Ендеше, — деді Әбілқайыр қасын кере ойланып барып. — Араға екі-үш күн салып қалмақтардың шеттеу отырған ауылдарына жансыз сіңіріп, хабар алу керек.

Осы бір бұрынғыдай орташа қамшы тастап, ду-ду жақ жырттыспаған бейбіт әңгіме: «Бет-бетіне тозған тірлікті қойып, тышқан ауласақ та, ешкімге көз сатпай күн көретіндей боп бір қайрат қылғанымыз жөн» — деген тоқтамға келісті.

Бәрінің де көмейінде: «Осы қоңыр күзден қалмай, іргеде жатқан торғауытқа топалаң боп тиелік. Малың олжалап қана қоймай, кеше қоңтайшының қол астында қалған ен өрістің орынына Жайық пен Жемнің бойына иек артып алайық», — деген тұжырым тұрды.

Жас нәрестенің қуанышына жайылған дастарқанға жиылған жақсылар осыған серттесіп тарасты.

Әбілқайыр осы бір бейберекет кездегі әбеқоңыр дастарханның басындағы мөлтек мәжілістен тоғайып тұрды. Жұрт бұдан бір қайрат күтетін сияқты. «Не дейсің?» Не істегеніміз жөн?» — деп аңтарылатындай. Оны бірақ бетіне салық қылмай, жазғыра сөйлемей, қайта: «Сенеріміз сенсің. Алдымызға түс. Тәуекелді тағы бір сынап көрейік те!» — дейтін секілді. Қызыл сөзі, қыздырмасы жоқ, үй ішінің: «Ертең қонақты қайтып қарсы аламыз, қайтып шығарып саламыз?» — деп оңаша күңкілдескеніндей ағайыншылық әңгімеден көптен бері ширығып шиыршық атып жүрген жүйкесі су бүріккен қайыстай жұмсарып сала берді. Бұрын басын қайда бағыттаса да тірсегіне орағыта кетер қыл тұсау шешілейін дегендей... Алдынан даңғыл жол шықпағанмен, адымын аттатпай діңкесін құртып келе жатқан айнала тығырықтан иек асырар бір соқыр соқпақ

сес бергендей. Ақ тақырдың үстіндегі жалғыз сабақ ақ жіптей еміс-еміс қылаңытқан сол сүрлеу көңілдің көптен қапырық уайыммен удай ащы өкініш, ыза жайлап алған қапас күркесіне майға батырып құмалақ шаншып жалғыз тал жалпылдақ шырақ жаққандай, көкірегінде бір ұры сәуле жылт-жылт етеді. Ол енді сол әлсіз шырақты ебедейсіз қимылдап сөндіріп алмайын дегендей, не жайында ойланса да, үркесоқтап, алды-артын сарапқа салып әбден салмақтап бағады.

Кешегі күн астына қарай құйғытып бара жатқан ақ құйын Саған Мәнжі деседі. Ол сығыр қазақшаға судайтұғын. Жасырақ кезінде, қолына дербес тізгін тимей тұрғанда Аюкені де біраз сығалап көргені бар. Ондағы ойы — бір жағынан башқұрт, бір жағынан түрікпен түрткілеп маза бермейтін өз ұлысының, ең болмаса, торғауыт жақ іргесі тыныш тұрар ма екен деген далбаса еді. Оның үстіне, Түркістандағы үлкен шаңырақтың алдында алақан жая бермей, өз бетіне, өз жөніне жүргісі келгені тағы бар. Әлгі Саған Мәнжіні сол кезден білетін. Ай шеке, қасқа бас, қоңқақ мұрын, салдыр-салақ қатынның екі жеңіндей желпілдеп жүретін желбірек мұрт, ала көз неме ойқы-шойқы тұлға-тұрпатына қарамай қара сөзден қаймақ алатын ділмартұғын. Барған жерінен, ең болмаса, бір сабақ жіп жапсырып кетпесе, басы ауыратын алпауыз қатын сияқты құр қол қайтпайтын. Ол, әншейін, «барып кел, біліп келге» жүрмейді. Ол, әншейін, «барып кел, тындырып кел». Оның қоңтайшыдан не тындырып келе жатқанын бір алла білсін. Әйтеуір, Аюкені білетіндер «Саған Мәнжіні жіберсе — артында бір салмағы бар, Меңлі Қашқаны жіберсе — артында бір жанжалы бар», — деуші еді. Торғауыт ханының жалаңдаған қос тазыдай осы бір екі елшісінен жұрттың бәрі тіксініп отыратын. Саған Мәнжінің бүгінгі ақ шаңыт қып арқалап өткен салмағы кімнің мойынына түсетін батпан жүк? Торғауыт пен ойраттың арасындағы салмақ орта жолдағы қазақтан басқа кімнің мойынына түсуші еді. Қазақ болғанда да, бұның мойынына, мұның қол астындағы Жанарыстың мойынына түсетін салмақ шығар. Ойраттың шырғалаңы — исі қазақтың ортақ шырғалаңы болса, торғауыт пен түрікпеннің шырғалаңы — Кіші жүздің енші шырғалаңы. Бәлкім, Түркістанды алып бәлденіп жатқан Сыбан Раптан күн батыстағы ұяласына: «Мен іргеңе барғанша сен неғып тыныш жатырсың? Мен

сол бүйірден қысқанда, сен оң бүйірден сықпайсың ба? Сүйтіп маңқа қазақтың екі бөтекесін алқымына әкеліп, алақанына төгіп бермейміз бе!» — деп бопсалатын шығар. Онда тағы бір зобалаң қоздады дей бер. Қапы қалуға болмайды. Мұндай жағдайда жан-жағыңдағыңның бәріне сүйкенсең — құрдым түбіне бірақ кеткенің. Сондықтан, жан-жағыңдағы анталап тұрған ақикөз көршілеріңнің көбінің әзірге көңілін аулай тұрғаны жөн. Ол үшін қазаққа қазір қалмақтан басқа ешкіммен жауласуға болмайды. Хиуа мен Қарақалпақтың жерін шаңдатып жатып алмай, тездетіп кеңіске шыққандары керек. Қос қапталдың екеуіне де бұрылмай Еділ мен Жайыққа қарай ентелей бергендері жөн. Қазақ пен қалмақ ұстасса, Башқұрт пен түрікпен аңыс аңдып тыныш тұрады. Әзірге Жем мен Сағыз Елекке сұғынтып үш арыс ұстап, қалың ойрат жатқан кеуде мен бөксені алты шекті мен жеті руға қалқалатып, ілгері ұмтыла бергеннен басқа жағдай жоқ. Түрікпен жақ қанатқа Есенқұл, Назар, Сабытай бастаған адайды, башқұрт жақ қанатқа Бөкенбай бастаған табынды ұстап, Есет бастаған Тама мен қалған Байұлыны торғауыт ұлыстарына қарай ұмсынта берген дұрыс. Адай мен Табынның тентек-телісіне Самның жәуміті мен Мұғаджардың етегіне көз алартпай тұра тұрыңдар деп ескертіп қоймаса болмайды. Бірақ, қазаққа қазір торғауыттармен бірден ұстаса кетуге тағы жәй жоқ. Әуелі қонтайшы мен ханның не деп ауыз жаласып жатқанын біліп алғаны لازم. Ол үшін мал айдап қазаққа жеккөрінішті боп, соқа ұстап өзбек пен түрікпенге жек көрінішті болып: «Қашанғы кім түртті болып жүреміз, Қап тауына кетеміз», — деп кеңірдегін созып отырған қарақалпақтарды алға салу керек. Олар барып: «Өткел беріңдер. Қап тауына өтеміз!» — деп көкірек тіреп тұрып алса, Жайық пен Жем бойын жортқан мал түгілі ұшқан құстан жандары қалмай қорып отырған қалмақтар мен қазақ орыстардың бір сыр шығарып қалары сөзсіз. Арғысын уақытында көре жатар.

Енді Әбілқайыр тағы да аттан түсуді қойды. Арал теңізін шырқ айналып шықты. Сырдың сағасы мен Амудың сағасында аяқтарын қияқ тіліп ау сүйретіп жүрген, шағыл мен сордың арасынан сиырдың тіліндей құнар тауып, соқаға жегіліп жүрген азғантай жұрттың ауызы дуалыларымен тастамай сөйлесіп, құлақтарына

құйып бақты. «Жазғандар-ау, сендер біз сияқты бір жағыңыз Алатауға, бір жағыңыз Көкшетауға, бір жағыңыз Қаратауға кіндіктеріңнен байланып жатқан жоқсыңдар. Біз ырғалып-жырғалып көшеміз деп жүргеннің өзінде алар жау алып, қаптар топан қаптап үлгереді. Ал, сендер болсаңдар, қашса — қамшысы шапшаң, құса — құрығы жеңіл бір уыс қана елсіңдер ғой. Мына ала топанның арасында не бітіріп отырсыңдар. Табан жұрттарың Сыр бойынан көтерілер өкшелерің көтерілді. Амударияның арнасына сендерді нанға тойып арғымақ мініп алшаңдаған хиуалықтар сірә жолата қоймас. Желкеңнен ол төмпештеп, кеудеңнен бұл төмпештеп бекерге құрып кетесіңдер ғой. Одан да Жайық пен Еділ асып, Қап тауының Қарақұмына жетіп алмайсыңдар ма? Ол жақта далиған далалар тіс тимей, тұяқ тимей бос жатыр дейді. Халқының бәрі өздерің сияқты әлім-берім көрінеді. Сендер көш түзеп, жөнге шықсаңдар, мынау Темірден бастап тезекше төгіліп жатқан көп қалмаққа біз де шеңгелді салар ек. Кеш қалмай тұрып, ең болмаса, құба қалмақты төмпештеп алмасақ, ертең, кім біліпті. Сыр бойына табан тіреген қара қалмақпен жең ұшынан жалғасып, екі оттың ортасында қалармыз», — дейді.

Жем мен Жайық бойынан тыныштық кетті. Бүгін көшін шұбыртып қарақалпақ кеп: «Қап тауына өтеміз. Өткел бер!» — деп дігірлейді. Ертең қазақ пен қарақалпақ барымташылары жусап жатқан көк ала жылқыны көзапара тырқыратып қуып әкетеді.

Сол ала шапқыннан қазақ тек аш-арықтың ауызына тосар азық айырып қана қоймай, дүсірлеген жер мен ызыңдаған желге құлағын тосып отырған игі жақсыларының көңілін сан-саққа жүгіртетін хабар да әкеледі. Сөйтсе, бұған дейін Қаратаудың қос қапталын аспанға айналған ақ тозаңға малып, үш арыс қазақты үш тарапқа дүркірете қуып, енді бір секірсе, Аралдан асардай боп жойқын келе жатқан жоңғар әскеріне жер түбінен бөріктерін аспанға атып, айқайлап қуанып отырған торғауыт тайшылары қазір су сепкендей басылып қалыпты дейді. Әнеукүнгі ақ тозаң — осыдан жеті-сегіз жыл бұрын қоңтайшыға кеткен елші Саған Мәнжінің артында шынында да, зіл батпан салмақ жатқан боп шықты. Бірақ, бұл жолғы салмақтың тек орта жолдағы қазақтарға ғана емес, қалмақтардың өздеріне де оңай тие қоймас түрі бар. Аюке хан,

қапелімде оған түсіне алмай, тіпті «құдай берген екен», деп санын шапақтап қуаныпты. Қонтайшы оған: «Келесі жылы көктемде, тәңірім дегенге жазса, Еділ мен Жайықтың жағасын жайлайтын болармыз. Арамыздағы қыл өтпестей татулығымыз бұзылмасын десең, екі қызыңды не екі қарындасыңды менің екі балама не екі ініме телі. Алдымыздағы көктемде қар кете біздің балалар, сіздің ұлысыңызға қалың ойнап баратын болсын», — деп сәлем айтыпты.

Аюке бұны естіген бойда үлкен баласының қызын Сыбан Раптанға аттандыратын болып, жасау жиып, Астраханьға, Қазанға, Мәскеуге ат шаптырып, біраз шашылыпты. Оның бұл қапылысын өзге тайшылар естиді. Бірақ, ол немелер Аюкедей қуана қоймайды. Қайта көбінің қабақтары түсіп кетеді. Әсіресе, Жайықтың күн батыс бетінде хан ордасының тап іргесінде отырған Досан тайшы табанын шоқ күйдіріп бара жатқандай тызақтап үйіне отыра алмапты. Шауып отырып ханға барыпты. Аюкенің оң құлағының астына ауызын төсеп «Ертең қара қалмақ қаптап кеткенде, өрісіміз тарылмай ма? Тап іргемізде аш бурадай шабынып қазақ пен қарақалпақ тағы тұр. Көрерсіз де білерсіз, Сыбан Раптаннан қыз беріп құдандал боп құтыла алмайсыз. Ертең ол әуелі тайшыларыңызды өз жағына шығарып алады. Сосын сізге бас салады. Екі қалмақ қосылып, бір жұрт болғасын, оған екі билеушінің қажеті қанша! Айтпады деменіз, мынау ен жайлап отырған Еділдің бойы қонтайшының көз құртын оятып отыр!» — деп зарлап қоя берді.

Жасы ұлғайып келе жатыр еді, алжып қалмаса, ол байбалам қанша миғұла болса да, Аюкені де ойлантар.

Сыбан Раптан үш жылдан бері: «Қазақ пен қарақалпаққа қарсы соғыс ашам, ар жағынан азаматыңды атқа қондырып сен тиіс, бер жағынан аламанына айқай салғызып мен қаптағайлайын, сонда сонау Еділден бермен қарайғы ен өлкеге біз ие болмағанда, кім ие болады. Алтай мен Еділдің арасында ойрат пен торғауыт қана жайлайды. Бір кезде Шыңғыс хан жаулап алған ұлан-асыр өлкені өз қол астымызға қаратамыз. Жойқын маңғолдың жойылып бара жатқан даңқын қайтадан көкке көтеретін біз боламыз», — деп желпіндіріп келіпті. Ондай әңгіме орыс патшасының оң қолында отырғанмен Аюкенің де құлағына майдай жағады екен. Енді, міне, қонтайшы Қаратаудың бойына

тұмсық іліктіріп алғасын, әлгі әңгімесін күрт өзгерткен сыңайы бар. Бұрынғы терезесін тең ұстайтын досжар әңгімесіне «қыздарыңды бер», «алдымыздағы көктемде қар кеткенше біздің балалар сіздің ұлысқа қалың ойнап бара алатындай болсын», — деген өктем пәрмен араласыпты. «Дәм бұйырса, алдағы көктемде Еділ мен Жайық бойын жайлайтын шығармын», — дейді. Сонда Аюке қайда көшпекші? Ол өзін бұған дейін жоңғар қонтайшысының емес, орыс патшасының боданымын деп санаушы еді ғой. Сыбан Раптаннның «Еділден бергі жерді қайтадан өз қол астымызға қаратамыз» деген әңгімені ол «сен маған бағын» деген деп емес, «айтылмыш өлкені екеуміз екі жақтан тиісіп бірге жаулап алайық» деген сөз деп түсінетін. Қонтайшымен терезесін тең ұстап: «ол қара қалмақтың әміршісі болса, мен құба қалмақтың әміршісімін», — деп ойлайтын. Саған Мәншінің ауызында келген мына сәлемдеме: «Сен, шал, менен көп нәрсе дәмете берме. Қыз беріп, қыз алысқан құдам бол. Содан артыққа бекер тамағыңды ісірме. Ноқтаңды ұстатып боданым бол!» — деп тұрғандай ғой.

Аюкені жұрт «патшаға еріп, ойды орып, қырды қырып жүріп талай пәлеге үйреніпті; удай ақырған ащы айранға орыстан да әрменірек бір жұрттың жараған бураның ақ көбігіндей бұрқыраған тентек суын қосып ішпесе, сусыны қанбайды екен; ал әлгі пәлені сіміріп алғасын бойына дуа түсіп кеткен кісіше мәңгіріп қалады екен», — деп қанша пыш-пыштағанмен де, қонтайшының дәл мынау қара матаны ақ жіппен көктегендей олақ та оданы тұспалын түсіне қоймас дейсің бе?

Саған Мәншінің хабарын естігенде, шарап жұтпақ түгілі шайтан жұтып қойса да, төбесінен біреу мұздай су құйып жібергендей, айығып кеткен шығар-ау. Күні кешегі «бір жағынан ақ патшаның досы, бір жағынан қонтайшының туған құдасы боп, Еділ мен Алтай арасындағы қалпағын алшысынан киген ең бақытты пенде мен болатын шығармын», — деген есірік қиялы желге ұшпады дейсің бе? Жайық бойының жағалай жазығы мен Еділ бойының ну шалғындарында маң-маң басып маңғыстап жайылып жүрген аққу мойын аруаналары мен қаз мойын ақалтеке арғымақтарын түре қуып тастап, кенедей жабысып жатқан қонтайшының айыр өркеш, жалпа төс жапырақ жарбайлары мен есектен бойы әзер асатын жермен-жексен жабылары көз

алдына бір елестеп өткенде-ақ, өз төңірегіндегі өзімен құрсақтас бауырларының бәрін құртып, қалың жоңғардың бар тізгінін бір уысына жиып ап, жыландай ысқырып отырған қатыгез Сыбан Раптанның баяғыдан бері жер түбіндегі бұған неғып емешегі үзіле қалғанын ұққан шығар-ау! Бақса, батырың ай астының зоры болам деп жүргенде өз ұяластарының қоры боп қала жаздапты ғой!

Қап, бәлем, қалай екен... Баяғыда: «көршіміз ғой, тату-тәтті болайық!» деп барғанда, Әбілқайырға: «Боданым болсайшы!» — деп шалқығаны бар еді. «Бодан бол!» — деген әңгіме енді өзінің құлағына майдай жағар ма екен көрейік!» Аман болса, қақпанға түскен қасқырдай аласұрып бағар. Айналасына елші шаптыра бастар! Бір баласын шапанын жалпылдатып Астрахань-дағы орыс өкіметіне аттандырды деген. Көп ұзамас, бір елшісі етегі делбеңдеп бұған да келер.

Аюкеден елші шықты деп естіген күні Әбілқайыр шұғыл атқа қонып, қазақ пен қарақалпақтан жиылған жиырма мың әскермен Темір өзенінің теріскей бетіндегі қара сұр дөңге қарақұрым қосын тігіп жатып алды.

Көк белдің басындағы ақ шатырға хан орданың орынына мінезсіз қатындай көк талақтанып алған қатқыл дөңге қаздай тізіле қонған қара нөпір еру қолды көргенде қалмақ елшісінің жүрегі мұздап қоя берген. Бірінен-бірі өтіп, қабарытып алған, өңдері қату өңшен батырлардың арасында айылын жимай, алшия жайғасқан сұп-сұр ханның алдына келгенде тіпті тілінен айырылып қала жаздады. Әміршісінің айтып жіберген әңгімесін майдан қыл суырғандай қып майдалап айта бастап еді, ханның қиылған жіңішке қасы түйіле түспесе, жазыла қоймады. Талай-талай зобалаңның басы-қасында болған жылпос елші отырғандардың бірі болмаса бірі бұның алыстан орағытып, иінін келтірудей-ақ келтіріп айтқан жүйелі сөзінің бір жері болмаса, бір жеріне бас изеп қала ма деп, тышқан көзін тыным тапқызбай қыдыртып бақты. Бірақ қазақтар шетінен оқтау жұтып, қойғандай кекшиие-кекшиие қалыпты.

Елші сөзін бітіргенде хан қасындағыларға қарады. Қасындағылар жапа-тармағай ханға бұрылды. Жоңғар десе аузы қышып кететін Есет батыр бұл жолы Бөкенбайдың алдын орай сөйледі.

— Аюке бейбітшілікте болайық дейді екен ғой. Оған да бейбітшілік керек екен-ау.

— Иә, — деді қалмақ елшісі жүзін жылытып, батырға мәймөңкелей қарап.

— Ендеше, бізге елші салғанша, неге қонтайшыға елші салмайды? Сөзі өтсе, соған айтсын! Қазақ қалмақтан бұрын қол салып отыр ма?!

— Талайдан бері ауылымыз аралас, қойымыз қоралас сіздер түсінбегенде, жер түбіндегі қонтайшы... — деп елші сөзді созбақтай жөнеліп еді, Әбілқайыр қолын көтерді.

— Жә, жетер. Қонтайшыға сөзі өтердей Аюке кімнің шікірәсі болыпты. Қонтайшыға салсаң, ол ертең Аюкенің ақ патшаның қолтығындағы басын айбалтамен бір қырқып, Еділдің ойығына лақтырады. Біздің арамызда Аюкемен бітім жайында сөз болмайды. Біз бітім жайында сөйлессек, тек қонтайшының өзімен ғана сөйлесе алармыз. Ол бірақ, бүгін болмағанмен күндердің күнінде болмай қоймасы хақ. Биыл қазақты жоңғар емес екі жыл қатарынан тап болып отырған жұт пен қуаншылық жеңіп кетіп отыр. Құдай қазаққа қашанға қырын қарай берер дейсің. Ол да еңсесін тіктеп, есесін қайтаратын күн туар. Аюкеге айтарымыз: егер құзғын басын қазақтардың да, анау Алтайдан жөңкіліп келе жатқан ұяластарының да қанды семсерінен есен алып қалғысы келсе, Жайық пен Жемнің бойын босатсын. Бабасы Хо-Өрліктің Тарбағатайдан тайлаққа артып әкелген Еділі мен Жайығы жоқ. Судың да сұрауы бар. Сұраушысы келді!

Елші мүләйімсігені де, кекеткені де белгісіз, езуіне күлкі жиып:

— Аюкеге әлімжеттік жасағанмен, ар жағында ақ патша тұр ғой, — дей беріп еді, хан тағы да киіп кетті:

— Қалмақшаға түсінген патшаң қазақшаға түсінбес деп пе едің. Тіпті болмай бара жатса, көк темірдің сартылымен сөйлесерміз, — деді де, орынынан шапшаң көтерілді.

Онысы «сөз осымен бітті» дегені секілді. Қасындағы қалың жиын да дүр түрегелді. Елшіге орынынан тұрудан басқа амал қалмады.

Байтал түгіл бас қайғы боп, кейін қарай зымыраған Аюкенің елшісі жолындағы қалмақ ұлыстарын дүрлік-тіре жүрді.

«Ойбай, жау келіп қалды! Жау!»

Бұл жолы да жұрттан бұрын Жайықтың арғы бетіндегі Досан тайшы дүрлікті. Аюкеге тағы да жаушы шаптырыпты. «Назардың Доржысы бес мың қол жиып алып, «тек өз ұлысымды ғана қорғаймын, басқанды білмеймін деп отыр, қол қоса көріңіз», — деп жанықты. Аюкенің өзінің жаны да мұрынының ұшында тұрған. Астраханьдағы губернаторға кісі шаптырып әскер сұратыпты. Оның бәрін естіп-біліп отырған қазақ қолы: «Әзір бізге Жайықтың бергі беті де жарайды», — деп, Жем бойындағы Лекбай тайшының ұлысын шауып, мол олжаға кенеліп кері қайтты. Темір даласында тағы да бір «Қалмақ қырылған» ат қалды. Бұл шайқаста, әсіресе, Көкінің баласы Есет батыр күркіреді. Мынау тақтайдай тегіс қара дөңде бір кезде арғы бабасы Қарадөң, одан бергі Жұбаныш, Сүйініш, Бегіс, Көгіс, Тамалар талай ойнақ салыпты. Сүйініш бабасы тап осы Темірдің жағасында бір өзі бір мың қолмен алысып жеңіпті. Ноғай мен қазақ жыр қылып қақсап келе жатқан бұл қоныста бала кезінде өздері де талай қыстап, талай жайлаған-ды. Оның батыр аты да алғаш рет осы ұшан далада шыққан-ды. Бүгінде қазақ арасында өзге түгілі Есеттің өзі де қызыға тыңдайтын бір аңыз бар. Есет батыр жасында бойы сорайған, ештеңеге ебі жоқ, ерең-серең ұйқышыл бала бопты. Он жеті жасында үйдің оң жағында төсекті қалың салып, көрпені қалың жамылып ұйқы соғып жатса, ауылға жау шауыпты. Олар оң жақта ұзынынан түсіп, көрпеге қымтанып жатқан кісіні дімкәс кәрі-құртаң біреу шығар деп ойлапты. Одан басқа еркек кіндіктің қол-аяғына кісен салып айдап әкетіпті, қыз-қырқынның қол-аяғын буып байлап әкетіпті. Есет бесін ауа ұйқысы қанып, көзін ашса, есіктің алдында бір жеңгесі жылап отырыпты. «Сені де шешей сары үйек жыланға талғап, ұл тудым деп қалжа жеді-ау. Елді жау шауып кетті, сенің жатысың мынау», — депті. Көзін уқалап атып тұрған бала жігіт сыртқа жүгіре шықса, көлік жоқ. «Жылқының бәрін жау қуып кетті. Сай бойындағы ақсақ құлынды биеден басқа қыл құйрықтан тұқым қалған жоқ», — депті жеңгесі.

Есет сол ақсақ биені ерттеп ап жау соңынан қуып берсін. Аяғына жем түскен ақ сұр бие тұяғы қыза келе құстай ұшсын. Ақ пен қызылдың арасында жауға да жетсін. Не болғанын өзі де білмейді, ыңырантып олжа

айдап бара жатқан қалың жау бет-бетіне қаша жөнелсін.

Есет төсекке байтаба шалбар үстімді қышытады деп тыр жалаңаш шешініп жатады екен. Мына «жау шапты» хабарды естігенде есі шығып кеткен батыр атқа сол қалпы қоныпты. «Бәсе, ол жүзіқара маған қайынатасын көргендей тура қарай алмай қымсына қырындай сөйлеп еді-ау» — дейтін көрінеді өзі кейін сол оқиға есіне түскенде жеңгесін боқтап. Өзінің айтуы: жау жағы ақ пен қызылдың арасында арттарынан ақ боз мініп, қуып жеткен тыржалаңаш кісіні шайтан деп қалса керек. Елдің айтуы: қалмақтар еліне: «Бай ауылдан ырғап-жырғап мәз боп келе жатыр ек. Бір уақытта, артымызға қарасақ, жан-жағымыз өңшең бір ақ боз ат мініп, иреңдеген ұзын қара кісіге толып кетіпті», — деп барыпты. Содан жұрт: «Бұл Есеттің киесі бар. Жаудың көзіне бір өзі бір мың кісі боп көрінетін көрінеді», — деп жайды. Не де болса, Жайық пен Жем бойындағы құба қалмақ Көкінің Есеті дегенде зәре-құттары қалмайды деуші еді, сонысы рас болды. Әлде күшік күнінен талап қалған төбетті жеңе алмайсыңның кері ме! Әйтеуір, жасынан аты шығып кеткен батыр: «Қара бура!», «Қара бура!» деп айқай салғанда, қалмақтарды, шыннан да, пысы басып кететін сияқты. Әншейінде қаңқиып бос белбеу жүретін ұзын кісі жауға шапқанда екі көзі жанып, екі тізесі атының шықшытын қағып, иегін желдей зымыраған жануардың желкілгене кекілі желпіп келе жатады екен.

Ұзын сирақ тарамыс кісі ылғи ақ боз ат мініп жүреді. Апаларынан туған жиендерін кетелер өз әулие көреді. Туған нағашысы Балпаш би жайса белге, жапса көлге сыймайтын көп жылқысын аралап жүріп: «Іштерінде Есетжан мінетіндей біреуі жоқ, өңшең тұңжым!» — деп күйінеді екен. Жай кезде қайнағасы Бөкенбайдың оң тізесіне отырып алып, бас изеуден басқаны білмейтін көнтері жігіт қолына найза ұстап, атқа мініп алғанда тым шытырлақ ашушаң боп кетеді. Темір даласындағы шайқаста қазақ қолының оң қолында сол жүрді де, сол қолында Көкінің тұңғышы атақты Қарабас батыр шайқасты. Жаудың Есет жақ қанаты әп-сәтте селдіреп қалды. Қарабас жақ қанаты біразға дейін киіздей ұйысып тұрып алды. Сонда жаудың біресе оң жағынан, біресе бұл жағынан шығып, бұлағайды салып жүрген

Есет ауық-ауық ағасы жақ қанатқа көз тастап, шаңқ-шаңқ етеді:

— Қара басқыр Қарабас, қара басты ма, не болды?

Есеттің туған ағасына «Қара басқыр Қарабас» деп ұрысқан сол шыдамсыздығы ел арасына мәтел боп тарап кеткенді. Інісіндей емес, екі иығына екі жігіт мінгендей денелі, ылғи басын бір жағына қарай қисайтып күліп жүретін қолбаң Қарабасты қазір құрдастары қит етсе: Қара басқыр Қарабас, қара басты ма, болсайшы, — деп мазақтап жүргізбейді. Оған қыңатын Қарабас жоқ, шақшасының тығынын таңқ еткізіп ашып, қара бұйра насыбайын танауына апарып таңқ еткізіп бір түшкіреді де: «Сол енеңді ұрайынның сөзін қойшы», — деп інісін бір боқтап, кеңк-кеңк күледі.

Темір жағасындағы шайқас қазақтардың жығылған жағасын қайта тіктегендей болды. Әбілқайыр да бұрынғы тыз етпе ашуын тастап тыныш ұйықтайтынды шығарды. Қалмақ ұлыстарына баяғыдасындай маза бермей тұр. Өзінің балдызы Есенқұлдың Есеті бастаған адай қолы Жем мен Сағыздың бойындағы ауылдарын күнара қиқулатты да тұрды. Қарақалпақтардың құлағына үшкіріп-түшкіріп: «Қап тауына өтеміз. Өткел бер!» — дегізіп Жайық қазақтарының құлағын сарсытты. Тек жүйкелеріне ғана тиіп қоймай бақшаларын тапап кетіп, оқшау жүрген аңшы, балықшы болса, ат көтіне өңгеріп әкетеді. Онда да бір іш есебі бар-ды. Жоңғардан босып келе жатқан қаңғыма қазаққа ақ патша қазір назар аудара қоймайды. Жалынып-жалпайып қанша елші жіберсең де, кекірейіп жөн сөйлеспейді. Патша әкімдерінің назарын аударудың жаңғыз жолы — қалмақтардың құлағын қиқудан, Жайық казактарының іргесін дүсірден айырмау. Сонда олар барып ақ патшаға шағынбағанда, алақанын жайып аллаға да сиынар дейсің бе? Бір күні селт етпес, екі күн селт етпес... Қашанғы шыдар дейсің. Бір күні қауға сақал елші «Здірәсте» деп жетіп келер. «Здірәстесіне здірәсте». Бұған да керегі осы «здірәсте...»

Жайық бойына жортуыл Темір шапқыншылығынан кейін тіпті жиілеп кетті. Оның үстіне торғауыт қалмақтарының да жағдайы қаша бастады. Ентелеп келіп қалған қазақтар мен қарақалпақтардан бір қорқып, олардың көк желкелерінде келе жатқан көк сүңгілі өз қандастарынан екі қорқып, күні кеше жағасы жайлау жайбарақат отырған тайшылар қаралай өріске

таласып қырқысып бермесі бар ма! Әбілқайырдың жер қайысқан жиырма мың әскерінің қарасын көрмей жатып қалмақ ханының уәлиі Шырындөндік, Дөндік-Омбы тайшы мен Дармабала ханша «Жайық бойының өрісі азып кетті» деп Сарытауға қарай жөңкіле көшті. Досан тайшы Астраханьның түбіне, Еділ бойына жылжып қонды. Жайық бойындағы Теке қаласының маңында отырған Назардың Доржысы мен оның баласы Лобжы Астарханьдағы орыс әкіміне: «Досан менің жерімді алып қойды», — деп байбалам салды. Соның бәрін өз ұлысында жатып естіп жатқан Әбілқайыр: «Менсіз де қырылысып жатқан тайшылар одан сайын қызыл шиқан бола түссін», — деп, бұлар ақтабан шұбырындыда жүргенде башқұрттар кеп қонып алған Елек, Ор, Қарғалы, Қарабұтақ, Ырғыз бойларын қайтадан қол астына қаратып, терістікке қарай шалқайды.

Жайық бойының тынышы кеткені патша әкімдерінің де қабырғасына батайын десе керек, ол кезде Кіші жүз бен қарақалпаққа ортақ билеуші болып алған Әбілқайырға сонау Мәскеуден аяғы салақтап елші келді. Әбілқайыр оны қарақалпақ арасына барып қабылдады.

Басынан сәлдесін, аузынан «алласын», қолынан кітабын тастамайтын жүндес, жіпсік көз, шикіл сары татар молдасы Мақсұт Жүнісұғлы аржағындағыны айтқызбай біліп отырған көріпкел кісі екен: «И, и, бүйтіп жүре берсеңдер, пышырап кетесіз әлі. Онан да әзір кеш қалмай тұрғанда, патша ағзамның боданында болып, шапағатына ортақтасқан лазым. Әне, өздеріңдей көшіп-қонып жүрген башқұрттар мен қалмақтарды көрмейсіңдер ме! Оларға кім тиіп жатыр», — деп сайрап қоя бергені. Бұл Әбілқайырдың көптен бергі ойы еді. Кім көрінгенге көз түрткі болып жүрген көшпенді жұртпен ормандаған орыс одақтас боп, жоңғарға қарсы жорыққа қол қосады деп жүргенде қазақ, міне, алғидың ала шөлінде қаңғырып қалды. Ендігі жалғыз амалы орысқа одақтас бол деп басын қатырмай, «қол астыңа ал, жауға шап десең, жауға шабайын, қарап отыр десең, қарап отырайын, әйтеуір мынау башқұрттар мен қалмақтар құсатып, іргемді ешкімге шұқытпай бейбіт отырғызсаң болғаны» деу.

Әбілқайыр әрі ойланып, бері ойланып, осыған бел бұды. Бұл жолы баяғыдай күллі алаштың билері түгілі Кіші жүздің билеріне де ақыл қосқан жоқ. Олар естіп қалса, қандай байбалам салатындарын кім біліпті деп,

патшаның елшісімен әдейі өз ұлысында емес, қарақалпақ арасында кездесті. Жаны ашыса да, ашуланса да, ренжісе де әлденеден көңіліне дік алып жиіркеніп отырған кісідей басын оқ жыландай тіктеп алып: «и, и...» деп ышқына ыңыранып барып тіл қататын түлкідей сығыраңдап, мысықтай сыланып-сипанған кірәп діндардың қасына Қойбағар Көбек ұлын ертіп жіберді.

Тұрымтай тұсына, балапан басына боп, әр қайсысы әр қырдың астына барып тығылған қазақ ұлыстары елеңдеп жан-жағына құлақ түріп отырған-ды. Олар Әбілқайырдың әр адымын аңдып, әр ісін біліп жатты. Жас сұлтанның мынау қиын жылдарда басқа төрелердей бұғып қалмай қайрат қылғаны, Еділ бойы торғауыттарының іргесін түріп, қара қалмақ пен құба қалмақтың майлы қасықтай араласқан татулығының тас талқанын шығарғаны, көптен бері қазақтарды көзіне ілмей кеткен патша әкімдерін қайта иілтіп, алдына елші әкелдіргені кім-кімнің де ішіндегі қатқан тоңды үт айының талма түсінің шуағындай, сәл де болса жібітейін дейді. Әбілқайыр жан-жағындағы жұрттың жоңғардан басқасының бәрімен араласа бастады. Қайсымен қатынасса да, құр алақан қалған жоқ. Башқұрттарды Елек пен Ырғыз бойынан қуып отырып, олардың арасынан да одақтас таба алды. Қарақалпақтың бір жағы жолап кеткен қазақтың атын сабап аулақ қуып жатса, бір жағы Әбілқайырдың айтқанын екі етпей тыңдап, Жайық бойын дүрліктіріп бақты. Сол бір ала топалаң әлімқайым заманның өзінде Әбілқайырдың айтуымен патшаға қазақ пен қарақалпақ атынан екі рет елшілік аттанды. Торғауыт тайшыларының да сүттей ұйып отырған бірлігін бұзып, өзара қырқыстырып қойды. Ол жылдары Әбілқайыр көрші жұрттардың ала жібін аттаса, аттаған шығар, бірақ қазаққа «әй, кәпір» дегізетіндей ештеңе істемеуге тырысты. Ырғыз бойына қайта барып алғасын өзі бұғып жатып ап, басқаның қолымен көсеу көсейтін ескі әдетіне басып, баяғыда Қарақұмдағы жиында қазақ қолының қолбасшысы болған Табын Бөкенбайға үш жүзге сауын айтқызды. Жаманшыңның күн батыс бетіндегі Талды сайдағы жалғыз шоқы қолы да исі алаштың маңдайға ұстар нысанасына айналды. Сол бір нысаналы шоқыға тағы үш жүзден қол ағылды. Тағы да дабыл қағылып, тағы да керней шалынды. Үш арыстың баласы жан-жағын

қомдаған атан түйедей сәңкиген-сәңкиген қара жалдар қоршаған баяғы шұқыр ойда бас санасып, жалау түгендесті. Бұл жолы, обалы не керек, әншейінде алып қашпасы, әйтті-бұйттісі көп бопсашыл қазақ елдік жасады. Найзаға таласпаса, туға таласқан ешкім болмады. Үш алаштың туын тағы да азуы алты қарыс үйсін тұрып, арғын тұрып, алшын тұрып күні кешегі кірме табындардың көсемі Қара ұлы Бөкенбай ұстады. Ортаға шығып, қолына құран ұстап: «Ағайынның аманатын жерге қалдырсам, тұқым-теберіммен, әулет-зәузатыммен құрып кетейін. Арым — алашқа, қаным — қазаққа!» — деп ант су ішті. Одан соң ортаға Ұлы жүз қолының бас сардары Ошақты Саурық, Орта жүз қолының бас сардары тағы да кірме керейіт Тайлан батыр шығып құран ұстап ант берісті.

Обалы не керек, қазақ басына бақ қонғанда емес, басына іс түскенде көретін халық қой, шіркін! Үш арыстың үшеуінде де арыстандай ақырған талай батыр тұрса да, ортаға шыққан төрт батырға ешқайсысы тебеген аттай теріс айналып қыржындаған жоқ. Бәрі де көк аспанды күл талқан қып шытыната сындырып жерге түсірердей қып саңқ-саңқ етіп: «Дұрыс, дұрыс! Әп бәрекезде!» — десті.

Ол жолғы жиында ортаға да, қол басына да сұлтандар емес, батырлар шықты. Әбілқайыр да, Болат та, Сәмеке де, Әбілмәмбет те, Барақ та, Күшік те, Батыр да туды мен ұстаймын, қолды мен бастаймын деп кеуделеген жоқ. Өйтсе, мынау қаймағы енді-енді туырыла бастаған жұрттың ауыз бірлігін қайта шашып алатындарын бәрі де түсінді.

Содан сол бір жұдырықтай жұмылған қазақ қолы Ұлытаудың құбыла жақ бетіндегі ен далада Бұланты мен Бәленті өзендері қиылысқан Қара сиыр деген жерде Қаратауды місе тұтпай Сарыарқаға қарай еңкілдеп келе жатқан жоңғар әскерімен ұстаса кетті. Күні кеше ғана құлазып тұрған елсіз алқап та әр бұтаның түбінде бір-бір ойраттың басы қалды. Енді бұл арадан өткен адам түгілі аң екеш аң ойраттың басына саритын болды! Үш жылдан бері еңселері түсіп кеткен қазақ сол шайқастан төбелері көкке жетіп желпініп қайтты.

Желпініп кеткендері сонша дәл сол жылы жаз аяғында қазақтар ат басын Еділ бойындағы торғауыт қалмақтарға түзеді. Өйткені, Жайық бойына көшін бұрған қазақ ауылдарына Назардың Доржысының

баласы Ложбы сәурік айғырдай қоқандап күн бермейтін көрінеді. Ондай сәурікті ат қылып жіберудің сәті қазақтарға енді түсіп тұр еді. Әуелі қазақтардың құдайы берудей-ақ берген-ді. Батырсынып жүрген Лобжының ауылдарын жер түбінен ат сабылтып келген қазақтар әп-сәтте-ақ қаңбақтай сілкіп тастады. Дүние, мал, күн мен құлдан ештеңе тастамай ырғалып-жырғалып Жайықтан енді өте бергендерінде, арттарынан аспан астын түгел тозаңға бөктіріп ауыр қол көрінді. Қазақтардың әдісі қапияда тиісіп, қыран-топан қылып, аман-есендерінде аяқ асырып алу еді. Қарсы жақтың әдісі — салт келгенде шапшаң да тәсілқой, қамшымен ұрып-ақ қырып кете жаздайтын қазақтарға бетпе-бет келмей, алдарына мал түсіп қол-аяқтары ауырлап, жүрістері шабандағанда, арттарынан қуып жетіп ұрыс салу еді. Бұл жолы да сол әдістеріне басыпты. Оның үстіне алдарында өткел бермей кемерін сабап Ақ Жайық жатыр. Қазақтарға аттарынан түсе қап, малдарын тасаға қамап, өздеріне ор қазып, арқаларын Жайыққа беріп бекінуден басқа жол қалмайды.

«Бекінді-ақ, қазақтардың аруағы қашады», — деп ойлаған жау үш тараптан қатпағайлап шауып, шабуылды үдетсін кеп. Бірақ отыз мың қазақты төрт күн бойы оқ жаудырып ала алмады. Амалсыз ақ жалау көтеріп елші салуға мәжбүр болды. Оған екі жақ та қуана келісті. Қалмақтар көшіріп әкеп самсатып ақ үй тікті. Сол арада екі жақтан сол күні туған бала ат жалынан тартып мініп, қолына садақ алып, жауға шабуға жарағанша бір-біріне соғыс ашпауға пәтуа байласты.

Ақ Жайықтың жағасында уыздай аппақ өре киіздің үстінде қалмақ жағынан жер тізерлеп Шырындөндік, Назардың Доржысы, Дөндік-Омы, Қалдан және Дөржін тұрды, қазақ жағынан жер тізерлеп Әбілқайыр, Сәмеке, Есім мен Барақ тұрды. Араларында бір тіні ақ, бір тіні қара жіптен білектей қып өрген қыл арқан жатты. Оның бір ұшын қазақ батыры, бір ұшын қалмақ батыры шіренге тартып тұрды. Үстіне сары ала, қоңыр ала әлеміш жамылған қалмақ ламасы мен ақ сәлделі қазақ молдасы орталарына дүниеге бүгін келген бір шекесі торсықтай жас нәрестені құндақтай көтеріп бір қалмақ батырын алып шықты. Молда мен лама өз баталарын айтқасын жас нәрестенің әкесі оң қолындағы ақ семсерді

бір сілтеп, ортада жатқан білектей ала арқанды қиып түсті.

Екі жақтың игі жақсылары бітім болғанына қуанысып, төс түйістіріп құшақтасты.

Ай далаға тігілген қалмақ ауылы көрші отырған екі жұрттың арасында тыныштық орнағанына той жасады.

Қалмақ жағы іштерінде Бөкенбай мен Есет бар алпыс кісіні алты айға аманатқа алып қалды.

Алдарында мал, арттарында күң болмағанмен бұл жорықтан да қазақтар көңілді қайтты. Жау жағадан алғанда ит етекпеннің керін келтіре ме деп жүрген торғауыттармен екі ортада тыныштық орнады. Ол — қазақтар үшін аз табыс емес-тұғын. Енді бар күшті, бар қолды жоңғарға қарсы жұмсауға жағдай туды. Ол аз десең, бұл бітім қазақ пен торғауыттың арасындағы ала арқанды үзгенмен, торғауыт пен жоңғардың арасына алауыздықтың сондай бір ала арқанын шіренге кергені даусыз еді. Бұл бітім де Әбілқайырдың абыройын асырмаса, түсірген жоқ. Өйткені, ол жылдардағы қазақтардың қалмақтарға қарсы қай жорығында Әбілқайыр бастап барған-ды. Жайық бойындағы торғауытты тоқтатқан Әбілқайырдың тағы да көңілі құртқа шапты. Бұл екі ортада Кіші жүз Қызылқұмдағы, Сырдария бойындағы қоныстарынан айырылғанмен Елек пен Торғай арасындағы сар даланы түгел өзіне қаратып, етек қымтап қалған-ды. Орта жүздің қоңыратынан басқасы Арқадан қоныс теуіп, тірсек бекітіп алды. Ұлы жүз әлі жоңғардың боданында, Қаратау мен қазақтың етегін жауып отырған жиырма шаһар әлі жоңғардың боданында.

Сығанақ пен Түркістанға дейін жапыра келген жоңғар селі сәл саябырсығандай. Осынша үдере шауып, ұрт қимылдаған жоңғардың аяғына жем түскендей осыдан екі-үш жыл бұрын алған жерінен бір адым ілгері аттап баспай, бадалып жатып алғаны несі? Күні кеше Жайық бойында торғауыттардың он мың қазақты отыз мың әскермен қамап ап, артын суға, алдын жауға беріп, жан алқымға келіп тұрған жерінен жаншып тастамай, ала арқан қиысып, ақ бітімге келгені несі? Ойланса ойланғандай-ақ нәрсе ғой.

Оған басын қатырып жүрген жалғыз Әбілқайыр емес екен. Сарыарқаны ен жайлап, көршілес жатқан екі ұлыстың арасында тағы да ерсілі-қарсылы ат жүгірту көбейді. Жоңғар боданында отырған Ұлы жүзден түн

жамылып шабармандар келіп кетеді. «Күркіреп жүрген Сыбан Раптанның да күні өтіпті», — дейді. «Қытайлармен болған уақытша бітімнің де ғұмырының ұзақ бола қояр түрі көрінбейді», — дейді. Жоңғардың қазір қазақтарға қарсы отыз мыңнан астам әскер жұмсай алар қауқары жоқ, — дейді. Пыш-пыш бірте-бірте күшейе түсті. Бір күні қытайлар жоңғармен болған бітімді бұзыпты. Қалдан Сереннің таққа отырғанына жыл толмай жатып, ескі шайқастарын қайта бастапты деген хабар дүңк ете қалды.

Ұлу жылғыдай емес буынын бекітіп алған қазақтың жоңғарға қарсы қимылдаймын десе қимылдайтын тұсы, шынында да, осы еді. Жоңғардың қолын Қытай байлап, торғауыттың қолын кешегі Жайық бойындағы бітім байлап тұрған кезде атқа тоқым салмаса, кейінгінің бәрі кеш болып қалуы мүмкін ғой...

Өз-өзінен дүрлігісіп, өз-өзінен дуылдасып жүрген қазақ ұлыстарының әңгімесінің ақыры кеп ат байлайтын жері Әбілқайыр ордасы. Жерді жоңғар алғалы сұлтандардың ішінде қайта-қайта қайрат көрсетіп жүргені жалғыз сол. Қазақтың көк найзасы оған бармағанда кімге барады, оған ермегенде, кімге ереді! Енді тәуекелдің тұлпарына ерді біреу салса, сол салады...

Жұртының бұл ыңғайы Әбілқайырдың құлағына жетіп жатты. Бұл жолғы ел арасындағы әлгі әңгімені сұлтандар бастаған жоқ. Сұлтан бастайтындай аға тақты иемденіп отырғанда тал түсте елін жауға алдырған Болаттың халыққа қарар беті бар ма! Әбілмәмбет пен Сәмекеге жол тимейді. Жұрт ыңғайлайтын Әбілқайыр аға тақтың иесін, басқа арыстың сұлтандарын баса көктеп кете алмайды. Оның үстіне жұрттың көңілі өзіне аунап жүр. Мұндай жағдайда ыссылай сұғынбай бұға тұрғаны дұрыс. Аңысын аңдып, сақ сөйлеп, сақ қимылдайды. Бұл жолғы әңгімеде билер де бұрынғыдай алшайып отырып ақтарыла сөйлесе алмады. Төле би Жолбарыспен бірге Ұлы жүзді билеп Шашта отыр. Қазыбек Ұлытауда көшіп жүр. Әйтеке қайтыс болған. Сүйегі Сайрамда қалды. Едіге, Әнет, Мәті билер бұл дүнеден өткен. Алқалы жиын шақырып, ортаға қамшы тастап, жүгінісіп жатарға жер тар. Бұл жолғы мәслихаттың қазанын қайнатып жүрген батырлар. Батырлардың қазіргі беделі биіңнен де, сұлтаныңнан да жоғары. Ел басына күн туып тұрғанда олардың алдарын кескестеуге жағдай қайда?

Қайта, қазіргідей қысталаң кезде билер қамшысын тастап найза ұстап, хандар тағын тастап атқа мініп, батырлықтың жолын қумаса ел сауырынан домалап түсіп қалуы да әбден мүмкін. Соны білген Әбілқайыр баяғыда, заманның бейбіт кезінің өзінде де, жортуылда көп жүретін, «ақтабан шұбырындыдан» бері ат үстінен бір күн түскен емес. Батырлардың да көңілінен шығып жүргені, бәлкім, содан шығар.

Бірақ, бұл жолы ол батырлар «қол баста!» деп келсе, басын да алып қашпауға, «ал кеттік, алдымызға түс!» — дегенге қолқ ете де қалмауға бел буған-ды. Кешегі екі қырғынға» қатысқан батырлардың қай-қайсысы келсе де, оңаша сұхбат үстінде бұл жолы бүкіл халық боп қимылдау керек екендігін, бүкіл халық боп атқа қонғасын бүкіл халықтың тізгінін ұстар бас сардар сайламай болмайтынын, оның мынандай шешуші сағатта аға ханнан кем беделі болмауға тиісті екенін ескертіп, бүкіл халықтың алқалы жиын шақырып, сонда аруақ шақырып, ақ киізге көтеріп сардар сайлау керек екендігін құлақтарына құйып бақты.

Үш жүзге сауын айтқан қазақ батырлары халықты алқалы жиынға шақырды. Жиын Қаратаудың күнгеі бетіндегі оқшау биік Ордабасында өтетін болды.

Бұл жолғы жиын баяғысындағы Мәртөбедегі, Күлтөбедегі дәстүрлі жиын емес-ті. Бұл жолғы жиынға ақ жұмыртқа ақ отаулар тігілген жоқ, бұлаңдаған бойжеткен, сылаңдаған керім келіншектер келген жоқ. Шешендер тақылдап таңдай сынасқан жоқ. Палуандар ортаға түсіп күрескен жоқ. Талай өнерпаздардың сұңқылдаған үкілі домбыралары ауылдарында, керегелерінің бастарында қалды. Бұл жолы дыр-думан құрып, салтанат жарыстырып жатуға уақыт тығыз, жер тар еді. Оның үстіне, жартысы жауда қалып, жылап-сықтап отырған елде не думан, не салтанат болушы еді?!

Бұл жолғы жиынға қазақтың екі арысының ат жалынан тартып мінер еркек кіндігі түгел келді. Ұлы жүздің де жоңғар боданына бағына қоймаған біраз рулары келді. Бұл жолғы жиынға жұрт тек бұрынғыдай бес қаруын асынып келіп қана қоймай, әрқайсысы үш-төрт жорық аттарын жетелеп, қостарын артып келді.

Ол жылы Ордабасының маңының құлпырып тұрған шағы еді. Алдында ұлу, жылан, жылқы қатар келіп қара жердің қырындысына дейін қырып әкетсе де, жайма-

шуақ кеткен мешін мен жайма-шуақ келген Тауық кенезесі кеуіп қалған сахараның тандыр емшегіне нәр жүгіртіп кеткендей еді. Былтыр ғана тері сүйреткендей қуарып жатқан қу топырақ биыл қырмызыдай құлпырып тұр. Білем-білем көк жалдардың басына біреу көк масаты төсеп кеткендей. Бозқылшықтанып жататын ой мен қырды қызғалдақ, сарғалдақ жауып кеткен. Жүлге-жүлгенің бәрі сылдырап аққан бұлақ. Сай-сайдың бәрі сарқырап аққан өзен.

— Қаратаудың қашып шығып айқай жазыққа оңаша біткен жалғыз өркеш қара нардай оқшау таудың тұла бойы сылдыраған судың үніне, тамылжыта шырқалған құс үніне, тегіс гүлдеп, тегіс бүрлеп тұрған жас өскіннің жұпар иісіне бөгіп тұр. Терістікке кемерін жапырып асып-тасып Арыс пен Бөген жатыр. Күн шығыста көз ұшында көкжиектің үстімен біреу бір мес қатық сүйретіп өткендей ала жағалданып алыс-алыс Алатау шалынады. «Ау, бауырайындағы қосын кім, басындағы жиын не?» деп сұрағандай Қазықұрт мойын созады. Күнгедей қыземшек кішкене бұйраттар барып-барып далиған далаларға ұласады. Арқадан Қаратау мұнарытады. Жан-жағындағы сол көк жалқынданып сағым шалып жатқан кеңістіктің бәрі қалмақтікі. Қазақтың екі арысы сол жауда қалған ескі ұяның қақ ортасында Қаратауды айналып барып кіріп отыр. Сондықтан да Ордабасындағы бұл бас қосу, шынында, жиын емес жорықтұғын. Жорыққа қай қазақ қатын-баласын шұбыртып жүрген. Ордабасына да тек отау жетелеген бейбіт ауылдар емес, ту көтеріп қолдар келді.

Желектерін желкілдетіп жан-жақтан шұбырған ауыр қол алыстан мен мұндалаған айқай биікті шырқ айналдырып қосын тікті. Қосындар алыс-ұлысына, ру-руына бөлініп бөлек қонды. Ел түгел жиылып, бірер күн еру болып естерін жинаған соң сәрсенбінің сәтіне жиын басталды. Жұрт тайлы-таяғы қалмай түгел атқа мініп тауға шұбырды. Біресе қызыл борпылдақ бос топыраққа тобығынан батып, біресе шықылдаған қара тасқа шашасына қақтырып, жүлге-жүлгені бойлап алқынып, әзер шыққан көп атты бір бетін шығысқа, бір бетін батысқа беріп, көлденең сұлаған дөңбек таудың дәл төбесіндегі сүп-сүйір жалғыз өркешті шырқ айнала қоршай тоқтады. Бір жағы жандатпа, бір жағы тік сүйір шоқының ұшар басына онсыз да азынаған желі тымағыңды алып қашып ұстатпай тұрған заңғар биік аз

болғандай, екі кісі бойындай оба үйіліпті. Сол обаның төбесіне қазақтың туы қадалды. Тудан төменгі жағалай кемер биікке ортаға Болатты, Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмекені алып қазақтың барша игі жақсылары орналасты. Одан бір саты төмен кемер биікке ру басылар, батырлар жайғасты. Одан төменгі ұлан бауырда бес қаруы беліндегі қара нөпір қалың әскер қаптай шоғырласты. Бәрі де оң қарына, қайсысы қай рудың сарбазы екенін білдіретін қызыл жолақ, сар жолақ, көк жолақ, ақ жолақ шүберек байлап апты. Мынау сәңкиген сойқан биіктің бауырына мынау тұмандай тұтасқан қалың қол, күнге шағылысқан көк найзаны біреу әкеп жимағандай, әуелден бірге бітіп, бірге жаратылғандай. Күн көзімен сүйісіп қылпып тұрған көк сүңгі өз ұңғысына қайтып қадала қалған болса, сол көк найза дәл өзіндей сұсты, дәл өзіндей түнеріңкі сарбаздың қолымен қол боп тас түйін жымдаса қапты. Қаршығадай қасқия қараған тас түйін сарбаз астындағы қыдыра жал қыл құйрықтың арқасына желімдей жабысып қалса, басын кекшиіе көтеріп, төрт аяғын түгел қадап қаздия қыдыра жал, қыл құйрық астындағы қара шоқының өз тәнінен өсіп шыққандай. Ал тал бойына бүкіл бір жұрттың бойында бар қайратты, ақылды, парасатты, айбатты түгел жиып алған сұсты тау осынау далиып жатқан даланың өз көкірегінен жарып шыққан. Сол далиған дала осы бір жиынға бар назар, бар пейілін төгіп елітіп жатқандай.

Әбілқайыр мынау бірінен-бірі туып, бірінен-бірі өрбіп жатқан жұмыр тұтастықты, нағыз бірлікті, жарастықты көргенде көмейі құрғап, көзінің алды жыбырлай берді. Ордабасын түгел толтырып, сақадай сай тұрған мынау сұсты жиынға дәл қазір ешбір жауың батып кіре алмастай. Дәл мынандай тас түйін жұртқа ешкім дәті барып тиісе алмастай.

Оған көңілі толқып отырған жаңғыз Әбілқайыр емес сияқты. Қазақтың баяғы үш арысты түгел тоғыстырған алқалы жиындарында төр ұстаған үш биден бүгінгі мәслихатқа қатысып отырған жалғыз көз — Қазыбек мәслихат бастар сөзін көпке дейін қайта-қайта тамағын кенеп, үсті-үстіне мүдіріп, әдеттегісінше бірден көсілте сілтеп кете алмады.

Жұрттың бар назары мынау ұшар биіктің басына қонып алған қыран бүркіттің қанат қаққанындай тепсіне желбіреп тұрған қазақтың туында.

Жұрттың құлағы тілімен тас жарған ақыл иесі атақты шешенінде.

Ол бүгін алдында анталап тұрған ағайынының көңілін босатпай бекіте сөйледі. Ұланының қатар емініп, ұранының қатар естіліп тұрған бүгінгі жарастығына «ұзағынан сүйіндірсін» айтты. Ертең басталар ұлы шеруге сәт тіледі. Алқап толы аламан: «Иә, сәт! Иә, сәт!» — деп күркіреді.

Қаз дауысты Қазыбек мынау алқалы жиынға жиылған әр ру, әр арыс, әр тайпаның тізгінін ұстап, тілегін діттеп жүрген игі жақсылардың түгел бас қосып, ел мен жердің тағдыры шешілер ертеңгі жорыққа үш алаштың үш тізгінін бір қолда ұстап барар бас сардар сайлауға пәтуаласқанын айтты.

Қара ормандай қалың өскен көк найзалар: «Дұрыс! Дұрыс!» — деп дүркірей көкке көтерілді.

Әбілқайырдың қараптан-қарап алқымы ісіп, тамағы құрғап, тынысы тарылып, екі шықшыты шыңылдап бара жатты.

Қазыбектің бұдан былайғы сөзін ести алмады. Екі құлағы бітіп қалды. Көзінің астын топан көміп бара жатқандай бұлдырап барады. Әйтеуір әлгі баурай-баурайды түгел толтырып тұрған нөпір аламанның әлденені айтып күркірегенін біліп отыр, әлгінде ғана алдында сұлқ салбырап тұрған қыл шашақтардың тұнық аспанды сабалап желк-желк желпініп жатқанын көріп отыр. Сол бір қаһарлы айқай тынар емес, сол бір дүрлігіс басылар емес. Бір уақытта қолдарына көлдария өре киіз ұстап, іштерінде қанжығалы Бөгенбай, қара керей Қабанбай, тама Есет, әлім Бақтыбай, ошақты Санрық, керейіт Тайлан, шөмекей Киікбай, үйсін Ақтамберді, Қалдыбай, керей Сырымбет, тілеу Орыс, адай Шотан, атығай Құлсары, Қыпшақ Шақа, сары жетім Бұданбай бар, қарақұрым қол алдына келіп, тістері ақсиып бірдеңе деді. Қапелімде орнынан тұра алмай қалған Әбілқайырдың бір қолтығынан арғын Жәнібек, бір қолтығынан табын Бөкенбай демеп өре киізге алып келді.

Сол-ақ екен бір алып ақ самұрық құс оны аспанға көтеріп әкетті. Біресе шырқыратып шыңға шығарып әкетеді, біресе құлдилатып әлгі қара нөпірдің үстінен түсіреді. Жұрт ауыз жаппай әлдене айтып жатыр.

Жапа-тармағай ұмсынысып, көлдей ақ өре киізді қақпақылдап жатқан қалың жиын бір сәт кейін

серпілісіп, Әбілқайырды жерге түсірді. Бас сардарды қақпақыл қылған өре киізді жұрт пышақ үстінен үлестіріп әкетті.

Әлгінде ғана мынау қара жақпарды қақыратып сөгіп, күл қылып аспанға ұшырып жібере жаздаған қуатты да сұсты сөздер құлағында әлі жаңғырып тұр.

— Әбілқайыр Мұхамбет Қазы баһадүр хан!

— Әбілқайыр Мұхамбет Қазы баһадүр хан!

Мынау Ордасының тау-тасы түгел осыны айтып қақылдап, қақсап тұрғандай.

Содан бұл жарты жылға дейін бұлт арасында жүргендей көңілі алып ұшты да тұрды.

Сол бір күндер көз алдына келгенде осы кезге дейін көңілін бесіннің бір бейсаубат құйыны кеп алай-дүлей соғып өткендей, астан-кестен қып кетеді.

Шіркін, сол бір жылдар-ай десейші! Қаратаудың күнге бетін, Алатаудың теріскейін туырыла жайлап жатқан қалың қалмақты бөрі тигендей бөрліктіріп еді-ау! Күн батыстан жауар бұлттай болып қарауытып құлаған қалың қолдың жолында тұра алмаған жоңғарлар жөңкіле-жөңкіле кеп Балқашқа табан тіреген-ді. Қаратау бойынан қашып келе жатқан жоңғар қолымен Іле бойындағы, Балқаш сыртындағы, Ертіс алқабындағы жоңғар ұлыстарынан әскер кеп қосылды. Күні кеше босқан бөкендей тырағайлап бара жатқан жоңғарлар қайтадан жабағыдай ұйысып молая бастады.

Жоңғарлардың қашқанды қойып, қарсы шабуылға шықпақ ойын біліп, Қазақтар Балқаштың Алакөл деп аталатын шығанағы мен Хан тауының арасына кеп бекінді. Ондағы ойлары зеңбірегін сүйреткен жоңғарды тауға жолатпай ашық далада қарсы алу еді. Сырт көзге бекініп жатқан сияқты боп көрінген қазақ әскері қарсы келе жатқан жоңғар әскеріне қапиядан бас салуға әзірленіп жатқан-ды. Жарты әскермен тау мен көл арасындағы тар қолатқа тығылып алып айқас салып, біраздан соң шегінген боп, әлгі тар қамашауға кіргізе түсіп, екінші жартысымен жау қолының желке тұсынан тап беру еді.

Көктемнің май тоңғысыз күні. Изен мен бұйрығын шыққан тақтайдай тегіс, тақтайдай қатты даңғыл дала. Мынау ұлан байтақ далаға төгіліп кетердей боп табаға құйған сынаптай қалқып Балқаш жатыр. Күйген бауырдай қарақошқыл жеке таудың жұлге-жұлгесіне сіңіп алған қазақ қолы көз ұшынан мұнартып қара нөпір

боп шұбырып келе жатқан жоңғар қолының әр қимылын жер түбінен аңдып бағып отыр.

Бір жағы — көл иіні, бір жағы — жеке тау. Қалған жердің бәрі көлкөсір төгілген ұшан дала. Қашқан жоңғарлар бұл далаға әдейі бастап әкелген-ді. Осы беттерімен Ілеге жақын жердегі қалың бытқылға апарып, зеңбіректің төмпешіне алмақшы. Жау сыңайын байқаған қазақ қолы мынау жылмағай жазықта әлдебір керуеннің ауып қалған жүгіндей боп үзік-үзік жайғасқан қызыл қоңыр таулардың тұсына әдейі бөгеліп қалды.

Жоңғар қолы енді бұрынғы ойларынан күдерлерін үзіп, мынау жеке тауларды қазақтардан тартып ап, дүркіреп кейін шегінген әскерге шойын доптан жаңбыр жаудыруды көздеп, алдарына түйеге артқан зеңбіректерін салып көл мен таудың арасындағы тар алқапқа қарай ентелей ұмтылды. Түскен жерінің шаңын аспанға атып бұршақтай жауып кеткен зеңбірек добына қазақ қолы шыннан да беттей алмады. Бірақ, қапталдағы қоңыр таудың тасасында тұрған қалың әскер жоңғар қолы тар қамашауға кіре түскен сайын бұқпақтап шегіне берді. Таудың көл жақ бетіне, терістік жақ бетіне жайғасқан жаукем қол қаша ұрыс салып жүргенде, батыс жақ бет тасаға орналасқан ауыр қол әуелі мысықтабандап күнгеиге аунады, сосын бірте-бірте шығысқа қарай жылысып, зеңбірек добынан тымтырағай безіп жүрген қазақтардың соңынан тұра қууға асығып, үдере жөңкіліп бара жатқан жау қолының ту сыртынан кеп тиісті. Бір жағы көлге, бір жағы тауға тірелген ауыр әскер бұлтара алмай тұра қап соғысуға амалсыз көнді. Түйеге артқан зеңбіректер ілгері кеткен. Кейіндегі зеңбіректер ортадан килігіп ұрыс салған қазақ қолына доп жаудырайын десе, әлгінде ғана еңкілдей ілгері тартып бара жатқан өз әскері қапталдан тиген қазақ әскерімен мидай араласып кетті. Жауды қырам деп жүріп, өздерін қырып алуы мүмкін.

Сартылдаған шайқас басталды да кетті. Шерудің алдыңғы жағындағы от қақырап, қырып-жойып бара жатқан түйеге теңдеген зеңбіректердің де добы таусылса керек, біраздан кейін үндері өшейін деді.

Кейінде келе жатқан ауыр зеңбіректер қапияда тап берген қазақтардың қоршауында қалды.

Құдайдың кең даласы жетпегендей алақандай тар алқапта шайқасқан ауыр қолдар күн батқанша шайқас

салды. Күн батып қас қарайғасын қазақ әскері тағы да тауға шегінді. Қазақтардың зәресін алып жүрген үш-төрт зеңбірек соғыс басталмай жатып қолға түсті. Сөйтсе, жоңғарлар әлгі сары сақал сиқыршыларына жасатқан тажал ауыздарын негізінен қытаймен соғысып жатқан әскеріне береді екен де, батыс жақтағы әскеріне қазақтарды күндей күркіреп ауық-ауық зәресін алып қорқытып қою үшін азын-аулақ қана зеңбірек жетектетеді екен. Соны білген қазақтар енді мынау тар қамашадан сытылып шығып, соңындағы сүмеңдеген жауды айқай далаға алып кетуге әрекет жасады. Түн қараңғысын пайдаланып, таң атқанша жылысып-жылысып мидай жазыққа шоғырланып алды.

Ертеңіне күн айқұлақтанып шықты. Жер де қызыл, көк те қызыл. Айдаладағы жеке таудың айналасы тола жығылған ат, сұлаған өлік, төгілген қан.

Күнбатыстағы мидай жазықтыққа тоқтаған қазақ әскері тау жүлгелеріне кіріп алған қалмақ қолын жетелей шықпақ боп, жан-жағынан ат ойнатып, қаша соғысып жүрген сарбаздарына алыстан көз тастап тұр. Жоңғарлар да қазақтардың айналасына түсініп қалса керек. Әлгіндей тиіп-қашпа ұрысқа көп онша еліге қоймады. Сөйтіп, біреуі тауға тығылып, біреуі жазыққа шығып ап аңыс аңдысқан екі әскер күн батқанша табан серіппей жатты да қойды. Кешқұрым Әбілқайырдың шатырында бас қосқан батырлар ертеңіне де осы арада осылай тапжылмай жатып алуға бел байлады. «Жау қашанғы шыдар дейсің... Иә, айқасқа шығар, иә, елші салар. Зеңбірегінен айырылды, қазақтарды бостанға шығарып, өздері тығырыққа қалды...»

Ертеңіне жақындап қалған шілденің қайраты ма, жоқ бүгін де көретіні қызыл қырғын болатынын білгесін бе, күн шағырмақтанып шатынап шықты.

Шатынап шыққан шадыр күн жер мен көкті жалын шашыраған қызыл тілімен сұқтана жалап, қуырып күйдіре бастады. Аңылжыған ашық далада қалған қазақтардан жай кетейін деді. Аттар мен сарбаздар қаталап барады. Маңайда құдық қазардай құмақ жоқ. Тырбиған жапақ пен бұйрығын өскен қызыл саздақ. Еңіреп жатқан мынау қатқылды қаз мейлің, қазба мейлің — бәрібір тұщы су шықпайды.

Жоңғарлар да қазақтардан жәй кете бастағанын сөзін тырп етпей жатып алды.

— Жоңғарды жын қуып па! Жатқан жері сыз жүлге, көлеңке. Ар жағында тұщы су. Табан тіреп соғысар жерде біресе оңға, біресе солға бұлтарған түлкі бұлтақты кім тапқан! Қулықтың түбі бір-ақ тұтам деген осы! Енді, міне, ақырында ақсиған ай тақырда бізді жау емес шөл қыратын болды.

Әскер арасындағы қаңқуды естіп жақсылар мен жайсаңдар Әбілқайыр шатырына жиылды. Көбінің жүзі кешегідей жайдары емес қату. Әсіресе, алдыңғы күні сұғынған жауға көк желкеден кеп тиісіп ойнақ салып, көп қайрат қылған Әбілмәмбет қабағынан қар жауып кетіпті.

— Сол иттерің бір күн түнде балалап, көбейіп шыға келетін қара шыбын болып кетпесе, біразы кеше қырылған сияқты еді ғой. Әлгі оқ шашқан үлектерінің де үндері өшкен жоқ па? Бүйтіп тығылмақ ойнап жатқанша, неге тап бермейміз? — деді.

Әңгіменің зәрі кімге қадалып отырғанын бірден аңғарса да, Әбілқайыр үндеген жоқ. «Кәні, тағы не айтатындарың бар?» — дегендей төңірегіне қарады. Екі сұлтанның арбаса бастағанын сезген жұрт аңыс аңдып үндемей қалыпты. Әсіресе, Барақтың дудыраған қара сақал, қара мұрты біреу майлап кеткендей жылт-жылт етеді. Күлімдеген жүзін көрсеткісі келмегендей, ауызына бір шеңгел насыбайды ытқыта сап, екі ұртын бұлтылдатып, қайта-қайта есік жаққа бұрылып, үсті-үстіне түкірініп бақты. Былайғыларынан ешкім ештеңе демегесін әңгімеге қыстырылды.

— Ау, сонда тауға тығылып, тарс бекініп жатқан қалың жауға қарсы бас та жоқ, көз де жоқ, атанақтап қарсы шаба береміз деп босқа қырыламыз ғой!

Әбілқайыр сол кекжиген қалпы. Мұзбен қаптап қойғандай сұп-суық жүзі бір бүлк етпей:

— Қырылып қалсақ, бүгін кеп мына шатырда кім қызыл кеңірдек боп дауласып жатар еді. Қырылмағасын да, міне, мауыздай-мауыздай боп отырған жоқпыз ба?! — деді.

Мұндайда жермен-жексен бола кетуге шебер әлжуаз көп бұға түскен де, айбынды-айбындылары әр жер, әр жерде бастарын жықпай, «мынау не дейді-ай!» — дегендей едірейе қалған. Әсіресе, Барақтың жүндес қабағының астына біреу кеп әп-сәтте шақшақайдың жұмыртқасын қыстырып кеткендей, әншейінде кілгіре қарайтын қысыңқы көз аяқ астынан алайып шыға келді.

Ол мінез шығара ма деп қорықты ма, жоқ «шоқ-шоқ» дегені ме, манадан бері еңсесін тіктемей сұлқ отырған Болат Бараққа жүзін бұрып:

— Сонда қайтпек керек дейсің? — деп сұрады.

Қайтпек керек екенін мен қайдан білейін. Әуелден мынау ел көрмеген тосын тәсіл қолданып шайқаспақ болған бас сардардың өзі білмесе...

Барақтың қитықтанып қалғаны белгілі болды. Көмейіне тас тығылғандай дауысы тұншығып шықты.

Осы бір сұлтан не істеп, не қойса да, назар аудармай қалмайтын Батыр орынынан бір қозғалып қойды. Әбілқайырдың мына қызыл көзді шалқасынан қайырғанына айызы қанып отыр. «Өзі бір араласып қалмаса, дүние күйіп кететіндей, кез келген жерге тұмсығын тықпай жүре алмайтын еді. Сауап болғанын қарашы...»

Жұртта үн жоқ. Бәрінің көзі бас сардарда. Бас сардар түрулі іргеден көк желкелерінде безеріп жатып алған қырсық тауға тесіле қапты. Ауызына аңтарылып отырған жұртқа қарар беті жоқтай теріс айналып кеткен. Соңғы күндері өзі мойыны қылқиып тіптен жүдеп кетіпті. Батыр сұлтан мынау өңшең қызыл көздің сұғында жүрген қайын ағасын бір түрлі аяп отыр. Қалай дегенмен де өзінің жаны сірі. Алакөз ағайынның қай шаншу сөзіне де айылын жимай, әлгіндей ұрымтал сәтті қапы жібермей, жағаласқан қарсыласының жанды жерінен қауып ала қояды. Сыңар езу Барақты сирақтан шалу үшін де біраз азу керек-ау... Дегенмен, мына жұртты осынша қаңтармай айтарын тезірек айтпай ма! Әлде әлгінің сөзіне қыстығып қалып отыр ма екен. Ондайда мына сілекей сілімтірлерге талата бермей жол-жөнекей сөз қыстырып жібергені дұрыс шығар. Ол ойланып алғанша, жұрт бұнымен бола тұрсын! Қанша дегенмен өзінің көкірегі де аяқ қаптай. Әсіресе, әнеу күнгі Ордабасындағы жиыннан бері бұрынғы езу бағып есеппен сөйлейтін әсіре сақ мінезін ұмытып, кім-кімнің де бет жүзіне қарамай жармаса кететінді шығарыпты.

Айлапат шатыр лықа толы, ығы-жығы жұрт әлі үнсіз. Бәрі де, әлгі шөлкем-шалыс әңгіме немен тынар екен дегендей дымдарын шығармай сілтідей тына қалыпты. Батыр тамағын кенеді.

— Маған салса, жоңғарға кешегі өздері келген жақтан тап беріп, жарып өтіп, анау суы тұщы Алакөл

жағына шығып алар ем. Сосын жоңғар әлгі таудың бауырына қыстаса да мейлі!

Біреу мырс ете түсті. Намысқой сұлтан жүзін суытып жан-жағына қарады. Жұрттың бәрі жым-жырт. Кенет қарсы алдындағы ханның арқасына көзі түсіп кеткені. Әбілқайырдың екі жауырыны селкілдеп тұр. Батырдың адырая қараған көзі кенет кілгіріп, әлгінде ғана делдиіп тұрған кең танауы қусырыла берді. «Қап, неге мырс еттім... Бұлар бір сәл нәрседен секем алатын кіді тұқым еді. Енді мына сұлтан да маған тісін қайрап бағар», — деп ойлады Әбілқайыр. Бірақ, кеудесіне сыймай бара жатқан ызаны күшпен тежеп, жайбарақат тіл қатты.

— Кешегі жоңғардың киген кебін енді біз киейік дейсің ғой!

Батырдың әдетте тырсиып жүретін жылтырақ жүзі қазанның түп күйесіндей боп қарауытып алыпты. Әлгі оқыс мырс еткені күйеу баласының жүрегiнiң басына кірш етіп қадала қалғанын хан содан байқады.

— Иә, жау қамалған тығырыққа енді өзіміз барып қамалып, бізге сонша не көрініпті, — деді Сәмеке бір ырғалып қойып.

— Неге? — деді Барақ ауызындағы көк қоймалжыңды іргеден тысқа ытқытып. — Біз сан жағынан жаудан әлдеқайда көппіз. Бір қатарымыз әлгінде Батыр айтқандай арғы өкпе тұстан Алакөлге өтеміз. Қалғанынымыз бергі теріс бетінен қаптағайлаймыз. Күші екіге бөлінген жау қашанға шыдар дейсің. Ақыры бір берілер. Алармыз.

Жұрт: «Осының да сөзінде пәтуа бар-ау!» — дегендей бір-біріне қарасты. Көк желкесінде көзі бардай манадан бері іргеге қарап үнсіз тыңдап отырған Әбілқайыр тап осы арада тағы да күңк етті.

— Алуын аларсың-ау, бірақ өзіңнің де қан-сорпан шығар!

— Ау, енді соғыс болғасын қан төгілмей тұра ма?!

Әбілқайыр жалт бұрылды. «Айтарларыңды айтып болдыңдар ғой, енді мені тыңдаңдар!» — дегендей сазарып алыпты.

— Өйтіп қан соқтыға салар болсаң, бұл шайқас ендігі бір жағына шықпас па еді. Бірақ, өздерің ойлаңдаршы. Жоңғар алып қойған жердің әлі кіндік ортасына да келген жоқпыз. Өзіміз де ойранымызды шығарып, жау тоқтатқанда не пәтуа табамыз? Қазақтың ат жалынан

тартып мінер азаматының бәрі осында. Олардың көбін осы арада қырамыз екен, ар жағында қайтып соғысамыз?

— Ал, сонда не дейсің? — деді Барақ, оған сөзін аяқтатпай, тағы да аузына насыбай салып, тағы да теріс қарап түкіріп.

Бұл жолы Әбілмәмбеттің көзі шырадай жана бастады.

Әбілқайыр бір сәтке мүдіріп отырып қалды. Жарқ ете түсіп, дереу сөне қалған көз аңғарына қарағанда өрекіген Бараққа өңменінен өткізіп айтар бір сөз тілінің ұшында тұрса да «құрысыншы, ұйтқы бұзар өзім боп қайтем», — деп іркіліп қалған түрі бар.

Қалған жұрт бас сардардың аузына қарап еміне қапты.

Әбілқайыр тағы да терістіктегі құж-құж қияңқы тауға қарап бір күрсініп қойды.

«Кеше ғана екі жүлгеме екі орданды қондырып, ызғындай ел болып сән-салтанат орнатып ең. Жын құғандай аяқ астынан түріле көшкен өзің ғой. Енді маған не дейсің?», — дегендей қызылқоңыр жеке тау желкесін беріп күдірейіп тұр.

— Тау басына орныққан дұшпанның әрқайсысы кісі басына төрт-бес жастық алып барып оққа ұшады. Сонда сен жаудан бес есе көппін деп ойлайсың ба? Оның үстіне қазіргі жоңғар қолы баяғы біз көргендей емес, тәсілқой. Әсіресе, бекініп соғысуға жетілген. Өйткені, ар жағынан құмырсқадай қаптап келе жатқан қара қытайды қаптағайлап шауып құрта алмайды. Қашан ойрат ат ойнатып келіп найзаға шаншып әкетер екен деп, шүршіт те нан пісіріп отырмайды. Қонтайшының өз ақылы жетпейтіндей, қасына қайдағы бір жирен сақалдарды жиып жүргені де тегіннен тегін емес. Зеңбірек те сол бекініп соғысуға керек. Жоңғар жекпе-жек соғысының бәрінде арқасын тауға тіреп соғысуға, жыра-жықпылы, тасасы көп жерлерді паналай соғысуға үйір. Тауда туып, таста өскен олар ондай бұқпантай ұрысқа бізден гөрі шеберірек. Қарап отырсаңдар, жоңғарды жеңе алған шайқастарымыздың бәрі жазықта болған.

Бұл жолы Барақ бұрынғысындай мырс ете қалмай дүңк ете қалды.

— Ендеше, сондай жыра-жықпылды, қуыс-тырысты оған өз қолыңнан апарып беріп отырған жоқсың ба?

— Бердім. Әдейі бердім.

— Әдейі берсең, несіне салғыласамыз. Әлгі көзіңнің қарашығындай қорғаймын деп отырған қазақтың қыршын боздақтарын тауға тағылған жоңғар мергеніне жем етесің бе, жоқ күнге қақтатып өлтіресің бе? Еркің өзіңде. Онда обал-сауабымыз саған. Басымызды ауыртпа.

Әбілқайырдың көзі тағы лезде жалт етіп, лезде сөнді. «Қалғандарың не дейсіңдер?» дегендей ошарыла тоқтады. Барақтың мына сөзіне мүдіргендей ұзақ бөгелді. Отырғандардың арасында жыбыр-жыбыр әңгіме көбейіпті. Әбілмәмбеттің көзі май аңдыған тышқандай жылт-жылт сығалап тыным табар емес, жұрттың бәрінің бет-ауызын тінткілеп бақты. Барақ иығын қомдай көтеріліп, сыртқа барып таңқ еткізіп, бір сіңбірініп қайтып келді. Әншейінде сәнқой, сыпайы, кербез Барақ біреуге ренжісе болды, өстіп аузы-мұрнымен жағаласып кетеді.

Оның бүйтіп шала бүлінгені көңіліне майдай жақты ма, Әбілқайыр ұйқысырап отырған кісінің әңгімесіндей қып тіптен бәсең сөйледі.

— Мен бірдеңе білетін болсам, қазақтың жоңғар білмейтін сыры жоқ та, жоңғардың қазақ білмейтін сыры көп. Үйреншікті үрдісімізге басып, бас-көзге қарамай атанақтап шаба берсек, қалмақ сыралғы жау, алмай қоймайды. Ең болмаса, оларды сол «қазақтың біз білмейтін не сыры бар еді, тәйірі» деген астам ойынан жаңылдырайық. Кеше құдайдың кең жері құрығандай тауға әдейі тығылдық. Ондағымыз: қалмақ. «Қазақ бекінді-ақ, берекесі кетеді», — деп өңмеңдей ұмтылып, тығырыққа түссін дедік, түсті. Өзіміз тауда, олар ойда тұрғасын, зеңбіректерін де дұрыстап пайдалана алмады. Доптарын құр бекерге рәсуа қылды. Оларды біз қамалар тығырығына қамап, қол-аяғымызға қайтадан бостандық алып жазыққа шықтық. Енді олар тағы да мәз болып отыр. Өйткені, қазақтардың бекінген жауға шауып та береке шығара алмайтынын біледі. Бұл қапияда тиісіп қаңқақсатып кететін барымтаның соғысы емес. Қазір қазақтар жан-жақтан анталай ұмтылғанда жебенің оғымен-ақ жайратып саламыз деп отыр.

— Онысы енді рас қой, — деді, бұл жолы Сәмеке шыдай алмай.

— Рас екені рас. Бірақ, бізге бұл таудың қажеті қанша?

— Ау, сонда енді, — деп батырлар қозғалақтады.

— Сонда... Біз оларды ай жазыққа алып шығамыз.

— Тауға бекініп алып отырған қол, күш асырып, қуып шықпасаң, «әй, кет былайыңа» бола қояр дейсің бе?

Әбілқайыр тағы да ішін ашпай, сыздана сөйледі.

— Күш асырмасақ, айла асырармыз.

Жұрт жым болды. Ала шатырдың ішінде ұшқан шыбынның ызыңы естілгенше, Әбілқайыр тіл қатпай қойды. Осынша жұртты өз ойының жетегіне мұрындықтап ертіп алғанына көзі әбден жеткесін барып, жайбарақат сөйлеп кетті.

— Біз бүгін осы арадан тырп етпейміз. Үркер ауа орнымыздан көтерілеміз.

Әбілқайыр жұрт не дер екен деп, мүдіріп еді, ешкім тіл қатпады. Бәрінің көзі бұның аузында.

— Тәңертең тұрғанда олар біздің бос жатқан жұртымызды көретін болсын, сосын көз ұшында құлт-құлт жөңкіліп бара жатқан біздің әскеріміздің соңының ақ бұрқылдақ шаңын көретін болсын.

«Мынау не дейді-ай!» дегендей жұрт оқыс бастарын көтеріп алды.

— Ал, сонда?

— Сонда, ойрат айдаладағы жалғыз тауда атасының басын күзетіп жата ма, олар да орындарынан көтеріліп жолға түседі.

Барақтың көзі жанып кетті. Әбілмәмбеттің көзі жылт ете қалды. Мырс етіп күліп жіберді.

— Қазақтың артына бір уыс топырақ дейді де жөніне кетеді. Біз қолымызды мұрнымызға тығып елге қайтамыз.

— Қолыңды мұрныңа тығатын жастан кеткен шығарсың? — деді Әбілқайыр бұл жолы өзі тиісіп.

— Өзі шегініп бара жатқан қазақтың соңынан жау қуа жөнеліп өле алмай жүр ме? Елдеріне қайтады. Сонда біз жұртқа не бітірдік деп барамыз!

— Жауды қырдық деп барамыз.

— Ал, әлгінде ғана бұл арадан осы түнде өкшемізді көтеріміз деп өзің айтпап па ең? — деді Сәмеке.

Әбілқайыр тағы мүдірді. Оны кекетіп отырғандары, жоқ Сәмекені кекетіп отырғандары белгісіз, Әбілмәмбет те, Барақта жымсия қалыпты.

— Өкшемізді көтерсек жеңілу үшін, жеңу үшін көтеріміз. Қашсақ, қырылу үшін емес, қыру үшін қашамыз. Бірақ, біз алдағы түнде қашпаймыз, ата жауымызды қуа жаңа жорыққа шығамыз.

— Ал, сонда мынау жеке тауға тығылып отырған жауды қайтеміз?

— Қайтетін едік, қала берсін, Тал түсте көздері көріп отырып, Іле бойындағы елін жауға шаптырғылары келсе, осы арада тырп етпей отыра берсін. Бізге де керегі сол.

Жұрт гу ете қалды.

— Неге қалсын! Соңдарымыздан сүмендеп өздері қуып береді ғой.

— Қуса қусын. Қайтадан тауға қашып тығыла алмайтын айқас жазыққа шығарып аламыз да, тоқтай қап, табан тіреп шайқас саламыз.

— Желкелеп сабайды дегенді білуші ек. Енді жетектеп сабайды дегенді де көретін болдық. Естімеген елде көп деген осы екен-ау! — деп гүр ете қалды Бөкенбай.

Жұрт ду күлді. Ала шатырдағылар сыртқа алабұртып шықты. Тек төрт-бес сұлтанның ғана қабағына қаяу орнапты. «Жаумен жағаласымыз да аз болмас, өзара жағаласымыздың да көбейіп кетер түрі бар екен!» — деп кетті жұрт. Шатыр алдында қарап тұрған Әбілқайыр әлгінде ғана алдынан тарағандардың аяқ астынан қарап тұрып өзіне сырттай күдірейген қандастарынан иығының қаншалықты шығыңқы екенін үш арыстың есі барларына сездірудей-ақ сездіре білгенін байқап тұр.

Ертеңіне тәңертең жоңғарлар, шынында да, күні кеше жерге сыймай шіреп тұрған қалың қолдың бос қалған жұртын көрді. Аң-таң ойрат жалтақтап жан-жағына, алақтап артына қарады. Көз жетер жерде жау көрінбейді. Маңайдағы шоқы-шоқының басына шолғыншылар шаптырады. Ешқайсысының көзіне ештеңе түспейді. Қазақтарға не көрінген? Бір күн түнде үдере көшіп кеткендері қалай? Әлде, елдеріне ойламаған жерден бірдеңе тап болды ма екен? Бірақ, қазір қазаққа жоңғардан басқа жау бар ма? Көздерін сатып әрі қарайды, бері қарайды. Тұнып тұрған көк ніл ауадан басқа ештеңе көре алмайды. Сөйтсе, олар таң атқалы кеше әскер жатқан күн батыс жақ көкжиекті, түстік пен терістікті тінтілеп бағыпты.

— Ойбай, анда қарандар! — дейді бір шолғыншы күн шығыс жаққа көзі түсіп.

Жарқылдай көтерілген күннің асты аспанға айналған ала шаң. Қазақ айласын асырып кетіпті. Бұларды мынау айдаладағы жеке тауға екі күн босқа қамап, енді кеп түн

қараңғысын пайдаланып қара үзіп кетіп, Іле бойындағы елді таламақ. Ұлу жылы ұлып қалғандарының өшін солай қайтармақ. Еркек кіндігінің бәрі мында қалған жоңғар ұлыстары оларға не қайрат қыла алады? Баудай түсіретін шығар.

Үсті-үстіне дабыл қағылды. Күркіретіп керней тартылды. Жеке таудың жүлге-жүлгесіне сіңіп кеткен қол атып-атып шықты. Көзді ашып-жұмғанша атқа мініп алған ауыр әскер күн астында будақтап бара жатқан қою шаңның соңынан салды.

Жеке таудың баурайында не болып, не қойып жатқанын Әбілқайыр көрмей біліп келеді. Бүгін ол үрдіс бойынша үдере жортқан ауыр қолдың алдына түспей соңында қалыпты. Өйткені, қазір көкжиектен шаң көріне-ақ, суыт жортқан жүрісті баяулатып, жау жақындай бере кері бұрылады. Сонда мынау жөңкіліп бара жатқан қара нөпір қолдың арты қызу шайқастың алдыңғы шебіне айналып шыға келеді. Сұлтандармен екі арадағы кешегі тәжіке бойына тың қуат бітіргендей, бүгінгі шайқастың қақ ортасында жүріп қол ма қол араласпақ. Әйтпесе, кеше ел алдында еңселерін жығып алған намысқой кергімелердің қандай ши шығарып жүретіндерін кім біліпті! Шаң көрінбей ме екен деп, арт жақтарына ауық-ауық мойынын созып қарап қояды. Әзір ондай ештеңе жоқ. Әбілқайыр көкірегіндегі көркем ойдың не боп бітеріне көзі жетпей абыржып келе жатқан түрі бар. Ақ тозаңды аспанға атып аршындап басқан ауыр қолдың біресе ол жақ қапталына, біресе бұл жақ қапталына шығып шаншыла шолып тұрады. Жұрттың жүрістері ширақ. Жүздері жарқын. Кешегі шөлді ұмытқан. Бәріне де жау кереккендей жалаң-жалаң етеді.

— Уһ, көрінді-ау ақыры! — деп айқай салды арт жақтағы шолғыншылардың бірі.

Дереу керней тартылды. Суыт жүріп келе жатқан ауыр әскер аяңға көшті. Маңайда бас қалқалар бірде-бір бұта жоқ тықыр ойға келгенде кілт кідіріп, жүздерін кері бұрды. Соңдарынан өңмеңдей жөңкіген ойрат сол ет қызуымен орталарына кеп түссін дегендей үш тарапқа бөлініп иіріліп тұрды. Қазақ әскерінің не істеп, не қойып жатқанын байқатпау үшін Батыр бастаған ұшқыр қол қуғыншылардың алдынан қарсы шығып шайқас салады. Олар шайқасып жатқанда былайғы әскер ақ шаңытты

жамылып барып жан-жақтарынан қамап алатын болып келісілді.

— Иә, сәт! — деді Әбілқайыр.

— Иә, сәт! — деп күркіреді аламан үш тарапқа бөлініп бара жатып. Үдере шауып келе жатқан жоңғар қолы қарсы шауып кеп дүрсе қоя берген қазақ қолымен сатыр-сұтыр шайқаса кетті. Не болып, не қойып жатқанын біліп болмас ала шаң аспанға көтерілді. Әйтеуір шақыр-шұқыр найзаласқан темірлердің салдыры, жылқы шұрқыры, бірін-бірі алыса алмай жүрген сайыпқырандардың өжеңдей өкіре тіл қатысқан дөрекі дауыстары естіліп қояды. Сол бір әжептарқы дауыстар көбейген сайын әлгі көз көрсетпес ала шаңыт та жабағыдай ұйысып қоюлана түсті. Манағы жарқырап көкте тұрған күн көзінің де қайда батып құрығаны белгісіз. Жерге қарасаң да, көретінің — туырылған қою шаң; көкке қарасаң да, көретінің — туырылған қою шаң. Үстіндегі адамынан айырылып, құйрығын теуіп шыққан тұл аттар ала шаңның арасынан сытыла қашып, құйрық-жалдары қан-қан болып бет алды құла түзге безіп барады. Бір-біріне ұзында өші, қысқада кегі қалғандай, өңмеңдей, өзеурей ұмтылып, темір үзеңгіні қабырғаларына кенедей қадалтып, мойын омыртқалары бырт-бырт үзілгенше тұқырып, тірсектері майысып, жіліншіктері күл-талқан боп үгіліп түскенше жер табандатып тұрғызып қойып, қызыл кеңірдек боп жұлқыласқан опыр-топырдан құтылдық па, құтылмадық па, көрмегеніміз енді екі аяқтылардың тақымы болсын дегендей алды-артына қарамай зытып берді.

Екі аяқтылардың, бірақ, олармен еш шаруалары жоқ, жандарымен қайғы боп жүр. Сол баяғыларынша аламан-асырды салып жатыр. Гүрс-гүрс құлап жатқандар қаншама, ат жалынан айырылмай өкіріп-бақырып жан дауысы шығып шыңғырып жатқандар қаншама, аяқ алып жүргізбестей боп жайрап жатқан көп өлікке сүрініп мұрттай ұшып, мерт боп жатқандар қаншама, жерге түскен бойда ат тұяғының астында қап, тірілей тапталып жатқандар қаншама... Көп жылқының сауырын қызыл барқыт жабу жапқандай қан жуып кетіпті.

Әлгінде ғана қолмен қойғандай қып көз алдына елестеткен керемет шайқасының неге айналып кеткеніне өзі де жөндеп түсінбеген Әбілқайыр мынау ию-қию

дүрбелеңге ешқандай қатысы жоқтай қайран қалып қарап тұр. Кімді-кім шауып түсіріп жатыр, кімді-кім кеңірдектен алып қылғындырып түсіріп жатыр, кімді-кім ер үстінен алып ұрып жерге атып жатыр, кім қылыш та тимей, найза да тимей жойқын дүбірдің екпініне шыдай алмай аттан домалап түсіп жатыр — айырып болар емес. Кім батырлық жасады, кім қорқақтық жасады, кім өлермендікке басты, кім қандай тәсіл қолданды — о да белгісіз.

Мұншалықты аласапыранды, мұншалықты қым-қуытты белгілі бір арнаға, белгілі бір жүйеге салу еш мүмкін емес сияқты. Сөйтсе, соғыс деген де топалаңның бір түрі екен ғой. Бір басталуы мұң екен, басталғасын қау шөпке тиген өрттей қаулап жүре береді екен.

Қаншама сұңғыла қол басшы, қаншама ержүрек батыр болсаң да, жүйесізден жүйе табу, мағынасыздықтан мағына табу қолдан келмейтін шаруа екен. Ағыл-тегіл қан төгілген жерде ақылға тізгін тие қоя ма! Жұрт әбден еліріп алған. Өлгендеріне қарар емес. Мынау орта жолда бір айлапат оқпанға тап боп, құрдымға жөңкіген жойқын дарияның тау-тау тасқынындай алапат сұрапыл ештеңені шашау шығартпай, бәрін де опыр-топыр өз көмейіне тығып, обырлана қылғытып бақты.

Әбілқайыр әлі қайран. Манағы тып-тыңғылықты, түп-түсінікті жоспары қайда? Желге ұшқаны ма? Мынау ұлы сүргін айқай топалаңда дуылдап шекеңе шапшыған ыстық қаннан, көз алдыңды тұтаса көміп алған соқыр ызадан, қылыштың сыңғыры, үзеңгінің сартылы, кірш-кірш кірген көк сүңгі үні күшейген сайын еліре, лепіре түскен әлдебір әзәзіл желіктен басқа не бар? Бұл арадан ақыл не алады, сана не қарқ болады! Ендеше мынандай жойқын қимыл, қым-қуыттың үстінде адам аңға айналады. Шынында да, мынау ұмар-жұмар алысып жүргендер адам емес, аңдар. Қазақтар да, ойраттар да емес, темір тор, тар қамаудан босанып шыққан қабыландар, қотанға тиген аш арландар. Оларға мынадай желік үстінде ештеңе деуге, былай жүр, былай тұр деуге тіпті де болмайды.

Қолбасшының бар данышпандығы қол астындағы екі аяқты пенделерді қай уақытта, қандай жерде, қалай аңға айналдыра білуінде ғана екен. Одан әрі ол болып жатқан опыр-топыр оқиғаға тырнақтай да әсер ете алмайды.

Алыс-жұлысқа бір түсіп кеткен екі аяқтылардан сосын қайтып ешқандай ақыл, ешқандай пәтуа іздеме...

Әбілқайыр, міне, кешегі тәуекелінің дұрыс болғанын әлде теріс болғанын біле алмай қаралай пұшайман болып тұр. Өйткені мынау қырқыстың немен тынып, немен аяқталары әлі белгісіз.

Сол бір әлем-тапырық, аламан-асыр түс ауғанша созылды. Түс ауғасын манағы көз көрсетпес қою шаң сейілейін деді. Ол екі жақтың да қатарының селдірегені. Шайқасты бұл бағыттарымен соза берсе, жеңген ғұрлы да қансырап жетер сыңайлары бар. Жоңғарлар әбден қандарына қарайыпты. Өліспей берісе қояр түрлері көрінбейді. Шаң сейілген сайын ортаға ойысып, тас түйін боп топтанып, қатарларын жиілетіп, араларына ат сіңіртпей, жан-жақтан жапа-тармағай тап бергендерді қақшып салып қарап тұр. Бүйте берсе, бұл арадан қазақтардың аман қайтатындары аз болар. Не істемек керек? Мынау жұмылған жұдырықтай болып тұтасып алған жоңғар қолын қайткенде ыдырата алады? Шіркін, осындайда зеңбірек болар ма еді! Анау тас түйіннің төбесінен томп еткізіп бір допты тастап жіберсең, күлдері көкке ұшар еді-ау! Бірақ, ондай сұмдықты ойлап табатын жирен сақалды қазаққа қай құдай беріпті! Бәсе, әне қарашы. Қазақтардың мынау ажалға бастарын тігіп, әбден қандарына қарайып қасқиып тұрып алған қаһарлы шоғырдан жүректері шайлығайын депті. Семсер сілтестері тым сұйылайын депті. Сонда да, өлермендікке басып ілгері ұмтылады. Құдды бір отқа жүгірген көбелектей бірін-бірі баса көктеп өңмендей түседі. Әлгі бір тас түйін шоғыр найза дарытар емес. Еліре шауып жанай шайқасқандар қанаты күйген көбелектей жалп-жалп құлап жатыр. Ақкөз жауға қайтадан желік бітіпті. Аршындай қимылдайды. Қазақ қолы бәрібір жанталаса шауып, сол тұсқа барып ұйлығысып жатыр. Манадан бері өрге шапшыған тентек көңілі кенет жүрегінің басын аш төбеттің азу тісіндей қомағайлана қарпып кеміре бастады. Апырай, бұл жолы да төбесі қылтиған жеңіс зып беріп қайта жоғалар ма екен? Ендеше бұның бір жола күйрегені. Әбілқайыр бұл шайқастан кезекті бір еңсе тіктеуді емес, ақ көз жауды тұқым-тұяғымен типылдап түгел құртып жіберетін айтулы жеңісті дәметіп еді. Онда ар жағындағы қаптаған қалың қытайлармен айқасып жандары мұрындарының ұшында жүрген жоңғарлардың баяғыда Аякөзде

сұрамаған сауғасын осы жолы сұрауы мүмкін еді. Онда қазақтың жоңғардағы өшін алып берген Әбілқайырдың алдына кім шыға алады?! Кім біліпті, кешегі Орда басындағы ақ киіз бұған тек қазақтың қыл шашақты туын ғана емес, ортақ алтын тағы мен алтын тәжін де алып берер. Көрдің бе, сөйткен жеңіс те, міне, қақ ортада қалып, қияметтің қыл көпіріне тірідей тап болған пұшайман топтың ызалы семсерінен көзапара күйреп барады. «Апыр-ай, бір амалдарын таппағаны ма?» Хан көзі қанталап әлгі аламан-асыр жаққа қайта көз тастады. Сол баяғы қанжоса...

Әбілқайырдың көз алды бұлдырап қоя берді. Манағыдан бері дүниедегінің бәрін қоңыр тоқты сойғандай ұшалап-мүшелеп тұрған қасапшы қара ақылы кенет пышағы өтпей қалғандай мүдіріп, жігері құм болып, миы зеңіп барады. Жүрегінің басын үрей емес, удай кермек ыза тұтып алыпты. Қос шекесі шытынап, құлағының түбі шыңғырып сала бергені несі?! Көзін тарс жұмып алды. Миын зыңылдатқан әжептарқы үндер өшті. Апырай, еш айлалары қалмағаны ма?... Жан ұшырған санасы, қапелімде, ой таба алар, пікір түйе алар емес. Көз алдында шыр көбелек айналып жүрген қызыл жолақ, көк жолақ, сары жолақ сәулелер ұйыса-ұйыса бір қиыр-шиыр көмескі елесті тірілтті. Түлкі... Ит... Жоқ... түлкі... Баяғыда Мәті бидің ауылына бара жатқанда көзіне шалынған, сосын қайтып көп елестей қоймаған сол бір жұмбақ хайуан, міне, енді аяғын жалап қызыл тазы боп қыңсылап, төңірегінен шырқ үйіріліп шықпай жүр. Құйрығын жымып алған ба қалай... Баяғыда жымсиып күлген адамдай ырсия қарайтын сияқты еді. Бұл жолы өйтпеді ғой. Теңгешік көзі лайытып, бірте-бірте бөксесін көтере алмай, қираландап құлап бара жатқандай... Ау, бұған не көрінген! Құлағына бір жер қайыстыра күркіреген үн келеді ғой... Біреулер айдала айтақырға құлан қуып келе жатқандай... Ит... Құлан... Аң... аран... А!

— Абылай! Абылай!

Манадан бері бұның ту сыртында шайқас салып жүрген Әбілмансұр қолы да әлгі қызыл қуырдақ болып жатқан жаққа қарай ойысыпты. Ол маңай — сол баяғы аламан-асыр. Көз алдына баяғы сол қан қасап келді. Шынында да, мынау баяғы аран ғой... Онда да елірген түз тағысы өлгеніне қарамай осылай өңмендеп бағушы еді ғой. Бірін-бірі кимелей ілгері ұмтылған қазақ

қолының сол өлермен құландардан несі өзге? Мына түрлерімен қазір-ақ жуадай жусап қалады емес пе? Апыр-ау, мынау жұртқа не көрінген? Мынау баяғы аран екенін көрмей тұр ма? Баяғы талай аң аулағандары, талай төрт аяқтыны тап осылай талапайға жыққандары естеріне түспей ме! Ендеше, неге өңмеңдейді? Таулары шағылғансып кері лықсып қашпас па? Сонда мынау қапияда жандәрмен айла тауып айдындары аса бастаған ақ көз жау сондарынан тұра келіп қумас па! Қуды-ақ, анау жұмылған жұдырықтай тас түйін ыдырамас па! Тағы да бұл өзінен басқа ешкімнің есіне келмеді? Тағы да амалды өзі тапты. Енді, мұны оларға тезірек жеткізуі керек. Сонда кімге айтқаны жөн? Бараққа айтып онсыз да бұтқа толып жүретін немені ертең шалқақтатып шаңырағына түкірткізіп қайтеді! Батырға айтса, кешегі мәслихаттағы астам сөзінің уын қайтарғысы келгені ғой деп ұғар... Сәмеке мен Әбілмәмбет те бір. Барақ та бір... Сонда айтса... Иә...сол дұрыс... Кешегі мәслихатта босағадан аттамай ұрын келген күйеудей сызылып отырған сыпайы сұлтан Әбілмансұр келді көз алдына. Жұрт қызылшеке боп айтысып жатқанда ол үн қатқан жоқ. Не: «Сенікі дұрыс!» — деп ешқайсысының сөзіне бас изеген жоқ. Үнсіз кіріп, үнсіз шығып кетті. Бар болғаны он тоғыздағы жігітке осынша сабыр қайдан біткен?.. Оны ойлағанда бір кездегі өзі есіне түсті. Өзі де осылай бойын жасырып бағып еді ғой. Әбілмансұр ол да, міне, үндемей келіп, Бұланты қырғынында бір-ақ көзге түспеді ме! Сабалақ-сабалақ сары ат мініп қалың жауға: «Абылайлап!» жалғыз тиіп, баудай сұлатқан Әбілмансұр сұлтан сол шайқастан Сабалақ батыр атанып қайтқан-ды. Ол бұл жолы қол бастап келді. Екі жағына қылыш жанығандай қарасұр томаға көз сұлтанның өн бойында бір оқ жыландай ысқырынған суық ызғар бар. Сонысынан ба, Әбілқайыр да одан бой тартып, әлі ішін ашпай келеді. Бірақ, ондай болғалы тұрған сүлейдің осы кезден ық жағын ала берген кім-кімге де зиян емес. Түбі жылы қабақ аңдатар болсаң, қапы қалмас тұсың осы! Әлгі ойыңды соған айт! Әлде кешелі бері көздерін алартып, көмейлерінде түтіндеп жатқан бықсық шаланы байқатпайын деп езулерін жымқыра тістеніп алған Жәдік әулеті оның да құлағына жармасып бірдеңе деп үлгерді ме екен? Бірақ, мұндай-мұндай кергіге алғаш түсіп отырған бала сұлтан бас сұлтанның бұл ықыласын бәрібір ұмыта қоймас. Ендеше, бұл тұрысы не тұрыс?

— Әй, Мырзатай!

Хан туының астынан шықпайтын кәукіме неме қайда жоғалып кеткен. Әне, бір айдалаға қолын бұлғалап тұрған сол емес пе?

— Алдияр тақсыр! Алдияр тақсыр!

Көлденеңдеген мына біреуі кім еді! Жалы тізесіне түскен қара атты. Барақтың қолынан ғой. Бұл не ғып жүр? «Мынандай қиямет тұсында айтар қандай пәрмені бар екен? Біліп кел!» — деп Барақ қой жіберіп отырған. Оған тіріде айтсын ба! Оны көрсе де көрмеген боп теріс айнала берді.

— Әй, Мырзатай қайда құрыдың?

— Алдияр тақсыр, мен мұндамын!

Жолбарыстай шұбалған ұзын айғырдың үстіндегі ханның ар жағынан құла жиренді Мырзатай қапталдаса берді. Сөйтсе, хан қасына қол басылардың бәрінен де бір-бір шабарман келіп жиылып қалған екен. Әлгінде ғана абдырап тұрған хан дереу бойын жиып ала қойды.

— Мына қазаққа не көрінген, — деді ол саңқылдай сөйлеп. — Аранға жүгірген құландай бәрі бір жерге топталып не көрінген? Өздерінде ми бар ма, түге! Бар, Әбілмансұрға айт, анау топырдың өкпе тұсынан кеуделеп бір кірсін де, қалмақтың қалың найзасынан қаймыққан боп, жалт беріп кері қашсын. Сонда жау ет қызуымен қуып бермес пе екен? Топ бір ыдыраса, ар жағын өздері біледі ғой.

— Құп тақсыр. Ұқтым! — деп Мырзатай атына қамшы басты.

— Ай, ақылыңнан айналайын, хан-ием-ай! Тауып кеттіңіз-ау. Мына тығырықтан басқаша құтылудың жолы жоқ екен ғой!

Жан-жағынан анталай тоқтаған көп шабарман жамырай жөнелді.

Әбілқайыр көзі жалт ете қап, шұбар айғырды бір шапшытып топтан шығып, анадай жердегі оймақтай ашық алаңға барып, талтайып тұра қалып еді, манадан бері аттың бүйірін темір құрсаудай қысып тұрған екі аяғын үзеңгіге шірей тебініп қалғанда әлдене күтір ете қалды.

— Ойбай, хан-ием, таралғыңыз үзіліп кетті ғой!

Әлдекім атынан домалап түсіп таралғысына жармасты. Аяғын жалағандай боп, қайыс таралғының бір үзігін аузымен тістеп, қайта жалғай бастады. Анадай жерде қаңтарулы тұрған қара атқа көзі түсіп, әлгі

жәреукенің кім екеніне біле қойды. Барақтың шабарманы екен. Оған жүзін де бұрмай, майдан жаққа масаттана көз тастады.

Манағы ат сіңірмей, найза батырмай тұрған тас түйін ойраттың ортасы ойылыпты. Жан-жаққа тартыншақтап шегінген қазақ әскерінің қанаттарын тықсыра қуамыз деп жүріп бытырап кетіпті. Жау туы ортада оқшау қапты.

Манағы манағы ма! Қанды шайқас енді қызған. Ана жақта да өкіріп құлап жатқан жоңғар! Мына жақта да өкіріп құлап жатқан жоңғар! Қазақтар қайтадан еліріп алған! Әр рудың кеңірдектерін жырта салған ұрандары құлағына майдай жағып барады. Бұл есіл-дерті шайқаста болып, алдына келіп, қолын көкірегіне апарып тағзым етіп тұрған Болаттың төлеңгітін де көрмепті ғой..

— Алдияр тақсыр! Алдияр тақсыр!

Құлағына ештеңе кірмейді. Майдан даласына қарап екі езуі екі құлағына жетіп ыржия күліп тұр. Төлеңгіттің көзі шарасынан шығып кеткен. Таңдансын, таңдансын! Таңданбағанда қайтсін! Әбілқайырдың ыржалақтап күлгенін кім көрген. Оны көру де бір, темірдің гүл шашып, кірпіден түбіт қырыққанды көру де бір! Таңырқа... Таңырқа... Әбілқайыр бүгін күлмегенде қайда күледі. Жетесіз неме-ау, бұның бетінен май шығып келе ме екен! Одан да анау шайқас салып, жүрген сайыпқырандарға қарасайшы! Шіркін, дүние өз әміріңді бұлжытпай іске асырып жатқан қара құрым жұртқа осылай сырттарынан масаттанып қарап тұрудан асқан бақыт бар дейсің бе! Сенің көкірегіңнен шыққан санаулы сөз жұрттың көкірегінен ағыл-тегіл қан болып ақтарылып жатыр. Сенің талай түн басыңды қатырған ойларға қарайған жұрттың алша мойыны талша боп қиылып түсіп жатыр. Сенің көкірегіңдегі көкейтесті ниет біреудің бағына, біреудің ажалына, талайдың қашып құтыла алмас тағдырына айналып жатыр. Бұндай тіл алғыш жұртпен ақ тауды айырып, қара тауды қайырмассың ба! Бұндай тіл алғыш жұртпен қандай басқыншыны да қақ маңдайдан қақырата соғып қуып шығуға болады ғой. Әттең тек ол барлық уақытта өз қол астында болса ғой! Дүниеде ешкім бетіңе келмейтін, ешкім айтқаныңды екі етпейтін өктем биліктен асқан құдірет, одан асқан сиқыр бар дейсің бе? Бұның, міне, есін кіресілі-шығасылы қып қаралай мас қылып тұрған да сол сиқыр ғой. Шынында да, мынау не өзі? Өңі ме, түсі

ме екен? Өңі дейін десе, қайтып бәрі оп-оңай оңға басып кете қойды?! Түсі дейін десе... Тағы келмейді. Аяғын қимылдатса қимылдайды. Қолын қимылдатса қимылдайды. Көзін бір жұмып бір ашады. Күркіреген дүбір мен дүсірді естіп тұр. Адамның тап бұлай ұйқыға шомуы мүмкін бе? Қиялы дейін десе... Тап бұнша есін жия алмастай қиялға батып бұл бала боп кетіп пе! Жоқ, шындық... Шындық... Шындық екеніне сенгісі келгендей көзін бадырайтыңқырап, төңірегіне көз салып еді... Әр жер, әр жерге бытырап-бытырап шайқас салып жүрген шоқ-шоқ ойрат құрып бітуге айналыпты. Құлағына келіп тұрған мынау не сарын? Өзі бір таныс сарын ғой. Ау, мынау, шынында да, не қылған ызы-қиқы. Тоқта, тоқта. Тіптен таныс... Күні кеше, жоқ баяғыда тап осындай жағдайға тап болған сияқты еді ғой. Расында да осы ұйықтап тұрғаннан сау ма?! Анау жылдары Қаратаудан ел босқанда да жер мен көкті осындай бір әжептарқы үн жайлап кеткен-ді. Дүниеде үннен қорқынышты ештеңе жоғын бұл сонда байқаған. Қаратаудың қолат-қолатынан шығып жатқан қалай болса солай қомдалып, қалай болса солай теңделген жалба-жұлба шұбырынды көштер дәл қазіргідей дүниені басына көтеріп зарлап келе жатар-ды. Жетім ботаның боздағаны, жетім інгеннің аңырағаны, жетім бұзаудың мөңірегені, жетім қошақанның жақ жаппай маңырағаны, жетім құлынның қоңырауы сыңғырлап қолды-аяққа тұрмай күлдір-күлдір кісінегені, тұл қатынның бетін тырнап жыртына дауыс еткені, ағадан, әкеден айырылған қаралы қарындастың шашын жұлып еңірегені, мына дүниеде не болып, не қойып жатқанына түк түсінбей зәресі ұшқан жас нәрестелердің кебезелерінен бастарын қылтитып, иектерін кемсеңдетіп жылағандары, аттарының екі жақ қапталына кезек жығылып, жалдарын құшақтап ап, еңселерін көтере алмай бара жатқан ерлердің екі иықтары бүлкілдеп солқ-солқ өксігендері, қара-жұрт, қара қонысынан ауып бара жатқан бейбақ ауылдардың әншейіндегі құйрығы қайқақ сырттандарының іштерін өртеп бара жатқан ызаларын сыртқа шығарғылары келгендей тоқтай қап жер тырналап, мойындарын көкке созып, қоймай кеп ұлығандары ию-қию қосылғанда қандай тас жүрек, темір жұлын, сіңір жүйке кісінің де төбе құйқасын шымырлатып, ет-бауырын езгілеп қоя береді екен.

Әбілқайыр үшін заманақырдың өзі сол баяғы ақтабан шұбырындының аласапыраны болып елестейді.

Мынау ызы-қиқы, қым-қуыт, әжептарқы дауыстар да сол бір қилы заманды еске салғандай екен. Бірақ, бұл жолы неге құйқасы шымырламайды, неге жүрегі тызылдап бебеу қақтырмайды. Қайта өз-өзінен өрекіп қаралай лепіріп тұр ғой. Неге өйтеді? Мынау да ызы-қиқы жылау ғой! Мынау да жер-жаһанды бастарына көтерген жаппай аңырау ғой... Апырау, мынау мауыздай-мауыздай еркектердің бүйтіп өз бастарын өздері төмпештеп дауыс еткендері несі? Несіне жылайды? Бес қаруы белінде мұздай темір құрсанған тепсе темір үзетін еркектер асай-мұсайын асынған бойда-ақ қуыс өзекті пенделіктен айырылып найзаның ұшын сынар, қылыштың жүзін сынар, дұшпанның ашуын сынар, мергеннің дөптігін сынар жансыз, арсыз, бет-бейнесіз өлі нысанаға айналмай ма? Оны адам деп кім аяушы еді! Тәйірі, мына ойраттар соны білмей ме? Түп-түгел ит болып ұлып кеткендері несі? Ұлыған ит пен жылаған жауды кім мүсіркесін! Өздері шетінен шеке-тамырлары бадырайып ызақор боп келеді дейтін. Шақар адамдардың әбден амалы таусылғанда қатынша долырып, өз шаштарын өздері жұлып өкіріп қоя беретін әдеттері емес пе! Мыналар да жандарынан түңілді білем. О тоба, бұны да көретін күн бар екен ғой. Шіркін, осыны баяғы ала-топалаңда арыстарынан айырылған бейбақ жесірлер көрер ме еді! Шіркін, мынаны баяғы аласатта боздақтарынан айырылған жыртық өкпе аналар естір ме еді! Шіркін, баяғыда жеделдес аға-інілерінен айырылып, түн баласы өксік атып жата алмас ай жүзді ару қарындастар болар ма еді! Олар мынау қызыл қырғын шайқастан шыққан қазақ сарбаздарының өздері түгілі астарындағы ақ тер, көк тер аттарының толарсақтан қан кешкен сатпақ-сатпақ шашасын айқара құшақтап ап сүйген болар еді! Қуанғандарынан ағыл-тегіл жылаған болар еді. Қуан, қазақ, қазақ, қуан! Сенің де есең қайтып, өшің қанар күн болады екен. Шіркін, мынау жосылып жатқан қара қанды, шашылып жатқан көп өлікті, маңдайларын ердің қасына соғып еңіреп бара жатқан ата дұшпандарына қапияда опат тауып арманда кеткен асыл азаматтар, бір сәтке болса да, қара жердің астынан бастарын көтеріп, көз қиықтарын бір салар ма еді! Ой, дүние-ай, бұған да жетер, бұны да көрер күн бар екен ғой. Өлі аруақ, тірі халайық риза болса, бүгін риза

болар. Бұндай күнді көргізген кім, бұндай бақытқа жеткізген кім? Ол — мына Әбілқайыр... Босаға баққан Өсеке тұқымының қарадан шыққан қатынынан туған кем абырой, кем нәсіл төлі! Осы бір шойын езу, сыз қабақ сұрша жігіттің ең болмаса езуін жиырар күні болар ма екен деуші едіңдер ғой! Ал, маңдайларыңа мүйіз шықса, көріп алыңдар! Жымимақ түгілі екі езуін жинай алмай сақылдап күліп тұрған жоқ па?! Ал, енді не дейсің, жұртым?! Бұдан кейін де менің бетіме айтар айыптарың мен сыртымнан айтар ғайбаттарың болар ма екен?! Көріңдер, көріп алыңдар! Енді мұндай жойқын жеңісті маңдайларымызға жаза ма, жоқ па?! Ұлыған иттей шулап бара жатқан ата дұшпандарыңның аңыраған дауыстарына құлақтарыңды әбден қандырып алыңдар! Бұндай бақ тағы басыңа қона ма, жоқ па?! Қапы қалма, халқым, қуан, қызықта! Бұл бір сенің мерейіңнің артқан күні! Ту, ту, мына дүние не болып барады өзі?! Жер мен көктің шыр көбелек айналып кеткені несі?! Тақтайдай тегіс жалпақ жазықтағы сансыз өлік топан судың бетіндегі салындыдай қалқып барады ғой, түге! Ау, мынау өзін шыр айнала атанақтап шауып жүрген не болды? Баяғы қызыл түлкі ме? Жоқ... Жоқ... Әлгінде ғана көзіне елестеп кететін қызыл тазы емес пе?! Мана бұл қиралаңдап белін көтере алмай жатқан сияқты еді ғой. Енді қолды-аяққа тұрмай тызақтап шауып кеткен бе! Өзі бұған бірте-бірте жақындап келе ме, қалай? Шалғайына оратыла ма, қалай!! Аяғын жалай ма, қалай?! Е, көптен бері көңілін қызылқұрт боп жеп жатқан әлгі бір бақыт дегеннің өзі осы болғаны да! Кейбіреулер оны аспандағы жұлдыз дейтін... Енді біреулер зеңгір көкте ұшып жүретін сиқыр құс дейтін... Қайдағы жұлдыз... Қайдағы құс... Сөйтсе, осындай бір жәреуке күшік екен ғой! Бақыт деген ешқашан маңдайыңа қонбайды. Бақыт деген әрқашан осылай шалғайыңа оратыла жүреді, аяғыңды жалайды. Сосын да сен оны байқай бермейсің. Мә, мә, жалай ғой, күшім, жалай ғой! Шапқылап қал, күшім! Осылай төңірегімнен шырқ айналып шықпа, күшім! Осының өзі ақылынан алжаспаса жарар еді... Маңайынан мынау жәреуке күшіктен басқа ештеңе көрмегені қалай? Әлгі бір қым-қуыт жылау қайда? Әлгі бір қызыл-қырғын шайқас қайда? Мына біреу жалбаңдап шаужайына неге оратылады? Кім өзі? Қамшысын көтере беріп еді... Е, әлгі төлеңгіт әлі кетпеген екен ғой! Болаттың жылмаң төсі

мұнда не қып жүр? Тісі ақсиып не дейді өзі? Құлағына ауызын төсеп неге өкірендейді. Не дейді, түге? «Хан өлді!» дей ме?... Қайдағы хан... Тәуке баяғыда өлген жоқ па еді... «Оқ тиді!» — дей ме? Бүгін кімге оқ тимей жатыр?! Оқ тиген кісіні, тіпті опат болған кісіні санап тауыса алармысың? Бірақ, жеңдік қой, әйтеуір! Ата жауды тұқым-тұянын қалдырмай қырдық қой, әйтеуір?! Жоқ, осы әлгі жылап жүргендер қайда кеткен? Қашып кеткен жоқ па? Қашқанда қайда құтыла алар дейсің? Қазір бәрін қуып барып көздеріне көк шыбынды үймелетеді ғой!

— Немене?

— Алдияр тақсыр, Болат ханға оқ тиді.

Әбілқайыр сол екі езуіне ие бола алмай ыржалақтаған қалпы. Оның мына тұрысына түсіне алмай дал боп тұрған төлеңгітке енді қайтып сұрақ та қойған жоқ, жауап та берген жоқ. Басы шыркөбелек айналып барады. Шапқылаған қызыл тазы әлі шыр айналып шықпай жүр. Осының өзі есеңгіреп қалғаннан сау ма?! Мейлі, есеңгіресін... Есеңгіретпеген, естен тандырмаған бақыт бақыт боп па! Мейлі, мейлі... Әлгі төлеңгіт не деді осы? Қайда өзі?

Жан-жағына қараса, әлгінде ғана шаужайына оратылып жүрген төлеңгіт те, шырқ айналып шапқылап жүрген қызыл тазы да жоқ. Айдалада аңырап жалғыз өзі тұр. Жайрап жатқан өлік. Ағып жатқан қызыл қан. Манағы бір аңыраған дауыс алыстап кеткен. Оларды қуып жетіп құртпай мыналар неге ошарыла қалған. Әйда, кеттік! Атына қамшы басты. Әлдеқашан қыр асып, көз ұшында шаңы қылтылдап бара жатқан жоңғарлардың соңынан салып келеді. Тек Бөкенбай ерді, Есет ерді. Былайғылары тырп етпейді. Неге бүйтеді? Еміне шауып келеді. Біраз шапты. Ойраттар алды-арттарына қарар емес, ағызып барады. Бір уақытта Бөкенбай қатарласты.

— Алдияр, артымызда қол селдір! Алдымыз — жоңғардың ұлысы. Қолайсыз бірдеңеге ұшырап қап жүрерміз. Қайтайық. Оның үстіне Болат ханға оқ тиіпті. Әл үстінде жатыр дейді. Әлгілер соған қарайлап қалған шығар. Қайтайық, алдияр.

Қап, жоңғарлардың туын аман жіберіп қойғанымызды қарашы! Ешкімін қалдырмай түгел қырып тастауымыз керек еді. Бұл жеңісіміз де жартыкеш жеңіс болды-ау. Әскерін осы арада түгел жайратып, Іле бойындағы ұлыстарын да шауып ап қайтқанда қатып

кететін еді. Баяғы ақтабан шұбырындының есесі сонда қайтатын еді.

Олар қайта оралып келгенде әл үстіндегі Болатты Әбілмәмбет Түркістанға әкетіпті. Барақ пен Күшік шала-шарпы қоштасып өз ұлыстарына тартты. Жәнібек, Бөкенбай, Қабанбайлар бас сардармен қоштасып, есендік айтысып, бұдан былай Абылай атанар Әбілмансұр сұлтанды ортаға ап оқшау кетті.

Әбілқайыр қасында қалған Кіші жүз қолы жығылған ат пен жайраған өліктен көз тұнатын ұшан жазыққа қарап біраз тұрды да, аттарына қамшы басты.

— Әлгілердің аңыраған дауыстары құлағымда әлі тұр! — дейді Батыр.

— Е, бұл жолы бір сұрапыл шайқас болды. Ойраттардың аңыраған дауысын күллі қазақ түгел естіген шығар. Енді мына жазық Аңырақай атанады ғой, — деді Бөкенбай.

Жер де қып-қызыл, көк те қып-қызыл. Күн енді бата бергенде жаңа ғана Аңырақай атанған ұланғайыр дала құлазып бос қалды.

Содан Әбілқайыр біраз уақытқа дейін ұйқысыраған кісідей дел-сал жүрді. Аңырақай шайқас есінен шықпайды. Жылмиған жазық, жайраған өлік, еңірегінде етектері толып безіп бара жатқан жоңғарлар... Бірақ, ол елестер баяғы майдан даласында тұрғандағысындай көңілін бірлеп, рақатқа батырмайды. Су бетінде жүзіп жүргендей бір жансыз сұлделер... Абыр-жұбыр қимыл-қыбырлар... Еңкілдей қашқан жоңғардың еңірегінде дауыстары да құлағына келмейді. Арада сонша көп уақыт өте қойғаны ма?! Неге сонша тез ұмыт боп қалған? Бүгінде екі қазақтың басы қосылса, Аңырақайды айтады. Сол бір желпінген әңгіме мұның миына кіріп те шықпайды. Оған ешқандай қатынасы жоқтай... Маңынан жүрмегендей. Тіпті сол ел айтып жүрген шайқас атымен болмағандай. Ордабасы жиыны деген жиын да өтпегендей. Мынау дүниеде ешқандай Аңырақай, ешқандай Ордабасы жоқтай. Соның бәрі сан тарапқа сандалып әбден далбаса болған сананың шым-шытырық сезімдер сергелдеңінен мезі боп, жүндей түтіліп кете жаздап жүрген жүйкені тыныштандыру үшін әдейі ойлап тауып жүрген айла-шарғысындай. Әйтпесе, ондай ұланасыр шайқас болса, оның аяғы осылай қиырман-шиырман боп біте ме? Ордабасындағы

жиындай пәтуалы мәслихат болса, оның ақыры осылай аяғы құрдым боп кете ме!..

Сергелдең көңіл күніне қырық қайтара ойланып, қырық қайтара толғанса да, осы бір екі әзәзіл сұрақтың ындынын қандырар тұрлау, тоқтам таба алмайды. Екі ұдай сана бірде: «Бұның бәрі де әншейін лақап. Арманшыл көңілдің қайдағыны қайдан тауып ап жүргені. Сенбе, сенбе!» — деп азғырса, бірде: «Бәрі де рас әңгіме. Есіңнен қалай шығып кете қойды. Шайқас та, жиын да тап биыл, биыл болғанда да осы үш-төрт айлықта болған оқиға. Болмады десең, достарыңды қойып, атарға оғы жоқ қастарыңнан барып сұрашы! Не дер екен? Түркістандағы Әбілмәмбет базарға барған кез келген майтымақ биді ұстап ап: Әбілқайыр алтын тақтың иесі, әз Тәукенің баласы Болат хан өліп жатқанымен шаруасы жоқ, бір бес жүз жоңғар аман кетті екен деп талағы тарс айырылады», — деп күстаналап жатпаса, қыдыра жалды қара атты тайпалта жорғалатып, жал-жалдың басындағы әр ауылдан бағылан жеп жүрген Барақ: «Ел болып қайрат қылып жеткен жеңісімізді Әбілқайыр тағы да бір өзі иемденіп кетпекші... Баяғы Жайық бойындағы қалмақтармен болған шайқастардағы азғантай абыройдың бәрін өз қанжығасына өңгеріп кетіп дәндеген. Бұл жолы қысылтаяң жерде Абылай айла таппағанда ұрыстың артының қойболды боп кетуі әбден мүмкін еді», — деп кәукіп отырмаса, маған кел! Ал, Абылай ешкімге ол жайында ештеңе деп ләмим тіл қатпайды. Өтірік те, рас та демейді. Бірақ, сол соғыста көзге түскен Жәнібек, Қабанбай, Бөгембай, Баян, Сырымбеттерді шатырына күнде шақырып алып мәжіліс ашады да жатады. Жоңғарлардан Аңырақайдағыдан да асырып өш алудың қамы болмаса, қатын үстіне қатын алудың жайын ақылдасады ғой дейсің бе? Аңырақайда қызыл қырғын шайқас болмаса, Балқаш бойында аман барған Болат қағынды тиіп қайтыс болды ғой дейсің бе? Болды! Болғанда қандай! Ол соғыста жұрт не десе, о десін, тек сенің ақылыңның арқасында ғана жеңдік. Одан да зор абырой табатын ек, «арқар» ұрандастарың ақыры аяқтан шалып тынды», — деп қақылдайды.

Қанша айтсаң да, миына кірмейтін кер құлақ сана тағы күмілжиді. «Ау, сонда қазақ өлгенде көрген айтулы жеңісін араға айлар түсер-түспесте осылай аяқ асты қыла салғаны ма?» — деп кергиді. Күмілжі сөйлеп

күңірсітіп бағатын Күдік көлгірге шыбын-шіркей боп шықшыты шытынай қалатын Шындық пақыр тағы да күйіп-піседі. «Мүмкінбесі несі-ай! Ағайындарыңды бүгін көріп отыр ма едің! Орда басына дейін еңселерін жықтырып барған баяғы ақ табан шұбырындының тұсындағы абыройсыздықтары ғой. Кешегі Аңырақайда діттеген жерден шыға алмағанда бар ұятқа сен қалатын едің. Олар: «Әбілқайыр өйтпегенде, бүйтпегенде былай болатын едік», — деп кеу-кеулесер еді. Құдай сақтағанда, шайқастың алдында ауызыңнан ие шықса, шайқастың тұсында соның бәрі аумай-төкпей келді не қойды. Саған ондай абыройды «Алаш ұрандылар қиғанмен, «Арқар» ұрандылар тіріде қияр ма! Іздегенге сұраған дегендей қайдағы бір қаңғыма оқ ат үстінде қауқиып тұрған Болатқа тиер ме! Сені дегеніңе жеткізбеуге тамаша сылтау табылды. «Хан өліп жатқанда шайқасты қайдан жалғастырамыз. Онсыз да жеңдік қой!» — десті. Болат өліп, аға ханның тағы босағалы тұрғанда олар өлсе де, саған ерер ме! Ертең тағы да тақ таласқа түскенде ойраттың әскерін де, ұлысын да типылдап шауып қайтқан бас сардар тұрғанда қалған сұлтандар қалай бақ сынай алады?! Ондай бас сыбағаны саған неге бұйыртып қойсын! Ойда жоқ өлімді пайдаланып, сенің ойыңды ақырына дейін орындатқызып шығартпады. Ол үшін әуелі Әбілмәмбет айла жасады. Ажал ауызында жатқан әкесіне жаны ашыған боп, жұртқа қарамай Түркістан асып кетті. Оның бүйтіп бүйректен сирақ шығарғаны Сәмеке, Барақ, Күшікке жақсы болды. Олар да жалма-жан өз ұлыстарына тайып тұрды. Былай қарасаң, көрер көзге қиянат жасаған ешкім жоқ. Әбілмәмбетке айтқызсаң: «Алтын тақтағы аға хан өліп жатқанда қанға құнығып қайтып соғыса береміз?» Қалғандарына айтқызсаң: «Бір жағынан хан өліп, бір жағынан Әбілмәмбет қара жамылып жатқанда біз қайтып қалайық. Жеңер жоңғарды жеңдік, одан арғысы өлермендік болар еді». Тек сенің ғана жүрегің қан қақсайды. Оларға да керегі сол. Сенің дегеніңе жете алмағансың. Жеңістің аяқсыз қалғаны. Сенің ұпайыңның түгелденбегені. Енді, міне, Болат өлгелі қанша уақыт өтті?! Әншейінде тақ мінген марқұмның қырқы өтер-өтпесте, ақ өре киізді құрағыта бастайтын төре тұқым бұл жолы неғып тына қалды! «Қазір қазаққа аға хан сайлаудың керегі жоқ, үйткені үш жүздің басы түгел емес», — деп сылтауратады. Ал,

шынына келгенде, қазаққа аға хан қазір керек болмағанда қашан керек болады? Елдің жартысы жаудың боданында, жердің жартысы жаудың табанында жатқанда ауыз біріктіріп, аруақ қоздырар тізгін ұстап неге керек болмасын! Ондай атаққа «Арқар» ұрандының қайсысының жемсауы жыбырламай жүр дейсің. Бірақ бәрі сенен сескенеді. Мынандай қиын күндерде бірталай абыройға қолы жеткен соң, бас тақ та соған бұйырып кете ме деп қорқады. Сол себепті де дүниеде қазақтың аға ханы, бас тағы бұрын-соңды болмағандай, ол туралы қазір жұмған ауыздарын ашпай отыр. Әрқайсымыздың қол астымызда, құдайға шүкір, бір-бір ұлыс бар ғой, соны шүкіршілік етейік дейді. Ал, жеке-жеке қалғанда, қай-қайсысы да есіктегі қойшының «Маған бұйырмайтын көтен боғымен піссін», — дегеннің керін келтіріп, бізге бұйырмайтын бақыт ешкімге де бұйырмай-ақ қойса екен», — деп тілейді. Бар гәп, міне, осында!»

Бір жағынан күдік күңсітіп, бір жағынан шындық шыжбалаңдап әр-сәрі болған Әбілқайыр әлі бір тоқтамға келе алмай жүр. Бүгінде оның жатса, тұрса ойлайтыны сол. Қандай шешімге бел буғаны жөн?

Орыс шебіне жақын Торғай өзенінің Нұра тарауларын орағытып өтер мүйісіндегі Қаратүбекке кеп қонғаннан бері бар ермегі — тарыдай шашыраған тартымсыз ойлардың басын біріктіру.

Бір тұстан Шалқар Нұра үстіртінің кемер шыңдары қалқалап, екінші тұсынан Торғайдың кең арнасы көмкеріп, үшінші жағынан бір-біріне жең ұшынан жалғасқан үш көл — Соркөл, Көлжарма, Бораншы, төртінші жағынан айдын тақырға ұласып қысы-жазы шалқып жатар Шөміш көл қоршап жататын сиырдың тіліндей сүп-сүйір Қара түбек, шамалыда, қай жауың да жақындап келе алмастай алдырмас қамал-ды. Әбілқайыр биыл сол түбекке күз басында қонып, қыстап шықпақ. Терістігіндегі тағадай орағытып жататын Айыркөлге іреп кіріп жататын ту түбекке малын айдап салса, ығы да жеткілікті, шөбі де жеткілікті. Қаншама қанжауды қысында да онда қыстаған мал бөтекесі бітеу семіз шығады. Ал күнгеінде Шалқар Нұраның үстіртін жиектей жарысып жатқан ай тақырдың бір пұшпағына малдың талағындай боп жалпая жабысқан жайдақ көл — Байтақ көл. Одан ұшқан құс, жортқан аңның түр-түрін табасың.

Әбілқайыр таң атса болды, қасына Мырзатай мен бірер мергендерді ертіп сол Тар түбекке аттанады. Қасындағылар аң мен құсты қанша атса да, құмарларынан шықпайды. Ал, Әбілқайырдың қуалаған аңы Тар түбекте емес, өз көкірегінде. Оған атқан оғын, жүгірткен тазың, салған құсың бәрібір жетпейді. Қасындағылар мәре-сәре боп, қанжығаларын қалай майлағанын есептеп жатқанда, ол басы көкірегіне кетіп дел-сал отырады. Бірақ, өз ойының ұштығына бәрібір жете алмайды. Бұл қазаққа қанша еңбек сіңіріп, қай жыртысын жыртысса, абырой таба алмасын біліп болды. Мына халық көз алдында істеген қай ерлігіңді де, қай еңбегіңді де көзапара есепке алмай кете барады. Оны мойындатқызу үшін қазақтың өз басы жетпес, өз ақылы таппас басқа бір сыртқары ықпалдың айырықша шапағаты керек. Ондай ықпал тек құдайдың ғана қолында шығар. Құдайдың берген өнері, қайраты, ақылы, айласы мынау қауқылдаған май тымақтар үшін бәрібір ештеңе емес. Одан әйтеуір, елден ерек бірдеңе талап етеді. Ол елден ерек нәрсенің не екенін өздері де білмейді. Бұл тегін бұлдап көрейін десе — кіші ұлдың қарадан алған қатынының баласы. Күндік байланыстарын бұлдап көрейін десе — одан да шығып жатқан пәтуа жоқ. Қараның да, төренің де талай шоншарларымен ілік-шатыс боп бітті. Бірақ, содан көгеріп жатқан көсегесі қайсы! Өзіне салса, мына керік немелерге өзінің жерде жатқан аяқ асты кісі емес екенін сездірудің бір-ақ жолы қалған сияқты. Ол — қазақтан тысқары бір пәрмендірек патшаның шапағатына ие болу. Қазақтың маңында ондай патшалық та толып тұрған жоқ. Бірі — орыс та, бірі — жоңғар. Жоңғармен әмпейі боп не абырой табарсың! Ал, орыс патшасына қазақтың жүгірткен қанша аты, жұмсаған қанша елшісі босқа арам тер болды. Патшамен әмпейі болам деп Тәуке ештеңе шығара алмағанда, Қайып ештеңе шығара алмағанда бұл не шығарып көктетер дейсің! Тағы да шаптырған елшіні баяғы Қойбағар құсатып қайтарып жіберсе, не істейсің?! Онсыз да төбеңде ойнап отырған жұрт одан сайын төмпештің астына алмай ма?! Бірақ, бұл жолы: «Қол астыңа бодан болып кіремін, сен — басшы да, мен — қосшы», — деп басын ашып айтса, қайтеді... Сонда да арқаңнан бір қағып шығарып салар ма екен?! Қойбағардың жөні бөлек қой. Ол тұста кісінің табанында жатқан ез жұрттың әңгімесіне кім құлақ

ассын, ал қазір қазақтың ойраттың тепкісіне оңай көне салатын осал жұрт емесін орыстар да көріп, біліп жатқан шығар. Ондай абыройды кім алып беріп отырғанын анау Омбы, мынау Уфа, сонау Астрахань естімей, шеттерінен көрқұлақ болып қала қойды дейсіз бе?! Ендеше, үш жүзге ортақ тақтың иесі аға хан, сірә, жоқ. Қазір қазақ сұлтандарының арасында үш арыстың үшеуінің ортақ әскерінің бас сардары болып сайланған бұдан жолы үлкен, бұдан дәрежесі үлкен кім бар?! Ендеше, ол тек өз ұлысының ғана емес, күллі қазақтың атынан неге сөз салмайды?! Сонда, патша бұнымен қайтып шекесінен сөйлесе қояр екен. Жоңғардың да күні ертең не боп кетері белгісіз. Ар жағында қаулап қытай тұр. Мұндайда ақ патша, ақылы болса, тап қазақтың ұсынған қолын қаға қоймас. Қайта мына хабарға қуанып қалар. Оның үстіне, бұрынғы Петр патша өліп, орынына бір әйел патша болыпты дейді. Жаңа патшаның аты жаңа патша. Бұрынғы патша не десе, бұл да соны тап сол қалпында қайталай қоймайтын шығар. Егер мұны ақ патша күллі қазақтың аға ханы деп танып жатса, онда қазақ күні кешегі бірі қалмай соңына ерген бас сардарынан қайтып бас тарта алады?!

Әбілқайыр мынау ойда жоқ ақылына өзі күмәнданып, өзімен-өзі дауласса бастайды. Жарайды, патша әлгі ұсынысын қабыл ала-ақ қойсын. Бірақ, оған қазақ көне ме? Одақтас десе бір жөн, бодан боламыз дегеніне шалқаларынан түспес пе екен? «Жоңғарға бодан болмаймыз деп қызыл қанға батысып жатқанда орысқа өз аяғымыздан барып бодан боламыз деп бізді қандай жын ұрды?» — дейтін шығар. Жә... Жоңғарға бодан болсаң, ар жағында жаланып қытайы тұр. «Ақыр заман боларда қара қытай қаптайды», — деп кітапта жазылған ғой. Сол ақыр заманды көзапара өз басына өзі тілеп ап қазақтың басына ат теуіп пе! Ал, жоңғарды үйреніскен жау ғой деп, бір күні олар, бір күні бұлар жығып итжығыспен жүре тұрсын делік. Сонда мынау күнара қым-қуыт, күнара ойбаймен отырған жұрттың көсегесі қайтып көгереді. Ал, орыс ше... Орысқа сенің малыңның қажеті шамалы, өрісіңнің қажеті шамалы. Шектес жатқан суларыңның бойына егін салар. Өзің түгілі итің жемейтін судағы балығыңды сүзер. Ал, сосын неңді алады? Келіп қолыңдағы құрығыңа таласпайды, астыңдағы тағыңа таласпайды... Құла түз, құба шөлінде шаруасы жоқ. Әйтеуір, «алыстан «мен сендікпін» деп

басыңды изеп қойсаң болғаны. Жоңғар қолына түссең не істейтінін баяғы ақ табан шұбырындының тұсында көрсетті. Оның ар жағындағы құрт-құмырсқа, бақа-шаянға таласып, қырылысып бара жатқан ызғындай шүршіт жоңғардан асып түспесе, кем түсер дейсің бе? Төбесінде отырған Құбылай тұқымын өз дініне, өз қанына сіңіріп, өз тілін, өз үрдісін ұмыттырып жіберіп отырған Қытай табанында жатқан қазаққа: «Сенің де шашың қара, менің де шашым қара, сенің де көзің қысық, менің де көзім қысық, кел бір жұрт болайық», — демес деп отырсың ба?! Ендеше, қай күні қай аждаһа келіп жеп кетер екен деп қалтырап-дірілдеп отыра береміз бе? Мынау әлсізді күшті иемденіп, азды көп иемденіп жатқан заманда бәрібір басқаға телінуден басқа күн көрісің жоқ екен. Онан да өз тағдырымызды өзіміз табайық. Басыңа ноқта бәрібір түсетін болса, діңіңе қол сұқпайтын, тіліңе қол сұқпайтын, күн көрісіңе қол сұқпайтын іргелі патшалықты көріп отырып, жетегіңе ал деп неге жармаспайсың! Дәл өзіңдей көшіп-қонып жүрген қалмақ орыс патшасының арқасында көршілерінің құқай-сұқайынан құтылып отыр. Анау башқұрттар да солай. Сонда қазақ қашанғы шөре-шөре болмақ.

Осыны айтса, қазақ неғып түсінбейді? Бірақ, өңшен кер ауызға түсінбеу деген сөз боп па! Бір екі көбік езу ділмар шығып көткеншектеп тұрып алса, қалғандары да алды судан өтпегесін, басын алып қаша беретін жасқаншақ түйелердей тартыншақтап тұрып алатын шығар. Ол ол ма? Артық қылам деп жүріп, тыртық қылып, басыңа қатер тілеп алуың да мүмкін. Сонда не істегені жөн. Қаңғыма ой тағы да кеп бір тығырыққа тіреліп тұрып алды.

Осы қазақ арасында ауызы дуалы дегендерден ептеп сыр тартып көрсе қайтер еді? Олар не дер екен? Әуелі кімнен бастағаны жөн. Әрине, Бөкенбайдан... Екеуі әрі нағашылы-жиенді. Ол қыздан, бұл ұлдан туған. Әкесі Абдолла сұлтан қара найза Қара батырға қарындасы Құттыбикені беріп қолын ұзартса, бұл одан туған Бөкенбайға нағашылығын бұлдап қолын ұзартып отыр. Оның үстіне жау тиіссе: «Ал қайтеміз?» — деп тағы да соған елден бұрын хабар жібереді. Енді мынандай келелі кеңес керек жерде оның қайтып алдын кесіп өте алады! Бөкенбайдың өзін қойғанда, оның ықпалында сен шап, мен атайын деп ызғындай жеті ру отыр. Жеті руды

былай қойғанда тама Есеттің: «Апамнан туған арыстаным» деп асты-үстіне түсетін кетелер де соны жақтайды. Бөкенбайдың аузын алдым деген сөз Есеттің аузын алдым деген сөз. Ол екеуін бері қараттым деген сөз арқамды тамға тіредім деген сөз. Талай жерде үш арысқа сауын айтып қол бастаған да солар. Талай жылдар көз түрткі көріп келген Жетіруға өз Тәукенің алдында жеңісті алып берген де солар. Олардың аузы қисайса, біраз жұрттың аузы қиясады. Бәрін былай қойғанда қазір орыс шебіне ең жақын отырған да Бөкенбай. Уфа саудагерлеріне үйір-үйір жылқы, отар-отар мал керек кезде салып ұрып соған жетіп келеді. Базармен де байланысы мықты. Башқұрттың ел ұстарларымен де тамыр-таныстығы мол. Бөкенбайды көріп, қалған табындар да Елек, Қарғалы, Қайыңды Ырғыздың жыныстарынан қабан атып, су бойындағы орыстарға апарып ақ астыққа айырбастайды дейді. Сонда бұның көкірегін көптен мұжып келе жатқан әлгі ойды орыстың нанын алдымен жеген Бөкенбай қостамағанда кім қостайды? Ендеше онымен тезірек сөйлесу керек. Ол ауылдан біраздан бері хабар да алмапты. Бәлкім, Бопайлар құлағдар шығар...

— Бөкенбайдың ауылынан ешкім соққан жоқ па?

— Жоқ... Ренжіп жатпасын...

— Неге ренжиді?

— Құдайдан сұрап алған Тіленшісінің қырқынан шығып, құйрық басқанына да, қаз басқанына да құр тастамай барып жүріп, биыл тыйылып қалдық қой?

— Биыл ол неме нешеге шығатын еді?

— Төртке шығады ғой.

— Ендеше, ол баласына тоқым салар той өткізеді екен ғой!

— Әрине.

Ертеңіне Әбілқайыр Бопайды алып, Мырзатай мен Бәйбек бастаған бір топ нөкер ертіп, кілем жауып, арғымақ тай жетелеп жолға шықты.

Күз сыңайы айқындала құмға жақындап, Ырғыз бойын тастап Жабысайға кеп қонатын Бөкенбай Әбілқайырды алдынан шығып, кілем жайып, аяғын жерге тигізбей ат үстінен көтеріп алды. Анадайдан ауылға жалпылдап қағыта сөйлеп, бұны көрсе, төбесі көкке бір жетіп қалатын қара атандай талтаң да тарпан жездесі Қара батырдың дүние салып, бір айғыр төбенің басын бөлек иемденіп жатып алғанына біраз болған.

Күйеуі өлгелі Құттыбике апасы да мोजанқырап қалыпты. Әдеттегі паңдығын ұмытып, есіктен емпеңдей шығып, қарулы жігіттердің қолында келе жатқан інісінің маңдайына жабысты.

Хан қонаққа келіп, табындардың ауылы мәре-мәре болды да қалды. Есет пен Құдайназарға, Жетірудың барша игі жақсысына ат кетті.

Өз төңірегінде жүретін билер мен батырлардың қай-қайсысының үйінде де Әбілқайырдың бір-бір кіндік баласы болатын. Ондай балаларды бүкіл рулы ел боп бетінен қақпай өсіретін. Тіленші де әбден ерке екен. «Кіндік әкең келді, қолыңды бер!» — дегенде, сыртта асық ойнап жатқан жерінен шаң-шаң боп кіріп келген қара шұнақ бала төрде отырған ханның мойынына бір-ақ ырғып мініп алды.

— Мына доңыз қайтеді-ай, түс шапшаң, — деп Бөкенбай ақырды.

— Қамшысын бермесе түспеймін, — деп Тіленші тепсінді.

— Апырай, қазақ пен қалмақта ешкімді иығыма шығармаспын деп жүргенде мына қара сирақ табынның қылғанын қарашы, — деп Әбілқайыр күлді. — Жарайды, жарайды. Болсын. Ау, мынауың түбінде әкесінен де асқан батыр болар, — деп қояды Әбілқайыр.

— Жоқ, батыр болмаймын, қасапшы боламын, — дейді Тіленші.

— О, неге? — деп күлді кіндік әкесі.

— Қасапшы болсам күнде бөтеке жеймін, — дейді тентек бала.

Үйдің іші мәз-мәйрам.

— Әулиеден-әулие қоймай тілеп алғанда, қасапшы болсаң, қатырады екенсің — дейді Құттыбике әжесі күлем деп шашала сөйлеп.

Тентек бала ханның сары ала бунақ қамшысын ұстап ауыл-үйден байғазы жинауға шапқылай жөнелді.

Бөкенбай ұрпақтан кемдік көрген кісі еді. Әйел үстіне әйел ап, талай перзент көрсе де, бесіктен белі шықпай жатып шәйіт боп кете берді. Тұрақтағаны осы — Тіленші. Тіленшіге екі қабат жылы шешесі шөмекейдегі төркініне барып босанам деп, некелі босағасын тастап, отауымен көшіп кеткен. Содан Бөкенбай бірде жорықтан қайтып келе жатса, Қарақұмға енді іліге бергенде, тау-тау шағылдың арасынан алба-жұлба біреу шыға келді кеп:

— Бөкенбай батыр, жаудан алып келе жатқан олжаңды мойынымдағы мына дорбама айырбастайсың ба? — деп алдын кес-кестеп тұрып алады.

Тізгініне жармасқан мына мүскінді кім деп түсінерін білмей аңтарылып қалған батырдың қасына Есет келеді. Оның қайнағасының қасынан шықпайтынында да мән бартын. Біреу-міреу Бөкенбайға: «Қасыңа қара ермеген», — деп тіл тигізбесін дейтін. Ен таманың, тәуекелін ұстап тұрған атақты үлкен батыр үлкен басын кішік қып, өзіндей кісінің қол баласындай солаңдап соңынан қалмайтын.

Сол Есет мынау жол бойынан шыға кеп тобылғының сабындай қызыл тарамыс қолын Бөкенбайдың ақ танау тұлпарының жалына созып, жабысып айырылмай қалған, ит жұлған торғайдай қара сирақ біреуді көргенде жүрегі әлденеге шым ете қалды. Бұл да бір жақсылықтың нышаны шығар деп ойлады. Әйтпесе, даңқы жер жарған Бөкенбай батырдың тізгініне тегін кісі жармаса ала ма!

— Бөке, қайда қалмай жатқан дүние. Жауға кеткенше мына пақырға кетсін. Пәтихасы тиер. Ауызына құдай салып тұрған шығар, — деді.

— Ал, пақыр, ала ғой. Олжа сенікі! — деді Бөкенбай.

Арт жақтағы жігіттерге:

— Анау айдап келе жатқан қыл құйрықтарыңның маған тиесілін мына кісінің алдына салыңдар, — деп желе жортып жүре бермекші еді, қайыршы алдын тағы кескестеді.

— Ау, батыр, мен сенен садақа сұрап тұрған жоқпын, саудаласып тұрмын. Алдыма жылқы салсаң, астыма ат мінгіз. Қанжығама қоржын іл. Қолыма қару бер. Әйтпесе, ол жылқыңды жал асқасын бір қарақшы қуып кетсе қайтем?! Ат мінгізгенде де, астыңдағы ақ танауды түсіп бересің, қоржын ілгенде де мынау қанжығаңдағы қоржынды ілесің. Қару бергенде де беліңдегі бес қаруды түгел сыпырып бересің.

Батыр атынан түсуге мәжбүр болды.

Сонда қайыршы атқа қарғып мініп:

— Қайыршының бұл дүниедегі жаңғыз дәулеті — мойынындағы дорбасы. Содан басқа несін айырбас қылсын. Қауыс-қауыс екен деп қомсынба! Сен көп дәулетіңнің шетінен бөліп беріп тұрсың, мен бар дәулетімді бүтін беріп тұрмын. Осы қауыс-қауыс дорба мына кешегі жеңісіңнен бетер желпінтпесе, төбеңді

көкке жеткізбесе, маған кел. Абайлап ұста, қолыңнан түсіріп алма, қатты нәрсеге тигізбе, инетікен кіргізбе! Анау көз ұшындағы айқай шағылдан асқанша ауызын ашып қарама! Айқай шағылдан асқасын ауызын ашып қарағасын, ертең елге жеткен бойда ұлан-асыр той жасағың кеп кетер. Сол тойыңа байғазым болсын, әлгі маған берген жылқыңды өзіңе қайтып бердім. Қауыс дорбалы қайыршы едім, енді, міне астыма ат мінгізіп, қолыма найза ұстатып, қандыбалақ қарақшы еттің. Ер азығы мен бөрі азығы жолда деген ғой. Өз малымды өзім тауып алармын, — деп атын бір тартып, шауып ала қайқайды.

Аң-таң қол тұрып қалады. Батыр алдындағы айқай шағылдың басына шыққанша асығады. Айқай шағылдың басына шығып қараса... Мұрыны пыс-пыс етіп қызыл шақа ұл бала жатыр. Жүрегі жарыла қуанған Бөкенбай мен Есет сол арада соңдарындағы Жетіру қолына: «Ертең елге барған бойда ұлан-асыр той болады!» — деп жар шашады.

Бөкенбай жүрегі жарылып еліне жетсе, үйі қаңырап бос тұр. Төркініне кеткен әйелі әлі келмеген. Батыр қайын жұртына ат шаптырады. Барса — әйелі бетін тырнап жылап отыр дейді. «Батырға көрінер бетім жоқ. Жорықтан қайтқанда алдынан алып шығып қуантам ба деген шекесі торсықтай сәбиім дүниеге келгесін бір аптадан соң шетінеп кетті», — деп зарлайды дейді.

Сондағы қайыршының қауыс-қауыс дорбасында хан ордасының төрінде жатқандай рахаттана ұйқы соққан батыр осы Тіленші еді. Атын да қайыршы беріп кеткен бала деп Тіленші қойған.

Одан бері төрт жыл өтті. Тіленшінің тегін ешкім білмейді. Пішініне қарасаң — аумаған әкесі. Біреулер: «Бөкенбай тегін кісі емес қой, баяғыда қайыршы боп алдынан шығып жүрген қызыр екен», — деседі. Біреулер: «Бөкенбайдың әйелі балаларым көз тиіп тұрмай жүр деп, жер түбіндегі төркініне барып босаныпты. Сол арада бір пірәдардың айтуымен жас нәрестені бір ел кезіп жүрген тентірендіге беріп жіберіпті. «Қызырдың бергеніне тіл өтпейді, қайыршының ұстағанына көз тимейді. Бірақ, бұл сырыңды ешкімге айтпа. Тіпті, төсектес күйеуіңе де айтпа», — депті дейді әлгі киелі кісі. Сосын да Бөкенбайдың әйелі Тіленшіні айналып сүймейді екен. «Бұл менің балам емес, менің балам нағашыларының қорымының шетінде қалды», — дейді екен деп соғады.

Не де болса, Бөкенбай Тіленші дегенде отқа түсіп кете жаздайды. Оны көріп Бөкенбайды сыйлайтындар да Тіленшінің асты-үстіне түседі. Міне, бүгін, сол Тіленші төртке толып, тоқым салдырар той жасатпақ. Тайға мініп, тақым баспақ. Мінер тайын Әбілқайыр ханның өзі әкеліп отыр.

Нағашысы мен жиені бірін-бірі қағытып қояды.

— Апырай, ә, төренің де қолынан мал шығады екен-ау!

— Тұяғының тұяқ ертіп оралатынын біліп отырса, төренің қолынан неге мал шықпасын!

Әбілқайыр Бөкенбайдың қолында екі күн жатты. Тойға келген Жеті рудың жақсыларымен мәслихаттасты. Олар «Ханның бұл жүрісі тегін жүріс емес шығар. Енді қай жаққа жорыққа аттанбақ екен?» — деп келсе керек. Әбілқайыр жүректерін орынына түсірді. Екі күннің ішінде жорық жайында бір ауыз сөз болған жоқ. Екі күн асып, үшінші күні Бөкенбай мен Есет ханды ордасына шығарып салды. Нөкер Бопайдың қасында қалды да, үш салт атты ілгері кетіп оңаша шер тарқатысты.

Әбілқайыр әңгімесін әріден бастап, сөзінің аяғын жұтып қорғалақтай сөйлеп еді, Бөкенбай бірден түсініп:

— Иә, бізге, шынында да, таудың ығына тығылсақ та, пана іздемей болмайды! — деді.

Оған Есет те басын изеді. Хан енді ойындағысын түгел ақтара бастады. Бұл гәпті алқаға салмаса, арты даулы боларын, ал алқаға салса, орысқа бодан боламыз деген әңгімеден жұрт үркіп кете ме деп қорқыныш айтты. Бұл жолы екі батыр аңтарылып қалды.

— Біз бодан боламыз демесек, одақтас болайық дегеніңе ақ патша сөйлеспейді де.

Бөкенбай батыр ойланып қалды.

— Ал, осы мына отырған қалмақтар мен башқұрттар өздерін орыс патшасының боданымыз дей ме, одақтасымыз дей ме!

— Боданымыз дейді.

— Ендеше, сол қалмақ пен башқұрт өліп жатыр ма? Тиіп кетсең, ар жағынан «тәйт» деп патша шыға келеді.

— Әлгі Аюке еліне барымташы шапса да «ойбай, әскер бере көр» деп патшаның әкіміне жүгіреді дейді ғой.

Әбілқайыр екі батырдың бодан болудан да қаша қоймас түрін байқап:

— Ал осыған басқалардың көзін жеткізе аламыз ба? — деп еді.

— Әй, қайдам, — деп екі батыр бастарын шайқады.

— Ендеше, ақсақалдардың жиынына орысқа одақ бол деп елші аттандырайық деп рұқсат ап, елшіге бодан боламыз деп айтқызсақ қайтеді.

Ұзақ уақыт үнсіз отырысқан үшеу бұдан басқа амалдары жоқ екенін ұқты.

Содан Бөкенбай башқұрттарға барып, ру басыларымен сөйлесіп көрді. Олар қазақтардың көңіліне не қашып жүргенін Уфа әкімдерінің құлағына салды.

Келесі жыл көктемде Әбілқайырдың ордасына иісі Кіші жүздің, Кіші жүзге жақын отырған уақ, керей, қыпшақ, арғынның кейбір руларының тізгін ұстарлары бас қосты. Бәрі де: «Қазақтың өзіне салсақ, жоңғарлармен жағалас ұзаққа созылып кетер түрі бар. Орыстан көмек сұрамасқа амал қалмады», — деген әңгімеге келісті. Олар хан ордасынан бір-бір бағылан жеп: «Патшаға біздің атымыздан елші аттандыруыңа келісеміз» — деп тарасты. Көктем басында башқұрт Алдарбай келіп қазақ елшілігін Уфаға алып кетті.

Енді, міне, сол елшілік соңына ақ патшаның елшілігін ертіп Уфадан бері шыққанына да біраз күннің жүзі болды. Баяғы сырды тек Бөкенбай, Есет үшеуі ғана біледі. Басқа жан баласына әлі күнге ауыздарынан шыққан емес. Ертең елшілік келгесін не де болса, көріп алмақ. Қазір Әбілқайырды бір жағынан бітеу жарадай іште бұғып жатқан сол бір құпия қинаса, екінші жағынан ру басыларының кейінгі кезде бір-біріне ерсілі-қарсылы шұбырысып жасырын мәслихаттасқаны жанына батып жүр. Әдейі уәделесіп қойғандай ақ патшаның елшілігін қабылдаймын деп ақ отау тігіп әбігерленіп жатқан хан ордасына ешқайсысы жоламайды.

Жер түбінен «қол астымдағы ұлысыммен боданыңа кірем» деп елші шақыртып, ол келгенде соқиған қара басынан басқа жан шықпаса тірідей жерге кіргені де.

Кейінгі кезде Уфа жақ көкжиекке үрейлене қарайтынды шығарды. Әзір әйтеуір бұлдыраған көк сағымнан басқа ештеңе көріне қойған жоқ. Қашанғы солай тұра берер дейсің. Нұралының кеткенінің өзіне сегіз күннің жүзі болып барады. Енді көп ұзамас, бір хабары шығып қалар.

Әбілқайырдың қарай-қарай көзі талды.

Үшінші бөлім

АРБАСУ

*Бақ қараған жігіттің
Басында болар айласы.*

*«Қобыланды батыр»
жырынан.*

Көсенің иегіндей көк сұрланып жатқан жылмағай тегістік біресе күміс қылшықтанып тұратын боз селеулі далаға, біресе тырбиып соран, жапақ өскен сортаңыт жазықтарға кезек ұрынып, жер реңі өзгерейін деді. Көз ұшында көгеріп тұрып алып, маңына жуытпай жігерінді құм қылатын мұнар таулар енді жолдың екі бетінен кезек ұшырасып, зорыққан нар қоспақтай сұлай жығылып қалып жатыр. Алыстан аспанмен тайталасып айбынды көрінгенмен, қасына келсең — бір-бірімен жалғаспай әр жер-әр жерге сәңкиіп-сәңкиіп оқшау біткен кертiк-кертiк кемер биiктер екен. Ешқайсысының бауырынан өсіп тұрған көгеріс, жорытқан аң, жайылған мал, қыбырлап-қимылдап жүрген тіршілік белгісі білінбейді. Кейбіреу осынау алатағанақ тегістікке дірілдеп-дірілдеп қата қалған бауыздау қандай қарақошқылданып қатпарланып қалыпты, ал екінші біреулері баяғы ертегі дүниенің таусоғар алыптарының бірі ұшан даланың пұшпақ-пұшпағында отырған ауылдардың барлық күлін жиып әкеп бір жерге үйіп кеткендей күп-күлгін. Шынында да, мынау белуардан шалғын кешіп, көкке бойлаған қара орманның арасында өскен бейтаныс жолаушылар үшін төңірегіндегі көл-көсір кеңістік бір ғаламат өрттің орнында қалған айлапат өртеңдей еді. Қайда қараса да, көретіндері — сол

қара қошқыл қатпар-қатпар төбешіктер мен күл шашып тастағандай сұп-сұр алқап.

«Таң атқалы көздерің қажыған шығар. Бір ауық маған қарай қойыңдаршы!» — дегендей кейде жыландай ирелеңдеп Ырғыз арнасы жарқ ете қалады да, артынша-ақ қайқаңдап қайта қаша жөнеледі. Өзен жарқ ете қалғанда шолп етіп балық секіреді, қалың құрақты сытыр еткізіп құс ұшады. Манадан бері қалғып келе жатқан сүлесоқ керуенге де жан бітеді. Гүрс-гүрс мылтық атылып, кеу-кеу әңгіме, кеңк-кеңк күлкі естіледі.

Ырғыздың тағы да сондай бір жер түбінен орағытып келер үлкен иініне енді жақындай бергенде алда кетіп бара жатқан сары ала күйменің қасындағы нөкердің бірі шауып кеп:

— Мылтық атылмасын. Енді көп ұзамай өткел болады. Өткел аузында бізді күтіп ханзада тұр, — деді.

Жұрт мылтықтарын жалма-жан қаптарына салды. Алдарынан тағы да бір қайқаң дөң кезікті. Қайқаң дөңнің басына көтеріліп еді, Ырғыз ирелеңдеп тағы да алдарынан шықты.

Сары ала шатырдың ішінде салтанат киімін киіп, бүгінгі кездесудің жөн-жосығын ойлап отырған Тевкелев бір сәт басын көтеріп ілгері қарады. Сүйіндік батыр айтып келген мың атты қара шоғыр көзіне түсе қоймады. Сосын тағы да басын бауырына алып Сыртқы істер коллегиясының нұсқауында айтылған ресми сөзді әуелі татаршалады. Орысша жазылғанда етікшінің қаққан шегесіндей өз орынында қадалып тұрған мығым сөздер татаршалағанда сәл солқылдақтау шыға ма қалай? Ал өзі шала-пұла білетін қазақшаға аударып көріп еді, бет-бетіне қашып пышырады да кетті. Бірақ, амалы қайсы, келіссе де, келіспесе де айтады ғой.

Елші тағы да басын көтеріп алға қарады. Керуен өткелге келіпті. Өткелден алдымен сары ала күйме өтті. Ханзада қай жақтан шығар екен деп төңірегіне көз салып еді, дәл қарсы алдарындағы қыраңның басында қақшиып тұрған төрт-бес атты қимылдайын деді. «Бар болғандары осы-ақ па?» — деп ойлап еді, қыраңның ар жағынан қылтиған-қылтиған шошақ бөріктер самсап қоя берді. Қайдан мың болсын, айналасы екі жүз-үш жүзден асар-аспас. Тевкелевтің көңілі бір түрлі ортайып сала берді. Пәлен күннен бергі жол соқты жүріс енді білінейін деді. Кенет белі кілт ете қалып, екі қолымен

бүйірін таянып, мықшиып біраз отырды. Қарсы алдынан қаптай қыбырлап келе жатқан қара шоғырға тісі ауырғандай тыржия қарайды. Бірақ есіне тағы да нұсқау қағаз түсті. «Келіссөз кезінде өзіңді ұлы император ағзамның атағына лайық еңсеңді жықпай кербез ұстауың керек, қандай қиын жағдайда әдептен аттамай сыпайы бола білуге міндеттісің».

Аттарын аяңдатып жақындап келе жатқан айғыр топтың қақ алдындағы мына бір құндыз бөрік, дәу де болса, ханзада шығар. Жер түбінен тісі ақсиып күліп келеді. Қалғандары ханзададан бір ат бойы кейін келеді. Шеттерінен паң. Ханзададан басқа езу жиырған ешқайсысы жоқ.

Ханзада сары ала күймеге жиырма адымдай қалғанда атынан түсті. Оны көріп қасындағылар да жапа-тармағай аттарынан түсе бастады. Бұларына да шүкір. Елшіліктегілер мұны сыртынан сынап-мінеп келеді ғой. «Патша апайымыздың жер түбінен елші жіберіп отырған елі қандай екен, кәні, көрейікші!» — деп сыпсыңдасып келе жатқан шығар-ау. Мынау бейтаныс елдің ханзадасы жол үстінде хабар сұрай жолыққан жолаушыдай қасына тасыраңдап шауып жетіп келсе, қайтер еді... Қайта өздерінің жөн-жоралғыдан хабарлары жоқ емес екен...

Аттарын жетелеп жаяу келе жатқан қазақтарды көріп, бұның да күймесінен түсе салғаны дұрыс болмас. Қанша дегенмен, ол ертең боданың боламын деп отырған көшпенді жұрттың ханзадасы да, бұл атағы жер тітіреткен іргелі империяның елшісі ғой. Олар әлі де жақынырақ келсін. Екі арада бес қадамдай жер қалғанда барып күймесін тоқтатты. Бала сұлтанмен құшақтаспай да, қол алыспай да, иығынан қағып амандасты.

— Күллі қырғыз-қайсақ ордасының бас ханы Әбілқайыр Ғазы баһадүр хан, оның қол астындағы күллі қырғыз-қайсақ жұрты мен күллі қырғыз-қайсақ ғаскері, қадірмен ру басы билер мен батырлар тегіс сау-саламат па?! — деді даусын созып, ханзаданың қасындағы нөкерлері де тегіс естісін деген оймен.

— Рақмет. Шүкір, алдияр ханымыз да, күллі қазақ жұрты да тегіс аманшылықта. Ұлы мәртебелі һәм шарапатты, һәм ержүрек, һәм кеменгер Ресей елінің алдияр патшасы Анна һиуан қызы ағзамның қадірменді елшісі Құтлұқ Мәмбет мырза, біздің елімізге қош келіпсіз! — деді Нұралы бала болса да орнықты сөйлеп.

— Құдайға шүкір, — деді Тевкелев.

— «Қанша дегенмен жол ұзақ, шаршаған шығар. Бейтаныс жердің ой-шұқыры көп, алдынан барып өзін бастап әкел!» — деп алдияр хан жіберіп еді, — деді Нұралы.

— Көп-көп рақмет! Орда бұл арадан алыс па?

— Біз шыққалы төрт күн болды.

Тевкелев ханзаданы күймесіне шақырды. Ханзада қипақтап төңірегіне қарады. Елшінің Нұралыға таяу тұрған отыз шақты ру басыларына сонда барып көзі түсті. Ханзаданың оң жақ иығында құлағалы тұрған қара шоқыдай тұнжырап бір дөңгелек жүз етжеңді қара сұр кісі тұрды. Шойыннан құйғандай шомбал кісі. Қас-қабағынан сәл болса да, жылы шырай, ықылас табы көрінсейші, сірә. Бет-ауызына бес батпан зіл жиып алғандай. Тырысқан маңдайының әжім екеш әжімі де білем-білем. Түксиген жүндес қабағы, екі танауы делдиген етті мұрыны, томсырайған қап-қалың еріндері өз салмақтарын өздері көтере алмай тұрғандай салбырап-салбырап кеткен. Сол бір шетінен салбырап, шетінен тұнжырап тұрған зіл-батпан бет әлпеттің бар салмағы соған түсіп әбден болдыртқандай кіржиген ала көз кісіге түспей, айдалаға кілгіре қарайды. Одан бір адым кейін қаз-қатар тізіліп тұрған сусар бөріктілер тілдеріне теріскен шыққандай томсара-томсара қапты. Елші басын иіп сәлем мезірет жасады. Ру басылары оған, қапелімде, қандай жауап берерлерін білмей сасқалақтап қалғандай бір-біріне қарасты. Тевкелев күймесіне беттеді. Ру басылар екі бөлініп, күйменің екі жақ қапталына шықты. Қалған нөкерлер де олардың істегенін істеп, арттары керуеннің екі жақ қапталын ала жүрді.

Бір-біріне сынай қарасқан сыпайы екі қара шоғыр сол үн-түнсіз қалыптары Ырғызды жағалап ілгері тартты.

Нұралы сұлтанның соңына ергесін де үшінші күні түс ауа жолбарыс жонданып жатқан құмақ жалдың қыр арқасына шыққан жалғыз өркештей оқшау біткен Маңтөбенің қарасы көрінді. Оқшау төбені шыр айнала қоршап ақ жұмыртқа үйлер тігіліпті. Көлеңке біткен ығы-жығы адам. Бәрінің де көзі мынау кербез аяңдап келе жатқан өзгеше керуенде.

Ауылға екі шақырымдай жер қалғанда өңкей ақ боз ат мінген елу шақты егде кісілер алдарынан шығып, домалақ төбенің күнгеі бетіне қарай бастап жүрді.

Алдарынан былайғы ауылдың бәрінен бөлектеп тігілген төрт-бес үй шықты. Сол ала-бөтен төрт-бес үйдің желкесіне қолдарына ширатыла оралған бірдеңелерді ұстап сыптай-сыптай сымбатты жігіттер тізіле қалыпты. Күйме солардың тұсына жете беріп тоқтады. Жігіттер қолдарындағы ораулы нәрсені жайып жіберіп еді — қызылды-жасылды қалы кілемдер жарқ ете қалды. Бір-біріне жалғастырыла жайылған қалы кілемдердің бір шеті ортадағы ақ жұмыртқа үйдің табалдырығына тіреліп, екінші жақ шеті күйменің есігінің алдына жетті.

Күймедегі елшіні сойдауылдай-сойдауылдай екі жігіт екі жақ шынтағынан кеп көтеріп алды.

Еңгезердей екі жігіттің иығында кетіп бара жатқан елшіге өз нөкері ауыздарын ашып қарап қалыпты. Үй-үйдің көлеңкесінде де жабыр-жұбыр әңгіме. Маңтөбенің күнге тұсында моншақтай тізіліп жатқан оймақ көлдердің ортасына орналасқан сәнді ауылдың желкесіндегі үстеріне оқа, қамқа жамылып, күнге шағылысып жалт-жұлт етіп тұрған оқшау топ бұлар жаққа иектерін сілтесіп бірдеңе деп қояды.

Елші өзіне арнап тігілген күмбіреген ақ орданың қақ төріне кеп жайғасты. Босағадан төрге дейін түп-тұтас қалы кілем төселіпті. Жоғары қарасаң — шаңырақтың қарынан, қаз-қатар уықтардан ұзынды-қысқалы, қызылды-жасылды күлтелер төгіліп тұр. Жан-жағының бәрі бірінен-бірі өткен түкті кілем.

Тевкелевке мынау отау ұнап отыр. «Қалмақтардан гөрі мыналар үйлерін әлекей-күлекейлеуге көбірек мән береді екен-ау», — деп қойды ішінен.

Үйге ханзада мен бір топ нөкер жігіт кірді. Жігіттердің бірі сол қол жақтағы арнайы аспаға ілінген көш құлаш қара сабаны піспектей бастады. Үй ішін мұрныңды қытықтар күмілжі қышқыл иіс жайлап барады.

Саба пісіп тұрған жігіт шүпілдете толтырып берген сары қымызды ханзада алақанына салып әкеп елшіге ұсынды.

— Сусап келген шығарсыз, сусын алыңыз.

Тевкелев зереннің бетінде шүпірлеп жүрген қозының құмалағындай қап-қара майлақы домалақтардан тіксініп, ерніне әзер апарды. Бірақ, дәм татып көріп еді. Мейілі тартып барады. Маңдайына суық тердің қалай шып еткенін білмей қалды. «Қымыздары да қалмақ-

тардікінен өзгешелеу», — деп ойлады, көрген-білгенінің бәрін іштей жіпке тізе бастаған елші.

— Ал, енді, елші мырза, мынау өзіңізге арнап тігілген үй. Демала беріңіз. Хабар өзімізден болар, — деп Нұралы орнынан тұрды.

Абажадай ақ отау құлазып бос қалды. Тевкелев ірге жағындағы құс жастыққа шалқалай жығылып, ашық қалған сықырлауық есіктің арасынан қылаңытып тұрған күнгей беттегі ауылға көз тастады. Әлгінде ғана бұдан шыққан ханзада манағы түксиген-түксиген отыз шақты ру басшыларының қоршауында көл ортасындағы ауылға қарай беттеп барады. Көл жақтағы ауылдың қақ ортасындағы күмбіреген ақ үй хан ордасы болса керек. Желкесінде сыптиған-сыптиған сыптығыр жігіттер қаздай тізіліп тұр. Әлгі сары ала топтың анадайдан алдарынан шығып, қолтықтарынан демеп түсіріп алып, аттарын әлдеқайда жетелеп ала жөнелісті. Дуадақтай-дуадақтай семіз билер омыраулары жарқылдап ақ орданың күнгей бетіне айналып кетті.

Жүріс соқты Тевкелев хан орда жаққа қарап жатып, көзінің қалай ілініп кеткенін де білмей қапты. Бір уақытта әлдекімнің қасына кеп үсті-үстіне тамақ кенегенінен оянып кетті. Қасына келіп тұрған башқұрт Таймас екен.

— Елші мырза, хан малдарын ұры-қары алып кетіп жүрер, біздің бақташыларға қосып қойсын депті.

Тевкелев онша ойланған жоқ. Басын изей салды. Бірақ, сосын қайтып көзі іліне қоймады. Үй маңында жапыр-жұпыр дауыстар көбейді. Шамасы, елшілік адамдарының бұдан басқасы түгел сыртта жүрсе керек. Солдаттарға шатыр тігіп жатыр ма, арбадағы заттарды үйлерге кіргізіп жатыр ма — әйтеуір абыр-сабыр.

Ол күні хан орда жақтан кешқұрым ауызы-мұрынынан шығарып үйме табақтар көтеріп әкелген даяшы жігіттерден басқа ешкім аяқ ізін салмады.

Елші тамақтанып алғасын салқындайын деп сыртқа шығып еді. Түн орнап қалған екен. Шаршысына әбден толған жарық ай жер мен көктің арасын манағы шара толы сары қымыздай жұп-жұмсақ нұрға малыныпты. Айнала түгел аппақ. Күндіз жарықта қара шағыр мен қара жусан мол өсіп қарауытып көрінген Маңтөбе қазір сілтіден шыққан сүйектей бозарытып кетіпті. Оның қақ төбесіндегі көк найзалы сақшы да ақ мәрмәрдан қашап шығарған тас мүсіндей. Сақшыдан анадай жерге барып,

жан-жағына көз салып еді, төңірегі шүпірлеген от. Үйді-үйдің алдында лыпылдап жанып жатқан жалпылдақ оттың қасында ерең-серең қимылдап қатынқалаш, бала-шағалар жүр. Бар маңайға жарқылдатып жақұт моншақ тізіп тастағандай. Көз ұшында балқыған қорғасындай мөлтендеп ойдық-ойдық көлдер көлкиді. Су ортасынан әлденелер жарқ етіп көкке қарғып шығады да, қайтадан шолп етіп көлге күмп береді. Аспандағы ай шатынай сынып жерге түскендей айналаға жарқ-жұрқ от шашырайды. Ол мынау саумал көл, айлы түн, маужыраған тыныштыққа рақаттанып шоршып ойнап жүрген балықтар еді. Су еркесінің әлгі қылығына мәз болғандай көл жағасындағы қарауытқан қалың құрақтың арасынан бақа шулайды, шілделік шырылдайды. Әлдебір мақұлық сақ-сақ тіс қайрайды. Желсіз түнде жым-жырт мүлгіп тұрған көк құрақ кенет біреулер ұмар-жұмар алысқандай өз-өзінен бұлқынып қоя береді. Сол саумал көлдердегі түн ішінде тыным таппай жатқан мігірсіз тіршілік үніне еліккендей жайылып жүрген жылқылар үсті-үстіне пысқырады. Желі басынан құлын кісінеп, үй сыртынан бота ыңырсиды. Жер түбінен: «балам, абыржыма, мен мұндамын» дегендей енесі әндете боздайды.

Тевкелев мынау айдын көлдерді жағалай қонған айлы түнгі ауылды неге теңерін біле алмай тұр. Әйтеуір бұл түп түйсігімен түгел түсініп, таусыла елігіп тұрған әдемі көрініс. Басқалар қайтып тұр екен деп, қасындағы серіктеріне қарап еді, олардың да ауыздары ашылып қапты. Осынау айлы түнгі жайбарақат тіршілік, мынау ұлан-асыр дүние тек делсал рақатқа, көңіліне қанағат пен рақымның нұрын дарытқан маужыр тыныштыққа жаратылған, оның үстіндегі бір-біріне сұқтанған найза, бір-біріне шытынған қабақ, бірін-бірі аяқтан шалмақ айла-шарғы, құлта-бопса — бәрі-бәрі күпірлік, тек жұмыр басты пенделердің өздеріне ғана емес, жасаған ие жаппар хақтың өзі аса зор шабытпен, махаббатпен, мейіріммен жаратқан мұншалықты мінсіз, мұншалықты көркем ғажайып дүниеге де кесірі тиетін кешірімсіз қиянат деп тұрғандай.

Судағы, құрылықтағы барша мақұлық өзіне біткен тіл-түйсікпен мынандай бейбіт түнге рақаттана алғыс айтып, бір-бірімен тіл қатысып жатқан маужыр түнде тек адамдардың ғана не ойлап, не істеп жүргендері

белгісіз. Мынандай тымық кешке көрік қосқан көп үннің ішінде тек солардың ғана үні естілмейді.

Шынында да, мынау жыпырлай қонған көп ауылдың адамдары неге тып-тыныш? Бәрі де әлдебіреулерді көз жазбай бақылап, әлденеге құлақтарын түріп тың тыңдап жатқандай. Бәлкім олардың аңдығаны бұлар шығар, мынау жер бетінен самсап жетіп келген жат өң, жат тіл бейтаныс жандар не істеп, не қояр екен деп бағып отырған болар. Ұлан-асыр табиғаттың қалған бөлігінің бір-бірімен ұғысып-түсінісіп, бір тұтас жарастықты әлемге айналып кете қоюы қаншалықты оңай болса, мынау түрі алуан, түсі алуан, тілі алуан, мүддесі алуан екі аяқты пенделердің таныса, табыса, түсінісе кетуі соншалықты қиын шығар. Сондықтан да күнде өз қызығы өзінде мәз-мәйрам абыр-сабыр болып жататын мынау қазақ ауылы да бүгін бөтен көзден сыр сақтап, бүйтіп жым-жырт бұйыға қалған шығар.

Тевкелев қарауыл төбеден түсіп баурайдағы өзіне тігілген үйге беттеді.

Пәлен уақыттан бергі селкіл жүріс пе, әлде алдында тұрған әлі беймәлім, әлі дұдамал ертеңгі күн бе, жоқ мынау барша жан иесінің бәрінің бойына әлдебір елегізу мен елігудің сиқырын шым-шым дарытып тұрған айлы түн бе — елші ол күні таң атқанша төңбекшіп ұйықтай алмай шықты.

Ертеңіне таң жарқырап атты. Күн шықпай жатып үй-үйден бір-бір келін тұрды. Желектерін желкілдетіп барып серпіп түндік ашты. Білектерін жарқырата жүріп жуынды. Сосын үйге кіріп, қолдарына көнек ұстап барып түйе сауды. Үй алдындағы жер ошақтан ирелеңдеп тағы да түтін ұшты. Сол бір мамыр айының көбелегіндей ошақ басы мен үй арасында көлбеңдеп жүрген жас әйелдердің қай қимылы да бипаз, паң, әдемі.

Енді бір уақытта үйді-үйден қолдарына бір-бір жез құман ұстаған кәриялар шығып, ауыл сыртына қарай маң-маң басып ұзап барады. Барып-барып жалп етіп отыра кетеді. Арқаларына жамылған мол шапандарының астында екі иықтары бүлкілдеп біраз отырады да, қайта түрегеледі. Маң-маң басып үйлеріне беттейді. Олардың қимылы әлгіндегі келіншектерден де кербез, паң. Асығыс қимылдап, аптығып жүрген ешкім жоқ. Осынша бойкүйез тіршілікте дау болуы, далаба болуы еш мүмкін емес сияқты. Мынау маң-маң басқан маңғаз адамдар біреуге қанжар ала жүгіреді, біреудің

жағасынан жармасып, аяғынан шалады дегенге сеніп болмастай. «Дүниеде қойдан қоңыр момын халық болса, осылар шығар деп ойлап қалатындай екенсің», — деді Тевкелев ішінен, таңғы самалға төсін тосып төбенің басында тұрып.

Күн шыға басталған мимырт қимыл әлі сол қыбыр-қыбыр қалпы. Мандымайды да, тоқтамайды да. Әне бір еркек бір жаққа жол жүргелі жиналса керек, үйіне қырық кіріп, қырық шықты. Сонда да бірдеңесін ұмытыпты. Анадай жерге ұзап шыға беріп қайтып келді. Үйінің көк желкесіне тоқтап, атынан түспей, дауыстап әйелін шақырды. Үйден үстіне малынтып шұбалаң көйлек киіп, басына малынтып шұбалаң орамал тартқан әйел созалаңдап шығып, қалқи басып, ат үстіндегі күйеуіне бірдеңе апарып берді. Сөйтсе — шақшасы екен. Жігіт шақшасын ерінің қасына тықылдатып, шетінен алақанына насыбай төгіп, аузына апарып, тілінің астына басты да, аяң бұлкекпен кете барды.

Тевкелев мынау жайбарақат елдің іш пыстырар тіршілігінен жалығып кеткендей, жалт бұрылып үйіне беттеді.

Үйде де бастан асып жатқан шаруасы шамалы еді. Қақ төрде құс жастыққа шалқалап біраз жатты. Одан жастықты шынтағына басып біраз жамбастап көрді. Одан ашық тұрған есіктен хан ордаға қарап біраз түрегеліп отырды. Бұлай қарай аяқ басқан ешкім көрінбеді. Бүгін кешегідей емес, хан орданың қасы қаңырап бос тұр. Кермедегі аттар сиреген.

Тевкелев үйдің оң жағына әкеліп қойған темір сандығына барды. Қалтасынан кілт шығарып, құлпын қоңыраулата сыңғыратып төрт бұрап ашты. Ішінен сыртын былғарымен тыстаған екі түтікше суырды. Сосын олардан гөрі әшекейі аз қара былғары түтікшені алып, ішінен шиыршықтап оралған сары қағазды суырып, көзіне көзілдірігін киіп, бажайлап оқи бастады. Ол — Сыртқы істер коллегиясының оған мына жабайы өлкеде қырғыз-қайсақтармен қалай келіссөз жүргізу керектігі жайында берген нұсқаулары еді. Аяғына канцлер граф Головкин сойдақтатып, вице-канцлер Андрей Остерман ұсақ шиырып қол қойған осынау ширатылған жіңішке қағаздар оған жат өлкеде қалай түшкіріп, қалай түкіруден басқаның бәрі тәптіштеліп көрсетілген екен. Ең алдымен, бұл өзімен бірге келе жатқан қазақ елшілерінен Әбілқайырдың бұндай

шешімге неге тәуекел еткенін, оған өзге қазақ билеушілерінің қалай қарайтынын сұрастырып әбден бажайлап біліп алуға тиісті. Ол немелер Мәскеуде не айтса, жолда да соны айтты.

«Әбілқайыр қазақтардың ең басты ханы. Ол бұл жағдайды барша қазақ ру басшыларымен ақылдасып шешті». Енді ол, нұсқау бойынша, қазақ ордасына жеткен бойында, бөгде ешкімді қатыстырмай ханның өзімен кездесіп, патшаға хатта жазған, елшілерінен ауыз екі айтып жіберген ұсыныстарын қайта бір пысықтап шығуы керек. Сосын жұрт көзінше хан ордаға барып, Әбілқайырға және басқа да сұлтандар мен ру басшыларына патша алдиярдың Құттымбет Қоштаев және Сейітқұл Құдайқұловтан беріп жіберген хаттарын өз қолына алып оқып, айтып жіберген сәлемдерін өз құлағынан естігенін, Әбілқайырды өз қаруындағы ұлысы мен ұлы орыс империясының қол астына алуға келісім білдіргенін, осыған байланысты Әбілқайыр ханға, басқа да сұлтандар мен ру басыларына, күллі қазақ ғаскеріне арнайы хат жолдап, мына өзін, Сыртқы істер коллегиясының шығыс елдері жөніндегі тілмашы Алексей Иванович Тевкелев мырзаны елшілікке жібергенін мәлімдейді. Ханға және жиналған жұртқа ұлы мәртебелі патша ағзамның жаңа боданы — қазақ ханына, қазақ сұлтандары мен ру басыларына, күллі қазақ ғаскеріне өзінің нұр сипатты алдиярлық шапағатын ешқашан аямайтынын, бірақ тек өз сөздерінде тұрып, сенімді де адал қызмет атқаруларын талап ететінін айтады. Сол үшін де ол, елші Тевкелев мырза, қазақ ханынан, сұлтандар мен ру басыларынан орыс патшасының қол астына өз еркімізбен кіреміз, оның алдында бодандық парызымызды адал атқарамыз деп, қолдарына құран ұстатып, ант алуға келгенін баян етеді. Россияның қол астындағы Аюке хан да, өзге қалмақ тайшылары да, башқұрт ру басылары да осылай еткенін ақ патша өз мәртебесіне бағышталған бұндай ықыласты әрдайым аяқ асты қалдырмағанын және қалдырмайтынын, ант берген адамдарға ұлы мәртебелі ағзамның беріп жіберген сәлем-сауқаты таратылатынын естеріне салады. Тевкелев хан ордаға жиналғандарға қолдарына құран ұстап, ант қағазына мөрлерін басқасын, әрқайсысына ел алдындағы қызметі, абырой-атағына лайық тарту-таралғы таратады. Сосын барып елші ант бергендерге манадан бергі ішінде тұрған және бір

шартты — қазақтардың да Россияның қол астына қараған башқұрттар секілді салық төлейтінін және текті тұқым өкілдерінен аманат беріп тұратындарын естеріне салады. Егер хан мен ру басылары бұл айтқанға келісім берсе, ант қағазының әлгі шарт жазылған тұсына арнайы қол қойдырып алады. Ал егер олар бұл шартқа онша құлық көрсете қоймай жатса, қайталап айтып жатып ауызын ауыртпайды. Әбілқайырдың анада өз елшілерінен айтып жіберуге үлгермеген, жадына кейін түскен жаңа талап, жаңа шарттар болса, оны Тевкелев келісім шартқа өзі кіргізіп, қазақ ханына арнайы қолхат береді. Хан келісім шартқа қол қойғасын орыс елшісі оған патша сарайына өзімен бірге жаңа елшілік жөнелту керек екендігін, оларға Москвада барлық жағдай жасалатынын айтуы керек. Әбілқайыр ақ патшаның қол астына өз еркімен бағынғанын айғақтайтын елшілігін жібергесін екі жақ та қолға түскен тұтқындарды елдеріне қайтарады.

Тевкелев қазақ еліне бара жатып та, келе жатып та қойын дәптерін жан қалтасынан тастамауға міндетті. Оған былайғы кісілерге көрсетпей көрген-білгендерін түгел жазып отырады. Әсіресе, қазақ елінің жер-суына, онда қандай табиғи және қазба байлықтары бар екеніне, қай ұлыстың қайда орналасқанына, жаудан қорғанатын қалалары мен қамалдарының қандай екеніне, өзендері мен өткелдеріне, хан мен ру басыларының қайсысында қанша мал, қанша өріс бар екеніне, олардың Әбілқайырға қайсысының бағынып, қайсысының бағынбайтынына, ханның сайланып қойылатынына, әлде мұрагерлік жолмен тағайындалатынына, өз бағыныштарынан қандай алым-салық жинап тұратындығына, діндерінің қандай екеніне, сауда-саттыққа қалай қарайтындарына, қандай кәсіппен шұғылданатындарына, қару-жарақты қалай табатындарына, зеңбірек, мылтық, оқ-дәріні өздері жасайтынына жоқ біреулерден сатып алатынына, егер сатып алса, қандай нәрсеге айырбастайтындарынына, қандай елдермен шектесетіндіктеріне, олармен қазір ара-қатынастарының қандай екендігіне, Россияның қай қаласынан қандай төте жол бара алатындығына, баспаналарының жағдайына, әдет-ғұрып, тұрмыс-салттарына айырықша назар аудару өте-мөте тапсырылды. Мүмкіндігінше, көрген нәрселерін суретке салғызып, картаға түсіріп бағуға, ол үшін екі геодезисті ала кетуге әмір етілді. Бірақ, барлау

жұмыстары бұратаналардың өздері байқай алмай-тындай құпия жүргізілуі керек. Егер хан аманат беріп жатса, оларды Уфаға әкеліп ұстай тұрады. Қазақтардан босатылған тұтқындарды Уфа воеводасына әкеп тапсырады. Ондай жағдайда орыс қолындағы тұтқындарды босатып ұлыс-ұлыстарына жібереді. Осының бәрін ойдағыдай орындап шыққасын Москваға оралып, Сыртқы істер коллегиясына не істеп, не қойғандығы жөнінде жазбаша есеп беріп, өзі алып кеткен қаражат пен мүлікті қайда жұмсағаны, кімге бергені туралы алушылардың қолдары қойылған ведомость тапсыруы қажет.

Бәрі де мың қайтара айтылып, мың қайтара оқылған үйреншікті сөздер. Бірақ бүгінгідей жауапты шаруаның алдында әр әрпіне дейін қағыс қалдырмай, қайталап оқымай болмайды. Оған не тапсырылғанын осы қосында өзінен басқа біреудің де біліп, мынау шала орыс, шала мұсылманның қайсысын қалай орындайтынын көз жазбай бақылап отыруы да ғажап емес қой. Оның кім екенін біліп қойған да теріс болмас еді. Жә, оны уақытында көре жатар...

Бәрін айт та, бірін айт — мына хан орданың осы уақытқа дейін тым-тырыс жатып алғанын айт. Бүгін кешегідей піскен тамақ әкелмей, елшіге қонақасыға соғым мал айдатып, саба көтеріп жіберіпті. Ал, шығыс жұрттары мен шығыс тілдерінің күллі Россиядағы алдына жан салмайтын білгірі Құтлұқ Мәмет Мамашев мырза, түсінгіш болсаң, қазақ ханының дәл осы қылығына түсініп көрші! Уыздай аппақ төрт отау, жан-жағың жалтылдаған қалы кілем, құс мамық төсек, жиырма қой, төрт үйге күніне төрт саба қымыз және не істеп, не қоям десең де ешкім қолыңнан қақпайтын еркіндік пен жым-жырт тыныштық — қазақ жұртының бас билеушісі Әбілқайыр ханның әзірге көрсетіп отырған құрметі осы ғана! Ең болмаса, кешегі жылмаңтөс ханзаданың көзіне бір көрінбей қойғанын қарашы! Әлде бұлар жіберген елшілері Москвадан қайтып оралғанша райларынан айнып қалды ма екен?! Жоқ, оның да қисыны жоқ. Осы жуырда ғана Уфада жатқан бұған хан қайын атасы Сүйіндік батырдан хат жіберіп еді ғой. Онда таққа отырған Анна Ивановна патшаға құтты болсын айтып, орыс империясының қол астына тек өзі ғана бағынып қоймай, басқаларды да бағындыруға жан сала әрекет жасап жатқанын

айтқан-ды. «Бұхар ханы Әбілпейіз, Хиуа ханы өз бауырым Жолбарыс, Хожа-Шенет өзенінің бойында көшіп-қонып жүрген Ақбатыр бек менің айтқанымға құлақ асты, қарауында төрт мың адам және Ташкент, Сайрам, Түркістан қалалары бар Барақ хан біздің жағымызға шықты» деген-ді. Сол хатында хан ақ патшаның керуендері келсе, құшақ жая қарсы аламыз деп көрсеткен-ді. Ендеше, бұлардың құшақ жая қарсы алғаны осылай тым-тырыс жатып алу болғаны ғой...

Қанша телміріп қараса да, хан орданың ақ үзігі бүлкетпей қойды. Бүгін тіпті кешегі үй-үйдің көлеңкесіне шығып ап, бұлар жаққа шүпірлеп қарап отыратын қызықтаушылар да көрінбейді. Әлде бәрі бұларды іргеден тым-тырыс бағып жатыр ма екен?

Тевкелев хан орда жаққа қарай-қарай көзі талып кеткен соң, тағы да сандық ақтара бастады. Бұл жолы қолына мұқият оралған ең құнды, екі құпия документ ілікті. Елші көзілдірігін киіп, императрица ағзамның біреуі көк жасыл, біреуі нарт қызыл сафиян түтікше қорапқа салынған шиыршықтаулы грамоталарының беліндегі атлас ленталарын шешіп, орауын жазып оқи бастады.

Екеуі де бір күні — үстіміздегі 1731 жылдың 19 февралі күні жазылыпты. Екеуі де күллі қырғыз-қайсақ жұртының бас ханы Әбілқайырға бағышталыпты. Екеуіне де алдияр тақсыр Анна Иоан қызы ағзам қол қойыпты. Бірақ екеуіндегі жазу бірдей емес. Біреуі ұзақ, біреуі қысқа. Көк-жасыл сафиян түтікшедегі грамотада патша Әбілқайырға елшілері Құттымбет Қоштаев, Сейітқұл Құдайқұлов арқылы жіберген өтінішін шын жүректен қабыл алып, бұдан былай оның өзін, қол астындағы күллі қырғыз-қайсақ жұрты мен қырғыз-қайсақ ғаскерін өз боданым деп танитынын, соның куәсі ретінде өз елшісін, тілмаш Мәмет Тевкелев мырзаны жіберіп отырғанын, оның ұлы мәртебелі патша ағзамның алдиярлық атынан айтатын тапсырмаларының қай-қайсысын да екі етпей орындап, өзін аман-есен елге қайтаруға пәрмен ететінін, ханға ұлы мәртебелі императрица ағзамның алдиярлық мархабатының белгісі болсын деп оқалатқан шапан, бөрік, қылыш, асыл шұға және жеке тізбе қағазда атап көрсетілген басқа да бұйымдардан тұратын тарту-таралғы жіберіліп отырғанын жазыпты. Ал нарт қызыл сафиянмен тысталған түтікшедегі грамотаның ұлы жобасы көкжасыл түтік-

шедегі грамотаға келгенмен онда әлгі «екі етпей орындалуға тиісті» «тілмаш Тевкелевтің ұлы мәртебелі патша ағзамның алдиярлық атынан айтатын тапсырмаларының» қандай тапсырмалар екендігі егжей-тегжейлі атап көрсетіліпті. Ол тапсырмалардың төртеуі Әбілқайыр ханның Құттымбет пен Сейітқұлдан айтып жіберген ауыз екі шарттарынан туындайды екен. Біріншіден — қазақтар ақ патшаға адал қызмет көрсетіп, башқұрт сияқты уақтылы жасақ (салық) төлеп тұрады; екіншіден — орыс мемлекетіне бағынатын өзге жұрттар тарапынан жәбір-жапа шекпейді және өздері де оларға жәбір-жапа көрсетпейді; үшіншіден — Россияға бағынышты жұрт болғандықтан да, бөгде мемлекеттер мен жұрттар тарапынан қысымшылық көре қалған күнде қазақтар ұлы мәртебелі патша ағзамның өзінен ғана қорғаныс іздейді; төртіншіден — қазақтар Россияға боданындағы башқұрт және басқа жұрттардан түскен тұтқындарын өздеріне қайтарып беріп, олардың қолындағы өз тұтқындарын қайтарып ала алады. Патша ағзам қазақ ханы айтып жіберген бұл төрт шарттың төртеуін де қабыл ала отырып, олардың сыртында өз шарттарын да айтады. Ол қазақ жұрты мен қазақ ғаскерінен патша ағзам мен оның мұрагерлерінің бұйрығы бойынша, қалмақ, башқұрт, басқа да бағынышты жұрттардың ғаскерлері сияқты керек жағдайда ұлы Россия империясының мүддесі үшін қан төгуге тура келетін шайқастарға сақадай сай тұруды, патша ағзамның қол астындағы елдердің ешқайсысына ешқандай қиянат келтірмеуді, орыс көпестері мен сауда керуендерін өз жерінде ешбір қауіп-қатерге ұшыратпауды талап етеді.

Қазақ ру басыларының жиынында бұл екі грамотаның қайсысын оқу керек екендігін жағдайға қарап Тевкелев өзі шешеді. Егер ақ патшаға бодан болуды барша билер мен сұлтандар түгел жақтайтын болса, онда әлгі нарт қызыл сафиян түтікшедегі соңғы грамота жарияланады, ал олай болмаған күнде елші аш құлақтан тыныш құлақ деп көкжасыл сафиян түтікшедегі алдыңғы грамотаны оқиды. Ол мәселенің басы түпкілікті тек ханмен алдын ала ақылдасып, қазақ ордасының бүгін таңдағы ішкі жағдайына толық қанығып алғасын ғана ашылмақшы.

Бірақ, мынау күллі бір халықтың түп-түгел тілі кесіліп қалғандай жым-жырт тыныштықтан талай елдің

дәмін татып, талай келіссөздердің шырғаландарын бастан кешірген Тевкелевтің көңіліне бір түрлі түсініксіз секем қашты. Түске дейін хан ордадан біреу болмаса, біреу аяқ ізін салатын шығар деп көп дәметіп еді, түс қайта ол күдерін үзе бастады. Қазақ ұлыстарының хал-жағдайы мынау хан ордасының маңындағы қатықтай ұйып тұрған жым-жырт жайбарақат тіршілікке ұқсай қоймайтынын бейтаныс мейман енді-енді сезейін деді. Сөйтсе, мынау домалақ төбені шыр айнала қонған монтаны ауылдарда айқай-ұйқай ұлы сүргін болмағанмен, қыбыр-жыбыр жүрістер жеткілікті екен. Әсіресе, желке тұстағы ұлы шоғырда топтанбай, қару асынбай, қалай болса солай киінген бір жүдеубас жүргіншілер көбейіп кетіпті. Олар шет жақтағы үйлерге кеп топ етіп түсе қалады да, көп кідіріп отырмайды. Кейбіреулері тіпті аттан түспейді, сыртта тұрып амандық-саулық сұрасады да, ілбіп басып қайта тайып тұрады. Көкжиекке барып жым-жылас сіңіп жатқан сол бір бейсауат жүргіншілердің неге келгені, неге кеткенінің бәрі жұмбақ. Хан орда жақ қыбырсыз. Ол маңайдан келіп жатқан да, кетіп жатқан да ешкім көрінбейді. Соған қарағанда, сонау көз ұшындағы жолбарыс жонданып, дөңкиіп-дөңкиіп тұрған сарғыш жалдардың ар жағында не болып, не қойып жатқанын білсе, бір құдайдың өзі ғана білетін шығар.

Тевкелев төңіректі іргеден бағып, тың тыңдап түс ауғанша жатты. Қасындағы башқұрт билері олай өткен, былай өткен жүргінші қазақтардан, төбе басындағы сақшылардан ештеңе біліп жарымады.

Бұлардың келгеніне де, міне, бір тәулік болып барады. Бірақ сол екі ортада селт еткізердей ештеңе болған жоқ. Сол баяғы жым-жырт жатыс. Тевкелев оңаша үйдің қақ төрінде күнделік дәптерін қолына алып көп ойланды. Қанша ойланса да, жадына мардымды ештеңе түсе қоймады.

«Бесінші октябрь күні Ырғыз өзенінің бойында Маңтөбе деген жерге келіп жеттік. Сол күні тілмаш Тевкелевтің Әбілқайыр ханның ордасына жақындап келіп қалғанын көріп, Әбілқайыр хан оны, Тевкелевті екі шақырымдай жерден алдынан шығып қарсы алуға тапсырма беріпті... Оған әзірленген киіз үй ханның киіз үйінен онша алыста емес екен. Әбілқайыр хан Тевкелевтің аттары мен түйелерін, атап айтқанда 200 ат

пен 12 түйені, өз бақташыларының қарауына алып бағып-қағуға бұйырды».

«Тағы да не жазсам екен?» — деп біраз ойланды. Талай жерде байқап жүр, орысша жазғаны ойлағанындай жатық шықпайды. Онысын бұрын тегінде бір шыпа барлығынан көретін. Сөйтсе, Сыртқы істер коллегиясының іс қағаздарын ақтарып отырып байқады: басқалардың да жазғандары ойқы-шойқы шығады екен. Оның сыры әкімшілік үрдісте кімнің, қашан, кімге не істеп, не қойғанын әбден бажайлап, қырық қайталап ежіктей жазуды талап ететіндігінде болар. Мәселен, мына күнделігіне: «Тевкелевтің өз ордасына жақындап қалғанын көріп, Әбілқайыр хан екі шақырымдай жерден алдынан шығып қарсы алуға тапсырма беріпті» — деп жазса, қандай жатық, қандай түсінікті. Бірақ, біраз басын қатырыңқырап түсінбесе, ештеңені оңай ұққысы келмейтін патша әкімшілігі «Кім-кімнің ордасына жақындап қалғанын көріп, кім екі шақырымдай жерден кімді алдынан шығып қарсы алуға тапсырма бергенін» егжей-тегжейлі жазуды талап етеді. Сөйтіп, егжей-тегжейлеймін деп отырғанда әр сөзді әр жаққа бытыраған әлгіндей әжептарқы сөйлем шығады.

Қолы арапша жазуға да, орысша жазуға да бірдей дағдыланғандықтан ба, әріптері соншалықты ұсақ түсті. Неге екені белгісіз, қай әрпіне қараса да, шеттерінен тазы иттің құйрығындай шиыршық атып тұрады екен. Ол өз жазуын бүгін көріп отырғандай көз алмай қарап көп отырды. Сосын біреу-міреу көріп қалмасын дегендей қалың дәптерді тарс жауып темір сандықтың ішіне ытқытып жіберді. Күн батқанша шалқасынан түсіп ап, төбесінен күлтеленіп төгіліп тұрған қызылды-жасыл уық баулар мен жел баулардың шашағын санап жатты да қойды.

Түн ортасында есікті мысық құсап ұрланып ашып бір қара кісі кіріп келді. Ешкім естіп қалмасын дегендей сыбырлай сөйлейді.

— Елші, мырза, — деді ол. — Мені сізге хан жіберді. Не өзі маған келсін, не мен барайын дейді. Екеумізге бүгін түнде кездеспей болмайды дейді. Ру басылары қашан патшадан келген жарлықты жұрт алдында жария қылғанша екеуміз оңаша жолықпасын деп сыртымыздан аңдушылар қойды дейді. Біз соларға байқатпай жасырын кездесуіміз керек дейді.

Тевкелев оның қасына Таймас деген башқұрт пен Юмаш деген башқұрт та емес, татар да емес, орыс та емес, бірақ үшеуінің тілін білетін әсіренкі біреуді ертіп жіберді. Бір уақытта екі иінінен дем алып Юмаш қайтып келді.

— Елші мырза, маған сізді жарлы-жақыбай қазақтардың бірі қып киіндіріп ертіп әкел деді. Хан өзі бізді ауылының сыртындағы қалың жыңғылдың арасында күтіп тұрмақшы.

Тевкелев Юмаш қолтығына қысып әкелген жыртық шекпен мен жыртық тымақты киіп сыртқа шықты. Ай сүттей жарық. Екеуі енді қастарындағы ауылға хабар сұрай бара жатқан боп күн шығысқа қарай жүрді. Ши арасына кіргесін жып беріп басқа жаққа бұлтарды. Бұқпақтай-бұқпақтай қалың жыңғылдың да арасына жетті. Әлдебір күмілжі қышқыл иіс мұңкиіп қоя берді. Әлдеқайдан шілделік шырылдады. Юмаш солай қарай бастады. Сөйтсе — шілделік боп шырылдап тұрған Таймас екен. Жыңғылдың қалың өскен бір тұсында айдың жарығымен аруақтай ағараңдап, үстіне құп-қу түйе жүн шекпен киген хан тұр. Мынадай бозалаң түнде оның адам екенін де, бұта екенін де, қапелімде, аңғара қоймайтындайсың. Екеуі құшақтасып көрісті. Сосын анадай жерге төсеп қойған бозғыл бөстектің үстіне барып отырды. Таймас пен Юмаш қалың жыңғылдың арасына сіңіп жоғалды.

Екеуі оңаша қалғасын хан сөз бастады.

— Ал аман-есен жеттіңіз бе? Жол-жөнекей қиындық көрген жоқсыз ба?

— Шүкір. Өз жағдайыңыз қалай? Есендік пе?

— Қалай болары әлі белгісіз. Ертең ру басыларының жиынына шақырмас бұрын өзіңізбен оңаша сөйлесіп алғым келді. Олар Сейітқұл мен Құттымбет орыс патшасынан жоңғарға қарсы бірге соғысатын әскер сұрай кетті деп ойлап жүр еді. Елшілік келе жатыр деген хабарды естіп, көңілдеріне бір секем қашып, менің әр адымымды аңди бастады. Кеше сіздің қасыңызда ғаскер адамдары барын өз көздерімен көріп келген билер маған келіп, сізбен оңаша кездесуге тыйым салып, тек біздердің көзімізше ғана сөйлесесің деп шарт қойып кетті. Содан бері ешқайсысы қараларын көрсеткен жоқ. Өзара не деп пәтуа байласып жатқанын бір алла біледі. Бірақ, оларға бодан болу жайындағы әңгімені абайлап айтпай болмайтыны белгілі болады.

Тевкелев мынаны естігенде тамағына тас тығылғандай қылғынып қалды. Қапелімде не айтарын да білмеді. Сонымен манағы ойлаған күмәнінің рас болып шыққаны ғой. Асқар таудай боп келген көңілі аяқ астынан жер болып жеміріліп жүре берді. Ай астында бордай боп қуарып томсырайып отырған бейтаныс ханның сұп-сұр жүзіне тесіле қарап қатыпты да қалыпты.

Елшінің ойын айтпай түсінген Әбілқайыр:

— Сіз бүйтіп абыржымаңыз. Әлі де үміт бар, — деді.

— Ру басыларының қолдамайтынын біле тұрып, ақ патшаға елші салғаныңыз қалай?

Хан жайбарақат жымып қойды. Тевкелев одан сайын аң-таң.

— Мәмбет мырза, — деді. — Енді екеуміз, не де болса, бір қамытқа жегілдік. Бір-бірімізді күстаналағаннан екеумізге де пайда шамалы. Одан да мына жағдайда не істеп, не қойғанымыз дұрыс болатынын ақылдасайық. Жарайды, сұрап қалған екенсіз, айтайын. Менің бұдан басқа ешқандай амалым жоқ еді. Бір кезде ата-бабамыз сонау Қаратау бойын жайлапты. Ташкент, Сайрам, Түркістан шаһарларын билепті. Енді, міне, ол өлке түп-түгелімен қонтайшының қолында. Жау алған жерде менің әйелім мен өгей шешем қалды. Маған мынау жапан түзге қоныс аударуға тура келді. Атамекенінен көтеріле көшкен жұрттың қоңсыларына тынышсыз келетін әдеті ғой. Мен де, міне, бұхаралықтармен, башқұрттармен, қалмақтармен жүз шайысып отырмын. Қазір Бұқар мен Хиуаны бірдеңе етіп иліктірген сияқтымыз. Ал Оралдағы башқұрттар мен Еділдегі қалмақтардың сол баяғы қырбайы қалыптары. Қалмақ тайшылары әуелден де баянсыз жұрт. Бүгін тіл табысса, ертең тағы атысып-шабысып шыға келеді. Ал башқұрттар алдияр патшаның өзі айтпаса, келісімге келмейміз деп кергиді. Сосын мен ақ патшаның қол астына өтсем, қалмақ пен башқұрттан іргем тынышталып, қонтайшымен армансыз алысуға жағдай туа ма деп ойлап едім. Оның үстіне, көзіміз көріп отыр, қалмақтар мен башқұрттарға біреу-міреу жолап кетсе болды, ақ патшаның ғаскері дікеңдеп жетіп келеді. Боданында болсаң, кім біліпті бізге де сөйтетін шығар.

Әбілқайыр: «Бұл айтып отырғаным дұрыс па?» — дегендей сөзін үзіп, Тевкелевке көз тастады.

— Жарайды, бұныңыз түсінікті. Бірақ, оған қол астыңыздағы ру басылары қарсы болып отырса, ол ойыңызды қайтып жүзеге асырмақшысыз.

Әбілқайыр мырс етіп күліп жіберді.

— Ғафу етіңіз, елші мырза. Сіз әлі біздің жұртымызбен сыралғы бола қойған жоқсыз. Атының сыры иесіне мәлім дейді ғой. Егер сіз боп, біз боп бірігіп қайрат қылатын болсақ, әлгі айтқаным тым онша үміт үзе қоярлық қиын шаруа емес.

— Сонда қалай?

— Елші мырза, біздің жұртымыздың арда екенін естуіңіз бар шығар.

Тевкелев тамағын кенеді.

— Ендеше арда малдың асау келетінін білесіз ғой. Асауды күшпен емес айламен алады. Күш көрсетсеңіз, күшігенді де иліктіре алмайсыз, ал айламен арыстанды да ноқталауға болады емес пе? Біздің халқымыз қазір арыстан сияқты. Әлсізге тап келсе, мерт қылады. Әлдіге тап келсе, өзі мерт болады. Екі жақтан да қайраты асқан әулеттілер қамап тұрғанда мен оны көз апара қайтып мерт қып қоймақпын. Әрі ойладым, бері ойладым, екі мықтының әупірімімен арпалысып мерт болғанша, сабырлысымен арбасып тірі жүргенді жөн көрдім. Өзіңіз айтыңызшы, менде бұдан басқа амал бар ма еді? Жұрт бұл қылығымды не деп ойласа, о деп ойласын, ал өзім тек бір басымның ғана емес, бүкіл елдің мүддесін ойлағанда тапқан жалғыз амалым деп білем. Сондықтан мені жұртты жер түбінен босқа сабылтып жүрген жәй әншейін суайт қой деп ойлап қалмаңыз.

Тевкелев тағы да тамағын кенеді.

— О не дегеніңіз? Белгілі бір қорытындыға келуге әлі ерте ғой.

— Дұрыс айтасыз. Әлі ерте. Сондықтан да, елші мырза, біз бүгін сол жетегімізге ермей, басын алып қашып отырған асау жұртқа қандай айла жасайтынымызды ақылдасайық. Бұрын олармен жападан-жаңғыз алысу маған өте-мөте қиынға түсіп жүрген. Енді, міне, сіз келдіңіз. Екеулеп алыссақ, еншалла, бірдеңе шығаратынымызға сенімім кәміл.

Тевкелев үндеген жоқ. Хан сөзін қайта жалғастырды.

— Біздің жұртымыздың «жылы-жылы сөйлесен, жылан інінен шығады» — деген мақалы бар. Ол оның ықылас-ілтипатты бәрінен жоғары санайтынын көрсетеді. Сіз де оларға бірден «ант беріңіз» деменіз.

Онда үркітіп аласыз. Әуелі әрқайсысына ілтипат білдіріп, сый-сияпат ұсынып ауыздарын алыңыз.

Тевкелевтің ойына мана өзі оқып шыққан нұсқау қағаз түсті. Онда «Әуелі ант ал, сый-сияпатты әрқайсысы ант қағазға қолдарын қойғасын тізім бойынша үлестір және ол тізімді кейін Сыртқы істер коллегиясына тапсыр», — деп жазылған-ды. Ал мына хан «ант жағын ауызға алма, әуелі әрқайсысына алапа үлестір», — дейді.

— Игі жақсыларының ауызын алып алсаңыз, қазақ деген қыңқ етпейді. Айтқаныңызға жүріп, айдағаныңызға көнеді. Сондықтан бар гәп ру басы билерде. Сондағы жанына жағатын қошаметтің түрі «өздеріңіз білесіз», «бұған не дейсіз», «осы дұрыс шығар» секілді ізет мезіретте, сый-сияпатының түрі — ертең әйтеуір жұрттың алдында бір мақтанып қалуға жарайтын жылтырақ киім, таңсық бірдеңе.

Тевкелев жиырылыққырап отыр. «Мынаның аузынан айладан, сый-сияпаттан басқа сөз шықпайды екен. Осының өзі менен бірдеңе дәметіп отырғаннан сау ма!» — дегендей көзінің астымен бір қарап қойды. Ханның сол сұп-сұр қалпы. Елшінің қозғалақтап қалғанын байқап сөзін тия қойды.

Тевкелев ренішті дауыспен:

— Сіздің елшілеріңіз Мәскеуде де, жолда Уфада тоқтағанымызда да қайталап сұрағанымызда бұл әбден ақылдасып-мақұлдасқан басы ашық мәселе деп еді, артының бұлай болып шыққанын қарашы, — деді.

Ханды абыржытам ба деп айтып еді, ол мұны мүсіркеп тұрғандай мұртынан күліп:

— Оның жай-жапсарын жасырғам жоқ, жаңа ғана айтып бердім. Егер «бодан боламыз» деп айтсам, билер маған ақ патшаға елшілік жіберуге рұқсат бермес еді, ал «бодан боламыз» деп айтпасам, ақ патша да маған елші жібермес еді. Елшілік келмесе, мен мына жұртты өз дегеніме көндіре алмас едім. Енді, міне, сіз келдіңіз. Менің өз дегеніме жетуге аз да болса, жағдай туып отыр. Сіз екеуміз елді ақ патшаның боданы болуға үгіттеп көреміз. Ол ойымыздан шықсақ, ақ патша менің еңбегімді ескерусіз қалдырмайды деп білем. Мынандай әрпіл-тәрпіл жағдайда әрқайсысы әр жаққа қашып тұрған өз жұртымның бас ноқтасын бір өзімнің қолыма ұстатып, басқа хан-сұлтандардан абыройымды асырып берсе, мен алдияр тақсырға да, қазаққа да опық жегізбес

едім. Қазір қазақтың қамын мендей ойлай алатын кісі жоқ. Оған талай жерде көзім жетті. Бірақ, оң мен солын бірде біліп, бірде білмей қалатын аңғал жұрт соны әлі түптеп түсінбей келеді. Құдайдан жасырмағанда сізден несіне жасырайын. Бұл істі іс қылып шығара алсақ, патшаның да, қазақтың да, менің де табар пайдамыз шаш етектен, — деді.

Тевкелев тағы да тергей қарады. «Мынауы шыны ма, жоқ көлгірсігені ме?» — десе керек. «Қалай түсінсең, олай түсін» — деп Әбілқайыр да мізбақпады.

— Ал, еліңіз ол айтқаныңызға бәрібір көнбей қойса қайтер едіңіз?

Ханның қиылған сұлу мұрты тағы да бір бүлк етті. Тевкелев, қапелімде, сасқалақтап қалды.

— Егер әлгі әрекетімізден ештеңе шықпаса, олар маған, ақ патшаның елшілігіне қастандық ойлап жүрмей ме? Ондай қиын жағдай тап бола қалса, сіз қандай қолқабыс бере аласыз?

Әбілқайыр сол қырындай қараған қалпы самарқау тіл қатты.

— Егер қазақ шонжарларына көңілдерінен шығатын сыйлық тауып бере алсақ, олар ешқандай да қастандық жасамайды, ақ патшаның боданы болуға да көнеді. Бәрі енді сіз бен бізге байланысты.

Хан қайтқысы келгенін білдіріп қалың жыңғылдың арасында қылт-қылт төбе көрсетіп тұрған қызметшілеріне қарады.

Тевкелев соны аңғарып:

— Ал, алдияр патшаның жіберген грамотасын қашан алмақшысыз? — деп сұрады.

Хан:

— Хабар өзімнен болады. Әуелі мынау ірі-ірі билердің бір қатарының ауыз-ләмін байқап көрейін, — деп орнынан көтерілді.

Бұнымен қол ұстасып қоштасты да, күлтеленіп тұрған қалың жыңғылдың арасына сіңіп жоғалды. Жолда Таймас пен Юмаш қарсы жолыққан екен.

— Сен мені шығарып сал, — депті хан Юмашқа.

Таймас мұны ертіп Маңтөбеге қарай беттеді. Ай батып, жұлдыз бозарып жаңа таңның хабары білініп қалыпты.

«Бәсе, қайдан түскен батпан құйрық деп едім-ау. Нағыз шырғалаң енді басталатын шығар», — деп ойлады

Тевкелев құланиектеніп қалған күншығыс жаққа бір қарап қойып.

Ертеңіне, шынында да, таң атпай жатып шырғалан басталды да кетті. Түнде Әбілқайырды үйіне шығарып салуға кеткен Юмаш сиыр сәскеге оралмай қойды. Елшіліктегі башқұрттар дүрліге жөнелді. «Орыс елшісінің келгенін башқұрттардан көріп жатқан болды. Әлгі Юмаш аман болса жарар еді», — деп Таймас жүз келіп, жүз кеткен шығар. Сәскеден аса бере Юмаш келді. Сөйтсе, түнде Әбілқайырды шығарып салып, қайтып келе жатса, жолда бір сойыл көтерген адамдар тап болып, таң атқанша аяқ-қолын байлап, сай бойында ұстап отырыпты. Таң атқасын бір үй толы ақсақалдардың алдына алып барыпты. Ызғар шаша қарап иін тіресіп отырып алған қазақ билері бірінен соң бірі сұрақты қарша жаудырып, Юмашты тергеп-тексере бастапты.

— Түн ортасында неғып жүрсің?

— Ханның ас үйіне барып келе жатыр ем.

— Онда не бітіріп жүрсің?

— Ет жей барғанмын.

— Немене, өздерінде тамақ жоқ па?

— Бар. Бірақ елден шыққалы жас ет жегем жоқ еді, ет жегім келіп кетті.

Ін түбіндегі тышқандай сығалай қараған тіміскі көздер оның бұл сөзіне онша илана қоймаса керек, бастарын шайқап бір-біріне қарапты.

— Әй, естек, — депті бір шеке тамыры білеуленіп тұрған қызыл сары еркек өндірішегін созып өңмеңдей тіл қатып. — Сенің әлгі былшылыңа сенетіндей бұл арада есектің миын жеген ешкім жоқ. Онан да шыныңды айтсайшы. Әйтпесе, сен секілді қаңғырманың құны бес-ақ тиын екенін білмейсің бе? Қол-аяғыңды байлап ана көлдің ар жағындағы жұтпаға тастай саламыз. Түні бойы ел адақтап жүрген су аяқ есектің қайда құрығанын кім біледі? Құныңды даулап әлгі қатын патшаның өзі келсе де, бір жіліншігіңді таба алмай арманда қайтады. Кәне, айт, түнде қайда болдың?

Юмаш әлгі айтқанын қайталап айтыпты. Одыраңдаған екі-үш жігіт бұзаубас дойырларын салақтатып қасына кеп тұра қалыпты. Біреуі қамшысының сабымен желкесінен нұқып тұрып:

— Соқпа өтірікті! Сен әлгі шоқыншық елшіні ханға апарып оңашалап жолықтырып қайттың ғой! — деп гүр ете түсіпті.

Юмаш сонда да мізбақпай:

— Ал, алар жанымды ала қойыңдар. Мен айтарымды айттым. Түнде мен елшіні де, ханды да көруден аманмын. Олар бір-бірімен жолықты ма, жолықпады ма, одан да бейхабармын. Бірақ, ит те болсақ мұсылманбыз ғой. Қапы қалып жүрмеңдер. Орыстар сендерге бүгін бату, ертең тату болып итырқылжың боп жүре беретін башқұрт пен қалмақ емес. Кісісін өлтірмек түгіл, сынық бұрауын белдеріңе қыстырсаңдар, жез зеңбірегін сары үлектей желкеңе шөгеріп, жатып алады. Сендерге бодан бол деп зорлық жасаған ешкім жоқ. Болсаң болатындарыңды, болмасаң болмайтындарыңды ашып айтыңдар. Бірақ әлім-жеттік жасаймыз деп, сау бастарыңа сақина тілеп алмаңдар, — депті.

Үй толы еркектердің бірсыпырасы оның бұл сөзіне мұрттарынан күлсе, бір тобы көздерінің астымен бір-біріне қарасыпты. Манағы шеке тамыры бадырайған өжеңбай қазақ итініп тағы ілгері шығыпты.

— Сен өйтіп көп былшылдама! Орыстың жәйінен бізде құр құлақ емеспіз. Ақ патшаның ондай мықтылығы бар екен, онда баяғы Дәулеткереймен бірге өлетін көп орысына неге құн сұрамайды? Хиуаны шауып алатын болса, баяғыдан бері қолына бүйен байланып қалып па, неғып отыр?

— Сол Хиуадан ауызы күйгесін де енді ол аяушылық жасамайды. Өзің бір өжеңдеген неме екенсің? Кәні батыр екеніңді білейін, өлтірмек түгілі тұла бойымнан бір қылшығымды орынсыз шығындап көрші, не болғаныңды білейін! — деп Юмаш қарсы ақырыпты.

Манадан бері қақ төрде үнсіз отырған қаба сақал қара қолын көтеріпті.

— Жә, жәйіне жіберіңдер. Бірақ әлгі қожайыныңа айта бар, біздің сыртымыздан ханмен жолығысар болса, екеуіне де жақсылық жасамаймыз. Ақ патшаның не айтып жібергенін бәріміз түгел отырған жерде айтатын болсын. Біз сені осы сәлемдемемізді елші мырзаға айтып барсын деп әдейі ұстап алдық, — деп қол-аяғын шештіріпті.

Тевкелев кешегі ханмен болған әңгімеден екі түрлі ойда қайтып еді. Оған ханның Мәскеуге елші шаптырып жүргені әншейін ақ патшаның көңілін аулап, сый-сияпат киюді ойлаған қулық сияқты көрінген-ді. Қазір төбесіне қарлы Қаратау құлап кететіндей сары уайымды сапырып сөйлегенмен отырысы, жүріс-тұрысы, бет-әлпетіне

қарағанда тап онша алып-жұлып бара жатқан ештеңе жоқ, әншейін елшіні алдын ала зәресін алып қорқытып қойып, ертең өз дегеніне жүргізу үшін әдейі істеліп отырған айла-шарғы секілді көрінген-ді. Таң атқанша көз ілмей ойланып шықса да, сол алданып қалмаудан басқа, көңіліне ешқандай қауіп-қатер кірмеген-ді. Енді, мынау әңгімеге қарағанда ханның кешегі сөзінің жаны бар сияқты. Хан мен екі араға кісі аттатпауға қауқарлары жеткеніне қарағанда мана Юмашты тергейтін айғыр топ би онша оңай жау бола қоймаса керек. Бірақ бұл қоқан-лоқыға ханның өзінің араласы жоқ па екен? Сол неме осының бәрін артынып-тартынып келген елшінің бар дүние-мүлкін тартып алып, өзін еліне құр қол қайтару үшін әдейі істеп отырған жоқ па! Кім біліпті, бұл немелерден ол да шығар. Көз алдында түнде көрген Әбілқайырдың бордан қашағандай құп-қу жүзі елестеп кетті. Сазарған түрі жаман екен! Қулығына найза бойламайтын сұм кісінің сойы сияқты.

Енді ол мынау төңірегіне үн-түнсіз торып отырған жым-жырт ауылдың әр қимыл-қыбырын көз жазбай аңдып бақты. Мана Юмаштың тергеліп шыққан үйінің тұсында ат көбейді. Жан-жақтан шоқ-шоқ жүргінші келіп жатыр. Кешегідей бұқпақтауды, жасыруды қойған. Ауыл сыртына төртеу-бесеуден оңашаланып барып, әлгі үйдің қасындағы бес-алты үйге топырлап кіріп жатыр. Мынау, сірә, тегін жиын болмас. Хан орда жаққа көз салып еді. Ол жақта қара-құраң аз. Бірақ, орда маңында жүргендердің бар назары әлгі топылып кісі жиналып жатқан шеткергі ауылда отырғаны байқалып-ақ тұр.

Тевкелев басы дал болып ойланып отыр. Сонда ханның түндегі айтқаны шын болғаны ма!

Орыс елшісінің не ойлап тұрғанын сезіп қалғандай әлгі ауыл шетіндегі айғыр топ аттарына мініп хан ордаға қарай беттеді. Хан орданың тұсына жете бере аттарынан түсті. Мұндайда аттан көтеріп түсіріп ап, қауқылдасып жататын әдеттің ешқайсысы істелмеді. Состиып-состиып хан ордаға кіре бастады. Әншейінде қолды-аяққа тұрмайтын хан қызметшілерінің аяқ алыстары самарқау. Елбек қағып жүгірмей, тың тыңдап орда маңынан шықпай жүр.

Қасында тұрған Таймас.

— Әлгілер бір пәлені бастамаса жарар еді. Хан орданың төңірегі сілтідей тынып қалды ғой. Көзге

шыққан сүйелдей боп бұл арада тұрып алмайық. Үйлерімізге барып ақырын күтейік, — деді.

Бұлар үйлеріне кіре сала хан ордадан төрт-бес төлеңгіт шығып елшілікке беттеді. Біреуі Тевкелев отырған үйге кірді де, қалғандары сыртта тұрып қалды.

— Елші мырза, — деді үйге кірген төлеңгіт. — Хан билерге тиесілі сый-сияпатты тезірек беріп жіберсін, қазір таратып бермесек, істің насырға шабар түрі бар дейді.

— Хан құран ұстап ант бергенше, ақ патшаның сәлем-сауқаты ешкімге тартылмайды, — деді Тевкелев.

Төлеңгіт иығын бір қиқаңдатты да шығып кетті. Содан бесін ауғанша елшіні ешкім мазалаған жоқ. Хан ордадағы жиын да тараған жоқ. Бесін ауып кеткесін ханның манағы төлеңгіті тағы келді. Бұл жолы өңі тіптен қату.

— Елші мырза, — деді төлеңгіт нығарлай сөйлеп. — Хан мені тағы да жіберді. Егер осыдан бар дүние-мүлкін осы қазір беріп жібермейтін болса, мына билердің екеумізді де түтіп жейтін түрлері бар деді. Маған тиесілі сый-сияпатты ант алғасын тапсыра жатар, қалғандарын дәл қазір жіберсін, бастарымыз аман тұрғанда қызылкөз пәлелерден құтылайық деді.

— Ендеше, — деді Тевкелев. — Мен әуелі сый-сияпат үлестіретін жайым жоқ. Сәлем-сауқаттарын қазір алғылары келсе, ақ патшаның жіберген грамота қағазын да қазір қабылдайтын болсын.

Төлеңгіт тағы да құр қол қайтты. Хан ордада тағы да мәжіліс қызса керек, біраздан кейін ақ ордадан тағы біреу шықты. Бұл, бірақ, жаңағы төлеңгіт емес, басқа адам болып шықты.

— Мені сізге, елші мырза, хан емес, билер жіберіп отыр. Осы қазір ақ патшаның хатын алып хан ордаға келсін, — деді.

— Жарайды, барамын деп айтты де, — деп оны кері қайтарып жіберді.

Міне, қызық, билер бұдан сый-сияпат емес, ақ патшаның хатын талап етіпті. Сонда қалай болғаны. Хан қайта-қайта дүние сұрағанша, билерге не керек екенін бірден неге айтпаған...

Тевкелев әрі ойланып, бері ойланып, әбден қас қарайып, түн болғасын қасына екі геодезист, жеті башқұрт биін ертіп, патша жіберген көк сафиян қапты түтікшеге салынған хатпен біраз сый-сияпат алып хан

ордаға беттеді. Орта жолда алдарынан төрт жасауыл шықты. Хан орданың қасынан екі би қарсы алып, алдарына түсіп бастап жүрді.

Айлапат ақ орданың іші ала көлеңке. Екі жақ босағадан бастап иін тіресіп отырған билердің өңі қарауытып көрінді. Қақ төрдегі Әбілқайыр хан мен қасындағы екі би орындарынан түрегелді. Тевкелев патшаның хатын ханның қолына тапсырды. Хан оны маңдайына тигізіп алдына қойды. Елшіге ысырылып сол жағынан орын берді. Жайғасып болғасын Тевкелев сөз бастады.

— Сен, Әбілқайыр хан, күллі Ресейдің ұлы мәртебелі императоры, біздің нұр сипатты алдияр падишамыз Анна Иоан қызына өзіңнің елшілерің Құттымбет Қоштаев пен Сейтқұл Құдайқұловты жолдап, алдияр тақсыр патша ағзамнан қол астыңдағы жұртыңмен Ресейдің қарамағына алуды өтініп, Ресейдің басқа бағыныштыларымен тату-тәтті қарым-қатынас орнатқың келетінін айтып хат берген екенсің. Ұлы мәртебелі император, нұр сипатты һәм шарапатты алдияр тақсыр патшамыз Сізді, Әбілқайыр хан, билеріңіз бен күллі қырғыз-қайсақ ғаскерін мейірімі түсіп, өз үмбетім деп танитынын білдіріп, мені арнайы хатымен осы сапарға аттандырды және Әбілқайыр хан, сізден және күллі қырғыз-қайсақ ғаскерінен әрдайым өзінің қамқорлығы мен шапағатын аямайтынына сөз беріп, хан мен қырғыз-қайсақ ғаскері өз уәделерінде тұрып, ұлы мәртебелі патша ағзамның алдында адал қызмет атқарады деп сенетінін мәлімдеуді тапсырды. Хатыңызда айтылған шарт бойынша, мен сіздердің ұлы мәртебелі патша ағзамның мейірбанды қол астына бағынатындарыңызды өз ауыздарыңыздан естіп, өз қолдарыңызбен куәландыруға келдім.

Патша жолдаған екінші грамотадағы шарттарды әдейі айтпай қалды. Онсыз да сазарып отырған билердің шаптарына шоқ тастап шоршытып алмайын деп ойлады.

Үй-ішіндегілер оның сөзін үн-түнсіз тыңдады.

Елші сөзін бітіріп, жан-жағына көз тастап еді, ханның оң қолында отырған би:

— Елші мырза, үйіңізге бара беріңіз. Кейін өзіміз хабарласармыз, — деді.

Тевкелев ауырлап басып сыртқа шықты. Қасына еріп барған кісілер ере шықты. Оларды ауыл сыртына шығарып салған төлеңгіттерге қарап еді, біреуінің өңі

таныс сияқтанды да тұрды. Ол қазақша киініп алған жансыз башқұрт еді.

Бұлар ұзай бере ақ ордадан әжептарқы айқай-ұйқай дауыс шықты. Әлденелер сарт-сұрт ете қалғандай болды.

— Жанжал енді басталды! — деді Таймас хан орда жаққа құлағын түріп.

Сөйтсе, бұлар шыққан бойда айқай дау басталыпты. Бұның тастап кеткен сый-сияпатын ортаға үйіп, таласып-тармасып бөлісе жөнеліпті. Бір-біріне қамшы сілтесіпті. Қызыл кеңірдек топ бұл елшіні еліне аман жіберуге болмайды, өзін өлтіріп, дүние-мүлкін талап алу керек деп шешіпті. «Қайдағыны қайдан шығарып жүрсің?» — деп ханның өзіне тап-тап беріпті.

Әлгі төлеңгіт боп киініп үй сыртында қалған башқұрт хан ордада сол түні не болып, не қойғанын аудармай-төңкермей айтып келді. Долырып алған билер орыс елшісіне жол басшы боп келген башқұрт билерінің де бірін қалдырмай түгел қырып тастау керек депті. Башқұрт билері мұны естіп, Тевкелевтің үйіне кіріп келді. Содан таң атқанша мәслихат болды.

— Е, бәсе, қазақтар неғып бір дүрлікпей көне салады деп едім-ау! — деді елшінің оң тізесін баса отырған Алдарбай Есеке ұлы.

— Алдияр аға-ау, оны білсеңіз, баяғыда елшілерін Уфаға ертіп әкелген өзіңіз едіңіз ғой. Әуелден басын ашып алмадыңыз ба? — деді Таймас Шәйім ұлы.

— Ханға ноқтасын ұстатпай отырған қазақтар Алдияр-ағаға қайдан бола қойсын, — деді Ақмолла ақын.

Нарттай қызыл Шима батыр мынандай қысылтаяң жағдайда қызыл тілге дес беріп отырған үш серігіне жақтырмағандай жалбыр қабағының астынан сазара бір қарап қойды.

— Одан да не істеуіміз керек, соны ақылдасайық та, — деді тәпелтек бойлы төртпақ Көсемше Бекқожа ұлы.

Сұйық қас қолағаш мұрын бұжыр кісі Отжаш Разманқұл ұлы қамшысының сабымен қолын сабалап отырып:

— Не де болса, тезірек бір шешімге келмесек болмайды. Таң атқанша олардың тағы қандай зобалаң шығаратынын кім біліпті, — деді.

— Баяғыда осы қазақ ұлыстарына талай елшілікке келіп едің ғой. Сенің не ойың бар, Таймас, айтсаңшы? —

деді манадан бері үнсіз отырған жарғақ құлақ жарғанат бет Оразбай Абазынұлы.

Таймастың орнына аққұба таразы жігіт Қыдрияс Молақаев сөйледі:

— Бұл топаланды бір тоқтатса, Бөкенбай тоқтата алады. Немере інісі Құдайназар мырза, күйеуі Есет батыр үшеуі бұл өлкедегі ең дәулетті, ең беделді адамдар. Оларға көңілдерінен шығатындай сый-сияпат беріп, өз жағымызға шығара алсақ, мынау есер тобырға бір қайран табуға болады. Ал, олар көнбесе, онда үмітті үзе бергеніміз жөн.

— Сонда ол Бөкенбайға қалай хабар бере аламыз.

— Мына Таймас екеуі көптен сыралғы достар ғой.

Бозала таңда боз ат мінген Таймас батыр Бөкенбайдың ауылын іздеуге аттанды.

Араға екі күн салып қасына Бөкенбайды ертіп Таймас батыр қайтып оралды.

Қақ төрге Бөкенбай кеп отыра кеткенде елшінің құлазып тұрған кең үйі аяқ астынан толып кеткендей болды.

Тевкелев мынау еңгезердей кісі бұл әңгімеме қалай қарар екен дегендей, жалтақ-жалтақ қарап қойып сөз бастады.

— Батыр, Таймастан жол-жөнекей өзіңіз де естіген шығарсыз. Мен Әбілқайыр ханның ақ патшаға жазған хаты бойынша ант алуға келгенмін. Сөйтсем, мұнда жұрт іри-тіри екен. Енді, міне, қайдан келдікке түсіп, пұшайман болып отырғанымыз. Қазақты орыс патшасының қол астына зорлап кіргізгісі келіп отырған ешкім жоқ. Әңгіме жоқ жерден әңгіме бастаған өздері. Енді кеп ақ патшаның елшісіне қол көтергілері келеді деп естиміз. Ақ патша өздігінен ешкімге тимейді, ал өздері тигенді оңдырмайды да. Егер қырғыз-қайсақ жұртының көңіліне ондай қара қашар болса, шектес тұрған өз ғаскерін, сондай-ақ өзіне бағынышты башқұрт, қалмақ ғаскерін қара құрттай қаптатады да жібереді. Орыс өкіметі өз елшісінің қанын сұраусыз қалдырмайды. Қазақтар одан да патшаның қол астына кіргіміз келмейді деп, ашып айтсын да, мені аман-сау жөніме жіберсін.

Бөкенбай елшінің бетіне бұрылып бір қарады да, байсалды дауыспен:

— Осы ана жолғы орыс елшісін өлтірген хиуалықтарға ақ патша қандай жаза қолданды? — деп сұрады.

Нар түйедей маңқиған батырдың аңқаусып айта салған мына сұрағы Тевкелевтің шымбайына батып кетті.

— Хиуалықтар адам көрмеген хайуандық істеді. Ақжолтай елшіні өлтіргенді ешбір ел, ешбір дін қолдамайды. Ондай кісәпірлықтың арты ақыры жақсылыққа соқтырмайды. Князь Бекович опасыздықпен қаза тапқанда орыс патшасы терістік елдерімен соғысып жатқан-ды. Сондықтан Хиуа өкіметінен өш қайтарып жатуға ол кезде мұршасы болмады. Әлгі соғыс аяқталған кезде Хиуа ханы ақ патшаға «әке-көкелеп» елші салып, баяғы білместіктеріне кешірім сұрады. Ол екі ортада Хиуаның тағына басқа хан отырған екен. Патша соны ескеріп бір жолға кешірім жасады, бірақ бұдан былай ол өз елшісіне қол көтерген елге ешқандай аяушылық жасамауға шешім қабылдады.

Бөкенбай: «Әлбетте!» — дегендей бас изеп қойды. Манадан бері оның қасы мен қабағына қарап қыбыжықтап отырған елші тілінің тиегі енді ағытылайын деді.

— Батыр, сізді осы аймақтағы қазақтың ең беделді кісісі дейді. Сіз қостамасаңыз ханның өзі де аттап баса алмайды дейді. Халқыңыздың алдындағы зор беделіңізді пайдалансаңыз, бір пайдаланатын жеріңіз осы. Ол жақсылығыңызды ақ патша өле-өлгенше ұмытпайды. Өз басыңызды бүкіл жұртыңызды ұлы мәртебелі патша ағзамның мейірбаншылығы бөлеуді мен өз мойныма аламын. Тек мынау тар жерде қол ұшыңызды берсеңіз болғаны. Еңбегім зая кетеді деп ойламаңыз. Алдияр патшаның қазақ жұртының сіздей ізгілікті адамдарына тарту-таралығы қып тарт деп жіберген азғантай сый-сияпаты да бар.

Саулап сөйлеп отырған елші осы араға әдейі кідірді. Бөкенбай сол тұнжыраған қалпы қабағын ашпады.

— Сонда олар сізден не талап етіп жүр? — деп сұрады.

— Өзіме ештеңе деген жоқ. Бірақ, мен кеткесін орыс елшісінің өзін өлтіріп, дүние-мүлкін талап аламыз, оған жол бастаушы болып келген башқұрттарды бірін қалдырмай қырып тастаймыз, — депті.

Бөкенбай біраз ойланып отырды да:

— Пәтшу! — деді. — Уайымдамай тұра тұрыңыз. Олармен өзім сөйлесіп көрейін.

Тевкелев батырмен жарыса түрегеліп:

— Батыр, қызметіңізге алла риза болсын. Ақ патшаның арнайы жолдаған сәлем-сауқатын алсаңыз қайтеді. Сіздей жақсыдан ештеңе аяма деген. Әзірге жарты мың сомның затын бере тұрайын, — деп сандыққа ұмтылып еді.

Бөкенбай қайырылып тұра қалды.

— Әуре болмаңыз. Мен тарту-таралғыға бола қызмет қылады екен деп ойламаңыз!

Тевкелев есікті серпіп ашып шығып кеткен батырдың артынан аң-таң боп тұрып қалды. «Ренжітіп алдым ба?» — деп уайымдады.

Бөкенбай батыр қол ұшын беруге уәде қылғанмен Тевкелевтің жаны жай таба алмады. Олай-былай боп кетіп жүрсек, бәріміз түгел қырылып қалмайық деп бес кісі дворян, бес кісі казак, жүз башқұртты Уфаға аттандырып, қолдарына воеводаға апарып тапсыр деп хат беріп жіберді. Олар Уфаға аттанып кеткен күні кешқұрым Бөкенбай келді. Ол ертең билер жиыны болатынын, оған Тевкелевтің де шақырылатынын айтты.

— Бірақ, топ алдында қысылып-қымтырылмай батыл сөйлеңіз. Біздің халқымыз сыпайы адамдардан гөрі өжет адамдардың сөзіне көбірек ден қояды. Ешқандай қам жемеңіз. Орталарында өзім боламын, — деді.

Тевкелев сонда да сене қоймай:

— Батыр, осы айтқан сөзіңізге осы қазір оңаша ант берсеңіз қайтеді, — деді.

Бөкенбай сәл аңырып тұрып:

— Жарайды! — деді.

Тевкелев жалма-жан сандығын ашып ішінен құран суырып Бөкенбайға ұстатты.

Бөкенбай құранды алып:

— Ақ патшаға және елшісіне бар қар-қадарымша адал қызметімді аямаймын, — деп маңдайына бір тигізіп, қайтарып берді.

Тевкелев көлдей ала қағазды алдына төсеп еді. Оң жақ ортан қолындағы жүзігін алып мөрін басты.

Ертеңіне күндіз билер шақыртып жатыр дегенге хан ордаға барып еді, табалдырықтан енді аттай берген Тевкелевке жан-жақтан алара қарасты. Тевкелев тәкаппар басып төрге озды. Ашудан жарылып кете жаздап отырған билер оған дүрсе қоя берді.

— Сені мұнда кім шақырды? Біздің жұртымызға неге келдің?

Тевкелев аспай-саспай сөз бастады.

— Мені мұнда өздерің шақырдыңдар. Ақ патша елші жіберіңдер деп сендерді қыстаған ешкім жоқ. Орыстың қол астына өз еркімізбен бағынамыз деген өздерің. Сол уәделерің бойынша мені осында жұмсап жіберді. Қалған хабарды анау Құттымбет пен Сейтқұлдан сұраңдар. Ақ патшаға бағынышты болғандардан не талап етілетіні соларға айтылған.

Мына естіген билер енді Әбілқайырға жабылды.

— Билермен ақылдаспай тұрып, хан ешқандай шешім қабылдамайды деген ата-баба жолы қайда? Орысқа бағынамыз деген сөз біздің ауызымыздан қашан шығып еді? Ата дәстүрін аттап, қарауындағы жұртпен ақылдаспай, басқаға бодан болғысы келген ханның қандай жазаға бұйырылатынын неғып білмейсің?

Ханның онсыз да сұп-сұр жүзі сілтіге салған сүйектей қурап кетті. Жартылай жұмсақ көздерін жарқыратып ашып алды. Жанарында қылыштың жүзіндей суық жылт оянды.

— Жә, шуылдамандар, түге! — деді зекіре тіл қатып. — Ел басына күн туса, хансың ғой, алдымызға түс деп жағалағанда жақсысыңдар. Ал хан екенмін деп бірдене істей қалсаң болды, өстіп әрқайсың әр шалғайымнан тістелеп шыға келесіңдер. Сонда менің хан болғаным қайсы? Хан екенім рас болса, қол астымдағы жұрттың қамын қайтып ойлаймын! Көздерің көрмей ме, иесі бар жылқының басы бағулы, жемі салулы, сусыны қанулы, күн суытса — сауырына жабу жабылады, балшыққа батса — үсті-басы жуылады. Ал, иесі жоқ, түзде жүрген тарпаң ше? Оның қай жәйі болып жатыр? Адам көрсе атып алғысы кеп тұрады, аң көрсе — тарпа бас салғысы келеді де тұрады. Мені мен менің қол астымдағы халықтың көрген күнінің сол тарпаңнан несі артық? Тарпаңмын деп беталды құла түзге тасырлап жүргеннен бір халықтың ауызы күйсе, қазақтың ауызы күйетін болған шығар деп ойладым да, ашықсам жем, тоңсам жабу салатын ие іздедім. Ондай иені таптым. Ол — анау ақ патша. Айтқанымды қабыл алып, елшісін жіберіп отыр. Мен міндетімнен құтылдым. Басқалардай басымызға пана, иінімізге ық, арқамызға сүйеу керек дейтін болсаңдар — маған еріп, мына келіп отырған елшіге ант бересіңдер, ал сол баяғы өз құйрығымызды өзіміз тепкілеп жүргенімізге мәз бола береміз десеңдер, бір борбайымызды бөрі тістеп, бір борбайымызды

жаудың тұзағы қармап, сол баяғы сүрген дәурендерінді сүре бересіңдер. Өз басым ондай тірліктен мезі болып біттім. Өлтірсеңдер өлтіріңдер. Аңмен аң болып арпалысып өткеннен гөрі қара жердің астында аяғымды еркін созып тыныш жатқаным жақсы.

Ханның шамына тигендеріне масарап отырған билер тағы да Тевкелевке бұрылды.

— Біз ханға орыспен тату-тәтті тұрайық, одақтас болайық деп елші жібер дедік, бірақ бағынамыз, басыбайлы бодан боламыз деген жоқпыз. Оны шығарып жүрген өзі. Енді, міне, сен келіпсің. Қазақтардың қандай жұрт екенін, ғаскерінің қандай екенін біліп алуға келгенің бірден сезіліп тұр. Жансыз екеніңді айтпай көріп отырып, еліңе қайдан аман-есен жібере салайық?! Саған қандай жаза қолданылатынын мына бүгінгі жиын шешеді.

Үй толы жұрттың біразы бастарын изесіп қауқылдасып қалды. Тевкелевтің екі жауырынының арасынан мұздай тер шыққандай болды. Екі шықшыты солқылдап қоя берді. Көзі Бөкенбайға түсіп кетіп еді, батырдың беті қабарытып буырқанып отыр екен.

Тевкелев енді, не де болса, тайынбасқа бел буды.

— Ағайын, — деді жұртқа көзін бір-бір қыдыртып. — Жаңылмасам, сендердің халқыңның «Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл», — деген сөзі бар сияқты еді. Сол өздерің шығарған мақалды өздерің ұмытып қалғандарыңа қайран қалып отырмын. Сендер орыс мемлекетін кім деп ойлайсыңдар. Құлмен де, құтанмен де одақтас болып оған не көрініпті? Ресейдей ай астын тітіретердей айбынды елге одақтас бол деуге ауыздарың қалай барады? Жапан түзде аңмен аң боп жортып жүрген жабайы халықты ақ патша одақтас қып қайтеді? Ондай елмен тату-тәтті тұрамын деп уәде де бере алмайды. Өйтіп алтын басын қор қылмайды. Өйтетіндей, қырғыз-қайсақ Ресейге не істей алады деп қорықсын. Ал, Ресейге келсек, оның өзі түгілі қол астындағы бағынышты халықтардың өздері-ақ қырғыз-қайсақтардың төбелерінен жай түскендей жайратып кете алады. Бір жағыңда — қалмақ, бір жағыңда — башқұрт, бір жағыңда — сібір қалалары, бір жағыңда — Жайық казактары. Қауқарларың кімге жетеді деп кергисіңдер. Өз еріктеріңмен бағынғыларың келмейді екен, бағына көр деп сендерге жалынып отырған ешкім жоқ. Ал, бірақ сендермен одақтас боламыз деп келісім шартқа отырып

қасиетті Ресейдің атағына дақ салатұғын жәйім жоқ. Ресей сендерсіз де одақтас таба алады, сендерсіз де бағыныштылар таба алады. Сендер сияқты ысқырса желдің алдында, құса аңның алдында жөңкіліп жүрген жабайы халық түгілі анау грузиннің патшасы, қалмақтың ханы, маңғұлдың Әліқұл ханы, қалпақтың Өсмей ханы, кабардиннің, құмықтың, тердің, барғұнның, ақсайдың дербес князьдері ақ патшаның шарапатты қол астында болуды өздеріне зор бақыт санап отыр. Олардың қасында сендер кім болыпсыңдар?! Ресейдің қол астына кірсеңдер кіретіндеріңді айтыңдар, кірмесеңдер — жолымнан қалдырмай жайыма жіберіңдер!

Орнынан тізерлей көтеріліп сөйлеген Тевкелев қайтадан басылып отырды. Үй-ішіндегілер бір-біріне қарап дүрліге бастады. Шамасы, баяғы Юмашты тергеген би болса керек, бір шеке тамыры бадырайған қызыл қазақ:

— Ау, мына шоқыншықты жер-жебірімізге жеткізіп қоямыз ба? — деп ілгері итініп шыға беріп еді, төр жақтан Бөкенбай гүр ете қалды.

— Бұл әңгіменің енді саудаға салатын несі қалды? Қазақтың басына түскен қай ауыртпалықта да тартынып қалған жерім жоқ. Ағайын, бір кісіге риза болсаңдар, маған риза болатын жөндерің бар. Әлі де тартысатын жаумен тартысуға, айтысатын жаумен айтысуға дайынмын. Бірақ қызыл тілде буын жоқ екен деп жөнге тоқтамау ата-бабаның салтында жоқ. Қазақтың қара көшінің қара бұлттың айтқанымен көшіп, ала қиқудың айтқанымен босып жүре бермей, ертеңін ойлап, белгілі бір тұрақ табатын кезі болды дегеннің түсінбейтін несі бар? Алысқанмен алысып, жұлысқанмен жұлысудың жөні осы екен деп төрт тарабыңмен түгел теке көзденіп отырмай, бір жағымызды желге ұстасақ, бір жағымызды ыққа ұстайық, бір қолымыз болмаса, бір қолымызды жау жағасынан бос ұстайық, өйтпесе көк ит боламыз деп жүріп, көп иттің талауында кетпейік дегеннің түсінбейтін несі бар? Әбілқайырға жау іздегенде ұстатқан ноқтамыз, дос іздегенде ұстатпайтын жәйім жоқ. Қол астымдағы рулы еліммен ақ патшаның боданында боламын деп алдымен мына мен айтам. Сол үшін алланың атымен пайғамбарым ұстаған киелі кітапқа маңдайымды тигізіп ант беруге дайынмын. Ал, осымен қызылкенірдек дауды қояйық. Ант бергілерің

келмейтіндерге зорлық жоқ. Ант беретіндердің бері шығындар. Ал, алдияр хан, жол сіздікі! Алдымен ант беріңіз!

Жаңа ғана қайнаған қазандай буырқанып отырған үй іші сілтідей тына қалды. Әбілқайыр хан ортаға озды. Ақ атылас орамалдың үстіндегі құранды қолына алып:

— Ақ патшаның алдында айтқан сөзімді алла алдында да айтамын. Сөзім сөз, уәдем уәде! — деп маңдайына тигізді.

Сосын тілмаш ұсынған шиыршық қағазға мойнындағы дөңгелек күміс мөрін алып, бір түкіріп: «Бісміллә!» — деп баса салды. Дөңгеленіп түскен арапша жазудың қасына Тевкелев орыс әрпімен бадырайтып: «Әбілқайыр ханның мөрі», — деп жазды. Ханнан кейін құранға Бөкенбай батыр қол апарды. Бөкенбай батырдан кейін, Есет батыр қол қойды. Есеттің орнына Құдайназар мырза барып тұрды. Олардан кейін Кіші жүз бен Орта жүздің кейбір руларының жиырма жеті биі ант берді.

Қалған билер ант беріп жатқандарға тістене қарап біраз тұрды да, сол тоң-торыс қалыптары аттарына мініп аттанып кетті. Бір жағынан ант қағазға қол қойғызып, екінші жағынан ант бергендерге сый-сияпат үлестіріп тұрған Тевкелев іштей сынық тиынға дейін шашау шығармай санап тұр. Бүгін небәрі 110 сом 60 тиынға тарту-таралғы тарапты. Ал бұны мен ханды, құран ұстап ант беріп жатқан билерді ала көздерімен атып атқа қонғандардың саны тіпті көп. Аяқ астынан үн-түнсіз қалғандарына, басқандарынан жер ойылардай боп нығыз аттағандарына, ерге қонғанда аттарының бүйірі солқ ете қалғандарына қарағанда әбден қандарына қарайып, іштерінен: «Қап, бәлем, сендерді ме!» — деп зіл жиып кеткендері белгілі болып тұр.

Осыншама көп атты шұбырып шыққан үлкен ауыл өлік шыққан үйдей болып жым-жырт тыныштықтың құшағында мүлгіп қала берді.

Иығынан жүк түскендей болып қоналқы үйіне көңілді келген Тевкелев есікті енді аша беріп, артына қарап еді, мойындарын омырауына алып асықпай аяндап бара жатқандар көкжиекті түгел көміп кетіпті. Арасына ат сіңе алмастай тығыз кетіп барады екен. Елшінің жүрегі мұздап қоя берді. Мынандай көп, мынандай айбарлы топ оны аман қоймаса, аман қоймайтыны рас та шығар.

Содан бір күн бойы ешқандай хабар шыққан жоқ. Екі күн бойы ешқандай хабар шыққан жоқ. Үш күн бойы ешқандай хабар шыққан жоқ. Төртінші күн де солай, ал құлақтан тыныш құлақ өтті. Ал, бесінші, күні, октябрьдің он бесі күні...

Таң атпай жатып хан ордадан баяғы бір орақ мұрын төлеңгіттің жалаңдап тағы жетіп келгені. Жалмандап біресе ол жағынан, біресе бұл жағынан шығады. Өзі өзге қазақтарға ұқсамайды. Кавказдықтарға келіңкірей ме қалай? Аты жөні де қызық екен: Бәйбек Ағлұқ.

Жылмаңтөс неме есіктен аттай сала сайрап қоя берді.

— Ойбай, елші мырза, анау күнгі көрместей болып кеткен қыңыр билердің қатары күн сайын көбейіп келеді. Олар біреуді қорқытып, біреуді үркітіп өз жақтарына шығарып жатыр. Хан айтады, біз де қол қусырып отырмайық деді. Олар жұртты қорқытып көндірсе, біз сый-сияпат тартып көңілдерін аулап бағайық дейді. Сосын сізге алпыс аршын шұға, елу аршын қырмызы, жиырма мәлін, қырық құндыз, жиырма иленген қызыл тері, бес құлаш қамқа, бес түлкі, үш құлаш қытай жібек беріп жіберсін деп сәлем айтты.

Төлеңгіттің аузы-аузына жұқпайды. Тевкелевтің жыны келіп отыр.

— Ханға сәлем айта бар, — деді. — Сұрағандарын бере алмаймын. Өйткені соншалықты қыруар дүние менің өзімде де жоқ.

Содан тағы да екі күн бойы айналадан тас саңырау бейхабар боп жатып алды. Хан орда да тым-тырыс. Ең болмаса, мата сұрап төлеңгіт те келмейді.

Үшінші күні кешқұрым Бөкенбай батыр келіп елшінің қасына қонып шықты. «Өңшең шуылдақтардың өлтіреміз дегеніне қорықпа, олар тулап-тулап әлі-ақ көнеді», — деді. Тевкелев оған тар күнде қол үшін бергені үшін алғыс айтып, ұлы мәртебелі патша ағзамның алдындағы адал қызметі туралы тиісті орындарға жеткізуге уәде берді.

— Қазақтардан несіне қорқайын. Маған жамандық жасаса, орыстарды қойып, қалмақтар мен башқұрттардың өздері-ақ оларды тігерге тұяқ тастамай қырып тастайды, — деп салды.

Бөкенбай үндеген жоқ. Күлді де қойды. Ертеңіне ол өз ұлысына жүріп кетті. Бөкенбай кеткесін елшіліктің іргесінен тыныштық кетейін деді. Тападай тал түсте әлдекімдер айқай сап шауып кеп жүктеулі тұрған

арбаларын сарт-сұрт сабап кетеді. Түн болды-ақ тұстарынан дүрсілдетіп олай шауып өтіп, бұлай шауып өтіп ұйқы бермейді. Таңертең қараса — бір-екі жылқысы жоқ болып шығады.

Тевкелев кешқұрым қоңыраулатқан темір сандығын ашып, қойын дәптерін алып, көрген-білгенін жазып қояды.

Октябрьдің жиырма күні Байбек төлеңгіт тағы келді. Хан баяғы сұрағанын тағы сұрапты. «Бізге қарсы билер әбден өшігіп алды. Ол қызыл көз пәлелерді көзінің жауын алар қызылды-жасыл дүниемен ғана тоқтатуға болады. Егер осы жолы айтқанымды екі етер болсаңдар, онда дүние-мүлкіңізді өзім барып шауып аламын. Ол үшін алдияр патша маған ешқандай айып таға алмайды. Өйткені мен жұртымды ақ патшаның қол астында көндіру үшін жанталасып жатырмын», — депті.

Тевкелевке ханның сұраған дүние-мүлкін беріп жіберуден басқа амал қалмады. Өзі алып баруға әрі намыстанды, әрі әрдайым дымы ішінде болып, мелшиіп отыратын үндемес ханның тағы не ойлағаны бар екенін кім біліпті деп қорықты. Беретін нәрселерінің бәрін Таймасқа ұстатты. Не де болса, қас-қабағы түсініксіз қазақ ханының ық жағын ала беруге бел буды. Онсыз да таң атқан сайын төрт-бес аттан айырылып, әбден қара жаяу қалатын түрі бар. Елшінің аттарын қуып бара жатқан екі жігітті Әбілқайыр ұстап алып, қол-аяғына кісен салып байлатып тастапты.

Тевкелевтің түн баласы аузынан түспейтіні: «тәуба!» Күн баласы ойынан кетпейтіні: «Тәуба!» Қасындағы нөкерлерінің де мойындары ырғайдай боп әбден арықтады.

Сүйтіп қаралай жаны қара тырнағаның ұшында жүргенде октябрьдің дәл жиырма екісі кешкі сағат алтының шамаларында хан ордадан екі етек боп жүгіріп келе жатқан біреуді көрді. Төбе құйқасы шымырлап қоя берді.

Қорықса, қорыққандай да екен. Әнеугүнгі Әбілқайырдың ұстап алып кісендеп қойған екі жігіті жаппас руының адамдары болып шығыпты. Оны естіген Баймұрат қаһарына әбден мініпті. Алдымыздағы түнде қол жиып кеп елшіні де, ханды да, шауып алмақ көрінеді.

Хабаршы жігіт хабарын айтып болғанша ханның өзі де жетті.

— Ал, елші мырза естідіңіз ғой. Енді не істейміз?

Сол екі ортада башқұрт билері де жиылып қалды.

— Бөкенбайдың ұлысы бұл арадан алыс па?

— Үш күндік жер.

— Ойбай, соған хабаршы жіберу керек.

— Ол хабаршы барып келгенше, мұнда болары болып, бояуы сіңіп қоймаса...

Хан Бөкенбайға хабаршы шаптырды. Өзі хан ордаға қайтып кетіп, елшілікті ордаға қарай көшіре бастады. Бірақ, үлгере алмады. Қас қарайып ымырт үйіріле күн шығыс жақ түгел қауқылдасып қоя берді. Даурыға сөйлескен адамдардың дауысына дүсірлеген тұяқ дыбысы қосылды. Бейуақтағы мынау жортуылдан қара жердің өзі қаралай тітіркеніп жатқандай. Жан-жақ жапыр-жұпыр үнге толып кетті.

Көп ұзамай күн шығыс жақтағы дөңбек жалдардың басына орнаған ымырт ала бөтен қалыңдап кеткендей қара түнек боп түнеріп қоя берді. Ол — Баймұрт еді. Соңына ерткен қолы, шынында да, қарақұрым екен. Әлгінде ғана Әбілқайыр айтып тұрғандай, Тосын құмын жайлайтын жаппастар тайлы-таяғымен түгел келе жатса керек, Маңтөбенің маңындағы ауыл әп-сәтте ақ шаңыттың астында қалды.

Тевкелев қарауындағыларды жиып алып:

Ал енді басымызға қандай қиындық түссе де, ұлы мәртебелі патша ағзамның атын, киелі Россияның абыройын аяққа бастырмайық. Өліспей беріспейік, — деді.

Қолдарына мылтық, қылыш найза ұстаған орыс солдаттары мен башқұрттар елшінің мекен жайын шыр айнала қоршап тұрып алды. Жаппастар хан орданы да қамап алып айқайды салып жатыр. Ақ сұр ат мінген шаңқылдақ кісі әрлі-берлі шапқылап жүр. Баймұрат сол екен. Баяғы шеке тамыры бадырайған қызыл сары би боп шықты. Біресе хан орданың тұсына барып шаңқылдайды. Біресе елшіліктің тұсына келіп шаңқылдайды.

— Кісендеулі екі жігітімді ат-шапан айыптармен қайтармайтын болсаңдар, менен жақсылық күтпеңдер. Түн ортасы ауғанша мұрсат берем. Сол екі ортада талабым орындалмайтын болса, обалдарың өздеріңе. Орданды шағып, отын етіп жағам. Елшіңді мойнына қыл тұзақ салып сүйретіп әкетем. Жауабын патшаның алдында мен емес, сен бересің, Әбілқайыр!

Оның мына ащы даусынан қаймыққандай ай да сол күні шағырмақтанып туды.

Түн ортасынан енді ауа бергенде Баймұраттың жігіттері лақтырған қыл тұзақ Тевкелев отырған үйді белдеуінен орап ап сытырлатып ырғай бастап еді, ханның бір адамы шауып келді.

— Тоқта батыр, екі жігітің босатылды. Бір жолға ашуыңды қи! — деді.

— Пәлем, солай ма екен! — деп Баймұрат тістенді.

Соңындағы қалың қол қарқылдап күліп, дүсірлетіп шауып ала жөнелді. Ертеңіне тәңертең тұрып санаса — тағы да он бес жылқысы жоқ боп шықты. Шамасы, Баймұраттың әнеугүннен бері кісенде жатқан екі жігітіне алған «ат-шапан айыбы» болса керек.

Жаппастар кеткен бойда елшілік хан ордасының қасына көшіп келді. Сол күні түнде Тевкелев Уфа көпесі Иван Кормщиковті бірқатар товарымен кері қайтарды. Қасына бірнеше башқұрт ере кетті. Оны тіпті ханның өзі де білмей қалды.

Тағы да бір апта тым-тырыс өтті. Мынау беймезгіл тыныштықтан сескенген Тевкелев кісілері сыртқа аттап шығудан қалды. Күндіз ұйықтап, түн баласы тістері тістеріне тимей үй айнала күзетіп шығады. Сөйтіп жүргенде ноябрь туды. Ноябрьдің үші күні тағы да бір топ адам келіп таң атқанша қамап тұрып алды. Қарап тұрмай оқ атып елшілікке тігілген үйлердің үзіктерінің дал-дұлын шығарды. Енді болмағанда елшілік қараптан-қарап жебе оғына жем болар түрі бар. Тевкелев адамдары мылтық атуға мәжбүр болды. Сол-ақ екен, шырқ айнала қоршап алып, қауқылдасып тұрған қазақтардың бірі ат үстінен гүрс етіп құлап түсті. Таң атып қалған кез еді. Оққа ұшқан кісіні алдарына өңгеріп алған қазақтар: «Ойбай, бауырым» — деп дауыс қылып, әлдеқайда ызы-қиқы қым-қуыт жөнелді. Өздері сүйтіп жүріп, он жеті жылқы, үш түйені алдарына сап қуа кетуді ұмытпапты.

Ноябрьдің бесі күні Бөкенбай батырдың ұлысы жақын жерге көшіп қонды. Көштерін қондыра сала қасына немере інісі Құдайназарды ертіп Тевкелевтің қосына келді. Екі ескі көзтаным құшақтасып көрісті.

Бөкенбай:

— Қапа болма. Қасық қаным қалғанша өзім қорғаймын. Енді олар тиіп көрсін, — деді.

Тевкелев көзіне жас алардай болып алғыс айтып, қадірлі меймандарына тоқсан сомның дүниесін сыйға тартты.

Енді бұрынғыдай емес арқасы кеңінін деді. Бүгежектеп үйден шықпайтынды қойып қайтадан қарауыл төбенің басына шығып жан-жағына көз салатынды шығарды. Дала баяғыдағы бұл келгеніндей емес құлазиын депті. Тойған қозының бүйіріндей томпиған жалдардың бәрі сарғыш тартыпты. Күні кеше күнге шағылысып күлін-күлің етіп жататын күміс көлдер қарауытып көрінеді. Көл жағасындағы қалың құрақтың да базары тарайын деген бе, бұрынғы ызы-қиқы үндер естілмейді. Қарашаның да аяқталып қалғанын сездірейін деп терістіктен түстікке қарай үшкіл-үшкіл шеру тартып құстар ұша бастапты. Әнеукүнгі ақ жұмыртқа ауылдың киіздері ылғал тартып қоңыражайын депті. Күн ашылса болды, жұрт үйлерін қып-қызыл қып жалаңаштап киіз жамайды. Әйелдер топ-топ болып жиылып білектерін сыбанып ап шуылдасады да жүреді. Біреулері үйлерінің ық жағына екі ашаға ақ бақанды асып салып, үстіне жіпке тас байлап жыпырлатып іліп қойды: оған анадай жердегі Қара ойдағы еркектердің беліне орап-орап күрт-күрт тартып әкелетін құшақ-құшақ шиді бір талдап салып, әлгі жіп байлаған тастардың біреуін әрі, біреуін бері жып-жып алмастырып ши тоқиды. Қолдарына көз ілеспейді. Түске дейін бір құлаш шыптаны бір-ақ тоқып тастайды. Енді біреулері әлгіндей ши шыптаны төсеп тастап үстіне қап-қап жүн әкеліп жұқалап жая бастайды. Әбден жайып болғасын бірнешеуі бірнеше жерден тұрып алып сапты аяққа құйып әкелген суды ұрттап ап, алдарындағы бұрқырап жатқан мамық жүннің үстіне бүркіп шаша бастайды. Сосын әлгі шиді ішіндегі су бүрккен жүнмен қосып шиыршықтап орап екі-үш жерден арқан салып, екі жақтан екі топ болып тұрып алып, әрі-бері домалатып бағады. Бір уақытта домалатқандарын қоя қойып, ораулы шиді қайта жазады. Манағы бұрқырап жатқан жүн енді бір-бірімен ұстасып, талдырғыға айналыпты. Енді әйелдер оны бір шетінен шымырып бүктеп шиыршықтап орай бастайды. Ораған жерлерін жапа-тармағай жата қап шынтақтарымен жаныштап, тағы да орайды, тағы да орап, тағы да жаныштайды. Бір уақытта әбден шанышталып сілікпесі шыққан жүн киіз боп шығады. Киізді күн жаққа

апарып жайып қояды. Ауылдың тағы да бір жақ шетіне көзің түссе, тағы да сондай шуылдасып жатқан көп әйелді көресің. Сөйтсе, олар киізін сыпырып тастаған ашық керегеден шірене тартып арқан ширатып жатады. Кемпірлер жағы қолдары шошаңдап ұршық иіреді. Қыздары жағы алдарын қызылды-жасылды боялған жүнді шашып тастап ши орайды.

Күнде қарасаң, күнде көретінің осы. Шамасы, мынау аспандағы бұлтқа әкесіндей телмірген қазақтар қыс қамына кіріссе керек. Жат елдің ызғарына енді жат жердің қысының ызғары қосылмақ. Мынау бөтен өлкеде тап болатын суық күз бұларға қандай сый-сияпат тартпақ? Бұл алып келген ант қағазына анадағы жиырма тоғыз биден кейін бір тірі пенде қол тигізбепті. Сонда бұл ертең не істемекші? Мынау кежегелері кейін тартқан жұрттан біржола күдерін үзіп, қолда қалған азын-аулақ көлікке тақым артып түн жамылып тайып тұра ма... Өйткенде де мынау ұланғайыр далада шұбырып жүрген көшпенділер аман-есен жібере қояр дейсің бе? Жал аса бергенде жалпита бір соғып ауызыңды бақадай ашыратын болар. Тіпті ол қандыбалақтардан құтылып шыққан күннің өзінде қолын мұрнына тығып құр қол оралған жұтаяқ елшіні кім құшақ жайып қарсы ала қояр дейсің... Мынау ызғырық жел ескен ызғындай дала бұның талай бұралаңнан өткен бұралқы тағдырының жеткен жері, таусылар шегі болып жүрмесін! Бұл да сол баяғы Бекович-Черкасскийдің кебін киетін шығар. Оның қайта соңында жер қайысқан қалың қолы болды ғой. Ал бұл ше? Бұл оған қарағанда өз үйірінен адасып өзге үйірге қосылып кеткен қотыр тай сияқты іздеусіз-сұраусыз емес пе? Ондай құдай айдап келген олжа тайды мынау жан-жақтан жалақтап отырған қырық пышақ жұрт тірі де тегін қояр ма! Қуана-қуана жайратып тастайтын шығар...

Бұл өзі де бір кезде дәл мыналар сияқты қонарын жел, ұшарын сай біліп, беталды лағып жүрген көшпенді жұраттан шықса да, қазір мынау құла далада не істеп не қоярын білмей жападан-жалғыз құлазып тұр. Анадағы Уфаға кеткендерден де хабар жоқ. Олар, бірақ, жете қойды дейсің бе? Жолда кетіп бара жатқан шығар. Тек әйтеуір бір жерде қара сойыл барымташыларға қолды кетпей, аман-есен барса екен. Олар аман-есен жетсе, мына жақта қандай ала топалаңның болып жатқанын естісе, орыс әкімшілігі қарап отырар дейсің бе, бір

шарасын жасар. Тек соған дейін бұлар сайда саны, қырда ізі табылмай қырылып қалып жүрмесе! Қазіргі бар үміті әлгі Бөкенбайда. Үш күндік жерден ұлысын көшіріп әкелгеніне қарағанда, расында да жан аянбай қорғап бағар. Бірақ, ол неге бүйтеді? Жер түбіндегі патшадан пайда табам деп, іргесіндегі ағайын-жұртынан неге шығысады? Бәлкім, бұның бәрі әлгі әккі ханның бір арам есебінен тауып жүрген айла-шарғы ғана емес, қазақтардың біразының арғы пиғылында бар ортақ ниет шығар. Ендеше, олар неге анау күнгідей ашық тайталаста неге бой көрсетпейді? Тап бұл далада бірінен-бірі қорқып бүгежектеп отырған ешкім жоқ сияқты ғой. Бәрі өзіміздікі дұрыс деп өңмендеген өңшен бір қызыл көз сияқты ғой. Кісіні белден аттатар, кісі сөзін басынан асыртар сықпыттары көрінбейді. Ендеше, ақ патшаға бағынуға көңілі ауып тұратындардың да бары рас болса, олардың ауызына құм құйып тастайтын қайрат кім-кімде де жоқ сияқты. Әне әлгі жиырма тоғыз би ешкімге жалтақтамай қолдарын қойды емес пе! Былай қарасаң, бас қатырар түгі жоқ, бәрі белгілі, бәрі түсінікті жағдай сияқты. Ал, бірақ, білмеген жердің ой-шұқыры көп деген. Қазақтар бұл көріп жүрген жұрттардың ешқайсысына ұқсамайды. Шеттерінен тәкаппар, қараң түгілі ханыңның бетінен тырнап, шабалаңдап жатқаны. Шынында да, бұлардың ханының тек хан деген атынан басқа ештеңесі жоқ сияқты. Ендеше, бұларға хан неге керек? Ханның да қит етсе, Бөкенбайға елші шаптырғанына қарағанда, бұл елде ықпалыңды өткізу үшін ақ сүйек болуың, төре болуың шарт бола қоймас. Дәулетің мен күшің асып жатса, ханды да жалтақтатып қояр түрің бар секілді. Сонда, бұлардың Бөкенбай сияқты кімдері бар екен? «Ықпалды билердің ауызын алсақ, қалғандары өздері-ақ еріп кетеді», — деп Әбілқайыр зар қақсайды. Бірақ, судан шыққан суыр құсап жымпиып отырған сол немеге бұл сене алмай-ақ келеді. Әуелі ыңғайын біл, теріс емес сияқты болса, сый-сияпат тартып, құрметтеп бақ деудің орнына әуелі тарту-таралғы тартып, ауызын алып ал, қалауыңды сосын айт дейді. Патша ұлықтары соқыр тиынына дейін санап беріп, ертең ежіктеп есебін сұрайтын қып-қызыл дүниені қырық пышақ қызыл-көз қазақтардың көңілін аулаймын деп бостан-босқа желге шашып жіберсе, Мәскеуге не бетімен барады? Не де

болса, бұларын қызыл көрсе, кенедей жабысатын дүниеқор халық екені рас болды.

Қарашаның қара суығының алдын алып үйреншікті күйбеңмен жатқан күздігүнгі ауылға қарап тұрып қай-қайдағы ойлардың соңына түсіп лағып кеткен елшінің қасына Таймас келіп тамағын кенеп қойды.

— Елші мырза, — деді. — Жүріңіз, қонақтар келді.

— А! Не дейсің? — деді Тевкелев ұйқыдан оянғандай.

Үйіне оралса — қақ төрде Әбілқайыр отыр. Оң қолында — Бөкенбай мен Құдайназар. Сол қолында — бұрын бұл көре қоймаған еңгезердей-еңгезердей үш кісі. Бәрі де ала көз, дөң мұрын, түріңкі ерін. Ағайынды кісілер екендері бірден көрініп тұр. Ханға таман отырғанды Қара батыр деп таныстырды. Қалған екеуінің есімін естігенмен құлағында қалмады. Әйтеуір, Қара батырдың інілері екенін ұқты. Олар асықпай отырып түстік жеді.

Әбілқайыр үндеген жоқ. Ал, Бөкенбай ішінен бұрыш қосып, қант қосып пісірген кеудірек тәтті нанды қатырлата шайнап:

— Орысыңның да қолынан келмейтін нәрсе аз білем, — деп қояды.

Ал, өз шоғы өзінде, бұрқырап самауыр келгенде, хан шыдай алмай:

— Мәмбет мырза, мынауыңды ертең еліңе қайтарда бізге тастап кетерсің, көзіңдей көріп ұстап жүрейік, — деді.

Сары самауырдың қою шайы сіңген сайын қазақтардың тілі ағытыла түсті. Олардың тілі ағытыла түскен сайын Тевкелевтің де арқасы кеңі түсті.

Меймандар оған:

— Біздің жұртымыз әлі де бала мінезді. Қапелімде, дұрыс пен бұрысты бірден ұға алмай, біраз дүрлігіп барып жөнге түсетін әуелден де әдеті. Сол әдетінен де талайларға есесі кетіп жүр. Құдай әрқайсысының аз күндік нәсібесі мен аз күндік мәпақасын өз үй, өз іргесіне иіріп қойғасын, былайғының ақылына құлақ аса қоймай, өзі қожа болып қалған немелер ғой. Бірден ығымызға жығыла салмайды деп мұқамайық. Аңысын аңдап, ақылмен іс қылайық. Бала мінезді жұрт ақырғаннан гөрі алдағанға оңай түседі. Тәтті сөз, жылы қабаққа салмақты салыңқырайық. Ал, біз болсақ, әрқашан қасыңнан табылып, сөзіңді сөйлеп, сойылыңды соғамыз. Ауызымыз бір, амалымыз ортақ болса, қазір шідеріне

қол апартпай шіреніп тұрған тентектердің ертең өздері-ақ илігеді. Соны айтқалы келдік. Біздің жұртымыздан күдерін үзбесін деп келдік, — деді.

Оған Тевкелев:

— Мен өздеріңнің өтініштерің бойынша келдім. Өз еркімен патшаға бағынам деп келген кісі болса, бетінен қақпаймын. Оның ықыласы мен еңбегі ұлы мәртебелі әм шарапатты ақ патшаның мейір-пейілінен қағыс қалмайды. Ал, енді көнбеймін де, көрмеймін де дейтіндер болса, оларға соңдарынан екі етек боп жүгіріп, жалынып-жалпайып жүрер жәйім жоқ, — деді.

Аз-маз үнсіздіктен кейін Әбілқайыр тіл қатты:

— Елшілікті шақырған мен екенімді ешкімнен жасырған жоқпын. Бірақ елге шарапаты, шапағаты тиеді деп шақырдым. Ол үшін өкінбеймін. Қалған қазақтың бәрі менен теріс айналып кетсе де, алған бетімнен қайтпаймын. Қазір кеп, мойыныма ала арқан салып, жанымды алатын болса да, осы айтқаным айтқан.

Тевкелев ханның соңғы сөзін естіп орнынан тұрды. Сыңғырауық сандықты ашып, ішінен құндыз тон, құндыз бөрік, қылыш суырды. Сосын Әбілқайырдың алдына кеп:

— Бұны ұлы мәртебелі патша ағзам Анна Иоан қызы саған өзінің ұлы императорға лайық шапағатты қолынан көрсеткен қызметіңіз бен артқан сеніміңіз үшін аса зор ризашылықпен ұсынады, — деді.

Хан орнынан түрегеліп құндыз тонды иығына жамылды. Құндыз бөрікті басына киді. Күміс қынап алмасты беліне іліп:

— Алдияр тақсыр патша ағзамға алланың нұры жаусын! Басым жерге жеткенше риза боп өтемін, — деді.

Серіктері орындарынан түрегеліп ханға құтты болсын айтты. Меймандар көңілдене күлісіп шығып кетті. Көп ұзамай Бөкенбай қайтып келді.

— Ханның әлгі айтқандары дұрыс. Шалқайғандармен шалқайыса бермеу керек. Олар қайбір ақылы жеткеннен істеп жүр дейсің. Ақылсыз бен ақылсыз болғаннан ақылды ұтылмаса, ақымақ ұтылмайды. Әуелі жылы сөйлеп беттерін бері қаратуға тырысып бағайық. Болмай бара жатса, басқа амалын қарастырармыз, — деді.

— Оны енді өздеріңіз білесіз ғой, — деді Тевкелев.

Бөкенбайды хан әдейі қайта жұмсап отырғанын ұқты. Әлгінде өзі түгел айта алмай кеткен сөзін батырдың ауызымен қайталап пысықтатып отыр.

Тевкелев Бөкенбайды шығарып салып тұрып, хан орда жаққа қарап басын шайқады. «Мына даланың бар жұмбағын шамалыда шешіп тауыса алмассың».

Дегенмен, ол күні Тевкелев жастыққа басы тиген бойда қор етіп ұйықтап кетті.

Ал Әбілқайыр қырық төңбекшіп көзін жұма алмады. Ақ патшаның жіберген сиының бәрі қақ төрде, адал бақанға ілулі. Бірақ, келіп, көріп, қызықтап жатқан ешкім жоқ. Пәлен уақыттан бері бола ма, болмай ма деген оқиға болып, келе ме, келмей ме деген қонағы келіп, дегеніне жетіп отырса да, осы өткен айдың ішінде көңілі бір селт еткен емес. Мана ақ патшаның жіберген сый-сияпатын киіп тұрғанда да, әншейінде өрекіп, ауызына келіп тығылатын жүрегі бүлк етпестен жатып алды. Қайта көңіліне қаяу түсті. Мына қазақ менің қай дәуірлегеніме де қуанбай, бәрінің артын қой болдыға айналдырып жіберді де отырды-ау деп ойлады. Ордабасындағы жиын көрген түстей, мәңгінің қиялындай болып ол өшті. Аңырақайдағы жеңіс арты төбелеске айналған тойдай тырым-тырағайлап бұл бітті. Енді, міне, ауылыма ақ патшадан елші түсіріп айбынымды асырам ба деп едім, бұ да жетім қыздың тойындай іри-тіри боп барады. Билер, ең болмаса, алыстан келе жатқан сый мейманның алдынан шығып қарсы алуға жарамай, ауыл-ауылдарында бұғып-бұғып жатып алды. Төре тұқымы төбе көрсетпей қойды. Ондағы ойлары да мынау жер түбінен келген елшінің алдында мұны жансыз-жақсыз, халық тарапынан ешқандай қолдау таппайтын беделсіз, ақ патшаға жұртпен ақылдаспай өтірік уәде беріп, ыңғайсыз шаруаға ұрындырып отырған пәтуасыз суайт біреу қылып көрсету. Соның бәрін көріп отырып ол баяғы ескі досы айладан басқа одақтас таба алмады. Жарайды, ақ патшаның елшісін алдынан Нұралыны, Ералыны, Бөкенбайды, Есетті жер қайысқан қалың нөкермен шығарып қарсылап-ақ алсын делік. Бірақ, артынан ол елші ордаға келгесін ханның айналасының ақ тақыр екенін бәрібір көреді ғой. Одан да елші алдында не күтіп тұрғанын ептеп-септеп сезе берсін деп Нұралыны аз нөкермен шығарды. Бөкенбай мен Есетті жақын жерге көшіріп алмай, әдейі өз қоныстарына отырғызып қойды. Егер әуелден басы бірігіп жүретін бұл жолы да жұбы жазылмай отырғанын көрсе, қалған шонжарлар илікпей

шалқайып кетер деп, оларға аңыс аңдатып қойды. Мүмкіндігінше басқалардың ауызымен сөйлеп, басқалардың қолымен әрекет қылуға тырысты. Сондағы тапқаны Батыр болды. Ақ патшадан елші келе жатыр дегелі ат ізін салмай, тым-тырыс жатып алған күйеу баласының өзінен хабар тосып біраз жатты. Бірақ, оның өз аяғынан келмесіне әбден көзі жеткесін Нияз сұлтанды жұмсады. Қанша дегенмен қайын атасы ғой, бір иліксе, соған илігер деп ойлады. Иліккенде де Ниязды сыйлағаннан емес, ертең ақ патшаның алдында бедел алып қалу керек екендігін түсініп илігер деп ойлады. «Петр патшамен хат жазысқан Қайып ханның баласысың. Орыс үкіметі сенің әкенді жақсы біледі. Ертең елшінің алдынан қарауыңдағы билеріңді ертіп Нұралы екеуіңнің шыққандарың жөн шығар», — деп сәлем айтып жіберді. Батыр сұлтан арада Ниязға тіс жарып ешқандай жауап бермеді. Бірақ, Нұралы елшінің алдынан енді аттанғалы отырғанда, оның да қарасы көрінді. Шамасы, ақ патшаның елшісі келгенде, қайнағасымен иық тіресіп қатар отырып келіссөз жүргізетін болармын деп дәметкен шығар. Оған Тевкелевтің тек Нұралы сұлтанмен ғана амандасып, оны қалған ру басыларымен бірдей санап,, салғырт бас изей салғаны себепші болған сияқты. Елшінің керенау сәлемінен орнаған сәлдекендей зіл елге жеткенше әбден Қап тауындай қағынды өкпеге айналыпты. Ол өкпесін, әрине, орыс елшісіне емес, қайын ағасы Әбілқайырға бағыштады. Оның қабағына орнаған ренішті қасындағылар да айтпай түсінді. Әрқайсысы дербес ықылас дәметіп барған билер күйме мініп кекірейген ұлықтың шыбандаған жылқыдай бір бас изей салғанына қайдан қанағат қыла қойсын! Оны орыс елшісінің білместігі деп түсінген жоқ, Әбілқайырдың әдейі істеп отырған астамшылығы деп ұқты. Уфада жатқан елшіге үсті-үстіне хат жазып, хабаршы жөнелткенде қол астындағы ұлыстың жақсысы мен жайсаңын неге алдын ала хабардар қып, алдын ала ескертіп қоймады. Бұның бәрін былайғыны кемсітіп, өзінің ғана басын оздыру үшін әдейі істеліп отырған сасық қулық деп санады. Бозбала сұлтан сары ала күймеге кіріп кеткесін:

— Мына Өсеке балаларының да көздерінің еті өсейін депті-ау, — деп күбір ете қалысты.

Онсыз да лапылдай ала жөнелгелі тұрған қау шөпке сол бір әлсіз тамызықтың өзі-ақ жеткілікті еді. Ырғыз

жағасында тұтанған от Маңтөбеге келгеде гүр ете қалар өртке айналған-ды. Елшіні арнайы тігілген ақ отауға кіргізе сала бәрі дүр көтеріліп, хан ордаға келді. Өрт сөндіргендей қабырытып кірді.

— Ал, жолаушыларыңыз қалай жетіпті? — деп хабар сұраған ханға да:

— Жетті ғой! — деп кіржің ете қалысты.

Әккі хан әрі қарай сұрақ қойса, істі насырға шаптырып алатынын бірден ұқты да, үндемеді.

Сол екі ортада билер:

— Өздері елші емес, бүтін бір бексауытты қол ғой. Әлгі ноғайы да мәмлегер елшіден гөрі үйірге енді түскен сәуірік айғырға көбірек ұқсайды. Шікірейіп кісіге көзі түспейді. Ел бар, жұрт бар деген ойында да жоқ. Ханзададан басқамызға пысқырмайды да. Ал, ханзаданы да іргелі елдің сұлтаны көріп, терезесін тең санамады. Құдды елші емес, ақ патшаның өзі құсап арқасынан қақты. Ақ патша ондайды басыбайлы боданына істер. Ал, біз, құдайға шүкір өз тізгініміз өзіміздегі басы еркін жұртпыз ғой, — деп салды.

Хан:

— Біздің еліміздің әдет-ғұрпынан бейхабарлықтан кеткен ағаттық шығар. Сыпайылап есіне салармыз, — дей беріп еді, күжілдеген билер жолын кескестеді.

— Жоқ, оған кімнің-кім екенін білгізу керек. Аяғын тарта жүретін болсын. Тақсыр хан, онымен біз жоқ жерде кездесіп, келіссөз жүргізуіңзге рұқсатымыз жоқ. Қандай әңгіме болса да біздің көзімізше айтылуы керек. Сондақтан ол мырзаны қай күні қабылдайтынымызды ақылдасып-кеңесіп өзіміз айтамыз.

Әбілқайыр билерден басқаны күтсе де, тап бұны күтпеп еді. Мына ақылдың кімнен шыққанын біле алмай дал болды. Жиырма тоғыз бидің қамшыларын ортаға тастап қойған шарты әлгі. Бәрін естіп отырған Батыр ләмим үндеген жоқ.

— Айтқандарың болсын, — деді Әбілқайыр онсыз да қиуы қашқан әңгімені одан әрі ұшықтырғысы келмей.

Билер бір шаруа бітіргендей көздері жылтылдап көңілді кетті. Әсіресе, есікке қапталып тұрып алған Батырдың жалпақ жауырыны көз алдында. Күйеу баласының бірдеңеге әбден разы болғанда не ойындағысы орындалып, көңілін бірлегенде осылай екі иығын қомдап, онсыз да көлкөсір жауырыны одан сайын далиып кетуші еді. Демек, ол бұл жолы да әлденеге

әбден разы болып, бұл жолы да ойындағысын орындап көңілін бірлеп бара жатқаны ғой. Демек, әлгі билерді осынша сұңқылдатып отырған да сол болғаны ғой. Иә, оның бұл жолы айызы әбден қанып барады. Өткен жолы Аңырақай соғысында хан оның да сөзін жоққа шығарып келеке қылған. Намысқой сұлтан соған ерегесіп өршелене соғысып көзге түскен. Бірақ, бас қолбасшының қарайған жұрттың көзінше ештеңені біліп жарытпайтын маубас біреудей тойтарып тастағанын ол өлсе де кешіре алмақшы емес. Аңырақай шайқасынан ол өз қолымен бөлек қайтты. Кейінгі кезде Орта жүздегі қандастарымен көбірек араласып-құраласып жүргенін естіген. Әбілқайыр кеше оны елшінің алдынан шығарғанда да баққұмар сұлтан әкесі Қайыптың баяғыдағы орыстармен көже тамырлығы есіне түсіп, бұл шаруаға елігіп, белсене кірісер деп, өйтпесе кейінгі кезде қайтадан ауыз жаласып жүрген өз қандастарымен екі араларына қайтадан сына қағылар деп әдейі істеп еді. Елші ноғайдың ноғайлығы ол ойының быт-шытын шығарды. Енді, міне, ол бұнда көптен кетіп жүрген есесін қайтарып мәз боп барады. Даңғой мақтаншақ неме осы отырғызғанына қанағат қылып, осынысымен тоқтаса да шүкірлік. Әй, бірақ тоқтай қояр дейсің бе... Қымызға өкпелеген қазақтың өзі жыл он екі ай тоңторыс жүрмей қабағын жылытпайды. Бұның да бұл кергуі біразға созылатын шығар. Бірақ сол тасырлап жүріп, таңқылдап сөйлегеннен басқаға зердесі жетпейтін таңқы көкірек неме кергігенде не бітіре қояр дейсің... Жә, оны ит біліп пе? Одан бүгінгі мына сұмдықты күткен кім бар еді? Біреудің қолын кескестеп кесір тигізуге көп ақылдың қажеті қанша? Ондай азғын ақыл Батырдың өзінен де табылмас. Бірақ, Батырдың бүгінгі істеп кеткенін ондай арзан құлыққа жатқызуға бола ма? Жер түбінен өліп-талып енді жетіп отырған елшімен өзімізден хабар болмай кездеспейсің де, сөйлеспейсің де дегені тап онша анау айтқан таңқы құлық емес. Жат жұрттық елші кімнің кім екенін әу бастан біліп, аяғын тарта жүрсін деген салқын сөздің бар ызғары, түптеп келгенде, бұған, Әбілқайырға бағышталған. Сенің біздің ықтиярымызсыз елші шығаруға да, келіссөз жүргізуге де қақың жоқ дегені. Елшіні біздің ықтиярымызбен шақырғансың, енді онымен келіссөзді де біз жүргіземіз дегендері. Қандай әңгіме болса да, біздің көзімізше айтылсын дегені — бұның ақ патшаға айтып жіберген сәлемінің мазмұнына

күмандана бастағаны. Елші Нұралымен терезесі тең мәмлегерлікке келген кісіше амандаспай, болары болып, бояуы сіңіп қойған боданындай амандасты дегені де, бұның арғы ойын анық түсіне қоймағандарымен, секем ала бастағандарын аңғартады. Бәрінен де өзі сөйлемей, билерді сөйлеткені Әбілқайырдың жанына қатты батып барады. Бір кезде Тәуке бәсекелестеріне әкелері Есім хан мен салқам Жәңгірдің абыройымен қоса билердің сөзінің дауасын қару қылып пайдаланғаны сияқты Әбілқайыр да мынау екіталай жылдарда өзіне жылы қабақ таныта қоймаған арқар ұрандының қысастығына алаш ұрандының мақұлдастығын қарсы қойып келе жатыр еді. Сондықтан да ол алаш ұрандының еті пысықтарының абыройын асырып бағуға тырысатын-ды. Қазір алдына бес жүз бас пысқырып түскен шаруаның бәрін бай атандырып, бес ауылдың басын құрап, сөзін ұстанған кісінің бәрін би атандырып, жүз қара сойылды соңына ертіп шыға алғандардың бәрін батыр атандырып, талай май тымақтан көзін жерге түспестей қылып еді. Онысына Жәдік тұқымы қаралай ыза боп, «қарашымен қарашы боп кеткен хансымақ» деп кекететін. Не істесе де, безбеннің басын билер мен батырларға аударып, солардың сөзін сөз қылып шыға келетін. Бұл жолы да ол әлі көзі көрмей тұрса, айдаладағы ақ патшаға өр еркімізбен бағынайық десем, мақұлдай қоймас, бірақ қақырайтып елшісін жіберіп, сый-сияпатын беріп жатса, кісілікке қолы енді жетіп жүрген немелер соның өзіне-ақ қаралай мәз болып, дегенімен шыға қоймас деп жүр еді. Мынау таңқ-таңқ сөйлейтін тасыр сұлтанның алдын орап кетіп, сол өз қаруын өзіне қарсы салып отырғаны. Бұл оның күтпеген сұмдығы еді. Жәдік тұқымы билерді өз жағына тап бұлай оңай шығарып ала қояр деп ойламап еді. Мұндай ақыл бұл тасырға қайдан бітіп жүр?! Осының бәрі, шынында да, содан шығып жүрген шаруа ма?

Әбілқайыр осыны ойлап жегені желім болды. Жарайды, енді-енді қатарға іліккен немелердің соншама баққұмар, соншама атаққұмар, соншама намысқой, соншама кіді келетін әдеттері. Батыр сұлтан елшінің әлгіндей білместігін пайдаланып, шамшыл немелердің шабынан түртіп, әлгіндей сөйлетсін делік. Сосын не істей алады? Елші мен бұл ондай кер ауыз кергімелерді ақ патшаның сарайынан жіберілген тарту-таралғылар беріп әлгі райларынан қайтара алады, ал Батыр сұлтан

сонда оларды немен алдарқатып, немен ұстап тұрмақшы? Әбілқайыр әлгі бір өз буларына өзі пісіп бара жатқан немелердің олқы жерін енді тапқандай масаттанып қалған-ды. Жиырма тоғыз бидің тиырымына қарамай елшімен астыртын кездесуге бел буған. Оған ішіне құлта сақтамай ашық сөйлескен. Онысы елші мынау бейтаныс өлкенің шын жағдайынан мейлінше толық хабардар болса, бұның айтқанына бірден құлақ асып, тізе қосысып әрекет қылар деген ой еді. Бірақ, шығыс жұрттарының мінез-құлқын мейлінше жақсы біледі дейтін тілмаш мырза әп дегеннен сыр беріп алды. Бір тізгін, бір ноқтадан қашып, бет-бетіне кісімсіп жүрген кергіме халықтың алдында кекірейіп сөйлеп жындарын келтірді. Қошамет құмар, сый-сияпат десе әкесінің атын ұмытып қала жаздайтын мақтаншақ халықтың қақ ортасына қызылды-жасыл қыруар дүниемен келіп отырып, тиын санап іштарлық жасады. Қазақтың сый-сияпатқа әуестігін мақтанқұмарлық деп ұқпай малқұмарлық, дүниеқұмарлық деп ұқты. Дүниеқұмардың аларын алып, дегеніне жеткесін де танымай кететінін жақсы білетін елші мақтанқұмар кісілердің жұрт алдында басын оздырып, мәртебесін асырған сәл қылығына бола астындағы атын түсіп беріп, айтқанына екі етпейтін мәрттігінен атымен бейхабар боп шықты. Тиын санап қалған елшінің мынау орынсыз сараңдығы күні кеше ақ патшаның елшісінен қошамет көреміз деп тамағы ісіп отырған игі-жақсылардың өкпе-бопсасын бірте-бірте нағыз өшпенділікке айналдырды. Астамсыған елшінің қолынан бермегенін жолынан аламыз деген жаубасарлық көбейді. Бірақ, әзір қайрат көрсетіп жатқандар тек ру басы билер ғана. Төрелер мен сұлтандардан хабар жоқ, тым-тырыс. Олардың не ойлағандары бар? Ол арасы бұған жұмбақ. Орысқа бағынбаймыз деп туласа қарашылар тулар. Бірақ, мынау екі оттың ортасында қалып, өз жұртының алдында абыройдан әбден айырылып болуға айналған төре тұқымының қарсы болуы мүмкін бе? Жоқ, мүмкін емес. Орыс патшасымен ауыз жаласуды әуелден де қазақтың қарашасының ойлап шығарған ештеңесі жоқ, төрелері ойлап шығарған-ды. Олардың қай-қайсысының да ындынын құртып жүрген нәрсеге Әбілқайырдың қолы бұрын жетіп қоя ма деген қорқыныш қана оларды мынау қыңыр билердің одақтасы қылып отыр. Орыс елшісі Әбілқайырдың ауылына түспей, олардың

ауылына түссе, тастай қатпағанын көрер едің! Олар қазір орыс елшісін Әбілқайырдың ұлысынан басымен қайғы ғып бездіріп алып, артынан өлім аузынан әзер құтылған елшіге жақсылық жасаған боп, алдияр патшаның шарапатына өздері ие бола қойғысы кеп құлқындары құрып жүрген шығар. Ендеше, ол найсаптардың бұл арам пиғылдарын қайткенде жүзеге асыртқызбайды?

Әбілқайырдың басына ендігі туып тұрған қарлы Қаратау мәселе сол. Ол үшін, әлі де болса, өз құйрығын өзі теуіп тулап жүрген асау билерді жылы-жылы сөйлеп райдан қайтарып көрейік деп елшіге барып еді, Бөкенбай болып, Қара батыр болып қанша айтса да, ол неменің сол баяғы кергіген қалпы. Екі арба қоқыр-соқырын жұмыртқа басқан тауықтай бауырына басып алып: «Ант беруге келген кісі болса, сый-сияпат тартуға мен дайынмын, ал шалқайған кісіге мен де шалқайдым», — деп шақ-шақ етеді. Манағы елшінің үйінен түстеніп шыққасын да бұлар біраз кеңескен. Елші бұрынғы райынан қайта қояды деген дәмеден Әбілқайыр күдерін біржола үзіп шыққанмен, Бөкенбай әлі үзбепті. Тағы да барып айтам, алдынан өтем деп тағы да кеткен. Бірақ, не шығара қойды дейсің. Егер бір беткей сыңаржақ елші дегенге бұл жолы да иліктіре алмайтын болса, онда басқа бір амалдар қарастыруға тура келеді. Ондай ой анада Тевкелевпен жыңғыл арасында кездескенде-ақ басына келіп еді. Бірақ, аңысын аңдай тұрайық деп ойлаған. Бақташы жігіттері Баймұрат бидің екі көз баушы ұрысын ұстап әкелгенде бұл жағынан қуанған. Кекірейген елшінің зәресін бір алса, кеудесінен ешкімді аттап өткізе қоймайтын осы асау би алар деп, екі тұтқынның аяқ-қолына кісен салып, ауылдарына астыртын хабар бергізген-ді. Дүлей неме орыс елшісінің ғана емес өзінің де шаңырағын ортасына түсіріп кете жаздады. Соны естіген шектінің қызыл шеке, қызыл көзі Бәби бидің жігіттерінің киген кебі анау. Бірақ бұл жолы орыс елшілігінің басына, шыннан да, үлкен зобалаң туды. Кикілжіңге қан араласқасын-ақ, істің арты насырға шабары белгілі емес пе? «Қанша өр, қанша асау болса да, бір иліксе, илігер тұсы осы ғой», — деп ауыз-ләмін байқайын деп барғандағы көргендері манағы. Қыр тұрмысының қиырман-шиырмандарынан атымен бейхабар елші біреу иегінің астына темір қазық қағып қойғандай әлі кекірейіп отыр. Әумесер топ ат

қызуымен елшінің басына қауып төндірсе де — сазға отырып қалатын Әбілқайыр. Олардың ар жағында жел беріп тұрған жымысқы топ, айлаларын өзгертіп, Кіші жүзге кім түртті бола бастаған орыс елшісіне қол ұшын беріп, өз жақтарына шығарып алса да — сазға отырып қалатын Әбілқайыр. Сондықтанда оған істі бұлай сөз бұйдаға сала бермей, бір нәрсеге белді бекем бууға тура келеді. Оның алдында, бірақ Тевкелевке тағы бір барып жолығып шығуы керек. Бұл жолы оған бұрынғы айтып жүргендерін айтпайды.

Ол күні Әбілқайыр көрер таңды көзімен атқызды. Ертеңіне түс қайта Тевкелевке қайта барды. Күн батқанша әр нәрсені бір әңгіме қылып отырып, кенет:

— Мәмбет мырза, мынау қиқар жұрт менің айтқанымды тыңдамай, ақ патшаға бағынбай қойып жүрсе, онда нұр сипатты падиша мені өз қамқорлығына алып, мынау бөрідей талағалы тұрған тағы жұрттан қорғай ала ма, оларды сөзбен иліктіре алмасам, күшпен иліктіруге әскер бере ме? — деп сұрады.

Тевкелев шоқ басқандай кілт тынып қалды. Бірақ көп ойланып жатпастан:

— Әрине. Ақ патша өзіне сенім артқан қай үмбетін де тағдырдың тәлкегіне тастамайды. Өзіңізді де, үрім-бұтағыңызды да мейірбанды падиша өз қамқорлығына алады, — деді.

Әбілқайыр «мына сығыр алдарқатып отырған жоқ па» дегендей елшінің бетіне тағы да көз жүгіртіп еді. Тевкелев оның жүзіне тайсалмай тура қарады.

— Бұл жайында маған ақ патшаның арнайы айтқан тапсырмасы бар. Ханның өз тарапынан қояр шарттары болса, айтсын, қысылмасын деген. Ол шалғай шеттегі билеушілердің қай-қайсысына да қалаған кезде әскери көмек бере алады.

Әбілқайырдың сұп-сұр жүзі мына сөзді естігенде біртүрлі лып-лып қан ойнап нұрланып кеткендей болды.

— Ендеше, ақ патшаның жолында жаным пида. Өзім не болсам, ол болайын. Әйтеуір, артымдағы ұрпағым қорлық көрмесе болғаны! — деді.

Тевкелев ханның мына сөзін естігенде әуелі елп етіп қуана түсті де, артынша көгілдір көзінде жылт ете қалған от лезде сөніп, орынына әлдеқандай бір тымырсық уайым тұнып шыға келгендей болды. Шамасы: «Мына ханның сонда өз халқынан күдерін біржолата үзгені ме, ендеше менің күнім не болмақ?» —

деп ойлап отырған тәрізді. Ойласа, ойласын... Бұған да керегі сол еді.

Ертеңіне таң атар-атпаста ақ жұмыртқадай тізіліп отырған ханның ауылы үйлерін жыға бастады. Есік алдында қаз-қатар шөгіп жатқан кәтепті қара нарлар мен жазылы сары атандарға жүк артыла бастады. Ұйқысынан енді оянған елші бұны көріп қатты таңырқаса керек, үйінің күн жағында бұлай қарай телміре қарап көп тұрды.

Әбілқайыр оған Байбекті жұмсады;— Бар, анау елшіге айт. Үйін жығып, жүгін тиесін. Бірге көшеміз, — деді.

Содан мынау жүзген мен сексеуіл өскен қара бұйрат құмдарды белуардан кешіп түстікке тартқан ала шұбар көш қайтқан құстай тізіліп мігірсіз шеру тартқалы бірнеше күн өтті.

Көстеңдей басып көсіле аяндаған ұзын сирақ қара нарлардың ізімен келе жатқан сары ала күйменің қиқалаң жүрісі Тевкелевтің әбден ит зықысын кетірді. Бірінен ассаң, бірі қарауытып тұрып алатын дөңкиген бұйрат жалдардың да шамалыда таусыла қоятын түрлері көрінбейді.

Бұл жақтың құмы Тевкелевтің бұрынғы көрген құмдарына атымен ұқсамайды екен. Тыр жалаңаш еспе қызыл шағыл жоқ. Дөңесі — майқара жусан мен қара шағыр қалың өскен бұйрат жалдар да, еңісі — ну жыныс тоғай. Оқтың-оқтың сексеуілден өріп шеген салған құдықтар кездеседі. Суыр көш оларға да тоқтап жарымайды. Бір астау су бір-ақ сыйып кететін көп қауғамен су тартып, түйелерді сырп-сырп суарып алады да, тағы да ілгері тартады.

Хан қасына бір топ салт атты ертіп анадай жерде оқшау кетіп барады. Алдарынан жүзген, сексеуіл, шағыр қалың өскен қара түйелер кезіккенде бірнеше жігіт қатар тұра қап көнек даңғырлатады. Қара түлейдің ішінде қаптап жүрген аң біткен безіп шығады. Қолына қаршыға ұстаған саятшылардың, садақтарын кере тартқан мергендердің құдайлары береді де қалады. Хан төңірегі соған мәз бе, әлде көңілдерінің басқа да бір желігі бар ма — жыртақтап көп күле береді. Тек Әбілқайыр ғана үнсіз. Оның анау жанынан қалмай тырағайлап шауып бара жатқан жандайшаптарының неге көңілді екенінде, сол жыртақтаған көп жандайшаптың

орталарында қақырайып келе жатқан ханның неге көңілсіз екендігінде ешқандай шаруасы жоқ сияқты. Әркім өзімен-өзі.

Әсіресе көш қапталында бір бөлек келе жатқан орыс елшісінің қабағы қатыңқы. Онсыз да аяқ қолы бір тұтам тығыншықтай кісі абажадай кең күйменің бір бұрышында бүрісе қапты. Айналасына қарай-қарай әбден мезі болғандай, борпылдақ құмақ жолға малтыға жорғалаған қос торының ақ сабын боп терлеген сауырына тесіле қапты. Мынау пәлен күнгі жайсыз жүрістен әбден мәңгіріп қалғанға ұқсайды. Тек жартылай жұмық көзінің бір қиығында қашқан түлкідей тығылып жатқан көкшіл жылт қана мынау арбаның жүрісіне былқ-сылқ ырғалып келе жатқан болбыр дененің әлдебір жерінде әлдебір тіршілік нышаны бар екенін сездіргендей. Көзінің жауын қамап алған қоянның жымындай көк шиыр осынау үн-түнсіз кісінің көкірегін торлап жатқан көп уайымның ізіндей.

Уайымдамай да қайтсын. Ар жағында не жатқаны белгісіз, қараған сайын жігеріңді құм қылатын мына бір бытқылдың шамалыда таусыла қояр түрі көрінбейді. Ол таусылғанмен, бұл мұратына жете қоя ма? Алдында қандай күннің күтіп тұрғанын кім біліпті? Хан: «Көш! деді — көшті. «Ер!» деді — ерді. Қайда келе жатыр, неге келе жатыр? Түсінсе бұйырмасын! Оны келіп түсіндіріп жатқан хан жоқ.

Құйрық жалы шұбалған сары аттың үстінде сазарып кетіп барады. Тұмшаланған сары күйменің ішінде тұнжырап бұл келе жатыр. Құдай салды, біз көндікпен әлі келеді. Көнбегенде қайтеді. Аюдай ақырған ақ патшаның ақжолтай елшісі екеніңді кім құлағына қыстырып жатыр! Енді анау алдында кетіп бара жатқан сыз қабақ, сұр кісінің етегінен тас қып ұстап алмаса, күні қараң... Соны біле ме, хан үндемейді. Мынау шетсіз-шексіз құмды өлкеге сүйрей жөнелуге не себеп болғанын да айтқан жоқ. Ал, бұл бетімен қалған қазақтардан алыс кеткенде келген шаруасының не күйге ұшырайтынын да ақылдасқан жоқ.

Не ренжірін, не қорқарын, не өкпелерін біле алмай пұшайман болып Тевкелев келеді. Ана жақта, жау да болса, ызғындай ел-жұрттың көз алдында еді. Біреуі болмаса, біреуі хабарын жеткізер еді. Ал, мынау тау-тау шағылдың арасында оның не күйге ұшырағанын кім естіп, кім көреді? Уфа болса, бір жақта бұру қалды. Одан

барған сайын алыстап барады. Алдында баяғы Бековичтің түбіне жететін Хиуа көп онша қашық емес дейді. Сонда мынау ішінде ит өліп жатса да байқатпайтын сыз қабақ хан елші боп келген бұны оп-оңай тұтқынға айналдырып алғаннан сау ма? Соңында қарайған адам бар? Жоқты бардай, барды дардай қылып ақ патшаны алдап, жер түбінен елші шақырып, әуре-сарсаңға салып жүрген су аяқ неме, кім біліпті, артындағы екі арба толы дүние-мүлікті былай қойғанда, қасындағы солдаттары мен башқұрттарын әлгі Хиуаға апарып сатып жіберсе, не істей аласың? Сосын ақ патшаңмен ат құйрығын үзіседі де, Персияға ма, Ауғанға ма, Индияға ма бодан бола салады. Бұларға кімге бодан болғанда не? Мынау құлазыған қу далаға кеп, кім бұлардың бастарына ноқта, аяқтарына тұсау сала алады? Ондай қолынан келсе тек Жоңғарияның ғана қолынан келер еді. Соны біліп те, бұлар одан зыр-зыр қашып жүр ғой!

Тевкелев пәлен күннен бері осыны ойлап уәйімнің ұшы-қиырына жете алмай қойды.

Ал, Әбілқайырдың онымен еш шаруасы жоқ. Әне, мұның жүрегін зырқ еткізіп, тағы да бір айғыр жал қызыл шағылдың құйрығына ілікті.

Бұл мынау түсініксіз сапардың таусылатынынан әбден күдерін үзіп көзін тарс жұмып алды. Көз алдына сол бұйрат-бұйрат шағылдар, бытқыл-бытқыл ну жыныс, көсіле аяңдаған қу аяқ түйелер, көнек сабалаған саятшы жігіттер, сары аттың үстінде сазара шаншылған хан мен екі жегін торының терге малшынған су-су сауырлары елестеді. Ол үшін дүние осы бір өзара еш байланысы жоқ үзік-үзік көріністермен шектелетін сияқты. Уфаны, воевада Бутурлиннің үйінде емес тостағанға құйып ішкен Сібір арағы мен тұздалған қозықұйрықты көз алдына елестеткісі келіп еді, одан ештеңе шықпады. Бірауық астананы көз алдына елестеткісі келіп еді, одан да ештеңе шықпады. Күнде барсаң да, құлазып тұратын Сенат залын, көлдей қағазды жайып салып, екі білегін түрініп сызу сызып жатқан Кирилловты көз алдына елестеткісі келіп еді, одан да ештеңе шықпады. Қылқан мойнына дейін түбіт орамалға оранып ап сығырая қарап отырған Андрей Остерманды көз алдына елестеткісі келіп еді, одан да ештеңе шықпады. Шалшық кешіп бара жатқан көк құтандай аннан бір, мыннан бір басатын Петр патшаны

көз алдына елестеткісі келіп еді, одан да ештеңе шықпады. Өмір бақи Россияда болмағандай. Россияны құлағы естігенмен, көзі көрмегендей. Көз алдынан қайдағы бір сидиған сексеуілдер, ұйысқан шағырлар, теңкиген қу томарлар, сырп-сырп су сораптаған жырық ерін түйелер кетпей қойды.

— Анау көгеретін не болды екен?

— Теңіз ғой!

— Оттапсың, қу далаға біткен неғылған теңіз!

— Қайдағы бір сор балшық бірдеңе шығар.

Жан-жағындағы жабыр-жұбыр дыбыстан көзін ашып алып еді — анадай жерде, шынында да, кемеріне шырп-шырп соғып теңіз жатыр. Көзін қайта жұмып, қайта ашты. Екі қолымен бірдей уқалап тағы қарады. Теңіз. Күзгі салқын желмен қарын жарып, ақ жалданып жатыр. Мұрынына күңірсіген таныс иіс келді. Ерініне тұздың дәмі келді. «Шыннан да бұл теңіз... Сенбесеңдер, міне, бізге қараңдар!» — дегендей ақ жал толқындарға шүйіле құлап, қайта самғап шығып шағалалар шарқ ұрып жүр.

Неге екенін білмейді, өз-өзінен көңілденіп кетті. Бұрын хан қасындағы нөкердің әр қылығы жынына тиіп зығырданын қайнатып келе жатыр еді. Бұл жолы олардың көз ұшында қылт-қылт зымырап бара жатқан әлденені көре сап, қолдарындағы қаршығаны жалп-жалп ұшырып жайраңдап шаба жөнелгеніне де мәз болып қана келеді. Олар бес шақырымдай ұзап кетті. Өзді-өздері қиқуласып барады. Сол-ақ екен қапталдағы ақ тұмсықтың тасасынан жүзден астам салт атты сау етіп шыға кеп бұған беттеді. Бұл қасында садақ асынған он башқұрт, Бөкенбайдың мылтық асынған алты жігіті, екі Уфа казагі бар оңаша келе жатыр еді. Қалған адамдары артта қалып қойған жүктің қасында-тұғын.

— Ойбай, жүкке қарай шабыңыз. Сізді ұстап алса, бәріміз құрыдық. Ал сіз аман болсаңыз, бізге зақым жасай алмайды, — деп башқұрттар шу ете түсті.

Бұл күйменің алдына көлденең тоса берген салт атқа қарғып мініп, қасына екі казак пен бір башқұртты ертіп ап кейін шапты.

Тевкелевтің кейін қарай шауып бара жатқанын көріп қалған қазақтар аттарын борбайлатып қуа жөнелді. Күйменің қасында қалған башқұрттар оларға қапталдан тиісіп жолдарын бөгеді. Сол екі ортада Тевкелев жүкке

де жетті. Жеткен бойда арбаның артында келе жатқан башқұрттарды шайқасып жатқандарға жұмсады.

Өздеріне қарай қаптағайлап шауып келе жатқан башқұрттарды көріп қап, аң қуып келе жатқан хан нөкерінің де кері бұрылғанын көріп, әлгі қапталдан тиген қазақтар Таймас Шайым ұлының қол-аяғын буып, байлап алып зытып берді.

Тевкелев төңірегіндегілер жүз қаралы салт аттының соңынан қуып барып Таймасты арашалап алып қалуға жүрегі дауаламады.

Улап-шулап қалған үлкен көш бұрқ-сарқ шырпынып жатқан көк теңізді айналып өтіп, оның күн батыс жақ қапталынан іреп кіріп жатқан қара түбекке сұғына түсті.

Қара түпке қонған хан ордасынан дауыс естім жерге елшілік жайғасты. Қара түпке қонған күні таң атпай жатып бозғыл тұман түсті. Тұманның арты жібіскі жаңбырға айналды. Еңсеңді езіп бара жатқан осы бір бұлыңғыр күн жан біткенді өз баспаналарына қуып тыққандай. Бөтен өлкенің бұрын көз көріп, құлақ естімеген жаңа бір пұшпағына кеп аяқ басқалы Тевкелевтің қасындағылардың назары тым сынық. Оның үстіне кеше жолды белгісіз салт аттылардың қапияда тиісіп Таймасты алып кеткені онсыз да май ішкендей болып жүрген жүректі одан сайын шошытып тастады. Көрер көзге бір кісіден жырып алып кете берсе, бұлардың ертең-ақ сайда саны, қырда ізі қалмай тозып кетуі мүмкін ғой. Ол жаубасарлар кім? Ондай жол торушылар алып кеткен Таймастың артынан жоқшы шығармай хан неге үн-түнсіз жатыр?.. Бәрі жұмбақ...

Тевкелевтің де ойлай-ойлай басы қатты. Ойланған сайын мынау ұшан далаға келгелі көріп жатқаны, естіп жатқаны бұрынғысынан гөрі де шым-шытырық шырғалаңға шешуі табылмас шытырман жұмбаққа айнала түседі. Бір сауалыңның ізін тауып, жауабына енді жеттім бе деп тұрғаныңда, ойда жоқта жаңағыдан да жұмбақ, жаңағыдан да шытырман жаңа бір жұмбақ килігеді де, манағыдан бергі бас қатырып ойлап отырғаныңның бәрі бос әуреге, түбіне жетіп болмас, түсініп болмас мағынасыздыққа айналып шыға келеді.

Әбілқайыр ханның бір сөзі көңіліңе болмашы үміттің әлсіз нұрын сеуіп кеткендей болады да, артынан істеген ісі әлгі айтқанына қырық қайнаса сорпасы қосылмай, онсыз да дал болып отырған басыңды одан сайын дал қылады. Хан әдейі істей ме, әлде қолы тимей ме, бірнеше

күн қатарынан хабар алмай тып-тыныш жатып алды. Өстіп жатады-жатады да, бір күні салпақтатып төлеңгітін жіберді, не бұты салақтап өзі шауып келеді. Бірақ оларынан шығып жатқан еш пәтуа жоқ. Қайда басыңның бұрынғы шырғалаңы аздай, жаңа бір шырғалаң, жаңа бір жұмбақ қосып кетеді.

Әне хан ауылында тағы біреу атқа қонды. Атының басын қалай қарай бұрар екен... Шоқырақтап ауыл сыртына шықты. Қырға көтеріліп жан-жағына қарап алды. Сосын бері салды. Ал, тағы да бір жұмбақ, тағы да бір шырғалаң келе жатыр. Келсін, келсін, келмей жүр ме? Салар шырғалаңын салсын, бәрібір салмай жүр ме?

Ол ханның немере ағасы Нияз сұлтан болып шықты. Хандай емес ойқы-шойқылау қара кісі. Атқа отырғанда екі тізесі аттың алдыңғы екі тірсегін қағып келе жатады. Ерге отырысы да қолқ-қолқ. Сөйлегенде де қоңқылдап сөйлейді. Сонысынан ба, жұрт оны төре тұқымы екендігіне қарамастан басынып, қомсынып бағады. «Әй, сол Ниязды қойшы... Соның қолында не тұр дейсің. Оның айтқаны не, менің айтқаным не?» дейді. Ел ішінде елеусіз осы сұлтан аяғы салақтап ауыл аралайды да жүреді.

Міне, дүрс етіп, үй іргесіне түсе қалды. «Ассалаумағалейкүм!» деп есікті мойнына іліп алып біраз тұрады. «Әликісалам!» — демесең, кері қайтып кететін кісі құсап, кірмейді. «Әликісәлем, төрге шықты» естігесін барып қамшысы салаңдап ішке озады.

Міне, айтқанындай, есіктен бас сұқты. Міне, кеңірдегін кере созып «Ассалаумағалейкүм!» — деді. Міне, естір жауабын естіп ішке кірді. Етігін шешпестен төрге озды. Екі құлағы салақтаған далбайын алып, ішіндегі көк барқыт телпегімен қыр мұрынды, сопақ бетін бір сыдыра сүртіп шықты.

— Ал, халдарың қалай, елші мырза? — деді сосын.

— Хал, өзің естіп жатқандай, сұлтан.

— Мен олардың кім екенін біліп отырмын. Дәуде болса шекті Сырлыбайдың жігіттері. Аңадағы түндегі атыста өлетін соның немере інісі ғой. Бәрі де Жақайым шектінің Тоқбурасынан. Бердіқұлдың төрт ұлының бел балалары. Кешегі Таймасты соған өтеу қып әкетті. Көп ұзамай, тағы келеді. Өлген бауырына күн сұрайды. Көр де тұр. Тап сөйтеді. Қызылкеңірдек пәлекет мына сіздің үйдің іргесінде тұрған қызылды-жасылды дүниеден, ең болмаса, өлген бауырының борбайын сатып болса да, бос

қалғысы келмейді ғой. Қой, бұл дүние шіркін жаман ғой. Оның үстіне қазір жұрттың шүберектен әбден жұтап отырған кезі. Баяғыдай базарға бара алмайтын болды. Төбенің астына апарып талапайлап әкететін керуендердің де аяғына жем түсті. Енді қайтсін. Қатын-баланның абыройын қайтіп аңғал-саңғал ашып қоярсың. Сосын ғой, мынау, өзіңізден қалмай қуып келіп отырғаны.

— Дүние керек кісіге ақ патшаның сый-сияпатын қайтып алу қажеттігі айтылды ғой. Жөнімен келмей ме?

— Пәтшу, — деп күлді Нияз сұлтан. — Мына заман жөніңді тыңдап тұр ма? Бұл қазақты қойсайшы. Әбілқайырдың ауылына ақ патшадан елші келгенінің өзін көре алмай, қырып бара жатқан жоқ па? Сол тулап жүргендердің өздеріне ақ патшадан елші келсінші, бетегеден биік, жусаннан аласа боп, құрдай жорғаласын. «Мен көнгенде, сендер неге көнбейсіңдер! — деп қамшы үйіріп шыға келсін. Барлық пәле сол іштарлықта болып тұр ғой.

Қазаққа амандық-саулық сұрасқасын қалтасынан шақша суырудан басқа шаруа қала ма? Нияз да сөйтті. Енді аузына насыбай салып ап, екі ұртын бұлтылдатып шұлжіңдеп сөйледі.

— Бұл Сырлыбай — Әбілқайыржан мен мына сіздің іргеңізге жүгіртіп жатқан қара таяқтың ұшы ғана. Сабы әзір көріне қоймас. Бірақ, қашанғы шыдар дейсің. Көрінер.

«Елші мырза бұныма не дер екен?» — деп кідіріп еді, Тевкелев, қапелімде, не дейтінін де білмеді. Бұл қазақтармен сөйлесу кім-кімге де оңай болмас. Өңкей бір жұмбақ. Бірдеңенің шекесін шығарады да, «өзі не дер екен?» деп аузына қарайды. Үндемесен — «жә, оны қойшы» деп, басқа бір әңгімеге аунап түседі. «Әй, сол Ниязды қойшы» деп жүрген Нияздың өзі, міне, мұның көмейін білгісі кеп көлгірсіп отыр. Былайғыларынан не жөн сұрайсың?!

— Ойбұй, — деп Нияз орнынан көтеріле бастады. — Бүйтіп отырғанда әлгі бара жатқан ауылыма жарық барында жете алмаспын.

— Кімнің ауылына бара жатыр едіңіз?

— Мына Кіші Борсыққа биыл қандай ауылдар қыстайын деп жатыр екен, біле қайтайын деп едім?

— Сырлыбайлардың ауылы қай тұста?

— Олар да сол маңда шығар. Қазір баяғы Қызылқұмның ен шағылы қолды боп кетті. Кіші жүздің таласып-тармасып қыстайтыны кешегі өткен Қарақұм мен осы Борсыққұм ғой. Бұл араның да жетісіп тұрғаны шамалы. Бір жағың — түрікпен, бір жағың — қалмақ.

— Сонда Сырлыбайдың ауылына да соғасыз ба?

— Шаруа шығып жатса, соғып қайтуға болады.

— Кешегі Таймас не күйде екен, біле келмейсіз бе?

— Жарайды. Барсам, оны білмегенде не бітірем?!

— Ендеше, әлгі бізге қарсы топтың қарасы қазір қандай екен? Не істемек ойлары бар екен? Оған да құлақдар боларсыз.

— Әлбетте.

— Ой, көп-көп рақмет сұлтан. Жолыңыз болсын!

Қаңқиған-саңқиған солбыр неме еріне басып есікке беттеп еді, Тевкелев табалдырықтың алдынан тағы да тоқтатты.

— Айтпақшы, сұлтан, мен осы сіздің иығыңызға ештеңе жаппаған сияқтымын. Сәл кідіре тұрыңызшы.

Барып сандығын ашып, ішінен бір бума көк шұға алып шықты.

— Мынадан шапан тігіп киерсіз. Амандық болса, сыбағаңыз әлі алда. Тек осылай бізге де тілдес, құлақтас болғайсыз. Ел арасына көп жүріп-тұрасыз. Мына жұрттың ақ патшаға пиғылы қалай аунап тұр екен. Біле жүрерсіз.

— О не дегенің, мырза. Бұнсыз да жолыңызға гүл бітсін деп тілейтіннің бірі менмін. Әбілқайыржан екеуіңіздің бұл шаруаларың ақыр түбі қайырлы боп шығып жатса, маған жаман бола ма?

Сұлтанның сопақ бетіне бір шырай жүгірді.

— Апырай, орыстың шұғасы мықты болады дейтін еді. Жарықтық осы сендердің маталарыңның бояуы оңбай тұр-ау, ал мына Бұхардың шүберегі бүгін кисең, қыздың тамағындай үлбіреп тұрады да, ертеңіне көрсең — ақ айранданып шыға келеді.

— Ал, сау тұр, мырза.

— Жолың болсын, сұлтан!

«Бұл бір оңынан оралған шаруа болды», — деп ойлады Тевкелев, кімге қандай сый-сияпат тартқанын тіркейтін журналға «Нияз сұлтанға 12 сом 05 тиын» деп жазып жатып.

Нияз сұлтан келіп кеткен күннің ертеңіне қасында Әбілқайыр хан бар, Есет бар, Құдайназар мырза бар,

Бөкенбай батыр келді. Тағы да түс ауғанша отырып мәслихаттасты. Тағы да әлгі Таймасты алып кеткендермен сөйлес жайы әңгіме болды. Бұл жолы да оларға ашу жұмсамай, ақыл жұмсап: «Тұтқынды қайтып беріңдер», — деп алдарынан өткен дұрыс, — деп шешілді. Ол шаруаға Құдайназар мырза баратын болды.

Қазақтар өздері айтқан шешімге өздері пәтуа байласып, тағы да тарап кетті. Бірақ одан Тевкелевтің көңіліндегі күдік көбейе түспесе, азайған жоқ. Бұл қазақтардың түзік жағы ылғи бітуажада жүреді де, бұзық жағы әрекетте жүреді білем. Әйтпесе, ел ұстаған хан отырып, қол бастаған батыр отырып, қайдағы бір бұта торыған бұқпа тентектерге қайрат қыла алмайды деген не сұмдық! Мына халық қызыл тілге салғанда сай-сүйегінді, сырқырататын кемеңгер сөздерін осындай кергіме дау, керауыз бітуажаға тәрк қылып, атысып-шабысумен өтетін шығар. Бұларға бұғалықты сол бір қапталдан шеттен біреу кеп салмаса, өздері біліп жөнге көшер түрлері жоқ екен! Мынандай ұлан-асыр жерді қайдағы бір қаңғыма арда халыққа кім жайлатып қояды? Мына жағында орманның талындай балалап өсіп орыс жатыр. Мына жағында қауызына сыймай асып-төгіліп Қытай отыр.

Өздері жер-көкке сыймай жандары мұрындарының ұшында отырғанда бұлардың бұтқа толғанын, ардалығын, асаулығын қайтсін! Қыл тұзақты біреуі болмаса біреуі бәрі-бір әкеп салады. Бұлар қайта әлгі өздері көп айта беретін жылы-жылы сөйлегеннің қадірін білмей отыр ғой. Үндінің алтынына ындыны құрып отырған ақ патша ертең жоңғар олай-бұлай боп кетіп, қалың қытай бері ойысса, бүйтіп, «құраныңды ұстай ғой», «антыңды бере ғой», «шен-шекпеніңді ала ғой», — деп жалынып отырмас, жез зеңбіректі желкеңе шөгеріп мылтықтың дүмі мен қылыштың жүзімен сөйлесер. Бұлардың мықтылығын сонда көрерсіз. Бұлар еңкейгеннің қадірін білмейді, еңкейген сайын шалқая түседі. Кешегі көшке тиіп жүрген бұзықтарға да бекер еңкейеді. Олар онан сайын асқақтай түсетін шығар. Бұл Әбілқайыр неге бүгежектей береді. Қол астындағы халқының сырын білмей ме? Әлгі Сырлыбай, анау айтқан, ірі шонжар болмаса, онымен осынша саудаласпай-ақ, қасындағы қара тұяқтарын жауып жібермей ме? Әй, осының өзінің түбі шикі болып жүрмесін. Жұртын ақ патшаға еркімен көндіретін

ойынан ештеңе шықпағасын, бұғалығынан шығып бара жатқан халқының қайткенде қайтадан көңілін табам деп жанталасып жүрген болмасын? Елшіні Уфадан алыстатып, мынау көз көрмеске алып келді. Жол-жөнекей қарақшыларына тонатып, қолдарына тұтқын апарып берді. Ертең Таймас әлен-пәлен болып кетсе, бұрынғы бұрынғы ма? Орыс елшілігімен ат құйрығы біржола үзіледі. Жұрт мынау сұмпайы елшіліктің түбіне жетуді талап етеді. Хан қол астындағы халқының дегеніне көнген болады. Одан бұл хабар сонау ақ патшаға жеткенше қашан! Оған дейін, кім бар, кім жоқ, Бұл немелердің ойлап жүргені осы болмасын!

Тевкелев өз ойынан өзі шошып орнынан атып тұрды. Сыртқа шықса — терістік беттен есек мінген кісідей етегі жер сызып Нияз сұлтан келеді. Сонадайдан ырсиып күледі. Бұның бір жоғын тауып келе жатқандай пәлденіп атынан түсті, пәлденіп тізгінін белдеуге байлады, пәлденіп шымыраулы ши есікте біраз тұрды, үйдің іші қаңырап бос тұрғасын, амандасар кісісі өзіне ілесіп келе жатқасын аңырайып ашылған ауызы сол ашулы қалпы табалдырықтан аттады. Талтаңдап төрге озды. Алшайып келіп отырды. Елшінің оң тізесіне барып отырғанын күтті. Сосын барып сөз бастады. «Жаман» десең табан астында жақсартып жіберетіндей.

— Ал, халдерің қалай? — деп қояды.

— Сол өзің көрген.

— Манағы ауылдан шыққалы ауыма насыбай салмаппын-ау! — дейді, айтқалы отырған хабарынан гөрі сол маңыздырақтай, тері шалбарының қалтасынан шақша суырып.

Алақанына төккен насыбайын бас бармағымен үгіп жатып:

— Қой, биыл Борсықтың әр бұтасының түбінде бір-бір ауыл отыр. Бұл мал дегенінде пәтуа жоқ мақұлық екен ғой. Осыдан сегіз жыл бұрын жоңғар қырғанда қойдың өзі түгілі көлеңкесін көре алмай қалып едік. Ал, бүгін Борсықтың қай жақпылында да бықып жатқан отар. Тіл-аузым тасқа, ыңып кетіпті-ау, ыңып кетіпті. Алдағы қыс сиыр ма осы? Ол өзі бір ауызы былшыраған жайлы мал ғой. Аман болсақ, келесі көктемде, елші мырза, мына қазақтың даласында қой дегенің қоңыздай өріп кететін шығар, — деп бір қойды.

Тевкелев ішінен «қойда басың қалғыр, сенен оны кім сұрады», — деп тызалақтап отыр.

Нияз соны аңғарды ма:

— Айтпақшы, — деді. — Әлгі Сырлыбайдың ауылының да тамырын басып білдім. Бейшара Таймастың кеудесінде жаны бар демесең, әйтеуір, енді санатқа қосыла қоймас дейді. Күніне бес-алты рет барып бақыртып сабайды дейді. Ит аяққа құйып ас апарады дейді. «Бұ да дінін сатқан арсыз. Көзі көк, шашы жирен, көрмейсіңдер ме? Жирен кісінің қылшығы тіл-көзден бірден-бір ем. Мынаның тұла бойынан түк қоймай бәрін жұлып алыңдар! — деп уыстап шашын жұлады дейді. «Бұл итің сүндеттелді дейсің бе? Сүндеттелмесе, бұның сіңірін затың ұрланғанда отқа тастасаң, ұрлықшының сол бойда бар сіңірі тартылып, тобан аяқ болып қалады», — деп киімін шешіп көрсе, пақыр молданың алдын көрген екен. Жаны бір жолға қалыпты.

Мынау сарсық сұлтанның «Мың бір түннің» хиссасындай ауызының суы құрып рақаттана айтып отырған әңгімесін тыңдағанда Тевкелевтің қараптан-қарап тұла бойы тітіреп кетті.

Бұлар қанша сарсық болғанмен тыңдаушысын көз жазбай бағып отырады. Әне, қарашы, әңгімесін қалай кілт бұрды.

— Бұл ит те болса, бір кезде мұсылманшылық құрдығой. Ал әлгі шоқыншық ноғайға бұдан да өткізіп, көзіне көк шыбынды үймелетеміз депті. Ол найсаптың тұла бойына пышақ дарытпай инемен шаншып алып таусамыз. Өзін тірі қойып, терісін бармақтайдан сыдырып алып түйенің қара санына жапсырамыз. Қағынды келмейтін болады. Өзінің екі көзін ойып, тілін кесіп, анау Арал теңізінің ішінде бір алапес арал дейтін арал бар. Соған апарып тастаймыз. Енін сылып алып, қасындағы бір солдаттан қатын патшаға беріп жібереміз. «Мұндай бізге емес саған керек шығар», — деп хат жазып жібереміз дейтін көрінеді. Ал, дүние-мүлкі мен қалған нөкерін талап аламыз, — деп желпініп отыр шетінен. Бұрынғы бұрынғы ма, қазір өздері қара құрым көбейіп кетіпті. Башқұрттарды бұдан былай елші ертіп әкелмек түгілі өздері аяқ баспайтындай қып, қол жиып барып шауып аламыз деп қоқаңдайды. Құдай көрсетпесін, әлгі жаман Сырлыбайдың мұрынынан ақ сары бас құрт ыршиды. Күні кеше қазақ пен Басқаланың арасына ат қатынатпай отырған қандыбалақ неме әбден қанасына толып апты. Маған айтады: «Ағаңа айт, есі барда, елін тапсын. Әйтпесе, бір шұлжің шүршіт өлді екен деп бұл

қазақтың ештеңесі кетпейді. Төре түгел қырылып қалса да, қазакеңнің қылы қисаймайды», — деді. Ол ол ғой, оның әлгі Бәби деген інісі тура жараған бурадай. Аузынан ақ көбік атады. Өлген Байқара әкесі Қожастан ерте қалып, соның қолында өсіп еді. Таймас егер соған тап болғанда, ендігі қарақұсына құзғын қонып отыратын еді. Қайта Сырлыбайға тап болып, құдай сақтаған десейші!

Ақыр заманды орнатып Нияз да жөніне тайып тұрды. Пәтшағар, осынша сұмдықты айтып отырғанда бет-ауызы бір бүлк еткен жоқ. Ертегі айтып отырған кісідей екі көзі жылт-жылт етеді.

Ол түні Тевкелев көрер таңды көзінен атқызды. Ертеңіне күні бойы хан ауылы жағынан олай қарай ешкім аяқ басқан жоқ. Қарай-қарай көзі төрт болды. Кешегі айтқан хазарларын қасындағыларға айтқан жоқ. Олар қаннен-қаперсіз. Орыс жағы «Волга, Волга матушка...» деп ыңырсып, башқұрт жағы керегенің сынған сағанағынан сырнай жонып әлек.

Күн ұясына қонуға бет алғанда хан ауылынан атқа мініп төрт-бес жігіт шықты. Тарс-тұрс шауып келді де, көк желкеге түсе қалды. Біреуі сол баяғы мысық мұрт Байбек...

— Е, елші мырза, аманшылық па... Мал-жан, бала-шаға, дені-қарын, қол-аяқ түгел аман ба? — деп жалпылдай кетті. «Барып кел, шауып келде», — көп жүріп жылпылдап сөйлеп, жымия күліп үйренген әдеті болса керек. Әкең өліп отырса да, есіктен осылай масайрап аттайды.

— Ал, елші мырза, тағы да көнбейтініңізді, тағы да ашуланатыныңызды біліп тұрмын. Хан тапсырғасын, айтпай болмайды, Мынау дүние-мүлкіңізден ештеңе тастамай түгел беріп жіберсін дейді.

Тевкелевтің жүрегі зірк ете қалды. «Кешегі ойлағаның аумай-төкпей келді де қойды ғой», — дейді ішінен. Жалма-жан башқұрт билерін шақыртты. Алдарбай, Қожаш, Қадрияс, Юмаш келгесін ханның әлгі әңгімесін айтып ақылдаса бастады.

Бұны естігенде башқұрттар да үрпиісіп қалысты.

— Ой, мынауы сұмдық қой.

— Сонда енді өзі зорлық жасайын дегені ме?

— Жоқ, дүние-мүлікті беруге болмайды. Одан айырылғасын біз кімге керекпіз. Біздің айтқанымызды кім тыңдайды.

— Бермейік. Тартып ала алмас. Күш көрсетіп жатса, біз де тірі жанбыз ғой.

— Иә, бұға беруге болмайды.

— Күші тасып бара жатса, өзінің тентегі мен телісін тыйып алмай ма?..

Тевкелев ойланып қалды. Ханмен жанжалдасқанда да күні не болмақ? Одан да аңысын аңдып көргені дұрыс. Ең болмаса, Бөкенбайдың алдынан өтпей ханмен кетісуге болмайды. Жандәрмен тапқан ақылы сол болды.

— Жоқ, әзір ханмен ат құйрығын үзіспейік. Онда мынау құла дүзде басымызға қандай зобалаң туатынын кім біліп тұр. Одан да қазір оған дүние-мүлкімізді бере алмаймыз дейік. Тартып алып жатса, өзінен қалсын. Көп ұзамай Бөкенбай келуге тиісті. Сосын ханға Бөкенбайды салып керерміз.

Хан адамдары тағы да құр қол қайтты. Бірақ, көп ұзамай тасырлаған төрт атты қайта қайтып келді. Бұл жолы хан:

— Елшіге айт, екі тай шүберегімен қабырғамды бүтіндейін деп отырған мен жоқ. Сол бір екі арбасы мына жалаңдаған жұрттың ындынын құртқан көздің құрты болды. Айтқанға көнбей ауыздығымен алысып жүрген асау топ оны бәрібір алмай тынбайды. Қолдан алмай, жолдан алғасын, оны да, мені де аямайды, екеумізді өлтіріп, қасындағы нөкерін құл қылып таратып әкетпек. Одан да, бәрібір айырылатын дүниені сол қызылкөл пәлелерге өз қолымыздан беріп, көңілдерін аулап көрейік, Кім біліпті, үмітсіз сайтан деген. Тірі жүрсе, талай боқша табылар. Ал, ертең келіп әңгір таяқ ойнатар көп тентектің тақымында кетсе, дүние түгілі басымен қайғы болар, — депті.

Тевкелевке одан әрі сөз таластырып жатуға жағдай қалмады. Екі сандық, екі тай жүкті, оның ішінде өзінің киім-кешегін де түп-түгел беріп жіберді.

Көрген-білгенін көзінен тізіп жүретін журналының «19 ноябрь» деп белгі соғылған бетіне Әбілқайыр ханға сегіз жүз сексен жеті сом он бес тиынның дүниесін беріп жібергенін қолы қалтырап зорға жазды.

Ол күні елшіліктің қосында ешкім ұйықтаған жоқ. Әбілқайыр алар дүниесін алды. Енді не өзі адам жібереді, не анау өзіне қарсы боп жүргендерге хабар шаптырады. Сөйтіп, мынау елшіліктің ертеңгі таңды көрер-көрмесі белгісіз. Жұрт бір-бірінен қағаз сұрап алып хат жазды. Тевкелев мына қия шеттен Уфаға қалай хабар жіберерін

білмей састы. Қасындағы нөкерінің қайсысын мына түннен қалдырмай қашырып жіберуді ойлады. Бірақ, жан-жағына құрылар тор құрылып қалған шығар. Аттап бастырар дейсің бе? Дегенмен, Қыдриясты шақырып алып, қалған нөкер ұйықтағасын, бір жүйрікті мініп, бір жүйрікті жетелеп Бөкенбайдың ауылын іздеп кетуге тапсырма берді.

Ертеңіне тәңертең Тевкелев өз көзіне өзі сенбеді. Үстіндегі үйі орынында, астындағы төсегі орынында. Аяқ-қолы бәрі аман. Тек таң алдында ғана көзі ілініп, ұйқысы қанбай оянғандықтан ба, басы ғана зіп-зілдей. Дегенмен, әлі де сене алмай сыртқа шықты. Елшілік қосы орынында.

Елші бұл таңды да аман-есен көріп тұрғанына енді сенейін деді. Әлде кешегісі жәй әншейін бір көрген түс болды ма екен! Қырық күдіктің ортасында шөре-шөре үрейдің ұшып жүргенде олай да болуы мүмкін-ау!

Үйіне кіріп күнделік дәптерін алды. Жазылған парақтың ең соңғысының шекесінде «19 ноябрь» деген жазу тұр. Бүгін әлі ештеңе жазған жоқ. Сонда кеше не көріп, не қойғаны мына соңғы парақта болса керек. Тұр ғой, міне... Хан кеше бұдан сегіз жүз сексен жеті сом он бес тиынның затын әкетіпті. Демек, шындық. Демек, бүгін аман өргені, шынында да, таң қаларлық оқиға! Алайда олардың сені күндіз емес, түнде келіп шабам деп алдын ала серттесіп қойған несі бар? Анада Таймасты тал түсте-ақ әкеткен жоқ па? Күші жетсе, күндіз-түніңді не қылсын! Тал түсте-ақ салар ойрандарын салады.

Бірақ... Кешеден бері есіне келсе, не дейсің! Ол сұмпайылар елшілікке шауып не қылады! Олардың өлтірмегі бұның нөкері емес, өзі ғой. Оларға керегі — мұның артып келген дүниесі. Оны түнде алып кетті. Енді, мұның құзғын қара басы ғана қалды емес пе! Қалған башқұрттар мен орыстардың бір қылын түсірмей аман-есен күйлерінде ауыл-ауылға құл қып таратып аламыз деп жүрген көрінеді. Ендеше, олардың көрер жарығы әлі таусылған жоқ. Таусылса, тек бұның ғана жарығы таусылады. Бұл үшін тал түсте елшілікке тиіп не қылсын! Қазір хан бір төлеңгітін жіберіп, шақыртады. Алдына барғасын, аспанға асып қоя ма, бауыздап сала ма, кешегі мылжың сұлтан айтып келгендей шабақтап өлтіре ме, жоқ алапестердің арасына апартып тастай ма — өзі біледі. Әне, қазан басында тұрған тығырық бөрікті төлеңгіт хан ордаға қарай емпеңдей жөнелді. Дәу де

болса, оны осында жұмсайды. Елшіні шақырып кел дейді. Әне, хан ордадан ол ұры тазыдай жылмың етіп қайта шықты. Әне, бері беттеді. Емпеңдей басады. Сонша неге асығады екен! Бірақ, ол бейбақ өзінің қандай шаруамен келе жатқанын біледі дейсің бе? Білгенде не істейді? Бар деген жерге барып, істе дегенді істеп қайтудан басқа қолынан не келеді? Жұрттың бәрі солай. Жұрттың бәрі өз дегенін істеп жүрген жоқ. Ақ патша екеш ақ патша да өз ақылымен істемей, қойынындағы Биронның айтқанын істейді деседі ғой. Ал Биронның кімнің айтқанын істеп жүргенін кім біліпті! Сонда жұрттың бәрі де әйтеуір біреудің басыбайлы төлеңгіті екен де! Ендеше, құлақкесті құлдан қандай пәтуа сұрап, қандай айып таппақсыз! Ендеше, бәріміз де мына дүниеде не істеп, не қойсақ та айыпсыз екенбіз ғой. Ендеше, ханда да айып жоқ. Ол да біреулердің айтқанын істейді. Ол біреулерде біреулердің айтқанын істейді. Сонда мынау тал түстегі қара ниет қастандықтың еш айыбы болмағаны ма? Әрине... Солай... Солай болмағанда ше... Сонда мынау адамның атынан, ханның атынан, патшаның атынан, тіпті құдайдың атынан істеліп жатқанның бәрі қылмыс болғаны ма? Сондықтан не істесең де, осыным зорлық емес пе, осыным қиянат емес пе деп қылпылдап отыруың керек екен ғой. Ол ой, ол ниет өзіңнен шыққанда зорлық-зомбылық екенін білерсің. Ал, біреуден шықса ше... Онда қайдан білесің? Онда білсең де, обал-сауабын арқалайтын басқа біреу ғой деп өзіңді-өзің алдарқатпайсың ба? Құдай біледі, мына төлеңгіт те осы тапсырманың артында бір пәле жатқанын біледі, бірақ обал-сауабын көтеретін басқа адам бар ғой деп ойлап келеді... Тап солай, әнеукүнгі жылмаңтөс төлеңгіт... Бәйбек... Жер түбінен ырсиып күліп келеді. Қазір де қасына жете беріп «Елші мырза, хал қалай, мал-жан, қатын-бала, аяқ-қол, дені-қарын сау ма!» — дейді. Әне, сенбесең, қарап тұр. Мысық мұрт жыбыр ете түсті.

— Қайырлы күн, елші мырза, ал хал қалай? Мал-жан, қатын-бала, аяқ-қол, дені-қарын сау ма?

Амал қайсы, күліп келген ажалға күле амандасу керек шығар.

— Сау, тамыр, сау!

— Ұйқыңыз шала болған ба, бет-аузыңыз домбығып кетіпті ғой.

Бұл енді мазақтағаны. Мазақтаса, мазақтай берсін!
Енді кімнің не айтып, не қойғанында не тұр!

— Сізді хан шақырып жатыр.

Айтпады ма!

— Сескенбеңіз! Елшіге бар, шақырып кел, бірге отырып тамақтансын деді!

«Сескенбеңіз» — дейді! Қандай кесепатпен келгенін біліп кеп тұр. Демек, мұны тірілей шабақтамайтын болғаны. Демек, алапестерге де апармайтын болғаны. Демек, мұның етінен ет те кесіп, алмайтын болғаны! Ол үшін тамақтанудың қажеті қанша! У беріп қатыра қоймақ қой...

— Тоқтай тұр. Қазір барам. Мына үйге кіріп шығуым керек еді.

Башқұрттар отырған үйге кірді. Бұл кіріп келгенде бәрі орындарынан түрегелді. Шамасы, мұның өңіне қарап бір сұмдықты сезген шығар. Тек ауызы қиысып бірдеңе айта алса жарар еді.

— Мені хан шақырып жатыр!

— Ойбай, ол итке тағы не керек болды екен! Кеше алар дүниесін алды емес пе!

— Бармаңыз. Жақсы пиғылмен шақыртып жатпаған шығар.

— Жібермейміз! Не көрсек те бірге көрейік!

Тевкелев жалт қарады. Мына дүниеде жүргелі бұдан ыстық, бұдан қымбат сөз естімеген секілді. Көзі жасаурап кетті.

— Дегенмен, барайын. Өлтірсе, тал түсте өлтіріп қайтеді. Жұрт көзінен жасырын, ешқандай айғақ-куәсіз де өлтіре алады емес пе!

Бірақ өзі айтып тұрғанмен, өз сөзіне өзі сенген жоқ.

— Бармай қалсам, кешегі сандықтарына бола өкпелеп келмей қалды дер. Одан да барайын. Ештеңе болмаған сияқты боп, ойнап-күліп барайын. Жаман ойласа, өз ниеті өзіне жолдас болсын.

Осыншама орнықты, осыншама ақылды сөйлеп тұрғанына өзі қатты қайран қалды.

Башқұрт байғұстар сыртқа шықты. Бәйбекке еріп кетіп бара жатқан елші мырзаға қылар қайрандары болмай қала берді.

Тевкелев жолда келе жатып ханның қазір өзін қалай қарсы алатынын ойлады. Бұл кіріп барғанда жымсия күліп орнынан тұрады. Қол беріп амандасады. Оң қолына отырғызады.

Міне, хан орда да жақын қалды. Бұл жолы олар анада екі рет есігінен аттаған ат шаптырым ақ орданың тұсынан өтіп кетті. Одан арғы бүйірлі ақ боз үйге жақындай беріп Бәйбек бұған қарап:

— Елші мырза, осы арада сәл тоқтай тұрыңыз, — деді де, өзі жып беріп кіріп кетті. Біраздан соң қайта шығып, ши есікті иығына салып көтеріп тұрып:

— Кіріңіз, елші мырза, — деді.

Табалдырығына дейін жеткізіп масаты кілем төсеген ақ боз үйдің қақ төрінде бұқары пүліш бөстектің үстінде Әбілқайыр хан отыр екен. Оның үстінде ақ, сары, қызыл селдір жібектен шымылдық ұсталыпты. Ханның сол қол жағында дәл сондай жібек шымылдықтың ішінде үш ханым иін тіресе жайғасыпты. Ханға таман отырған бәйбішесі түп-түгел қызыл торғынға малынып апты. Басында алтын зерден кесте тігілген биік сәукеле киіпті. Қалған екі әйелі қызыл көйлек пен қызыл мақпал бешпет киіпті, бастарына малынтып ақ жібек жаулық тартыпты.

Тевкелев қапелімде төрге оза алмай босағада бөгеліп қалды.

— Ә, елші мырза, хош келіпсіңіз, төрге шығыңыз!

Хан орынынан тұрды. Жымсия күліп қарсы ұмсынып қолын алып амандасты. Оң жағынан орын ұсынды. Өзі бұл отырғасын барып отырды. Жаңа бір сәтке абыржып қалған Тевкелев бойын лезде жиып ала қойды. Бәрі де манағы өзі ойлағанындай. Тек бұл жолы хан оны ханымдар үйіне дастарқанға шақырыпты. Ақырет алдында хан орданың бар салтанатын армансыз көріп алсын дегені болар.

— Қалай ұйықтап тұрдыңыз?

Сыр алдырғың келмесе, алдыртпайтын тұсың нағыз осы! Ал, күле сөйлеуге тырыс. Ерні құрғыры қорғасын құйғандай ауырлап кеткен бе қайткен?! Неге қимылдамайды?!

— Жаман емес. Шүкір, ұйқым дұрыс.

— Мен бүгін жайсыз жаттым ба, денем ауырлап, зорға тұрдым.

Әңгімені қашқақтата бастауын қарашы! Анадай сұмдықтың алдында кісінің аузына пәтуалы сөз түседі дейсің бе! Әншейін тек пейіл мезірет қой!

— Ас алыңыз! Мен шәйға Басқаланың қалампыр, талшын, зәнзәбілі салып дәрмектеп ішкенді жақсы көрем. Дәмі ұнамаса айтыңыз. Сізге басқа дүмшеден құйсын!

Бәсе, нағыз әңгіме енді басталған шығар. Мына шәй ақ патшаның елшісінің мына дүниеден ақырғы рет тататын атау асы боп жүрмесін...

— Ештеңе етпейді, сіздің ішкеніңізді іше берем ғой!

— Бәрежелде!

Әңгіме тағы да үзіліп қалды. Тевкелев алдына келген шыны аяққа енді қол соза бергенде:

— Осы орыстар да шәйқор жұрт білем, — деді Әбілқайыр.

— Иә, шәйді жақсы көреді.

— Сонда ғой олардың жері біздің жерімізден ыстық емес, шөлдемейді, неге ішеді?

— Тоңбасқа ішетін шығар.

Хан кеңк-кеңк күлді. Бұл да күлді. Шіркін, босағада айна болар ма еді! Бет-ауызының қалай болып отырғанын байқар еді.

— Шәй алмадыңыз ғой.

— А... Солай екен ғой.

Сыр алдырса осы арада алдырған шығар.

Шәйді аузына апарды. Сораптап жұта бастады. Бір өткір иісті қышқыл дәмі бар. Бірақ, таңдайына жағып барады. Удың да тәттісі болатын шығар. Арман тәтті ме, ажал тәтті ме деп неге айтты дейсіз! О да адамды еліктіре келетін шығар.

Хан бірдеңеге қиналып отыр. Әңгімесі шырқ айналып тамақтың төңірегінен шықпай қойды.

— Азықтарың қалай болып жатыр? Таусылып қалған жоқ па?

— Рақмет. Әзір бар.

— Енді бірер аптада Басқалаға қала шығарайын деп жатырмын. Астықтарың азайған шығар.

— Шүкір. Әзір жетерлік.

Тевкелевтің алдына шыны аяқ бірнеше рет келіп-кетті. Әзір аман. Бірақ, бұл үй шәйден де басқа тамақ бермес дейсің бе...

Шәйдің дастарқаны жиылды. Хан малдас құрып қақшиып отыр.

— Елші мырза, беліңіз ауырар, — деп жастық ұсынды.

— Рақмет.

Хан қыбықжықтап сөз бастады.

— Кеше жігіттерді жібергеніме ренжіп қалған жоқсыз ба?

Тевкелев ханның бетіне күле қарады.

— Неге олай деп ойладыңыз?

— Қайдан білейін, бұрын қанша рет жігіт жұмсасам да, сан рет жүгіртпей ештеңе татырмайтын едіңіз.

— Әуелден қолым қатыңқылау еді. Әйелім сөйдейді, — деді Тевкелев күле тіл қатып.

Әбілқайыр бұл жолы рақаттанып күлді.

— Әй, сол жеңгеміз бірдеңе білетін шығар. Оныңызды байқадық. Сосын да бәрібір осы қазақтың тізгін ұстарларына бұйырмас нәрсе ғой деп, ұятты қойып алдыртып алдым. Әйтпесе, қолтығына бірдеңе қыстырып, ауыз лебін түзетіп алар кісі келген сайын сізге ат шаптырып саудаласып жатамыз ба? Оның үстіне бұл өлкеде қай кісімен қалай сөйлесу керектігіне сіз менен гөрі әзір шорқақтаусыз. Екеуміздің де илейтініміз бір терінің пұшпағы болғасын әдейі осылай істедім. Маған өңін жылытқан адам, ақ патшаға да өңін жылытқан адам. Аз-мұз сияпаны сіз таратқаныңыз не, мен таратқаным не? Бәрібір, бұл маталарды менің бәйбішемнің өрмек құрып тоқып жатпағанын біледі.

Бұл жолы Тевкелев те рақаттанып күлді.

Сөйтіп отырғанда табақ келді. Тевкелевтің көңіліндегі ұры уайым тағы да қыңсылай бастады. Хан өзіне арнап салынып алдына әкеліп қойылған табақшаны қонақтың сый табағы келгенше қозғамады. Сый табақ келгесін қолын созып:

— Мәмбет мырза, сіз осы қаражоңқалау етті ұнататын сияқтысыз. Сіздің табағыңыз шұбарала болып кеткен екен, ол мына біз құсаған тұздің кісісіне лайық. Табақ алмасайық, — деді.

«Бұл менің секем алып отырғанымды сезіп қойды-ау» — деп ойлады Тевкелев.

Хан табағы шынында да дәмді болады екен. Онша етқұмар емес Тевкелев өзі алдындағы табақты біраз еңсеріп тастады. Сорпадан да бөтен ештеңенің дәмін байқай қоймады.

Ортадағы айлапат дастарқан жиналған соң екі қызметші жігіт екі иір мойын жез құманмен хан екеуінің қолына шылапшын әкеп су құйды.

Олар сыртқа шығып кеткен бойда ішке басқа бір қызметшілер ұзынша емен күбіні әкеп қақ ортаға орнатты. Қасына жалтыраған дөңгелек сары тегеш пен бес-алты сары зерен әкеп қойды. Сосын барып ақ жібекке малынған бір көрікті келіншек имене кіріп, емен күбінің қасына келіп, сары тегешті тақ толтырып қымыз сапыра бастады. Үйдің ішін тәбет оятар таныс иіс жайлап

ала жөнелді. Тевкелевтің жүрегі тағы да шаншып қоя берді. Сырттан тағы да сыптиған-сыптиған екі қызметші жігіт келіп, көрікті келіншек мөлтектете толтырған қысырақтың қымызын алдарына әкеп қойды. Сосын барып оң жақ босағаға бір тізерлеп отыра-отыра кетісті. Тағы да есік ашылды. Қолында домалақ бас домбыра ұстаған бір бала жігіт пен скрипкаға ұқсайтын тағы бір бүкірейген күй аспап ұстаған ақ сақалды шал кірді.

Хан қымыз толы зеренді қолына ұстап:

— Елші мырза, сусын алып отырыңыз, — деді.

Сол-ақ екен ақ орданың ішін бір сай-сүйегінді сырқыратқан зарлы әуез кернеп қоя береді. Малдасын құра жайғасқан ақ сақалды шал қолындағы күй аспабын сол жақ санына шанши қондырып, оң қолындағы жіңішке таяқпен ышқынта ыспалап бақты. Құлағына бұрын-соңды келе қоймаған таңсық үн болса да, ет жүрегінді елжіретіп, өн бойыңды алып барады. Қараптан қарап жүйкең талмаурап, жүрегіннің басы қабынып ісіне түскендей. Көзіңнің маңы жыбырлап қоя бергендей мынау, апырау, азаның сазы ғой. Мынандай сәнді дастарқаннан кейін мынандай ықылық атқан өксік күйді бекерден-бекер тартқызып отыр дейсің бе? Шамасы, мынау бал татыған сары қымызға анау шұбалаң жең келіншектің қолынан не тамып, не төгіліп кеткенін кім біліпті. Әлде мана сырлы зеренді әкеп қойғанда түбіне бірдеңе сала келді ме екен? Тевкелев босағада жер тізерлеп отырған екі қызметші жігітке қарады. Олар күйге ұйып қалғандай қыбыр етер емес. Қымыз сапырып отырған ақ келіншекке қарап еді, сыр алдыра қояр түрі көрінбейді. Бұлтиған етті ерінінің бір қиығын қымқыра тістеп қырын қарап кетіпті. Баяғы сол именшек қалпы. Ханнан, бейтаныс қонақтан ұялып отырғанын, бір шыпалы істі іші сезіп қысылып отырғанын түсініп көр. Ақсақалды кәрі күйші жалбыр қабағын түгел жауып жіберіп қыл ішектен шығып жатқан ызғырық сазды шекелей тыңдап мүлгіген де қалған. Домбырашы жігіт сарнаған қыл шектің бойымен бүйе жорғалап бара жатқандай одырая қарап отыр. Ақ сұр шал оң қолындағы қыл таяқшаны ышқына ыспалап, қыл шекті бармағымен қағып-қағып қалып күйін бітірді.

— Мына кісі қобызшы Қойсары деген кісі, — деді хан.

Қобызшы шал сый қонаққа қарап оң қолымен көкірегін басып тағзым етті. Әбілқайыр:

— Рақмет, — дегендей басын изеп әңгімесін жалғастырды. — Әлгі тартқан Қорқыт сазы дейтін күй. Қорқыт деген ертеректе өткен әулие кісі екен. Моласы мынау Сырдарияның бойында. Көш жөнекей талай көріп жүрміз. Дария беттен жел шыққанда жар басындағы жаңғыз мола әлгі қобыздың сазындай зарлы үн шығарып, сарнап қоя береді. Жарықтық жасы ұлғайған шағында ажалдан қорқып шартарапты түгел шарлап шығыпты. Қайда барса да — алдынан тұқшындап жер қазып жатқан адамдарға жолығыпты. «Ау, кімсіңдер?» — дейді Қорқыт. «Қабыршылармыз», — дейді әлгі мүскіндер. «Не істеп жатырсыңдар?» — деп сұрайды Қорқыт. «Қорқыт деген біреудің көрін қазып жатырмыз», — дейді. Содан Қорқыт ажалдан қашып құтылам деген дәмесінен біржола күдер үзіп мынау өткінші дүниенің опасыздығына налып қарағайдан ойып, сыртын түйенің көнімен қаптап, шегіне жылқының қылын тағып осы қыл қобызды жасап, әлгі бір сазды шалған екен. Біздің қазақтардың қиыны кеткен қыңыр іске тап болғанда «Қайда барсаң да — Қорқыттың көрі» дейтіні сондықтан. Ажал айтып келе ме! Айтып келмейтін ажалдан қайта қашып құтыла аларсың. Мәмбет мырза, қымыз алмадыңыз ғой. Алсаңызшы, нағыз бабында тұр екен.

Тевкелев аңырайып қарап қалыпты. Ханның мына сөзі дәу де болса тұспал әңгіме! «Келіп тұрған ажалдан қашқанмен құтыла алмайсың. Онан да алдындағы зеренді таусып, керенді іш», — дегені шығар. Маңдайы шып-шып терлеп қоя бергендей болды. Үй толы жан бұның ауызына қарап қалғандай. Тевкелев қанша сабырлы болам дегенмен сол арада бір сыр алдырған сияқты. Алдындағы зеренге қинала көз салып:

— Тамаша күй, тамаша аңыз екен! — деді шалдың өнеріне риза болғансып дауысын соза сөйлеп. Қолындағы зеренді әрең көтергендей, жайлап ерініне апарды. Әлі ақырып аши қоймаған бабындағы қымыз. Таңдайында майша еріп сіңіп барады. Кері қайтарсам, «ішуге қорқып отыр» деп ойлар деп, бүйірлі зеренді бөксеріп барып тоқтады.

Сол-ақ екен манадан бері кезек тосып отырған домбырашы жігіт безілдете жөнелді. Бұл жаңағыдай емес бір ойнақы саз. Әлгінде ғана санаңды шамырықтырып, дененді салқындатқан самарқау сезімді қуып шыққысы келгендей дедектетіп алып барады. Көктемнің

нөсеріндей тасыр-тұсыр төгіп жатыр. Асыр салып ойнаған тай-құлындай тапыр-тұпыр дүрлігіп, көңіліңді еліктіріп барады. Арқан, қас-қабағың, маңдайың еріксіз жазылып барады. Манадан бергі уайымың да ұмыт болғандай. Имендеген қара жігіт бауырындағы қара домбыраның асты-үстіне түсіп, емініп өліп барады. Найза ұстауға жаралған көшқұлаш ұзын қолы жыландай ирелеңдеп сілтеп отыр, сілтеп отыр. Күйші жігіттің маңдайына шып-шып тер шығыпты. Екі бетінің ұшына албырап қан ойнапты. Манағы жасқаншақтау тұнжыр көзі жарқ-жұрқ от шашады. Қашқан құландай зулай аққан екпінді күй бірер бет арғып-қарғып барып басылды.

— Ой, пәлі! Жарайсың, — деді хан күйшіні мақтап.

— Рақмет. Көңілді күй екен, — деді мейман.

Мейман жүруге ыңғайланды. Хан ере түрегелді. Біраз жерге дейін өзі жаяу шығарып салды. Елшіліктегі адамдар да ол қашан шығар екен деп абыржып тұрса керек. Бәрі сексиіп-сексиіп сыртқа шығыпты. Хан екеуінің күле қоштасқандарын көріп, олар да тістері жарқылдап бір-біріне бірдеңе десіп жатты. Тевкелевтің мойынынан таң атқалы бері зілдей боп басып келе жатқан қара тас сусып түсіп қалғандай болды.

Қосына қарай шалқақ басып, сергек адымдап келеді.

Ол күні Әбілқайырдың мойынынан да бір ауыр жүк түскендей болды. Басында ақ патшаның елшісі кешегі қылығыма өкпелеп қалды ма деп, ренішін басқалы шақырып еді. Сол үшін де дастарқанын Бопай ханымның отауында жайдырған-ды. Біраздан бері жат жерде, от басының қызуын көрмей, қоңторғайсып жүрген немеге дәм татырып, пейіл көрсетіп, көңілінің құрыс-тырысын жазып жіберейін деп ойлаған-ды. Тевкелевтің бұл келісі Әбілқайырдың ойлағанынан гөрі де орындырақ болып шықты. Оны хан елшінің дәм үстіндегі қылығынан байқады. «Осының өзі бірдеңеден сескеніп отырған жоқ па!» — деп ойлап еді, келе-келе көзі айқын жете түсті. Ет пен сорпаның тұсында елшінің көгілдір көзі қараптан-қарап лайытып қоя берді. Ал қымыздың тұсында: «Біткен жерім осы екен!» деп зәре құты қалмағаны бірден белгілі болды. Ол кезде Әбілқайыр алдыңғы тағамдардың тұсындағыдай көңіл басытқы әңгіме де айтпады. Қайта сол жанынан түңіле түссін деді. Қобызшы шалды шақырғаны да дұрыс бопты.

Онсыз да иненің ұшында отырған неменің төбе құйқасын шымырлатайын деп Қорқыт жайлы аңызды әдейі айтты. Домбырашы бала тартқан шалқыманы тыңдағанда байғұс өлген әкесі тіріліп келгендей есі қалмады. Дүниеде ол тап бүгінгідей, бұл үйден аман шыққанындай қатты қуанып көрген жоқ шығар. Ендеше, ол әлі де талай нәрсені қуантқан да ешкім жоқ. Ендеше, ол әлі де талай нәрсені ұмытқанмен тап бүгінгі күнді, тап Әбілқайырды ұмыта алмас. Бүгін ол дүниеге қайта туғандай болған шығар. Бұған керегі де осы еді!

Анада ақ патшаның алдындағы еңбегінді алдыңнан қайтарамын деген күні-ақ орыс елшісін басыбайлы өз жағына шығарып алуды ойлаған-ды. Ол үшін әлі де аспанға түкіріп отырған асау елшінің асқақтаған көңілін баса түсу керек болды. Ол мақсатына сол жақта жүріп те жете алатын еді. Күн батса болды, шырқ айнала қамап, таң атқанша көрер таңды көзімен атқыздыратын барымташылардың өзі-ақ ақ патшаның адамдарының әу бастағы аптыққан көңілін басып, көкіректерін жердей қып жентектей бастап еді. Біраздан бері тонап алар керуен таба алмай, бір-біріне шабуға онсыз да жоңғардың қыспағында отырғанда құдайдан ұялып, көрші қарақалпақ, қалмақ, естектерге найза шошаңдатуға да жолдары жабылып, қолдары қышып отырған жаубасарларға қызылды-жасыл дүние малмен құдай айдап келе қалған жат жерлік елші нағыз іздегенге сұраған еді. Оны сөйтіп біраз төмпештетіп, қашан әке-көке дегенше, айтқаныңды істейін дегенше, оң қабақ танытпай отырып алуға болар еді, парықсыз бөрі басарлар жазып жасап алып, ақ патшаның алдында қараптан-қарап құныкер болып қалам ба деп бір қорықса, елшінің төмпеш жегенінен гөрі бұның төмпеш жегенін көбірек тілеп отырған өзге сұлтандар оны «мынау күн бермей отырған бұзақы» ұлыстан өздерінің «маңдайларын шыбынға шерткізбейтін» «бейбіт», «тәртіпті» ұлыстарына көшіріп әкетіп, екі ортада өзін сазға отырғызып кете ме деп екі қорықты. Әсіресе, Бәби бидің ақикөз жігіттері боздақтарынан айырылатын әне бір кесір түннен кейін тіпті зәре-құты қалмады. Тентек бидің қара сойылдарының тым-тырыс жатып алғанынан қорықты. «Өзіне салғанда қылышын жалаңдатып, ертесіне-ақ жетіп келер еді, тым-тырыс бола қалғанына қарағанда, бұдан да өткен бір сұмдықты құлағына құйып жатқан әзәзіл біреу бар шығар» — деп сескенді.

Бәрінен де, мынау қанды оқиғаны пайдаланып Жәдік тұқымы елшіні «бұл Әбілқайыр саған қазақты көндіріп бермек түгілі, қара басыңның амандығына қамқор бола алмайды» — деп азғырып жүре ме деп қорықты. Сондықтан да мынау кілең қорқаудың ортасындағы жаңғыз қорғаушы өзі болып көрінуге тырысты. «Неңдей қатер көрсе де, ақ патшаның жолында басын пидаға шалып, оның ақ жолтай елшісін қорғаған болып, бір күні түнде үдере көшіп, мынау шалғай өлкеге жылысып кетті. Жылдағы қыстауларына қонбай, бір жағын теңіз, қалған жағын қалмақ, түрікпен, хиуалықтар қоршап алған мына бір түпкірге жетіп ірге басты. Бұл араға Жәдік тұқымы өкшелеп келе алмайды. Бұрынғы қыстауына қонбай, бұның соңынан ере көшкен Батыр сұлтанның бір өзіне бұл бәрібір дес бермейді. Ол неменің бұған әзір жасаған қастығының түрі — анада Сырлыбайдың жігіттеріне көш жөнекей Таймасты тартып алып қашқызғаны. Қайта онысына да шүкір. Егер оны Бәби алып кеткен болса, Таймастың бұл күнге дейін тірі жетер-жетпесі неғайбыл еді. Өз бауыры үшін қан төккен Бәбиді ешбір қазақ жазғыра алмас еді. Ақ патшаның алдында да, алаштың алдында да бұл қарабет боп қалар еді. Құдай бір оңдағанда, Батырға ондай ақыл бермепті. Ал, Сырлыбай қанша ағайынға жан тартқанмен де ақ патшаның алдында, бұның алдында да қолын қандап құныкер бола алмасы хақ. Бір жағынан, інісі өлгенде бой көрсетіп шыққан жалғыз бауыры боп Бәбиді алдарқатса, екінші жағынан, ақ патшаның елшісі мен Әбілқайырды аз күнге болса да, бас игізіп кіріптар қып алдына әкеп, ел жұрттың алдында абыройын асырып алмақшы. Өткендегі Нияздың барып қайтқан сапарынан бұның ұққаны сол. Егер жылы-жылы сөйлесе, інінен шыққысы кеп басын қылтитып отырған нағыз сұр жылан сол Сырлыбай. Бірақ, оған оның икемі жеткенмен мынау орыс елшісінің икемі жете қоймасына күмәнданғасын Бөкенбай мен Құдайназарды шақырып ақылдасып еді, олар Тевкелевтің алдынан тағы да бір өтіп алғанды жөн көрді.

Таймасты мәмлегерлік жолмен босатып алуға күш салатындарын, бірақ ол үшін елшінің өз тарапынан да ықлас керектігін қанша сездіріп баққанмен, ол баяғы «бәрі өздеріне байланысты», «мен тек қол жайып келгендермен ғана сәйлесемін» деген үйреншікті әніне басты. Елшіден шыққан соң Бөкенбай, Құдайназар үшеуі

тағы да ақылдасып, патшаның қазақ шонжарларына жіберген сый-сияпатын өз қолдарына түсіріп алмай тұрып, ру басыларымен жасалатын келіссөздерінен еш нәтиже шықпасына көздері жетті. Құдайназар шектілердің ауылына барып қайтқанша бұл елшідегі дүние-мүлікті өз қолына алып алуға уәде берді. Елшінің барып шағым айта алар кісісі — Бөкенбай. Ол елшіге мұндай озбырлық жасаудан басқа жол қалмағанын айтып түсіндіреді. Түсінбесе, жартылай тұтқынға айналып болған елші бұлардың тұтамынан енді қайда қашып құтыла алады. Астарындағы көлік талапайға түсіп, әр қазақтың алдында кетті. Қолындағы мүлік бұлардың қарауына көшеді. Сонда елшің қанша асау болғанда да ноқталы тайлақтай жетелеген жағына еріп жүре бермей ме!

Үшеуінің келіскен пәтуасы сол болған-ды. Сөйтсе, сол есептері дұрыс боп шықты. Тевкелев бұған сенбейді ғана емес, қорқады да екен. Жылдағы жерін қыстағанда оның ендігі Жәдік тұқымының жағына шығып кетуі әбден мүмкін еді. Ал, мына арада оның Бөкенбай мен Құдайназардан басқа барар жер, басар тауы қалмайды. Ол бұдан қорыққан сайын Бөкенбай мен Құдайназарға бауыр баса түседі, ал оларға бауыр басқан сайын бұған тәуелді бола түседі.

Тевкелев елшілігінің тізгіні өз қолына біржола өткеніне Әбілқайырдың тек бүгін ғана көзі жетіп отыр. Енді тек: «Іске сәт!» — де! Құдайназар осыдан шектілерден бірдеңе шығарып келсін де! Таймастың басына бостандық алып бере алса, патша елшілігінің алдында бетіндегі шіркеуінен құтылып, қалған қазақтардың алдында абыройы бір көтеріліп қалар еді. Жалына қол апартпай кеткен қиқар топ та басын сеңге ұрған балықтай бір мәңгіріп қалар еді.

Құдай оңдағанда, Құдайназар ол жақта көп кідірмеді. Бір күні қасында Дәумбай би бастаған отыз ақсақалды ертіп жетіп келді. Әбілқайыр ол күні баяғы Аңырақайдағысынан кем қуанбаған шығар. Бірақ жылт-жылт сығалап отырған сыншы көздерге сыр алдырғысы келмей, үйреншікті сұп-сұр қалпына түсіп алды.

Дәуімбай би нарт қызыл жүзі одан сайын албырап, көкірегіне түскен ұзын сақалын оң қолымен салалай отырып сөз бастады. Баяғыдан бері талай қиында қасынан табылып жүріп, мына бір тосын оқиғаның

тұсында сырмінез емес елді тосырқады ма, әлде елшіні тосырқады ма, жоқ жаманды-жақсылы басы бостан өмірді қимады ма, қабырғаларымен көп кеңесіп, ұзақ уақыт толқып жүріп алғандарына кешірім сұрады. Бірақ, бәрібір мына заман жұт жылдың қысындай арқаңнан аяздай қысып, ық іздемесіне, пана іздемесіңе қоятын түрі жоқ. Әр ру, әр ата бөлек-бөлек қамсау іздеп не қарқ қылар дейсің. Одан да, біздің тапқан панамыз өзіңсің. Кіммен одақ болам, кімнен ық дәметем десең өзің біл, біздің ештеңеге анық көзіміз жетіп тұрған жоқ, не де болса, етегіңнен ұстадық; ендігі обал-сауабымызды арқалайтын бір өзіңсің деуге келдік деді.

Әбілқайыр мына сөзді естігенде қатты қозғалып кетті. Көзінің астына лып ете қалған ащы жасты сырт айнала беріп ішіне жұтты. Сосын біраз отырыңқырап, өзіне-өзі келгесін барып тіл қатты.

— Дәке, рақмет. Әуелден де ақсақал едіңіз. Ақсақалдығыңызды істедіңіз. У ішсең руыңмен деген ғой. Енді адассақ та, жөн тапсақ та күллі жұртымыз боп қимылдамасақ, қараптан-қарап арам қататын уақытқа кез келдік. Мықты түгілі өзіміз секілді дегелшіктердің өзі сырт айналып сөйлеспейтінді шығарды. Әйтпесе, анау башқұрттар екі жылдан бері екі көздерін төрт қылып елге жібермей ұстап отырған бір-бір боздақтарыңды баяғы заман болса, ендігі не сөздің, не қарудың күшімен босатып алар едік қой. Қазір олар: «Біз ақ патшаның боданымыз. Бізге жасаған зорлықтарың ақ патшаға істеген қиянаттарың. Өзіне қиянат жасаған қай халықпен қалай сөйлесу керек екенін біз білмейміз, ақ патша біледі», — деп бет бақтырмай отырып алды емес пе! Енді мынау шаруадан бірдеңе шықса, ең болмаса, сол жігіттерімізді дау-далбасыз босатып аламыз ғой. Бостанбыз, бостанбыз дейміз, анау ел ардақтап садақа сұрап жүрген қайыршы да, бостанмын деп ойлайды. Қай сайдың бойында арам қататынын білмей отырған оның бостандығында тұрған не пәтуа бар? Ойлап қарасам, біздің тіршілігіміздің де пәтуасы азайып барады. Қай жағыма қарасам да, бір-бір мықтыға арқа сүйеп алған бір-бір жұрт. Асық ойнағанда «ағама айтам» деп әлім-жеттік жасайтын аусар бала сияқты. Сенің ғана ағаң жоқ, сенің ғана арқа сүйерің жоқ. Әрқайсысы бір-бір жылы баспанаға басын тығып ап қызара бөртеп отырған өңшең бір жайбарақат жұрттың ортасында жел өтінде сирағы қызарып, панасыз қалған қайыршыдай

қаңғырып жүрген тек бізбіз. Өйтіп кім көрінгенге көз түрткі қылып қойған бостандықтың да дәурені қашанға барар дейсің, ең болмаса, өзіміз құралпылардан таяқ жегізе қоймайтын қамқоры бар бодан болғанды жөн көрдім. Обал-сауаптарыңды маған артсаңдар, менің айтарым сол. Ақ патшаның қай уақытта қайтып жарылқайтынын әзір өзім де біліп отырған жоқпын. Ал, әйтеуір, башқұрттағы балаларыңның мына елші Уфаға қалай аман-есен жетсе, солай бостандық алатынына сенімім кәміл, — деді.

— Ой, рақмет! Аузыңа май! Сол айналайындарды бір көргенімізден артық не жақсылық керек! — деп манадан бері үнсіз отырған былайғы шалдар да бір қозғалақтап қалды.

Әбілқайыр орнынан тұрып:

— Мынау ақ патшаның қазақтың өздерің сияқты игі жақсыларына жіберген сый-сияпаты көрінеді. Шамасы ықыласым жерде қала қоймас деп ойлаған болар, — деп әрқайсысының алдына кешегі Тевкелевтен алынған дүниенің шетінен бір-бір шекпендік мата тастады. — Енді мына Құдайназар елшіге ертіп барар. Ықылас пейілдеріңізді оған өз ауыздарыңнан айтарсыздар.

Үй толы билер ханға рақмет айтып орындарынан көтерілді. Орданың іргесінен қауқылдасып атқа қонып жатқан отыз бидің даусы ханға пейіштің үніндей естіліп, құлағына майдай жағып барады. Кейіндеп шыққан Құдайназарға:

— Әлгі шоқыншыққа оңашалап айт. Бұларды жақсы қабылдап, жылы сөйлессін. Сірескен көк мұзға алғаш қызыл су жүгіртетін осылар болады де, — деп жіберді.

Ол неменің де миына бірдеңе барайын десе керек. Отыз биді құшақ жая қарсы алып, әрқайсысына бір-бір шапандық мата ұстатып, маңдайларын құранға тигізіп, ант қағазға қолдарын қойғызып апты. Аузына құдай салды ма, кім білсін оларға: «Ертең тағы да осында кеп, түстік жеп кетіңдер. Кең отырып сөйлесейік», — депті.

Ертеңіне бұл қасына Бөкенбайды, Құдайназарды, жаңадан ант берген отыз биді ертіп, Тевкелевке қонаққа барды.

Елшінің ат шаптырым ақ боз үйінің қақ ортасына көл-көсір дастарқан жайыпты. Дастарқанда түз қазақтары көре бермейтін башқұрттың сары балы, татардың сүт қосып, қаймақ қосып, қант қосып, пісірген не бір қытырлақ тәтті наны, орыстың ақ тоқашы,

сыртынан қарасаң су тас секілді қап-қатты, аузыңа салсаң болды, өзінен-өзі шырын боп еріп жүре беретін не бір тәттілері жал-жал боп үйіліп жатыр.

Бір башқұрт алабажақ жайпақ табаққа салып көк мұздай боп сіресе қатқан семіз еділбай қойдың құйрығындай төңкерілген бас қант әкелгенде жұрт тіпті қайран қалды.

— Мынаның бәрі қант па?

— Енді не деп едің?

— Сонда бұны қайтып жейміз?

— Жан-жағынан жата қалып жарысып жалаймыз.

— Мынауыңды бүкіл бір ауыл бір қыс жалап тауса алмас.

Қазақтарды таңғалдыра түскісі келгендей елші сандығының түбіндегі бар таңсық асын шығарып бағыпты. Дүр тасындай қап-қатты, сап-сары науат, кептірген жеміс, тұздаған балық, жемістен қайнатқан неше түрлі қақтар, қатты, қоймалжың, шұбатылған сан қилы тәттілер үсті-үстіне шығып жатыр.

Үйдің ішін жұпар атқан иран бақтың ішінде жүргендей бір әдемі хош иіс жайлап барады. Сол иістің өзі-ақ талай қазақтың көңілінің құрыс-тырысып жазып, дендерін жая түсті.

— Жарықтық мынау әлгі ақ құйрық шәйдің исі ғой!

— Бұл орысыңда да не жоқтың бәрі бар екен-ау.

Әбілқайырдың құдайы беріп отыр. Жан-жағындағы қауқылдасқан мақтау әңгімеге бір ауыз сөз қыстырмай, масаттанып мұртынан күліп отыр. Мынау ажырықты жерге тап болған аш жылқыдай естері кете қаужандасып жатқан қазақстарға: «Қап, бәлем, қалай екен!» — дегендей көзінің астымен қыдырта қарап қояды. Ара-арасында елші жаққа көзін тастап, оның екі езуі екі құлағына жетіп мәз болып отырғанын көріп: «Бұлар дегенің, міне, осындай ғой. Баяғыдан бері неге қақсап жүр дейсің», — дегендей белін жазып, иығын тіктеп, «а құдая» деп алақанымен бет-аузын сипап қояды. Тәуба, тәуба... Тек осы бағытыңнан жазба! Мына дастарқанды қазір отырған отыз ауыз отыз есе асыра мақтап, отыз есе асыра сырлап, аңыз қылып айта кетеді ғой. Қазақтың тізгіні қашан да қаңқу сөздің қолында емес пе! Баяғыдан бері қабағың осылай жазылып, қолың осылай ашылғанда ғой, ендігі мына отырған май тымақтардың талай жүзі алдыңнан өткен болар еді.

Жаңадан ант берген билердің Тевкелевтің дастарқанына риза болғаны сонша, Дәуімбай би жүріп бара жатып, елшінің қолын қайта-қайта қысып:

— Таймастың жағдайын уайымдама. Барғасын Сырлыбаймен дұрыстап сөйлесетін шығармыз, іншәлле құлақ асар, босатар, босаттырармыз, — деп кетті.

Содан-ақ Тевкелев арқасын тамға сүйегендей болып, жоқтан өзге нәрсеге шықылықтап күле бастады. Дәу де болса, бұл отыз, кешегі Құдайназар айтқандай ертең алдына келіп, жүгініп отырып, құранды маңдайына тигізіп, ала қағазға не мөрін, не бармағын басып, азды-көпті алапа алып аттанатын талай май тымақтың басы екеніне оның да түсінген түрі бар. Башқұрттарды жиып алып:

— Сендер тіл білесіңдер ғой. Маңайдағы ауылдарға барып, аңыстарын аңдап қайтсаңдаршы, — деді. Ырғай мойын, селеу шаш Сергей Костюков Юмашқа: Мені де ерте кетші, — деп жата қалып жабысты.

Юмаш ол ерең-серең немені ерткісі келмеді. Қай ауылға апарса да, жұрттың көзі бірден соған түсіп, қолдарын шошайтып күлетінін білді. Жоғалған тайлақ құсаған неме жәйіне қарап жүрмейді. Не болса, соны сұрап мазасын алады. Қасындағы Сидор Цапаевтың шақшадай басын шарадай қылып бітіп, енді Юмашқа жабысып отыр. Мына пәледен қалай құтыларын білмеген Юмаш елшіге барды. Артынан мойыны сорайып Костюков та жетті.

— Алексей Иванович, әбден ішім пысты. Мен бұл жаққа қазақтарды көрем, тұрмыс-салттарын зерттеймін деп келгенмін. Сіз болсаңыз, үйден шығармай жатқыздыңыз да қойдыңыз.

Елші мынандай сартабай даудан сасайын деді.

— Әзір орыс адамдарының ешқайда шықпағаны дұрыс. Жаман айтпай жақсы жоқ. Аанадағы Таймас құсатып алып кетіп жүрсе, артының немен тынарын кім біліпті.

— Жоқ, қазақтар Таймасты аанадағы өлген жігіті үшін ұстап отырған жоқ па? Біз одан басқа ешкімге жазым салған емеспіз. Ал, егер құн даулайтын болса, баяғы нағашы атамның құны қайтарусыз. Соны естеріне салсаңыз билер өзі-ақ жым болады.

— Ол марқұм да осы шимайшылығынан қазақтардың көзіне түсіп қалыпты деп еді. Сен де сол нағашы атаңның жолын қуып жүрмесең.

— Онда патша алдында сізге сөз келмейтіндей қып, қолхат беріп кетейін...

Қаршадайынан Тобыл әкімінің қасындағы азғантай орыс оқығандарының ортасында өскен бір жағы швед, бір жағы поляк, бір жағы орыс шата неме әншейінде аяқ-қолына әзер ие боп, ерең-серең қимылдайтын икемсіз неме сөзге келгенде есесін жібере қоймайтын түрі бар екен. Қапелімде Тевкелев оған қандай жауап берерін білмеді.

— Жарайды, ала кет! — деді Юмашқа.

Юмаш оған:

— Жүр, — деді, — көзін алартып.

Әлгінде елшінің алдында тілімен тас сындырып тұрған пысық неме сыртқа шыққасын, қабағынан қар жауып түксиіп алған Юмаштың пысы басты ма, қайтадан болбырап сала берді. Атын ерттей алмай бір шәй ішім уақыт жіберді. Іші пысып кеткен Юмаш өзі ерттеп берді. Сосын: «Не болсаң, о бол!» — деп атына қарғып мініп, шоқырақтай ала жөнелді. Артында ат үстінен ауып түсе жаздап, қомпаң-қомпаң етіп Костюков кетіп бара жатты.

Көптен бері езулерін жиырмаған елшілік адамдары шек-сілелері қатқанша күліп мәз болысты.

Борсықтың қалыңына әлі бойламай тұрып күнгеі жақ шетіндегі жайпуат шағылдардың арасындағы бір шұқыр ойда отырған ауылдың үстерінен шықты. Анадайдан ауыл көрінгесін-ақ екеуі бір шағылдың тасасына барып киім алмастырды. Юмаш Костюковтың басындағы былғары тысты құлақшынды өзі алып, оған басындағы екі құлағы шұбалған түлкі бөркін кигізді, үстіндегі қара тонын өзі алып, оған өзінің томар бояуға боялған сары тонын кигізді. Енді желкілдеген селеу шашы жалпылдаған түлкі тымақтың астына кіргесін қыр мұрын, қой көз, ырғай мойын, ерең-серең ұзын жігіттің қапелімде орыс екенін аңғара қою қиын еді. Сонда да екеуі қорқа басып ауыл шетіне келіп кірді. Шеткергі үйдің тұсына тоқтап, Юмаш:

— Хабарласқандай кім бар? — деп дауыстады.

— Кім болсаң де есік ашық, кіре бер! — деді іштен бір күңкілдек дауыс.

Екеуі аттарын тұсап, қаңтарып, есіктен бас сұқты. Үйдің іші бықсыған түтін екен.

— Төрлеңдер, — деді түтіннің ішінен біреу.

Юмаш төрге озды. Оның қасына барып Костюков ерең-серең аяғын әзер жиып тізе бүкті.

— Бұл кімнің ауылы? — деп сұрады Юмаш.

— Бұл — масқар Төлебай сақаудың ауылы.

— Ал өзіңіз кімсіңіз?

— Мен — бұл ауылдың табан нәсілінен емес, кірмемін. Зердебай зергер деген кісі болам.

— Ендеше бұл ауылда неғып жүрсіз?

— Біздің шаруамыздың сиқы — мынау қара көрік. Осыдан басқа қырға жабар қойымыз, көлге жабар жылқымыз жоқ. Қолыңды қарап отырғызбайтын жер болса, бірге көшіп жүре береміз. Биыл мына алаша Байсау би сары жетім арғынға қыз ұзатам деп ала жаздай қасында ұстады. Соның қызына ерткен көшін көріп, енді мынау Төлебай сақау қасына көшіріп алып отыр. Оның бір қызына мына кіші шектідегі Мойнақ батыр құда түсіп жүрген. Аманшылық болса, келесі жазда ел жайлауға шыға той жасамақ түрлері бар. Соған қызымның жасауын жасаулас дейді. Қызды жасаулағанда көк ала жылқыны жауып жіберіп, Хиуа, Бұқар, Сайрамның базарын бір өзің көтеріп әкетер баяғы заман жоқ. Қазір қанша бай болсаң да, біз құсаған ауыл арасының күлді-көмеш ісмерлеріне күнің түсетін кез. Би қызыма алты қанат ақ отаудың сүйегін жасап, тұсап, ішін жасаулап бер, алтын, күмістен білезік, сырға. алқа соғып бер дейді. Соған, міне, күн жаумай су болып, үйдің ішін түтіндетіп отырғанымыз.

Костюковтың екі көзі зергерде, қозының қарынындай кішкене көріктің ауызында; лып-лып жанып жатқан сексеуілдің шоғында, шоқ үстінде жылт-жылт балқып жатқан күміс құюлы кішкене бақырашта; жылқының тобығындай томпиған төс пен кішкентай ағаш балғада.

Сол екі ортада ауыл шетінен әлдене шу ете қалды. Ауыл-үйдің иті, бала-шағасы, қатын-қалашы айқайлап-ұйқайлап солай қарай жүгірді.

— Не боп қалды? — деп сұрады Юмаш ұстадан.

— Бидің Жәдік деген үлкен баласы былтыр жазда Уфаға базаршылап барып жүргенде, баяғыда бізге барымта жасағансың деп башқұрттар ұстап қалған. Ол әлі сол жақта жатыр. Артындағы әйелі екі қабат еді. Сол пақыр бес күн бойы толғатып ақ бағанға асылулы тұр. Ауыл арасының бақсы-құшынаштарының ем-домынан ештеңе шықпады. Содан мынау Батыр сұлтанның ұлысына біреулер Хиуадан дейді, біреулер Бұқардан дейді, біреулер Ғираттан дейді, әйтеуір жеті жұрттың

тілін білетін бір ғұлама келіп жүрген көрінеді. Ауру кісіге зікір салады, бала пішетін, кітап ашатын, бал жоритын — әйтеуір қолынан келмейтіні жоқ кісі деседі. Осы төңіректегі ғұзырлы, құсалы кісінің бәр солай қарай ағылып жатыр. Батыр сұлтанның үйінен аттап шықпайды деседі. Төлебай би үш күн қатарынан ат шаптырып алдыра алмаған. Талай жұртты: «Бойыңда бір шалық бар, не жын, не кәпір азғырып жүр. Әлде жуық маңда теріс оқулы біреу-міреумен табақтас болып па ең. Әлде соның аяқ ізі түскен жерге не табаныңның, не етегіңнің тигені бар ма? Не де болса, бойыңдағы шалық алладан емес, адамнан болған», — деп қарамай қайтарыпты. Әсіресе, осы байұлы мен жеті ру ауылдарынан барғандарға: «Сендердің қоныстарыңды бір кесепат жайлап келеді. Адамдарыңа ғана емес, малдарыңа да қауіп. Биыл бір сиыр дейтін жайлы жыл еді. Тоңың қатпай, тоғың басылмай шығатын жақсы жыл еді. Бірақ, соның да шырқы бұзылайын деп тұр ғой. Тұманы мен тұмау-сүзегі көп бола ма қалай? Қотандарыңа жұт емес індет тиеді ме, қалай?» — деп кергітін көрінеді. Жұрт: «Ойбай, жарықтық, көріп-тұрып қырасыз ба, ем-дом, дұға ішірткіңіз жоқ па?» — деп жалынса: «Бұл бір теріс оқудан болып тұрған пәлекет. Теріс оқудың дұғасын қайыру оңай емес. Не маған, не өзіңе қауіп болуы мүмкін. Теріс оқудың кесірі адал малдың қанынан кетпейді. Садақа шалып әуре болмаңдар. Ол үшін көне қабір көрсеңдер, соның шашы мен тырнағын қуырып, не қанын тамызып ішірткі жасап ішіңдер. Бір дауа болса, содан болады», — дейді екен. Төлебайға да ауылыңның маңында аруағымды құрыстырып тастайтын ібіліс ұялаған жер бар-ау деймін, кіріп келгеніңде-ақ екі жауырыным билеп қоя берді деп, теріс қарап кеткен екен, дегенмен мына азапқа түсіп жатқан бейшараны аяған шығар, келіпті ғой.

Юмаштың іші қылп ете қалды. Тобыл мен Уфа маңында өсіп, татаршадан аз-мұз хабары бар Костюковтың да зергердің әңгімесін тыңдаған сайын ылғи қызарып тұратын жіпсік көзі одан сайын әпірейе түсті. Бірақ, мына хабарға қорқып емес, қызығып отырса керек, «барайық, көрейік» дегендей, серігінің тақымын шымшылам бітті.

— Зердеке, онда біз де барып көрейік, — деді Юмаш.

— Көрік басып, күміс соққан кісіге ондай жерге баруға болмайды, өздерің бара беріңдер, — деді зергер.

Жан-жағы жал-жал шағыл шұқыр ойды ауызы-мұрынынан шығара шүпілдей қонған үлкен ауылдың күн шығыс жақ шетінде оңашалау тігілген Төлебай бидің отауларының қасы ығы-жығы адам. Бір жақтарынан кимелеп бұл екеуі де келді. Толғақ әйел отырған үй ішіне жүз сиырды қатар жіберіп сүзгілетіп қойғандай өз-өзінен бүлкілдеп тулап тұр. Біресе оң жақ керегесі, біресе сол жақ керегесі шатыр ете қалады, біресе шымырулы ши есігі, біресе түндігі желп-желп көтеріліп барып басылады. Біресе оң жақ үзігі, біресе сол жақ үзігі ырсиып сыпырылып келе жатып, қайтадан жалп етіп орынына түседі. Жұрттың бұл екеуімен ешқандай ісі жоқ, бәрінің көзі әлгінде ғана әулие адам кіріп кеткен ақ отауда. Соған еріп келген біреу болса керек, еңгезердей бұжыр қара ауызы жалпылдап әңгіме соғып тұр:

— Жарықтық кеше бидің шабарманы кеткен бойда орынынан қарғып тұрып, жер-көкке сыйып отыра алмады. Кешке дейін өзімен-өзі күбірлеп сенделіп жүрді де қойды, күннің қызылы бата сарнағаннан таң атқанша сарнап шықты. Мана сары таңнан тұрып алып: «Кешегі толғатып жатқан әйелдің қасында бұрын-соңды мен жолықпаған бір жаңа албасты тұр деседі. Шашы сары, көзі көк деседі, өзі ыржаңдап жәй күліп тұрып-ақ жұрттың қол-аяғын шырмап алады деседі. Менің перілерім кеше бесінде құлағыма сыбырлады: «Барма, барсаң қауіп», — деді. Бірақ, бармайын десем, аруағым қозып, сүйек-сүйегімді сырқыратып, отырғыздырмай барады. Не әлгі бейбақтың, не менің сорым шығар, барайын», — деді. Ауылдан енді ұзап шыға бергенде, құбыла бетке қарап: «Қайт, қайт!» — деп ақырды, жалынды, жылады, біраздан кейін басын шайқап: «Әй, осы сапарымнан аман қайтсам жарар еді, екі түмен перім бар еді, біреуі оң қолымда, біреуі сол қолымда жүретін еді. Оң қолымдағы түменді Әлбет деген пері басқарады. Ол айтқанын тыңдасам да, тыңдамасам да, қандай қауыпта да қасымнан табылады. Ал сол қолымдағы түменді Албат деген пері басқарады. Ол Әлбеттен гөрі қайраттырақ. Бірақ қайсар айтқанын тыңдамасаң «Шу, Қарақұйрық» деп тайып тұрады. Сонау құбыла беттегі қара жолдың басындағы ақ тозаңды көрдің бе, сол түменін шұбыртып, шақырғаныма қарамай, кетіп бара жатқан Албат, — деді. — Енді, бірақ, не де болса, шығып қалдық қой, барайық», — деді. Жолда қараптан-қарап ақ тер, көк тер боп терлеп келе жатты, мына бейбақты буып

тұрған албасты да тегін бола қоймас. «Бейшараның перзент жолын шынашағымен басып тұр екен, соған Әлбеттің әлі жете қойса, болар еді», — деп уайымдап келе жатты.

Ақ отаудың ішінен арсы-гүрсі дауыс шығады. Әйелде, бірақ, үн жоқ.

— Бейшараны албасты әлі буып тұр. Тіпті үні де шықпай қалды ғой, — дейді бір топ кемпір күндіктерін ысырып құлақтарын түріп.

Сол-ақ екен үйден басын маңдайшаға ұрып әлгі әулие адам атып шықты. Бет-ауызын тер жуып кетіпті. Басындағы сәлдесі шешіліп кеткен. Екі шалғайы ашылып кеткен. Орақ мұрынын жерге тіреп гүрс етіп жығылғанда қолындағы аса таяғы анандай жерге ұшып кетті. Бір қолында сүйек сапты ақ қанжар. Жығылғанда ұшып кетіп еді. Дәл қасына шаншылып кеп тұра қалды.

Жұрт жарыла жол беріп кері ығысып кетті. Әулие адам қара жерді қос қолымен бірдей төмпештеп әлі жатыр.

— Албат! Албат! — деп айқайлайды да, қара топырақты қарс-қарс асап шайнай жөнеледі.

Жұрт жағасын ұстап, кәлималарын қайырып тұр. Кенет әулие адам орынынан атып тұрды. Соңындағы құлаштай шұбалып жатқан сәлдесін лақтырып, әлдебір мақұлқаттардың кішкентай жіліктерін жыпырлатып тізе қадаған дөңгелек телпекпен қалды. Сосын кіршіксіз аппақ шұбалған матаны басына қайта орай бастады. Әр ораған сайын: «Мұнымен, сабырсыздық сенің аяқ-қолыңды матадым», «мұнымен, іштарлық сенің аяқ-қолыңды матадым», «мұнымен, көрсеқызарлық, сенің аяқ-қолыңды матадым», «мұнымен, дүниеқоңыздық, сенің аяқ-қолыңды матадым», — деп күбірлеп қояды. Костюков ішінен санап тұр. Мына кісінің бір басында алпыс құлаштай мата жүрген болды. Сосын ол тіктеліп отырып үстіндегі шапанын түзеді. Беліндегі кемер белбеуін алып: «мұнымен менмендіктің жолын кесіп, мейірімділіктің жолын ашам», — «мұнымен ашудың жолын кесіп, сабырдың жолын ашам», «мұнымен сараңдықтың жолын кесіп, салиқалықтың жолын ашам», «мұнымен надандықтың жолын кесіп, діндарлықтың жолын ашам», «мұнымен нәпсінің жолын кесіп, құдайға құлшылықтың жолын ашам», «мұнымен ашқарақтық-

тың жолын кесіп, қанағаттың жолын ашам», «Мұнымен әзәзілдің жолын кесіп, әулиенің жолын ашам», — деп жеті рет буып, жеті рет шешті.

Әлгінде ғана бақсы-құшынаш секілді алба-жұлба кісі қайтадан перуайлы пірәдарға айналды. Мойынындағы тоқсан тоғыз жиде тасынан өрілген таспиығын алып санай бастады. Әрқайсысына қолы тиген сайын бірдеңе сыбырлап қояды.

— Жарықтықтың молдалығы да мықты екен-ау! Алланың тоқсан тоғыз атын түгел біледі екен, — дейді бір шал қасындағы шалдың құлағына.

Қақ ортадағы бейтаныс кісі шарта жүгініп мүлгіп қалған. Сояудай ұзын кірпіктері кілгіріп, қаймыжық еріндері сып-сып етеді. Қолындағы дестенің шетіне шыға бастағанда кең танауы қусырылып, іші-бауыры тартылып әндете бастады.

— Иә ил-аллаһ ил аллаһ! — дейді ол күңіреніп.

— Иә ил алла! ил алла — дейді жұрт жапа-тармағай қосылып.

— Иә аллаһ, — дейді ол күңіреніп сарнап.

— Иә алла! — дейді жұрт қойдай маңырап.

— Иә һу! — дейді ол даусын созып.

— Иә ху! — дейді жұрт та ілесіп.

— Иә хақ! — дейді ол көзін ашып.

— Иә қақ! — дейді жұрт та жамырап.

— Иә һай! — дейді ол көзін ежірейтіп.

— Иә қай! — дейді жұрт басын иіп.

— Иә кәюм! — дейді ол жан-жағына алақтап.

— Иә кәюм! — дейді жұрт мүлгіп.

— Иә қаһһар! — дейді ол мойынын тіктеп.

— Иә қаһһар! — дейді жұрт көкіректеріне қолдарын апарып.

Әлгінде ғана жер тізерлеп мүлгіп отырған пірәдер бірте-бірте тіктеліп, жан-жағына жалтақ-жұлтақ қарай бастады. Қараған сайын бойы тіктеле түседі. Бойын тіктей түскен сайын жан-жағына алақтай бұрылғанын көбейтті. Мойыны көз ілеспес жылдамдықпен бұлғақтай бастады. Бүкіл тұла бойы қалтырап-дірілдеп қоя берді. Әлгінде ғана орталарында отырған қойдан қоңыр тақуа қайтадан қақшаңдаған құдіретке айнала бастады. Мойыны қалт-құлт еткен сайын қос қолын жұлып алып көзіне апарады, қайтадан жұлып алып тізесіне қояды. Екі көзі аларып, ойнақтап, тыным табар емес. Қаумалай қоршап тұрған жұртты шетінен ішіп-жеп барады. Сол

көзін алартқан күйі орынынан ұшып тұрды. Өз-өзінен шырқ айналып билеп кетті. Тұла бойы, үстіндегі киімі, басындағы сәлдесі түгел дірілдеп кетті. Қарсы тұрған жұртқа жер мен көк шыркөбелек айналып билеп жүргендей. Ортадағы кісінің басы айналар емес, ұршықтай үйіріледі. Ұршықтай үйірілген сайын әлгінде ғана сықитып ораған сәлдесі біртіндеп шешіле бастады. Шешіле-шешіле шұбалып жерге түсті. Сосын беліндегі белбеуі қараптан-қарап сарт етіп ағытылып жерге түсті. Үстіндегі жеңсізі желбірей-желбірей әуелі оң қолынан, сосын сол қолынан сыпырылып түсе бастады. Сосын анадай жерде шаншулы тұрған алмас қанжарды жұлып алды. Сол селк-селк билеген күйі аларған көзінің алдына апарып қатты да қалды. Ол тесіліп қараған сайын алмас қанжар оттың табына ұстағандай әуелі қарайды, сосын көгерді, сосын қызара бастады, бір уақытта әбден балқып төгіліп кететіндей болған кезде «пүп» деп түкіріп жіберіп еді, қызыл болат быж ете қалды. Сол шыжғырылып тұрған ыстық болатты далаңдаған шапанының бір шалғайына апарып тигізіп еді, бықсып күйе бастады. Күйген шүберектің исі мүнкіп қоя берді. Енді ол қып-қызыл қанжарға қайта-қайта тілін тигізіп жалай бастады. Ол ыстық қанжарға тілін тигізген сайын жұрт бір ышқынып қалады. Әулие қолындағы қанжарды ақ алмасынан аузына тістеп алды да, ақ боз үйдің шаңырағына бір-ақ қарғыды. Аузындағы қанжарды қайтадан қолына алып, күнге білеп, бақырып-шақырып біраз тұрды да, сарнай бастады. Өз сарнауына өзі қосылып билей жөнелді. Ол билеген кезде аяғы тиіп кеткен киіздің бәрі өз-өзінен сыпырылып түсе бастады. Ол болса қолындағы қанжарды ештеңеге тигізбей күнге білеп тұр. Ал ақ жұмыртқадай ақ отаудың барлық бауы қиылып түсіп қызыл ағашы жалаңаштанды да қалды.

— Албат! Албат! — деп билеген әулие әлі шаңырақта тұрды.

Ақ бақанға асылған боп-боз әйелде үн жоқ, екі көзі көкте.

— Албат! Албат! — деп әулие құбылаға қарай айқай салды.

Жұрттың бәрі құбылаға қарады. Ештеңе көрінбеді. Сол екі ортада шаңырақта тұрған кісі топтың ортасына қарғып түсіп, ауызы аңырайып тұрған Юмашты ортаға қарай сүйрелей жөнелді. Еңгезердей Юмаш қаңбақтай ұшып толғатып тұрған әйелдің алдынан бір-ақ шықты.

Әулие қолындағы қып-қызыл қанжармен Юмашты көк желкеден бір-ақ қойғанда шашын тықырлап алған ақ сары бас қара былғарымен қаптаған орыс құлақшынның соңынан жерге домалап бара жатты...

Ақ бақанға асылып тұрған әйел шыңғырып жіберді де інгәлаған баланың дауысы шықты. Сол-ақ екен, енді болмағанда топыраққа томп етіп түсе жаздаған бас ырсиып тұрған ауыз омыртқаға сарт етіп қайта орнай қалды.

Әулие адам сыртқа атып шықты да, белдеудегі атына қарғып мініп, қанжарын жалаңдатып:

— Айналайын Албат, айналайын Албат. Құлдығың болайын Албат! — деп бірдеменің соңынан қуып бара жатқандай, құйғытып шауып ала жөнелді.

Аңтарылып қалған жұрттың әйелдер жағы жаңа босанған келіншекке жүгірді, еркектердің бір қатары: «Шүйіншілеп!» Төлебайдың ақ боз үйіне қарай атанақтап барады, енді бір қатары Юмашты қаумалап алды.

— Апырай, аман қалдың ба?

— Аман болмай, маған не болыпты?

— Желкеңнен қанжармен шауып жібергенде қайттың?

— Оның бет-аузыма жақтырмай тыржиып қарағанын білем, желкемнен қолының қырымен қойып қалғанын білем, басымды бұғып қалғанда, қасымда тұрған оның күңірсіген тер исінің танауымды жарып кете жаздағанын білем, әйелдің шыңғырған даусы мен сәбидің шыр еткен дауысын естідім, басқа ештеңе сезген жоқпын. Тек мойыным әлі ұйып тұр, — деді Юмаш.

Жұрт оның сөзіне сенер-сенбесін білмей, жалт-жалт қарап тарай бастады.

Бейсаубат екеу ауылдың шет жағындағы зергердің үйінің белдеуінде қалған аттарына мініп қостарына қайтты.

Өз көздеріне өздері сенбеген аң-таң ауыл соңдарынан аңырайып қарап қалды.

Юмаш пен Костюковтың айтып келген хабарына орыс елшілігі қатты дүрлігісті. Башқұрттар мен орыс солдаттары екеуіне көрген білгендерін қайталап айтқызып, бастарын шайқасумен болды. Сол екі ортада-ақ Әбілқайырға шабарман келіп жетті. Хан елшілікке барып екі жігіттің хабарын өз құлағынан естіді. Екеуі де көздері атыздай болып әбден қорқып қалыпты. Әсіресе, елшіде зәре жоқ. Сонда бұл қалай болғаны? — деп бұған жалтақ-жалтақ қарай береді. Бұл

не десін, басын бір шайқады да шығып кетті. Аанадағы Нияз айтып келген әңгіменің астары енді белгілі болды. Орыс елшісінің терісін тірідей сыпырып алып, қанын инемен шабақтап сорып алу керек деген әңгіменің де қайдан тарап жүргені енді белгілі болды. Әлгі қаңғырманың сәлде орауына, жүріс-тұрысына қарағанда Хиуадан келген дәруіш сияқты. Хиуаның Бекташ дәруштері ғана әрі пірәдар, әрі бақсы болып келуші еді. Ендеше, оны Хиуаның ханы жіберіп отыр. Аанада бұнын жіберген елшісіне «мақұл» деп еді, онысы, әншейін, шығарып салма әңгіме болды. Бірақ, оны істеп отырған өзі дейсің бе? Әлгі инактары¹ шығар. Сол пәлелер-ақ бұның арғы пиғылын алдын ала біліп қойғандай, қай айласының да күл-талқанын шығарып келеді. Көңіліне осындай ой қашқаннан Хиуаны да өз ықпалында ұстайын деп, баяғы орыстың елшісін өлтіретін Шерғазы ханды ғұламдары² у беріп өлтіргесін, орнына інісі Мамайды апарып таққа отырғыздырып еді, дәл сол күні жұма намазға бара жатқанда аты тулап, өлтіріп кетіпті. Қаңғалақтаған неме қандай ат мініп келе жатқанымен де шаруасы болмаса керек. Қайғылы хабарды естірте келген Ешмұхамбет биге айтып, осы Батыр сұлтанды хан қылып сайлатқызып еді, жарты жылдың ішінде қол астындағы халықтың көңілінен шыға алмасын біліп, басы аманда құтылайын деп, бір күн түнде қорғаннан арқан ұстап салбырап түсіп, елге қашып келді. Оның артынан хан қоюға қазақ арасынан төре іздеп келген Ешмұхамбет би мен Жұмақұл аталыққа осы күнгі Жолбарысты ертіп жіберген-ді. Жолбарыстың қызы бұның екінші баласы Ералыға айттырулытұғын. Енді, міне, Хиуаны ашса алақандарында, жұмса жұдырықтарында ұстайтын инактар мен ғұламдар бұның құдасын да қолға ала бастағаны ғой. Иә, олар орыстың жақындағанынан қорқады. Бүгін қазақ даласына кеп ат басын тіресе, ертең Хиуадан бір-ақ шығарын біледі. Хиуадан шықса, баяғы Дәулеткерей бектің кегін өліп қалған Шерғазы ханнан емес, оның қолымен от көсеп, әлі тірі жүрген өздерінен қайтарарын біледі. Сондықтан да, қазақ ханының патшаға өз еркімен бағынам деген әңгімесін олар қайдан жақтыра қойсын. Бір кезде өздері былғанған қара қанға

¹ Инак — Хиуа хандығында ру басшыларына берілетін атақ. Инактар ханды өздері тағайындап, өздері орнынан алатын болған. Олар Хиуа мемлекетінде ең ықпалды топ болып есептелген. (Ә.К.)

² Ғұлам — Шығыс сарайларындағы арнайы әскер сарбаздары.

енді қазақтардың қолын малмақ қой. Сонда тапқандары Батыр сұлтан боп шықты. Сұлтанның сонда бір кезде өзі қашып кеткен таққа қайтадан жемсауы бүлкілдей бастағаны ма? Әлде... Әлде... Батырды айдап салып жүрген хиуалықтар емес, оларды айдап салып жүрген осы Батырдың өзі болмасын. Оған қазір Әбілқайырдың тасының өрге домаламағанынан басқа не керек! Арам пәле Әбілқайырдың биыл неге бұлай қарай жылысып кеткенін байқап қалған болды-ау. Егер қазақ арасы бүйтіп ырсия берсе, Хиуа ханы мен қарақалпақ ханын азғырып, ант қағазға қол қойғызып, ақ патшаның елшісін аман-есенінде қалмақ ұлысына жеткізіп салмақ еді. Сөйтіп, өзінің ақ патшаға деген пейілінің дұрыс екенін білдіріп, оның болашақ шапағатынан бір өзі ғана дәметпек еді. Егер орыс мемлекеті ақыр түбі мынау өзіне қоңсы жерлерге бәрібір қол салатын болса, оның алдында көшкен Батыр сол ойын біліп қап: «Мына орыстар сендерден өш алғалы келе жатыр» — деп хиуалықтардың шабынан түртіп жүрген болды ғой. Хорезмдегі көп хазірет: «Олай болса, атасы мұсылман ғой, қазақтардың өзін айдап салайық!» — деп әлгі ала бүлігін осында жұмсаған ғой. Оның бұл жарапазанынан бірдеңе шығар-шықпас, бірақ, бүйтіп аңыс аңдып тым-тырыс жүре беруге болмайды екен. Ол немелер ертең қарақалпақтың да ауызын теріс айналдырып қойса, істің арты насыра шабады емес пе?! Ол үшін не істеу керек?

Батыр орысқа бағынуға қарсымын деп те, жақпын деп те айтқан жоқ қой. Ендеше соның өзіне күш салу керек. Ақ патшаның елшісі: «Бір кезде Петр патшаға хат жазған Қайып ханның баласы бар деп еді, қайда жүр?» — деп сұрап жатыр десе, баққұмар неменің аяғы салақтап өзі-ақ жетіп баруы мүмкін-ау! Өйтсе, аузынан қағынып, қазіргі одақтастарының алдында бетіне шіркеу түседі. Ал, оған илікпей қойса, ақ патшаның елшісінің алдында өз бетін өзі ашып алады. Әбілқайыр үшін оның екеуі де пайда? Егер ақ патшаға ант беріп жатса, қарақалпақтардың қолындағы тұтқын башқұрттарды босатып әкелуге соны жұмсатады; орыс мемлекетіне адал қызмет атқарар, атқармасы сонда белгілі болады. Өйтіп Батырдың өз қолымен өзін матаудың сәті түссе, мынау Кіші жүз арасындағы толқудың да ініне өзінен өзі су құйылар еді. Орта жүздегі Жәдік тұқымына да «неміз кетіп бара жатыр» деп ат шаптырып көруге болар еді. Не

де болса, көңілі ыңғайлас билерді тағы бір жиып ақылдаспаса болмайды екен? Аңадағы Дәуімбай биден хабар болмай кетті. Таймасты көп ұзатпай босатып алмаса, орыс елшісінің ана жолғы райынан айнып кетер түрі бар.

Әбілқайыр дереу Бөкенбайға, Есетке, Құдайназарға, өзіне жақтас билерге ат шаптырды.

Араға бірер күн салып шақырылған билердің бәрі жиылды. Әбілқайыр оларға Батырдың ауылында Хиуа адамы бар екенін, оның ел арасына уағыз таратып жүргенін айтып берді. Оны билердің көбі біледі екен. Көпшілік Әбілқайырдың айтқанын қостады. «Бұған елші қалай қарайды?» — екен деп, Бөкенбайды сөйлестіріп көріп еді: «Өздерің білесіңдер ғой!» — депті. Жұрт Батырға Бөкенбай мен Нұралы сұлтанды жұмсайтын болып келісті.

Бөкенбай мен Нұралы Батырдың ауылындағы әулиені қоңсы ауылдардан біреу-міреу шақырта қоймас па екен деп хабар тосты. Батыр сұлтанның үйінде отырған мейманның дегенінен шыға алмай қалуы әбден мүмкін еді. Ал, ол жоқ болса, ақ патшаның елшісі Қайып ханның баласын іздетіп жатыр деген хабарға қолқ ете қалуы ғажап емес-ті. Бұл іске Әбілқайырдың араласы барын сездірмей, оның еркінен тыс болып жатқан шаруа қып көрсеткендері жөн. Сонда ол: «Қап, бәлем, солай ма екен? Сендер қанша көз тасаға тықпалап баққанмен, ақ алмастың сынығы қап түбінде жата ма!» — деп, Әбілқайырды мұқату үшін-ақ атқа қонады.

Бір апта бойы шектілер ауылынан хабар тосқан Бөкенбай батыр мен Нұралы сұлтан келген пірәдарды шөмекей ауылдары шақыртып кетті дегенді естіп, сол бойда салып ұрып жетіп барып сұлтанның үйіне түсе қалды. Нұралының дымы ішінде боп, Бөкенбай сөйледі.

— Ал, сұлтан бізден бір ағаттық болыпты. Ақ патшаның елшісі Әбілқайыр ханның маңында баяғы Петр патшаға хат жазатын Қайып ханның баласы жайлайды деп еді. Оған хабар тимей жатыр ма, неге ат ізін салмайды деп сұрағаны. Біз: «Ойбай, ол сұлтан баяғыда алдыңыздан шықты ғой!» — деп едік. Ендеше, неге жөндеп таныстырмадыңыздар. Мен білмей қалдым ғой!» — деп ренжіді.

Мәмбет мырза күнде-күнде құлағымызды қажай берген соң, мына сұлтан екеуміз соның «келіп кетсін» деген сәлемін әкеліп отырмыз.

Алпамсадай қара торы сұлтанның дөң маңдайы жалтырап қоя берді. Бірақ, бет-ауызы белдей неме

алақандай ала көзін жарға өскен қарағандай қалың біткен жүндес қабақтың астына жасырып томсырайып отырып алды.

— Қайыпты керек қылмаған ақ патшаға Батыр керегіпті дейсің бе? Сондай бір сұлтан бар еді, шақырып сөйлессеңіз қайтеді деп жүрген өздерің шығар.

— Жоқ, елші тек бізге ғана емес, сізге де өкпелеп жатыр. Орыстың талай елшісін қабылдаған аталы тұқымның ұрпағы бола тұрып, өздерің талай сый-сияпат көрген ақ патша сарайының алыстан келген өкіліне арнайы кіріп сәлемдесіп шығуға да жарамағаны ма деп әлденеше рет айтты. Енді бармасаңыз не ойлап қалатынын кім біліпті. Әңгімесіне қарағанда сіз оның ат басын тіреп келген екі кісісінің бірі сияқтысыз.

Сұлтан біраз сазарып отырып:

— Жарайды, ол мырзаға да өкпеміз жоқ емес. Бірақ барып айтайын, — деп атына мініпті.

Түс қайта елшінің үйінің іргесіне ат байлап, есігінен аттамай жатып:

— Ақ патша біздің қазақтай ұлы табан іргелі жұртқа жөн білмейтін, жосық білмейтін ноқай кісіні елшілікке жұмсамайтын шығар деуші едік. Әлде ауыл арасының ақ сайтаны араласты ма екен? Сіз келгелі қостың сыртына шығып, ат мініп, мал қарап жүрген кез келген май тымақты қол бұлғап шақырып алып, иығына шапан жауып, қолтығына сыбаға қыстырып жіберіп жатыр деп естиміз. Мына Кіші жүздегі тізгін ұстап отырған екі «Арқар» ұрандарының біреуі ғой деп, өзімді сыйламаса да, Петр ағзаммен хат алысып тұрған әкем Қайып ханның аруағын сыйлап, мені де шақырып, ықлас білдіретін шығар деп біраз тостым. Мәмбет мырзаның, ең болмаса, өлі-тірімізді білгісі келетін сыңайы көріне қоймады. Сосын мына балдызым мен Бөкенбай батырға: «Соның өзі неғылған неме. Әуселесін көрейік, апарыңдаршы!» — деп әдейі өзім еріп келіп отырмын, — депті.

Бұндай сөз орыстың елшісінің көңілінен онша шыға қоймаса керек. Ол да жүзін жылытпай тымсырая сөйлепті.

— Сұлтан, жөн білместіктің қайдан болып жатқаны, кімнен болып жатқаны бір тәңірдің өзіне аян шығар. Әлгі сіз айтқандай іздеп келіп алапа алып жатса, қара алып жатқан шығар. Ал өздеріңдей жөн көрген, жосық көрген ақ сүйектер алыстан келген өзіміздей асыл нәсіл

алтын таждың өкілі ғой деп өздері ықылас білдіріп, төрлерін көрсетіп жатыр. Содан да ма, Батыр сұлтан осы ұлыстағы ханнан кейінгі жолы сыйлы кісі еді, іргесіне келіп айлап жатқанда, кіріп-шықпағаны тегін емес шығар, бірақ, өзім іздеп барсам, алтын тажды падишаның басын кішірейткен болармын, алдыма шақырып ап, сый тартсам, асыл сүйек сұлтанның басын кішірейткенім болар, әлі күнге келмегені не менің өзімді, не мені елші қып жұмсап отырған алтын тақты менсінбей, әдейі көзге ілмей отырғаны шығар деп, қолға ұстай келген азғантай сый-сияпатымды жұмсап қойып едім. Қап, ыңғайсыз боп қалғанын қарашы, — депті.

Батыр сұлтан қанша атасын бұлдап, астамсып сөйлегенімен тап осы арада аяғынан шалдырыпты. Ата-баба, аруақ, тек деген де алысқа қыстатып қойған малың сияқты ғой. Санын айтып, айбарымен қорқытпасаң, керек кезінде табыла бермейді. Ал, ақыл деген жарықтық, керек жерінде орынымен жұмсай қоятын, қолға ұстап отырған қоңыр қошақаның секілді. Бірақ, батыр сұлтанның ол жағынан іргесі тым жұтаңдау еді. Соны бірден сездіріп алыпты.

— Бәлкім, басқа жұрттардың салты солай болса солай шығар. Бізде ондай салт жоқ. Мейман кісі келе жатқан адамының көңілін елеп, өзі кәделей келетін еді, — депті.

Ұялған тек тұрмастың кері ғой. Соны түсініп қалған елші көзінің астымен Бөкенбайға қарапты. Бөкенбай мен Нұралы желкелерін қасыпты.

— Ақ патшаның өзін сыйлаған кісіге сыйы да, қошаметі де, тарту-таралғысы да жетеді. Бірақ, жер-аяғы алыс. Қыстың көзі қырау. Көп ештеңе әкеле алмап едім, — деп, Тевкелев сандығын ашып, елу сомға мөлшерлеп, алдын ала өлшеп-кесіп қойған бір бума матаны сұлтанның алдына тастайды. Батыр оған еңкейе қоймайды. Мейманының қабағын байқаған елші тағы да сондай бір бума тастайды. Сұлтан сонда барып еңкейіп:

— Әбілқайырдың үйіндегі ханымға ақ патшаның өзі киетін қамқадан көйлек әкеліпті деп естідік. Ол төренің қатыны болса, біздің әйеліміз төренің қызы, мынаның ішінде оның неғып сыбағасы жоқ, — депті.

Елші тағы да сандығына еңкейіп бір көйлектік қамқа тастапты. Сосын Нұралы сұлтанға қарап, оған да елу сомның матасы мен бір көйлектік қамқа тастапты. Жас сұлтан оң қолын кеудесіне апарып, басын иеді.

Екі сұлтан жер тізерлеп құранға жүгініп, ант қағазға қол қояды. Батыр сұлтан патшаға жылына мың түлкі, мың қарсақ, ханзада — мың түлкі жасақ төлеп тұратын болып уәде береді.

Батырдың елшіге барғанынан, елшінің Батырдың келгенінен қандай қанағат алғаны белгісіз, ал әлгі хабарды естігенде Әбілқайырдың арқасы бір жазылып қалды. Баяғыдан бері мына даладағы талай жұрт «ол қайтер екен» деп жалтақтап қарап отырған бір адамы Батыр орыс елшісіне өз аяғынан барып ант беріпті деген хабар тек Кіші жүзге ғана емес, күллі қазаққа тарап кетеді. Күні кеше ақ патшаның елшісіне илікпестей болып отырған талай-талай ру басыларының көңіліне ой түседі. Басқаны қойғанда, осы уақытқа дейін Қара мен Бәйімбеттен басқасы тырп етпей отырған алты шектінің мына хабарды естігесін қайтетінін көру керек. Аңадағы Дәуімбек байдан да хабар шықпай кетіп еді. Сырлыбай мықты болса, енді шыдап көрсін. Ұлыс бегінің өзі кеп ант бергенін көріп-біліп отырып, қалай тырп етпей қалар екен. Бұрын тек батырдың қас-қабағына аңдап қолы байланып отырған алты шекті енді Сырлыбай мен Бәбиге бола ошарылып қала қояр дейсің бе?

Тевкелев үшін бұған дейін Батыр сұлтанның келмей жатқаны қандай жұмбақ болса, мына келіп-кеткені де сондай жұмбақ күйінде қала берді. Сонда пәлен айдан бері қырын қарап жүріп алғанда не бітірді? Енді өз аяғынан салақтап келіп ант бергенде не бітірді?

Елші Батыр сұлтан ант беріп кеткесін үш күн бойы ойланып осы бір қарапайым сұрақтың жауабын таба алмады. Қанша ойланса да тіліне:

— Қызық жұрт! — дегеннен басқа сөз түспей қойды.

Ант қағаздағы күміс мөрлердің күйелеш-күйелеш іздері мен бармақтардың табына қарап отырып күліп қойды. Қойылған қолдың саны жетпіске жақындап қалыпты. Бір-ақ, мынау бүгін күлкі, ертең түлкі болып сынаптай сусып отырған халықтың қай қылығынан пәтуа табарсың. Олардың өздерінде не пәтуа тұр, сөздерінде не пәтуа тұр...

Осындай бір дұдамал ойлардың құшағында отырып басы қатып кеткесін бір ауық сыртқа шығып таза ауа жұтып қайтайын деп табалдырықтан енді аттай бергенде... Өз көзіне өзі сенбеді. Аңадай жерде қауқылдасып он шақты атты келеді. Алдыңғы

жақтарындағы екі баран аттың бірі жуырда ғана келіп кеткен Дәуімбай да, қасындағы... Таймас. Алпамсадай Таймас қу таяқтай болып қалыпты. Аनाдайдан ырсиып күліп келеді. Екеуінің соңында он шақты атты. Бәрі де таралғыларын үзіп жіберетіндей шірене тебініп-тебініп алыпты. Қақ ортадағы көк ала аттың үстінде дөңкиіп отырған әлгі аты шулы Сырлыбай болмасын. Қалған жұрттың бәріне төбелерінен төніп шекелеуі жаман екен. Басында құлағы салпақтаған түлкі тымақ. Үстінде бурадай қасқыр ішік. Желсоқты томпақ жүзі қызыл мақпалдай боп күреңітіп тұр. Томаға көзі өңменіңнен өте қарайды. Қайта, ат үстінде жинақы отыра ма, еңгезердей денесі тап онша көзге шалына қоймап еді. Үйінің желкесіне кеп дүңк етіп түсе қалғанда қол-аяғы серейген көк сұр ат оның емшегіне зорға жетіп тұрды.

Тевкелев әшейін сәлем мезірет жасап салқын амандасты. Меймандар үйге кіріп төрге озды. Таймас елшімен құшақтасып көрісіп, көрші үйдегі серіктеріне кетті.

Жұрт жайғасып болғасын Дәуімбай сөз бастап меймандармен таныстырды.

Тевкелев Таймасты өздері біліп босатқандарына рақмет айтып, келген кісілерге бір-бір орам көк шұға сыйға тартты.

Манадан бері қақ төрде мұрыны қолақпандай боп қақырайып отырған Сырлыбай шаңқ ете қалды.

— Әй, Дәуімбай, — деді ол. — айт мына ноғайыңа... Бұл неме біз келгенде неғып тауыққа жем шашқандай шөпектей қалған. Ана сандығына қолын батыра түссе, түбінде шаян жатқан жоқ шығар, шағып алмас. Қасындағы мынау жуынды ішіп семіріп, есірген башқұрттардың бұдан үш жұма бұрын немере інімді өлтіргенін ұмытып қала қойды дейсің бе? Қазақтың санда жоқ жаны, санатта жоқ азаматы болмайды. Қанға қан, жанға жан деп бір башқұртын ұстап алып, ертең қырқын беретін күні қаралы ошақтың басына апарып, маңдайын құбылаға қаратып, кеңірдегінен шалып, қара қанын шашайын деп едім, бәрің кеп «әке-көкелеп» қолыма жабыстыңдар. «Шырық бұзса, солар-ақ бұзсын, біз ертең елдің бетіне шіркеу салмайық», — дедіңдер. Ағайын ғой, жаман болсын деп тұрған жоқ шығар деп айтқандарыңды қылдым. Сондағы жасаған жақсылығымның қиуазы мынау бес елі көк шүберек болғаны ма! Қазақтың бетіне шіркеу түсірмеймін деп, қағынды алып қарайған

жүрегімнің жарты қанын жерге төгіп, қолыма түсіп тұрған қандықол қарақшыға кешірім жасап, кеңпейіл болғанымда, ертең, ең болмаса, иығым жарқырап бармайтын болса, елге не бетімді айтам, Ойбай-ау, ағайын екен десем, өңшең жау ма едіңдер, түге! Бүйтіп жерге қаратып шығаратын жерге бастап әкеліп, Дәуімбай, менде немене, ала алмай жүрген өшің, қайтпай жүрген кегің бар ма еді! Тіліңді алдыра алмайтының бар, шарғаң жетпейтін жердің дау-шарына неге араласасың?!

Тевкелев ләмим үндеген жоқ. Сырлыбайдың алдына тағы да елу сомның матасын тастады. Дәукес бидің әлгіден гөрі жүзі жылыын деді. Бірақ әлі де көңілінің бір ортасы бардай мырс етіп қойды.

— Пәлі, бұларыңды мен ана жақта қанды қол қарақшыны аяғынан тік бастырып апарып, он екі жілігін, отыз омыртқасын, қырық қабырғасын саудыратып түгел санап бергенде қолтығына не қыстырып қайтар екен деп жалаңдап жолыма қарап отырғандарға таратып берем ғой! Сонда менің өзім ше... От төсеп, оқ көсеп жүргенде иінім құрап құр қол барам ба? Маған берсең, ана үстіңдегідей асыл жағаңнан бер. Көк ала шүберекті жұрт сенен туғанынан айырлып бауыры күймей-ақ «ассалаумағалейкүм» — деп алдыңа кіріп шыққаны үшін де киіп жатырған көрінеді ғой...

Елші үн-түнсіз орынынан тұрды. Беліндегі деңмент белбеуін шешіп бидің алдына тастады. Сосын алқызыл мауыты шекпенін шешіп, иінінен бір сілкіп, әлгі белбеудің үстіне тастады. Сосын күрең барқыт бешпетін шешіп ұсынды.

— Пәлі, баяғыдан бері осылай істемедің бе? — деді Сырлыбай алдындағы үйіліп жатқан дүниенің бәрін өзіне қарай ысыра тартып.

Сақал-мұрты селтиген дәукес бидің қызара бөрткен жалпақ беті біреу майлап кеткендей аяқ астынан жылтырап қоя берді.

— Иә, деймін-ау, мұндай мәрттік жасап тұрып, не қара айдап қайтпасам, не жаға киіп қайтпасам, ертең кім көрінген көзіме шұқып жүргізбейді ғой.

Сол екі ортада есік түріле ашылып:

— Ассалаумағалайкүм, — деп бір топ кісі сау ете қалды.

Қақ алдарында — Әбілқайыр хан, орталарында қалмақ тымақты қысық көз біреу, он бес шақты ақсақал-қарасақал кіріп жетіп келді.

Төрде отырғандар оң жаққа қарай ысырылып кейін келгендерге орын ығысты. Амандық-саулық сұраса келгенде ханның қасындағы Шерін Дөндіктің елшісі болып шықты. Орта жүздегі Сәмеке ханға барады екен. Жолдағы байұлы ауылдарына қонған екен, олар орыстың елшісі келіп жатыр деп, Әбілқайырға әкеліпті. Әбілқайыр мынау дәукес билер аттанып кетпей тұрғанда, үстерінен басайын деп осында ертіп келіпті.

Мынау бейсаубат қонақ қалмақтың елшісі дегенге жұрт ошарыла түсті. Мейманның шешініп, амандық-саулық сұрағанына да мұрша бермей, жан-жақтан сұрақ жаудыра жөнелді. Бәрінің білгісі келетіні — қалмақтарға орыс патшасының қандай жақсылық жасап отырғаны. Шерін Дөндіктің елшісі бар өнерін салып бақты. Оның айтып отырғандарының мынау Әбілқайыр мен Бөкенбайдың айтып жүргендерімен дәл келгеніне көбісі-ақ таңғалып отыр. Әңгіменің бас кезінде қалмақ елшісінің сөзінен өтірік тапқысы келіп, аяқтан шалып мұқатып, кекеп-мошқап баққан кер ауыздардың да бірте-бірте мысқылшыл мысық мұрттары салбырап, көздеріне жылт қаша бастады.

— Не десеңдер де, өздерің біліңдер. Бәріңнің де естіп-көрген жерлеріндегі екі үлкен сулы дарияның көк шалғынын ар жағындағы шеркестер мен ноғайлар, бер жағындағы башқұрт, қазақ, түрікпендер ақ патшаның айбынынан ықпаса, бір уыс қалмаққа бір күн жайлатар ма, — деді Шерін Дөндіктің елшісі.

Мынандай аталы сөзге манадан бері саудырап отырған қазақ билері ештеңе тауып айта алмады. Оған Әбілқайыр мен Тевкелевтің айызы қанып отыр.

Қазақ билері үйден үн-түнсіз шығып, аттарына үн-түнсіз мінді. Аттарының сауыры бұлт-бұлт етіп ауылдың сыртындағы қара жалдан асып кеткенше үй сыртында тұрған Тевкелев сол бір жиектен әрі асып жоғалып жатқан көп елеске қарап талай ойдың басын шалды.

Әлгінде ғана өз төрінде болған оқиға көз алдында тұр. Сонда бұл дәукес Таймасты осынша уақыт әлгі қос уыс шүберекке бола ұстағаны ма? Әлде, қанша дегенмен, ақ патшаның кісісіне қол көтеруге жүрегі дауаламады ма екен? Ендеше, оны тапа тал түсте көшке тиіп неге тартып әкетеді? Бұның бәрі ар жағында ешқандай есеп, ешқандай астар жоқ, ойына не келсе,

соны істейтін пәтуасыз жұрттың әншейін бір шәлдуарлығы ма?

Талайды көрген тарланбоз елші басымен осы жұрттың-ақ құлқына түсіне алмай қойды. Сонда бұлар мұндай қиқарлықты нелеріне сеніп істейді? Әлде бұнымен де, елшілікпен де ешқандай шарусы жоқ, тек Әбілқайырдың беделін түсіру үшін істей ме? Не де болса, бұлар тап баяғыларындай шалқая алмай тұр-ау! Анадағы қызыл көз сұлтан да тегіннен-тегін келді дейсін бе? Орыс патшасынан қоқан-лоқымен ештеңе шығара алмасын білген шығар. Бір айдан бері ақ патшаның адамын тұтқын қып ұстап отырған әлгі қиқардың да оп-оңай иліге қалуының ар жағында бір сыр бар ғой. Не де болса, мұның бәрінің төңіректен тосын хабар іздеп, елендесіп отырған құрқұлақ жұртты бір шайқалтып өтері хақ. «Істің бағыты тап анау айтқандай жаман емес қой», — деп түйді Тевкелев ішінен. Іс бір оңалайын десе осы-ау! Әлгі дәукес бидің үстіне қаңғалақтап мына қалмақтың келе қалғаны қандай жақсы болды? Өзі бір бедірейіп айтқанынан қайтпайтын пәле екен! Оның жаңағы сөздері ертең-ақ талай жалба тымақтың ауызында жүреді ғой...

Тевкелев анау дөңкиген-дөңкиген қара жалдардың ар жағында не болып, не қойып жатқанын енді ұғайын деді. Бақса, әнеукүнгі Құдайназарға еріп келген отыз бидің де, бүгінгі Сырлыбайдың да келісі тегін келіс болмады. Қазір билердің көкірегіне анадағыдай емес бір күмән орнай бастағандай. Екі жақ құлақтарынан екі түрлі уағыз айтып сарнаған кереқар екі топтың қайсысына иланарларын біле алмай жүр екен ғой. Әбілқайыр мен Бөкенбайдың «жылы сөйлейік», «көңілін аулайық» деп неге қақсай беретіндерінде де бір мән бар боп шықты. Иә, мұндай жағдайда «ант берсеңдер бергендерің, берсеңдер, бере көріңдер деп жалынбаймын», — деп қол қусырып қарап отырып алуға болмайды екен. Мынау ұшан даладан Россияға қазақтардың бағынамыз деп қол қойған сары ала қағазы ғана қайтара алатынына көзі енді жете бастады. Сол қағаз қолға түскенше, не көрсе де, шыдап бағуы керек.

Түні бойы Шерін Дөндіктің елшісімен сөйлесіп шықты. Сөйтсе, Әбілқайыр төңірегінің қазір бүйтіп селдіреп қалуы тегін емес көрінеді. Кейінгі жылдарда талай шайқастарда жеңіске жетіп, үлкен абыройға ие болып жүрген бұл ханға қазақ сұлтандарының атарға

оқтары жоқ дейді. Әсіресе, Жәдік тұқымы сұлтандарының жұлдызы қарсы екен. Олар Әбілқайыр ұлысында отырған Батыр сұлтанды да өз жақтарына шығарып алуға жанталасып жатса керек. «Батыр сұлтан Әбілқайырдың немере қарындасын алып отырғанмен, жеті бабасынан жауласып келе жатқан тұқымдар ғой, іштері жыли қояр дейсің бе?» — дейді.

Қалмақ елшісінің әлгі сөзінен кейін Әбілқайырдың сұп-сұр маңдайындай боп сазарып жатып алған мынау салхар сахарадағы саясат деп аталатын көзге көп көріне бермейтін қан тамырларының лүп-лүп соғысын анық аңғара бастағандай.

Мына қалмақтың келгені бұның біраз нәрсеге көзін ашып берді. Ханның мынау итарқасы қиянға неге әкеліп отырғанына да енді түсінгендей. Арал теңізінің шығыс бетіндегі жылдағы қоныстарына қыстаса, көршілес Батыр ұлысына ат құрғатпай қатынасып тұратын Жәдік әулеті төрелерінен ши шығып қала ма деп қорыққан ғой. Бірақ, Батыр да ханның сол ойын байқап қалып, үйреншікті қонысына қонбай теңіздің теріс бетіне қыстап отырған көрінеді. Әбілқайырдың тағы бір ойлағаны — егер істің арты насырға шауып бара жатса, елшіні Уфа арқылы қайтармай, Бөкенбай, Есет ұлыстары арқылы қалмақ асырып жібермек екен.

Әй, бұл күлмес ханның білмейтін пәлесі бар дейсің бе? Қалған сұлтандар осындай найза бойламас сұмдығына бола жек көреді ғой, — дейді қалмақ елшісі.

Ол Тевкелевтің көптен бергі бір уәйімсіз тыныш ұйықтаған түні болды.

Желтоқсан ортасынан ауып барады. Күз бойғы тері былау жіпсік жауыннан дымқыл жатқан қара жер екі-үш күн қатарынан күн батыстан қадалып тұрып алған шымыр желден дыңылдап қатты да қалды. Хан ауылы іргелеріне белуардан топырақ үйіп көмді. Оны көріп елшілік те үйлерінің іргесін көме бастады. Жұрт түйе жығып, тай жығып теңкитіп-теңкитіп қой үйтіп әбігер. Қан-жынға тойған иттер ауыл айналып шапқылайды да жүреді. Бастарына шаңырақтай ғып ақ жаулық ораған, қақырайтып сәукеле киген бәйбішелер атан түйеге жазы салып, сыртын ақ шаңқан өре киізбен қоршап, жасы үлкен, жолы үлкен ауылдарға соғым сыбаға тасып, табандарынан таусылып бақты. Әсіресе, хан ауылы күні-түні жиын. Тай жетелеп, үйіткен қой өңгеріп келіп жатқан бір жұрт.

Иығына түлкі ішік жамылып қақ төрде шаншылып отырған хан ант берген ауылдардың адамдары келгенде:

— Биыл ортамызда мына сый қонақ бар. Сол соғым сыбағадан құр қалып жүрмесін, — деп ескертіп бақты.

Тай жетелегендер мен қой өңгергендер елшілікке де шұбыра бастады.

Әбілқайыр жылы тонға оранып ап көп ойланатынды шығарды. Кейінгі кезде жер бетіне қатқан тоң ептеп жіби бастаған сияқты. Аанадағы Хиуадан келетін қақсауықтың да үні өшкен. Батыр сұлтан ұлысына қайтып барғасын тұяқ серіппей жатып алды. Қарындасының жылда осы уақытта әкесі мен ағасына сыбаға жіберетіні бар еді. Биыл ондай мезірет көрсете қойған жоқ. Аанадағы Бөкенбай мен Нұралының барғаны оңай тимесе керек. Егер елші үн-түнсіз жатып алса, ол не айтып, не көкісе де айыбы жоқ ауызына да, қолына да ешкім тыйым сала алмас еді. Ал, енді «Патшаның елшісі сізді іздеп жатыр», — деп барғанда тырп етпей жатып алуға сабыры да, тәуекелі де жете қоймасы белгілі. Сабыры жетпейтіні. — шүлен тартатын жерден құр қалып көрмеген сорлы басы кім көрінгенге көк мандала шекпен таратып жатқан сахи елшінің сыбағасынан қалай бас тарта алсын! Оның үстіне әкесі Қайып ханның аты аталғасын даңғой неме ондай иығың өсіп қалар жерді неге қаза жіберсін! Тәуекелі жетпейтіні — ақ патшаның елшісі өзі ілтипат білдіріп отырғанда илікпей қойса, ел ішіндегі бүліктің бәріне өзі мұрындық болып отырғанын мойынына алғаны болып шығады. Батыр өйтіп ақ патшамен ашықтан-ашық жауласып өле алмай жүрген жоқ. Ол жұртты айдап салып, сырттан қызықтап, әзір аңыс аңди тұрғысы келіп еді. Бөкенбай мен Нұралының алдарынан өткені ол ойын да күл-талқан етті. Енді ол өзі айдай жұрттың алдында ақ патшасының елшісіне барып, қолын алып, құран ұстап ант беріп отырып, былайғы жұрттың бұрынғыдай құлағына салып жүрген қызылкөздердің тентектеу жағы: «Бұдан мал шықпас», — деп күдерлерін үзсе, солқылдақтау жағына: «Өзің ант бердің ғой, бізге не қыл дейсің», — деп аунап шыға келуге жақсы болды.

Ақ патшаның елшісінің алдында қадірлі екенімді көрсетіп, айбынымды асырып қалам деген дәмесінің де күлі көкке ұшты. Мәмбет мырзаның салқын қабылдап, қырыс сөйлегені іргеден тың тыңдап отырған қазақтың құлағына жетпей жатыр дейсің бе?

Кекірейіп жүрген Батыр қалай сазға отырғанын аңғара да алмай қалды. Жақтастарының алдында бетіне шіркеу түсірді, бұрынғы дұшпандарының алдында табаға ұшырады. Оның ант берген хабарын кешегі қалмақ елшісі Орта жүзге де жаяды, бұл көрші қарақалпақтарға да, аралдықтарға да, хиуалықтарға да сәл нәрсені сылтау қып үсті-үстіне ат шаптырып бақты. Бөкенбай мен Есетке айтып түйе жоғалтып, жылқы жоғалтып жүрген жоқ қараушыларды көбейтті. Бәрінің де ауызындағы хабары — Батыр сұлтанның орыс елшісіне өзі барып ант бергені. Бұрын ірит-соқпен тұрған екі жақтың қай жағына шығарын білмей май ішкендей боп қобалжып жүргендердің әуселелері енді белгілі болмақшы.

Әбілқайырдың қуанышында шек жоқ. Енді мына жақсы хабардың ізін суытпай тұрып тағы да бір топтан ант алдырса, ақ патшаның елшісінің алдында түсіп кеткен еңсесі біржола тіктелер еді. Қазақ ру басылары әлгіндей аяқ асты өзгерістің алды-артына түсіне алмай ой үстінде жүр. Орта жүздің төрелеріне осы кезде елші жіберткізу керек. Олар да беттерін ашып көрсін. Ақ патшаның елшісінің ғана емес, өзінің де атынан хабаршы жөнелткені жөн. Сонда олар қитықтанып бірден қолқ ете де қалмайды, патша елшісінің тауын да шаға алмайды. Шөре-шөреге түседі. Әйтпесе, мынау кергіген елші әлгінің бәрін өз беделіне теліп, қайтадан ноқтасын ұстатпай шалқақтап кетуі мүмкін. Әрі Жәдік тұқымының төрелері бірден қолқ ете қалса, кім біліпті, ақ патша келіссөзді әуелден осылардан бастамаған екенмін деп өкініп жүрер. Сондықтан да Жәдік тұқымының бұл мәселеде онша құлықты емес екендігін байқатпай болмайды. Ол үшін патшаның елшісінің шабарманынан бұрын өз адамын шаптырып, хат жібереді. Онсыз да көкке қарғып отырған асау тұқым бұның хатын оқып шалқасынан түседі. Бұған керегі де сол. Оған дейін қарақалпақ жағынан пәтуа шығарып алса, тіпті қатып кетер еді. Сонда Жәдік төрелеріне, қанша кереметпіз деп кеуделері аяқ қаптай болса да, Кіші жүзден, қарақалпақтан ант алып үлгерген, Батыр сұлтанның өзін де иліктірген Мәмбет мырзаның меселін қайтара салу оңайға түсе қоймас. Көне салғанмен, ақ патшаның алдында бәрібір бедел ала алмайды. Оларды өз құрығына іліктірудің қаншалықты күшке түскенін Тевкелев бәрібір ұмыта алмайды.

Әбілқайыр енді Аралдың арғы бетіндегі қарақалпақ ауылдарынан қандай хабар шығар екен деп елеңдеп бітті. Олар да екі жарылып отыр еді. Бір қатары баяғы ақтабан шұбырынды кезінен-ақ бұған иек артса, екіншілері бұл дегенде ер-тоқымдарын бауырына алып, жондарына қол апартпай тулай жөнелетін. Бірақ, бірін-бірі аңдыған бәсекешіл екі топтың бірі иліксе, екіншісін иліктіру қиынға түспейді. Бірінің көріп жатқан қошеметінен екіншісі құралақан қалып, қайтып отырсын! «Сен Мәмбет мырзадан бес шапан кисең, мен он шапан кидім» деу үшін-ақ жандарын салып бағады. Тек оған дейін қарақалпақтарға «бірден қолқ ете қалмаңдар» деп ескертіп қойған жөн. Ақ патшаның алдында ешкім бұдан құлықты, бұдан көп еңбек сіңірген боп көрінбеуі керек. Кейінгілердің оңай көнгені — Ресей алдындағы Әбілқайыр еңсесінің аласара түскені. Олар кекірейген сайын ақ патша бұның қадірін біліңкірей түседі. Бірақ, «кекірей, кекірей» деп атымен шалқайтып алуға тағы болмайды. Алдын ала Тевкелев мырзамен сөйлесіп «Жұртты ант беруге көндіру үшін ақ патшаның айтып жіберген барлық шартына бағын дей бермеу керек, өз еркіммен бодан болам деген сөз ауыздарынан бір шықты-ақ, кейін иліктіріп алу қиын емес қой», — деп құлағына құйып баққаны дұрыс. Асау елші баяғыдай емес, қазір тезге түсіп келеді. Мына даладан құр қол қайтпау үшін ондай икеміңе келсе, келіп қалуы да ғажап емес.

Әбілқайыр Мырзатайды Қара батырдың ауылына шаптырды.

— Патшаның елшісі келгелі хан ордадан басқа қазақ шаңырағын көрген жоқ. Үйіне шақырып дәм татырмай ма екен, — деді.

Қара батыр сол бойда-ақ атына мініп, елшілікке барыпты. Ертеңіне Қара батырдың ауылына бұл да барды. Қызыл қуырдақ тәтті шайдың үстінде Әбілқайыр:

— Көп ұзамай қарақалпақтардан елші келмек көрінеді. Бірақ олар сол жасақ пен аманат беру жағын ауырсынатын сияқты, — деп бастай түскен әңгімесін үзіп тастады. Көзінің астымен Тевкелевке қарап қойды.

Алдындағы үйме табаққа керенау қол созып отырған елші мына хабарды естігенде құлағын түре қалды. Соны байқаған хан:

— Бұл асаулықтары қашанғы созылар дейсің. Ауыздарынан «бодан боламыз» деген сөзді бір шығартып алсақ, артынан тулап қайда барады, — деп бір қойды.

Елші ләмим ауыз ашпады. Бірақ, баяғыдай «өзі келмеген адамға келе көр» деп жалынбаймын деп кергіген жоқ.

Расында да, арада бес күн өтер-өтпесте, Әбілқайырдың ауылына бір топ дудыраған сеңсең бөрікті сау етіп түсе қалды. Олар әуелден бұған иек артып жүретін қарақалпақ ханы Қайып пен бас пірлері Мұратшайқының елшілері Сейіт қожа, Халует шайқы, Сүлеймен шайқы, Оразақ батыр, Төлеш батыр, Өтеген батыр, Базарбай би, Моллақара би боп шықты. Қолдарында «Ұлы мәртебелі император ағзамның ғазиз да абзал елшісі Мәмбет мырза, біз, қарақалпақ ханы Қайып хан мен бас пірі Мұрат шайқы қазақ хандары мен сұлтандары Ресейдің қол астына өтіпті деген хабарды естіп, біз де ұлы император ағзамның қол астында болғымыз келетінін білдіріп, елшілерімізді жолдап отырмыз», — деген хаттары бар екен. Хан да, пір де: «Келіссөздің шарттары жайында Әбілқайырмен ақылдасыңдар. Олар қандай шартқа көнсе, біз де сондай шартқа көнеміз. Бірақ, біздерге қазақтарға қойған шарттарынан асырып қатал шарт қойып жүрмесін», — депті.

Мына хабарды естігенде Әбілқайырдың мұрты жылтырап қоя берді.

— Біз бірінші болып ант беріп, біраз жәйді байқай алмай қалыппыз. Ақ патшаға жасақ төлейміз, аманат беріп тұрамыз демей-ақ, бодан боламыз десек те, тақиясына тар келмейтін түрі бар екен. Бірақ, оны кейін біліп қапы соғып қалып отырмыз. Сондықтан сендер әуелі мына хаттарыңды көрсетіңдер, сосын бодан болудың шарттарын сұраңдар. Оны естігесін, бірден біз құсап ант бере салмай, қабырғамызбен кеңесейік деп бір күнге пұрсат алыңдар, — деді.

Ертеңіне қарақалпақ елшілері Тевкелевке барып, қолдарындағы хатты тапсырды. Тевкелев оларға Әбілқайыр ханның, Батыр сұлтанның, Нұралы сұлтанның ақ патшаның қол астына өз еркімізбен бағынамыз деп ант беріп, жасақ төлейміз деп, аманат береміз деп, ант қағазындағы әрбір шарттың тұсына қолдарын қойып, мөрлерін басқандарын айтыпты.

— Ендеше, сол шарттарыңды бізге де оқы, — депті Сейіт қожа.

Тевкелев оқып береді. Қарақалпақтар бір-біріне қарап:

— Ертеңге дейін пұрсат беріңіз. Қабырғамызбен кеңесіп, жауабымызды таңертең келіп айтамыз, — дейді.

Кешкісін ымырт үйіріле қарақалпақтардың бір кісісі орыс елшісінен жасырып Әбілқайырға келді. Оған хан:

— Ертең барып бодан болуға келісеміз, бірақ қалған шарттарды қабылдай алмаймыз деңдер, — деді.

Елшілер ертеңіне Тевкелевке барып:

— Ақ патшаның қол астында болып, адал қызмет еткіміз келеді. Ол үшін ант беруге әзірміз. Ал, бірақ, жасақ төлеуге, аманат беруге, қолымыздағы Ресей бағыныштыларын ақшасыз-пұлсыз тегін қайырып бере салуға келісе алмаймыз, — дейді.

Ендеше, ол үш шартты орындамайтын болсаңдар, мен сендердің ақ патшаның ырқына өз еркіңізбен көніп, адал қызмет ететіндеріңізді қайтып куәландыра алам? — дейді Тевкелев.

Қарақалпақ елшілері бұл жолы да бір-біріне қарасып, ертеңге дейін пұрсат сұрайды.

Кешкісін ымырт үйіріле тағы да бір қарақалпақ елшісі Әбілқайырға жетіп келді:

— Ертең тағы да барып кешегі айтқандарыңды айтыңдар. Көнсе көнгені, көнбесе тағы бір күнге пұрсат сұрап, «жарайды, біз келістік» дерсіңдер. Бірақ ол қайда қашар дейсің, әуелі әлгі өз шарттарыңды өткізіп көруге тырысыңдар, — деді.

Олар ертеңіне Тевкелевтің алдына тағы барады. Бұл жолы да кешегі айтқандарын айтады. Мәмбет мырза одан әрі қыстай қоймайды. Осы жолы анттарын алып қалмасам, біржола уысымнан шығарып алармын деп қорықса керек, жалма-жан ант қағазын алдарына жайып салып, темір сандыққа қолын сала бастайды.

Бұны естігенде Әбілқайыр иығындағы қынаға боялған сары тонының жағасын бір тартып, ешкімнің көзіне көзін түсірмей, маңдайшаға қарап бір мырс етті.

Қарақалпақтардың алдында сыр алдыра қоймағанмен олардың өздері іздеп келіп ант бергеніне Тевкелев қуанып қалды. «Бұл мынау әлі күнге дейін сіресіп отырған кейбір қазақ руларына әсер етуі мүмкін ғой, — деп ойлады. Бұл іске Әбілқайырдың да араласы жоқ

емесін байқады. Қарақалпақтардың келген күні хан ауылына қонып шыққанын көріп біліп отыр. Ертесіне елшілік пен хан орданың арасына өз қостарын тігіп ап, жарық барында екі жаққа да аттап баспай тым-тырс жатып алған немелердің ымырт үйіріле бұқпақтап қазақ ауылына барып қайтып жүргенінен де хабары жоқ емес. Мұның қарауындағы иненің көзінен өтетін башқұрт жігіттері хан орда маңының қойшы-қойманшысымен майлы қасықтай араласып үлгергенді. Бірақ хан мен қарақалпақтар арасында қандай әңгіме болғанын анық біле алмады. Әлгі шарттарды қарақалпақ елшілері әу бастан пәтуаласып келді ме, жоқ орта жолда Әбілқайыр құлақтарына сыбырлады ма — ол арасы белгісіз. Егер оны Әбілқайыр айтып жүрсе, онда бұл ханның көрші халықтарға ықпалының сорлы болмағаны. Онда ол бұны мына құладүзге қазақтар айтқанына илікпей қойған күнде көрші қарақалпақтар мен хиуалықтарды көндіріп беру үшін әдейі көшіріп әкелген болды.

Енді Тевкелев бұрынғыдай емес Әбілқайырдың әр сөз, әр адымына байыптырақ зер сала бастады. Әбілқайыр мен ұлы Нұралы сұлтан, Қайып хан ұлы Батыр сұлтан, Қарақалпақ ханы Қайып пен Мұрат шайқы ант берді. Бұрынғыдай құр қанжыға емес. Ақ патшаның алдына да ұялмай бара алатындай болды. Бірақ оған әлі қанағаттана қояр түрі жоқ. Әбілқайыр енді не ойлап табар екен? Біразға дейін бұйдасын соған беріп айтқанына көне бергені жөн шығар.

Қарақалпақтар елдеріне аттанып кеткесін үш күннен кейін Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батыр келді. Екеуі Орта жүздегі Сәмеке ханға: «Біздер бүкіл ұлысымызбен ақ патшаның қол астына өтіп, жасақ төлеп тұруға ант бердік, сені де ақ патшаға өз еркіңмен бағынып, қол астыңдағы руларды да соған көндіруге шақырамыз: ондай еңбегің ақ патша тарапынан ескерусіз қалмайды; Ресейге арқа сүйесек, жұртымыздың басына тыныштық орнатар едік», — деп елші шаптырмақ екен. Соған «сіз де өз адамыңызды қосыңыз», — деп келіпті.

Тевкелев Әбілқайыр мен Бөкенбайдың адамдарының қасына өз елшісі Таймас пен тағы да екі башқұрт қосты. Қоржындарына Сәмекеге апарып бер деп, әрқайсысы төрт аршыннан үш түрлі түстен қырмызы, бір көйлектік қызыл қамқа, қызыл шұға тон, алты бас иленген қызыл шегірен, бес күзен, екі құндыз, екі сусар, Қазбек биге

апарып бер деп төрт аршын қызыл қырмызы, бір құндыз, бір сусар, бір бас иленген қызыл шегірен сыйлық салды.

Орта жүзге аттанатын елшілерді жолға салып жібергесін Әбілқайыр ордасына кетті де, Бөкенбай батыр қонып шығуға қалып қойды. Тевкелев көптен көңілінде жүрген көп түйткілдің шетін бүгін шығармақшы. Ортадағы темір астауға үйіліп әкелінген сексеуілдің шоғына маңдайларын төсеп, ұзынсонар әңгімеге кірісті. Бөкенбай бұның сұрақтарын тыңдады. Бұрынғыдай емес, қажыңқы. Көзінің айналасы қазыла түскендей. Нардай денесін ілгері ұмсынып, үн-түнсіз тыңдап қалған. Біраз уақыт ойланып отырды. Сосын шоққа қақтаған қос алақанымен бет-ауызын бір сипап өтіп, жағын кере есінеп алды.

— Ендеше, Мәмбет мырза, біздің қазақ жұртымыз Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деген үш ортаға бөлінеді. Ұлы жүз қазір алыста, сонау Бұқар жағында. Оны Жолбарыс деген хан билейді. Әбілқайыр ханның туған бауыры. Екеуі Абдолла сұлтанның екі әйелден туған екі баласы, Абдолланың ол екеуінен басқа Нияз, Мамай, Қылыш-Мұхамбет деген үш баласы бар. Мамайы Хиуаға хан болып тұрған жерінде өлді. Қалған екеуі ешқандай ұлыс билемейді. Сөйтіп, Өсеке балаларының қолында қазір Ұлы жүз бен Кіші жүздің билігі бар. Ал, Жәдік балалары негізінен Орта жүзді билейді. Орта жүз сан жағынан да, дәулет жағынан да қазақтың ең мол ордасы. Оны Сәмеке, Күшік деген екі хан, Барақ, Әбілмәмбет деген екі сұлтан билейді. Мынау Кіші жүздің шекті руын билеп отырған Батыр сұлтан да сол Жәдік тұқымынан. Ол Әбілқайырдың немере қарындасы, Нияз сұлтанның қызын алып отыр.

Қазақ сұлтандары бұрын Ташкент, Сайрам, Түркістан қалаларын билеп, ондағы егін салып отыратын жұрттан алым-салық алып тұратын. Астыққа, киім-кешекке деген мұқтаждарын ел сол қалалардан айырып тұратын. Олардың қонтайшыға қолды болып кеткеніне біраз болып қалды. Олар барда қазақтар қазіргідей бет-бетіне шашырап кетпей қоян-қолтық араласып, бірге қыстап, бірге көшіп жүретін. Жыл сайын екі рет үш орданың түгел бас қосқан жиындары болып тұратын. Қазір Ұлы жүзбен атымен байланысымыз жоқ. Ал Орта жүз бен Кіші жүз әлі де бірге бас қосып, жиын өткізіп тұрады. Кейінгі жылдарғы Бұланты бойындағы, Жайық бойындағы Аңырақай даласындағы ұрыстарда екі орда

бас қосысып бірге ақылдасып, тізе қосысып бірге шайқасты. Аңырақай даласындағы шайқастан кейінгі сұлтандар арасындағы ырың-жырың болмаса, екі орданың халқының ауызы әлі де бір, жиын-асы, той-томалағы бірге өтеді. Бұрын жігіттің нағашысы Ұлы жүз болса, қайыны Орта жүз болып, кіндіктен матасып жатушы ек. Жақында Әлім мен байұлы екі алшын бір-бірінен қыз алған тойда адай Көшке би: «Алашты қойып, алшын деген елім болды, Қаратау қалып, Қарақұм деген жерім болды, арысты қойып, рудан ру қыз алып, қарындасым келін болды, бұл не деген керім болды?» — деп қымыз ішіп, қызара бөртеп отырған жұрттың есіне баяғы өткен дәуренді салып, бір толқытып алған-ды. Халқымыздың жайы, міне, осындай.

— Хан сонда қазақтардың өзінен ешқандай алым-салық алып тұрмай ма?

— Қазақтардан дауларын шешкенде алатын хандық, осындай соғым тұсындағы сыбаға, бір жаққа жорыққа шығардағы лау, ауылыңның үстіне келіп қалғанда беріп тұратын қонағасы болмаса, жылма-жыл түтін басына, жан басына алып тұратын басыбайлы салығы жоқ. Олардың бас асау болып жүргені де сондықтан ғой. Әркім өзінің азғантай мал-дәулетіне, мәпақасына ие. Сосын сенің хандығыңды неғылам, билігіңді неғылам деп бет-бетіне кететін тентектер де аз емес.

— Қазақтың саны қазір қай шамада екен?

— Сол сексен мың үйден аса қоймас.

— Әбілқайырдың қазақ арасындағы беделі қандай? Аанада елшілері қазақтардың бас ханы деп еді, сол рас па? Бас хан дейін десең, қасында көшіп-қонып жүрген ұлысы аз ғой.

Бөкенбай ала көзін жарқ еткізіп бір бұрып қойды.

— Қазақтың бас ханы бұрын Түркістанда отыратын. Үш жүздің бас қосқан жиынын өткізіп, ел басындағы жағдайларды талқыға салатын. Ондай ханның соңы — бұдан он бес жыл бұрын өлген Тәуке. Сол Тәуке ханнан кейін қазақта әзір Әбілқайырдан беделі аса қойған төре жоқ. Ол Тәуке ханның тұсында-ақ хан атанып көзге түскен. Қазақтың қазіргі ханмын, сұлтанмын деп жүрген төрелерінің ешқайсысының елге Әбілқайырдай еңбегі сіңген емес. Ол үш арыстың басын қосқан талай-талай іргелі шайқастарды басқарды. Жоңғар мен қалмақтан абырой алған соғыстардың бәрінде де тізгін соның қолында болды. Тәуке тұсында да қол басқарды. Оны

жұрт осыдан екі жыл бұрын ақ киізге көтеріп бас сардар сайлаған. Қазақ ғаскері оның алдына шыға алмайды. Ал төрелерге, сұлтандарға келетін болсақ, баққа, таққа таласу қай халықта да бар шығар. Әбілқайырдың ақылын, абыройын көре алмайтындар қазақта да бар. Сондай қырбай төрелердің азғырынды әңгімесінің қырсығынан да жұрт қазір ханға тоң-торыс болып жүр. Бұрын ешқандай елдің иегінің астында жүріп көрмеген асау халық ақ патшадан емес, бодан деген сөзден қорқып жүр. Бірақ қайда кетер дейсің! Ертең ақ патшаның қол астына қарап, ата дұшпаннан кек алатын күн туса, бәрібір алдымызға шығарып, ту ұстатарымыз басқа ешкім де емес осы Әбілқайыр болады.

Тевкелев Бөкенбай батырдың онша ағыл-тегіл ақтарыла қоймай, бір астарын қалтарыс салып салғырт сөйлеп отырғанын іші сезіп, арты сұйылып кетуі мүмкін әңгіменің бұйдасынан айырылмай, қайта-қайта, сұрақ қойып, шым-шымдап сыр тарта бастады.

— Аанада Уфаға хазған хатында Батыр сұлтанды күйеу балам, Хиуа ханы Жолбарысты інім деп еді. Әбілқайыр мынау төрелердің көбімен ілік-шатыс қой деймін.

— Батырдың немере қарындасын алып отырған күйеу баласы екені рас. Оның үстіне сұлтанның Қайып деген баласына Мамайдың бойжетіп отырған қызын атастырып сүйек жаңғыртпақ.

Хиуаны билеп отырған Жолбарыс інісі емес, құдасы. Жолбарыстың қызы — ханның екінші баласы Ералының қалыңдығы. Ұлы жүзді билеп отырған Абдолла баласы Жолбарыстың ханның туған бауыры екенін әлгінде айттым. Қалың найманды билейтін Күшік ханмен де құдандалығы бар. Ол — Нұралы сұлтанның қайыны. Күшікпен құдандалы болса, оның інісі Барақпен де құдандал болғаны.

Елші батырдың ауызынан шыққан әр сөзді көңіліне тоқи отыра, оның бет-әлпетін де көз жазбай бақты да отырды. Барақ пен Күшік туралы айтқанда шықшыт сүйегі бүлк ете қалды. Әбілқайырға жаны ашитыны, жақсы көретіні байқалып тұр.

— Батыр, хан екеуіңіздің араңызда қандай туысқандық бар?

— Хан нағашым, анам Құттыбикенің туған ағасының баласы.

— Сонда қалай болғаны?

Батыр табадағы шоқты бір көсеп қойып әңгімеге кірісті.

— Қазақтар аталастықтан өрбитін туысқандықты ағайын дейді, құдандалдықтан өрбитін туысқандықты жекжат дейді. Ағайындықтан өрбіген ұрпақты әулет дейді, жекжаттықтан өрбіген ұрпақты жұрағат дейді, Өзіңнен туған бала — бел бала, одан туған бала — немере, немереден — шөбере, шөбереден — шөпшек, шөпшектен — жүрежат, жүрежаттан — туажат туады. Туажаттан әріден табысатын ағайын әншейін аталас саналады. Ал жұрағатқа қосылатын мыналар: қыз алысып, қыз беріскен жерің — құдаларың; құданың әйелі — құдағиың, құданың ұлы — құда балаң, қызы — құдашаң. Қазақ құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық дейді. Онысы құдандалдықты ел ұйтқысын ұстар мықты тірек санағаны. Ұзатылған қызыңнан туған бала — жиенің; жиеннен туған бала — жиеншарың, шешеннің тумалары — нағашы жұртың, әйеліңнің тумалары — қайын жұртың болып есептеледі. Әйеліңнің әкесін — қайын ата, шешесін — қайын ене, апасын — қайынбике, ағасын — қайын аға, інісі мен сіңлісін — балдыз санайсың. Ал нағашы жұртыңның үлкенін де, кішісін де, әйелін де, еркегін де нағашы ата, нағашы шеше, нағашы апа, нағашы аға дей бересің. Бір кісінің ұлдарынан өрбіген ұрпақ бір-бірін ағайын атаса, қыздарынан өрбіген ұрпақ бір-бірін бөле тұтады. Сонда Әбілқайыр екеуміз ата жағынан біріміз — төре, біріміз — қара боп, қырық қайнаса, сорпамыз қосылмаса да, шеше жағынан бір кісінің ұлы мен қызынан тараған туған нағашы, жиен боп шығамыз.

Тевкелев қанша сұңғыла болса да, Бөкенбай батырдың мына айтып отырған шым-шытырығы миына бірден орнай қоймай, қатты қиналды. Қайталап сұрауға қысылды. Не де болса, жекжаттық пен туысқандықтың әлгі бір шым-шытырық ара жігі онсызда жұмбақ жұртты одан сайын жұмбақтандыра түсті. Мынау ең далада бет-бетіне бытырай кеткен ызғындай жұртты бір-біріне қарайлатып жүрген де хан-төренің қолындағы билік емес, әу баста бір ата, бір енеден жаралдық деген ұғым, тамырларында бірдей ағып жатқан ортақ қан, ағайын-жекжаттықтың қимас көңілі мен таусылмас парызы ғана екен. Ол қандай халыққа да ұлтаны сетінемей, бір жұрт, бір қонысында бейбіт отырғанда берекелі дәнекер бола білгенімен, мынандай ел басына

зобалаң туған қысталаң замандарда тым осалдық көрсетпес пе екен. Тіршілік күйттеп бет-бетіне кеткен жұрттың туысқандық күйттеп қайтадан бастары қосыла қоймағы екі талай-ау! Бірақ, Әбілқайыр хан өз мақсатына жетпек үшін билік пен өктемдіктің қыл арқанымен қоса ағайын-жекжаттықтың тал жібектің суыртпағындай нәзік желісін де мықтап пайдаланбақшы екен ғой.

Елшінің көз алдына қазақ ханының қашан көрсең де, бір қалпында тұратын сұп-сұр жүзі, тұнжыр жанары мен салыңқы қабағы келді. Бұның бәрі бұрын оған қайдағы жоқ сұмдықтарды ойлап отырған ішмерездік қана сияқты көрінуші еді, енді байқаса, ішіндегі қара қазандай бұрқ-сарқ қайнап жатқан әлем-тапырық көңілін байқатқысы келмеген ерекше бір ұстам, сабыр екен ғой.

Ертеңіне Тевкелев мейманын ауылына аттандырып салып, күнделігінің жаңа парағына «16 декабрь» деп жазып, Бөкенбай батырдан түнде естіп алғандарын қағазға түсіріп отыр еді, Әбілқайыр хан кіріп келді. Төрге шығып отырғасын онша ділмар болмаса да, ширақ қимылдап, ширақ сөйлейтін шапшаңшыл хан көп сөз бұйдаға салмай, келген шаруасын қысқа қайырды. Ол Нұралы сұлтанды қол астыңдағы халқыңмен Ресейдің қол астына өт деп айтуға Хиуаны билеп отырған Жолбарыс ханға жібермек екен. Ондағы ойы Бұқара мен Хиуаның Ресейге баратын керуендерін өз ұлысының үстімен өткіздіріп тұру көрінеді.

Тевкелев сыз қабақ ханның бет-ауызына бір қарап қойды. Сол баяғы тұнжыраңқы қалпы. «Бұныма қалай қарайсың?» — дегендей, үн-түнсіз жауап тосып отыр. Орыс елшісі мынау сұп-сұр ханның бүлк етпей жатқан сазарыңқы бетінен ар жағындағы астарлы ойдың сүрлеуін таба алмай біраз дағдарып қалды. Бұл тек қазақ ұлыстары ғана емес, көршілес хандықтарды да өз уысында ұстаудан кет әрі емес екен-ау! Басты күн көрісі сауда болып есептелетін Бұқара мен Хиуаның ерсілі-қарсылы шұбырып жатар шұбар ала керуенінің ноқтасынан өзі ұстайтын болса, ар жағында ақ сарайларына кіріп, тақтарына мінбеген несі қалды? Ақ патшаның айбарымен қорқытып жоңғардан басқа жұрттың бәрінің тізгінін бір уысына жиып алмақ қой. Жоңғар бұнымен сосын сөйлесіп көрсін! Мынау айдаладағы алақандай оқшау теңіздің бір уыс шалғай

түбегіне тығылып бас сауғалап отырған кішкене билеушінің дәмесі қандай үлкен! Бет-ауызында ешқандай қысылу-қымтырылу жоқ. Тас түйін. Сәл жағдай туды-ақ, әлгі ойын жүзеге асырып шыға келетініне күмәнданбасаң да болатындай. Неткен жұлын жұтқан жан! Ақ патша шарапатына алса, ертең-ақ мынау қиқар қазақтарды ақ семсердің ұшымен өз бауырына қуып тықпақ, бүгін базарына жолатпай отырған Хиуа мен Бұқарды да мұрындықтап алмақ. Ар жағында жоңғардың да жұлынына жармасып, Жайық пен Алтай екі ортаға екі борбайын созып сап, алшысынан түсіп жатып алмақ. Сонда Ресейге ақ патшадан кейінгі ең ірі билеуші өзі болып шыға келмей ме! Оған Россия да, қазақтың ауыз бірлігі де, жоңғардың жеңілгені де, Хиуа мен Бұқардың саудасының гүрлеп өскені де — тек сол үшін, астындағы тақтың биіктей, өз қолындағы биліктің үлкейе түсуі үшін ғана керек! Неткен батылдық! Ай тақырда отырып тас қорғанның ішіндегі алтын тақыттан дәмету, бір қарағанда, есерлік сияқты! Бірақ мынау қыр мұрын, ашаң өң, сұңғақ бойлы дала сұлтанының тал бойында не есерліктен, аңқаулықтан сәл жұқанақ таба алмайсың! Шынында да ақ патша ертең Әбілқайырды күллі қазақ жұртының бас ханы деп таныса, әлгі ойларын жүзеге асыру да тап онша қиынға түсе қоймас. Шығыс билеушісінің жымысқы ойына орыс зеңбірегін күркірі қосылғанда мына далада талай нәрсе істеуге болады. Әбілқайырдың да ойлап отырғаны осы. Әлі ақ патшаның шарапатына сеніміне ие болмай жатып, тек өз ордасына орыс елшісінің келгенінің өзін пайдаланып, қоңсы қарақалпақ, хиуа жұрттарына ықпалын нығайтып ала қоймақшы. Мұндай түп ниетін біліп қалған күнде ертең патша сарайы қалай қарар екен? Ақ патшаның маңында өзіне шен келетін күшті билеушінің болғанын жақтырмайтыны белгілі. Ал, енді қол астындағы билеушілердің ондай әсіре дәмелерін аямасы сөзсіз. Ай, сұлтаным-ай, мына қалпыңмен сенің ертең ақ патшаның қол астында да айдарыңнан жел есе қоймас түрі бар ғой! Оған сендей өркөкірек, баққұмар, пысық бағынышты емес, қой аузынан шөп алмайтын, құдай мен ақ патша қатар келе жатса, алдымен ақ патшаға бөркін алатын, айтқанын екі етпейтін салпы етек, салыңқы иін момын билеуші керек-ау! Ақ патшаға ұлысыңның бас бостандығын бердің екен, ойыңның да тізгінін ұстатқаның жөн еді ғой. Онсыз тағы да сол екі

қошқардың басы бір табаққа сыймайдының кебін киесіндер ғой. Жә, оны әзір сенің білмей-ақ қойғаның жақсы. Бұл үшін сенің әзір осал емес, осылай мықты болғаның керек. Сенің осылай біреуден айланды асырып, біреуді айбыныңмен ықтырып, бұның темір сандығындағы сары ала қағаздағы шатпақ-шимай жазулардың санын көбейтіп бергенің керек. Сосын сенімен қалай сөйлесетінін ақ патша өзі шеше жатар. Дәл қазір мынау таудай талабыңды тойтарып тастауға болмайды. Бірақ, құптаймын деп те айтуға болмайды. Егер ауызымнан қайыптан тайып ондай сөз шыға қалса, сен осыны қағазға түсіріп, қолхат бер деуден де тайынбассың. Қолыңа ондай қағаз түссе, ертең онымен не істейтініңді кім білген! Сондықтан да сенің мынау үмітіңнің көзіне біржола су құймағанмен, әзірге тежей тұруға тура келер. Ол үшін қандай сылтау ойлап тапсам екен. Жарайды, сен құлық ойлағанда мен неге ойламаймын! Сен өзіңе керек жылы-жұмсаққа осы күннен қолыңды батырыңқылап қойғың келсе, ондай ой менде де жоқ емес!

Көз алдына анада Уфадан келе жатқанда көрген бір жері келді. Жайық пен Ор өзені қосылатын кішкентай аша түбектің екі жағы су екен де, бір жағы тау екен. Соны көргенде Тевкелевтің көзі шоқтай жайнап қоя берген. Бірақ, көңіліне не қашқанын қасындағы башқұрттар біліп қалмасын деп отыз тісін бірдей тістеніп, дымы ішінде болған. Бір Уфаның өзін ауырсынып әлі күнге тулап келе жатқан башқұрттар мұның әлгі ойын біліп қалса, бір бұтаның түбінде өздері-ақ бауыздап кетуі ғажап емес еді.

Қазір де Тевкелев оңаша үйде екеуден-екеу отырса да жан-жағына алақтап бір қарап алды.

— Қазақ даласы арқылы сауда-саттық жасау дәл қазір біз үшін онша сенімді емес, — деп бастады әңгімесін Тевкелев. — Кез келген сойыл ұстаған содырдың соңында жүрген мынандай көп тентектің ортасына қандай жүрегіне жүн байлаған саудагер келсін. Одан олар да, сіз де абырой таба алмайсыз. Әуелі мына халықты өз ханының дегеніне жүретіндей қып тәртіпке көндіріп алайық. Анада келе жатып көрдім, Ор өзенінің Жайыққа құятын сағасы нағыз қорғаныс қала салуға таптырмайтын жер екен. Сіз ұлы мәртебелі император ағзамнан сол араға бекініс қала салып бер деп сұраңыз. Сол шаһардан өзіңізге қора-жай салып ап, ылғи сонда

қыстап, қасыңызға әр рудан кезек-кезек бір-бір би қазы ұстап отырар болсаңыз, қол астыңыздағы халқыңыз да дегеніңізден шыға алмайды. Басыңызға қатер төнсе, орыс қаруы өз панасына алады. Әне, әлгі айтқан сауда-саттықты да сонда өркендетуге болады.

Елшінің мына сөзін естігенде ханның қиылған қара мұрты жылтырап қоя берді. Шамасы, Тевкелев оның көкірегінде көптен жатқан қызыл құрттың төбесінен дәл түссе керек.

— Мына сөзіңіздің жаны бар екен. Бұған билер де көп қарсы бола қоймас. Дегенмен, үмітсіз шайтан деген ғой. Нұралы Хиуаға жүремін деп жиналып қалып еді, барып қайтсын.

Хан үйден көңілденіп шықты. Қолымдағы қыл тізгінді орыстың тас қорғанының ішінде жайлы төсекте жайғасып отырып алып, қос ауыз қара мылтықтың көк сүңгісіне шие байлап тастар болсам, қай қазақ қыңқ ете алады. Қыңқ етсе, әумесер асаулардың көк желкесінен көк ала түтінді бұрқ еткізбей ме...

Тевкелев те масаттанып қалды. Қазақ жерінің шекарасынан әскери қамал салу мәселесін оп-оңай шешіп алды. Қажет десеңіз, бұл Сыртқы істер коллегиясының да ойында болмаған шаруа.

Нұралы сұлтан 19 декабрь күні Хиуаға аттанып кетіпті.

Әбілқайырдың әлгі хабарын естіді ме, жоқ ойына бір ой қашты ма екен, декабрьдің жиырма төрт күні, кешқұрым ала көбеңде Бөкенбай батыр кіріп келді. Бұрынғысындай емес қабағы салбырап тұнжырай кірді. Төрге шыққасын да біраз түнеріп отырып барып сөз бастады.

— Мәмбет мырза, мынау пәтуасыз жұрт жігерімді әбден құм қылып бітті. Ел шетіне жау келеді-ақ: «Ойбай батыр, қайтеміз», — деп қаумалай кетеді. Ал, артынан сәл тыныштық орнады-ақ, кешегі еңкек бастары аяқ астынан шалқайып шыға келеді. Солардың айтқанын тыңдаймын деп, кешегі қонтайшымен шайқаста төрт бірдей бауырымнан айырылдым. Бұрын да біреу бірдеңе десе, екі етегі далақтап шаба жөнелетін жел өкпе халық еді. Енді мынау Әбілқайыр ханның ақ патшаға бодан болам деген хабарын естігелі жалдарына қол апартпай тайрақтап кетті. Ақ патшамен айбын салыстырғылары келеді. Осы бір диуана жұртпен алыса-алыса қажыдым. Енді орталарынан біржола кетіп, өз алдыма бір тыныш

өмір сүрейін деп едім. Бостан жүріп бастарына мүйіз шықсын. Ақ патшаның қол астында болам деп, осылардан іргемді түпкілікті ажыратып кетсем, алдияр тақсыр маған Жайық бойынан қоныс берер ме екен?

Тевкелев, қапелімде, не дерін білмей қалды. Бірақ, әккі неме Бөкенбай батырдың баяғыдан бері бұл дегенде неге екі етек болып жүргеніне енді түсінейін деді. Алайда, Бөкенбай бұндай сөзді бұрын айтпай, кейінірек айтпай, бүгін неге айтып отыр? Әлдебір күні күлік, бір күні бүлік болып отыратын қазақ арасында тағы да бір шатақ шыққаны ма...

— Бұл қолқаңызды барған бойда ақ патшаның құлағына салайын, — деді.

Батырдың мұншама түнеріп келгеніне қарағанда қазақ арасы бұрынғыдан да бетер іри-тіри боп кетті ме екен деп ойлаған Тевкелев, ондай жағдайда өз басына төнетін қауыптан тек осы Бөкенбай құсаған кісілердің етегінен мықтап ұстағанда ғана аман құтыла аларын сезді. Оның ақ патшаға артып отырған әлгіндей үмітін одан сайын өршіте түскенді жөн көрді.

— Патша ағзам мынандай қиын-қыстау кезде көрсеткен қызметіңізді өте жоғары бағалап, сіздің қандай қолқаңызға да айырықша мән беретініне менің сенімім кәміл.

Батыр көңілденейін деді.

— Егер мынау бізге қарсы болып жүрген қиқарлар бұл тулағандарын қоймаса, ақ патша маған башқұрттар мен Жайық казактарынан көмек берсе, мен қазақ ордасын екі жылдың ішінде-ақ қылыштың жүзімен, найзаның ұшымен Ресейдің қол астына бағындырып берер ем.

— Міне, бұл ойыңыз өте дұрыс. Бұны естісе, ақ патшаның да қуанары сөзсіз. Сондықтан да, батыр, қазақ жұрты бағынсын мейлі, бағынбасын мейлі, өз басыңыздың ұлы император ағзамға ақтық қаныңыз қалғанша адал қызмет ететініңізге қайтара ант беріңіз. Оған күйеу балаңыз бен ініңізді, Әбілқайыр ханды да көндіріңіз. Ол қылықтарыңыз ертең қазақ жұрты Ресейге түгел бағынған күнде де ақ патшаның сендерге былайғы шонжарлардан өзгешерек қарауына жағдай жасайды.

Екі иығы түсіп тұнжырап келген Бөкенбай қуанып аттанды. Тевкелев те мынау жаңа қатқан солқылдақ мұздың үстінде тұрғандай дұдамал жағдайда сәл де

болса, үміт сәулесін көргендей болып көңілденіп қалды. Бірақ, батырдың мұнша неге ұнжырғасы түсіп кеткеніне түсіне алмады. Әлде Орта жүзге кеткен елшілерден жайсыз хабар естіді ме екен...

Әрі-сәрі боп қалған Тевкелев тағы да айналаға құлақ түрді. Ештеңе естіле қоймады. Бір күні таңертең арсалаңдап жетіп келген ханның төленгітінің ауызына аңтарыла қарады. Бірақ, о да: «Хан қыз ұзатар тойға шақырып жатыр», — дегеннен басқа бөтен хабар айтқан жоқ. Той үстінде де әркімнің ауызын бақты да отырды. Онда да ерсі ештеңе байқай алмады. Үйіне келген соң күнделігіне: «Декабрьдің жиырма екісі күні Әбілқайыр хан немере қарындасын Батыр сұлтанның баласы Қайып ханға ұзатты; өзін жақтайтын ру басылары жиылған бұл тойға ол Тевкелевті де шақырды; онда биенің сүтінің ашымалынан басқа ешқандай ішімдік, туралған еттен басқа ешқандай тамақ болған жоқ; етті олар қасықпен емес, қолмен жеді, Тевкелев олардың арасында үш сағаттай болып, қосына қайтып кетті», — дегеннен басқа жазатын ештеңе таба алмады.

Бірақ, жүрегі өз-өзінен алабұртып тыншыр емес. Бұнысының қуанышқа не қорқынышқа көрінерін біле алмай дал болды.

Декабрьдің жиырма бесі күні Сәмеке ханға кеткен елшілер келді. Астарындағы аттарын аямай-ақ сабылтқандары көрініп тұр. Әншейінде айшылық жол жүретін жерге айналасы он күнде барып келіпті. Сәмеке ханның ордасына декабрьдің он тоғызы күні жетіпті.

Таймас:

— Ардақты хан, Тевкелев мырза сізге айрықша сәлем айтты. Жер алыс, қыстың көзі қырау болып өзі келе алмағанына көп-көп кешірім сұрайды, — деген екен, хан:

— Онысына көп-көп рақмет. Елші мырзаға ешқандай өкпем жоқ. Ұлы император ағзамның атынан келіп отырған ақ жолтай елшіге өзім барып сәлем берсем де болатын еді. Бірақ, ел алдымен ебелек ұшады деп, ешқайсымыздың алдымыздан өтпей, мұндай маңызды істі жұрттан жасырып, ұры қылғандай оңаша істеген Әбілқайыр ханға өкпем қара қазандай. Сондықтан да бармай қалдым. Таймас мырза, елші мырза қыстың көзі қырау болғасын келе алмады дегенің де жәй әншейін әңгіме екенін біліп отырмын. Мәмбет мырза Уфадан алып шыққан көлігінің бәрінен айырылып қалып құр тақым отырса, иттің өлген жеріне қайдан келе алсын.

Ақылдаспай істеген асығыс шаруаның арты оңушы ма еді! Егер елшілік күллі қазақ халқының ақылдасып-мақұлдасқан қалауымен келген болса, ондай жағдайға душар болар ма еді! Енді, міне бәрін қойғанда Мәмбет мырзаның өз қара басына қауіп төніп тұрған жоқ па! Әбілқайырдың бәрімізден жолы үлкен екені рас. Бірақ, ол үшін емес, патша алдиярдың аруағын сыйлағандықтан әлгі өкпемді ұмытып, Ресейдің қол астына өтуге ант берейін. Әбілқайырдың айтқанын істеп отыр деп ойлап қалмаңдар, өзімнің адал көңілім осы, — депті.

Сол бойда ант қағазына мөрін басып, жыл сайын Москваға өз адамдарын жіберіп, екі мың түлкі, мың қарсақ жасақ төлеп тұратынын, бірақ аманат бере алмайтынын айтып хат жазып беріпті. Ертеңіне Құдайназар мен Таймасты шақырып алып, қолдарына ұлы император ағзамның атына жазылған хатты ұстатып:

— Май айында бүкіл Орта жүз бас қосқан жиын болады. Оған барлық ұлыстың бас көтерерлері келеді. Тевкелев мырзаны соған шақырамыз. Оған дейін де қарап жатпаспыз. Билермен, батырлармен жеке-жеке сөйлесермін, — деді.

Таймас Сәмеке хан, Барақ сұлтан, Әбілмәмбет сұлтан және бір Жәнібек батыр деген беделді адамның алты мың әскермен қонтайшыға қарсы жорыққа шыққалы жатқанын айтып келді.

Елшілердің хабарына Тевкелев қуанғанмен Әбілқайыр қуана қоймады. Сәмеке бәрін біліп, бәрін естіп отырған болды. Ендеше Кіші жүздегі мынау бүліншілікке күллі Жәдік тұқымы түгел араласып отырғаны! Барған елшілерге жауабының дәл бұлай дайын тұрғаны да кісі тіксінетін жәйт екен. Орыс елшісі мен бұның сәлемі ол үшін төбеден түскендей төтен оқиға болмады. Бәріне де алдын-ала сақадай-сай отырған болды. Ендеше, оның мына хаты да, Батырдың анада келіп ант бере салғаны да әншейін шығарып салма әңгіме екен. Іштерін бере қоймапты. «Ақылдаспай істеген шаруаның арты оңушы ма еді!» «Мәмбет мырзаның өз қара басына қауіп төніп тұрған жоқ па!» — деген сөздер де тегін айтыла салмаған. Бұның артында бір зілі тұр. Олар ақ патшаның алдында ант берген парыздарынан құтылды. Бірақ, ел арасына іріткі салудан, елшіге қастандық жасаудан тыйылмайды. Қайта обал-сауабын

Әбілқайыр көтеретін болғасын, бұрынғыдан бетер күшейте түсуі мүмкін. «Біз өз антымызды бердік. Кіші жүздегі оқиғаларға ешқандай араласуымыз жоқ», — деп ертең ауыздарын қу шөппен сүртіп шыға келмек.

Әбілқайырдың анадағыдан бері арқасынан тау түскендей болып жүрген бойы қайтадан ауырлайын деді. Қарсыластарының біраздан бері сілтідей тынып қалғанынан да енді сескенейін деді. Сәмеке Құдайназар мен Таймасты аттандырып салған бойда оларға да кісі шаптырған шығар. Аман болса, енді бір-екі күнде Батырдың ұлысынан да бір хабар келмес дейсің бе? Ендеше, ол жуықта мұның ауылындағы қалыңдықтарын алып кетуге неге асықты? Бұл анада ант бергесін, енді барар жер, басар тауы қалмағасын, орыс елшісі мен мұның жүзін біржолата жылытып алғысы келді ғой деп ойлап еді. Олай болмай шықты ғой. Сонда бұлардың не ойлағандары бар.

Хан тағы да түн баласы төңбекшіп шығатын болды. Сүйтіп жүргенде сау етіп шекті ауылының билері жетіп келді. Ақ орданың керегесінен көз тастамай тізіле жайғасып алғасын:

— Орыс елшісімен бірер ауыз сөзіміз бар еді. Шақырып бермейсің бе? — деді.

Хан мынау аяқ астынан сау ете қалған топтың бірдеңеге қитықтанып келіп отырғанын байқады.

— Елші шақыртылады ғой, қайда кетер дейсің? Алдымен ондағы шаруаларыңызды айтыңдар, — деді.

Ай маңдай, торсық шеке, бурыл сақал Жантума би сөз бастады. Тостаған көз көрікті кісі сақырлаған сары аязда жүріп келгендіктен бе, әлде ашу буып отыр ма тұла бойындағы бар қаны бетіне шауып күреңітіп апты.

— Әбілқайыр, былтыр осы уақытта Бекболатты төрт жігіт серігімен Тобыл шаһарына өзің аттандырдың. Содан бері олар үштігөйлі жоқ. Мына ноғайыңнан өзің бір хабарын шығарып бере ме деп, әне тостық, міне тостық. Ауыздарына су толтырып қойғандай не әлгі шоқыншығың үндемейді, не өзің үндемейсің. Енді, міне, сол жігіттердің тағдырын елшісісымағынан өз аузынан естиік деп келіп отырмыз.

Әбілқайыр Бәйбекті шақырып Тевкелевке жұмсады. Елші есіктен аттар-аттамастан-ақ үй ішінде отырғандар ала көздерімен ата қарап, бірінен соң бірі кимелей сөйлеп, жан алқымға алып берді.

— Осында келген кейбір орыстар елдеріне қазақтарды жерден алып, жерден салып жамандап баратын көрінеді. Ондайлар ақ патшаның алдында өзінің бәсін асыру үшін: «Ойбай, ол жақта көрмеген қорлығымыз жоқ. Дүние-мүлкімізді тонап алды. Өзімізді тұтқын қылып қамап қойды», — деп бөседі дейді. Міне, келгеніңізге үш айдай уақыт боп қалыпты. Өлген-жіткен ештеңеңіз жоқ қой. Ал, ана жақтағы әкімдеріңіз сіздердің сондай ғайбат сөздеріңізге сеніп, біздің адамдарымызды жазықсыз ұстап алып жібермей жатыр. Былтыр осы уақытта қасында төрт кісі жолдасымен Тобыл қаласына кеткен Бекболат деген елшімізден әлі күнге хабар жоқ, Өлі-тірісін біле алмай отырмыз. Сізді бұл жаққа жұмсағанда бастықтарыңыз ол жайында ештеңе демеді ме?

Тевкелев мынау ежірендеген қазақтарды дауласып жеңе алмасын білді. Сондықтан да өз басын арашалай сөйледі.

— Ресейде елшіге қысым көрсету, оның дүние-мүлкін тонап алып, басына қауіп-қатер төндіру сияқты бұзақы қылық ешқашан орын алып көрген емес. Ондай бассыздыққа болашақта да жол берілмейді. Ал Бекболат елшінің Тобыл қаласынан неге қайтарылмай отырғанынан мен атымен хабарсызбын. Тіпті Ресейде қазақтың ондай елшісі жүр деп те естіген емеспін. Сондықтан да бұл мәселеге менің ешқандай араласым жоғы өз-өзінен түсінікті. Ал, былтыр кеткен елшінің биылға дейін оралмай қоюына келетін болсақ, әрине, бұл арада бір гәп бар. Шамасы, орыс әкімдеріне елші аттандырып, олардың аман-есен оралып келгенін күтпей, патшаға бағынышты ұлыстарға жортуыл жасап, малдарын адамдарын алып кететін шығарсындар. Сосын олар, әрине сіздерден барған кісілерді барымталап әкеткен мал-мүлік пен тұтқындарды қайтарғанша аманат қып ұстай тұруға еріксіз мәжбүр болады. Түптеп келгенде, әуелден өздеріңнің түптерің шикі. Әйтпесе, орыс әкімшілігі тыныш елге өздігінен ұрынбайды. Бірақ Бекболатқа бола уайым жемендер. Орыс үкіметі қолындағы аманатқа тұтқын деп қарамайды. Жұмыс істетпейді, зорлық-зомбылық көрсетпейді. Барлық жайын жасайды. Мен Сендерге Бекболатты Ресейге барған бойда босаттырып жіберткізем деп уәде бере алам.

Ешкім ештеңе дей алмай қалды. Жұрттың мына мінезіне риза болмаған бір би:

— Сендерде Шам мырзаның баласы Шәмамбет би тұтқында жатыр. Оны да босаттырып бере аласыз ба? — деп сұрады.

— Алдымен, оның неге тұтқындалғанын білу керек. Тұтқындардың босатылу-босатылмауы да өз қолдарыңдағы нәрсе. Ұлы императрица ағзамға өз еріктеріңізбен бағынып, өз ұлыстарыңыздағы орыс бағынышталары түгел қайтарып берсеңдер, Ресей де өзіндегі қазақ тұтқындарын түгел елдеріне қайтарады.

— Құнын төлемесе, жұрт қолындағы құлынан тірі де айырылар ма? — деді әлгінде ғана сұрақ берген би.

Тевкелев иығын қиқаңдатты.

— Елші мырза, сіз боссыз, — деді Әбілқайыр.

Елші қосына кеткесін хан:

— Мәмбет мырзаның жауаптарын өз құлақтарыңнан естідіңдер ғой. Ресейдегі тұтқындар аман қайтсын десеңдер, бұларға қол тигізуге болмайды, — деді.

Билер сол тұнжыраған қалыптары атқа қонды. Қысызғары әбден қайратына мініп апты. Күн тағы да суыта түседі дегендей аспан тым шағырмақтанып кеткен екен.

Жал асып ауыл-ауылдарына тарап бара жатқан билердің соңынан қарап тұрған Әбілқайырдың іші өз-өзінен қалтырап қоя берді.

«Бұлар, әрине, тегіннен-тегін жоқ. Бекболат та жәй әншейін сылтау. Ілік іздеп келіп еді, таба алмады. Бірақ бүгін таппағанмен бір күні табады ғой», — деп ойлады ол.

Тевкелев журналын ашып, осында келгелі не жазғанын қайта бір қарап шықты. Неткен шырғалаң жол, шытырман оқиғалар, шатақ жұрт еді! Бірақ, әйтеуір, көңілге медет етері — қазақтың екі арысының ханы ант беріпті. Қарақалпақ жұртының да ақ патшаға берген анты мен сәлем хаты бар. Осыдан үш ай бұрын ант алмақты былай қойғанда байтал түгілі бас қайғы бола жаздап еді ғой. Уфадан шыққандағы екі жүз ат, он екі түйенің орынын сипап қалды. Екі арба дүниеден жарты арбадай бірдеңе қалды. Бірақ оның есесіне мынау сары ала қағазға түскен күйелеш таңбалар бар. Сол — мұның ертең елге оралғанда алдына ұстап барар бет жүздігі.

Сүйтіп 1731 жыл да өтіп барады. Енді бір-екі күнде жаңа 1732 жыл келеді. Ақ патшаның елшілігі оны мынау

жып-жылмағай қар басып жатқан қазақ даласында қарсы алады.

Қаратүптің үш жағы жазда — өкірген теңіз, қыста — еңіреген мұз. Тек бір жағында ғана құрлықтан келер тар саңылау жол бар. Оның аузында қазір Есет батырдың қол астындағы тама ауылдары отыр. Азу тістерін сықырсақыр қайраған қарсыластарынан қаймыққан Әбілқайыр биыл қыстаққа бұл араны әдейі таңдап алғандай.

Елшілік пен хан орданың отырған жері — жан-жақтарын тырбық бұталар өскен қара бұйраттар қоршаған екі егіз шұқыр ой. Солдаттар мен башқұрттардың үйден шыға келсең, күліңнің басына көкжиек шөгіп шатқан мынау тығырық тар қамашаудан ара-тұра қатты қамығып кететіндері бар. Ондайда олар жағалай жал-жалдың басына шығып төңірекке көз салады. Зиновьев пен Писарев әлдебір ылдырмақшылдырмақтарын алып жер шолады. Көргендерін қағазға сызады. Анадайдан қылт еткен қара көрінсе болды, аспаптарының бәрін қазақтардың байтаба қаптарына сала сап, томар шауып, отын алып жүрген бола салады. Әлгі қарайған көкжиектен қайта құрығасын барып өз шаруаларына қайта кіріседі. Елшілік адамдары сол екеуіне еріп көмек беруге әуес. Бәрі де басыр болып отыра бермей таза ауаға шығып, жарық жалғанға құмардан шыққанша қарап алғылары келеді.

Сондағы көретіндері — сол баяғы шетсіз-шексіз кеңістік. Қарасаң — көзіңді қажытар, ойласаң — көңіліңді қажытар тұлдыр дала. Көз ұшында — сіресіп қатып қалған шалқар айдын. Алатағанақ аппақ сордай сұрқай. Мынау бір жері қар, бір жері қара ала шабыр дала сол бір ұлан-асыр кеңістікке барып ұстасып жатыр.

Ашық даланың ызғырық желінен ала қаншық борасын борап әлгінде ғана түскен әлсіз ізіңді жып-жылдам, жым-жылас қып шығарады. Мынандай тұлдыр кеңістіктің із атаулыға, белгі атаулыға, тұрақтылық пен баяндылық атаулыға әуелден-ақ жұлдызы қарсы болса керек. Кеше үйіліп күртік жатқан жер бүгін жып-жылмағай тақыр. Кеше дыңылдап қатқақ жатқан жер бүгін белшеңнен кіріп кетер күртік.

Жан-жағың өз-өзінен жиралаңдай қозғалып, мың-мың жылан жарыса жорғалап келе жатқандай бір өңкей, бір қалып қимыл-қыбыр. Шалқыған дала әлдебір құдірет аппақ қып сүт төгіп ақ шалап қып жіберген жаяу

борасын білем-білем майда толқындар сияқты. Кейде өзіңді осындай ақ саумалданып жатқан айдын теңіз төрінде дауылға ұшырап, бір елсіз аралдан келіп шыққан бейбақ теңізшідей сезінесің. Шалқар мұхитқа қайта шығып шарлай жүріп кетейін десең — астыңдағы кемең күл-талқаны шығып күйреген. Әр таң сайын бір орынынан атып, әр кеш сайын бір орынынан бататын күн көзінен басқа мынау тұлдыр уақыттың қаншасы өтіп, қаншасы қалғанын өлшейтін мөлшерің де жоқ, мынау тұлдыр кеңістіктің қай жерінде жүріп, қай жерінде тұрғаныңды байқайтын бағдарың да жоқ. Ертелі-кеш есеңгіреп сол күнге қарайсың. Ертеңіңнің не болатынын сол айтып, сол сездіретіндей. Бірақ, ол неме ештеңе де аңғартпайды. Күлімдеп атады, күлімдеп батады. Аяр кісінің бетіне қарағандай одан да көңілің қалады екен.

Бұлардың жағдайының сол пақырана теңізшілерден несі артық! Мынау қанша білгің кеп, түсінгің кеп үңілген сайын қымтана, құпиялана түсетін сыз қабақ бөтен жұрттың күн сайын жұмбақ тартып бара жатқан шытырман қылықтары абайсыз аттап бастың-ақ құрдымнан бір-ақ шығаратын өгей мұхиттан кем түңғиық, кем қатерлі ме...

Міне, күн сайын көкжиекке тесіліп, үміт желкенін іздегендеріне үш айдың жүзі ауыпты. Сол баяғы неғайбыл мен дұдамалдан басқа ештеңе көре алмай келеді. Қасындағы орыс солдаттары мен казактардың сақалдары қауғадай боп өсіп кетіпті. Башқұрттардың шегір көздері үңірейіп інге кіріп алған. Тевкелев қазақтардың ызы-қиқы ит жығыс тіршілігінің сырына қанығам деп, серіктерінің де не күйде жүргеніне көп мән бере қоймапты. Оның мұндайдағы бас ақылшысы Таймас еді. Соны шақырып алды.

— Ертең ғой жаңа жыл! Орыс адамына қазір көк шыршаның түбінде шайыр исін құныға жұтып, қызара бөртіп дуылдасып отырғаннан асқан рақат жоқ. Петр патша соған үйретпеп пе еді. Кәні, жігіттердің бір көңілін көтерелік. Әйтпесе, бәрі су тимей ылғал боп, ұнжырғалары түсіп кетіпті ғой.

Юмаш Есеттің ауылына кетті. Жаңа жылдың алдында тай жықтырып, қой үйттіріп әкелмек. Таймас қалған-құтқан шишаларды санап шықты. Екі кеспек самогонның ауызы ашылмапты. Тевкелевтің мына

шаруаның арты қайырлы боп жатса, қазақ шон-жарларын шақырып дәм татырам ба деп жүрген бір сандық қымбат шарабы бар. Уфа воеводасынан жалынып-жалпайып әзер алған, Француз шампаны. Кілті өз қалтасында. Үмітсіз шайтан деген ғой. Асыл сандыққа әлі ешкімді жолатқан емес.

Солдаттар жан-жақтағы құмақ бұйраттарды аралап жүріп кісі бойынан асатын сексеуіл тауып әкелді. Оған үш-төрт күпіні сөгіп, ішіндегі мақтасын алып, майдалап түтіп, сидиған бұталарға ұп-ұлпа ақша қар қып ілді. Қостағы темір-терсектің бәрінен ойыншық жасалды. Мұндай шаруаға бұты қисайып жүріп Сергей Костюков шебер екен. Қауға сақал Цапаевты Аяз ата қып киіндіріп әлек. Цапаевтың көкірегіне түскен жирен сақалын жасыру үшін жарты қап мақта жұмсалды. Насыбай атса, танауы жыбырлап, тыныш тұра алмайтын неме таңқ етіп түшкіріп қалған сайын өліп-талып зорға жасалған сақал-мұрт бет-бетіне ұшып кетеді. Қар ханшайым болуға Сергей Костюковтан басқа ешкім келіспеді. Малынтып ақ көйлек, ақ қалпақ кигенде ұзын тұра жігіт әжептарқы бірдеңе болып шыға келді. Қылжаңбас Цапаевтың құдайы берді де қалды.

— Мынандай қалыңдықтың біреуі ерініне, біреуі етегіне жабысар екі күйеу тауып бермесен, өмір бойы пұшпағы қанамай өткені ғой, — деп еді, көптен бері үйлерін көрмей, ошақ басы тіршілікті сағынып жүрген жігіттер көздерінен жас аққанша күлді.

Ертең жаңа жыл күні елшілік қосы таң атқанша думандатып шықты. Орыстардың тойын көруге келген Есет ауылының, хан ауылының адамдары мынау үсті-үстіне қарқылдап күліп, ауызы жабылмайтын адамдарға қайран қалысты. Әсіресе, аппақ қап арқалап, ақ киім киіп шыққан қауға сақал шалдың сақилығына қатты тәнті болды. Үйлерінде қалған балаларының аттарын атап барған сайын бір уыс шақпақ қант пен тәтті нанды ұстата салады.

Әншейінде түстері суық елшілік адамдары дастарқан басында қандай көңілді! Әне бір көк шөлмектен сылқ-сылқ құйылып жатқан мөлдір судың мұңкіген иісінен маңына ашып кеткен қымыран ішкендей ашырқанса не дейсің! Тартып салады да, жұдырықтарын бір иіскеп, шылқыған қызыл қуырдаққа бас салады.

Елші түн орталай бере:

— Ал, жаңа жыл! — деп еді.

Бәрі өрт тигендей айқайлап-ұйқайлап орындарынан атып тұрды. Мауыздай-мауыздай еркек адамдар бас салып бірін-бірі құшақтап, шылп-шылп сүйісе бастады.

Елші ту сыртындағы темір сандықтан төрт-бес жалтырақ шөлмек суырып, жігіттердің қолына ұстатты. Олар әлгі жалтырақ шөлмектің мойнындағы темір ноқтаны босатып еді, үсті-үстіне гүрс-гүрс ете қалды. Қазақтар құлақтарын тас қып басып алған. Орыстар күліп мәз-мәйрам болысты. Жараған бураның езуіндегі ақ көбік атып тұрған ақ мойнақ шөлмек тостағанға қыж-қыж тамған тентек шарапты толтырып құйып, қазақтарға ұсынып еді, ешқайсысы қол апара алмады.

— Мына келген жаңа жыл бәрімізге жақсылық әкелетін жыл болсын, алып қойыңыз! — деп елші қайта-қайта қиылғасын Нияз сұлтан шыдай алмады.

— Орыстың наурыз көжесінен де бір дәм татып көрейікші! — деп аузына апарып, жалма-жан қайта қоя салды.

Орыстар қарқ-қарқ күліп, мәз болысты. Қазақтар бір-біріне қарап:

— Не болып қалды, сұлтан? — деп үрейлене сұрады.

— Мынауың былай қарағанда су сияқты ғой, ал енді аузыңа апардың-ақ көмейіңе бір уыс бүрге шашып жібергендей дуылдатып қоя береді екен.

Енді қазақтар қарқ-қарқ күліп, орыстар: «Апырау, мыналарға не болды?» — деп үрпиісе қалысты.

Таймас Нияз сұлтанның не айтқанын түсіндірді. Орысы, қазағы, башқұрты, үй іші түп-түгел қыран-топан күлкіге батты.

Тойдан қайтып келе жатып Нияз сұлтан үсті-үстіне сүрініп жүре алмады. Шамасы, манағы ерініне тигізе беріп қайта қойған тентек судан мас болып қалдым екен деп ойласа керек.

Думандата келген жаңа жыл жым-жырт өтіп жатыр. Міне, январьдың он бес күні артта қалыпты. Тевкелевтің журналына жарты бетке толар-толмас қана жазу түсіпті.

«1732 жылғы январьдың бесі күні тілмаш Тевкелев Арал теңізінен Уфа дворяны Кирил Барабанщиков пен Қыдряс Маллақаев арқылы Мемлекеттік сыртқы істер коллегиясына почта жіберді, олардың қасында арнаулы

хаттар, атап айтқанда, Әбілқайыр ханның хатын, Сәмеке ханның хатын, Батыр сұлтанның хатын, қарақалпақ ханының тілмаш Тевкелевке жазған хатын, қарақалпақ ру басылары мен дін басыларының хатын алып қазақ елшілері еріп кетті».

Бары осы-ақ. Содан басқа ақ қағаздың бетін күйелеуге тұратындай ештеңе табыла қоймапты. Январдың алғашқы аптасында жер бетіне күрпітіп көбік қар түсті. Іле-шала шыңылтыр аяз тұрып, жердің беті ақ мамыққа оранды да жатты. Хан қансонарда түлкі аулап қайтуға шақырды. Былтырғы Таймастан айырылып қалатын оқиғадан ауызы күйген елші: «Рақмет, зауқым соқпай тұр», — деп бармай қалды.

Қазіргі бар ермегі — омбылап қыр басына шығады. Аппақ қарға көміліп жатқан ұлан байтақ өлкеге қарайды. Ұн шашып тастағандай жылмиған аппақ жазық. Не ағаш, не тау-тас жоқ. Әншейіндегі ой-шұңқырдың бәрін омбы қар бітеп тастаған. Көк шыңылтырланып қатып қалған киіз күртіктің бетінен, ең болмаса, із де көрінбейді. Сонадай-сонадайдан жер теуіп тебіндеп жатқан жылқылар қарауытады. Қойларын Қарақұм мен Қызылқұмның арасына тастаған хан бұл өңірге тек жылқы ғана ұстап отыр. Жалдарын желге таратып, жер сабалаған қыл құйрықтардан басқа жан иесінің бәрі бір-бір жайлы баспана тауып тығылып алған. Қараларын көрсетпейді. Жыландай жиралаңдап жатқан борасын, шөлмектей шақырайып тұрған ашық аспан, ойпаңдағы ауылдың ирелеңдей көтерілген қарақошқыл түтіні, қарға аунап, асыр салып жүрген тоқ иттердің ойыны — қыр басына қашан шықсаң да, қанша шықсаң да — көретінің тек осы. Әрине, мұндай өлкеден ішің пысады. Анада Сыртқы істер коллегиясына жолданған почтаны алып кеткен Кирил Барабанщиков пен Қыдряс Маллақаевтың қуаныштары қойынына сыймай аттанған шығар. Мынандай кісенсіз тұтқын өмірден құтылғанға кім қуанбайды дейсің! Жұрттың бәрі елдегі қатын-балаларына хат жазып, бір жағынан қуанып, бір жағынан құлазып қалды. Тіпті өзіне салса да, тап осы қазір жаяу-жалпылап жүре бер десе, жүре берер еді. Онысы әншейін мәңгінің қиялы ғой. Оны мына даладан кім аттап шығартсын!

Тевкелев бүгінде қазақ сахарасында қыбырлап жер басып жүрген екі аяқтыларды «хан партиясы», «қарсы

партия» деп екі топқа бөледі. «Қарсы патияның» да үні өшкелі біраз боп барады. Аанадағы хан ордадағы жиыннан кейін ешқандай хабар жоқ. Уфаға жөнелтілген почтаның әңгімесі оларға әлі күнге жетпей жатыр дейсің бе! Әбілқайырдың Бақа батырды, Сәмекенің Құлеке батыр мен Жайылмысты, Батыр сұлтанның Мұхамбет қожаны, Нұралы сұлтанның Шаханы елшілікке жұмсағандары ел ішінде неше саққа жүгіріп жатқанын кім біліпті?!

Мынандай тас керең тыныштықтан қызыл көз дәукестердің айқай-ұйқайын естіп отырудың өзі ғанибет екен ғой.

Күні бойы күртік кешіп қаңғырып-қаңғырып келіп, сары қидың шоғына таптанып маужырап бара жатқан соң, жылы төсекке енді кіре берген елші үйдің ту сыртынан дүсірлей шыққан тұяқ дыбысынан басын көтеріп алды.

Түн ортасында біреу:

— Хабарласқандай қайсың бар? — деп дауыстады.

Дауысынан тани кетті. Жуықта ғана кеп, бір түстеніп кеткен Балтабек деген ру басы. Мынандай бейуақта келгеніне қарағанда тегін жүрмеген болар.

— Атыңнан түс, үйге кір!

Түнгі аяздан бар қаны бетіне шығып қызарып кеткен Балтабек аптыға сөйледі. Бәби мен Жантума қарайған қол жиып Әбілқайыр мен Тевкелевті шауып алмақшы көрінеді. Елші Балтабекке жанашырлық қызметі үшін рақмет айтты. Башқұрттар жатқан көрші үйге қоналқыға жіберді.

Ертеңіне теңертең ханға хабаршы жүгіртті.

— Әй, бәсе!

Елшінің шабарманының айтып келген хабарын естігенде Әбілқайырдың ауызына алдымен түскен сөз осы болды.

— Бара бер! Келеді деп айт!

Шабарман шығып кеткесін де, хан, қапелімде, орынынан тұра алмай қалғандай, ошарылып біраз отырды. Орынынан қинала көтерілді. Жолда келе жатып та: «Әй, бәсе!» — деп қайта-қайта басын шайқап қояды. Аанада Сәмекеге кеткен елші теп-тез оралғанда-ақ ойына түскен қауып осы еді ғой. Енді Жәдік тұқымы орыс елшісінің күллі жауап-сауабын бұның мойынан арта

салмақ. Өшіккен қызылкөздерді айдап салып, өздері тың тыңдап отырмақ. Бірінші болып ант беретін абыройдан айырылып қалғандарын түсінді. Енді, не де болса, өздері ие бола алмаған абыройды Әбілқайырға да бұйыртпау. Ол үшін орыс елшісіне неше түрлі қауіп-қатерді төндіріп бақпақшы. Тевкелевке бір жаманат бола қалса: «Берер антымызды бердік. Ұлысымызға кел деп шақырып едік, келмеді», — деп ауыздарын қу шөппен сүртіп шыға келмекші. Сонда елшіге жасалған қастандық үшін ақ патшаның алдында Әбілқайырдан басқа кім жауапкер болмақшы?!

Соны сезген Әбілқайыр анада Батырға адам шаптырған. «Мына ақ патшаның елшісі қарақалпақтардың қолындағы башқұрт тұтқындарының жағдайын қатты уайымдап отыр. Соларды өзің барып қайтарып алып қайтсаң қайтеді. Ақ патшаға берген антың бар. Соның жолында істелген бір қызметің болсын», — деген. Мынандай алмағайып тұста ол алысырақта жүрсе, ел арасы тыныш болар ма екен деп ойлаған. Оның үстіне орыс елшісіне Жәдік тұқымының ақ патшаның жолында адал қызмет етуге қаншалықты құлықты екенін көрсеткісі келген. Егер сұлтан анада берген анты есіне түсіп, өз сөзінен өзі тая алмай, қарақалпаққа аттанып кетер болса, мына жақтағы соңына еріп жүрген көп шуылдақтың алдында абыройы айрандай төгілер еді. Сұлтан: «Әбілқайыр мені, қарап жүрмей, қарақалпақтармен араздастырмақ қой. Башқұрттарға жаны ашып бара жатса, барып өзі құтқарып әкелмей ме!» — деп талағы тарс айрылыпты. Ол шаруаға Есет пен Бөкенбай батыр аттанды. Міне, Батыр сұлтан мына бүлікті де сол екеуі жоқта әдейі шығарып отыр.

Тевкелев көзі атыздай болып отыр екен. Бұл кіріп келгенде, орнынан атып тұрды. Сұп-сұр ханның сабырлы жүзін көріп орнына қайта отырды. Түнде естіген хабарын айтты.

— Әлгі Балтабектің өзі қайда? — деп сұрады Әбілқайыр.

Көрші үйдегі Балтабек ханға өзі кеп, көрген-білгенін баян қылды. Әбілқайыр сол бойда екі кісіні Есет пен Бөкенбайға, тағы бір жігітті осы маңайда қыстап отырған Мойнақ батырға шаптырды. Мойнақ түс ауа жетіп келді.

— Батыр, осы сенің Жантуманың ауылында туған бажан бар емес пе? Соған сәлемдескелі соққан боп, барып қайтпайсың ба?

Мойнақ батыр қауқиған сары ала тонының белін де шешпестен атына қайта қонды.

Әбілқайырдан да жәй кетті. Елшінің қосына күніне қырық барып, қырық қайтады. Бірақ, онсыз да астына ине шаншып қойғандай үргелектеп отырған немені үркіте бермейін деп ештеңе демейді. Қайткенде мына қатердің алдын ала алады? Ойына тағы да шырқ айналып сол Батыр түседі. Сонымен солай жасырынбақ ойнай бере ме? Қайдан шықса, одан шықсын: «Ақ патшаға екеуміз де ант бердік. Оның елшісі екеуміздің де қонағымыз. Елшінің басына төнген қауіп-қатер екеумізге де абырой әпермейді. Ендеше, ана қарауыңдағы тентегің мен телінді тый. Мәмбет мырзаға қоқандағанын қойсын!» — деп неге айтпайды?! Даңғой кісілер қорқақ келуші еді ғой. Оны бір тоқтатса, осындай дөң айбат әңгіме тоқтатады. Тек анадағы Мойнақ батыр келсін. Балтабектің айтқаны рас болып шықса, бұл бір күнде кідірмейді. Батыр сұлтанға кісі шаптырады. Бірақ, бұл жайында Тевкелевке ештеңе сездірмеуі керек. Мына қылығын қорыққанға жорып, өзге төрелермен бармақ басты, көз қыстыға түсіп кетіп жүрмесін.

Мойнақтан ешқандай сыбыс шықпады. Бірақ, үрейлі хабар күннен-күнге дүңк-дүңк күшейе түсті. Мойнақ батыр кеткесін үш күннен кейін екі етегі далақтап бір жалба тымақ хан ордаға шауып келді. Сөйтсе қайын атасы Сүйіндік жіберіпті. Есіктен елпі-селпі боп алақтай аттады.

— Е, балдық, белдеуге жеткенше шауып жын қуып келе ме? — деп еді, әншейінде әр сөзіңе жармаса кететін қылжақбас тұқым әзіліне жауап бермеді.

— Батыр жіберді. Кеше жоқ қарап жүрген кісі боп бір танысы келіп айтып кетіпті. Әлгі шектінің тентектері ертең осында қол жиып келіп, хан мен елшіні ұрып өлтіреміз, ханшаны бұрымынан сүйреп ат құйрығына байлап көкпар қып тартамыз деп алақандарына түкіріп отыр дейді. Сыңайлары жаман көрінеді. Неден болса да, тайынатын түрлері жоқ сияқты.

Ол күні елшіліктегілер де, хан ордадағылар да көрер таңды көздерімен атқызды. Әбілқайыр Батыр сұлтанға жасырын кісі аттандырды.

Хан мен елшіде көз қырлары бары бұрыннан белгілі. Ал, Бопай ханшаға нағып осынша кәрлерін тіккенін бір алла білсін! Әлде анадағы почтамен орыс патшасына оның да хат жазып жібергенін естіп қалды ма екен? Ханша Анна патшаға: «Сіздің ұлы императорлық мәртебеңізден көп-көп өтінішім «алдиярлық шарапатыңыздан мына біздерді, өзіңіздің үмбеттеріңізді, ешқашан құр қалдыра көрмесеңіз екен. Өйткені, қазір дұшпандарымыз тіпті көбейіп кетті. Бірақ өзіңіздің ұлы императорлық мархабатыңызға сеніп, олардан етіміз сескеніп отырған жоқ», — деп жазып еді. Соны естіген қызылкөз немелер: «Қап, жүзіқара, сенің ол батырлығыңды ертең бұрымыңнан сүйреп ат құйрығына байлағанда көрерміз!» — деп кіжінбейді дейсің бе!

Өліп-талып күткен күндері де келді. Күн айқұлақтанып шатынап шықты. Лүп еткен леп жоқ. Сақырлаған сары аяз. Аузы-мұрныңнан шыққан леп сол бойда-ақ сақал-мұртыңа ақ қырау боп қонақтап үлгереді. Әншейіндегі ойыншыл иттер ыққа тығылып шықпай қойды.

Қыстың күнінің бұлай аяқ астынан қақшандап кеткеніне Әбілқайыр қуанбаса, ренжіген жоқ. Бір көзі малында жүретін қазақ мынандай ақ шұнақ аязда сойыл ұстап атқа қона қоймас. О да құдайдың қарасқаны шығар. Түске таман күн батыстан жалаулары желкілдеп қол көрінді. Мылтықтарын оқтап сақадай-сай тұрған елшілік, қапелімде, кімдер екенін білмей қап, атыс шығарып жүре ме деп қорықса керек, анадайдан бір аттыны ілгері жіберді. Дедектеп шауып келе жатқан жалғыз атты анада өздері жұмсаған шабарман екен.

— Апырай, амандасыңдар ма? — деп қуана амандасты.

— Аналарың кім?

— Бөкенбай мен Есет.

Жұрт «Уһ!» деп бір дем алды. Башқұрттарды босатып аламыз деп қарақалпақта жүрген Бөкенбай мен Есет ханның шабарманы барған бойда-ақ, кері салыпты. Қарақалпақ рулары тұтқын башқұрттарды қайтарып беруге келісіпті. Құдайназар мырза оларды көшіріп әкелетін болып сонда қалыпты.

Ол күні әлгі батырсынған билер қараларын көрсетпей қойды. Шамасы, Бөкенбай мен Есеттің қарақалпақтан қайтып оралғанын біліп қалса керек.

Ертеңіне Батырға кеткен жігіт те келді. Сөйтсе, ол дәл бұл баратын күні Борсық құмнан соңына мың жарымдай қол ертіп Қараған түптің түрікпендерін шауып алуға кетіпті. Кеме қатынайтын көктем емес, не күз емес, қыстың көзі қыраудағы бұл не жорық екенін өзі білсін! Әдетте қазақтар Маңғыстаудың үш қиян түбегінде отырған түрікпендерге Үнді мен Иранның Ресейге баратын саудагерлері Қараған мен Қабақтыға жиылатын мамыр айында, не олар Астрахань мен Қазанға барып қайтатын қара күзде шабатын. Ондай жорықтар тұсында түрікпендердің орыс кемелерінен алған астықтарын тартып алып бір қарқ болса, жол-жөнекей шет жұрт керуендерінің дүние-мүлкін тонап екі қарқ болатын. Ал, мынау ақырған дәлудің күнінде ызғыған Үстірт пен бықсыған Маңғыстаудан қандай олжаға қарық болатындарын ит білсін!

— Әй, ол қу тегін кетті дейсің бе, бір ойлағаны бар ғой, — деді Есет.

— Ендеше, мындағыларына бір дүрбелең шығартқызып, оған өзінің ешқандай қатысы жоқ болып көріну үшін жер түбіне әдейі кетіп бара жатқан шығар, — деді Бөкенбай.

Әбілқайыр хан сазарып біраз тұрды да, үндеген жоқ. Айналаға алақтап қараумен тағы да бір апта өтті. «Шауып аламыз» — деп қорқытып жатқандар көріне қоймады. Бөкенбай мен Есет елшілік пен хан ордадан бір елі аттап шыққан емес. Мынандай суық хабарды естіген тілеулес билер мен батырлар шұбырып келіп жатты. Қорқынышты көк найзалар қай жалдың басынан қаптағайлап шыға келер екен деп, жандары тырнақтарының ұшында жүргендердің бұрынғы үрейі басылайын деді.

Сондай күндердің бірінде Бопай бәйбіше:

— Елші мырза, барған жұрт сіздің дастарқаныңызды көп мақтайды. Туғалы татып көрмеген тәтті тағамдар жедік деп шеттерінен таңдайқата болып келеді. Біздің де тамағымыз ісуі мүмкін-ау деп ойламадыңыз ба? — деді Тевкелевке, ақ сары жүзіне қан шапшып.

Әзіл-шынды қып айтқан қылықты бәйбішенің мына қолқасы елшінің жанына батайын деді:

— Ғафу етіңіз, ханым. Сіздей аруға бойдақ солдаттардың пісірген ботқасынан дәм татқызып ұшынтып алам ба деп сескеніп жүр едім. Егер өзіңіз

қаласаңыз, онда сөз бар ма, қуана-қуана қарсы аламыз. Бүгін мына ауылдарыңыздағы меймандарыңызбен түгел біздің қосқа келіп түстеніп кетіңіздер, — деді.

Хан, ханым, ханның балалары, Бөкенбай батыр бастаған бір топ ру басылары елшілікке барып түстік жеді. Шынында да, орыс тағамы Бопай ханымға қатты ұнады.

— Бұл ештеңе емес қой, — деді Тевкелев. — Іс оңға басып, дәм тартып астанаға бара қалсаңыз, орыс аспаздарының қолынан не келіп, не қоятынын ақ патшаның қонақасында көрерсіз.

Ақылды бәйбіше ду етіп бір қызарды да үндеген жоқ. Бір тәтті қиялға батқандай еркектердің ду-ду әңгімесін тыңдап үнсіз отырды.

Елшіліктегі қонақасыдан кейін жиналған ру басылардың бір тобы әңгіме бір жақты болғанша осында қала тұратын болды да, Бөкенбай батыр бастаған бір тобы ауылдарына қайтты. Дәл соны бағып тұрғанындай, ертеңіне масқар биі Төлебай батыр келді. Қарсылар қара құрым қол жиып алыпты. Ертең Аралдың күн батыс шығанағынан айналып өтерде, ұрымталдан тосып тұрып, елшіні соққыға жығып, қасындағы адамдарын ұлыс-ұлысқа таратып әкетеміз дейтін көрінеді. Қарақалпақтан келе жатқан башқұрттарды Тевкелевке жеткізбей талап әкетеміз деп жаланып отыр дейді.

Әбілқайыр өз ордасында жиналып жатқан тілеулес билердің біреуін Бөкенбай батырға жұмсады.

Бөкенбай ертеңіне қас қарая хан ордаға жетті. Алакөбеңде екеуі елшіге барып ақылдасты. Тұтқыннан босап келе жатқан башқұрттарды қарсы жақ атқа қонбай тұрып тезірек жеткізіп алу үшін қарақалпақтарға қайтадан кісі шаптырылды. Ертең шығанақтан айналып өтерде тілеулес рулардан қол жиып, ұрымтал тұстарға алдын ала қарауыл қойылып, аса сақтанып көшу керек деп шешілді. Қарсы жақтың тағы қандай ойлары бар екенін біліп келуге Төлебай батыр қайта жұмсалды.

Арада тағы да жылдай ұзақ төрт күн өтті. Әбілқайыр тағы да ойға батты. Қарсы жақтың шабамыз деп тұрып шаппай қалғанын не деп түсінуге болады! Батырдың аяқ астынан түрікпенге аттанып кеткенін не деп түсінуге болады? Ертең Арал айналып көшерде бұрынғыдай ханды да өлтіреміз деп қорқытпай, елшіні ғана өлтіреміз дегендерін не деп түсінуге болады? Осы бір әзәзіл үш

сауалдың түбіне тереңдеп бойлаған сайын Батыр сұлтанның бұрын-соңды өзі байқамаған ақылдылығына қайран қалды. Хан екеуін сабап, ханымды көкпарға тартып өлтіреміз десе, ел алдында Әбілқайырға деген өшпенділікті күшейткісі келгені, ертең Арал айналып өтерде елшіні ғана өлтіреміз десе, хан екеуінің арасына сенімсіздік түсіргісі келгені. Ел ішінде дүрбелең шығарды да, өзі ит арқасы қиянға кетіп қалды. Енді мұнда не болып, не қойса да, оның ешқандай қатысы жоқ. Осы батырдың ойынан шығар ақыл, қолынан келер іс пе? Бұның бәрін Батыр ойламаса, орайластырып отырған кісі кім? Қасындағылар да өңшең өзі сияқты ұрдажықтар еді ғой. Әлде бұның бәрін орайластырып отырған сонау Сарыарқаның сары аязында жатқан Жәдік әулеті ме? Әрине, алты шекті осы қияңқылықты анада Сәмеке елшілері келгенше істесе, көрмей жүріп пе?

Осыны ойлай-ойлай Әбілқайырдың шақшадай басы шарадай болды. Арада төрт күн өткесін масқар Төлебай қайтып келді. Қарсы топтағы ру басылары жиын құрып, өзара ақылдасыпты. «Патшаның елшісін қайтеміз?» — деп кеңесіпті. Пікір екі жарылыпты. Біреулері: «Елшіні екі арыстың елі де жақсы қабылдап жатыр. Жұрттың көбі патшаға бағынсақ, тыныштық табамыз деп ант бере бастады. Соның бәрін көріп-біліп отырып, Мәмбет мырзаға қол көтерер болсақ, ертең ел мамыр айындағы жиында орыспен екі ортаға араздық отын тұтаттыңдар деп бізді жазғырып жүрмей ме? Осы райдан қайтсақ қайтеді?» — десе, біреулері: «Ол сенің қазағыңа жаны ашып келіп отырған адам емес, еліңді-жеріңді көріп қайтуға келіп отырған жансыз. Одан айрылып қалуға болмайды. Ертең Арал айналып Ресей бетке өтерде ұстап алып, өз ұлысымызға апарып өлтіруіміз керек», — деп бет бақтырмапты. Төлебайдың айтуынша, қасарысып тұрғандар, көбінесе, бұрын санатта жоқ ұсақ аталардан қамшы ұстап шыққандар көрінеді, ал іргелі рулардың билері баяғыдай емес, қастандық жасау ниеттерінен айнып қалған секілді.

Тағы да сол дұдамал хал. Тағы да сол екі ұдай жұмбақ. Үрей мен үміт қосарласқан әуре-сарсаң тіршілік. Әсіресе Тевкелевтің басы бауырына түсіп кетті.

Соны байқаған Әбілқайыр оны ешқашан оңаша қалдырмауға тырысты. Бопайды ертіп барып түн ортасына дейін әңгіме-дүкен құрып отырады.

Бір күні Дәлудің аяқ жағында елшімен сөйтіп оңаша мәжілістесіп отырғанда қасында алты жігіті бар Бәбидің баласы Ақша кіріп келгені. Бұлар аң-таң. Сойдауылдай-сойдауылдай жеті жігіт бұл екеуін одан сайын таңқалдыра түскілері келгендей оң жақта кеп қаздай тізіліп монтиып-монтиып отыра кетті. Үйдегілер жөн сұрап еді, ортасындағы құс мұрын, томаға көз, ақ сары жігіт сөз бастады. Бидің өзі жібереді. «Біз райымыздан қайттық. Маңымызға жиналған қолды елді-еліне тараттық. Хан мен елшіні қайдағы бір тар қолтыққа тығылып алмай, ортамызға көшіп келуге шақырамыз», — депті.

Жұмбақтың үлкені мынау болды. Үш ай күз, үш ай қыс, «әне шауып алам, міне, шауып алам» деп, алты қырдың астынан айқай салып жатқан ақикөз ақыр аяғында өзі келіп қол ұсынды. Бұнысы қалай? Бұрын келмеген ақыл, бүгін неге келе қалған? Әлде анадағы жиында алты шектінің ру басыларының пікірі екі жарылғаны әсер етті ме? Ештеңе өндіре алмастарын біліп, баяғы дәмелерінен баз кешті ме екен? Әлде күш көрсетіп, қоқан-лоқы жасауды қойып, айлаға көшкені ме? О да мүмкін ғой. Бұрынғы одақтастардың жартысы ниеттерінен айнып қалса, қол жиып кеп шауып алудың қиынға түсетіні рас. Не де болса, ағайын боп ақылдасар мәселе. Хан сол бойда-ақ Бөкенбай батыр мен жақтастарына кісі шаптырып, мәслихатқа шақырды. Мәслихат басталмас бұрын ол Бөкенбаймен оңаша сөйлесті. Ол да Бәбидің бұнысы айла, хан мен елшіні алдап қолға түсірмек деп ойлайды. Билер алдында жауапты Бөкенбай беретін боп келісті. Әбілқайырдың бұл тұста үндемей қалғаны жөн. Қарсы жақ ханның не ойлағаны бар екен деп күпті жүрсін.

Ақша келген күннің ертеңіне-ақ билер хан ордаға түгел жиылды. Хан жұртқа Бәби бидің сәлемін айтты. Бірінші болып Бөкенбай сөз бастады:

— Хан егер ол ұлысқа көшем деп жатса, өз еркі. Менің оған билігім жүрмейді. Ал, бірақ, елші мырзаны қасымнан жіберіп, ертең ел-жұрттың алдында обалын көтерер жағдайым жоқ. Мамыр орталағанша өз қасымда болады. Мамыр айында болатын жиынға өзім алып барамын. Оғанға дейін тартып әкеткісі келетіндер табылып жатса, қасық қаным қалғанша шайқасамын.

Жұрттың бәрі одан асып ештеңе айта алмады. Ақшаның әкесіне айтып барар жауабы осы болды.

Дуылдасқан жұрт жөн-жөніне тарасты. Ертеңіне қарақалпақ тұтқынынан босаған жүз алпыс үй башқұрт ауылы көшіп келді. Енді ақ патша елшілігі бір қауым елге айналды. Олай-бұлай күн туса, атқа мінер үш жүздей жігіт Мәмбет мырзаның өз қасынан да табылады. Содан да Тевкелевтің соңғы күндері қарс жабылып алған қабағы ашылайын деді.

Нұр үстіне нұр деген ғой. Ант берушілердің біраздан бері аяқтары сиреп кетіп еді. Үт туа қарақалпақ жұртының ірі шонжары Оразақ батыр келді. Ол Тевкелевке барып:

— Арал теңізінің жағасында Хиуадан екі күншілік жерде Сәтемір ханның ордасы бар. Оның қол астындағы жұрт біраздан бері Хиуамен жауласып келеді. Сол елді Ресейдің қол астына өтуге көндірsem, алдияр патша оған қалай қарар екен? — депті.

Елші батырға әлгіндей ықыласы үшін төрт аршын шұға мен бір түлкіні сыйға тартты.

Ол жалдан аса бергенде қарақалпақтың белгілі биі Сүйіндік бастаған тоғыз кісі сау етіп түсе қалды. Олардың ант беруден гөрі сыйлық алғылары келіп құлқындары құрып отырғандарын көре тұрса да, Мәмбет мырза құшақ жая қарсы алып, қонақасы қылып, ант қағазға қолдарын қойғызып алып қалды.

Оларды жолға салып тұрғанда Орта жүзден қасында бір серігі бар Алшақ батырдың ат арытып, тон тоздырып жетіп келгені. Елші олардың да бармағын бастырып, қолтықтарына азын-аулақ сәлем-сауқат қыстырды.

Оларды да белдеуден енді аттандырып тұрғанда қара жалдың басынан тағы бір тайпала басқан қара жорға көрінді. Дәу де болса, ант беруге келе жатқандардың бірі ғой деп ойлаған елші темір сандығында қанша мата қалғанын қарап тұрғанда жүргінші үй іргесіне жетіп, белдеуге ат байлады. Сөйтсе — Құдайназар мырза екен. Бөкенбай мен Есет жіберіпті.

Әбілқайырдың ана жолғы күмәні бұл жолы да рас болып шықты. — Қарсы топ та елшінің көшіп-қонғанына көмектескенсіп, жүз түйе, жүз ат жібереді. Хан мен елшіні алдап қолдарына түсірмек, абай болсын, — депті.

Сол арада үшеуі отырып ақылдасты. Үттің екі жаңасында Қаратүптен әуелі ханның ауылы көшіп

шығады. Сосын араға сәл уақыт салып елші көшіп шығады. Елшіні көшіруге көлікті Бөкенбай жібереді. Құдайназар көш өтетін жерлерді жігіттерін ертіп кеп өзі торып тұрады. Пәтуа осылай байласылды.

Ол жылғы ұт күрт жұмсақ түсті. Дәлуде апшыңды куырып тұрған ақ шұнақ қыс кенет сынды. Жылтырап күн көзі көрінді. Күн көрініп еді — қар тесілді. Қар тесіліп еді — бықсық тұман көбейді. Сәске болмай жатып бу көтеріліп, сыртқа шықтың-ақ, лақтың түбітіндей селдір ақ тұман көз шоланды қамап алады. Мал баққан жұрт мұндай тұманға қуана қоймайды. Арты тұтас жылынып кетсе жақсы, ал жылынбай қойса, қыстан қажып шыққан әлжуаз малдың түбіне осындай бықсып-бықсып тұрып күрт қатаятын көктем алды әзәзіл борандар жетеді. Сондықтан да олар Үтке сенбейді. Түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып тұратын аунақшыма ай жер соқтырып кете ме деп қорқады. «Үт — жақсы болса сүт, жаман болса жұт», — дейтін сөз де осыдан қалған-ды.

Әбілқайырдың биылғы ұттен қорқынышы тек қана ол емес-ті. Хан болғанмен оның да малдан басқа сенері жоқ. Малға тәуелді кісінің малшы болмасқа жағдайы жоқ. Малшы кісі малдың жайын күйттемей отыра алмайды. Биыл мынау ақырған теңіздің елсіз қолтығына қыстап шыққан хан күн жылтырады-ақ құм арасындағы малын ойлап жәйі кете бастады. Қазір бәрінің де бауырымен жер сызып желіні ағарып қалған кезі. Мұндай тұста қасында бас-көз болып отырмасаң, ұйтқыма жел бір үйіріп кетсе, сақал сипап қалуың оп-оңай. Малдан айырылғасын ханның бәсі де соқыр теңгешік. Онсыз да мынау қайтып кетері белгісіз алмағайып заманда құдай ондай ноқтаңды ұстап қалар қараң күннің бетін әрі қылсын. Соның бәрін бес саусағындай білетін хан мынау қиян қолтықта бұдан әрі қайтып отыра алсын! Оның үстіне мынау өкірген теңіздің ертең сен жүріп, көктемнің ескек желі қайратына мінген кезде тоқымдай түбекке топан қаптап кетуі ғажап емес. Сондықтан да, қазір кеңге шығып, құм арасына кіріп алғаны дұрыс. Бірақ, өйтейін десе, кеңде бұларды қайбір кеңшілік күтіп тұр!

Биыл ұйтқыма ұттің қаупына ұйтқыма жұрттың қаупі қосылып тұр. Қарсы топтың бірде бату, бірде тату боп қырық құйқылжып тұрғаны әлгі. Бәби бидің анадағы әңгімесінің де көмейі белгілі. Қарақұрым қол жиып кеп

шауып алуға ағайынның ауызы ала боп кеткесін енді айламенен қолға түсірмек. Ол Сырлыбайдай емес, қасарған жерінен қан алмай қоймайтын қасарыспа еді. Шаш қараған кемпірдей ерінін жымқырып ап бір тиісіп кетсе, сөзге де дес бермейді. Оның үстіне Байқараның үйелмелі-сүйелмелі екі баласы Әділ мен Жанкелді соның панасында қалды. Байқараның әйелі де бір еріні қайқаңдаған ділмартұғын. Былтыр күзде Байқараның өлігін салақтатып» Ой, бауырымдап!» шауып барып, бытырлатып үйін сабай жөнелген жолсыз қолдың алдынан қолына шырақ алып жүгіре шығып, өз шаңырағын өзі бірге өртесетін долы қатын ала қыстай: «Айдаладан қаңғып келген естекке арысын алдырып шектінің әлі де елмін деп отыр-ау, еркектері де бір ат пен қатынның белінің обалына қалып еркекпін деп жүр-ау», — деп зарлайды дейді. Құлақтарының түбінен құзғындай сұңқылдап отырған қақсауық қатыннан қалай құтыларын білмеген жұрт ереуіл атқа талай тақым сала жаздапты. Бірақ, алты шекті түгел көтерілмегесін талай жерде тәуекелдері судан қайтыпты. Аңадағы Ақшаның келісі — амалсыздықтың келісі болар. Енді айламен алдап қолға түсіріп, кек алудан басқа амал қалмағаны шығар.

Әбілқайыр сол қызыл оттың ортасына қарай жылжып қонуға қанша дегенмен жүрегі дауалай алмады. Биыл Бөкенбай, Есет үш ұлыс жұп жазбай қатар көшіп жүруге бел байласты. Бірақ, дұшпанның көкейін анық білмегесін қиын екен. Үттің екі жаңасында ақ тұманмен араласып жұрттарынан көтерілгенде сабырлы ханның ат үстінде тізесі дірілдегендей болды. Суық шық-шыламан ба, тұла бойы инедей шаншып қоя берді. Ердің құны да — қазақ үрдісінің бір талма тұсы. Осыдан Байқараның өлімі үшін елші мен хан мерт тауып жүрсе, даңғой қазақтар Бәбиді батыр деп мадақтамаса, жазғыра қоймас. Сырлыбайдай даңғой емес Бәби бұл екі ортаны қалай салмақтайтынын кім біліпті. Ауыл арасының бір барымташысының кегін қуам деп, күллі жұртын онсыз да аранын ашып тұрған арыстанның аузына өзі апарып түсіре ме, жоқ болса бір жолмен бітім табуға ақылы жете ме — ол арасы беймәлім. Бөкенбай елшіні өз панама алам деп тұрса, Бәби, ақылы болса, тап бұрынғысынша тепсініп отырып алмас деп ойлағанды. Бөкенбайға: «Егер хан барам десе, өзі білсін», — деген сөзді де әдейі айтқызған. Күндердің күнінде жылы сөз, жұмсақ рай

кергіп жатар күн болса, бір қолымыз бос тұрсын деген есеп еді. Енді, міне, «иә, сәт» деп көштерінің басын кеңге бұрды. Көз көрсетпес соқыр тұманның арасында бір-екі жерде қарауытқан-қарауытқан қатулы шоғыр кезігіп еді. Олар ұрымтал тұстарға алдын ала қойылған Құдайназардың жігіттері болып шықты.

Олар үйлерін тігіп үлгергенше сылбыр жауын себелеп қоя берді. Сол ақ жауын ертеңіне таң атқанша басылмады. Күллі дүниенің иінінен су кеткендей. Төңірек сілтідей тына қапты. Жаңбыр сытырынан басқа үн естілмейді. Кавказ буркасына оранып алған Тевкелев таң атқанша көз ілмеді. Бұрын Қаратүпте отырғанда терістікке қарай жүрсе де, шығысқа қарай жүрсе де, түстікке қарай жүрсе де, өкіріп жатқан көк теңізге тірелетінін, ал күн батысқа қарай жүрсе — ызғындай боп иін тіресіп отырған Есет ұлысына тірелетінін білетін. Ал, қазір батысында да, шығысында да, терістігінде де, күнгеінде де ауызын арандай ашып қауып тұр. Үстіндегі тоғыз қабат кіреукесін сыпырып шешіп тастап, қардай борап тұрған оқ өтіне жалаңаш тұра қалғандай тұла бойы түгел түршігіп, қанша сабырлы болғысы келгенмен тағат таба алар емес. Мынау сырт-сырт себелеген көп тамшы кейде жан-жақтан түн жамылып арғымағын жебелеп үн-түнсіз қоршап келе жатқан қалың дұшпанның тұяқ тысырына ұқсап кетеді. Ондайда басын жастықтан көтеріп алып айналаға құлақ түреді. Сол сытыр-сытыр жаңбыр үні... Шылп-шылп тамшы дыбысы. Аңылжыған дүниеден сыз исі, салқын леп аңқып қоя береді. Денең тітіркеніп кайтадан жылы төсекке тығыла түсесің. Бірақ, бәрібір көзің ілінбейді. Тағы да жан-жағыңа құлақ төсеп, тосын үн, тосын сыбдыр іздейсің. Бірақ бәрібір сол шетсіз-шексіз сытыр-сытыр, тысыр-тысырдан басқа ештеңе естілмейді. Сол бір қалыпты тысыр-тысыр дүниеден іші пысқандай таң алдында көзі ілініп барады екен, дәл түндіктің төбесіне қонып ап байғыз шақырғаны. Көшпенділердің арасында көп жүрген Тевкелев осы бір жексұрын үнді естісе болды, төбе шашы тікірейіп қоя берді. Мынау құзғын құс үсті-үстіне шықылықтап қуанышқа шақырып тұрған жоқ, үзіп-үзіп қорқынышқа шақырып тұр.

Тевкелев сосын қайтып басын жастыққа сала алмады. Бір тұрды, бір отырды, шынтақтап қисайды, әйтеуір көз ілмеді. Бір уақытта жаңбыр басылды. Ол далаңдаған

буркасының екі өңірін қаусыра ұстап сыртқа шықты. Таң атыпты. Жан-жақтың бәрі су өтіп қоңырайып көрінеді. Шөп басы мөлтендеген шық. Жым-жырт. Құлақ селт етердей сыбдыр-сыбыс жоқ. Дөңкиген-дөңкиген құм шағылдардың ту сырттарына не жасырып тұрғаны белгісіз. Бұл кешеден бері қап-қараңғы киіз үйдің ішінде бүркеніп басыр болып жатып-жатып қай жақтың шығыс, қай жақтың батыс екенін де ұмытып қалыпты. Кенет бір дөңбек шағылдың жалпақ сауыры бірте-бірте қызара түсті. Көп ұзамай сол шағылдың үстінен дөңгеленіп күн көтерілді. Қостағылар ояна бастады. Бұдан кейін екінші боп сыртқа шыққан Юмаш Минаев болды. Үйде отыра алмайтын кезбе. Ермегі таусылғанда төңіректі шарлап тышқан аулап кетеді. Қазір де, міне, мынау бұрын аяқ баспаған бөтен қоныстың жан-жағын бір шарлап қайтқысы кеп жаланып тұр. Бір кезде солдаттықтан қашып қазақ арасында көп жүрген. Қазақша сөйлегенде судай ағады. Сонысынан ба мынау жан-жақтан тұзақ құрып жалақтап отырған көшпенділердің арасына тез сіңісіп кетеді. Нағыз су жұқпас. Талай күдерінді үзіп отырған жерден дым көрмегендей боп аман келеді. Бірақ, қасына кісі ерткенді қаламайды. Жаңғыз жүргенді ұнатады. Жаңа қонысқа қонған елшінің маңайдан хабар білмей тыныш отыра алмасын біліп бүгін де әдейі тұрып тұр. Басқа біреуді емес, өзін жұмсар ма екен деп, таң атпай жатып ербиіп қасында тұр.

— Юмаш, — деді Тевкелев. — Бүгін маңайдағы қазақ ауылдарының біріне соғып хабар біліп келмейсің бе? Бірақ, алысқа ұзап кетіп жүрме! Мал қайтарған, жоқ қараған біреу-міреуіне жолық та, дереу кері қайт. Бұл қазақтарға сенім жоқ екенін білесің ғой...

Тевкелев үйге кіріп, төсегін жинай бастап еді, сырттан сытыр-сытыр дыбыс шықты. Ол атына мініп, күн шығыс жақтағы қызыл шағылға беттеп бара жатқан Минаев еді. «Бұл атын түнде ерттеп қойған ба, қашан үлгерген?!» — деп ойлады елші.

Юмаштың аттануы қандай тез болса, оралуы да сондай тез болды. Сол күні бесін ауа үй желкесіне кеп дүрс етіп түсе қалды. Жылдам басып кіргенінен, көзіндегі жылтылынан, басындағы — далбайын тез сыпырып алғанынан, не де болса, ауыз толтырып айтарлықтай маңызды хабармен келгенін сезе қойды.

— Мына күн шығыс жақ шетімізде Ожырай кетелердің ауылы отыр екен. Біздің осы араға келіп қонып жатқанымызды кешеден бері естіп-біліп жатыпты. Сол ауылдан естідім: бұл өңірге тағы да бір үлкен пірәдар келіпті. Баяғы кісідей бақсы-құшынаштығы жоқ дейді. Сәлдесі дағарадай инабатты адам көрінеді. Шамасы, Бұхарадан келген түрі бар. Осы маңайдағы аузы дуалылардың үйінен үй тастамай аралап: «Орталарыңдағы кәпірдің елшісін еліне тірі қайтарушы болмаңдар. Онда өз бастарыңа өздерің пәле тілеп алғандарың. Ол сендерді ертең қалай жаулап алу керек екенін білейін деп жер барлап келіп жүр. Сендер де баяғы Хиуаның істегенін істеңдер. Хиуаға ештеңе істей алмаған орыс сендерге не істей алушы еді?! Ертең әскерін бастап әкелетін жол көрсетушісінен айырылғасын, ақ патша қарға адым жер мұң болып отырады да қалады. Әбілқайыр мен Бөкенбайдың айтқанын тыңдамаңдар. Орыстар мен башқұрттар іргемізге тыныш бермейді деп қорықсаңыздар, Бадахшанға қарай көшіп алыңыздар. Егер осыдан орыстың елшісін аман-есен кері қайтаратын болсаңдар, сендерге күллі мұсылман жұрты қарғыс айтатын болады. Жерлеріне адамдарың түгілі жоғалған малдарыңды аттатпайды, — деп уағыз таратып жүр дейді.

— Келгеніне қанша болыпты?

— Осы жуық арада.

— Қазақтар ол әңгімесіне қалай қарап жатыр екен.

— Әр қилы. Біреулері онша елп ете қалмай салғырттық көрсетсе, кейбіреуі бұл Әбілқайыр бізді мұсылмандықтан да қалдырар-ау деп тулайтын көрінеді.

Тевкелев Юмашты сол бойда Әбілқайырға жұмсады. Әбілқайыр оның табалдырығынан тұнжырап аттады. Аңадағы Хиуаға кеткен Нұралы кеше түнде оралыпты. Хиуалықтар айтқанын тыңдамақ түгілі өзін басымен қайғы қып зорға босатыпты. Хан алақанына түкіріп отыр.

— Жыланның қырық кескенде де, кесірткелік әлі бар деген. Сол немелерді осы барып шауып алсам ба екен, — деп қояды.

Тевкелев Юмаштың айтып келгеніне тап онша сескене қоймап еді, ханның мына хабары қабырғасына батайын деді. Қазақтың өз арасындағы қызыл көздері ғана емес, жанжақтағы айдап салушылардың да көбейе

түскені ғой. Өткен жолы Хиуа азғырса, енді Бұхара қосылып мынау көшпенді мұсылмандардың қолға түскелі тұрған бұйдасын бұл түгілі Әбілқайырдың өзіне ұстатпайын дегені ғой. Мына Юмаш Бұхара пірәдары қазақ дін басыларына: «Құдай жолына, құран жолына қол көтерген хан басындағы бақ пен астындағы тақты өз еркімен мансұқ еткен хан», — деп жүрген көрінеді деп айтып келіп еді.

Қабағы түсіп, қабарытып отырған ханның бетіне мүсіркей қарады. Ол кейінгі кезде қатты жүдепті. Онсыз да ұзын мойыны ырғайдай боп жіңішкеріп кеткен. Тостағандай көзі аларып, маңдайдағы әжімі қазыла түсіпті. Қап-қара мұрты мен ерінінің қызылы болмаса, алдында отырған қырықтардағы жігіт ағасы кісі емес, қаусаған шал деп қалатындайсың. Хиуаның хабарына алдына ұстаған, қол бастаған азаматы болды дегенге ешкім сенер еместей, соққыны жей-жей өн бойында соқыр ызадан басқа ештеңе қалмағандай. Уысын босатса, өзінен-өзі үгітіліп күйреп кетердей, қолындағы қамшысын сығымдап қыса түседі.

Тевкелев Әбілқайырға қараған сайын осы бір сызқабак адаммен өз арасында бір жақындық барын сезінеді. Оларды соншама етене жақын қылып тұрған не? Мына екеуінің басына бірге туып тұрған зобалаң ба? Әрине, әлгі Бұхардың қаңғырмасының дегені болып жатса, екеуінің қара құсына бір қара балта төніп, екеуінің мойынын бір қыл арқан қылғындырмақ. Шынында да, мынау ай астында дәл бұл күндері бұдан жақын, бұдан тағдырлас ешкімі жоқ екен.

Оны бұл, міне, дәл осы жолы сезіп отыр. Оны аяғаны сонша, жаңа ғана Юмаштан естіген хабарын айтуға да жүрегі дауаламады. Онсыз да көкірегі әлем-жәлем болып отырған ханның жанын жарақаттағысы келмеді. Минаевтан не естігенін егжей-тегжейлеп жатпай:

— Балтыр күздегідей тағы бір қақсауық шығып ел арасына іріткі салып жүр дейді ғой.

Хан алара бір қарады да үндеген жоқ. Мүдіріп қалған Тевкелев әңгімесін қайта жалғады:

— Бөкенбайға, Есетке айтып, ел арасына сондай азғырынды әңгімеге ермеңдер деп кісілер жіберу керек шығар.

Хан үн-түнсіз басын изеді. Қамшысына таянып орынынан әзер тұрды. Жерге төселген қалы кілемнің

қамшының ұшына жаншылып, жапырылып қалған түгіне қарап, елші Әбілқайыр екеуінің басына төніп тұрған қауіп пен қатердің шын салмағын сезінгендей болды.

Хан атының тыпыр-тыпыр тұяқ дүрісі әлсірей-әлсірей ақыры жым-жырт жоғалды. Төңірекке құлаққа ұрған танадай тылсым тыныштық орнады. Сол тыныштық аттай бес күнге созылды. Суық жауыннан соң тұманға ұрынып, онсыз да берекесі кетіп отырған елші қосындағылардың еңсесін одан сайын езе түсті.

Бір күні іңірді жамылып ағалы-інілі Қара батыр, мен Бәйімбет батыр кеп аттарынан түсе қалды. Жақайымның маңдайға ұстар екі биінің түн жамылып жүргендері тегіннен-тегін емес екен. Қарсы топтағы Бәби би, Бәтжан, Жантума би, Еспембет би, Өтеғұл би, Байжан би, Малынбай би, Өтеп батыр, Ақша батыр, Сартай батыр ат жалынан тартып мінер азаматтың бәрін жинап дүрлігіп жатқан көрінеді. Не істемек ойлары барын бұлар білмейтін боп шықты. Бірақ, сақтықта қорлық жоқ деп, елшіні алдын-ала ескертуге келіпті.

Бұл хабар Бөкенбай мен Есеттің де құлақтарына тиіпті. Ертеңіне айғыр топ адаммен олар да жетті. Бәрі елшіні ортаға алып хан ордаға барды. Әбілқайыр Мойнақ батырды шектілердің ауылына жұмсады. Түн жамылып кеткен Мойнақ ертеңіне түн жамылып қайтып оралды. Бәби төңірегі: «Байқараның артын құр жібермейміз, не былтыр күзде оны атқан башқұртты таптырып алып қанын төгеміз, не құн төлетеміз» — деп пәтуаласыпты.

Мойнақтың мына хабарын естігесін Әбілқайыр ордасында таң атқанша мәжіліс қызды. Хан елшінің құн төлеп құтылғанын жөн көріп еді, елші: «Қайдағы бір қарақшы үшін құн төлейтін жәйім жоқ. Құн төлесем, айыпты өз мойныма алғаным. Мына тағы далада мойыныма айып алсам, әңгіменің арты ұшығып, өз басыма зобалаң тууы мүмкін», — деп келіспей қойды. Бөкенбай мен Есет өз пікірлерін айтпай әліптің артын бақты.

Хан ордадағы мәжіліс бір тоқтамға келіп үлгермей жатып, Бәби мен Жантума бастаған қалың қол елшілік қосының көк желкесіне топталып тұрып алды. Араларынан екі кісіні бөліп елшіге жіберді. Елші олардың талабын тыңдады. Кешегі сол Мойнақтың айтып келгені: «Не былтыр күзде Байқараны атқан башқұртты

артымызға өңгеріп берсін, не ата салтымызбен жүз жылқы, бір қалқан, бір жесір, бір сауыт, бір мылтық, бір түйе құн төлесін. Екінің бірі. Мәмбет мырза осы екі шарттың бірін орындамай тұрып бізден аман-есен құтыламын деп ойламасын».

Тевкелевтің де жауабы тым қысқа болды.

— Былтыр күздегі оқиғаға қазақтардың өздері айыпты. Елшілікке шабуыл жасаған солар. Он жеті жылқы, үш түйемді айдап кеткен солар. Желкемнен келіп оқ атқан солар. Жау тигенде қорғанба деген заң ешбір елде жоқ. Менің адамдарым өз бастарын қорғау үшін оқ атуға мәжбүр болды. Байқара сондай атыс үстінде өлді. Әлгідей қылмысты іске ол өз еркімен келсе, өз обалы өзіне, ал біреу жұмсаған болса, оның құнын сол айдап салып отырған адам төлесін. Мен үшін Байқара тыныш отырған адамдарға түн жамылып кеп тиіскен бұзақы ұры. Қарауымдағы инабатты адамдарды қайдағы бір қиық құлақ бұзақының өтеуіне берер жәйім жоқ. Өзі кеп ұрынып, ажалын тапқан қарақшы үшін құн төле деулерің зорлық. Ақ патша ешкімнің ондай зорлық-зомбылығына көнбейді.

Екі елші оның бұл сөзіне ләмим үн қатпастан, аттарының басын кері бұрып, анадайда топталып тұрған өз топтарына қарай далақтап шаба жөнелді.

Жал басында анталай қарап тұрған айғыр топ екі елшінің хабарын естіген соң, елшілік орналасқан шұқыр ойды шырқ айнала қоршап жатып алды. Содан он күнге дейін елшіліктен ешкім ешқайда аттап шыға алмады. Аттап шыққан адам болса, Байқараның өтеуіне кетері белгілі болды. Отын таусылды. Су бітті. Елші қасындағылардың жәйі кете бастады. Сонда да тырп етпей жатып алды.

Қазақтар мынау басыр ауылды одан әрі қоршап жата беруге шыдамдары жетпеді. Марттың жиырма бірі күні түн ортасында елшілікті шыр айнала қоршай қонған қарақалпақ тұтқынынан босаған башқұрттарға дүрсе қоя берді. Ойда жоқ шайқас таң атқанша созылды. Таңертең жал басына қаптап шыға келген Бөкенбайдың қолын көріп, қарсы топтың қазақтары өкшелерін көрсетіп тайып тұрды. Башқұрттардың қырық алты жылқысын алдарына сап қуып кетіпті. Шайқас болған жерде ауыр жарақатты үш адамы қалып қойыпты. Елшінің жанына бәрінен де көбірек батқаны сол болды.

Мынау қансырап жатқан үш еркек бұның қасында ажал табатын болса, Байқараның дауының үстіне жаңа дау қосылады. Екі арадағы өшпенділік одан бетер өрши түседі. Сондықтан да олар әзір тірі жатқанда Байқараның құнын төлеп, мына даудан аман құтылуға тура келді. Екі жақ бітімге келіп, елші қарсы жақтың талап еткен құнын үш жүз қырық жеті сом елу алты тиын төлеп, ақшалай қайырды. Қарсы жақ башқұрттардан алып кеткен жылқыларының отыз бесін қайырып, он бірін бермей қалды. Бірақ, құтырғаннан құтылған дегендей, Тевкелев ол он бір жылқыны даулап жатпай, елшілердің жандары алқымға келіп бебеулеп жатқан үш жаралыны арттарына өңгеріп жал асып кеткендеріне қуанды.

Қызылкөз топ жал асып қараларын жоғалтқасын барып үйіне кірді.

— Уһ, құтылдық па, ақыры, — деді қалы кілемге бөксесін енді баса беріп.

Әбілқайырдың қиылған қара мұрты жылт ете қалғандай болды.

Төртінші бөлім

АЙҚАС

*Жарға біткен жантақты
Жанынан безген нар жейді.*

Халық мақалы.

Жер түбіне жортуылдап барып қайтқан ауыр қол наурыз басында елге оралды.

Қақаған қаңтарда Борсыққұмнан үн-түнсіз суыт аттанып кеткен бұл жорықтың басталуы қандай жұмбақ болса, аяқталуы да сондай жұмбақ еді. Одан ой жарымдай салақтап ат үстінде жүріп қайтқан екі мың адам атымен бейхабар-ды. Білетін тек Батыр сұлтанның өзі ғана.

Тең-тең олжа артып, үйір-үйір жылқы айдап қайтпаса да, сұлтан бұл жорығына риза. Қыстың көзі қырауда ат ерттеген ауыр қолдың жолына кім қызылды-жасыл дүние жайып, көк алалы жылқы үйіріп қойсын... Ел арасынан жал асып шығар-шықпаста-ақ жұрт арасында күбір-сыбыр күңкіл көбейді. Қырын қарап, қырыстана сөйлеуді шығарған кішкене шектінің батыры Бақтыбай. Оттан-судан тайынбайтын көк жұлын неме кемді-күнгі тауқыметті ауырсынбаса да, ит арқасы қияннан барғанда алдымыз құр, қанжығамыз жұтан қайта ма деп қоңылтақси бастады.

— Бір қолын Хиуаға, бір қолын орысқа жайып телмендеп отырған Қараған түрікпендерін жылда ақ түйе бас қылғанда не табамыз? Одан да мынау Жайық пен Жем бойындағы ызғындай құба қалмаққа неге тиіспейміз? — деп қыңқылдайды.

Шабдар қасқа шалқұйрық айғырдың үстінде түйенің жарты етіндей боп шалқалап жатып алған Батыр сұлтан кеңірейіп құлақ аспай қойды.

Бақтыбайдың бір дәметер жері — Асмантай-Матайдың құмы еді, Жәуміттер кей жылдары ойға құламай, сонда қыстап қалатын. «Жер түбіндегі Маңғыстауға аяқ салақтатып жүрмей-ақ, құм сағалаған түрікпендердің сылаң мойын арғымақтарынан бірер үйір қуып қайтсам да, ішім майлы», — деп дәметіп келе жатқан батыр ешқайдан жас тезек ұшыраспай, құлазып жатқан қушағылдарды көргенде шалқақ басы көкірегіне қарай біржолата үзіп, жан-жағына жалбыр қабақтың астынан керенау көз тастап үнсіз келе жатты.

Жөңкілген қол сол бетімен Манатаның ернегіне жетті. Жалғыз аяқ тау соқпағына тіреліп, алды-артына амалсыз көз салды. Арттарында мың бір жылан ирелеңдеп ойнақ салғандай жаяу боран үйдей соққан жадағай Үстірт, алдарында — ішіне құйрық бауыр салып құдаларға ұсынған қара тегештей дөңгелек алқап, ақ шыңдар мен қара шоқылар ай құшақ қауып жатқан Маңғыстаудың қара ойы. Ақ таулардың етегінде ойдық-ойдық сор жалтыраса, қара шоқылардың күнге баурайында кемпірдің қолынан жел алып қашқан шүйкедей боп шөкім-шөкім тұман кілکیدі. Арлан бөрінің азу тістеріндей андыздаған ақ тұмсықтардың арасынан жалғыз сабақ ине жіптей ширатыла құлаған жіңішке жол тақтайдай тықылдаған тақыр сорды басып өтіп, ойдағы ақ шоқы, қара шоқыларды орағытып бұлғақтай қашып отырып, қазір көзге көрінбей тұрған, бірақ анау түтіндей жатқан көкжиектің құшағындағы күркіреген көк теңізге барып бір-ақ тіреледі.

Ұшы-қиырсыз қара ойдың әр жер, әр жеріндегі жылымшы бұлақтардың басында бүрісіп-бүрісіп отырған егдір, шәудір, абдал, салдыр, бозашы түрікпендердің қара үзік ауылдары. Анадай-анадайдағы ақ шоқы, қара шоқылдардың басында қысы-жазы қарауыл. Алыстан шаң көрінді-ақ, бөріктерін бұлғалап белгі береді. Етектегі құрым үйлер ұйқы-тұйқы болады да қалады. Азғантай малы мен дүниелерін құз-қиядағы ұры кеуектерге тығып, өздері жан-жағы шаппа шың ойдық, таулардың басына көшіп алады. Хиуаның да, қалмақтың да, орыстың да қол астына түгел қарап болмаған осы өлкеге қазақтар айдап кетсең, артында сұрауы жоқ

тұтқындары мен шалқұйрық аруаналарына, серең аяқ, серек мойын арғымақтарына қызығып үсті-үстіне жортуылдап тұрады. Соңғы бес-алты жылда Батыр сұлтанның өзі мынау қуаң түбекті әлденеше рет ала тозаң етті. Әншейінде ол мұндай жорыққа сонау Қарағантүптегі айлаққа жан-жақтан саудагерлер шұбыратын мамыр мен қарашаның тұсында аттанушы еді, бұл жолы қыстың көзі қырауда не түлен түрткенін кім біледі?..

Қолдың алды қасқа шыңнан ирелеңдей түсіп жатқан жалғыз аяқ жолмен шұбалып төмен құлай бастады. Бақтыбай пәлен күннен бері омырауына түсіп кеткен сұлқ басын сол арада көтеріп алды. Соңындағы үркердей топ — өз жігіттеріне бұрылды. Айналасы екі жүз елудей ғана жолшора шектінің жігіттері нояндарының одырая қарағанынан бірдеңе аңғарғандай аттарының басын тежеп іркіле түсті. Басқа қол ернектен түгел құлап, төмен асып кеткенде Бақтыбай аттың басын кері бұрды.

Батыр сұлтан тағадай иіліп қоршай ораған аппақ шыңның етегіндегі ақ тақырға жете беріп кідірді. Қолдың алды-артының түгенделгенін тосты. Жұрт жанына тегіс жиылып болғасын жоғарыдағы қасқа шыңға қарап біраз тұрды. Бақтыбай көріне қоймады. Әккі сұлтан қияс батырдың арам ойына бірден түсінді. Кеуде кергісе, бес қаруы белінде келе жатқан қалың қолдың көз қырынан ілігеді. Мынандай тар жерде енді ешкім қиямет шыңға қайта өрмелеп, азғантай қиқар топтың артынан қуып жатпайды. Бұл жорықтан елге қайтып оралғанша кім бар, кім жоқ. Ертең ызғындай ел-жұрттың алдында көрер зобалаңын көріп алар. Ал, қазір Жем, Сағызға төтелеп тартып, қалмақтың шет ұлысына тиіседі. Шашау шыққан жылқысы болса, қуып кетеді. Бұл сапардан Батыр олжалы орала ма, Бақтыбай олжалы орала ма — оны бір алла біледі...

Сұлтан оң қолындағы Тәңірберді би бастаған қабақтар қолынынан екі жігітті шақырып алды. Оны Жем бойындағы Лобжы тайшыға жұмсады. Бақтыбайдың бара жатқанын хабарлады. Екі жаушы жаңа өздері түскен Маната құлауының күн батыс бетіндегі Қаратүйе асуынан әбден көтеріліп кеткенше күтіп тұрды да, аттарына қамшы басты.

Жолдарында кесекөлденең сұлап жатқан үздік-создық Қаратаудың екі бетіндегі түрікпен ауылдарын кезек-кезек дүрліктіріп сүзіп шықты. Бірақ ешқай-

сысынан іздеген хабарын шығара алмады. Қай-қайсысының да айтатыны: «Былтырғы қарашадан бері әрлі-берлі өткен керуен көрсек, көзіміз шықсын».

Қара жұрт, қара үзік ауылдарды қан жылата отырып, көк теңізге орап кіріп жатқан Қарағантүпке барып бір-ақ тірелді. Суға сұғынған тар көсенің басында о жер, бұ жерде қалқиып-қалқиып қарауытып тұрған түрікпендердің жел қайығынан басқа ештеңе көзге түсе қоймады. Қорғантастың басындағы тас қоймадан да көңілге сезік қашыратындай ештеңе табылмады. Былтыр күздегі кемелерден қалып қойып, енді көктем шығып, су аяғы кеңігенін тосып қыстап жатқан дағара сәлделі алабажақ шапанды үнді, парсы, ауған, қызылбас саудагерлерін көкіректерінен бір-бір итеріп омақастырып тастап кетті. Жылқының қартасындай қыртыс-қыртыс қара ойдың қай қойнауын да аралап шыққанмен Бұхара мен Хиуаға беттеп бара жатқан сезікті керуеннің хабары естілмеді.

Елден шыққалы екі көзі шоқтай жанып, өз-өзінен алабұртып, аруақтанып келе жатқан Батыр сұлтан аяқ астынан қыңырайып сала берді. Мынадай ақ шұнақ боранда осындай ит арқасы қиянға жол шығуында, шынында да, бір мән бар еді. Ақ патшаның әлгі кергіме елшісі ел шетіне аттамай жатып, мұның көкірегіннің басына орнай қалған көкше мұз жібісе, осы жолы жіби ме деп еді. Енді, міне, оның да неғайбыл боп бара жатқаны...

Қайып өлгелі қайнағасының қасында келе жатқан Батыр оның қай айтқанын да екі етіп көрмепті. «Бар!» — деген жағына барыпты, «шап!» — деген жауын шауыпты. Бірақ оны Әбілқайыр ешқашан қол бала санап көрген емес. Терезесін тең ұстады. Күллі жанарыс өз қолында болғанмен, мұның қарауындағы алты шектінің ешбір шаруасына килікпейтін. Оны Батыр өзі билеп, өзі төстейтін. Қайып баласын қағынан жерінген құландай өз әулетінен осынша қол үздіріп кеткен Әбілқайырға Жәдік тұқымының да атарға оғы жоқ-ты. Батыр сұлтан оны да іштей сезіп-біліп жүрді. Сыр бермеді. Қайта олардың солай күйіп-піскендеріне айызы қанатын. Оның да себебі бар-ды. Тәуке өлгесін аға хандықтың жолы Қайыпқа түсіп тұрса да, алдын кескестеген сол өз ұяластары еді. Ақ патшамен одақтасып, жоңғарға қарсы күреске шықпақ болғанда да, тұяқ серіппей тым-тырыс жатып алған тағы солар-ды. Тіпті кісі қолынан мерт

болған әкесінің түсініксіз ажалын да Батыр ішінен сол өз тұқымынан көретін. Ал Әбілқайыр Қайып өз ағайындарынан құқай көріп жүргенде, елден бұрын қол ұшын берді. Оның орыстан одақ іздеу ниетін де елдің ең алдымен сол құптады. Қайып ойда жоқта опат боп кеткенде баласын қасына алып қарасқан тағы сол. Екеуі қостас болғалы бұған ешқашан қоқырайып, қоқан-лоқы жасап көрмепті. Қайта бұның атағын дабырлап, абыройын асырып бақты. Бұл да аға ханның қасы мен қабағына қарады. Күні кеше қол ұшын бермей кергіген ағайын енді мұны сыртынан «күшік күйеу» деп құстаналайтынды шығарды. Өзара әңгімелерінде мұның атын да атамай, «әлгі Әбілқайырдың қол шоқпары», «Өсеке тұқымының ит аяғын жалап кеткен жалаңбұт», — деп отырады дейді. «Жаман қатын байсақ, жаман күйеу қайынсақ» деуші еді, Батыр қайнағасы түзге шыққанда дәрет құманын өзі ұстап тұратын көрінеді, — деген пыш-пыш та құлағына тимей қалып жүрген жоқ. Жәдік тұқымы бұл екеуінің арасына қырбайлықтың қара сынасы қашан қағылар екен деп, қанша сығыраңдасып, оңды-солды сөз гулетіп баққанмен, оған Әбілқайыр да, бұл да апши қоймады. Қайта екеуі де дұшпандарының өйтіп өттері жарылғанына іштей масаттанатын. Жәдік әулеті батырды: «Намысына қанша шоқ салсаң да, былқ етпейтін жігерсіз неме», Әбілқайырды: «Шайтанның да басын айналдырып ала алатын жады неме» — санап, ел екеуін атыстырып-шабыстырмақ ниеттерінен өздері торығып келе жатқан-ды, бірақ құдай олардың көктен іздегенін жерден берді.

Батыр сол бір күнді әлі ұмыта алмайды. Қаракесек Келдібекұлы Қазыбектің қаңқылдақ дауысы:

— Қазақ ғаскерінің бас сардары Әбілқайыр хан Мұхамбет қазы баһадүр! — деп саңқ ете қалғанда Ордабасының адамы түгілі тау-тасы жаңғырыға айқайлап қоя берген-ді. Неге екені белгісіз, аяқ астынан тамағы құрғап, жағын аша алмай қалды. Қапелімде, ол мұны жүрек жарды қуаныштан шығар деп ойлаған-ды. Тісі-тісіне желімделіп қалғандай көзі алақтап жан-жағына қарай берді. Жұртта ес жоқ. Желекті найзаларын шошаң-шошаң көкке көтеріп желпілдесе шуылдасып жатыр.

— Әбілқайыр хан Мұхамбет қазы баһадүр!

— Әбілқайыр хан Мұхамбет қазы баһадүр!

— Әбілқайыр хан Мұхамбет қазы баһадүр!

Оған бір сәт тіпті көктегі күн көзіне де тіл бітіп:

— Әбілқайыр хан Мұхамбет қазы баһадүр! — деп күркіреп тұрғандай көрініп кетті.

Жұртқа қосылып айқайлағысы келіп еді, тамағы қыжылдап үн шығара алмады. Ұран төбенің басындағылар ауыз жаппай қақылдап жатыр. Хан қайтып тұр екен деп Болатқа қарады, о да Қазыбекке қосылып ауызын жыбырлатқан болады. Бірақ екі иығы қуышып, еңсесі жерге кетіп шөге түсіпті. Сәмеке күйек сақалы жылтырап, көзін жұмып, тісін ақситып апты. Мынау қошаметшіл көптің айқайын мақұлдап тұр ма, жоқ еліріп алған ессіз топты мазақтап күліп тұр ма — біле алмайсың. Топ арасынан Барақ пен Әбілмәмбетті іздеді. Олар да манадан бері мұны бағып тұр екен. Мынандай мелшиген қалпын көріп бір-біріне жымың ете қалысты. Бұл жалма-жан жанарын ала қашып, топ алдындағы Әбілқайырға бұрылды. Қызыл көрген қырандай емініңкіреп алға шығып кеткен Әбілқайырдың беті шүберектей боп-боз. Атын атап еліре айқайлап жатқан қарақұрым халыққа да, түксиген-түксиген жақпар тастарға да көзі түспей, сонау көктегі күн көзіне қарап тұрғандай, иегі тым әуелеп қапты. Бұған дейін талай шайқас, талай айтыстарда, талай жаудың беті, желдің өті тар жерлерде көріп жүргенде әрдайым сырын шашпай, өте бір ұсынақты шебердің қолынан шыққан мінсіз бұйымдай жып-жинақты, жып-жылмағай жүретін осы бір ұстамды, ақылды кісіге ылғи риза болатын-ды. Оның дене бітімінен, бет-әлпетінен, жүріс-тұрысы мен айтқан сөзінен ешқандай мін таба алмайтын. Ол не істеп, не қойса да, бұл таңғалып бітетін. Ал, бүгін... бүгін оның бойынан тап осынша ел болып, жұрт болып таңдай қата боп тамсана қалатындай оқшау ештеңе таба алмай тұр. Кемсіту мен қорлық, жәбір мен жапа көріп жүрген кезінде соншалықты асқақ, соншалықты сырбаз берік кісі бүгін етек жеңін жия алмай жайдақтанып кеткен сияқты. Құрмет пен бақыттан ылғи қағажу көріп жүретін жарым көңіл неме ақ түйенің қарыны жарылған күні әншейіндегі ұстамдылығын жоғалтып алған секілді ме, қалай... Бүгінгі мынау көкке қарап кекшиіп кеткен басы да, құлағы бітіп қалғандай мәңгіріп тұрысы да, боп-боз өңі де — түгел ерсі, түгел сөлекет көрініп кетті. Бұрын ылғи сүйсініп жүретін адамына бүгін ол бір түрлі мүсіркей қарады. «Апырай, мына сабаздың тіпті есі

шығып кетіпті ғой», — деп ойлады ішінен. Бірақ ол арада бұл ойының мүсіркеушілік емес, кенет қау тамызықтай лап ете қалған қызғаныш екеніне, адамдар арасындағы өшпенділік пен бақастықтың бықсып жатар пілтесі де сол болатынына әлі жөндеп түсіне қойған жоқ-ты. Оны кейінірек сезді. Бірақ, бір ғажабы, Ордабасындағы жиыннан кейін-ақ Әбілқайыр Батырдың көз алдында бұрынғы қадір-қасиетінен айырылып сала берді. Оның ат үстінде де, тақ үстінде де сарсаң кесек секілденіп суық отыратыны, қас пен достың арасына айырма салмай, екеуімен де қабағына сыз жиып самарқау сөйлесетіні, сен арызшы, өзі қазы секілденіп, қашан айтарыңды айтып біткеніңше жақ ашпайтыны, көкірегінді жарып жіберердей боп қыстықтырып келген сырыңды лақ еткізіп ақтара салғаныңда не езуін жиырмайтыны, не көзі күлмейтіні, мелшиіп отырып тындайтыны — бұрын ойлап келгендей сарқылмас сабыр, тұңғиық ақыл емес, өзімнен басқа неме жоқ, су ішінде кеме жоқ деген астамшылық пен өркөкіректік қана екенін енді-енді аңғара бастағандай. Жұрттың оны қараптан-қарап жек көретіні де осы шығар!

Жер көрмей де қайтсін! Бұл далада кім-кімге сәлем бергендей. Құлазыған қу даладағы қой баққан қазақ та, жол шыққан қазақ та жападан-жалғыз. Оның көз шоласындағы кеңісте өзінен басқа қыбырлап-қимылдап жүрген тірі пенде кездесе бермейді. Оған «әй дер әже, қой дер қожа» да көп жолыға қоймас-ты. Сондықтанда жапан түздегі кез келген жалба тымақ өзін ешкімге тәуелсіз бай-батшамын деп сезінеді. Шетінен намысқой, шетінен өркөкірек келетіні де осыдан. Сәл нәрседен кеуіп күпілдеп шыға келулері қандай оңай болса, сәл нәрседен талақтары тарс айырылып тас-талқан боп шыға келулері де сондай оңай. Алдына ісі түсіп келген кез келген пақырана айтқанын қылмасаң, ендігәрі сені көрместей боп бетіңе түкіріп кетеді. Бұрын Батырға Әбілқайыр жайында айтылып қап жүретін әр қилы алып-қашпа қаңқуды ол әлгіндей өкпешіл жұрттың орынсыз бопсасындай көруші еді. Енді, міне, одан өзінің де көңілі екі жерде мықтап қалып отыр. Біреуі — баяғы Аңырақай шайқасы тұсында. Сол кездегі Әбілқайырдың бет-бейнесі әлге дейін көз алдында.

Ханның әншейінде жымпиып тұратын жылмағай беті сол күні өз-өзінен ісініп желіндеп апты. Бас сардардың сары ала шатырына талтаңдай енген сұлтандар мен

батырларға тұнжырай көз тастады. Сөйлегендердің не айтып, не қойып жатқандарымен де ісі болмады. Жүзін қырын салып немқұрайды тыңдады. Бұның көкірегіне: «Мынаның мейманасы тасайын деген екен!» — деген суық ой алғаш рет сонда қашқан-ды. Тап сол сөйлеп, сол араласпаса, қара су теріс ағатындай, ауызы жалпылдап қыстырылмас жерге қыстырыла кететін Барақты төтеден тойтарып тұқыртып тастағанына іштей қыбықанса да, артынан іле-шала өзі де дәл соның кебін кием деп ойламап еді. Әбілқайыр оны онсыз да «күшік күйеу» деп сыртынан сыпсыңдап жүретін дұшпандарына оңдырмай жығып берді. Айтып тұрғанын ақымақ баланың бос былшылындай құлағына ілмеді. Әншейіндегі ішінде ит өліп жатса да, байқатпайтын көрбеттігін қойып, желбезегі желп-желп етіп осқырына тыңдады. Әлгінде ғана маңдайларын тасқа ұрғандай болып отырған Жәдік тобына құдай берді де қалды. Баяғы Ордабасынан бері көкірегіне шым-шымдап жиылып жатқан түсініксіз кірбің аяқ астынан қорғасындай ауырлап, зіл-заһар өшпенділікке айналып бара жатқанын тұңғыш рет сонда аңғарды. Әбілқайырға көзі түсіп еді — сол баяғы сұп-сұр қалпы. Бұның қадала қараған қату жанарынан түк тайсалған жоқ. Ештеңе болмағандай. Әр сөзін талмап дәмін алып тұрғандай өзінен өзі рақаттанып тамсана сөйледі. Сосын бұл да ішінен тынып, екі иығын қомдап, бойын жиып ала қойды. Сыртынан мысқылдай қарап отырған өз аталастарынан да қысылған жоқ. «Қап, бәлем...» — деп сазарып, бедірейіп алды. Ол арада бұл ашуын Әбілқайырға ма, жоқ өзімен көптен дүрдеараз ағайындарына ма — кімге бағыштағанын өзі де дұрыстап аңғармаған-ды. «Мені бір жүндеуге жақсы жуас тайлақ санап жүр екенсіңдер, көрерміз!» — деп кіжінді. Ертеңіне Аңырақай даласындағы шайқасқа әбден битін салды. Ала шаңыт ішінде ханның өзіне масаттана қарап тұрғанын әлденеше рет көзі шалған. «Қап, бәлем, солай ма екен!» Одан әрі Әбілқайырдың иегінің астында жүре алмайтынын сонда сезген. Әбден өзімсініп, бұның бар-жоғын елеуден қалған астам немені мықтап тұқыртудың да, тойған жерін сағалап кетті деп табалап жүрген аталастарының көмекейіне құм құюдың да жалғыз жолы — өз ноқтаңды өзің ұстау екенін сонда түсініп қайтты.

Осындай күпті көңілмен елге оралған Батыр сұлтан көпке дейін Әбілқайырмен хабарласпай үн-түнсіз жатып алды. Оған: «Не істеп, не қойып жүрсің?» — деп іздеп барып жолыққан Әбілқайыр, сірә, жоқ. Сүйтіп жүргенде ханның ақ патшаға «бодан болам» деп елші аттандырған хабары шықты. Бұндай алмағайып тұста онсыз да іргесін аулақ салғысы кеп жүрген Батыр қайнағасына қайдан жоласын! Жұрттың көбі: «Ханның бұнысынан не шығар екен?» — деп әліптің артын бақты. Талайы: «Тәуке мен Қайыпқа илікпеген керік патша бұған қайдан қайырыла қойсын, тек әншейін мәңгінің қиялы да?» — деп ойлады. Іштерінен Әбілқайырдың осы жолы тұмсығы тасқа тірелер болса, ел алдындағы абыройы айрандай төгіліп, бас сардарлықпен де біржолата қоштасар еді деп дәметті. Болат өлгелі бос тұрған бас тақыттың төңірегіндегі әңгіме де пышақ кескендей тыйылды. Әбілқайырдың әлгіндей аяқтан шалдырар кезін тосты. Содан да ма, «арқар» ұрандылар бұрынғыдай жоқтан өзгеге ат терлетіп жүріп тұрмай, ұлыс-ұлыстарына барып бұғып-бұғып жатып алды. Батыр сұлтан да қайнағасынан неғұрлым алыс көшіп, неғұрлым алшақ қонуға тырысты. Кенет «Әбілқайырға елші келе жатыр!» деген хабар шыққанда, неге екені белгісіз, екі күн қатарынан тамағына бірдеңе көлденең тұрып алғандай ас жүрмей қойды. Баяғыда әкесі «одақ болайық» деп жалынғанда, патша түгілі Тобыл ұлығының көп шабармандарының өзі жер тәңірсіп ат ізін бірде салса, бірде салмай, кекірейіп бағушы еді. Енді мынаған алтын таққа алшысынан конжиған қатын патшаның өзі артынтып-тартынтып елші жібертті деседі. Бағың жүрейін десе, дауа жоқ деген осы да!

Батыр қараптап-қарап жүдеп сала берді. Енді Әбілқайыр астамсымағанда кім астамсиды?! Қазақты орысқа қаратып берсе, бас ноқтаны ақ патша Әбілқайырға ұстатпағанда кімге ұстатады? Болат өлгелі қалған төрелер Әбілқайыр иемденіп кетпесін деп ауыздарына алмай қойған бас тақыт та бәрібір соған бұйыратын болды. Қазақ сұлтандарының қызғыштай қорығанын ақ патша неғылсын!

Шіркін, мұндайда қазақ ұлыстары ауыз біріктіріп, аға хан сайласа, ақ патшамен келіссөз жүргізуге құқы бар адам сол болар еді де, Әбілқайырдың мына өлермендігі әншейін бос әуреге айналар еді. Бірақ, қазаққа ондай пәтуа қашан бітті! Бас тақытқа отырғызам дегенде де,

отырғыза қояр кімі бар? Сәмеке, Әбілмәмбет, Барақ, Күшіктер бірін-бірі тірсектен тістеп, тақ түгілі атқа әзер мінгізіп жүр. Ең болмаса, өз алдына дербес ұлысы жоқ бұл ешкімнің де ауызына түсе қоймайды. Әбілмансұр болса, әлі жас. Оның үстіне, күні кешегі атасы білмес арсыз құл аты өше қойған жоқ. Қайтсең де, Өсеке тұқымының осы баласының жолын бөгей алар «арқар» ұранды азамат тумай тұр ғой! Сыз қабақ, сұп-сұр неменің маңдайы неткен жырта қарыс еді! Бағзыдан бері ешкімге тізгін ауыстырмай келе жатқан Жәдік тұқымы тап бүйтіп тозып, құрт-құмырсқа, бақа-шаянға айналып кете қоюы мүмкін бе!.. Жоға тәйірі... Осы күні жер басып жүргендердің өздерінің Әбілқайырдан қайсысы кем? Басқасын былай қойғанда, анау арыстандай арпалысып, қолы ылғи біреудің жағасында жүретін қызылкөз Барақтың өзінің одан байлығы кем бе, батырлығы кем бе? Сәмеке мен Әбілмәмбет ше? Олардың соңына ерген қарақұрым қолдың өзі неге тұрады? Жарайды, Әбілмансұр жас бола қойсын. Күшікті санда бар да, санатта жоқ бір жан дейік. Ал, бұл, бұның өзі ше... Бұның өзі кімге сәлем бергендей? Бір кезде қазақтың Тәукеден кейінгі бетке ұстары Қайып емес пе еді? Ендеше, сол Қайыптың тігерге тұяқ жалғыз ұлы Батырдың жөні бір бөлек тұрмас па?! Жәдік тұқымы мұның сыртынан күңкілдегенде де, сол өз жөнін өзі білмей, Өсеке әулетінің қанжығасында кетті деп қаң-қулайтын шығар. Ал, бұл өзімен-өзі болсын-ақ делік, сонда Жәдік тұқымы аға хан мінер ала тақты бұған қияр ма еді...

Патшаның елшісі Уфаға келіпті хабар жетісімен-ақ Жәдік тұқымы бұған ат ізін жиілетті. Кешкі алакөбеңде келіп, таңғы алакөбеңде аттанып жататын суыт жүргіншілер Қайып баласының Өсеке тұқымының тап бұлай бастан секіріп жатқанына қалай қарайтынын білгісі кеп келеді. Батыр олардың өз көмейлерінің қандай екенін қаузастырып келіп еді, аңыс аңдай тұрғылары келетін сыңайларын аңғарды. Ол да қаралай қызылға ұрынбай, әліптің артын баға тұруға бел бұды. Сөйтіп жүргенде, бір күні апақ-сапақта Нияз сұлтан келе қалды. Әбілқайыр жіберіпті. «Әкесі Петр патшамен хат алысып тұрған кісі, орыс елшісінің алдынан шықпай ма екен?» — депті.

Сұлтан мына сөзге ойланып қалды. Әккі хан мұны бостан-босқа айтпайды ғой. Ақ патшадан алар

абырой-атаққа босқа «арқар» ұрандыны тіріде ортақтастырар ма! Шамасы, патша сарайының Қайыптың атын да, хатын да ұмытпағаны ғой. Өсеке балаларынан елші барғанда: «Баяғы Қайып ханнан тұқым бар ма?» — деп сұраған да шығар-ау! Әйтпесе, Әбілқайырдың бұған қайбір ет-бауыры елжіреп барады дейсің! Патша ұлықтары өйтіп өздері іздеп жатса, бұл неге тартынады? Жәдік тұқымынан басқа ешкімді де емес, тек өзін ғана сұрастырып жатса, бұл неге озып тұрған маңдайын жария жарыққа қарай созбай, құпия көлеңкеге тығылады?!

Қол астындағы алты шектінің жақсылары мен жайсаңдарын түгел ертіп, Нұралымен бірге Мәмбет мырзаның алдынан шықсын...

Сары ала күймеден домалап түсе қалған тығыншықтай қызыл шырайлы ұлық бұны да, қасындағы қақыра қалпақ киіп, жарқырап барған қайқы төс билерді де ит екен, кісі екен деген жоқ, кекірейіп ханзадамен болып кетті. Жүрегінің басына әлдекім кірш еткізіп біз сұғып алғандай болса да, сыр бермей шыдап бақты. Бірақ ол аңғарғанды қасындағылар тірі де аңғармас па!

Ұлы шеру орынынан қозғала оң қолында келе жатқан Жалтыр би:

— Итпен құда болсаң, тойында боқ асарсың деген осы Әлгі көргенсіз неме бізді құйрығына да қыстырмады ғой! — деген.

Апай төс, қайқы маңдай, қара сұр жігіт қырғыштай қыр мұрнының астына ала бөтен ызғар жиып, көзінің қиығын ғана салғырт тастап, сынап қарады. Сөйтсе, оның ар жағындағы құж-құж бет күжбан қара Қосыбай ағасы да өкпелеген баладай бұртия қалыпты. Атақты Әйтеке бидің азу тісі балғадай төрт ұлының қазір ат мініп аруақ қуып жүргені осы кенже екеуі еді. Екеуі де Әбілқайырды өлердей жек көреді. Бір кезде күллі Жанарысты ауызына жығып, айылын жидырған атақты бидің көзіне түсіп, соның батасымен ұлысбегі атанған жас сұлтан қолына билік тиген соң, өзін кісі еткен әулетпен шаруасы болмай кетті. Алдында малы көп байлар мен соңында қолы көп батырларды сағалап, бір кезде иісі алшынның ағасы саналған әлімдерден гөрі, қара да болса, ақтылы-қара қойымен көк алалы жылқысымен қатарға қосылып, әкесі Абдолламен кіндіктес Құттыбикені құшып, талтаңдап өткен табын Қара батырдың баласы Бөкенбай билеп-төстейтін жеті ру мен өзінің ауызын майлап,

бауырын жайлап алған, Бопайдың төркіні — он екі ата бай ұлын көбірек арқа тұтып кетті. Әлімнің де ежелден қолдарынан қамшы түспеген, бөкселері төрден кетпеген жуан аталарын емес, қатарға кейін қосылған, тоқалдан туса да, топылтып баланы көп өрбіткен, ұрыдан жиса да, шұбыртып мал көп өргізген кіші аталарын ішіне тартып. Азуы алты қарыс шектінің сүлейлерін оң қолына отырғызбай, кірме күйеу баласы Батырдың соңында сүмеңдетіп қойғаны да соның бір белгісі. Осының бәрін сүйектеріне түскен дақ деп білетін екі би, міне, Әбілқайыр түгілі оған сонау жер түбінен ат сабылтып әзер жеткен ақ патшаның елшісінің өзін місе тұтпай келеді.

Жалтыр мен Қосыбайдың қас-қабағын аңғарып қалған өзге әлім билері де тоңторыс бола қапты. Нұралыға еріп келген он екі ата бай ұлы ақсақалдарының да тап қағағаны қарқ, сағанағы сарқ боп жарқылдап жатқандары шамалы. Содан олар Маңтөбеге жеткенше әкелері бүгін өліп отырғандай қабақтарынан қар жауып түксиіп келді. Жат-жұрттық елшіні алдынан арнайы тігілген ақ боз үйге кіргізіп жайғастырған соң бәрі бірінің ауызына бірі түкіріп қойғандай: «Ханға барып алдынан өтейік. Елшімен біз жоқ жерде кездеспейтін болсын. Әйтпесе, мынау аузы түкті сары кәуір бір-бір атаның тізгінін беліне байлап жүрген дуалы көмей билеріңді ит жуадай көретұғын түрі жоқ қой», — дескен.

Әбілқайыр олардың мына талаптарына, қапелімде, жауап таба алмай сазарып отырып қалды. Билер оған одан сайын масаттанды. Артынан бір жал асып кеткен соң да, иіріліп тұра қалып қайта қауқылдасқан. Әсіресе, дау десе, жанжал десе, астындағы атын түсіп беретін Баймұраттың екі шекесі білемденіп шыға келді.

— Жаман ноғайдың мына қылғанын тіріде түгілі, өлсем, көрде де ұмыта алмаспын. Боқмұрын баладан басқамызды көзге ілмеді-ау! Шікірейген неме қайда келгенін білмей"тұр ғой. Қатын патшаның алдында борсалаңдап қалған майбөксе ұлық бұл елде жұртты кім аузына қарататынын біліп алсын. Өзіне көресіні көрсетіп, көзіне көк шыбынды үймелету керек.

Құйрығына ер батып бара жатқандай ырғалып қояды. Қып-қызыл шоң мұрыны бұрынғыдан бетер қампып кеткен.

Оның сөзіне қалғандары құба-құп десті. Жұрт онсыз да қаралай алақанына түкіріп тұрған мақтаншақ биді одан сайын күпілдетті.

— Пәлі, дұрыс айтасың. Басымен қайғы қылу керек.

— Ноғай ноғайлығын істесін. Бар пәле Әбілқайырда ма деп қалдым.

— Итарқасы қиянға кеткен елшісінен елді кімдер билейтінін айтып жібермес пе?

— Пәлі, ол қазақтарды хан билемей билер билейтінін айтып өле алмай жүр дейсің бе?

— Онда патша ханға емес, билерге елші салады да...

— Ендеше, хан айтпағанды біз айтайық. Өзіміз жоқ жерде бір-біріне аттап бастырмай қояйық.

— Ханның қауқарының қандай екенін білсін.

— Ол рас. Бірақ, ол екі орданы біреу торымаса, әлгі әккі сұм құмырсқа боп жорғаласа да, бір ебін тауып кетуі мүмкін.

— Ендеше, бұл шаруаны мен қолыма алайын, — деді Баймұрат. — Құмырсқа түгілі маса боп ұшып кетсе де, екеуін кездестірмеймін.

Жау десе, сауытын киюді ұмытып жалаңаш шабатын, дау десе ішкен асын жерге қоятын, оның үстіне аузынан абайсыз шығып кеткен сөзінің өзін орындатпай қоймайтын қасарыспа Баймұрат хан маңындағыларды елшінің қасына аттатқызбай қойды. Тегі Байұлына жатқанмен, нағашысы Қыпшақ, қонысы Тосынның құмы мен Торғайдың суы, Бекарыс пен Жанарысқа телі тентек боп өскен алтын Жаппас әулетінің бұйда ұстары Баймұрат әлгіндей қызыл шатаққа өзі сұранып тұрғасын Әйтеке балалары Батыр сұлтанға:

— Әзір ештеңе демей тұра тұралық. Мына қызылкөз не тындырар екен? Ханның өз қол астындағы байұлы ауыл-дарынан шатақ шығып жатқанда құйысқанға қыстырылып қайтеміз. Тек мұндай кеппе немелердің ауық-ауық шабынан түртіп қойып отырмасақ, желі басылып қап жүретіні бар, — дескен.

Баймұрат көктен тілегенін жерден бергесін әбден шаршысына толды. Ханның қолына абайсыз түсіп қалған екі жігітін қайтып бермегенде патшаның елшісін ат көтіне өңгеріп кетуі әбден мүмкін еді. Әбілқайыр райынан кезінде қайтты. Мақтаншақ би елші мен ханның көзін байпақтай қылғанына мәз болып жөніне кетті.

Бұрынғыдан бетер үрпиісіп отырған елшілік қосы мен хан ордасын тағы бір тулақтай сілкілер кім табылар екен деп отырғанда Жалтыр биге құм арасынан қоян аулап қайтып келе жатқан жақайым шектінің жел өкпе жігіті Байқараның жолыға кеткені. Жүйрік ат, сылаң тазы дегенде есі қалмайтын әумесер неменің көңілдегі қызыл құртты әккі би айтпай біліп тұр.

— Байқара, сен осы хан ауылына соқтың ба?

— Онда не жыным бар?

— Ақ патшадан елші келіп жатыр ғой.

— Ол неме қақпан құрып, қоян аулап жүрген мені қайтеді. Маған еріп, қызы бар үйдің сықырлауығын сылдарататындай бозбала жігіт бола қоймас.

— Соңындағы қалың нөкердің мініп келген аттарын көрсең ғой.

Таң атқалы кекірейіп тұрған Байқара ер үстінен ентелей еңкейді.

— Әлгі Қап тауындағы Қарабақ пырағы дейтін темір тұяқ нағыз сол көрінеді. Жылқының сұлтаны! Оның қасында бір әз-әулие көретін теке жәуміт тек әншейін қылқұйрық екен.

Арсалаң жас жігіт бидің тізгініне оратылды.

— Ағаке, оны қайтып қолға түсіруге болады?

Би мырс етіп мұртынан күлді.

— Кім көрінген шауып барып айдап кетіп жатқан тегін малдың қолға түспейтін несі бар? Қасыңа елу-алпыс жігіт ерт те, қараңғы түсе қаралай зәрелері ұша бастайтын қоян жүрек елшілікті тыпыр еткізбей қоршап ал. Сен түгілі анау айғайшы Баймұрат та жуықта жиырма сәйгүлікті бір түнде қуып кетіпті. Асықпасаң, жұрт мынау құдай өзі айдап әкелген оңай олжадан саған сыңар тұяқ та қалдырмайды, — деп жөнінде тайып тұрсын...

Ертеңіне даңкөкірек Байқараның оққа ұшқанын естіп жымысқы би Батыр сұлтанға келді.

— Әбілқайырдың құйысқанына бір күйген шала мықтап қыстырылды. Шектіде Сырлыбайдай кеппе, Бәбидей қасарыспа ешкім жоқ еді. Енді екеуі де ханның соңынан сүмендеп түсіп береді. Хан мен елші қайда қашып құтыла алар екен, көрейік! — деді.

Арада апта өтпей жатып Әбілқайырдың ауылының көшіп кеткен хабары шықты. Жалма-жан Батыр да орынынан көтерілді. Қарақұмның бытқыл-бытқылын

бойлап құбылаға қарай шұбалған хан көшін араға бірер бел тастап өкшеледі де отырды.

Байқараның кегін қайтармақ болған Сырлыбай көш жөнекей елшінің қосына тиісіп, бір башқұртын тартып әкетті. Мынандай көлденең оқиғаның дау-шарынан өзін жырақ ұстағысы келген сұлтан хан ауылын одан әрі өкшелемей, Борсыққұмға қона салды. Бірақ ел арасындағы сыпсың Сырлыбай оқиғасына бұның да араласы барға сайыды. Оған көрші ұлыстардың әбден иланып қалған сыңайы бар. Тіпті Хиуа мен Бұхара да апта сайын бір жансызын сүмендетіп: «Ақ патшаға бодан болуға қарсы шық!» — деп азғырды. Жәдік әулеті де бірінен соң бірі кісі салып: «Әбілқайыр ордасындағы орыс елшісін қорқытқан үстіне қорқыта беру керек», — деп сыбырлап бақты.

Батыр олардың ешқайсысына ішін ашпады. Бірақ белден салған құс төсекте талай түнді төңбекшумен өткізді. Бұрынғыдай емес көңілі көтеріліп, бойына бір түсініксіз желпініс біткен. Атқа мінгісі, әлдебір жақтарға саятқа шыққысы келеді де тұрады. Қашаннан жортуылда жүріп қалған неменің қараптан-қарап тақымы қышиды. Бірақ, дәл қазір ұлысынан ұзап шықса, жан-жақтан қарауыл қойып, іргеден аңдып отырған жұрттың ойына не қашатынын білмей, тағы да тоқтап қалады. Егер жұрттың түн жамылып кеп айтып кететін қолқасын ашықтан-ашық мақұлдаса, арты не болып кетері белгісіз дұдамал шаруаның күйтін күйттеймін деп жүріп, босқа арам тер болып, ертең ақ патшаның алдында жалғыз айыпты өзі болып шыға келуі де мүмкін ғой. Ал егер әлгіндей әзәзіл қолқашылардың бетін бірден қайырса, қазақ арасында күннен-күнге дабырайып бара жатқан абыройынан қайта айырылып қалары сөзсіз. Әншейінде түксиіп жүретін сұлтанның соңғы кезде қабағын жадыратқан сиқыр да осы ел арасында атының шыға бастағаны еді. Енді сол ойда жоқта өзінен-өзі тап бола кеткен беделін абайсыз төгіп алудан қаймығып, қараптан-қарап қорқасоқтап, ештеңеге тәуекелі тұрмай, әліптің артын баға түсті.

Оның осынша сақтанса, сақтанатындай да реті бар. Құдайға шүкір. Жәдік әулетімен жүзін біржолата жылытып алды. Құдайға шүкір, көрші хандықтар да санаса бастады. Қанша аспанға түкіріп, астамсығанмен Әбілқайыр мен Мәмбет мырза да қайда кетер дейсін!

Ақыры бір кез көз қиықтарын салар. Мұндай жағдайда ол төңірегінде болып жатқан қуды-қашты оқиғаларға қайтып араласа алады! Олардың ешқайсысына өзі кіріспей, Әйтеке балаларын салып қойды. Солардың ауызымен тал түсте елшінің керуеніне тиісіп, көмекшілерінің бірін ат көтіне өңгеріп әкетіп, көзсіз батыр атанып, бұтқа толып отырған Сырлыбайдың құлағына: «Хан мен елші қашан өз аяқтарымен келіп бас ұрғанша қолыңдағы тұтқынды босатушы болма!» — деп күні-түні құйып бақты. Солардың ауызымен ел арасына тұтқындағы Таймастың басына төніп тұрған қауіп пен қатер жайында неше түрлі алып қашты лақаптар таратты. Сол әсер етті ме екен, әлде тек ханға ғана арқа сүйегенінен ештеңе өнбесін білді ме екен, елші оған Нұралы сұлтан мен Бөкенбай батырды жұмсапты.

Бұл — Батырдың күтпеген оқиғасы еді. Бармаса — елшілікке жасалып жатқан баяғыдан бергі зорлық-зомбылықтардың бәрі өз мойнына алып шығады. Тап онша құлқыны құрып тұрмаса да, Мәмбет мырзаның қосына бас сұғуға амалсыз көнді.

Шікірейген неме әлі ештеңе ұға қоймапты. Нұралы мен Бөкенбайды жұмсап отырған ол емес, хан екен. Бедірейген елшінің бет алдын көңіліне ауыр алғанмен, оның қасында қандай сияпат көргенін ешкімге тісінен шығарған емес. Бірақ, өзінен ханның шындап қаймыға бастағанын сезіп қайтты. Жұрт арасында: «Хан мен елші Батыр Сұлтанға кішірейіп өздері сөз салыпты», — деген әңгіме гуледі. Сол қаңқуға сенген, әрі бір жағынан шектілердің солқылдақтау ауылдарының бопсасына шыдай алмаған Сырлыбай тұтқын башқұртты өз қолынан апарып үйіріне қосты. Батыр оған да тырс етпеді. «Алаштың арты жоқтаусыз азаматы болушы ма еді? Азуы алты қарыс алты шекті қыршын кеткен Байқарадай арысының кегін сұраусыз жібере қояр дейсің бе? Сырлыбайдың иі жұмсарғанмен, әкесі кеп жалынса да, өз дегені болмаса, былқ етпейтін Бәби иліге қоймас. Ертең-ақ ақ сойылды өзі ұстап, айқайды өзі салып шыға келер», — деп ойлады. Қосыбай мен Жалтырдың арғы аңғары да сол төңіректен шықты. Бөкенбай мен Есеттің көп жылқысы мен көп жігітін сағалап, өзі алаш алдына оздырған Әйтеке тұқымының еңбегін ұмытып, меселін қайырған ханның тасын өрге бастырмай, ойға домалатар қандай іске де, ынты-шынтын салып кірісетін екі би

батырдың ауылынан шықпайтын болды. Енді олар Әбілқайырдың жер түбіндегі орыстан қолдау іздеп, қазақ алдындағы беделін күрт төмендетіп алған мынандай ұрымтал тұсында Қайып баласының асығын алшысынан түсіруге биттерін салып бақты. Кіші жүзде Батырдың наны жүргені өздерінің наны жүргені деп ойлайды. Біреуді жылатпай, біреуді күлдірмейтін, біреуді құлатпай, біреуді оздыртпайтын опасыз бақыттың бір кезде ойда жоқта ойсырап налып қалған Қайып шаңырағына қайтып оралғанына күллі Жәдік тұқымының қуанатынын іштері білді. Оған қазір исі қазақтың: «бәрекелді!» демесе, «Әттеген-ай!» — демейтін түрі бар еді. Ендеше, Әз Тәуке көз жұмғалы үш арыс алаштың алдында ай мүйізін әлдекім қағып ап, тоқалдап тастағандай қоңылтақсып жүрген айтулы тұқымының баяғы ел үсті дәуреніне қайтып оралар, орала алар бір сәті де осы еді. Олар Батырдың қолтығына дым бүркіп бақты. Сырлыбай тұтқынын өз қолымен апарып, қамқа шапан киіп, қарқылдай күліп қайтқанда, өз-өзінен булығып, жарылардай болып отырған бұны сабырға шақырып, етегінен басқан да солар-ды. Елші мен Әбілқайыр бұның алдын орап, Сәмекеге ат шаптыртып, ант қағазға қол қойдыртқанда, абдырап қалған Батырға кеп ақыл айтып, күлдей боп көгеріп кеткен бетіне өң кіргенде — солар-тын. Сәмеке орыстың елшісі мен қоса бұған да елші шаптырып: «Ант бер деп алдыма келгенде, қолымды қоймасам, ақ патшаның қаһарына өзім жол ашатын болғасын, амалсыз істедім. Бірақ, үміт әлі де үзілген жоқ. Елшіні еліне тірі жіберуге болмайды. Енді оның басына төнген қай қауыпқа да дұрыстап пана бола алмаған Әбілқайыр жауап береді. Ақ патшаның алдында біз бен сіздің арымыз таза» — деп мәймөңкелегенде де, әліптің артын бағуға көндірген де солар-ды. Олар қазақ, қарақалпақ шонжарлары қол қойған ант қағазын ақ патшаға алып баратын асығыс шабармандар аттанып кеткенше көлденең көзге түспей тым-тырыс жатып алуға ақыл берді. Ақ патшаға кеткен қағаздардың ішінде Сәмеке мен батырдың да қолхаттары бар еді. Ол Мәскеуге аман жетсе, патша ағзамның мархабатынан Жәдік тұқымының да құр қалмасы кәміл. Сондықтан да орыс шабармандарын жол-жөнекей шауып алмақ боп қопандаған содырларды тыйып тастаған. Ақ патшаның елшісінің шабармандары аман-есен осы ұлыстан

аттанып кетсе, бұның қолын байлап отырған қыл арқан шешіледі. Қол астындағы тентектердің бірінен соң бірін айдап салып, хан ордасы мен елші қосына зобалаңды күшейтеді. Қашан елші мырза жанынан баз кешіп, қазақ арасында беделі қалмаған қырсық ханның қасынан өзі безіп шыққанша қоқан-лоқысын тыймайды. Мәмбет мырзаға қазақ даласынан аман құтылудың жалғыз жолы — Әбілқайырдан безініп, Жәдік тұқымынан пана іздеу. Оны қашан өзі түсінгенше ешкім айтпайды. Әйтпесе, хан орда мен елшілікке жасалып жатқан қысастықтың қайдан шығып отырғанын өздері білдіріп алады. Мәмбет мырза гәптің неде екенін өзі сезіп, қатерлі ханның қасынан өзі безіп, Жәдік тұқымының панасына барып құлағы тыныш табар болса, Әбілқайырдың баяғыдан бергі еңбегінің бәрі зая кеткені. Ол халқына қадірі жоқ, ешкіммен келіспей елші салып, ақ патшаны алдап жүрген алаяқ атанады. Елшінің басын аман алып қалған да, қазақтарды көндіріп берген де Жәдік тұқымы боп шыға келеді. Өйтпеген күнде қазақтарды өз боданым деп танитын ақ патшаның алдында баяғыдан бері бас бұйданы ұстап келе жатқан Жәдік әулеті абыройынан көрер көзге айырылып қалады. Сөйтіп, күллі әулеттің бүгінгі абыройы мен ертеңгі бағы Батырға тіреліп тұр. Қанша дегенмен діні бөлек, тілі бөлек елге бодан боламыз деген хабардан қаралай дүрлігіп жүрген қара халықтың да бүйректері бұра бастаған-ды. Кіші жүздің әуелден іргелі тұқымдары бұны сағалайтынды шығарыпты. Кешегі жортуыл жылдарда жорыққа ерткізер жігіттерінің санына қарап кейін қатарға қосылған кенже ауылдардың қас-қабағына көбірек қарап кеткен күнбағар Әбілқайырға деген қара қазандай өкпелерін бір қайтарса, осы Қайып баласы қайтарар деп ойлайтын секілді. Ресейдің патшасы бүгін қазаққа қол салса, ертең бізді де тыныш тастамас деп жүректері лүпілдеп отырған көрші мұсылман хандықтары да Әбілқайырдан безініп, бұның шашпауын көтере бастады. Не керек, батырдың абыройы аяқ астынан аспандап шыға келді. Тап осы жолы бірдеңе шығара алса, Кіші жүздің тізгіні түп-түгелінен өз қолына өтетініне еш күмәні қалмай барады. Әбілқайырдың ығынан біржола бездіріп, өз қанатының астына алар болса, Мәмбет мырза да ақ патшаға ертең ең беделді, ең ықпалды сұлтан да осыны айтып барар. Ақ патша да, кім біліпті, боданына жаңа өткен жұртты басқаруға бірден

бір қолайлы кісі екен деп осыған тоқтар. Бұған дейін өңі түгілі түсіне де кіріп шықпаған аға хандықтың ала тағы тап онша қол жетпейтіндей алыс арман көрінбей кетті. Егер ақ патша қалап жатса, Жәдік әулетінің қай баласы бұған қарсы шыға алады?! Шынында да, бүгін таңда қазақтың екі арысының ноқтасы ұстап отырған Өсеке балаларының мәселін қайтарып беретін бұдан басқа ешкімнің реті шықпай тұр екен ғой! Батыр сұлтанның қимылдаса қимылдап қалатын тұсы осы екені даусыз. Әншейінде бірінен соң бірін алып әуресарсаңға түсірер көп асу бұл жолы бір-ақ асуға айналып тұр. Ол — күллі Жәдік әулетіне түгел жеккөрінішті, сүтке тиген күшіктей кіші атадан өрбіп тұра бас тақытқа өңмеңдеген өлермен Әбілқайырды орға құлату. Оның жолы — баққұмар неменің орыс патшасының алдында абыройын айрандай төгу.

Батырдың жатса-тұрса басынан шықпайтыны — сол. Өз тұқымдастарының алыстан ымдап бағатыны — сол. Әйтеке балалары бастаған айтулы ата өкілдерінің де құлағына күні-түні құйып бағатындары — осы.

Ақ патшаға хабар алып кеткен шабармандардың ауылдан қара үзіп шығуы-ақ мұң екен, қазақ арасы қайта қимылдай бастады. Онсыз да ілік іздеп отырған Батыр сұлтанға қызыл танау боп Әбілқайырдың шабарманы жетіп келді. Хан Сұлтанға: «Қарақалпақтардың қолындағы башқұрттарды тұтқыннан босатып әкел», — деп тапсырыпты.

Бұны естігенде Батыр бір қызарып, бір бозарды. Айлакер хан жанды жерден қауып отыр. «Ақ патшаның алдында берген антыңа адал болсаң, оның бағыныштыларын барып қорлықтан құтқарып ал!» — демекші ғой. Ал, ол айтқанын орындап, жорыққа аттанса, өзінің Әбілқайыр ханның алдында тәуелді екенін мойындаған боп шығады. Сұм ханға керегі де осы. Оның үстіне Хиуа мен Бұхараның түнделетіп келіп жүрген қыбыр-сыбырын көрмей-білмей отыр дейсің бе? Олардың алдында бұған ақ патшаның сойылын соқтырып, бетін күйелеп қоймақшы ғой. Бірақ, хан қанша сұңғыла болса да, Батыр сұлтанның байлаулы қолын өзі кеп шешіп беріп отырғанын бақамай қалыпты. Бұл да көзі бар, құлағы бар жұрттың алдында Өсеке балаларына атымен тәуелсіз екенін көрсетіп беретін ұрымтал сәтті көптен күтулі еді. Оның орайы енді келді. Шабарманды жалма-жан кері шаптырды. «Башқұрт-

тардың жоғын жоқтап, сүттей ұйып, судай сіңісіп отырған көршілеріммен жаманаттасар жайым жоқ», — деді. Бұнысын, аман болса, күллі Кіші жүз де, патшаның елшісі де, Жәдік әулеті де, көрші хандықтар да түгел естиді.

Әрине, оның бұл шешімі де артында зілі бар шешім. Ол Әбілқайырға да, өзіне де оңай тимейді. Ханға оңай тимейтіні — ақ патшаның алдында табаға қалмай, бағыныштысын бүйтіп бастан секіртіп қоймай, дереу жазалауы керек. Өзіне оңай тимейтіні ауызынан әлгіндей асау сөз шыққасын, шын тәуелсіз екенін ісімен дәлелдеуі қажет. Ол үшін елшілік пен хан орданың басынан зобалаң айырмай, не Әбілқайырды тізе бүктіреді, не елшіні Өсеке әулетінен басқа біржола бездіреді. Екінің бірі.

Әйтеке балалары шектінің барлық ру басыларын жиып тұрымтай мәслихат өткізді. Оған Батыр сұлтанды әдейі қатыстырмады. Қақаған қыста күбідей-күбідей боп үйге сыймай отырған көп би Бәбиді ортаға алды. «Байқарадай арыстың артын сұраусыз жіберіп, қалай жер басып жүреміз!» — десті. «Жақайымның басы артық азаматы бар болса, бар шығар, берісі шектінің, әрісі алаштың жерге тастай алмай отырған жігіті жоқ», — десті. Жиынның бас жағында атасы әлімнің жуан жерінің билері гүпілдеп сөз бермесе, арт жағында кіші ата балалары қайыртпай кетті. Басы Жалтыр мен Қоңысбай болып, ілгері ауылдардың билері әдейі кіші ата балаларының жанына шоқ тастай сөйлеген-ді. Байқара шектінің тілеу мен қабақтай тоқымы қаннан, тақымы терден кетпейтін зілойыр жуан аталарынан емес-ті. Жасы үлкен болғанмен Жақайым алты шектінің арасында көбіне-көп қақ-сұқта жүретін. Тіпті кешегі жоңғардан босып кеп Арал мен Жайықтың арасын қалмақ пен башқұрттан тартып алып, алты шекті қоныс бөліскен жиында да иненің көзінен өтетін жылмаң төс інілері аңқау ағаларын жерге отырғызып кеткенді. Үстірттің кеңінде, ағаның ауылында өзара кеукеулесіп отырған інілерінің не айтып жатқанын естіп келсін деп жұмсап жіберген жансызы: «Орыс, Бәубек, Мәку балалары «Жер көкесі Беларан ғой. Жарықтықтың басына шығып, желге қарап бір желпініп алғаныңның өзі неге тұрады! Бірақ Жақайым ағалығын жасап, алдымызды орап бермей кетеді ғой деп отыр», — деп келіпті. Ертеңіне жиында Жақайымның биі қонысқа

Беларанды сұрайды. Інілері желкелерін қасып қиналғанды. «Айтқанымды істетпесем, ағалығым қайсы!» — деп Жақайым шіренеді. Сүйтіп оған суы беліңнен, шөбі көкірегіңнен келетін не Қарақұм, не Борсық құм тимей, екі теңіздің арасындағы азынаған ай тақыр тиіпті. Әккі інілері аңғал ағаларын алдап түсіру үшін Беларанды әдейі мақтапты.

Шынында да, бір қызығы, алты шектінің ішіндегі ең даңғойлар да жақайымда, ең момын да жақайымда, қасарған жерінен қан алатын ерегіске де жақайымда, елді ауызына қаратқан би де жақайымда.

Соны білетін қалған шекті аңғал Байқараның абыройсыз ажалының артын қаузап, жақайымға бар салмақты салып бақты. Жақайымның сабыры көбі мен ақылы молы ақ патшаға ақ сойылмен қарсы шауып абырой таба алмастарын біліп бүгежектесе, даңғойы мен қасарыспалары Жалтыр мен Қонысбайдың сөзінен қаралай танаулары қусырылып, тыныстары тарылып бітті. Қағынған қара талақтай қарауытып алған Бәби: «Ал, не дейсіңдер?» — дегендей руластарын көзімен жеп барады. Мұндайда алдымен дүрлігетін Сырлыбай анадағы асығыс қылығынан ауызы байланып шөге түскен. Қыр мұрын, сыз қабақ Бәйімбет мына желөкпе сөзге желпілдеген аталастарына қаралай жыны келіп сазарып алыпты. Бәбидің де, Жалтыр мен Қонысбайдың да, абажадай қоңыр үй тола билердің бәрінің де көзі Байжан би мен Сартай батырға қадала қапты. Оның да мәні бар еді. Бір кезде Әбілқайырдың атағын асырған Бұланты бойындағы шайқасқа қызыл тілдің ебімен Хиуадан он мың атты қол қостырған Байжан би де, сол ұрыста жауға айқай салып бірінші тиген, оның мына отырған батыр баласы Сартайтұғын. Хан үшін қалған шектінің жөні бөлек те, бұл екеуінің жөні бөлек-ті. Бұл екеуінің қарсы шыққаны оған қабырғасын сөккендей қатты тиері сөзсіз. Қазір атар таң қайтып атар екен деп, батар күн қайтып батар екен деп, аңыс аңдып шөре-шөре болып отырған көп ауыл бұл екеуі аунап кеткен жаққа аунап кетуі ықтимал. Өйткені, бұлар Асан бидің Тоқбикеден туған бес ардасынан емес, Қалдыбикеден туған бес томар басынан. Ханның арқа сүйейтіндері де ылғи осылар секілді өз ағайындарына есесі кетіп жүргендертұғын. Бұлар тартынса, хан соңындағы қара-құраңнан талай көткеншек табылары даусыз. Әккі билер соны біліп, міне, өз ақыл, өз білектерімен қатарға

қосылған атақты би мен атақты батырдың жанын әдейі қинап отыр. Сүйегіңе тартасың ба, жоқ салпаңдатып соңына ертіп жүретін еді деп ханға тартасың ба?..

Мынау үнсіз сұқты көздердің шыңырау түкпірлерінде жатқан жымысқы сауал әлгі!

Оны би де, батыр да бағана-ақ мықтап аңғарған. Аңғарған сайын жандары қинала түсті. Маңдайларынан тер шықты. Өлген тумалас бұлардікі, Байқара Тоқбура болса, бұлар Ақбура. Намысын жығып, сүйегін қорлап, жараланып қойған ел бұлардікі. Енді, міне, сол ел, сол ағайын екеуінен жауап тосады. Қазақтың, қай азаматы әуелі ағайынның, сосын елінің жоғын жоқтамаушы еді? Өз ағасын ағаламай, кісі ағасын жағалаған қай азаматты қазақ тектіге санап еді? Өйтіп, ақылды болғанда, батыр болғанда бәрібір абырой таба ала ма? Әбілқайырдың бір басында қырық кісінің ақылы бар хан екені рас болса, бұлардың орта көңілін толтырсын, жыртық көңілін жамасын. Айла тапсын! Өйте алмаса, өз обалы өзіне...

Әуелі Сартайдың мұртына жыбыр бітті. Сосын Байжанның әжімді маңдайы білемдене түсті. Екеуі де ағайын жағына шықты. Қара талақ Бәбидің бетіне сонда барып қан жүгірді. Енді жұрт арасында гуіл-гуіл әңгіме көбейді. Бір жақтан кеңірдектеп Жантума шықты. Оны Есмембет пен Өтеғұл қостады. Бәтжан, Малыбай, Өтеп батыр, Ақша батырлар да: «Бір жігіттің кегін кектей алмасақ, енесін ұрайын, несіне ел атанамыз!» — десті. Ол жиыннан іш ашпай аттанысқан билер Бәйімбет, Қара, Балтабек қана. Қалғандарының атқа қонғасын да, қауқылдары екі-үш асқанша естіліп тұрды.

Жұрттың арасына: «Шектілер ханды да, елшіні де өлтіргелі жатыр екен», — деген хабар дүңк ете қалды. Ол — ханның қауқарын сынап көрумен қоса, қалған қазақтардың мұндай қанды шараға қалай қарайтынын білмек айлатұғын. Көп рудың басшылары мұндай арты даулы іске араласқылары келмей тайғақсып шыға келді. Бірақ, бірден Әбілқайыр жағына да аунап кете қоймады. Батыр төңірегіннің бітірген шаруасы — әдетте ханның шашпауын көтеріп шала бүлінетін кіші ата балаларының арасына іріткі салды. Олар әуелден ел үстінде күн көріп, әдіс алып қалған санаттағы салауатты аталардың балаларындай емес, ел арасына сыбыс жүгіртіп, іргеден тың-тыңдап жату дегенді білмейді, «Қайда қылыш, қайда найза?!» — деп жалаңдап шыға келеді.

Мынадай алмағайып жағдайда қан төгілмей тынбайтындай іс шығып жатқанда, жаманатын әлгі ұрыншақ ауылдар арқаласын деген аталы тұқым өздері салған өртке өздері отын болғылары келмейді. «Ақ патшаға өкпеміз жоқ. Өкпеміз басымыздан секірген Әбілқайырда. Сол үшін де, Мәмбет мырза Өсеке ауылында отырғанда өз аяғымыздан іздеп барып ант бере алмаймыз. Ант алғысы келсе, Әбілқайырды тастап, өз қасымызға келсін!» — деп тайсақтады. Бұлары әрі шындық, әрі айла еді. Ақ патша, шынынан да, мейірбанды боп шығып, желеп-жебеп жатар болса, шарапатынан құр қалғылары келмейді. Ал арты шикі ес боп кетсе, алданған қазақтың обал-сауабын түп-түгел Әбілқайырдың мойнына арта салмақшы. Екі ортада ауыл арасының тентек-телісі шақырусыз қонақ елші мен алаяқ ханның жандарын жаһанамға жөнелтіп жіберіп жүрсе, оған ешқандай араластары жоқ, сүттен ақ, судан таза боп шыға келгілері келеді.

Батырдың жағындағылар мынандай өздері тұтатқан өрттің көкала түтіні көзді ашыта бастаған қиын-қыстау тұста бұл маңайдан қараларын жоғалта тұрғанды жөн көрді. Ол үшін көрші Хиуаға да, қарақалпаққа да, қалмаққа да тиіспей, сонау ит арқасы қияндағы түрікпен ауылдарын тонағаннан басқа амал жоқ-ты. Астық пен шүберектің зарын тартып отырған қазақ ауылдарына тіске басар түйір дән мен әбүйір көлегейлер лыпаны қайдан тауып әкелсең де, бәрібір-ді. Оның үстіне, алдында ғана: «Қарақалпаққа аттан!» — дегенде аттанбай, айдаладағы түрікпенге қарсы жорыққа шыққаны Батырдың Әбілқайырға атымен тәуелсіз екендігіне таптырмас айғақтұғын.

Ертең жолға шығамыз деп отырған күні мұрттарына мұз қатқан төрт-бес жолаушы Батырдың үйінің белдеуіне кеп ат байлады. Қалмақтар екен. Жем бойындағы Лобжы жұмсапты. Аюке шаңырағымен алысып жүрген асау тайшы Батырды өзіне мұңдас санайтын секілді. Құпия хабар жіберіпті. Астраханьнан орыс керуені аттаныпты. Бағыттары — Бұхара мен Хиуа дейді. Керуенді бастап бара жатқан — әскери ұлық көрінеді. Қазаққа көрші екі мұсылман хандығын да патшаға бағын деп азғырмақ секілді. Оған жол-жөнекей Кіші жүздегі Тевкелев мырзамен жолығып, әлгі екі хандыққа өзіңмен бірге ала кет деген тапсырма беріліпті. Шамасы, Тевкелев мырзаның мындағы күнінің мәзді

емес екені ақ патшаның да құлағына жетіп жатса керек. Елшіден айырылып қалса, Батыр сұлтанның баяғыдан бергі арманының желге ұшқаны. Ондай кесепатты керуенді бұл төңірекке аттап бастыруға болмайды. Сонда күні кеше ант беріп отырып бүгін керуен тонағаны томпақ боп шығып жүрмес пе екен? Бірақ, басқа амалы қайсы? Оны тоқтата алатындай бұл маңайда тағы кім бар? Қалмақтар олай ете алмайды. Қанша дегенмен, ақ патшаның боданы. Хиуа мен Бұхараға өткізіп жіберсе, олардан да бір Әбілқайырдың шыға келмесіне кім кепіл? Тевкелев қазір аман-есен құтылып кетсе, баяғыдан бері көріп келген қорлығының бәрін басқа ешкімге де емес, тек бұған, Қайып баласы Батыр сұлтанға жабады. Ол сөзсіз. Сөйтіп, Әбілқайырдың көктен сұрағанын құдай жерден береді. Жоқ, жоқ... Ол қырсық керуен мынау жапан далада із-түзсіз жоғалған құтсыз керуендердің жолын құшуы керек!

Бұл жәйді білетін тек сұлтанның өзі ғана. Қажет десеңіз, алыс жорыққа өзімен бірге еріп бара жатқан өзге ру басыларына да айтқан емес. Ертең жол-жөнекей көре қалса, айдалада қызылды-жасыл дүниеге жолығып тұрып, құр алақан қалар қазақ па? Қолдарын бір былғап алғасын артынан келер қай зобалаңына да пейіл болады ғой. Бірақ алдын ала дабырламайды. Шын жағдайды естіп қойса, ақ қасындағы мынау далаңбай көптің біразының тәуекелі тұрмай қалулары да мүмкін. Ондай хабар құлағына тисе, Әбілқайырдың қарап жатпайтыны сөзсіз. Содан соң да, Батыр дымы ішінде болып тұншығып алды. Қажет десе, Қосыбай мен Жалтырға да тіс жармады. Ол екеуін арттағы елге бас-көз болуға тастады. Хан мен елшіге қандары қатып отырған жақайымдарды шаптарынан шабақтап бағатын біреулер керек еді. Кім біліпті, бұлар қайтып келгенше ол шаруа да бір жақты боп қалар...

Әрі үміт, әрі күдікпен жолға шыққан Батыр сұлтанға іздеген керуеннің не өзі, не ізі жолықпады. Аңадағы түнделетіп келген қалмақтардың айтқанына қарағанда, орыстар бұл жолы керуенін Сарайшық арқылы жіберуге Лобжы ұлысынан сескенсе керек еді. Астраханьдағы ұлық Аюке шаңырағын қолдаймын деп Доржы мен Лобжыны мықтап өкпелетіп алыпты. Ренішті ұлыстардың үстінен әлгіндей керуен жөнелтуге, қанша дегенмен, сене қоймас. Мұндайда теңізден басқа жол жоқ. Қазір су қатып қалды. Еділ мен Жайықтың

орыстары оған бола бас қатырып көрген емес. Жүктерін шанаға тиеп, мұз үстімен бергі бетке өткізеді де, Маңғыстау түрікпендерінен түйе жалдап, Хиуаға тартады.

Батыр қалмақтардың бұл хабарын естігенде тіптен қуанып кеткен. Ел ішіне алдын ала жайып қойған лақабы өтірікке шықпады. Маңғыстаудағы түрікпендерге деп еді, аттанатын болды.

Сорлатқанда, түрікпен жайлаған үш түбектің үшеуі де орыс керуенінен атымен бейхабар екен.

Қаратау бойынан күдер үзген Батыр сұлтан теңізді жағалап Жемге беттеді. Бір жағы — шыныдай жалтыраған көкше мұз, бір жағы — ала тағанақ сор Жапан түзде қаралай құлазып келе жатыр еді, көзіне жер түбінен еміс-еміс қараңдаған бірдеңелер шалынды. Қайдағы бір қарақұстар қанаттарын сермеп далбаңдай ұша жөнелгендей. Сұлтанның жүрегі шым ете қалды. Иә... Ондай-ондай «қарақұстардың» сырын басқа білмесе де, бұл біледі. Көшпенді жұрттардың қай-қайсысында да бар белгілі құлық. Қарауыл қарағандар биік-биіктің басына шығып ап, төңіректі шолып тұрады да, көздеріне сезікті бірдеңе іліксе болды, қарақұс боп далбаңдап тасаға қарай жүгіре жөнеледі. Демек анау айнала сордың ортасындағы шөгіп жатқан ақ үлектей жеке шыңның ар жағында ел болды. Аттарына қамшы басты.

Жаман Айрақты тауының құйрығынан аса бере алдарынан тығырық таулардың ығында отырған көп ауыл қылт етті. Қапыда жау басып қалған ауыл, қапелімде не істеп, не қоярын білмеді. Олар талай сүргінді көріп жүргенмен, тап бұлай қыс ортасында төбеден түскен басқыншыны көрмеген-ді. Қатын-бала қара үйлердің есік-тесігінен сығалап, сыртқа бастарына дудыратып сеңсең бөрік киген селкілдек шалдар шықты.

Қара ағаштай қақшиған-қақшиған тарамыс шалдар таяқтарына сүйеніп кекірейіп тұр. Қақ ортадағы біреуі анадайдан тісі ақсиып күліп жіберді.

— Тоқта, — деді Тәңірберді. — Мынау Меңлібай бек қой.

Екеуі бірін-бірі таниды екен. Құшақтасып көрісті. Емініп келген қазақ қолы жалаңдаған көк найзаларын жалма-жан тартып ала қойысты, үйді-үйге тығылған қалың жұрт сау етіп сыртқа шықты. Бір-бірімен қауқылдасып көрісіп жатқан екі шалдың қалған

жұртпен ісі жоқ. Әсіресе, қанжардай қатқан түрікпен шал сеңсең бөркі селкілдеп мәз боп тұр.

— Ау, жөндеріңді айтсаншы, — деп айқайлады Батыр сұлтан.

Тәңірберді жөнін айтты. Бұл — түрікпеннің бозашы руының бегі Меңлібай деген кісі екен. Баяғыда Ақтабан шұбырындының тұсында Хорезмнің ойында танысыпты. Он ұлды бектің бір баласы Хиуаға қарайтын бір кішкене қалада атқамінер көрінеді. Сол Тәңірбердімен көже тамыр боп, қиын кезде қол ұшын беріпті.

— Ендеше, тамырыңнан сұрап біл. Бұл маңайдан Хиуаға қарай орыс керуені өткен жоқ па екен?

Батыр сұлтанның іздеп жүрген керуенінен Меңлібай бек хабардар екен. Шерін Дөндік орыс керуенін Хиуа мен Бұхараға бастап апар деп Меңлібайға сөз салыпты. Ол белінің құяңы ұстап қалып, баласы Қыдырды жіберіпті. Керуен Астраханьнан шығып, теңіз айналып қара жолмен келе жатқан көрінеді. Ендігі Жемнен өтіп қалар уақыты бопты. Қыдыр керуенді Асмантай-Матай арқылы Арал теңізіне апарып, содан құбылаға беттеп, Амударияны бойлап Хиуаға, Бұхараға бармақ дейді.

Мұны естігенде, Батыр сұлтанның көзі жайнап қоя берді. Түрікпен бегінің қонақасысына да қарамай, үстіртке көтеріліп, тұп-тура Асмантай-Матайға тартты. Жайдақ құмның Жем жағынан кеп із кешкен қол айғыр шағылдардың арасында жіпсіз қамалып жатқан керуеннің үстінен шықты. Шұқыр ойда қаз-қатар шөгерулі жатқан түйелердің ығында қалың тонға оранып алып отырған жез мұрт орыстар жер астынан шыға келгендей сау ете түскен қалың жасақты көргенде әпірейісіп қалысты. Көздері жаутаңдап аттарының түгіне боз қырау қатқан қатулы жандарды ішіп-жеп барады. Шыр айналдыра түйе шөгеріп, ортасына тіккен жабындыдан біреулер шықты. Алдарындағы екі беті нарттай алпамса еркек — Бақтыбай... О тоба! Бұл сабаздың да жүрмейтін жері жоқ екен ғой!

— Жағдайларың қалай? Олжалы қайттыңдар ма? — дейді қарап тұрмай.

— Өзің ше?

— Көріп тұрсыңдар ғой!

Шөгерулі түйенің саны бес жүзден асады. Жүзден астам ұзын сирақ арғымақ дірдек қағып тағы тұр. Жүз

шақты сең-сең бөрік түрікпен жігіттерін қолдарын арттарына байлап-матап тастапты. Осылай ошарылып жатқандарына бірнеше күн өтіпті.

Бақтыбай сұлтанның жүзіне ұрлана қарап күліп қояды. Қияңқы Батыр анада Күйкеңнің тұмсығынан аса бере көз ұшында сылаңдап бара жатқан қос арғымақты шырамытқан. Шырамытқан да, аттың басын бұра қойған. Енді Ложбы ұлысына басына тауан іздеп бармаса, олжа түсіріп оңдырмасы белгілі болды. Құм арасын сағалап, елге қайтып келе жатыр еді, көлденеңдеп көп із жолыққаны. Ізге түсіп салып бересің. Салып ұрып жетіп барса — керуен. Жалақтаған бейсауат жүргіншілерден қорғалақтап, осы бір тығырық құмға келіп тығылыпты. Керуен бастап келе жатқан түрікпендер ойда жоқта тап болған барымташылармен шайқасқа ұмтылған екен, орыс ұлығы: «Босқа қан төгіс жасамалық. Көп болса, дүние-мүлкімізді олжалатып құтылармыз», — деп оқ атқызбапты. Содан бері Бақтыбай оларды ешқайда аттап шығартпай қамап отырған көрінеді. Ондағы ойы — көп ұзамай Батыр да оралар, мына керуенге не істеу керек екенін сол шешер...

Жер түбінен қанжығалары қаңсып келе жатқан ауыр қол аяқ астында бос жатқан оңай олжаны көргенде өз көздеріне өздері сенбеді. Теңкиген-теңкиген теңдерді түртіп көріп:

— Ішінде не бар екен? — деп қояды.

Көбі мынау тегін дүниені талап алып, қолға өздері келіп түсіп тұрған көп тұтқынды ауыл-ауылдарына таратып әкетпек. Алақандарына түкірген бір жігіт. Екі жақтың көзі бір-бірінде. Қаралай ішіп-жеп барады. Батыр сұлтан ойда тұр. Анау еңгезердей қоңқақ тұмсық қызыл сары, дәу де болса, керуен басы шығар. Мынау дудар бөрік ақ тондылардың Жайықтың казак орыстары екені айтпай-ақ белгілі. Жағаласа кетсе, Бақтыбайға әл бере қоймас шамалары бар. Жау жағаластар қашқандарына қарағанда, анадағы қалмақтардың айтқаны рас секілді. Жол-жөнекей қан төгіп келген елшіліктің әңгімесін кім тыңдасын! Қазақтарға ойран салып келгендерге Хиуа мен Бұқар құлақ асар ма! Мұрыны аузына түскен мынау нән сарының білмейтінін ит жесін... Тегі, жөн сұраспағандары дұрыс шығар. Айдалада бейсауат кездескен қандыбалақ қарақшылар бола салады. Қажет десе, өзі сөйлеспей, Тәңірбердіні сөйлетеді. Бақтыбай мен керуеннің арасына сол делдал

болсын. Бес жүз түйе керуеннің жарты жүгін бұларға қалдырсын да, қалғандары кейін қайта ма, Хиуасына бара ма — өздері білсін, бірақ қазақ ұлыстарына қарай аяқ басушы болмасын...

Бақтыбай мынау тегін олжадан тіріде айырылсын ба! Тәңірбердінің айтқанын құлағына қыстырар емес. Бес жүз түйе жүк, жүз түрікпен, елу шақты орыс солдаты қазақтың жаламына жұғын болып па! Әлде өздері құр тақым қаңғып келе жатқанда мынандай көлкөсір байлыққа тап қылған абыройды Бақтыбайға қимай тұрма екен? Айдаладағы сары орысқа неғып ет бауырлары елжірей қалды? Орыстар мен түрікпендер өжендескен екі қазаққа қарап аң-таң. Тәңірберді ақсақал күңгірлеген қоңыр даусын созып байсалды сөйлесе, Бақтыбай нарт қызыл жүзін шоқтай лаулатып, қабағын түйіп, қамшысын үйіріп саңқ-саңқ етеді. Анадай жерде тымпиып тұрған Батыр сұлтан бірдеңе демей көнетұғын түрі көрінбейді.

Сұлтан да қу. Әңгімеге өзі араласпай, қасындағы қызыл шырайлы, төртбақ кісіні — Абағайды жұмсады.

— Айт, анау Бақтыбайға! Дауды қойсын. Жарты керуен олжаға қанағат қылсын. Қалғандарын басы-көзіміз аманда жөндеріне салып, бұл арадан тезірек аттанайық. Сұлтанның бір ойлағаны бар де!

Қызылкенірдектесіп тұрған екеу араларына Абағай киліккесін де біразға дейін бой бермеді. Дау ұзап бара жатқасын Батыр сұлтан қасындағы бір топ жігітпен Бақтыбайдың қасына барып кимелей тоқтады.

— Ау, қойсаңшы енді! — деп күңк етті.

Бақтыбай салаңдаған дойыр қамшысын салбыратып, түрікпендердің қасына барды.

— Басқасын жіберсем де, дәл мына күшікті жібермеймін. Не байлап әкетем! Не бауыздап кетем!

Қақ ортадағы екі көзі жұдырықтай боп ісіп кеткен талдырмаш қара жігітке тап-тап берді.

Сүйтсе, анадағы Меңлібай бектің баласы сол екен. Құм арасына он күн бойы қамалып өлерге келгесін барлық пәленің осы бір күдірейген немеден болып тұрғанын байқап, матаулы түйелер мен байлаулы тұтқындар арасында әрлі-берлі талтаңдап жүрген Бақтыбайдың ту сыртынан қанжар лақтырғалы жатқан жерінен қазақтардың бірі жүгіріп барып аяғынан шалып жығыпты да, буып тастапты. Местей қып сабапты. Енді

ат көтіне өңгеріп ауылына апарып, көк шыбынды көзіне үймелетіп, ит қорлықпен өлтірмек...

Тепсініп тұрған Бақтыбайдың қасына Тәңірберді жүгіріп барды. Тентек батыр бұл жолы бәрібір илігер емес. Әңгімеге Батыр сұлтан араласты.

— Жарайды, аяқ-қолын байласын да, алып жүрсін!

Екі жүз елу түйені жетелеп алған қазақ қолы пәлен күннен бері тұяққа тапталып, жермен-жексен болуға айналған жапырақ құмның арасынан асығыс аттанып кетті. Әлгі тығырық ойда қалып қойған орыс керуені кері қайтты ма, жоқ Хиуаға қарай ілгері тартты ма — шаруалары болған жоқ. Құм арасынан бір күншілік жер ұзап шыққасын Тәңірберді Бақтыбайдың тұтқын түрікпенін өзіне тиесілі жиырма түйе жүкке айырбастап алды. Ауылына апарып, жарақатын емдеп, есін жиғасын астына ат мінгізіп әкесіне қайтармақ.

Батыр «уһ» деп көңілін бір бірледі. Кесір керуен енді қазақ ұлысына қарай өзі де беттей қоймас. Тевкелев мұның уысына біржола түсті. Әбілқайыр екеуін бір тайдың шідерімен бірге матайды да, бір ұшынан шым-шымдап тартып қылғындыра береді, қылғындыра береді. Елшіге жан керек болса — жанықас ханның қасынан безіп шықсын. Ал, әлгі талапайға түскен екі жүз елу түйе жүк үшін ақ патшаның алдында жауап беретін бұл емес, Бақтыбай. Ол қайта құмның арасында бостан-босқа қырылуға айналған мұңлық керуенге төбеден түскен қызыр Ілияс құтқарушы боп елестеген шығар. Қазақ арасына, түрікпен арасына сондай лақап тарамас дейсің бе...

Соңындағы қалың қолдың сұлтандарының не ойлап, не қойып келе жатқандарымен шаруалары жоқ, езулері құлақтарына жетіп мәз-мәйрам боп келеді. Әркім өзінің олжасын айтып күпілдеседі. Әсіресе, кертік мұрын, жайын ауыз Сағалбайда тыным жоқ. Қолындағы жылтыраған бірдеңені анаған да апарып, мынаған да апарып көрсетеді. Мұндай үлкен жорыққа алғашқы шығуы еді. Әлгінде құм арасынан аттанып бара жатып мұрыны аузына түскен нән орыстың күйек қапқа ұқсатып мойынына асып алған былғары дорбасын ат үстінен жұлқи тартып ала қашқан. Еңгезердей орыстың тырп етпей қала бергеніне бір мәз болып еді; былғары дорбаның ішінен сопақша қара қорапшаны тауып алып екі мәз болды. Шалдардың сақал-мұрттарын бастыратын ұстараларын осындай мүйіз қорапшаға салып алып

жүретінін көрген. Сонда ұстара шығар деп ашып көріп еді, ішінен бұның өзі түгілі, жеті атасының бір де бірі көрмеген жылтырақ бірдеңе шыға келгені. Әрі қарады, бері қарады, не екенін біле алмағасын әркімге бір апарып көрсетті.

Біреулер: «Іскек қой», — десті. Олай дейін десе, әлгі аша темірдің екі жағы бірдей ине. Инемен мұрт іскектелуші ме еді?! Енді біреулер: «Тіс шұқуыш шығар», — деді. Мынандай тебен инемен шұқу үшін темір тіс керек шығар! Бақтыбай: «Боқмұрын, қамшы жемей тұрғаныңда, басымды ауыртпай тайып тұр», — деп ақырды. Тәңірберді: «Барғасын Әбілқайырдың шоқыншақ ноғайынан сұрап аларсың, алып қой!» — деді. Әуестік жеңген бала жігіт ұятты қойып Батыр сұлтанның өзіне келді. Сұлтан әуелі оның не деп келе жатқанын түсінбей, едірейіп біраз тұрды. Сосын: «Орыстар тамақты темірге шаншып жейді дейтін. Сонысы осы шығар», — деді.

Бала жігіт мәз болды. Қанша дегенмен, қараның аты қара да, төренің аты төре ғой. Қарайған халықтан мына темірдің не екенін ешкім тап басып айта алмап еді, Батыр сұлтан ойланбастан сарт еткізді. Әрине, мына екі істікке ет шаншылады. Сыпайы орыс бұның бір инесіне шаншып жейді де, қомағай орыс бұның екі инесіне бірдей шаншып жейді.

Ол тезірек үйіне жетіп, мынау орыстың жарқылдақ темірімен қазанның үстінен бөтеке шаншып алып жеп көргісі келіп кетті.

Ұзын шұбақ шеру Борсықтың құмына кеп ілікті. Батырдың ойына тағы да артындағы ауыл түсті. Жақайымдардан не шықты екен? Елші мен хан бұл дүниеде бар ма екен, жоқ па екен?

Қалың құмның арасына шұбырып кірген шұбалаң қолдың сол жағында елу түйені бір өзі жетелеп бара жатқан Бақтыбай бірдеңе деп айқайлады. «Қап, бәлем, шоқыншақ ноғай, көрерсің!» — дей ме? «Сені де өстіп шауып алып, қасыңдағы есірік естектеріңді қой соңында қаңғыртармын!» — дей ме? Ауынан жарылған мақтаншақ неменің ел қарасы көрінгесін еліре бастағанын қарасайшы! Апырау, сонда... Елшінің әлі аман болғаны ма? Қаратүпті тастап, құм арасына кіріп алған екен ғой. Сонда Бәбиден де ештеңе шықпағаны ма? Қасарған жерден қан алады дейтін ол сығырға не болған? Апырмай, мына жақайымдарды-ай! Бауырларынан

айырылып отырып осынша бор сүйек болар ма! Әлде бұның жағындағы біреу-міреулер ерегіспе неменің жел жағынан шығып қалды ма екен? Ендеше, бұлардың жол-жөнекей орыс керуенін тонаған хабары көп ұзамай елшінің құлағына де жетеді десейші! Ендеше, бұтадан-бұта асқан сайын ұлғая, дабырая, даурыға түсер ұзынқұлақтың алдын алмаса болмайды. Елші хабарды өзі барып айтады. Қырылғалы жатқан керуенді құтқарып жібердім дейді. «Бақтыбай айтқанымды тыңдамай, жарты жүгін жұртқа пышақ үсті таратып берді. Оған тырнақтай да араласым болған жоқ», — дейді. Жоқ... Оған әуелі өзі бармағаны жөн. Абағайды жібергені дұрыс. Кіші жүзбен баяғы ақтабан шұбырынды тұсынан бірге көшіп келе жатқан кірме. Арғы сүйегі Ұлы жүз. Көлденең ағайын. Әлгі хабарды әуелі сол айтады. Артынан өзі әдейі іздеп барады.

Батыр анадай жерде әлденеге қарқылдасып мәз-мәйрам болып келе жатқан Абағайды қасына шақырып алды.

Құба сұр даланың астын үстіне шығаратындай боп бұрқырап қыс пен көктемнің тоғысы да өтті.

Ай бойы біресе қар жапалақтап, біресе мұздай қара жаңбыр төпелеп, біресе шағыл құмдарды уыстай шашып көзге ұрып шаңыт борап шат-шәлекейі шыққан жапан түз қайтадан тыншыды. Басы сидаланып, түбі сояуланып әбден қара қылтанақтанып қалған өлі шөпке жан жүгіріп, мұрты бөртіп, бірер күн шуақтан соң тозған киіздей ылым-сылым боп қуарып жатқан қырқақырандар түлеген бөрінің жон арқасындай көк шуланданып шыға келді. Боз қылшық далада ойдық-ойдық көк майса көрінді. Өз түтініне өзі бықсып тұншығып отырған қара үйлердің оң жағынан жаңа жаздың жас төлі маңырайды. Қазақ аулы ертелі-кеш азан-қазан. Аттың да екі қапталындай — байтаба дорбадан бастары қылтиып бара жатқан бауырсақ құлақ қошақандар. Түйелердің де екі жағына теңдеген кебежеде — бастары қылтиып бара жатқан бауырсақ құлақ қошақандар. Мынау аспан асты тіршіліктің өзге дырдуын солар тыйып тастағандай. Қайда құлақ тоссан да — қой қоздатып жатқан ауылдың ызы-қиқы үнінен басқа ештеңе естімейсің. Жұрттың да есіл-дерті сол ауыз жармаған құлында, аяқтанбаған ботада, үсті-бастары сілекей-сілекей қозы-лақтарда ғана сияқты.

Міне, екі аптадай болып қалды, орыс елшілігінің босағасынан ешкім аттаған емес. Бәби анада олар құнын алып тынғасын ба, жоқ қазақтар мынау өріс пен ауыл арасында ертелі-кеш тырп-тырп аяқ тозды жүрістен мұршасы болмай, жандары мұрындарының ұшына келіп шаршап жүргендіктен бе — төңіректен ешқандай хабар жоқ. Ауыл-ауылға аяқ ізін сала бастаған елшілік адамдары да сол мал төлдетудің абыр-сабырынан басқа ештеңе көрдік, ештеңе естідік демейді. Құр құлақ отырған елшіліктің біраздан бергі бойкүйез тіршілігін бұзғысы келгендей марттың жиырма тоғызы күні сондай жерден улап-шулап бір қара-құраң өтті. Шашақтары жалбыраған жүз елу найзаға қарап, біраздан бері тыншып қалған қызыл көздер дүрбелең салып тағы келіп қалды ма деп еді, теңкиіп-теңкиіп жүк артқан елу түйе және көрінді. Не көш емес, не керуен емес, не жортуыл қол емес сол бір қара шоғыр бұлар жаққа қарап әлдене деп айқайлап бара жатты.

— Шоқыншық ноғай, тұра тұр бәлем! Көп ұзамай күліңді көкке ұшырамыз!

Бейуақта бейсауат адамдардың әлгі айқайына үрпиісіп қалған елшілікке арада бір сағат өтер-өтпесте бір суыт жүргінші кеп тоқтады. Басында алтайы бөрік, үстінде қасқыр ішік, қолында қайың сап дойыры бар бейтаныс жолаушы өзін Ұлы жүз қазағы Абағаймын деп таныстырды. Тевкелев, қапелімде, сонау жоңғар боданында жатқан Жолбарыс ханнан елші келіп қалды екен деп қуанып еді. Сөйтсе, мынау қызыл іңірде келген жолаушының жүрісі тіптен бөлек екен. Ол әңгімеден ұққаны: Батыр сұлтан қыстыгүні аяқ астынан аттанып кеткен жұмбақ жорығынан оралыпты; орта жолда шектінің бір көк жұлыны Бақтыбай батыр қамап жатқан орыс керуеніне тап болыпты; Батыр сұлтан керуенді жөніне жібер деген екен, Бақтыбай тыңдамапты, жарты жүгін тартып алып, қалған керуенді жөніне жіберіпті; егер үстінен сұлтан шықпағанда, орыс керуенінің көретін күні беймәлім еді...

Абағайдың келісі қандай суыт болса, кетуі де сондай суыт болды. Ол не қылған керуен? Оның хабарын неге бұған айтады. Жаманат хабар деп естірткені ме, жоқ жақсылық жасадық деп мардамсығандары ма... Түгіне түсінсе бұйырмасын... Не де болса, әлгі кергіме қияс сұлтан келіпті... Тағы қандай зобалаңдар қоздағалы жатқанын кім білген? Тевкелев бір түрлі қараптан-қарап

жиырылып қалды. Біраздан бергі тыныш ұйқысы қайта бұзылды. Аш бүргедей мазасыз ойлар қайта қамап алды. Таң атқанын тосты.

Ертеңіне сиыр сәскеде айғыр топ адам кеп дүрс етіп түсе қалды. Әбілқайыр, Бөкенбай... Имене аттап Батыр да көрінді. Он бес-жиырма адамы тағы бар.

Сөзді Әбілқайыр бастады. Кіжіне сөйлеген хан тоналған керуен жайын айтып, ақ патшаның алдындағы антымыз бұзылып, кірерге тесік таппай отырмыз деді.

— «Бір қарын майды бір құмалақ шіртеді», — деген осы. Қайдағы бір ашкөз сұмырайдың қырсығынан ақ патшаның қаһарына ұшырайтын болдық, — деді.

Шыннан қорқып келіп отыр ма, жоқ қасындағылардың үрейін ала түсейін деп әдейі айтып отыр ма, өзінен-өзі таусыла сөйледі.

Бөкенбайдың да қарыс қабағы ала көзін айқара жауып алыпты. Қалғандарында тырс үн жоқ. Бәрі көзінің астымен Батырға қарап қояды.

Тевкелев олардың тым-тырс жатып алмай, қолайсыз хабарды естіген бойда бастарын құрап келе қалғандарына, бір жағынан, іштей масаттанып қалды. Дегенмен, ақ патшаның ығына жығылып, оның алдындағы айыптарының арты сұраулы боларын сезіне бастағандары ғой. Мұндай пиғылдарын құптау керек. Қашан еттері үйренісіп кеткенше үркітіп алмай, кешірімді болғаны жөн. Қашан біржола мойын ұсынып, әбден тәуелді болып алғасын тәр мен тәртіпке көшіріп алсақ та, кеш бола қоймас! Сондықтан да, мынау үрпиісіп келіп отырған қазақтарға басу айтқаны дұрыс болар.

— Аса мархабатты да шапағатты ақ патша ешкімді жазықсыз жазғырып асығыс айыптамайды. Керуен тоналса, оның жәй-жапсарын түгел тексеріп, аныққанығын түгел біліп алғасын, шын жазықты, шын кінәлі кісілерге тиесілі жазасын бере жатар. Оған бола, алдияр хан, абыржымаңыз. Сіздің ақ патшаға адалдығыңызға өз басым ешқандай күмән келтіріп көрген емеспін, — деді.

Әбілқайыр оң қолын көкірегіне апарып тағзым етті. Енді Батыр сөз алып, не көріп, не қойғанын баяндай бастап еді, Бөкенбай дүңк ете қалды.

— Бақтыбай мың жерден тентек болса да, жүз елу жігіт қолмен тұрып, екі мың кісі ерткен сұлтанға қарап

қыңқ ете алатын ба еді, тәйірі! Онанда бұзақыға тыйым салуға тап онша зауқым бола қоймады десеңші.

— Иә, ақ патшаға, «міне, құран, міне, шыным» деп ант берген адам оның бағыныштыларына көзалара зорлық жасап жатқандарды көре тұра қарап қалар ма?

— Иә, десейші-ау, ондайдан келген он түйе олжамен неше күн абыройыңды жабармын дейсің!

Батыр керуен тонауға ешқандай араласпағанын, керуеннің жарты жүгін беріп, бостандық алуға керуен басы мен Бақтыбай өздері келіскенін, бұл киліксе, істің арты насырға шауып кетуі мүмкін болғандықтан үндемей қалғанын, керуенге жол бастап келе жатқан түрікпенді бауыздап өлтірейін деп жатқан жерінен, Тәңірберді екеуі ара түсіп, зорға алып қалғанын айта бастады. Зіп-зілдей боп сазарып отыратын неме өз-өзінен жұлынып, көкірегін төмпештеп, ант-су іше бастады.

— Таланған орыс керуенінен соқыр тиын бойыма сіңірсем қара орманымның қызығын көрмейін...

Анада ант бере келгенінде басқасынан жер ойылардай боп бәлденіп біткен мынау еңгезердей қараның өз-өзінен қарғанып-сіленіп тұлынын түте бастағаны тек Тевкелевке қана емес, ханға да, қасындағыларға да ұнап отырса керек. Ешқайсысы ләмим үндемеді. Сол сазарған қалыптары тыңдап отыра берді.

Тевкелев Батыр сұлтанға басу айтты.

— Мәмбет мырза, патша ағзамға көңілімде зәредей де арамдық жоғын айтсаңыз болды. Қазір қазақ баяғы базарларынан айырылып, құйын көтеріп бара жатқан бір шаршы шүберек көрсе, қуып жетіп ұстардай боп, әбден зарығып отыр. Мұндай жоқ-жітік жағдайда, айдалада өзі кезіккен тегін олжаны қолдарынан қайтып шығара қойсын. Төрт-бес түйенің басы тіркелсе шауып барып, талап алып әдеттенген халық үйреншікті әдетін әзір ұмыта алмай жүр. Ертең ел ақ патшаға басыбайлы қарағасын мұндай бассыздықтан тыйылады ғой. Уақытша болып жатқан іс екенін түсіндіре көріңіз, — деді сұлтан, елшінің бетін бері қаратам ба деп таусыла сөйлеп.

— Жарайды, сұлтан, патша ағзамға ол жағдайлардың бәрін жеткізем.

Тевкелевтің мына сөзіне риза болды ма, жоқ әуелде ойлап келгендері сол ма, иін тіресіп отырған көп жақсы қуана бас изесіп, жапа-тармағай:

— Біздің халықтың басшысынан кешесіне дейін жылына асыға күтетін бір мерекесі — құрбан айт. Ертең — шек, арғы күні — айт. Сізді соған шақыра келдік, — десті.

— Айтпақшы, — деп күлімсіреді Әбілқайыр Бөкенбайды нұсқап, — мына батырдың әйелі тағы бір ұл туды. Ол айтпен жарыстырып шілдехана жасамақшы.

Елші сандығына қол созып, Бөкенбай алдына жаңа босанған әйеліне бір көйлектік қамқа, нәрестесіне екі сом елу тиынның төрт аршын қырмызы шұғасын тастады.

Қазақтардың өмірінде, шынында да, айттан үлкен қуаныш болмайтыны рас болса рас шығар. Ертең айт дегеннен бастап қазақ ауылдары «айт құтты болсын» айтамыз деп ерсілі-қарсылы шұбыра бастайды екен. Айттаған жұрт үстіне бар жақсысын киіп, астына бар жақсы атын мінеді екен. Сосын ана ауыл, — мына ауылдан топ-топ болып шығып, жолға қарасып, атасы үлкен ең сыйлы ауылдан бастап қыдырады екен. Айт күні ғарып екеш ғарыптың өзі қырық үйдің есігін ашып шықпағы шарт көрінеді. Ол күндері үй біткен бар дүниесін жарыққа шығарады. Төр сайын адал бақан құрылып, оған сол үйдегі ең асыл киім, асыл жаға ілінеді. Теңде, кебежеде жатқан қымбат жиһаздың бәрі алынып, жұрт көзіне түсетін көрнекті жерге қойылады. Қазан біткен ертелі-кеш оттан түспейді, кірген-шыққан жұрт ертелі-кеш сапырылысады да жатады. Айт күні қазаны толмаған үйдің ырысы кем болмақшы. Айт күні көзге түспеген дүниенің игілігіне бұйырмағы екі талай.

Тевкелев барған ауылдарының бас көтерерлерінен аттың жай жапсарын қадала сұрап бақты.

«Биылғы айт төл жас, жер сыз, күн әлі жылынбаған беймезгілдеу уақытқа тап болып отыр ғой. Айт деп баяғы үш жүздің басы бір жерде Қаратау бойында отырған кездегі айтты айтсаңшы! Ол кезде әншейінде құлазып бос жататын құба сұр дала әрлі-берлі жөңкілген қыдырма жұрттан қызылды-жасыл шалқар теңізге айналып кетуші еді. Жал-жалдың басына жарқырай қонған ақ жұмыртқа ауылдардың арты қаңтарулы аттан, алды асулы қазаннан көз тұнатын. Үй-үйдің арасына адалбақан керіліп, үйге төселіп, тұтылып ұсталған жиһаздардан ауысқан дүние-мүліктің бәрі соған жайылатын. Қалы кілемдер, жібек, торғын,

патсайы, қырмызы, шұға — сан алуан маталардан, бұлғын, сусар, құндыз, түлкі, жәннат — сан алуан асыл терілерден тігілген жағалы киімдер, көйлектер мен орамалдар — бәрі-бәрі самсап ілулі тұратын. Ауылдардың желкелерінде алтыбақан қызып, қыз бен жігіт мәз-мәйрам күлкі, әдемі әнге қарық болатын. Ақсақалдар жағы ду-ду мәжіліс құрып, кеудесіне жаны бардың бәрі бір жадырап қалатын. Онда мынандай шағыл-шағылдың арасына тығылып отырған ел көрмейтінсің. Жұрттың бәрі кеңге, көзге түсер биікке ұмтылатын. Ауыл мен ауыл, ру мен ру, ұлыс пен ұлыс бәсекеге түсіп, бір-бірінен сән-салтанат асырып бағатын.

Ұлы жүздің үлкендеріне барып сәлемдесіп, Орта жүздің ділмарларымен сөз қағыстырып, Кіші жүздің палуандарымен бел сынасатын. Әр ұлыс, әр ауылдардың әні екеш әндерінде де айырмашылық болушы еді. Ұлы жүз қыздарының қылқылдатып салған қылықты әндері Орта жүздің үкілі жігіттерінің үзілдіре шырқаған назды әуезіне қосылып, құлағыңның құрышын қандыратын. Сол бір бал дәурендей тәтті мәжіліске Кіші жүз жырауларының қайдағы бір ықлым заманның өксік зары мен ашу-ызасын арқалаған ащы айғайы мен тепсінген тентек сарыны араласқанда, әлгінде ғана бал-бұл жанып, балбырап отырған рақат жүздер бірден томсарып, бірін-бірі ішіп-жеп бара жатқан ләззатты көздерге аяқ астынан шатынаған айбар тұнып аруақтанып шыға келетін. Үш арысқа аралас жайылған айт дастарқанының басында отырғанда үш ен тапқан бір ененің үш баласындай осы бір үш ауылдың мәжіліс екеш мәжілісі де тек бәрінің басы қосылып түгел отырғанда ғана бар қызық, бар көркімен құлпыра қызатындай көрінетін; ал үшеуін үш жаққа бөліп жіберсең, әлгі қырық құлпырған жылты мен шырайы, көркі мен ажары аяқ астынан жүдеп-тозып шыға келетін секілденетін, кешегі алды дарқан, арқасы жазық кеңпейілің — қой адузынан шөп алмас көнтері момынға, жігерсіз ынжыққа, кешегі қызылсөзден түйін түйген кемеңгер ділмарың — әншейін жағын сауып зар қақсаған арзымсыз бәдікке, кешегі ерке шора ерің — өз жағасын өзі жыртып, көрінгенге көз алартқан арсыз ұрыншаққа айналып шыға келер-ді. Қазақтың ажары майдан даласында үш жалауы қатар желбірегенде, қарашоқыдан үш жүйрігі қатар оралғанда, дастарқан басында үш тарабының әнші, күйші, ділмары қатар отырғанда кіреді екен ғой.

Үшеуден біреу қалып қойғанда, көрер көзге жүдеп, бір ұпайы кем түсіп шыға келетін жұрттың үшеуі үш жаққа қаңғып жеке-жеке кеткен кезінде қай тойы оңып, қай айтының шаршысы толатын еді! Биылғы айттың әйтеуір айт деген аты ғана ғой. Шіркін, мынау тұрымтай тұсына, балапан басына тоз-тоз боп жүрген қилы заман да өтіп, үш арыс қайтадан қатар көшіп, қатар қонар күн туса, нағыз айтты көрер едіңіз. Бірақ, оған дейін кім бар, кім жоқ. Ондай заман қайта туғанда да ұйытқысын бір шайқап алған елдің сабасы баяғыдай боп уыздай қата қала ма, жоқ тауда туып, таста өсіп, ағайыннан басқа өсіп бет-бетіне би болып қалған жат бауыр кейінгі ұрпақ баяғы жол-жораның бәрін ұмытып, мынау азған заманның арсыз пысықтарының керін ұстап, бір-біріне бұта түбінен бұқпантайлап оқ атып, бірін-бірі аяқтан шалып, олақ қатын ұйытқан айрандай құс-құс ыдырап, бастары бірікпей қоя ма!»

Асарын асап, жасарын жасап боп қалған кәриялар айт туралы сұрасаң, міне, осылай зарлана сөйлейді.

Соған қарағанда бұл халықтың баяғы болған-толған кезіндегі айттары мына биылғы айттарынан әлдеқайда қызық, әлдеқайда салтанатты өтетін болса керек. Ал, Тевкелевтің серіктері осы айттарының өзіне ауыздарын ашып, көздерін жұмды. Әсіресе, Сергей Костюковте ес жоқ. Қай үйге кіріп барса да, жағалай жайылып қойған қызылды-жасыл жиһазды көріп: «Неткен тамаша! Тап мұнандай бояулар тасқынын ешқашан көрген емеспін! Мына көшпенділер әдеміге неткен әуес! Не ұстап, не тұтса да әлекейлеп-күлекейлеп бағады екен!» — деп таңдай қағады. Ал, оның қасынан екі елі шықпайтын Сидор Цапаев та не көріп, не естісе де, ауызы жалпылдап бір сөйлеп қалады. Бірақ, ол Костюковтай жеті атасына жеті жұрттың қаны араласқан «ілім соққан» тұқымнан емес, өгіз айдап, соқа ұстаған түс шаруаның ұрпағы-тұғын. Сондықтан да оның мақтағаны мен таңдағаны да Костюковтың мақтағаны мен таңданғанына атымен ұқсамайды. Ол: «бұл шіркіндерде ес болсайшы, сірә! Кез келген жалба тымағының ерінің қасын күмістен қақтаған: кез келгеннің басында не түлкі, не сусар бөрік; кісесінің өзі сап күміс! Сонда ол шіркіндер өздерінен гөрі астындағы ері, қолындағы қамшысы, беліндегі белбеуі, басындағы бөркі қымбатырақ екенін біле ме екен!» — деп мәз болады.

Не де болса, айттың болғаны жақсы болды. Той дегенде қу бас домалайды деп санайтын жұрт бұндайдағы жүрісті тергеп-тексеріп жатпайды екен. Елшіліктегі орыстар мен башқұрттар топ-топ боп айттап, біраз ауылды сүзіп шықты. Бұрын оңашадан-оңаша қамалып жатқанда көре алмаған көп нәрсені көрді, байқай алмаған көп нәрсені байқады. Оларға қазақ ауылдарының да көзі үйренейін деді. Ылғи мойынын көкке созып, қол-аяғы ерең-серең етіп көстеңдей басып келе жататын Сергей Костюковке «сары тайлақ» деп ат қойып алыпты. Ал сынаптай сусылдап біресе о жағыңнан, біресе бұ жағыңнан шығып, шырқ үйірліп тұратын сұңғақ бойлы, ақ құба өң, жылмаң төс жігіт Юмаш «Ұры тазы» атаныпты. Ол екеуінің соңында талтаңдап келе жатар домалақ қарын, келте аяқ шәртік Цапаевқа «балпақ» деген айдар тағылыпты.

Костюков пен Цапаевтың көзі жүйрік болса, Юмаштың құлағы жүйрік. Құдайдың естімесін естіп келеді. Қалған нөкерлерінен гөрі осы үшеуі олжалы оралғыш. Қай ауылға барып келсе де, Тевкелевке бір шәй ішім уақыт айтар әңгіме тауып қайтады. Бірі айтып болғанша екіншісінің тағаты жетпей тықыршып бітеді. Әншейінде созалаңдап қимылдап болмайтын Костюков көрген-білгенін айтуға келгенде ылғи қасындағы екі серігінің алдын орап кетеді.

Ертең айт деген күні ылғи хан ауылынан бір жал алыс отыратын Төлебайдың ауылына Зердебай зергерге барып қайтқан Костюков табалдырықтан аттай сала таңдайын тақылдата бастады.

— Апырай, адамда да мұндай сұлу болады екен-ау. Беті қандай аппақ! Көзі қандай қап-қара! Тостағандай-ау, тостағандай. Көзінен ұшқын ұят, иман төгіліп кетердей боп мөлдіреп тұр-ау, мөлдіреп тұр! Бұлтиған етті еріндері май айының қызғалдағындай үлбіреп тұр! Қаз мойын, аршын төс! Көрерге көз керек. Құм мен желдің ортасында шаң-шаң боп көшіп жүрген қарақұрым киіз бен шидің арасында да мұндай перизаттар туады деп кім ойлаған! Мен кіріп барғанда тағы киіктей сыртқа ата жөнелді! Әттең, ең болмаса, сәл кідіре тұрсашы!

— Сәл кідіргенде не істейтін ең? — деді осындай болымсыз хабарға бола босқа уақыт алып отырған Костюковке жыны келіп отырған Юмаш.

— Көзі қарауытып жүрген мұндай неме тарпа бас салмай тұрғанда құтылып кеткен ол өзі ақылды қыз екен, — деді Цапаев көзін қысып, мұртын сылап.

Костюковтің бір нәрсеге таңдай қата болып талып түсуі қандай оңай болса, жоқтан өзгеге өкпелей салуы да сондай оңайтұғын. Цапаев пен Юмашқа қолын бір-бір сілтеп бұлтиып отырып қалды. Юмашқа да керегі сол, еріні ерініне жұқпай жалпылдап сөйлей жөнелді.

— Аанадағы қазақтар тонайтын керуеннің басшысы әскери ұлық екен. Оны патша ағзам Арал теңізінің маңында жүрген сізбен жолық деп жіберіпті. Батыр сұлтанды жақтайтындар сізбен ұшыраса алмасын деп әдейі тонапты. Оның мына сөзіне Тевкелев түгілі әлгінде ғана өкпелеп, енді көрместей болып отырған Костюковтың өзі құлағын түре қалды. Елшінің бірдеңеге абыржығанда қан ойнап шыға келетін жүзі аяқ астынан күреңітіп сала берді.

— Ал, сен не айтасың? — деді Цапаевқа.

— Мен кеше хан орданың қызметшілеріне насыбай сұрай барып едім, малайлар жататын шошалада киіз жамап отырған бір бойжеткеннің үстінен шықтым. Үстінде түгі қырылған мақпал бешпент. Басында бояуы оңып кеткен шарқат орамал. Қыр арқасына жарыса құлаған білемдей-білемдей екі бұрымы көзіме оттай басылды. Біздің орыс бойжеткендерінің алтындай жарқыраған жуан бұрымы. Тіл қатып үлгергенімше болмады, сырттан ханның төлеңгіті кіріп келді. «Ішінде еркек отырмаған үйге кіруге болмайды. Тамыр басын пәлеге қалады», — деп қолтығымнан ұстап, сыртқа сүйрелей жөнелді. Қазан-ошақ басындағы еркектерге барып, насыбай атып, біраздан соң соларға еріп, шошалаға қайта бас сұқсам, әлгі бойжеткен үштігөйлі жоқ, — деді.

Елшінің көгілдір көзінен бір жұмбақ ұшқын жарқ ете қалды.

— Мынауың бір ойланатын жәйіт екен. Босқа жүрмей, барған ауылдарыңда орыс тұтқындары жоқ па екен, қарай жүріңдер. Ал, әлгі қыз енді қайтып көзге түспес пе екен, байқап бағыңдар. Бірақ, хан төңірегіне сездіріп алмаңдар. Ол жайында онымен кейін сөйлесерміз, — деді.

Тевкелев көкірегін қос шаншу қадалғандай сыздап қоя берді. Айтқа шақырған үйлерде де төңірегіне көз жүгіртіп, құлағын түріп бақты. Бөкенбайдың үйінде де,

Есеттің үйінде де, Құдайназардың үйінде де, хан ордада да әлгі қызметшілері айтып келген әңгімелерден ешқандай нышан байқалмады. Ол ауылдардың ошақ қасында, күл басында жүрген адамдарының арасынан шашы сары, көзі көк ешкім шалына қоймады.

Бұйығы даланы бір дүрліктіріп айт та өтті. Ауыл-ауылдағы топ-топ аттылар тарады.

Қасына кеп анадағы қызметшілер айтқан хабарды сарапқа салып отырған Тевкелевтің көңілінде не барын біліп қоғандай, дәл тоғызыншы апрель күні Уфадан сау етіп жеті атты кісі жетіп келді. Қасында алты серігі бар Мың болысының тұрғыны Мәулет Ілімбетов. Сыңси сөйлейтін секпіл бет башқұрт жігітті воеводаның өзі жұмсапты. Шалбарының белтірлігіне бір қабат мақтаның астынан қайып тігіп берген астыртын хат әкелді. Онда Сыртқы істер коллегиясы Тевкелевке Арал теңізінің маңында артиллерия полковнигі Гарбер мырзамен жолығысуды, әрі қарай Гарбер мырза апарған нұсқау бойынша әрекет жасап, керуенге ілесіп Бұхара мен Хиуаға баруды, ол екі хандықты билеушілермен Россияның қол астына өту туралы келіссөз жүргізуді тапсырыпты. Әнеугүнгі сумақай Юмаштың айтқаны аумай-төкпей келді де қойды. Тоналған керуен сол полковник Гарбердің керуені болып шықты. Ол қайда? Қайтадан Астраханьға қайтып кетті ме, жоқ алған бағыт-тарымен Хиуаға тартты ма — белгісіз. Сыртқы істер коллегиясының нұсқауы бұның қолына тимей жатып жүзеге аспай қалды. Онымен жолығыспақ түгілі құм арасындағы елшіліктен аттап шыға алмай отырысы мынау...

Сонда анадағы Батыр сұлтанның көзінің жасын көл етіп сүттен ақ, судан таза болып сөйлегені әншейін көлгірлік екен ғой! Қасындағы қазақтардың оның айтқанына сенбей қызарақтап бағуларында бір мән бар еді-ау! Төңірегіне манаурай көз тастап өкіреңдеп сөйлейтін беті-ауызы белдей сұлтанның осынша қулық қай жеріне сыйып жүр? Әңгімесіне қарасаң — өкіреңдеген әупірім. Бет-ауызына қарасаң — не айтсаң да, шамалыда мыңғырына, дыңғыр ете қоймаста маубас. Жүріс-тұрысына қарасаң — ұйқыдан жаңа тұрғандай енжар. Ендеше, одан мұндай қулық қайтып шығады? Ал, әлгі оқиғаға ешқандай араласы жоқ дейін десең, ауылдан бірге аттанған Бақтыбай жол-жөнекей неге

бөлініп кетеді? Бөлініп кеткесін, айдаладағы керуенге жолығып, алатынын алып, жөніне тайып тұрмай, Маңғыстау асып кеткен Батырлардың қайтып келуін неге тосады? Пәлен күн бойына жалынып-жалпайғанға көнбеген Бақтыбай Батыр мен Тәңірбердінің айтқанына неге көне салады? Егер, ол, Батыр сұлтан айтқандай, айдалада жолыққан керуенді ақ патшаға ешқандай қастандық ойламастан, үйреншікті әдеттеріне басып, пәтуасыздықтарынан жаулап алған болса, қайтып келе жатып, мұның қосының қасынан: «Қап бәлем, тоқтай тұр, көп ұзамай көкеңе көрістіреміз», — деп неге қоқиланып қиқулап өтеді? Ол да, Батыр сұлтан айтқандай, парықсыз кісінің дарақылығы ма? Жоқ, даңғойлық пен дарақылықтан гөрі астыртын қастандыққа келіңкірейтін секілді. Ондай істің басында Бақтыбайдай бір ру, бір ауылдың басшысы қайдан жүрсін? Қомақты істің басында жүруге қомақтырақ дәреже керек емес пе?! Ендеше, бұл шаруаға Батырдың ешқандай араласы жоқ деген жәй әншейін сөз. Аңадағы Бақтыбайдың өндірішегін созып, өңешін жыртып айқай салғанына қарағанда, бұл әлгіндей қастандықтың тек басы ғана... Шын зобалаң алда... Батыр сұлтан да атын танаулатып тегін келіп жүрген жоқ. Ертең басталып кеткелі тұрған зобалаңға өзінің ешқандай қатынасы жоқ боп көрінуі үшін әдейі келіп жүр. Ендеше, ол бәрін біледі. Бәрі соның айтуымен, соның басқаруымен болып жатқан шаруа. Бірақ, ол Астраханьнан керуен шыққанын қайдан біледі? Оның мұнымен жолықпақ екенін қайдан біледі? Бұның ар жағында жатқан мынау ұшан далада қайдан болды, қайдан кезіктісі жоқ кездейсоқтық па, жоқ алдын ала ойластырылған, қапысыз қамдастырылған қасақана әрекет пе?

Аңада ғой, қарсы партия қыс ортасында хан орда мен елшілікті шауып аламыз деп елді дүрліктіріп жатып, су сепкендей тыйыла қалды? Артынан жиылған қолдың жер түбіндегі Қараған түрікпендеріне жорыққа аттанып кеткені мәлім болды... Соның бәрін тегін істемеген екен ғой! «Ертең шауып аламыз!» деп бұларды қорқытып, өздерінің алыс жорыққа әзірленіп жатқанын жасырды. Есептеп қарағанда, ол тұс әлгі керуеннің әлі Астраханьда жүрген кезіне тұстас келеді. Сонда полковник Гарбер сапарының мән-жайы Батыр сұлтанға басталмай жатып-ақ белгілі екен-ау! Бұл мүмкін бе? Неге мүмкін болмасын! Орыстың Бұхара мен Хиуаға қарсы

қандай жорығына да не түрікпен, не қалмақ араласады, солардың даласы арқылы өтіп, солар жол көрсетуші болады! Батырға да хабар солар арқылы жеткен. Жер түбіндегі түрікпенді шабуға кеткен қазақ қолының жол-жөнекей жолыққан орыс керуенінің екі жүз елу түйе жүгінен басқа олжасы жоқ дейді. Сонда олардың түрікпенді шапқаны әншейін жәй әңгіме боп шықпай ма! Демек, бұларға Гарбер керуенінің хабарын жеткізген түрікпендер! Әлгі керуен бастап келе жатқан түрікпенді ала келулері де тегін емес! Жоқ, Батыр сұлтан тап анау айтқандай қулығына найза бойламас сұм емес екен. Оның барлық жоспары олақ қатынның көктеген көрпесінің тігісіндей мен мұндалап көрініп тұрған жоқ па!

Жарайды, Батыр сұлтан түрікпендерден хабар алып тонайтын керуенін тонады делік, полковник Гарбердің мұнымен жолықпақ жоспарының күлін көкке ұшырады делік: Ендеше дегеніміз жетті емес пе? Олай болса, әлгі Бақтыбайдың: «Тоқтай тұр, бәлем, көкеңе көрістіреміз!» — деп көкіп жүргені қай қылығы? Сонда не істемек! Бір құтылып кететін жеріңнен қағылдың? Сырлыбай мен Бәбидің амалын тапқаныңмен, біздің амалымызды таба алмайсың, енді сенің тағдырың біздің қолымызда!» дегені ме? Ендеше бұның көзін тезірек құртып тынуға асығады десейші. Бұрынғы бірер жалдың астында жатып қоқан-лоқы жасағандарын қойып, ашық шабуылға көшпекші екен ғой. Ашық шабуылға шығатын болса, Батыр неге осынша мәймөңкелейді? Әлде ертең ақ патшаның алдында көп қол жаулықтарының бірін ұстап беріп, өзі аман құтылып кеткісі келе ме екен? Сонда Батырға бұдан не түседі? Елшінің опатқа ұшырағаны — Әбілқайырдың абыройдан айрылғаны! Оған керегі де сол «Қайнағасының орынына хан болғысы келеді», — деп Бөкенбай анада айтпап па еді! Оған хан болудың қанды жолынан басқа қандай жолы қалды! Соған бас тіккен ғой...

Ендеше, мына хабар Әбілқайыр мен Бөкенбайға да жетіп жатқан шығар. Олардың не ойлағаны бар екен. Уфадан келген башқұрттар кеше ұлыстарының үстімен өтті. Хабаршы шаптырмаса да, келер. Бейсауат жүргіншелер көздеріне түспеді дейсің бе?

Айтқанындай-ақ, ертеңіне ауылдың желкесіндегі шағылдың ар жағынан қауқылдасқан көп дауыс шықты.

Қасына бір топ билер ерткен Әбілқайыр мен Бөкенбай екен.

Келе сала:

— Кешегі Уфадан келген башқұрттарың не айтады? Аанадағы Мәскеуге кеткен елшілерден не хабар бар? — деп сұрады.

Әсіресе, Бөкенбай қадала қарады. Ханнан елші боп кеткен Бақай батыр соның туған балдызы деп естіп еді. Соны уайымдап отыр ма екен...

— Елшілер аман-есен жетті. Ақ патшаның қамқорлығындағы кісінің неден уайымы болушы еді. Жағдайлары жақсы дейді.

Бөкенбайдың сынық қабағы жазыла қоймады.

— Жақсы болғаны дұрыс қой, — деді ерінінің ұшымен салғырт күбірлеп.

Аң-таң Тевкелев ханға қарады.

— Қазақтар мен башқұрттар тағы да шекісіп қалыпты деген не сөз? — деп сұрады Әбілқайыр.

— Бір топ аң аулай жүрген башқұрттарға қазақтар тиісіп, аулаған аңдарын тартып ап, жиырмашақтысын жаралап, астындағы аттарын айдап кеткен көрінеді. Іштерінде мерт болғандары да бар деседі. Біразын тұтқын қып әкетіпті.

Хан басын шайқады.

— Болмаған шаруа екен. Бірақ мамырдағы құрылтайға дейін ештеңе істей алмаймыз. Сонда тентек-телілеріңді тыйып, башқұрт жағының шығынын қайтар деп Орта жүз билеріне шарт қоярмыз.

Хан қасындағы қазақтардың да қабағы түсіңкі. Кешегі айт күндергі аңқылдаған жағасы жайлау жайбарақат кісілерге ұқсамайды. Бәрі де маңдайларын шытынып тұнжырай қалыпты.

Елші енді не дер екен деп жүздеріне үңіліп еді, біраз отырып барып, Бөкенбай сөйледі:

— Мәмбет мырза, — деді. — Аанадағы керуеннің жағдайы біздің де қабырғамызға қатты батып жүр. Бірақ, болар іс болып қойды. Әлгі екі жүз елу түйе жүкте тап ешкімнің қабырғасын жаба алмас. Соны таптырып бер деп сіз де ешкімге салмақ салмаңыз.

Онсыз да жел қуық, қос үрей жұртпыз ғой. «Керуенімді тонапсың, дүниемді тауып бер», — десең, құлағымыз шекемізге секіріп, не істеп, не қоятынмызды кім біліпті? Зәремізді алмай тұра тұрыңыз.

Етімізді үйретейік. Қаралай қашқақтап жүргендердің беті бері қарасын!

Елші аңырып қалды.

— Оған сөз бар ма! Анада келістік емес пе! Ақ патша анық-қанығына жетпей ешқандай шара қолданбайды. Оған бола уайымдамаңыздар?

Хан мен Бөкенбай бұл сөзіне онша селт ете қоймады. Қалғандарының маңдайы жазылып сала берді.

Хан мен Бөкенбай аттанып кеткесін де Тевкелев көп ойланды. Бұл екеуінің бұл жүрісі қай жүріс? Қабақтары неге түсіп кеткен? Әлде қарсы партияның анада басын қайтарғандай болған қызыл құрты тағы да қыбырлайын дегені ме!

Құлағына Бақтыбайдың анадағы ақ пен қызылдың арасындағы әжептарқы даусы келгендей болды.

«Шоқыншық ноғай! Тоқтай тұр, бәлем! Көп ұзамай көкеңе көрістірерміз!»

Айт өткелі Сергей Костюков ұста Зердебайдың қасынан шықпайтын әдет шығарды. Әбілқайыр тағы да бір қарындасын аралдықтардың ханына ұзататын болып ордасына ұсталарды, зергерлерді, шеберлер мен ісмерлерді жия бастады. Қай ауылға барса да, іші-бауырына кіріп, араласып кетпей, үріккен торғайдай оқшау отыратын кірме Зердебайдың төрт қанат жаппасы абыр-сабыр хан ауылының елшілік жақ шетін ала тігілді. Талай байдың үйін жиһаздап, талай бикештің үстін әшекейлеп атағы шыққан зергердің алдына мал түспейді емес, бірақ сол баяғы төрт қанат шатпа, көк ала түтін, әбеқоңыр күн көріс. Соған шебердің өзінің де, әйелінің де әбден еті үйреніп алған. Зердебай енді зергер болғасын көрік баспай, сексеуіл бықсытпай, тық-тық балға соқпай қайдан отырсын! Ал, әйелі Жаңыл ұстанын жыл сайын тауып жатқан қарайған малын көріп, үйге жаратуды, үстіне жаратуды білмейді. Қашан көрсең, үйдің ық жағында жалба-жұлба жабындының астында жүн сабап, тері шелдеп отырғаны. Ол жүн, ол терінің де қайда кетіп жатқаны белгісіз. Төрт қанат қоңыр үйдің үзік-туырлығын сол баяғысынша ылым-сылым; төрі — сол баяғы-сынша тырдай жалаңаш; қақ ортаға төсей салған жұқа жалаң алаша, қашан көрсең де, көк долы қатынның маңдайындай жиырылады да жатады. Кіре беріске төселген тулақтың беті-жүзі қыл-қыбырдан көрінбейді.

Мынау түйеқаздың еркегіндей қоқиған орыс жігіт сонда да осы үйден шықпайды. Қақ төрдегі жалғыз алашаға көлденең түсіп ап, Зердебайдың іш пыстырар жыбыр-жыбыр қимылына қарайды да жатады. Қалтасынан қағаз шығарып әлденелерді шимайлай бастады. Тық-тық балға соғып отырған Зердебай да қақ төрде етпеттеп жатып ап қағаз шимайлаған орыс жігітке көзінің астымен қарап қояды. Екеуі де таңдайларын қағысады. Орыс жігіті мынау қара бұжыр қазақтың мынадай от басында бықсып отырып, қайдағы бір болмашы құралдармен не керемет сұлулық жасай алатын асқан өнеріне таң қалса, зергер аяқ-қолын алдына сыйғыза алмай жүрген мынау ерең-серең жігіттің сексеуілдің шырпысындай ебедейсіз саусақтарының арасына қыстырылған әне бір сиқыр таяқшаның ұшынан түсіп жатқан шимайларға қайран қалады. Бұның манадан бері көзінің майын сарқып, итшілеп отырып әзер жасап шығарған жүзігін не алқасын ол әлгі сиқыр таяқшасының ұшын төрт-бес қозғап айнытпай сала қояды. Оған таңғалмағанда, қолынан тірі адам жасаудан басқаның бәрі келетін Зердебай неге таңғалады? Ерең-серең сары жігіттің қолынан шыққан әр шимайға басын шайқап қайран қалып отырғаны. Сосын жарықтық көзіне не түссе, соның бәрін сұрап, ауызына не түссе, соның бәрін әңгіме қыла береді екен! Алты айшылық жол жүріп келер ақ патшаның астанасы түгіл, бір жалдың астында отырған көрші ауылдан келген мейман қазақтың аузын ашуы бір түлік шаруа. Қараптан-қарап пәлденіп манаурап бітер еді. Аузын ашқан ғұрлы да, әңгімесін баяғы әлімсақтап бастап, осы заманның ат мініп, алшаң басқан төре-мырзаларының төңірегіндегі пыш-пыштан басқаға аяқ баспас еді. Ал мынаның айтпайтыны, сұрамайтыны жоқ. Оған сексеуілдің қайтып өсетіні, қайтып оталатыны, қайтып отқа жағылатыны да әңгіме; мынау қыртыс-қыртыс қара көріктің ненің терісінен қалай тігілетіні де әңгіме; ана жайнап жатқан қызыл шоққа ұсталғанда күмістен қасық түбіне неге қақ қалатыны да әңгіме... Екеуі ертеден қара кешке мылжындасады да отырады. Зердебай өзінің қазақ тілінде сөйлеп отырғанын біледі. Ал, мына Сартайлақтың қандай тілде сөйлеп отырғанын өзі білсін! Бір жері ноғайшаға маңайлағандай сияқтанады да, бір жері әлдеқайда лағып кетеді. Ондайда бұл түк түсінбедім деп басын шайқаса,

анау қолымен, көзімен ымдап әлек-шәлек болады да қалады. Не де болса, ішін пыстырмайды. Не де болса, қарақұрым күркеде көк түтіннің қасында көзі удай ашып бықсып отыратын Зердебайды кісі деп елеп-ескеріп келетін тек сол ғана. Не де болса күнде сиыр сәскеде ол келгенде қолындағы балғасын қоя қойып күліп амандасады. Не де болса, күнде бесін ауа ол кеткенде қауқылдасып күліп қоштасады. Өзі бір қызық жігіт, Зердебай күнде қажыға барып келіп отырғандай, көрсе болды, құнжындап қолын ала жүгіреді.

Мамыр туды. Қозы-лақ аяқтанды. Құм арасы ала бөтен ысып, ірге көң сасып, жұрт кеңді аңсайтынды шығарды.

Хан аулының қызылды-жасыл ирелең көші жылдағыдай Ырғыз, Торғайға тартпай, биыл Мұғаджардың күн шығыс жақ сілемдерін бөктерлеп, мысық табандап терістікке беттеді. Әдетте хан ауылдарының батыс жағын ала көшетін жеті ру биыл екі жарылып, Есет Мұғаджардың арғы бөктерін ала жылжыса, Бөкенбайдың көк ала жылқысы Ырғыз алқабын бір өзі шаңдатып сел дариядай жөңкіліп келеді.

Ханның қалмақ бетін ала жүретін екі батырдың көші-қонын биыл бүйтіп өзгертіп жіберуі тегіннен-тегін емес-ті. Мыж-мыж Мұғаджардың жыра-жылғасында жылымшы бұлақ, шоқ-шоқ тоғай мен ойдым-ойдым жыныстар қанша жеткілікті болғанмен тұнықтан су ішіп, шалғында аунап қалған хан үйірлеріне бақасы қаздай шулаған, балығы тайдай тулаған Ырғыз, Торғай бойындай, екі судың арасында бірінің етегінен бірі ұстап жалғасып жататын жүздеген шұбыртпа көлдердей қайдан болсын.

Әбілқайыр жайласа жазығы, саят құрса қалыңы мол жылдағы қонысын қайбір жетіскендіктен тастап отыр дейсің.

Биыл Жәдік тұқымының, жылдағыдай емес, ымы-жымы бір. Аанада көктемде Батыр құм арасында патша керуенін тонап алып жатқан тұста, Арқадағы қандастары аң қуып жүрген башқұрттарды талады. Дәндеген қарсақ құлағымен ін қазады деп Уфа екі ортаға кісі бастыруды қойды. Тевкелевтің қасындағы башқұрттар мен солдаттар хан ауылынан басқа тарапқа аяқ аттап шығудан қалды. Мәмбет елшімен әрі ақылдасып, бері ақылдасып аанадағы қарақалпақтан

шыққан жүз алпыс үйді көктем кіре бойларына күш жүгіріп қайтадан жорта бастаған барымташыларға қолды болып кетпей тұрғанда ішкі жаққа аттандырып жіберуге ұйғарысқан. Еліне беттеген башқұрт көшін хан мен Бөкенбай Ырғыз бойына дейін шығарысып салысты. Оларды жол-жөнекей қызылкөздерден қорғау үшін Бөкенбайдың інісі Құдайназар атқа мінді. Әбілқайыр, елші, Бөкенбай өткелден әрі өтіп елдеріне бет түзеген ұзын тізбек көшке қош-қош айтып кері қайтулары-ақ мұң екен, сонадай-сонадайда желдеген түйедей сәңкиіп-сәңкиіп тұрған саяқ жалдардың таса-тасасына бөлініп ап ұрымталды күтіп тұрған үш жүз атты лап қойыпты. Арт жақтарында шаң қойылып кеткенін байқаған Әбілқайыр мен Бөкенбай табынның тағы бір көк жұлыны, Бөкенбай батырдың тағы бір немере інісі Төлебайды қастарындағы қолдың тең жарымын қосып беріп, көш соңына аттандырған-ды. Сөйтсе, әлгілер оларға да бой бермей, ертеңіне таң атқанша ұрыс салыпты. Оны естіген Әбілқайыр мен Бөкенбай іздерінше кері қайтып, Ырғыздан әрі өтіп алған көшті тағы да үш күндік жерге шығарып салды. Көздері қорқып қалған көшке Уфаға жеткенше бас-көз болсын деп Құдайназардың қасына Төлебайды да қосты. Содан хан мен Бөкенбай батыр қарсы жақтың дәл мынандай ақ көздігіне ауылдарына жеткенше бастарын шайқасып, қайран қалумен болды.

Шынында да, қайран қалса, қайран қалғандай еді. Мәмбет елшіні жол-жөнекей қасына қосып ап, Хиуаға өтіп кетем деген патшаның сары ала иық ұлығын елсіз шағылдың арасында он күн бойы қамап, түйенің бауырынан шығатын ащы дыммен таңдайларын шылайтын халге жеткізіп, бастарымен қайғы қып жібергендері анау. Қазақ сұлтандары мен ру басыларының бір қатарынан ант алып, қағаздарын ақ патшаға жөнелттім, қалғандарымен мамыр айында өтетін құрылтайда кездесіп сөйлесем деп іштей тоғайып отырған елшіні қараптан-қарап іш құса қылып қойғандары мынау! Сонда Жәдік тұқымының екі бірдей өкілінің анада ақ патшаның елшісінің алдында құлдық ұрып берген анттары қайда! Бұрынғы іргеден ши жүгірткен бұқпантайды қойып, ашықтан-ашық ұстасайын дегені ме? Бұларға бұндай желік қайдан бітіп жүр? Ел арасына құлақ тосса — айтпайтындары жоқ. Анадағы Бақай батыр бастап кеткен елшіліктен ештеңе

шықпапты дейді. Уфа мен екі ортада екі рет қазақтардың шабуылына ұшырап, жұлған торғайдай болып ит сілікпесі шығып барған ол немелердің балдыр-батпақ әңгімесін ақ патша не қылсын! Көзі шатынап: «Ресейге қарағандарың рас болса, қолдарыңдағы орыс тұтқындарын неге босатып әкелмедіңдер! Сендер бодан болайын деп жүрген пәтуалы жұрт емессіңдер, әшейін сыйлық көріп, тарту-таралғы алуға келіп жүрген суайтсыңдар!» деп ұстап ап абақтыға қамап қойыпты деседі. «Қазақ арасында тұтқын боп жүрген орыстарды бірін қалдырмай босатып әкелгендеріңше жібермейміз», — деп аманат қып алып қапты деседі. Оның үстіне орыс керуенінің тоналғанын естісе, ақ патша, қанша көнтері болса да, шыдай қоймас, салар ала бүлікті деп үрейленіседі. Бәлкім, бұлары алақашпасы көп сара елінің ойдан шығарып алған өз лақабына өзі сеніп дүрлігіп жүргені де шығар. Бірақ бұның бәрі тек құзғын құлақ халықтың қайдағыны қайдан қиыстырып жүрген қысыр қиялы ғана ма?! Осының бәрін ойлап тауып, ел арасына жайып бағушылар жоқ па екен?

Осындай қатпар-қатпар ауыр ойға белшесінен батып күйзеліп отырған ханның үстіне қасында мысық мұрт, теке сақал, сығырақ көз біреуі бар Бөкенбай кірді. Қолп-қолп аяқ-басысы, қамшысын зірк еткізіп тастай салғаны, тұнжырап көзіне мініп алған жалбыр қабағы оның жақсылық хабармен келмегенін сездіргендей. Қасындағысын көзімен нұқып «отыр» деп ымдады. Онысы оң жаққа кеп сылқ етіп отыра кетті. Киім киісінен, жүріс-тұрысынан қалмақ екенін айтпай біліп отыр. Қалмақтың елшісін көрмей жүрген Әбілқайыр ма! Бірақ, мынаның бүгежектеген қимылы, ауызына қарап жалтақтаған жаутаң көзі оған таңсық еді. Бұрынғы қалмақ елшілері кергіп, кісімсіп бітетін, ал мынауың «үп» десең ұшып кетердей боп қаңбақтай елпілдеп тұрған бірдеңе.

— Сөйле! — деді Бөкенбай, оған есігіндегі құлындай зеки тіл қатып.

Әлгі мысық мұрт, теке сақал, сығырық көз қойынынан қолын күйдіріп бара жатқандай күйбеңдеп бірдеңе суырды. Шиыр-шықтап оралған қағаз екен. Онысын не ашып оқымастан, не Әбілқайырға ұсынбастан ыңылдап сөйлей жөнелді.

— Менің аты жөнім — Мөңке. Мені сізге, алдияр хан, Назардың Доржысының баласы Лобжы тайшы жіберді.

Доржы тайшы мен Шерін Дөндіктің арасында кикілжің шықты. Шерін Дөндік жаны қысылғасын патшадан әскер сұрады. Патша оған жиырма мың әскер жіберді, бірақ ол әскері атты қалмақтардың тегеурініне шыдай алмай быт-шыт боп жеңілді. Енді әкелі-балалы екеуі бәрібір ашылар бетіміз ашылды деп Ресейге қарсы соғыс ашпақ боп жатыр. Мені олар Алдияр тақсыр мен Әбілқайыр ханды орыстарға қарсы одақтасып бірге соғысуға қалай қарайды екен, біліп кел деп жіберді.

Хан мынаны естігенде қайран қалды. Доржы мен Аюкенің ұстасып келе жатқанын біраздан білетін. Баяғыда Аюке жоңғардың қонтайшысын құшақ жая қарсы алмақ болғанда жолын кескестеген де осы Доржытұғын. Оның бірақ ақ патшаға қарсы қол көтере бастағанын естіп отырғаны осы. Сөйтсе, Доржы мен Лобжы Аюкенің ұлы Шерін Дөндікпен ит пен мысықтай көрінеді. Шерін Дөндікпен өштесем деп жүріп, ақ патшаға да жауығып алғанға ұқсайды.

Мынау мысық мұрт, теке сақал бет ауызы бүлк етпей:

— Қатын бастаған көш оңатын бе еді! Петр патша барша қалмақ ұлыстарына бірдей қарайтын еді. Мынау әйел хан тұқымынан басқаны көзге ілмейді. Зеңбірегі бар, добы бар деп қанша дабырайтқандарымызбен патшаның әскері қазақ пен қалмақтың алдында тай мінген баладай болып қалады екен. Талай жерде көріп жүрміз. Егер қазақ пен қалмақ тізе қосып соғысар болса, патша ханымыңпың талай сыры белгілі болып қалар түрі бар. Алдияр тақсыр, айтқанына келісер болсаңыз, Лобжы тайшы бүлдіршіндей қызын қара ормандай қалың дәулетімен сізге ұзатпақшы. Бөкенбай мен Есет батырға да екі жүз жылқы, жүз түйеден тарту-таралғы дайындап отыр. Енді патшаға жалтақтайтындай нелеріңіз қалды. Елшілеріңіздің киген кебін өзіңіз де естіп жатқан шығарсыз, — дегені.

Әбілқайыр ләмим үндеген жоқ. Ұмсынып қолындағы хатын алды. Сырттан Бәйбек төлеңгіт кіріп, Мөңкені басқа үйге ертіп әкетті.

Әбілқайыр мен Бөкенбай бір-біріне қарасты. Батырдың бұрынғыдай емес бұл күндері қабағы салыңқы жүр. Қай ауылға барса да, жұрттың сыртынан: «Байғұс ақ патшаның елшісі дегенде ішіп отырған тамағын тастай беріп, атына мініп, аяғы салақтап шаба жөнелуші еді. Кәпірлердің падишасы ол еңбегінің

хиуазын қайтарудай қайтарыпты ғой. Онсыз да бір күн ауру, бір күн сау отыратын қатыны қазір екі күннің бірінде құлап қалатын талма ауруға ұшырапты. О бейшара, өйтпегенде қайтсын! Ызғындай төркін жұртынан қалған жалғыз інісін, ақ патша абақтыға салып тастапты. Бөкенбай босқа шапқылап, Бақайдың басын жұтатын болды», — деп кеңк-кеңк күліп жатқандарын естімей-ақ сезетін. Үйіне барса, жаз ортасында қағынды алып бара жатқандай тарс бүркеніп, әйелі теріс қарайды. Бөкенбай бүгінде үйі екеш үйіне де сазарып кіріп, сазарып шығады. Ешкімге қабағын ашпайды.

Міне, Әбілқайырдың қасында да ұртына су толтырып алғандай үн-түнсіз тырысып отыр. Оның мынау салғырт жүзі мен салыңқы қабағына қарағанда жұрттың әлгі айтып жүрген қаңқуына Әбілқайырдың өзі сеніп қала жаздайды. Шынында да, сенбейтұғын несі бар? Қыстың көзі қырауда жер түбінен барған елшілікті ақ патшаға шимай-шимай ала қағаздан басқа алып барған қай бетжүздігі бар?!

Құрғақ сөз, құр уәде. Оның үстіне Уфа ұлығы патша ағзамға Мәмбет елшінің мұнда қандай нәпақа көріп жатқанын айтпады дейсің бе? Мәмбет мырзаның тағдырын ойлап тынышсызданбаса, анадағы керуенді аттандырар ма еді. Оның немен тынғаны белгілі. Соның бәрін көріп-біліп отырған ақ патша қолындағы қазақ елшісін қайдан аман-есен қайтара қойсын. Ашу үстінде абақтыға салса, салған да шығар. Бірақ, енді Батыр сұлтанның мына сорақылығын естісе, ол байғұстардың күнінің не болатынын бір алла біледі. Бақа батырдың бар тумаласы Бөкенбайға еріп жорыққа аттанып оққа ұшты. Бүкіл бір әулеттен қалған жалғыздың жәйі батырдың жанына батыңқыраған сияқты. Оның үстіне осы ала шабуыл жүрісіміздің соңы неге ұрындырар екен деген күман да ойында жоқ дейсің бе! Бұрын біреуі жақтырар, біреуі жақтырмас, әйтеуір, ауызымызға жұрт қараған алаштың азаматы едік, енді, міне, кім көрінгенге күлкі болуға айналдық. Алдымыздағы жұрт тоз-тоз боп бөлініп кетті. Біреулері құйрық-жалдарын бір-ақ кесіп безіп кетсе, біреулері «әй, осыларыңның түбі қайыр болса, жарар еді», — деп сенбей қарайды.

Шынында да, ойланса ойланатындай-ақ жағдай. Ақ патша қаһарына мінсе, мінуі де мүмкін. О заман да, бұ заман әйел билеп көрмеген елде өскен бұларға қатын

патшаның не істеп, не тындыратыны атымен беймәлім. Ақыл қысқа, шашы ұзын нәсілдің өкілінің қолына өкімет бергенде қандай сұмдықты шығаратынын кім біліпті? Аюке тұқымының қалмақ арасындағы ықпалының жылдан жылға әлсіреп бара жатқаны да құлаққа тимей жүрген құпия емес. Ақ патшаның Аюке баласын қорғай алмай, әлгіндей күлкілі жағдайға ұшырағаны рас болса, оның қазақ арасындағы беделінің құлдырап шыға келері сөзсіз. Ақ патшаның беделі өйтіп аяққа тапталса, Әбілқайырға не жорық! Соны біліп әккі Доржы мен Лобжы бұған әдейі салмақ салып отыр. «Бізге ерсең қазақтың да, қалмақтың да арасында айдының асады» — демекші. Қыз бен қылқұйрықты да сол үшін ауыздарына алып отыр. Қазақтың да басы мынау желді күнгі бидайықтай толқып тұрған кезінде Әбілқайыр да найзасын орыс шекарасына қарай түре созар болса, «Әттеген-ай!» — деушілерден гөрі «Е, бәсе!» — деушілердің көбірек болары белгілі. Ондайда жырылып жырақ көшкендердің жиылып қасына қайта қонуы да ғажап емес-ті. Табалаушылардан гөрі мақұлдаушылардың көп болары да рас. Жаңадан көсем іздеуден гөрі көзі үйренген құлағы үйренгенге айналып үйірілуге қашан да әзір тұратын бойкүйез халықтың: «Қашанғы кәрі тарлан ғой!» — деп тағы да алдарына салуы мүмкін. Бүгін таңда әлгінде ғана алдында болып кеткен мысық мұрт, теке сақал, жылан көз елшінің айтқанын орындаса, кейінгі кезде іргесін сиретіп кеткен қалың қазақ қарындасының ертең-ақ қауқылдасып кеп қайта қаумалары күмәнсіз.

Хан орданың маңының да мынау ай далада жалғыз қалған ұрының үйінің іргесіндей құлазып тұрмасы кәміл. Иә, ойланса, ойланғандай. Бөкенбайдың қабағы түссе, түскендей. Жіберген елшің абақтыда отырса, бастаған ісің адыра қалса, ағайының сырт айнала бастаса, қайтып қабағың түспес. Сондайда құдай әлсірей бастаған шырағыңның астына қайта май құйып, алдыңнан тағы да бір үміт сәулесін төксе, қайтып ойланбассың, қайтып басың қатпас...

Жарайды, бұл райынан қайтсын-ақ! Бүгін теріс қарап кеткен жұрты қайта айналып қасына келіп: «Әп, бәрекелде!» — десін-ақ. Қалмақтың ханы қызын берсін, алдына алалы-құлалы жал-құйрығын қаптатсын-ақ. Ал, сосын... Сол қарқаралы дәурен қашанға созылады? Ертең шығыстан қонтайшының көзі қанталап қайта

шаппасына кім кепіл! Сонда, «Қап, бәлем, сенің кешегі ісің бе!» — деп ақ патшаның көк жаға ғаскерінің тап бермесіне кім кепіл! Екі оттың ортасында онсыз да шыжғырылып жатқан жұрттың екі жағының да ошағына өзің тамызық тастап, тамұқ отын қаралай тілеп алған сор маңдай сонда болмайсың ба!

Жарайды, бұл райынан қайтсын-ақ! Патшамен әмпейі болдың деп шешек шыққандай қып айналасын тыр жалаңаштап кеткен қалың қазақ қайта жиналсын-ақ! Бірақ, ол ынтымақтың қаншаға созылатынын қайдан білдің!? Бүгін топырласып сені тапқан тобырдың баяғы Аңырақай жеңісінен кейінгісіндей қылып ертең-ақ кекжиіп-кекжиіп кекірейіп кетпейтініне көзің жете ме?! Жәдік тұқымының қайта таламайтынына көзің жете ме?! Түркістандағы ақ сарайдағы аталарының жамбасын шірткен бас тақыты көздері қиып саған бере қоятындарына көзің жете ме?! Бас тақыт қолына түспей тұрып мынау алаусыз жұрттың алдына шыққан қай азаматтың басына бақ баяндап еді? Іріген айрандай ұйтқыма еліңді ұйтқылы қылам десең, ең алдымен, сол бас тақытқа талас. Бастағы бақыт — тақымдағы тақыт! Оны саған бір берсе, сол ақ патша береді! Ендеше, сен райыңнан қайта алмайсың. Ол райыңнан қайтқаның тірілей масқара болғаның! Қысық көз қалмақтарды сенің жауларыңның айдап салмай отырғанын қайдан білдің! Олар сені сүйтіп райыңнан қайтқызып, қазақтың да, орыстың да алдында масқара қылғысы келіп отырмағанына көзің қайдан жетеді? Райыңнан қайтсаң, қазақ береді дегеннен күдеріңді үзіп, енді ақ патша бере ме деп жүрген есек дәмеңнен де бір жола айырылғаның. Қоқан-лоқыдан ештеңе шығара алмаған аяр жау енді айлаға басар. Сенің бүгін ақ патшаның алдында бетіңді бір шіркеулі қылып алса, бақ пен тақтың жолында бастарын құрбанға шалуға бар Жәдік әулеті илікпей кекірейіп отырған патша сарайының алдында ертең өздері елпіл қағып шыға келмесін кім біліпті? Аңада қыста Мәмбет мырзаның елшісі барғанда Сәмеке сүйтпеп пе еді! Елші шақырып жатыр дегенде шаңырағына қақырып отырған шалқақ бас Батыр жем жеп үйренген жетім қозыдай телмендеп жетіп келмеп пе еді. Ендеше, мынау Мәмбет елшінің етегінен бір ұстадың екен, айрылма! Өлсең бірге өл, тірілсең бірге тіріл! Ендеше, Доржы мен Лобжының сатқындығын әшкереле!

Қазір ақ патшаның елшісін шақырып алып әлгі сүмелек әкелген хатты қолына ұстат! Не дер екен, тыңда! Сосын ақ патша саған сенбей көрсін!

Бұл үшін енді мынау жан-жағынан бірдей қаптап келе жатқан топан судан аман қалудың жалғыз жолы — орыс елшісінің етегінен тас қып ұстап алып айрылмау. Мына хабарды естісе, оның да зәресі зәр түбіне кететін шығар.

Қазақ арасында Сартайлақ атанып кеткен қаңғыбас Сергей Костюковтың жүрмейтін жері жоқ. Таңертең сиыр сәскеге дейін, кешке бесін ауа азан-қазан боп мал сауып, қозы айырып жататын ауылдың көгенінің басында сол жүреді. Қатын-қалаш қазық қағып өрмек құрса, қолына бір домалақ ұстап ап, жіп керіп сол жүреді. Кемпірлер күмп-күмп май шайқап жатса, балалармен қосылып екі алақанын кезек жалап сол отырады. Кейде томар келіні қайың келсаппен тарс-тарс ұрып тары түйісіп жатса, кейде ши шыптаға құрт жайып жатады.

— Қазақ қатындарының етегі алты қанат үйдің ішіндей айлапат келеді екен. Бір кіріп кетіп, адасып қап шыға алмай жүрме! — деп қостағы серіктері әжуалайды.

Оның біріне пысқырып қарайтын Костюков жоқ. Тәңертең төсегінен тұра қазақ аулына қарай аяндайды. Ол күні ұстаның үйіне енді жете бергенде ауыл балаларының бір-бір тай мініп әлдеқайда аттанып бара жатқанын көрді. Өзіне бала үйір еді. Бір-екеуі бұрылып шауып келді.

— Сартайлақ! Алақай, Сартайлақ! — деп айқайлап келеді.

Жолдарын сермеп тау жақты нұсқағандарына түсінбесе де, біреуі атынан түсе қап, серігінің артына, міңгесіп, тайының жүгенін ұстатқаннан «Бізбен бірге жүр!» — деп тұрғандарын түсінді. Ойнақшыған құла тайға ырғып мініп, шуылдасқан көп баланың соңынан салды.

Мыж-мыж қоңыр таудың бір жүлгесіне келіп кіріп еді, екі бауырдай тырбық бұталардан көрінбейді екен. Бұта басы мөлтектеген қарақат, бүлдірген, ит жидек, бәрі жидек. Балалар тойларын тау етегіндегі көк майсаға тастай салып, қалың бұтаның арасына сүңгіп кеткен. Әлгінде ғана бірге келген екі серігінен адасып қалған Сартайлақ біресе ана жынысқа, біресе мына жынысқа

қойып-қойып кетеді. Бірақ екі серігін таба алмай қалды. Оларды соңыра тайларын тұсап кеткен жерлерінен ұшырастырармын деп ойлаған Костюков тікен-тікен бұталардың басында әбден пісіп мөлтендеп тұрған қап-қара, нарт қызыл жидектерге бас қойды. Мынадай айдалада тап бұлайша қаптап тәтті миуа өседі деп кім ойлаған! Көздің жауын алар көп тәтті моншақты көргенде балалығы ұстап кетті. Жұлып алып аузына сала берді, сала берді. Бір уақыттарда әлгінде ғана ауызында шие татып тұрған тәтті дәм кермек татып бара жатқанын байқап, үстіндегі кенеп бешпетін шешіп ап, бір жеңін түйіп, ішіне терген жидектерін сықап сала бастады. Әуелі бір жеңін толтырды, сосын екінші жеңін толтырды. Көз алдына тәтті десе құныға тиісетін Цапаевтың семіз әукесі елестеп кетті. Қотыр сөзден басқада шаруасы жоқ немені соңыра бір қарқ қылсын да тастасын! Енді бешпетінің етегі мен жағасын да бүре түйіп, ішін жидекке толтыра бастады.

Шырқау көкке шығып алған күн маңдайын қыздырып, көзіне күлкі үйірді. Қалың бұтаның арасындағы кішкене алаңқайға шалқасынан түсіп жата кетті. Құлағында әлдеқайда бұтаның басына қонып ап дамылсыз сайрап отырған әлдебір құстардың үндері, қалың жынысты жара сүңгіп жидек теріп жүрген балалардың сыбдыры. Қандай рақат! Баяғыда бала кезінде дәл осы уақытта жидек теретін қалың орманның қақ ортасында жатқандай. Дүниеде аспан біреу, жер біреу, күн біреу. Олардың ортасындағы тіршілік те ортақ. Жидек қайда да дәл осылай өседі. Оның дәмі қайда да осындай. Оны балалар қайда да осылай құныға тереді. Жидек терген балалар қайда да осылай есі қалмай қуанады. Әйтеуір, бұған салсаң мынау жапан түздегі жарық өкше жалба тымақтардың өз еліндегі жалаң ерін, жыртық шарықтылардан ешқандай айырмасы жоқ сияқты. Бұлар да дәл солардай аңғал! Бұлар да дәл солардай секемшіл! Жаман ойың жоқтығына көздері жетсе болды, бұлар да дәл солардай ішек-қарынын жайып салады. Ал, Цапаевқа айтқызсаң, бұлар шетінен сұм, шетінен суайт, шетінен сені алдап арам қатқызып кеткісі келеді де тұрады. Екеуі жатып алып дауласады. Бұл кінәнің бәрін оның өзіне, өзінің секемшілдігіне жабады. Ол бұған: «Сен әлі бозауыз баласың, ештеңе білмейсің», — деді. Бұған салса, оның өзі ештеңе білмейтін сияқты. Ол бірдеңе білсе, мына

жидек теріп жүрген балаларға қарасыншы. Мұғаджардың бауырында жидек теріп жүрген мына қара сирақтардың Орал тауының бауырайында жидек теріп жүрген сары сирақтардан несі өзге? Олардың да еріні тілік-тілік. Олардың да шашы жалбыр-жалбыр. Олардың да тұмсығының асты сауыс-сауыс...

Қиялшыл Костюков қайдағы-жайдағыны ойлап жатып көзі ілініп кетіпті. Кенет дүние тым-тырыс тына қалғандай болды. Басын жұлып алды. Күн еңкейген. Көлеңке ұзарған. Бауырай жым-жырт. Манағы сытыр-сытыр сыбдыр түгел өшкен. Алақтап жан-жағына қарады. Ештеңе көрінбейді. Орнынан тұрды. Қалай қарай жүрерін білмеді. Әрлі-берлі жыныс кешіп көріп еді, ештеңе таба алмады. Көңіліне бір қорқыныш кірді. «Адасып кеткенім бе!» — деп ойлады. Тұра қалып жоғарыға көз салды. Жатаған мыжық шоқыларға қарап, еңіске қарай салды. Сүйтіп сай табанына шықты. Сай табанындағы көктемде жүрген судың жырып кеткен ізіне қарап, ағыс бағытын аңғарды. Біраздан кейін шықыр-шықыр тас азайып бір көгал тепсеңнің үстінен келіп шықты. Тепсеңде, о жер, бұ жерде жас тезек жатыр. Мана тайларын тұсап кеткен жері. Балалар, шамасы, ауылдарына қайтып кетсе керек. Улап-шулап жүріп бұны ұмытып кеткен ғой.

Күн шығысқа қарай салып келеді. Көп ұзамай өзен кезігетін сияқты еді. Мана тәңертең әр жер, әр жеріне ойдым-ойдым қара су жиылып қалған ырсиған аңғар сайдан өткен-ді.

Сай табанына түскенде тұла бойы түршігіп кетті. Жан-жақ жым-жырт. Ең болмаса, суға жабылып жатқан мал көрінбейді. Түздің әлдебір күңірсіген қышқыл шөбінің исі мұрнын жарып барады. Кенет бірдеңе сытыр ете қалды. Селк ете түсті. Жалт қараса — анадай жердегі ойдым қара суға аяғын малып біреу отыр. Бұнымен ешқандай шаруасы жоқ. Бар назары суда. Еңкейіп үңіліп алған. Бұл аяғын еппен басып жақындай түсті. Әлгі адам селт еткен жоқ. Бұл оның ту сыртына барып тоқтай қалды. Мынау бейтаныс адам неге қарап отыр екен деп суға үңілді. Бір шиедей еріні үлбіреген ақша жүз нәркес көз қыз жәудірей қарап тұр екен. Су бетіне түскен бұның суретін көріп жалт бұрылды. Баяғы — зергер Зердебайдың үйінде көрген сұлуы. Содан бері көзіне түспей кеткен. Орнынан атып тұрды. Сосын иығындағы орамалын қолына ұстай-мұстай қаша жөнелмек болды

да, бұны көріп тоқтап қалды. Әлгінде ғана ақ шүберектей боп қуарып кеткен жүзіне қайтадан қан жүгірді. Әлгінде ғана шарасынан шығып кете жаздаған отты жанары орнына түсті. Сосын бұның тұла бойына, тікен қонақтап қалған үсті-басына қарап бір жымыып қойды. Онысынан қайта үркіп дереу орамалын басына байлап, анадай жердегі серейген ала қапшығына жүгірді. Бұл бұрын жетіп қапшықтан ұстай алды. Іші қаудыр-қаудыр етеді. Бұл оны да өзі құсап, балалармен бірге жидек теріп жүріп қалып қойған ғой деп еді. Сөйтсе, тезек теріп жүр екен. Бұл қапшықты иығына сала беріп еді, қыз жүгіріп кеп қолынан жұлып алды. Сүйтті де апыл-құпыл жардың басына өрмелей жөнелді. Аңырып біраз тұрып алған Костюков сай бойынан шыққанда анадай жердегі ауылға қарай жүгіре басып бара жатқан қызды көрді. Ала қапшықтың тасасында судағы балықтай сылаң қағып бара жатқан сұлу дене көзіне оттай басылды. «Неткен сұлу! Неткен үркек!» — деп ойлады.

Кенет ат пысқырды. Анадай жерде жалы тізесіне түскен қара атты біреу ауылға қарай емпеңдей басып бара жатқан қызға бір қарап, аңырып тұрған бұған бір қарап, басын шайқап сай бойына түсіп кетті.

Әбілқайырдың хабарын естігенде Тевкелев орнынан ыршып түсті. Батыр сұлтанның қолтығына баяғыдан бері кімнің су бүркіп келе жатқаны енді белгілі болды. Гарбердің керуенінің қашан шығатынын хабарлаған да басқа ешкім емес, тап сол екеуі Доржы мен Лобжы. Әкелі-балалы екі қорқау Шерін Дөндікте кеткен еселерін қазақты орысқа айдап салып қайтармақ. Ол суайттардың сөзінде тырнақтай қисын болсайшы, сірә! Ресейдің әскери дайындықтан өткен жиырма мың солдаттына ол екі қарақшының қара таяқтары түгілі күллі қалмақ жұрты, қалмақ түгілі мынау ұшарын сай, қонарын жел білетін барша көшпенділерің төтеп бере алар ма! Құдайдың жоғына сенетін ашық ауыз аңғал жұртты оп-оңай алдай салғылары келген ғой. Мынау ханның да, көрмейсің бе, көзі төрт бұрыштанып кетіпті. Әншейінде әлдекім желкесінен тартып тұрғандай кекшиіп көкке қарайтын неме бүгін кірпігімен жер шұқып, тұқшиып кетті. Ішінен әлгі көбік ауыз көкімелердің айтқанына сеніп қалған түрі байқалады. Бұлардың басынан бұндай есірік ойды осы қазір қуып

шыққаны жөн. Әйтпесе, бұндай қаңқудың арты насырға шауып кетуі әбден мүмкін.

Мамық төсекте үрген доптай тырысып, томпиып отырған елші, қапелімде, не дерін білмей, қолындағы хатты отқа лақтырып жібере жаздады. Бірақ ертең патшаға апарып көрсетуі қажет екені ойына түсіп, ханға қайтармай, жалма-жан қойынына тықты. Сосын ауызына сөз түспей, екі тізесін сарт-сарт қойып қалды.

— Россия жер қозғалса қозғалмас алтын дiңгек болғанда, қалмақ дегенiң үп десең ұшып кетер қаңбақ емес пе! Оны ормандай орыс түгiлi Жайық қазақтары мен башқұрттың өзi-ақ оп-оңай төмпештеп тастамай ма! Мұндай суайттардың соңынан халық қайдан ерсiн! Сондықтан да торғауыттар олардың айтқанын тыңдамай Шерiн Дөндiктiң жағына шығып кеткен ғой! Өз жұртын дегендерiне көндiре алмаған соң, ендi сендердiң құлақтарыңды тоздырмақшы. Бiреудiң қолымен от көсемек! Анада Гарбердiң керуенiн тонатты. Ендi сендердi патшаға қарсы айдап салмақ. Патша оларды бүйтiп талтаңдатып қоймас. Ертең-ақ көкелерiне көрiстiрер. Ол ант аттаған арамзаларды патша неге қолдасын, ал анау антқа адал Шерiн Дөндiктердiң бетiне тiрi шыбын қондырар ма! Мына хатты әкелiп бергендерiңе көп-көп рақмет!

Елшiнiң бүйтiп күйiп-пiскенi ханға қатты әсер еттi. Егер ол бұлай тызалақтамай, сабыр сақтап сөйлегенде, әлгi сөздерiнiң бәрi әншейiн көз арбау, көңiл алдарқату болып көрiнер едi. Оның мынау өз шашын өзi талдап жұлардай болып, отырған жерiнен ыршып-ыршып түскенi, аузына, қапелiмде, сөз түсе қоймай, бiреу қылғындырып жатқандай, ықылық атып тұтыққаны, шырылдақ даусының шаңқылдап қатты шыққаны ашуына шындап мiнiп отырғанына, жапан даладағы жалғыз елшiсiнiң өз жалына қол апартпай осынша тұлданғанда азу тiсi балғадай патшаның кiм көрiнгендi басынан секiртiп қоя алмайтынына, әлгi әңгүдiк тайшыларды түйе тарпыған бақадай бiр-ақ тылпитып түсерiне, осындай айбынды билеушiге қарсы шығып жүрген Доржы мен Лобжының, расында да, әумесер немелер екенiне көзiн әбден жеткiзе түскендей болды.

— Елшi мырза, бiз олардың бұл былшылына сенген жоқпыз. Сенсек бүйтiп жазған хатын өз қолыңызға әкелiп бермеймiз ғой, — дедi Әбiлқайыр.

Тевкелевтiң сонда да иегi-иегiне тиер емес.

— Жоқ, ол бөспебайларды көкесіне көрістіру керек. Әлгі екі сәлімбай елшіні ат көтіне өңгеріп осы бойда Уфа воеводасына айдатып жіберу керек.

Шатынаған суық жанары Әбілқайырдың көкірегін қарып өткендей болды. Сырбаз хан, қапелімде, не деп жауап берерін білмей мүдіріп қалды. Елші тап бүйтіп қатты кетеді деп ойлаған жоқ еді. Қалмақ хабаршыларын қол-аяғын буып воеводаға айдатып жіберсе, онсыз да сырт айналып тұрған халықтың не істеп, не қоярын кім білген?..

— Мәмбет мырза, — деді Әбілқайыр жайбарақат тіл қатып. Мына хаттың ар жағында қандай пиғыл жатқанын қайдан білеміз. Бәлкім, оларға біздің бүйтіп қатты кеткеніміз, хат әкелген елшілерге қол көтергеніміз керегіп отырған шығар, соны сылтауратып тағы бір бұзықтықты бастап кетсе қайтеміз. Мынандай алмағайып кезде абайламай іс қылғанымыз келіспес. Арғы көмейлерін әбден білгенше сөз бұйдаға салып, елшілерді қайтармай тұра тұрайық. Ал егер қоңсы жатқан қалмақ ұлысының одақтас бол деп келген елшілерінің қолын артына байлап, айдатып жіберер болсақ, қарсы топ түгілі біздің жағымызда жүрген ру басыларының өзінің көңілдерін суытып алуымыз мүмкін ғой. Мына хатты патшаның қолына апарып тапсырсаңыз, жазаларын өзі-ақ тартқызбай ма? Мен сіздің етегіңізден бір ұстадым, енді өлсем де, өзіңізбен бірге өлемін. Менен көңіліңізге секем алмай-ақ қойыңыз. Мені патшаға берген антымнан ешқандай қыз, ешқандай пара, ешқандай әзәзіл айныта алмайды. Құр босқа ант-су іше беріп қайтемін. Ертең, құдай дегенге жеткізіп, еліңізге қайтар болсаңыз, балам Ералыны қасыңызға аманат қып ертіп жіберем.

Манадан бері төсегінің астынан тікен өскендей қиқандап отыра алмай отырған елші мына сөзді естігенде шатынаған көзіне нұр ойнап, көгіс тартып кеткен дөңгелек жүзіне шырай теуіп орнынан атып тұрды. Жүгіріп кеп Әбілқайырдың иығына қолын салып:

— Көп-көп рақмет! Міне, дұрыс! — деді.

Әбілқайыр елшінің қосынан әлденеге ауырлап шықты.

Ақ ордалардағы күбір-сыбырлардан бейхабар жұрт үйреншікті тіршіліктерінде еді. Мамыр орталап, бұта басы малдың балақ жүніне толып, қыста жанға сая

болған жабағы түктің дене ауырлатар артық азапқа айнала бастаған шағытұғын. Қай-қай ауылдың да ту сыртында қой қосақталып, шақыр-шұқыр қырықтық қайралып, екі білектерін түріп, бастарын орамалмен буып алған алпамса еркектер жаңа көктемнің көк майсасына тойынып бүйірлері бұлтиып қалған жануарлардың төрт аяғын мықтап буып, көтеріп ұрып кеудесіне албастыдай қона-қона кетіскен-ді.

Қырықтықшыларын маңына жолатпаған тек хан ауылы ғана. Ірге шуаш сасып кетеді деп, малдарын елсіз түзге иіріп, сонда қырықты. Қырықтық басына иірілген жұрт кеш құрым аттарына мініп ауылдарына қайтады да, тау-тау боп үйілген жүннің қасындағы қоңыр үйде Итжемес пен орыс қызы Мәриям ғана қалады. «Құдайдың бергені ғой!» — деп қояды Итжемес, қырықтықшылар жал-жалдың тасасына сіңіп, қараларын батырып, тағы да екеуден-екеу оңаша қалғанда. Оның мына сөзін естігенде Мәриям да ыржың етіп бір күліп қояды.

Итжемеске құдайдың бергеніне, міне, екі айдың жүзі болып барады. Құрбан айттың қызып жатқан шағы еді. Қас қарая ауыл шетіндегі ас үйде ақ үйден келген табақтардың бірінің сарқытын біріне қосып, білекті сыбанып тастап, малшынды етке тиісіп берген кезінде есіктен қызыл танау боп кіріп келіп:

— Сені Бәйбек төлеңгіт шақыртып жатыр дегені.

Әлі еңсеріле қоймаған сары тегешті қия алмай жалт-жалт қарап табалдырықтан зорға аттады. Алдындағы ұзын тұраға томпаңдап еріп келеді. Ол бір үйге келіп сүңгіп кетті. Әлгі үйге соңынан Итжемес те бас сұқты. Қақ төрде қайқы мұрты тікірейіп Бәйбек отыр. Көзі шатынап кеткен.

— Әй, сүмелек, — дейді бұған амандық жоқ, саулық жоқ зеки тіл қатып.

Итжемес созалаңдап оң жаққа өтті.

— Қазір мынау үй сыртында тұрған шолақ тұғырға мінесің де, қасындағы шөгерулі жатқан қара атанды жетектейсің. Сосын мынау ұзын тұраның соңынан ересің. Ар жағын бұл өзі айтады. Бірақ, қара атанның үстіндегі кісінің қасына жарты қарыс жақындаушы болма. Өйтпейді екенсің анау солаң басың керттік танауы таңқиып күл басына бір-ақ лақтырылады, — деді.

Орақ мұрын, қайқы мұрт қара кісінің ала көзі ызғарлана жылт етті.

Сырттағы шолақ тұғырға өзі бастап апарды. Қолтығынан демеп көтеріп мінгізгелі жатқан кісідей қолын сумаң еткізіп оң жақ аш бүйірінен үзіп шымшып алды.

— Әлгі айтқанды ұмытқан жоқсың ғой?

— Иә, — деді Итжемес мінгірлеп.

Содан бұлар қара түнді жамылып әлдеқайда тартып келеді. Алдындағы ерең-серең қара көлеңке — мана мұны ас үйден ертіп әкеткен ұзын тұра. Соңында салп-салп желіп қара атан келеді. Қара атанның үстінде қаққан қазықтай боп үн-түнсіз біреу келеді. Итжемес оған тіл қатпақ түгілі бұрылып қарауға қорқады. Төңірегiнiң бәрі түнек, бәрі жұмбақ.

Олар таң атқанша жүреді. Таң құлақтана бір қазан шұқыр қара түлейге кірді. Құмақ бауырдан емпеңдей құлаған екі атты бір түйелі жүзген мен сексеуіл өскен ну жынысқа кеуделеп кіре бастады. Бұлар ілгерілеген сайын арбиған-арбиған сойдауыл бұталар жиілей түсті.

Ну жыныстың шудадай ұйысқан қалың тұсына келгенде оймақтай алаңқай жолықты. Алаңқайдың қақ ортасында шөккен түйедей боп бірдеңе бұлтияды. Ұзын тұра соның қасына барып атынан түсті. Бұл да соның қасына жеткесін атынан түсті. Ұзын тұра қара атанның бұйдасын қолынан жұлып алып, анадай жерге апарып шөгерді. Үстіне әлем-жәлем бірдеңе киген бейтаныс адам анандай жерге барып состыып тұрып алды. Ұзын тұра жүгіріп барып түйенің теңін шеше бастады. Аузын тырситып буған екі ала қанар дүрс етіп жерге түсті.

— Неғып тұрсың, көмектессейші! — дейді ұзын тұра айқайлап. Бұл қасына барып ала қанардың бір жақ басынан ұстады. Екеуі ырсылдап-күрсілдеп ала қанарды әлдеқайда ала жөнелді. Әлгі шөккен түйедей бұлтияп жатқан жер төле үй боп шықты. Төбесінен әлдене өлеусірейді. Ол қарын тұтқан жарық түсер жаңғыз саңлау. Оң жақта опырайып қазандық тұр. Айқұш-ұйқыш сексеуіл бұталарын салып, арасын шағырмен жапқан жермен-жексен төбеге ыс тұрған ба, өрмекші ұя салған ба сүмелектеніп қапты.

Ұзынтұра қолындағы қанарды сылқ еткізіп оң жақ босағаға қоя салды. Екеуі жермен-жексен есіктен еңкейіп зорға шықты. Жатқан түйенің екінші қапталындағы ала қанарды ыңқылдай көтеріп тағы да жер үйге беттеді. Оны да сылқ еткізіп бір босағаға қоя салысты. Содан екеуі үсті-бастарын қағып қайтадан

жарыққа шықты. Әлгі бір әлем-жәлем бейтаныс адам сол орынында состиып әлі тұр. Ұзын тұра шөгерулі жатқан қара атанды орнынан тұрғызды. Оның бұйдасын, бұл мініп келген шәлтік тұғырдың шылбырын қосақтай ұстап, барып атына мінді. Бұнымен сол ат үстінде тұрып сөйлесті.

— Бұл арадан ешқайда аттап шығушы болмаңдар. Қашан өзім қайтып келгенше тырп етпеңдер. Анау туралы манағы төлеңгіттің не айтқанын өзің естідің ғой. Ал, сау тұрыңдар.

Едірейген қара атан бір мыңқ етіп керенау басып екі аттың соңынан ерді. Үш қарайған ну жыныстың арасына батып жоғалды. Аңтарыла қараған екі адам сілейіп әлі тұр. «Иә, құдай бергеніңе шүкір!» — деді Итжемес жағы жыртыла бір есінеп алып. Сол-ақ екен қарын тұсынан әлдене шұрқ ете қалды.

Есіне кешегі тауыса алмай кеткен сары тегеші түсті. Әлгі ала қанардың ішінде не бар екен? Итжемес еңкейіп аяғының астында шашылып жатқан қу бұтақтарды жиыстыра бастады.

Бір құшақ отынды опырайған қазандықтың қасына тастай салып, екі қанарға бас қойды. Аузын бүріп байлаған шуда жіпті тісімен үзіп еді, ар жағынан салаң етіп бір көк ала шүберек шықты. Ішінде ораған ештеңесі жоқ па екен деп жазып қараса — ауы салаңдаған әйелдің тіз киімі. Итжемес ол қанарды бір теуіп, екінші қанарға бас салды. Әлдене қаудыр ете қалды. Сөйтсе, қатырлаған жарғақ шалбар. Тозған түйе жүн шекпен. Ұлтарған көн етік. Итжемес аңтарылып тұрып қалды. Әлгі бас төлеңгіт бұларды тері-терсек талмайтын көртышқандар ғой деп ойлады ма екен. Сол-ақ екен әбден зығырданы қайнап кетіп, етіктің басымен бір беріп еді, зіп-зілдей бірдеңеге тиіп, башпайын ауыртып алғаны. Қоқыр-соқыр ыбырсып жатқан қос қанарға қайтадан бас қойды. Әйелдің қоқыр-соқыр шүберектерінің астынан екі үйіткен қой шықты. Еркектердің қоқыр-соқырының астынан бір дорба арпа мен бір дорба тары шықты. Итжемес мұртынан күлді.

Тұмсығының астынан әлденелерді айтып ыңылдап ну жыныстың арасына сүңги түсті. Қалың сексеуілдің арасында жасырулы жатқан көн қауға мен тас астауға тап болды. Өңшең қу сексеуілдің тасасына тығып тастаған бұл не қылған қауға мен астау екеніне жақын тұрған жүзгеннің бұтағынан шірене тартып, қанша ұзақ

отырып ойланса да, түсіне алмады. Қабат-қабат киімнің барлық бау шуын байлап жатып та, көн қауға мен тас астаудан көзін айырған жоқ. Сосын асықпай аяңдап басып, көн қауға мен тас астау жасырулы жатқан көп томардың қасына келді. Әуелі аяғымен түртіп көрді. Қауға да, астау да бүтін. Желкесін бір қасып, жер төлеге қарай бұрылып кетіп бара жатып, қайтып келді. Қауғаны қолына алды. Қаудырлап қатып қалған көн тулақты қолтығына қыстырып, енді аяңдай беріп еді, әлдене аяғынан қағып қалып мұрттай ұшты. Сөйтсе жер астынан соқиып бір таяқтың ұшы шығып тұр екен. Бұл не қылған таяқ деп үңіліп еді, әлгі жерді біреу қолдан топырақ үйіп көмген сияқты. Итжемес қуанып кетті. «Мына жерде көмбе болды ғой. Мынандай ұры-қары жүруге лайық қалың жықпылдың арасында талай қазына тығулы жатқан шығар-ау», — деп ойлады. Әлгі соқиып шығып тұрған таяқтан ұстап тартып еді, қалың жыныстың арасындағы бұлтиған қызыл төмпек жыбырлап қозғалайын деді. Опырылып ойылып барады.

Итжемес мойыны салбырап жер қазбаға беттеді. Келсе — сыз жер қазбаның іші бұрынғысынша қоқырсып жатыр. Бақыр қазанның іші сол баяғысынша ит жалап кеткендей жылтырап тұр. Итжеместің көңіліндегі әлгі бір жұмбақ тоқтық басылып, қайтадан қарыны ашып қоя бергендей болды. Жем тілеп тұр. Сәл бос қалса, қыңсылап бітетін құрмағырдың ындынын басу үшін мына қазанды ана қазандыққа орнату керек. Сосын одан әлгі ұйткен қойдың еті мен не арпа, не тары салуы керек, оған су керек...

Сол-ақ екен Итжеместің көзі қайтадан жайнап қоя берді. Әлгі құдықты тауып алғаны қандай жақсы болған! Қаудырлақ қауғаны иығына асып ап кері жүгірді. Ол күні бір тыным таппады.

Оттың жарығымен сығыраңдап отырып манағы бірге қалған бейтаныс адам екеуі тамақ ішті. Мыжық табаққа құйылған қоймалжың бірдеңені екі кетік қасықпен малшыласып бақты. Қасындағы бөтен кісіден қымсынған Итжемес көзін табақтағы ботқадан көтермеді. Ауызы босаса әңгімелесуге тура келеді деп қорыққандай, ысылдап-пысылдап ыссы тамақты тыққыштап бақты.

Тамақтан соң Итжемес ас қайтарғанның ырымын жасады. Серігі қолын жайған жоқ.

Белін босатқысы кеп сыртқа шыққан Итжемес үйге қайтып кіре алмай күйбеңдеп көп жүрді. Қара түлейдің іші тастай қараңғы. Ана жерден де, мына жерден де шабынған бурадай әлденелер қарауытады. Қап-қара аспан да қара жабағыдай ұйысып қалыпты. Мынау елсіз түлейде оны не күтіп тұр? Мына бір бейтаныс кісі екеуін мұнда әкеліп тастауларының себебі не? Қасындағы неғылған адам? Түсінсе не дейсің? Бірақ, соны кеше бас төлеңгіттен, мана ұзын тұрадан батылы барып сұрай да алмапты. Енді, міне, жан-жағынан анталаған қорқау сауалдардың ындынын бітейтіндей қомақты жауап таба алмай дал болып тұрғаны. Қиналғанда не қиналмағанда не... Құдайдың салғанын көреді де... Осы кезге дейін талай қысталаңнан құтқарып келген құдай бұл жолы да қол ұшын бермес дейсің бе... Бір күрсініп ішке кірді. Қазандықтың ішіндегі от қып-қызыл қоламтаға айналыпты. Жер төленің іші бұлыңғыр. Серігі төсек салып жатып қалса керек, төр жақ бұлаңытады. Ғұмыры босағадан жоғары озып көрмеген Итжемес, жер төленің ішінде орын жеткілікті болса да, есіктің қыр көзіне төсегін салып, шидемін жамылып, ішінен: «Иә, құдай, өзің жар бола көр!» — деп күбірлей-күбірлей көзін жұмды.

Жамбасы қатты ұйып қалған екен. Астына сыз өтті ме, сыртқа шыққысы келіп кетті. Таң әлдеқашан атыпты. Түнде шабынған бурадай ентелей төніп тұрған айғыр бұталар қазір бұға-бұға қалған. Қорқынышты қап-қара реңінен айырылып, тосапқа түсіп шыққандай, күп-күлгін тартып бозарып кетіпті. Тығырық түлейдің бір жақ кенерінен сексеуіл бұталарының біреуіне ілініп қалған қызыл шарқаторамалдай боп бірдеңе күреңітеді. Шығып келе жатқан күн екен. Кеше мынау ернектің қай тұсынан кеп құлағанын есіне түсіргісі келіп еді. Айыра алмады. Демек хан ауылының қай тұста екені белгісіз. Өздерінің қайда екенін өздері білмейді.

Итжеместің ұйқысы шайдай ашылды. Денесін суық қармап, дір-дір сілкініп алды. Жер төбеге қайтып келе жатқанда қасындағы серігі жадына түсті. Сонда ол кім болғаны? Төр жаққа барып жатқанына қарағанда бұдан гөрі бағы зорырақ, дәрежесі үлкенірек біреу. Мына жалғанда бұдан дәрежесі төмен жан болуы мүмкін бе? Сондықтан да ол кешегі күні бойы тырбындап құдық аршыды. Кеш бойы тұқшаңдап от жағып, тамақ пісірді.

Бірақ, ол адам кім? Оның қасына бұны неге қосты? Ас-суын әзірлеп, қызметін қылсын деген шығар. Ендеше, тап сондай қадірлі кісі мынандай елсіз түзге аластап әкеліп тастайтындай неден жазды екен! Оны жазалап, жазғырып отырған кісі кім? Сонда бұл оның сақшысы ма, қызметшісі ме? Әлде ол бұның сақшысы ма! Итжемес жер төлеге қайтып кіруге айбынып тұр. Ту сырты тызылдап барады. Бірақ, құдайдың салғанын көреді де...

— Иә, біссімілдә! — деп есіктен аттады.

Төрдегі төсек әлі жиылмапты. Сауыс-сауыс көк көрпенің арасынан әлдене ағараңдайды. Жаңа қатқан сары ірімшіктей әлдене дір-дір етеді. О тоба! Мынау әйел ғой! Анау жастықтың үстінде салбырап жатқан сары үйек жылан емес, бұрым ғой! О тоба!

Итжемес төр жаққа көзін сатып қарап тұрғанымды біреу-міреу көріп қалды ма дегендей, ізінше кері қайтып, сыртқа шықты. Төңірекке тағы да көз тастады. Құдықтың басына барды. Күйбеңдеп жүрді де қойды. Сәске тұсында жер төлеге беттеп еді, мыжық мұржадан будақтап шығып жатқан түтінді көрді.

Содан екеуі әлгі түлейдің ішінде бір айдан астам уақыт тұрды. Әуелі бұл оның әйелі екенінен қымсынып бір аптадай тіл қатыспай қойды. Сосын оның ханша үйінде жүретін орыс қызы екенін біліп, қазақшаға түсінбейді ғой деп бір аптадай сөйлеспей жүрді. Бір күні қанша аунақшыса да, ұйқысы келмей қойғаны. Қозғалатын сияқты, уһілейтін сияқты. Енді аңғарды, — тыпыршып жатқан қыз екен. Сол-ақ екен, бұның көкірегіне бір сұр көжек кіріп кеткендей жүрек тұсы лүпілдей ала жөнелді. «Апырай, менде де ес жоқ екен, — деп ойлады. — Сендей көн тулағы бұтына қатқан жаман жалшыны ол қайтсын! Найсаптың көк демесең, көзі қандай жайнап тұр! Салып ұрып қасына жетіп барса, не болар еді? Әй, бірақ, сырын білмеген аттың сыртынан жүрме деген бар емес пе!? Жанынан пышақ суырып алып, қарнап алса, текелік құрам деп жүріп, текке көмусіз қалар... Одан да осы басының амандығына, қарнының тоқтығына тәубе деп тыныш жүргені тәуір шығар!

Соны ойлап еді, көзіне ұйқы үйірілгені. Бір есінеп ап, теріс аунап, қор ете түсті. Бірақ, ертесіне де көпке дейін ұйықтай алмай шықты. Төрдегі қыздың аунақшып

жатқанын құлағы шалды. Енді күндіз тамақ пісіріп отырған бойжеткенің бетіне жалтақ-жалтақ қарайтынды көбейтті. Бір күні төңі-ректен томар жинап келсе — ол кір жуып отыр. Омырауы түгел ашылып, бүлкіл салып билеп тұрған екі алмасынан Итжемес, қапелімде, көз айыра алмай қалғаны. Кенет қыз жалп-жалп еткен маңдай шашын жинап жатып:

— Жарымағыр, сонша неге бажырая қалдың? — дегені.

Итжеместің екі көзі атыздай боп тас төбесіне шықты. Мына қыз қазақшаға судай ғой! Қуанғаннан ыржың етіп күліп жіберді.

Сол күні кешке Итжемес қанша зорланса да, ұйықтай алмады. Көкірек тұсы толып, демі бітіп барады. Ойына нелер түсіп, нелер кетпеді. Біресе, сары сайтан қыз алмас кездік суырып ап кезеніп жүреді. Біресе, бас төлеңгіт сегіз өрме қамшысын сумаңдатып ауыл айналдырып сабап жүреді. Біресе басы дағарадай молла сәлдесі селкілдеп теріс бата беріп қарғап жатады. Қараңғы үйдің ішінде көз алдынан ию-қию өтіп жатқан сол елестердің өңі екенін, түсі екенін айыра алмай басы қатып барады. Одан әрі шыдап жата алмады. Басын оқ жыландай бір көтеріп, бір бұғып, әрі-бері сергелдеңге түсті. Сосын: «Не де болса, құдайдың салғанын көреміз де!» — деп төрдегі төсекке қарай жылжыды. Теріс қарап жатқан қыздың жұп-жұмыр сауыры имиген Итжеместің іші бауырына кіріп кетті. Омырауын оттай жандырып барады. Қу қыз өп-өтірік ұйықтағансып, ештеңе білмегенсиді. Итжемес бұдан әрі кідірсе, бір жола балқып кетердей, жалма-жан теріс қарап жатқан қыздың иығына қолын салды. Өзіне қарай тартып, бауырына қысты. Сол-ақ екен тым-тырыс жатқан қыз:

— Мына жарымағыр қайтеді-ай! — деп иығын жұлып алды. Бірақ шалқасынан аударылып түсті.

Ертеңіне Итжемес сиыр сәскеде барып бір-ақ оянды. Ірге жағында ешкім жоқ. Босағадағы бұның төсегі жетім тоқтыдай бұлтиып бос жатыр.

— А, құдай, бергеніңе шүкір! — деп қояды.

Содан бұлардың дәм-тұзы жарасты. Хан отырған үй мен ханша отырған үйден алты көш алыс жүретін Итжемес осы бір жайын ауыз жалақ ерін жайнақ көз қызды бұрын да көзі шалып қалатын. Ол ылғи ханшалардың үйінің маңынан шықпайтын. Оның тұтқынға түскен орыс қызы екенін де естуі бар-ды.

Бірақ, орыс қазақ тілін біледі деп кім ойлаған. Жалғыз Итжемес қана емес, осы даладағы шұбырып жүрген қаймана қазақтың қайсысын шақырып алып сұрасаң да, орыс қазақтың тілін білуі, қазақ орыстың тілін білуі мүмкін деп ойламады, қайсысының да айтатыны: «Қазақтың тілін ноғай біледі, ноғайдың тілін орыс біледі». Соған қарап Итжемес мына қыз да ноғай емес пе екен деп қалып еді. Сөйтсе, орыс қызы екен. Қайдан шыққанын, қайдан келгенін өзі де білмейді. Әйтеуір, бұл тумай тұрғанда әке-шешесін барымташылар тұтқындап әкетіпті. Әкесін бір жылдай ұстап бір жақтан келген саудагерлерге сатып жіберіпті. Екі қабат шешесін хан ауылына сауғаға апарып беріпті. Ол босанып қыз туыпты. Атын қазақтар Мәриям қойыпты. Шешесі Мария дейтін. Марқұм тұтқында жүріп тапты ма, жоқ әуелден солай ма, көкірегі сырылдап жүретін дімкәс кісі еді. Қызымның аяғына мініп, оң мен солын танығанын көремін, елінің қай жақта екенін сілтеп беріп өлемін деп жанталасып біраз жүрді. Ол Мәриядай емес аршыл екен. Ауыл маңынан шашы сары, көзі көк жолаушылар өтсе, барып жолығып қалам деп, шыж көбелек болады екен. Бірақ, аждаһадай ысқырынған атақты ауыл қайдағы бір күннің дегенін жасатып қоя ма! Бейсауат жолаушылар көрінсе болды, оңаша күркеге қамап тастайды екен. Бейшара өле-өлгенше арпалысып өтіпті. Анасынан сегіз жасарында қалған Мәриям оның тірісінде үйренген бірен-саран орысшасын түгел ұмытқан. Енді, міне, одан бері де тоғыз жыл өтті. Есінде ештеңе қалмапты. Содан ба, жоқ жасынан орыс көрмегендіктен бе, сары шашты біреу көрінсе болды, хан орданың көп күні отыратын қоңыр үйге өзі зып береді. Ешқайсысының көзіне түскісі келмейді. Аанада айт күні абайсызда еңгезердей сары кісі үстіне кіріп келгенде көзі тас төбесіне шыққан. Іле-шала Бәйбек көрінгенде-ақ мұның арты тегін қалмайтынын іші біле қойған. Хан: «Орыстың елшілері көріп қалса біздің бойжеткен қызымызды тұтқындап отырсың деп шатақ шығарар. Пәлесінен аулақ. Көзін жоғалта тұрайық», — деген шығар. Енді, міне, хан ордасының төңірегі сыртынан шек-сілелері қатып жүретін осы бір күлкілі адам екеуі мына ну жықпылдың арасынан кеп бір-ақ шықты. Бұрын қыз мына жалшыға жұрттың бәрі тікенектей жабыса қалатынын көріп, сыртынан аяп жүруші еді. Оны да өзі секілді басқа бір жұрттан келген тұтқын шығар деп ойлайтын. Сөйтсе, қазақ көрінеді.

Шынында да, өзі күлсе күлерліктей. Екі апта бойы қасындағы мұны көрмей, айдалада жалғыз қалған адамдай меңірейді де жүрді. Күнде бұл жатып қалғасын келіп, қараңғыда төсегін салып, босағаға барып жатып алады. Тәңертең бұл оянбай тұрып, киініп шығып кетеді. Жалба тымақты жалшыдан да бұндай әдептілік шығады деп кім ойлаған! Бопай бәйбіше күндеріне қаталтұғын. Қазан-ошақ басында жырқылдап жүргенінді көрсе, шашыңды жұлып қолыңа беретін. Сондықтанда қарайған көп құл мен көп күң бір-біріне жуымай, алыстан ығысып, аяғының ұшынан басып, құр сұлдер көлеңкедей жымып бағатын. Оның үстіне бұл күні кешеге дейін бала еді. Мұның омырауының тырсиып тола бастағанын алғаш байқаған Бәйбек төлеңгіт. Қос қабағы бүркіттің қанатындай жалбырап, көзінің қызыл тамыры шатынай қанталап түксиіп жүретін осы бір орақ тұмсық ай-батты адамнан хан орданың қызметшілері қаралай сескенетін.

Мәриям бір күні сай бойына тезек теріп жүргенде сол Бәйбектің сап етіп үстінен түскені. Сұмырай төлеңгіт атынан қарғып түсіп, қызды тезек-мезегімен көтеріп алып, анадай жерде өсіп тұрған қараған бұтасының көлеңкесіне қарай ала жөнелді.

Көп ұзамай жал-құйрығы сүзілген еңгезердей қара атты сай бойынан ыңылдап әндетіп шығып кетті.

Қалқиған қараған бұтасының көлеңкесінде өне бойы алсал болып бүлдіршін қыз қалды. Не болып, не қойғанына түсінбегендей жан-жағына есеңгірей қарады. Дорбасын алайын деп еңкейе беріп еді, әлгінде ғана қауқиып тұрған ала қапшық жермен-жексен жанышталып қалыпты. Қыз манадан бері тұқшындап тезек терген есіл еңбегінің зая кеткеніне өкінді ме, әлде басынан қандай сұмдық өткеніне енді түсініп, өзін-өзі аяды ма, бүк түсіп отыра кетті. Солқылдап ұзақ жылады. Одан бері де бір жыл өткен-ді. Бәйбектің мұңкіген әжептарқы ашқылтым иіс жадында қапты. Сол есіне түскенде бір түрлі құсқысы келетін. Сол бір иіс енді, міне, мынау жер төленің ішіне бір жола орнап алған. Түн баласы тұмсығын қыдықтап шығады. Әуелгі кезде тұла бойы дүр түршігіп, қараптан-қарап жиырылып жүрді. Сол бір оспадарсыз иіс дәл қазір қасына жетіп келіп омырауын мытқылардай, көкірегiнен басып жаныштардай көрінді. Бірақ, босаға жақтағы жығылған жетім тоқтыдай томпақ төсек қыбыр етпейді. Бір күн қайран

қалды, екі күн қайран қалды. Әлгі бір жексұрын иіс мұның осы кезге дейін өзі де байқамай келген бір жұмбақ аңсарын түрткілеп оятқандай. Бұрынғыдай одан жиіркенбейтін, тыжырынбайтын сияқты. Енді мынау босаға жақтағы тып-тыныш төсекке әрі таңғалып, әрі бір түрлі елегізіп қарайтынды шығарды. Еркектің мұндайы да болады деп кім ойлаған. Бұл оларды шетінен арсалаң, шетінен қол сала кететін озбыр санаушы еді. Мынау қылп етпейді. Әлде бас төлеңгіттің анау күнгі абай-қоқаңынан сескене ме екен! Ол еркек болғанда, бұл еркек емес пе! Одан несіне сескенеді?! Шірік неме, бұны қаралай қызғанып тызалақтап қалды. Бұған да оның сүйтіп тызалақтағаны керек. Одан өшін өзі қайтара алмайды. Бұның оған кеткен өшін өзге бір еркек қайтара алады. Ол еркек, бәлкім, мынау елсіз түлейде өзімен бірге тұрып жатқан үнсіз серігі шығар. Ендеше, ол неден жасқанады? Мынандай бостан дәурен ертең де басында тұратынына көзі қайдан жетіп қойыпты? Неге қимылдап қалмайды? Бір күн тосты, екі күн тосты. Енді үмітін үзе де бастап еді. Қасына кеп, ту сыртынан қапсыра құшақтап жатып алғанда жүрегі тоқтап қалғандай болған. Ол иығына қолын салып, өзіне қарай тартқанда таңырқағаны екенін де, әлде, шынымен, шамданғаны екенін де өзі білмейді, «мына жарымағыр қайтеді-ай!» деген сөз ауызынан абайсыз шығып кетіп еді. Сол бір беталды құлатүз бейсауат сөз екеуінің арасындағы тас дуал шекараны біржола күл-талқан қып бұзып жарып жүре берді.

Екеуден-екеу тұрғандарына бір айдай уақыт болған шамада баяғыда бұларды осы елсіз түлейге әкеліп тастайтын ұзын тұра соқты. Келді де бұның бетіне бір қарап, Итжемеске бір қарап ыржың-ыржың күле берді. Итжемес бір шаруамен сыртқа шығып кеткенде, бұған төне еңкейіп:

— Ауылда жүргенде бетіңді безеу қаптап кетіп еді. Мына жаман сауабыңды алған білем. Айнадай жалтырап қалыпсың ғой. Қап, әлгі төлеңгіттің салымы судан қайтатын болғанын қарашы. Мына біздер қайдағы бір қақпыш құшақтап қор болып жүргенде, сен секілді ақ жұмыртқа қатынды оңаша құшып Итжеместі құдайдың оздырғанын-ай, — деді.

Әншейінде еркек адам бетіне қарап бірдеңе десе ду ете қалатын Мәриям бұл жолы түк тайсалған жоқ, езу тартып күлді де қойды. Ұзынтұра жерге бір түкіріп

атына мініп жүріп кетті. Ала көз төлеңгіттің ішіне бүгіннен бастап бір от түсті дей бер! Түссе түссін! Табаға түскен шыжықтай шыжғырылып неге кетпейді!

Араға көп уақыт салмай аяғы салақтап бас төлеңгіттің өзі де келді. Бұны көрді де, жым болды. Қарашығының білектей-білектей жуан тамырлары қанталап, алара қарап біраз тұрды, бұл қылп етпеген соң, иегімен меңзеп Итжеместі сыртқа шақырып әкетті. Бір уақытта әлдеқайда дүрсілдете шауып бара жатқан тұяқ дыбысы келді. Әлі келер Итжемес жоқ, бері келер Итжемес жоқ. Сыртқа шықса — Итжемес жер төленің желкесіне ұзынынан сұлап түсіпті. Жүгіріп қасына келсе — маңдайы даладай қан. Қарымды кісі құлаштап бір тартқан бұзау тіс қамшының ізі қасқаны қақ маңдайдан ырситып тіліп кетіпті. Аяғанынан Мәриямның көзінен жас шығып кетті. Бір көзін қан басып кеткен Итжемес сыңар көзімен соны көрді ме, ыржиып күлді.

Ол күн Итжемес үшін қандай болғанын өзі білсін, Мәриямның төбесі көкке жеткендей болды. Өзі біреудің есігінде жүрсе де қалған дүниенің қонышынан басқысы келетін қайдағы бір әумесердің аяққаптай көкірегіннің аяқ асты болған күн еді. Мәриямның жүрегіннің басын сары шаяндай шағып жатқан бір ызаның қайтқан күні еді. Сол күннің ертеңіне-ақ бұның қараптан-қарап жүрегі айнитынды шығарды. Ақтаған тарыға да, қауызын аршып қуырған арпаға да, үйіткен қойдың етіне де пейілі шаппайды. Әлденені аңсайды. Нені аңсайтынын өзі де білмейді. Оның ауызына ас алмай, басы айналып құлап қалардай боп, ілініп-салынып әзер жүргенін көріп Итжеместің де шығарға жаны басқа. Қаңғалақтап сыртқа шығады, қаңғалақтап ішке кіреді. Ауық-ауық қалың жынысты аралап қайтады. Бірақ, көзіне ештеңе түспейді. Түздің тағы аңдарының күнгеіден әлі орала қоймаған шағы. Жер астынан өсіп-өнер көсік, қоян тобық, жуа, мондалақтардың әлі түйін салып үлгірмеген кезі. Мәриямның аңсарының неде екенін біле алмай әбден дал болды. Сүйтіп жүргенде бір күні апақ-сапақта ұзын тұра келе қалды. Соңында бір ат, бір түйе. Сол күні қонып шықты. Ертеңіне тәңертең төсегінен тұрарда қайыс белбеуін таба алмады. Шыр айналдыра қарап шықты. Оған қосылып Итжемес те біраз жерді қорс қылды. Бір

уақытта Мәриямның астындағы алақандай тоқымның астына қолын жүгіртіп еді, қайыс белбеудің салаң етіп шыға келгені. Тоға жағы бар да, қалған жартысы жоқ. Бұл Мәриямға қарады. Мәриям жерге қарады. Ұзын тұра қалтасынан насыбай алып, оны тілінің астына басып:

— Ымм, — деп бір ыңыранды.

Түс қайта олар азғантай қоқыр-соқырын бір түйе, бір атқа теңдеп әлдеқайда жол тартты. Қайда келе жатыр, неге келе жатыр, оны біліп жатқан, ол жағдайды сұрастырып жатқан Итжемес жоқ. Тағы да бір шәлтік тұғырға мініп, бұл жолы баяғыдай қара емес, бір мыңқ етпес сары атанды жетелеп келе жатып:

— Иә, құдай бергеніңе шүкір! — деп бір есінеп қойды.

Сол бетімен олар тоғыттың қасынан бір-ақ шықты. Тоғыттан онша алыс емес тепсең жазыққа көген құрылып, оған қой қосақталып, хан ауылы жабағы жүн қырқа бастапты. Айдаладағы тау-тау жүнге бас-көз болатын адам керегін оған осы Итжемес мен Мәриям қолайлы деп табылыпты.

— Ақ патшаның елшілері аттанып кеткенше мына қызды ауылға жуытар түрлері көрінбейді. Әй, бәсе, ауызың әуелден де итаяқтай еді-ау. Сөйтсе, ырысың мол пақыр екенсің ғой. Тек қапы қалып жүрме! Мына пәлеңнің қайыс қажалуы жаман. Талғақ шығар. Енді бірер айда ішін бұлтитып шығарсаң, сенің мұртыңды балта шаппайды, — деген Ұзынтұра.

Одан бері де бірталай уақыт өтті. Мәриямның қайыс қажалуы басылып келеді.

Екі қалмақ елшісінің Әбілқайыр ханның ауылында сазарып жатқан да қойғанына жарты айдың жүзі болып барады. Төңірекке құлақтарын қанша төсесе де, әкелген хаттарына не бүк, не шік жауап ала алмай әбден іштері пысты. Доржы мен Лобжы тым-тырыс. «Әбілқайыр хан енді не істер екен?» — деп әліптің артын бағып жатса керек. Әншейінде тасыған қазандай бұрқ-сарқ қайнайтын да жататын қарсы топтан да ешқандай хабар жоқ. Ауыл-ауылдың үсті киіздей ұйысқан ала шаң. Ол бірақ қырықтыққа айдалып келе жатқан, қырқылып қайта айдалып бара жатқан мың-мың тұяқтан ұшқан тозаң.

Хан ауылынан анда-мында жоқ қарап барып қайтатын жансыздар да төңіректен тап онша құлақ селт

ете қоярдай ештеңе естіп келмейді. Тап мынандай тылсым тыныштыққа хан да, елші де қатты қайран. Бәрін айт та бірін айт — қарсы топтағыларға неғып тыйым бола қалғанын айт. Әлде олар суға батып кеткендей тым-тырыс жоғалған қалмақ елшілері Әбілқайыр мен Бөкенбайдың әлдеқашан ауыздарын алып қойған шығар деп жатыр ма екен? Әлде бұлары ақ патша жағына шығып кеткен Әбілқайыр мен Бөкенбайдың алдынан ең соңғы рет өткендері ме екен? Жоқ, тіпті осы арқылы орыс елшісінің көңіліне үрей қашырғылары келе ме! О да мүмкін ғой. Бір жақ иығын тіреп отырған қалмақтар арасында алауыздық тұтанып, енді олар қазақтардың да арасына сөз жүгіртіп, Әбілқайыр мен Бөкенбайдан сыр тарта бастағанын естіген елші Өсеке тұқымынан секем алып, Жәдік тұқымынан пана іздеуге мәжбүр болар ма екен деп ойлайтын шығар.

Көп күмәннің талауына түсіп, жан-жақтан мұнарытып тұрып алған көк белдерге көз сүзген көп күндер өтіп жатыр. Елші хан ордаға кімдер келіп, кімдер кетіп жатқанын аңдиды. Біресе түрулі іргеден, біресе түрулі есіктен тінтіне қараған екі тіміскі көзге ошаң еткен оқшау ештеңе түсе қоймайды.

Сол жалтаң-жалтаңмен саратан да өтіп барады. Бір күні құла бесінде күн шығыс жақтан жолбарыс жон шабдар ат мінген жолаушы көрінді. Соңына ерткен қырық шақты нөкері бар. Хан ауылына бұрылмай, бірден елші қосына тартты. Бір өңкей аттары, ер үстіндегі отырыстары, қамшы ұстағандары алыстағы арғыннан келе жатқандарын байқатқандай. Жылда жазда Торғай мен Ырғызды бойлай көшіп, Бесшола атанып кеткен Толыбай, Жантай, Қошалақ, Қызылжар жайлап, Өлкейек бойындағы арғындармен, Қабырға бойындағы қыпшақтармен қатар көшіп, қатар қонып, майлы қасықтай араласып қалған хан ауылы ту сырттарынан қырындай өтіп бара жатқан қырық қылаңның арғын екенін, арғын ішінде де жеті момыннан тарайтын шақшақтар екенін бірден біле қойды. Жәнібектің аты айбынданыңқырай түскен сайын төс сүйектері қайқайыңқырап бара жатқан әуірім ауылдың еркек кіндіктері әрдайым осылай сән түзеп, сайқыланып жүруді әдетке айналдырып алып еді.

Әбілқайырдың көз алды бұлдырап бара жатқандай болды. Жазда Сыр бойынан шұбыртып хан ауылы көшіп келгенде басқа ұлыста болса да, шақшақтар марқасын

сойып, саба-саба қымызын алып алдарынан шығушы еді. Күзде күңгейге қайта көшкенде қозы көш жерге дейін ұзатып салушы еді. Хан ауылының тұстарынан көштері өтіп бара жатса, жан біткені жер түбінен көліктерінен түсіп, жаяу өтуші еді, әйелдері тізелерін бүгіп сәлем етуші еді. Қатар көшіп, қатар жайлаған рулардың жылқылары жоғалып малдары араласып кеткенде болмаса, бір-бірін жер түбінен киімдерінен танып, желпілдесіп қалар алабөтен сыйластығы болушы еді. Сол дәуреннің де өткені ғой. Әйтпесе, анау қырық қылаң бұның ауылын танымай бара жатыр дейсің бе! Бір қайырылып қарамай қыңырайып-қыңырайып өтіп барады. Кісі өлтіріскен жерлері жоқ еді. Бұл неткендері? Ақ патшаның елшісі келгенде Орта жүз ру басыларының ішінде әлі сырын байқата қоймағаны Қошқар ұлы Жәнібек демейтін бе еді? Мыналардың қырындап өткені оның да қыдыықтанып қалғаны ма? Ендеше, елшіден не алам деп бара жатыр? Бәрі де бұның төбесінен секіргісі келеді де тұрады. Сонда Жәнібектің де Сәмеке маңындағы керауыздарға қосылғаны ма?! Ол сілекей ауыз сүмелектер ханға да басын иіп сәлем бермейтін керік неменің ауызын қалай алып жүр екен? Сұлу қатыннан басқаға көзі түспейді дейтін еді, Сәмеке әлде баяғы бұл сыйлаған қалмақ сұқсырынан да асқан перизат тапты ма...

Қырық қылаң бұның ауылының тұсынан өтіп кетті. Хан іргеден көзін тайғызды. Ішіндегі бұлқан-талқанды байқатпайын деп тығыз өскен қара сақалын бір сипап қойды. Манадан бері байқамапты. Оң жақта Мырзатай отыр екен. Жездесінің ойын желкесінен аңғарып қойғандай үн-түнсіз орынынан көтерілді. Сол-ақ екен елші қосы жайғасқан күн батысқа қарай шауып бара жатқан ат тұяғының дүсірі шықты.

Әбілқайыр ханның көзі алайып барады. Іштей тымырсық ашуға булыққанда, өзіне-өзі ие бола алмай сабыры сарқылар тұста ғана сөйтуші еді. Апырай! Апырай! Көңіліне сөз оралмай, көмейіне әлдебір сиқыр қыл арқан тығып жібергендей қылғынып бара жатты. Жәнібектің де олардың жағына шыққаны бұның өрісінің біржола тарылайын дегені ғой. Қарсы топ Бөкенбай екеуінен күдерін үзген ғой. Қалмақ елшілеріне оң жауап қайтармайтындарын білген ғой. Сосын бұған дейін бет пердесін ашпай келген Жәнібекті салып, елшіні Сәмеке

ұлысына шақырып алып кетпек қой. Сөйтіп бұны бұйыра ма, бұйырмай ма деп қаралай, күпті болып отырған есек дәме үміттен де айырмақ қой! Жан-жақтан сығалай қарап отырған қызылкөздердің алдында біржола масқара қып кетпек қой! Жоқ, ол дегендері бола қоймас. Егер елшінің көмейі ондай солқылдақтық байқатар болса, азғырғанға еріп, мұның іргесін құлазытып көшіп кетер болса, онда оның да жолына жуа бітер. Оны істейтін көктегі құдай емес, жердегі өзі. Жәдік тұқымын өйтіп масайратып қойғанша, көрер масқараны көріп, Доржы мен Лобжының тентектеріне қосылып, асырды салып өтеді. Ендігі гәп елшіде! Бұ да бір қылпылдай бермей сынап көрсін! О неме де басы болса, қалмақтан елші келіп жатқанда, айдаладағы Жәдік тұқымының айтқанына көне қоймас. Егер олардың айтқанына көнер болса, Әбілқайыр ұлысынан асар-аспаста қанды кездікке жолығар, сосын оның обал-сауабын ақ патшаның алдында кергіме тұқым өз мойындарына көтеріп алар. Мейлі, сөйтсе, сөйтсін. Мынандай бола ма, болмай ма деген екі ұдай хәлден сонысының өзі артық! Құдайдың мана тал түсінде көздеріне біреу құрым киіз байлап қойғандай оң мен солын таба алмай, көрінгенге соқтығып жүретін көрсоқыр қазақ Жәдік тұқымының да көкейін тескен, өздері айтатындай, кең далада армансыз көсіліп арсалаңдап жүретін бұла халықтың еркіндігі емес, үш арыс алаштың бас ноқтасы мен бас тақты екенін, оны ұстатып жатса бүгін өздері пәлекеттеп отырған орыс патшасының аяғын жалауға олардың да ындыны құрып отырғанын білсін... Бірақ бұл өзіне бұйырмаған алтын тақты оларға бұйыртып қоя ма! Өздерінің істемегін өздеріне істейді.

Әбілқайыр бұл жолы елшінің үйінің іргесінен сығалап суқақтамайды. Не де болса, өзі білігіне салады. Пайдам дегенін қылсын...

Орта жүзден елші келгелі хан ауылымен арадағы жалғыз аяқ соқпақтың шаңы тағы да басылып қалды. Ертелі-кеш сұқақтап шықпай қоятын орыстар мен башқұрттардың да қарасы құрыды. Ондай-ондайды елең етпейтін тек Сарытайлақ қана. Сәске болар-болмаста ерең-серең етіп сол келе жатады. Ымырт үйіріле ебіл-себіл боп кетіп бара жатады. Ол қазір бұрынғыдай ертелі-кеш

балға тықылдатып отыратын Зердебайды ғана жағаламайды. Табалдырықтан аттамай жатып жан-жағына жалақ-жұлақ қарайды. Көзіне Торғын түссе болды — салбырап сыртқа айналып кеткен жаялық ерінін жия алмай ыржың етіп күліп жібереді. Торғын әуелде оның осы бір арсалаң мінезінен сезіктенуші еді. Қазір бойы үйреніп келеді. Қанша дегенмен, атасы еркек қой, осы бір жайын ауыз жігіттің көрсе болды, ыржындай кететіні ме, жоқ бірде ол әкеліп сыйлаған айна мен тарақ па — әйтеуір не әсер еткені белгісіз, бұрын шешесі құсап балағын жинай алмай, қалай болса солай жүретін салпы етек қыз кейін үсті-басына көп қарағыштайтынды шығарды. Қолы қалт етті-ақ сандық ақтарады. Шешесінің көптен бері қоқыр-соқырдың арасына тығылып қалған әлекей-күлекей дүниелерін шығарып ап, үсті-басына өлшеп көреді. Сыртынан біреу қарап тұратындай ойқы-шойқы жүріс-тұрысы да түзеліп қапты. Онсызда ақ пен қызылдың жарастықты үйлесімінен тұратын әдемі жүзі кейінгі кезде тіпті бал-бұл жанып кеткен. Ұшқын атқан тостағандай жанарын бір төңкеріп қарағанда, кім-кімнің де көкірегі дауыл шайқап өткендей алай-түлей болады. Сарытайлақ жігіт келген-кеткенінде мынандай періште сұлудан көзін ала алмайды. Тіл қатуға жүрексіне ме, жоқ айдалада өскен қыр қызы сөзіме түсінбейді ғой деп сескене ме, көмекейіне тығын тығып қойғандай, көзі көкшірейіп үн-түнсіз телміреді де отырады. Онсыз да жалақ еріні тозған жаялықтай жалбырап барады. Сонсын қызықтай ма екен, қыз да оны көргенде, оң жақ мықыны бір бүлк етіп, мырс етіп күліп жібереді.

Бұрын ұстаның үйінде үсті-басына қайдағы бір алба-жұлбаны іліп ап күл-күл болып жүретін бала қыздың мына өзгерісін Сартайлақтан басқалар да аңғарып қалған сияқты. «Бопай ханша өй деп жатыр, бүй деп жатыр», — деп бас төлеңгіт келгіштейтінді шығарыпты. Шалғы мұрты жылтырап, орақ мұрыны салбырап, әйел көрсе әукесі салақтап кететін бұл неме кіріп-шыққан сайын Зердебай ішіне мұз жиып жиырылып қалады...

Мәмбет мырза оңаша қалды-ақ, темір сандықтың түбіне тығып, жұрт көзінен жасырып сақтап келген қатырма қалың дәптерін алып ақтара бастайды. Оны оқыған сайын мынау қазақ даласына келгелі өз басынан өткерген көп тауқыметі көз алдында сайрап келе қалады.

Кейде ақ қар, көк мұз қыста, ақ түтек боранда тас төбеңнен бір жылт етіп, қайта жоғалып кететін күн көзіндей баянсыз үміт әуре-сарсаңға сала-сала енді, міне, әбден торықтырыпты. Қалың дәптерге қосылып жатқан әр бетті оқыған сайын бір күрсініп қояды. Күрсінбей қайтсін, көңіл орнықтырардай бір жылт еткен жылы шырайлы сөйлем кездессейші. Бәрі де үрпиген жүрегіңнің басына су бүркіп шошынта түседі.

«Майдың жиырма бірі күні Орта жүзден жылда осы уақытта өтетін қазақ ру басыларының дәстүрлі құрылтай жиыны жуырда қалмақ қонтайшысы қол жиып қазақтарға қарсы жорыққа шықпақ деген хабар келіп, әр ұлыс өз басымен қайғы боп кеткен себепті биыл жиылмайтынын айтып, Тевкелевті Орта жүзге ертіп кетуге шақшақ арғынның биі Бөкенбай келген-ді. Бұл қазақ та кім көп, Бөкенбай-ақ көп екен. Бұған дейін Тевкелев өзінің досы табын Бөкенбай Қара ұлын ғана білуші еді. Енді, міне, шақшақ Бөкенбай келіп отыр. Ол: «Атым — Бөкенбай» — дегенде бұл қайран қалып еді. Мейман: «Таңданбаңыз, Найманда қанжығалы Бөкенбай тағы бар!» — деді. Тевкелев оған екі-үш апта жол жүріп жететін жерге елшілігін көшіріп баруға, көлігінің бәрінен айырылып, құр тақым отырғанын, егер Орта жүз билері өздері келіп ант берер болса, құшақ жайып қарсы алатынын айтты. Шақшақ Бөкенбайдың хабарына қарағанда, Лобжының елшілері Орта жүзге де барған көрінеді. Олар ол тарапта да жұртты Шерін Дөндік пен орыстарға қарсы жорыққа шығуға азғырып жүр дейді. Тевкелевке анада Әбілқайырға айтқанын шақшақ Бөкенбайға да айтып берді. Бөкенбай орыс елшісінің жүйелі сөзіне мойын ұсынып, қасына еріп келген бір қазақты «Қалмақтардың азғырғанына еріп опа таппайсыңдар!» — деп айтуға Орта жүзге қайта шаптырды. Ол қайтып келгенше өзі орыс елшісінің қосында жата тұратын болды.

Майдың жиырма бесі күні тілмаш Тевкелевке Бекшора деген башқұрт келді. Оны қазақтар тарапынан қайта-қайта барымтаға ұшырап, талан-таражға түсіп отырған Сібір башқұрттары жіберіпті. «Қазақтардың мынандай еліріп жүргеніне қарағанда, ақ патшаның елшісі аман бола қоймас, өлі ме екен, тірі ме екен, біліп кел!» — деп жұмсапты.

Майдың жиырма сегізі күні Тевкелев Бекшораны еліне аттандырды. «Хат берсем, жол-жөнекей қазақтар ұстап алса, басыңа қауып төндірер. Менің мындағы хәлімнің қалай болып жатқанын аман жетсең, ауызекі де айтасың ғой!» — деді шығарып салып тұрып.

Майдың отызы күні қарсы топтағылардан екі адам Әбілқайырға келіп: «Орыстың елшісін басыңның аманында бізге бер. Берсең бергенің, бермесең қарақұрым қол жиып кеп тартып аламыз. Шаңырағыңды ортаңа түсіріп, басыңды күлге домалатып кетеміз!» — деп қорқытыпты. Хан қаһарына мініп, екеуін де ұстап алып, аяқ-қолдарына кісен салып байлатып тастапты. Екі-үш күннен соң біреуінің кісенін шешіп: «Сені жұмсағандарға барып айт. Өз бастары өз мойындарына салмақ боп жүрсе, келіп көрсін. Әбілқайыр да қолына бүйен байлап отырған жоқ. Кімнің басының күлде домалайтынын бір алла білер. Өйтіп, жал астынан жұдырық түйгенше, ол немелер келіп сөйлессін. Егер әлгіндей ойларынан тыйылар болса, сығай-сыйды Әбілқайыр да біледі. Хан ауылынан құр иін аттанамыз деп қорықпасын. Ал мына серігің солардан жауап келгенше осылай темір тістелеп жата тұрады», — депті.

Июньнің он үші күні елшіге Әбілқайыр, табын Бөкенбай, тама Есет батырлар келді. Олар Доржы Назаров пен оның баласы Лобжының жіберген елшілерін елдеріне қайтармақ көрінеді. Айтар жауаптары: Шерін Дөндік пен орыс қалаларын шабуға ешқандай әскер бермейміз. Егер ұлы императрица ағзам қазақ әскеріне қалмақ бұзақыларын тыйып бер деп бұйрық етсе, ондай жорыққа аттануға әрқашан да әзірміз.

Әбілқайыр елшіге: «Ұлы патша ағзамға адалдығымызды білдіру үшін мынау қалмақ ұлысбектерінің бізді азғырып жазған хатын апарып тапсыруға арнайы кісілер аттандырсақ қайтеді?» — деп ақыл сұрады.

Оны тілмаш Тевкелев қуана мақұлдады.

Бөкенбай батыр елшіге өткен февраль айында кейбір қазақ руларының қалмақтарды шабайын деп жатқанын айтып жеті жігітін Доржы Назаровқа жұмсағанын айтты. Ол кезде Доржының орыс патшасына опасыздық жасап жүргенін білмепті. Сөйтсе, ол жіберген жеті жігітті жолда Жайық казактары ұстап алыпты. Батыр елшіге: «Сол жазықсыз жеті жігітті тұтқыннан босату

керек деп Мәскеуге хат жазбас па екенсіз», — деп өтініш қылды.

Июньнің жиырма күні тілмаш Тевкелев қолына хат беріп Иван Курчевті Уфаға аттандырды. Әбілқайыр қалмақ ұлысбектерінің хатын апарып беруге шақшақ арғын Жабай деген қазақты қасына ертіп жіберді.

Июньнің жиырма бесі күні Россияға бағынамыз, оны айтып Мәскеуге барып қайтуға әзірмін деп жоғары қарақалпақтардың бас пірі, Хиуа ханының қайын атасы Ұланқожа келді. Жоғарғы қарақалпақтардың саны отыз мың түтіннен аспайды. Қалалары, қыстаулары жоқ, бәрі бір жерге жиылып ірге ажыратпай отырады. Жер жыртып, егін егіп күн көреді.

Ұланқожа Тевкелевке соғыс қыларсың деп қабырғасы ырсиған бір аңғал-саңғал арық бие жетелеп кепті. Әкелген сыйлығының сиқы сол.

Тевкелевтің қапшығының да түбі қағылып қалған кез еді. Оған бір бас қызыл былғары, екі шаршы қытайы жібек берді.

Июньнің жиырма тоғызы күні көңілдес ру басылары қарсы жақтың адамдары үш топ болып барып башқұрттардың жылқысын айдап кеткелі жорыққа әзірленіп жатқанын айтты. Тевкелев башқұрттарға қапы қалмасын деп астыртын адам жіберіп хабар салды.

Июльдің үші шақшақ Бөкенбай Тевкелевке тағы да жолығысқа келді. «Маған еріп жүріңіз. Орта жүз билерінен ант алуыңызға қолқабысымды аямаймын», — деді. Тевкелев: «Күні кеше ғана Уфа башқұрттары Орта жүз барымташыларынан отыз кісіні өлтіріп, екі жақтың арасында қан төгіліп, шал-қайысып тұрған кезде қайтып барам?» — деп жағдай айтты. Шақшақ Бөкенбай өз ұлысына жалғыз қайтуға мәжбүр болды. Шақшақ Бөкенбай ұлыстас ру басыларын орыс патшасының қол астына өтуге үгіттеуге уәде берді. Тевкелев бидің ол сөзіне разы болып, Жәнібек батыр екеуіне отыз сомға тарту тартты.

Июльдің тоғызы күні қарақалпақ тұтқынынан босаған башқұрттарды Уфаға апарып салған Құдайназар мырза қайтып оралды. Оны Әбілқайыр мен ханды жақтайтын ру басылары орталарына алып көп әңгімелесті. Құдайназар мырза өте көңілді екен. Уфаның жаңа воеводасы Кошелев тақсыр құшақ жая қабылдап, тарту-таралғыны мол тартыпты. Құдайназар Уфаны айтқанда ауызын ашып, көзін жұмады. Қаланы күзетіп

тұрған атты әскер мен жаяу әскердің өзі жиырма мыңнан асады дейді. Бұл хабарды естігенде ру басыларының жақтас жағының көздерінде жылт ойнап, қарсылас жағы үрпиісіп қалысты.

Июльдің он бірі күні Тевкелевті Бөкенбай батыр қонақасыға шақырды. Онда Әбілқайыр хан мен оның жағындағы ру басылары түгелге жуық жиналды.

Июльдің он екісі күні кеше Бөкенбай батырдың ауылында қонақта болғандарды баяғы ақ патшаға елші боп баратын Құттымбет би шақырды.

Июльдің жиырма төрті күні Әбілқайырға Сәмеке ханнан хабаршы келді. «Қалмақ қонтайшысы отыз мың әскермен жорыққа шыққалы жатыр, қапы қалмасын», — депті. Әбілқайыр өз ұлысының пұшпақ-пұшпағына кісі шаптырды.

Июльдің жиырма алтысы күні Әбілқайыр қонтайшы әскерінің саны қандай екенін, қай жерге келгенін, бастап келе жатқан кім екенін біліп келуге Ақжігіт деген кісіні Орта жүзге жұмсады.

Августың он бесі күні Тевкелев капитан Дубровиннен полковник Гарбердің керуенінің қалай тоналғанын естігенін, бұны қазақтар тұтқынынан босатып алу үшін ақша жібергелі жатқанын жазған хат алды.

Августың он алтысы күні Орта жүзге кеткен Ақжігіт қайтып оралды. Қалмақтар мен қазақтар арасында тағы да шайқас бопты. Оған қалмақ жағынан Шақпақ басқарған жеті мың әскер қатысыпты. Қазақтар жиырма үйінен, қарайған малынан айырылыпты. Тевкелев башқұрттары былайғы қазақтардан қонтайшы бұл жолы 200 үйді, алты мың жылқыны, он мың қойды алдарына сап айдап әкетті деп естіді.

Августың жиырма бірі күні бұларға жақтас қыпшақ биі Төле батырдан адам келді. Ол Төле ауылдарына Орта жүз қазақтарынан қырық шақты кісі келіп қонғанын, төрт орысты тұтқын қылып айдап бара жатқанын, егер оларды құтқарып қалуға Әбілқайыр мен Тевкелев көмек жіберсе, өзінің де қолғабысын аямайтынын айтыпты. Әбілқайыр қасына Құдайназар мырза мен жиырма кісі алып, Тевкелев отыз башқұртты ертіп әлгі қазақтарды қуып жетуге аттанып кетті...».

Қалың дәптерді қанша ақтарып оқыса да, осыдан басқа айтары жоқ. Тевкелев өзінің тышқанның ізіндей ұсақ жазуына қарап отырып ойға батты. Жан-жақтан

көзіне көрсетпей жайылған қыл тұзақ бұрынғысынан да тарыла түсіпті. Қалмақтар ереуілінен іс шықпаған соң Орта жүз әміршілері іргелеріндегі башқұрттарға соқтығуды көбейтті. Башқұрттар да қанға қан, жанға жан деп қазақтардың өрістегі жылқысына тиіп, қуып кетуді жиілетті. Уфамен екі ортаға адам қатысудан қалып барады. Орыс шекарасына тиісіп, малдарынан айырылып, көп жігітін тұтқынға қалдырып әбден қандарына қарайған Сәмеке қол астындағы рулар сонау Уфадан жолаушылап келе жатқан орыс пен башқұрт көрсе, төбе астынан бұрқ етіп түсе қалып, ноқтасынан ұстай алып, өз ұлыстарына жетелеп кетеді. Кіші жүздегі Әбілқайырға қас қарсы топтағы ру басылары да Тевкелевтің маңындағы орыстар мен башқұрттарды оңаша шықса, ат көтіне өңгеріп әкетіп, Сәмеке ұлысына асырып жібергілері келіп жаланып-ақ отыр. Енді Тевкелевке қалған қазақтардан да ант алу былай қалып, мынау құтырына бастаған есер даладан басын аман алып кетудің өзі арман бола бастады. Ол баяғы келгендегідей қып, қара нөпір нөкерімен аттанып кете алмайды. Ал, биылғы жер қатқақта құтылып алмай, келесі қысқа қалса күнінің не болары белгісіз.

Тевкелев қолындағы дәптерді темір сандыққа салып, орынынан тұрып, аядай киіз үйдің ішінде ерсілі-қарсылы сенделіп кетеді. Сонда не істемек керек. Әуелі мынау қасындағы нөкерден құтылғаны жөн. Оларды өзі осында отырғанда Уфаға аман-есен бір жеткізіп салса, артынан өз басына не күн туса да, көріп алар еді. Тіпті болмай бара жатса, бір күні түнде қашып кетер! Қасындағыларды қырып алмай аман апарса, ақ патша қашып кеткенін кешпес дейсің бе?! Енді, не де болса, ебін тауып аман құтылғаннан басқа амалы қалмай барады. Аз де, көп де, қазақтың екі арасының басында отырған екі хан, екі сұлтанның анты бар. Жүздеген қазақ билерінің орыс боданы болуға ризамыз деп қол қойып берген қағаздары тағы бар. Қазақ жеріне бағыт түзегісі келіп жатса, ақ патшаға соның өзі де аз сылтау, аз ілік емес. Енді мынау бір жақтан жоңғар тіріліп бір жақтан қалмақтың аузы бөлініп, бір жақтан башқұртпен екі орта бүлініп тұрған кезде Орта жүз билері жер түбінен ант береміз деп келе қоймас. Ал, өзінің Әбілқайыр мен Бөкенбай маңынан аттап шықса, күнінің не болары беймәлім. Мұндай қиын-қыстау кезде Батыр сұлтан бастаған қарсы топ та ымыраға келе қоймайды. Қайта

былтыр күзде құдай айдап Батырдың өзі келіп ант бергені қандай абырой болған десейші! Енді сол антынан айнып қалған сыңайы байқалады. Бұндай жағдайда антты бұзудың жалғыз жолы — елшіні өлтіру. Енді, бұл далада әр күн, әр сағат қауыпты. Сондықтан қасындағы Уфадан ертіп келген нөкерін амалын тауып аттандырып жіберіп, өзі қазақтардың қолында әзірге аманат болып қала тұрғаны жөн. Кешегі шақшақ Бөкенбайдың да не пиғылмен келгенін бір тәңірдің өзі біледі! Башқұртпен алыс-жұлысты күннен-күнге көбейтіп, орыс шекарасымен шиеленісті күнненкүнге күшейтіп отырған Сәмеке қарауындағы ұлысқа өз аяғынан барып, бұны өле алмай жүр дей ме екен! Алдап ертіп әкетіп, баяғы Дәулеткерей мырзаның кебін кигізбек шығар! Жоқ, онысы бола қоймас. Бірақ, екі қолын танауына тығып, бос барғанын көргесін, Орта жүз билеушілері қараптан-қарап отырар дейсің бе! Бұрынғы бұрынғы ма? Шын шиқыман енді басталар.

Мынау жым-жырт тыныштық тегін ғой дейсің бе? Бұлар осылай үн-түнсіз жатып алады да, төбедең түскендей қып бірдеңені бұрқ еткізе салады. Айтушылардың хабарына қарағанда, маңайдағы ауылдарда тағы да баяғы Маңтөбенің қасындағыдай астыртын жүріс-тұрыс, жиын-мәжіліс, күбір-сыбыр көбейіп тұрған секілді. Төбе-төбенің тасасымен суси жылысқан суыт жүргіншілер бұны мен Әбілқайырға соқпайды. Екеуін тағы да бөлектей бастады.

Елші күні бойы көзін іргеден айырмайды. Бірақ ешқайдан қылт еткен бөтен жолаушы көрінбейді. Көк мұнарға көмілген дөңбек жалдар өкпелеген кісідей дөңкиіп-дөңкиіп теріс қарап кетіпті. Мына даланың адамы түгілі жеріне дейін жымысқы. Көзін сатып отырған жатжұрттықтың ызасына тигісі келгендей еш шырай танытпай көк сағымға малынып қырық құбылып күлміңдейді де тұрады. Міне, жеті күн болды, төңіректен ешкім ат ізін салған емес. Құдды бұларды әлдеқашан жоққа санап санаттан шығарып тастағандай. Кейде бүйтіп пұшайман қып қойғандарынан қаумалап кеп шауып әкеткендерінің өзі дұрыс көрінеді. Бірақ, мынау қаскөй жұрт айтқанға көнбейтін қыршаңқы елшінің өкініштен өті жарылып, өз зәріне өзі тұншығып өлсін дегендей тұяқ серіппей тып-тыныш жатып алды. Дәл мынандай қыршаңқылық тек осылардың ғана қолынан келер.

Жаз да өтіп барады. Көкжиектің көзді алдайтын көлгір сағымы да сұйылайын деді. Бедірейген құла түздің үстіндегі безерген сұп-сұр аспаннан басқа көзге түсетін де ештеңе жоқ. Қарай-қарай төңіректе қанша адыраспан, қанша итсигек өсіп тұрғанын жатқа білетіндей болып алды.

Терістік бетте көз ұшындағы көк тастақтың тұмсығынан екі бұта қарауытатын. Кесірткеден басқаға сая болып жарытпас қос тапал қараған мынау көсенің иегіндей жылмық жазықтағы жалғыз көз қуаныш еді. Бүгін түс қайта, міне, сол екі бұта аяқ астынан төртеу болып шыға келгені. Тевкелев керегенің көгінің маңдайына батқанына қарамай ашық іргеден телміре түсті. Көзіне қос көрініп отыр ма, жоқ анау екі қарайған шынында да қимылдай ма? Қимылдайтын сияқты. Төрт қарайған біресе бір-біріне қосылып, біресе төртеуі төрт жаққа бытырай қашқандай болады. Екеуі жүргінші болсын, олар қозғалсын-ақ. Ал, бірақ баяғыдан бері көк тасқа жабысып жер бауырлап өскен екі бұта қалай, қимылдайды?! Шамасы, бұның ақылынан алжасайын дегені шығар. Көзі жасаурап барады. Әлгінде ғана көкжиекке қадалып тұрған төрт қарайған төрт қарашыбын болып көк аспанға көтеріліп барады. Ол жалма-жан көзін сүртіп қайта қарады. Әлгі төрт қарайған, шынында да, жұп-жұптан екіге бөлініпті. Арғы екеуі бұрынғысынан да құрдымдана түссе, бергі екеуі күдірейіп ірілене түскен сияқты. Мыналар, расында да, жүргінші болды. Бұл жападан-жалғыз ыржың етіп күліп жіберді. Неге күледі, неге қуанады... Әйтеуір, бір тірі жанның аяқ басқанына ма...

Қайдан шыға келгені белгісіз, жылмаңдап Юмаш жетіп келді.

— Тілмәш мырза, терістік жақтан екі атты көрінді.

Оның да дауысында қуаныш бар. Шамасы, мынау жым-жырт тыныштықтан жұрттың да іші пысайын дегені. Не де болса, анау екі атты көз ұшында ербеңдеп тұрып алмай тезірек жетсе екен...

Көрші үйлерден де қауқылдасқан дыбыстар шыға бастады. Енді бәрі іргеден көз алмай екі жүргіншіні тыпыршып тосты. Екі баран атты жүргінші елші қосының өздерін асыға күтіп отырғанын сезгендей баяғы сол бұлкек желісінен танбай қойды. Ауылға жақындағасын аяңға көшті. Аттарын маңғаз бастырып

желкеге кеп тоқтады. Алдарынан шыққан башқұрт жігіттерге жүгендерін керенау ұсынды. Аттарынан шіреніп түсіп, қамшының сабымен үстерін қақты. Сосын башқұрттардың біріне: «Алға түсіп, өзің баста», — деп белгі берді.

Қақ төрге шірене жайғасқан екеу әуелі қымыз ауыз тиді. Тақуалықтары қыстап бара жатқандай, қолдарын жайып ағарғанға бата қылды. Бір-біріне қарап қойды. Төр жақтағы сида сақалды сөз бастады. Оның әр сөзін оң жақтағы бұйра сақал бас изеп қостап отырды.

— Бізді ру басыларының кешегі өткен жиыны жұмсап отыр, — деді олар. — Ақсақалдар бір ауыздан елші мырзаның адамдарын өзінен бөлек жібермейміз, керек кезінде бәрін бірге аттандырамыз деп пәтуа қылды.

Тевкелев мынаны естігенде төбесінен жәй түскендей болды. Әлгі екі хабаршының сосын не айтқанын, өз қосынан қашан кеткенін, өзінің не істеп, не қойғанының еш бірін анық білмейді. Тек қасына қамшысын тізесіне басып еңгезердей боп Бөкенбай жайғасқанда барып есін жинады. Батырдың күн қақты қоңыр жүзіне, тозаң қонған бозғылт қас-қабағы мен сақал-мұртына қадала қарап біраз отырды. Дүниедегі ендігі сенері осы бір еңгезердей адам. Мына тамұқтан құтқарса тек осы ғана құтқара алады. Бірақ кейінгі кезде бұның да иіні салыңқы, қабағы түсіңкі жүр. Тек, әйтеуір, қайдағы пәлеге қайдан тап болдым деп опынып жүрмесе болғаны!

Елші әлденеден қаймығып отырғандай даусы дірілдеп сөз бастады. Сөйтсе, Бөкенбай бәрін біледі екен. Кешегі жиында өзі де болыпты. «Елшінің өзін ұстап қалайық та, адамдарын елдеріне жіберейік», — деп қанша айтса, өңшең өжеңдеген қызылкөз бой бермепті. Даурықпа тобырдың бір тобы: «Бұл шоқыншық ноғай біздің арамызға келгелі көргені зорлық пен қорлық. Оның адамдары ертең елдеріне барады да, мында не көріп, не қойғандарын айтып көздерінің жасын көл етеді. Оған ашынған ақ патша зеңбірегін күркілдетіп бізге салады. Оларды жылдан аса бірге қаңғып қай сайымызда құдық, қай жылғамызда бұлақ бар екеніне дейін түгел біліп алған мына сығырлар бастап келеді де, сайда санымызды, құмда ізімізді қалдырмай түгел қырып кетеді. Одан да сұмырай елшінің көзін құртып, су мұрын башқұрттарын ауыл-ауылға бөліп әкетейік», — деп бой

бермесе, Орта жүзден келген төрт би: «Мәмбет мырзаны нөкерімен бізге ертіп жіберіңіз. Елдеріне қайтарамыз ба, жоқ па, барғасын өздеріміз білеміз» — деп өзеурепті. Бөкенбай батыр қайта сөз алып: «Орыстарды ойларына не келсе, соны істейтін біздің қазақ екен деп қалмаңдар. Олар өз басшысының бұйрығынсыз тышқан мұрынын қанатпайды. Қазір елдеріне жіберсек, баяғыдағыны қазбалап жатпайды, қайта риза болып аттанады. Олар мынау жылқымен бірге жусап, қоймен бірге жайылып жүрген біздің жұртымыздан ештеңе дәметпейді. Ал, егер ақ жолтай елшісін өлтірсек, ақ патша бізді бүйтіп алшаңдатып қоймайды, бір күнде жетіп келіп көкемізге көрістіреді. Ондай арам ойларың болса, басқанды білмеймін, мына мен қол қусырып қарап отыра алмаймын. Елші түгілі қасындағы қара таяқ нөкерінің тұмсығын қанататын кісі табылып жатса, қолында өлем. Қол астымдағы ұлыстан тігерге тұяқ қалмағанша шайқас салам. Егер ақ патшаның елшісіне қол көтереміз деп, өз ағайындарымыздың қанын арқалағыларыңыз келсе, өздеріңіз біліңіздер!» — деп орынынан тұрып, шығыпты да жүре беріпті. Содан кейін не болып, не қойғанын білмеді. «Шамасы, әлгі сөздері әзір мынау қасыңыздағы нөкерден айрылып қалмау үшін ойластырған айла-шарғысы болар. Бұл желөкпе халықтан ондай сұмдық шығады деп те, шықпайды деп те айта алмаймын. Бірақ, кешегі сөзім сөз. Мен сендерді көзім тіріде ешкімнің зорлығына беріп қоймаймын!» — деді, қара торы жүзі одан сайын қабарытып.

Мұны естігенде елшінің көзіне дөңгелеп жас келді. Шашала тіл қатты.

— Батыреке, мың да бір рақмет. Шынында да, ендігі бар үмітіміз өзіңізде. Сіздің бұл жақсылығыңызды құдайдың да, адамның да алдында ұмытпаспын. Аманшылық болып, ақ патшаға жетер күн болса, аузыма алдымен өзіңіз түсерсіз. Сіздің бұл артықша қызметіңізді ол да аяқ асты қалдырмас.

Бұл сөзіне Бөкенбай да толқып кетті.

— Айтқаным айтқан, Мәмбет мырза. Мен сіздерді ол қорқаулардың тырнағына талатпаспын. Өз қолымнан жетектеп жеткізсем де, Уфаға аяқ асыртармын, — деп орнынан тұрды.

Елші көңілі біржолата орнықпаса да, батырдың мына сөзінен бір түрлі сабасына түсейін деді. Бірақ онысы көп ұзаққа бармады. Көкжиектен ерең-серең тағы да бір

төрт салт атты көрінді. Олар — Орта жүзден келген билер болып шықты. «Біздің ұлысқа жүрмесеңіз, Уфаға жібермейміз. Нөкеріңізбен бізге жүріңіз. Бізге соқпай қазақ жұртында болдым деп ақ патшаның алдын қалай көресіз!» — «Ау, Кіші жүзде болғанда бізге соқпай, олар бәйбішеден туған да, біз тоқалдан туыппыз ба!» «Аты жер жарған ақ патшаның елшісі бола тұра өйтіп сүйегімізге сынық түсірмеңіз». Бірінен-бірі өткен төрт сұңқылдақ қанша сылап-сипағанмен Тевкелев те илікпеді. Оларға да әнеугүнгі Бөкенбайға айтқанын айтып, күні кеше башқұрттардың қолынан отыз бірдей арысынан айрылып отырған ордаға қазір барса, ашу үстіндегі халықтың қаһарына ұшырап қалармын деп сескенетінін айтып сылтауратты.

Төрт би аттарына түнеріп мінді. Әнеугүннен бері іш пыстырады деп қарғап-сілеп келген жым-жырт тыныштық көзден бір-бір ұшты. Елшінің күндіз күрсінуі, түнде уһілеуі көбейді.

Сергей Костюков қаннен-қаперсіз. Тал түске дейін ұйықтайды. Сиыр сәскеде тұрады. Жан-жағындағы жапыр-жұпыр әңгімемен ешқандай шаруасы жоқ. Жуынып-шайынып, ысылдап-пысылдап шай ішіп алады да, хан ауылына қарай аяңдайды. Хан ауылы да үрпиісіп отыр. Ол ауылдың да ашық іргелерінен жан-жаққа тіміскілей қарап отырған бір көз. Үй-үйде сыпсың-сыпсың әңгіме. Ол ауылдағы ештеңемен шаруасы жоқ кісі Зердебай. Баяғы сол төрт қанат шатпаның ішінде баяғысынша көк ала түтін сап отырғаны. Бір күні жан-жағы ағаштың жаңқасына толып жатса, бір күні қиқым-сиқым былғарыға толып кетеді. Өзі ұста, өзі зергер, өзі етікші, ағаштан түйін түйетін шебер. Аспаннан қар жауып, дүниені қаран су алса да, өзінің керегі барын біліп болған адамдай айналадан хабар да сұрамайды, хабар да айтпайды. Біреу бірдеңе айтып жатса тыңдайды, өздігінен ешкімнен «не естіп, не көрдің?» — деп сөз қаузамайды. Мынау Сартайлаққа да әбден еті үйреніп кеткен. Ол келмесе елеңдеп отыратынды шығарыпты. Табалдырықтан аттаса, ыржың етіп басын бір изейді де, өзімен-өзі болып кетеді. Сартайлақ та нағыз жалықпас саппастың өзі. Төр алдына етпетінен түсіп ап, жағын таянып оның қимыл-қыбырына қарайды да жатады. Кейде күн батқанша ауыз жаппай әлденелерді сұрастырумен болады. Кейде күн батқанша

ләмим тіл қатпайды. Кейінгі кезде ауыз жаппауды азайтып, тіл қатпауды көбейтіп барады. Ауық-ауық есік жаққа қарап қояды. Есіктен бүгінде одан басқа ешкім аттап жарымайды. Анда-санда екі босағаны бірдей сықырлатып, сатыр-сұтыр аттап Бәйбек төлеңгіттің кіріп-шығатыны бар. Оны көрсе, Сартайлақ өз-өзінен тыжырынып қалады. Бәйбектің жүрісі де бір түйе жоғалтқан кісінің жүрісіндей. Алым-берімі жоқ, сәл тізе бүгіп отырып, жағдай сұраған боп қайта шығып кетеді. Зердебай ұста ол келгенде сазарып қалады да, ол кеткенде бір жымып қояды. Орақ тұмсық неменің діңкесінің неге құрып жүргенін біледі. Орда маңындағы қараша ауылдың қыз-қырқынын жағалау — хан төлеңгіттерінің үйреншікті әдеті. Бұл үйге де сол Торғын көзіме түсер ме екен деп келеді ғой. Торғын бүгінде ол түгілі бұның көзіне түсіп жарымайды. Соңғы айларда қараптан-қарап сылана беретін әдет шығарыпты. Күні кешегі бала, о да бой жетейін дегені ғой. Өтіп бара жатқан заман-ай! Зердебай оны ойласа бір күрсініп қояды. Бет-ауызы шешесіне тартқан ажарлы, мінезі бұған тартқан орнықты. Қол қусырып қарап отыруды білмейді. Осы үйдің отын-суы соның мойынында. Азғантай жандықтарына қарайтын да сол. Кәсіпқорға біткен мал отарға қосылмайды. Ауыл маңында жеке жайылады. Оны өріске айдап салатын, айдап әкелетін Торғын. Иығынан дорба түспейді. Тезек тереді, әкесі көрік қыздырар томаша отын жияды. Әйтеуір күні бойы үйге тұрмайды. Қолды аяқтай бала боп, кісінің көкесі боп өсіп келеді. Құдайдың тек тілінен байлағаны болмаса, басқа міні жоқ. Жалғыз қызы көзі жаутаңдап үйге кіріп-шыққан сайын Зердебайдың көкірегін бір уәйімнің суық ызғары шарпып өтеді. Бірақ, онысын баласына байқатпайын деп бір жымияды да, тық-тық балғасымен болып кетеді.

Күнде осы бір сарынды тіршілік. Сарытайлақ та осылай жатады-жатады да, бесін ауа Торғын келген соң, оның бет-ауызына бір қарап ап қосына қайтады. Есіктен қыз кіріп келгенде жымың етіп орынынан көтеріліп қағаз-қаламын суыра бастайды. Тақтайға қадаған қатырма қағаздың бетіндегі шимай күннен-күнге бір таныс кейіпке көшіп келеді. Сарытайлақ Торғынды оң жаққа тізе бүктіріп отырғызып қойып, оған бір қарап, қағазға бір қарап шимайлай жөнеледі. Қанша дегенмен, жас немелер ғой, бір-біріне қарағанда беттеріне қан

теуіп күренітіп алады. Бірақ, екеуінің беттерінде балаға тән аңғалдақ пен адалдықтың табынан басқа ештеңе білінбейді.

Бүгін де Сарытайлақ бесін ауғанша жатты. Бесін ауғасын тыпыршып отыра алмады. Зердебаймен қошта-сып қосына қайтып кетті.

Зердебайдың үйінен шыққан Костюков аяғына жем түскендей ілбіп келеді. Ауық-ауық артына жалтақ-жалтақ қарап қояды. Иығына бір дорба тезек асып ап үйіне қайтып келе жатқан Торғын бәрібір көрінбеді. Костюковтың көңілі құлазып не істер, не қоярын білмеді. Қосқа қарай беттеген сияқты еді, бірақ аяғы әлдеқайда алып қашып беті ауған жаққа лағып келеді. Қайда келеді, оны өзі де білмейді. Мынау құла түзде сенделгенде де, маңдайыңды түзер нысана табыла бермейтін. Елшілік қосынан да, хан ауылынан да желке жақтағы қос қарайған көзге ұрып тұратын. Бұл да, міне, солай беттеді. Қос қараған өскен көк қасқа тастақ сиырдың тіліндей салпыншақтана созылып барып терең сайға жалғасады екен. Сай басы жақпар-жақпар тастан басталып, аяғы жайдақ қара қолқаға ұласып кететін болса керек. Сергей Костюков, неге екені белгісіз, сол сайды көргісі келіп кетті. Тастаққа жаңбыр жауғанда су түсетін көрінеді. Ірілі-ұсақты малдардың қураған тезегі көп ұшырасты. Еңсесі төмен түсіп келе жатқан Костюковтың көзі жылт ете қалды. Торғын тезекті осы арадан теретін шығар-ау!.. Алақтап жан-жағына қарады. Бірақ баланың алақанындай кішкене тастақ құлазып бос жатыр. Маңайда анау жымпиып жатқан жұмбақ жұлгеден басқа көз тоқтатардай ештеңе жоқ. Костюков соған беттеді. Жақпарланып басталатын жіңішке сайға жалғыз аяқ қасқа соқпақ құлайды екен. Қасқа соқпақ сай табанына апармай тоқтамаймын дегендей сумаңдай жөнелді. Сай бойынан бір дымқыл леп есті. Шамасы, маңайда бұлақ бар тәрізді. Екі қапталдан түнере төнген көлеңке ұзара түсті. Костюков бір түрлі елегізіп кетті. Бірақ не де болса, ілгері жүрді. Аңғар сайға тереңдеген сайын тұла бойы тітіркеніп, мынау қара көлеңке тар қамашаудан кеңге шыққанша асықты. Кенет алдынан орағыта құлаған жақпар мүйіс ұшырасты. Жақпар мүйістен әрі қарай сай табаны жайдақтанып сала берді. Жайдақ қолатқа қалың ши

өсіпті. Қалың шидің арасынан тысыр-тысыр дыбыс шығады. Ауыл маңынан ұзамайтын азғантай жандық малдың осында жайылатын түрі бар. Шамасы, Зердебайға біткен тұяқ та осы арадан қорек айыратын шығар. Ендеше, Торғынды осы маңда ұшырастырып қалуы мүмкін...

Бала жігіт жүрегі лүп-лүп етіп асыға аяңдады. Қалың ши төңіректі көлкештеп алған. Жайылып жүрген малдың пысқырғаны, тұяқ тысыры естілгенмен өздері көрінбейді. Кенет алдыңғы жақтан ат пысқырғандай, ауыздық сылдырағандай болды. Костюков қалт тоқтады. Қасындағы жуан түп шидің тасасына барып ілгеріге көз тікті. Бір жал-құйрығы төгілген баран ат жайылып тұр. Аяғын тұсап, жүгенін сыпырмай, ауыздығын бос салыпты. Өзі ерттеулі. Сай бойынан өзі ұнататын шөп көрді ме екен, анда-мұнда шапшып жайылады. Бұл неғылған ерттеулі ат? Елсіз сайға кеп ат жайған бұл неғылған жолаушы? Костюков аңтарылып тұр. Ілгері жүрерін де, кейін қайтарын да біле алмады. Ілгері жүрер еді — мына баран аттың иесінің неғылған адам екенін, не істеп жатқанын кім біліпті? Кейін қайтар еді — мынау елсіз сайда жалғыз жайылып тұрған баран аттың жай-жапсарынан бірдеңе білмей тұрып қалай қайта алады?! Баран ат қаннен-қаперсіз, ауыздығы сылдырап шапшып-шапшып қояды. Бұл әлгі шидің тасасында тырп ете алмай әлі тұр. Кенет аттың арт жағындағы қалың ши қозғалғандай болды. Әлдекім келе жатқандай. Өне бірдеңе қылаң етті. Боз шекпенді біреу. Қазақтардың шиді топтап-топтап беліне салып тартып қалатынын, сонда бір уыс ши күтір етіп суырылып шығатынын, оның қабығын аршып, сыртына қызылды-жасыл жүн орап, ақ бақанды көлденең құрып, оның екі жағына қалақ-қалақ тас теңдеп, үйге ұстайтын әдемі жасау тоқып шығатынын Костюков талай жерде көріп жүр. Шиді көбіне еркектер тартып, әйелдер тоқитын. Бірақ мынау қалың шидің арасында басы ғана қарауытып жайбарақат кезіп келе жатқан боз шекпенді адам ши тартып жүрген кісіге ұқсамайды. Біреумен сөйлесіп келе жатқандай арғы жағына шұқшия бұрылып апты. Өне қалың шидің арасындағы алаңқайға да шықты. Қасында біреу ілесіп келе жатыр. Көйлегі шұбатылған әйел. Боз шекпенді оны бауырына тартып құшақтай ұстапты. Ар жағындағы әйелдің тек делендеген көйлегінің етегі ғана көрінеді. Екеуі жайылып жүрген баран аттың қасына барды. Әйел

аттың тасасында. Боз шекпенді еркек еңкейіп атының тұсауын шешті, әйел буырыл аттың жалынан ұстап жаяу барады. Екеуі жайдақ сайдың бір жақ қапталына шығып жатқан жалғыз аяқ сүрлеуді бойлап кетіп барады. Сайдың жиегіне жете бере тоқтай қалысты. Аттың тасасындағы кісі қасындағы әйелге құшағын созып еңкейіп сүйді. Әйел артына бір бұрылып қарап сайдан шығып кетті. Баран атты әлгі орынында қалқып біраз тұрды. Сосын атына мініп, сайды бойлап төмен тартты.

Костюков қалың шидің тасасында ербиіп әлі тұр. Тысыр-тысыр ат жүрісі де естілмей қалды. Жым-жырт сайдың бойында жападан-жалғыз қалғанына көзі әбден жеткен соң барып ізінше кері қайтты. Манағыдай ентелемей ілбіп жай басып келеді. Мынау аран қара сайдың қара көлеңкесіне де елегізген жоқ. Бірақ бір түрлі қараптан-қарап көңілі құлазып қоя берді. Әлгі адамдар мұнда неғып жүр? Әлгі әйел кім? Баран атты кім? Көкірегіне ойда жоқ орныққан осы үш сауалға ол ешқандай жауап таба алмады, өз ойымен өзі болып келе жатып төңірегіне көз де салмапты. Күн еңкейіп қалған екен. Хан ауылы жаққа қарап еді, Зердебайдың үйінің алдында жер ошақ басында әрлі-берлі көлеңдеп Торғын жүр. Ол үйге енді баруға кеш. Амалсыз қосына қайтты. Кешке жатарда Костюков манағы көргенін Цапаевқа айтып еді. Дөкір неме мазақ қылды.

— Қатын мен еркектің елсіз сайдың бойы түгілі үй алдындағы шошалада екеуден-екеу оңаша қалса, не істейтіні белгілі емес пе? Соған да ақылың жетпей ме, маубас неме?

Сергей Костюков бір бұрқ етіп теріс аунап түсті.

Өз іргеңді өзің қымтап, өз қайғыңмен өзің болған тағы бір ай өтіп барады. Төр алдында жата-жата жамбасы ұйып қалған Тевкелев аяқ-қолын созбаққа сыртқа шығады. Сыртқа шыққанмен "көз тоқтатар, көңіл алдарқатар ештеңе таба алмай, қайтадан ішке кіреді. Ішке кіргесін де көңілі байыз таппай, не істеп не қоярын білмейді. Баяғы сол сыңғырама сандығын барып ашады, баяғы сол былғары қапты қалың дәптерін тауып алады. Ішін ашып оқи бастайды. Бәрі де сол белгілі хикая. Оқымай-ақ көңілінде жатталып жатқан оқиғалар. Кейінгі сентябрь айында жазу түсіп жарымапты. Оған қарап ол айда ештеңе болмаған екен деп ойлауға

болмайды. Қайта бұны қақпанға түскен бөрідей қан жылатқан ең ауыр ай, ең пәлекет ай сол болды. Бұрын әйтеуір ілуде біреу соғып тұратын. Бұрын әйтеуір анда-санда шығып қайтқан серіктері ауыз толтырарлық хабар айтып келетін. Ал сентябрьде оның ешбірі болған жоқ. Әйтеуір ине жұтып қойған иттей тызалаңдаған тіршілік. Қасындағы нөкерлері елге әне қайтамыз, міне қайтамыз деп көптен күбінулі. Бұның көзін ала беріп сыпсыңдаса жөнеледі. Айтатындары — сол баяғы Уфаға қайтып аман-есен аяқ асырып алатындарының жайы. Ал бұның сол іргеге телмірген, есікке телмірген басыр күйі. Бұрын күн ыссыда іргені түріп қоятыны бар еді, енді таң суып, сол түрулі есіктен басқа төрт болған көзіңді төңірекке салдырар саңлау қалмай барады. Үй сыртында қашанғы қалқиып тұрарсың. Сентябрь солай сенделумен өтті. Бүкіл ай бойына белдеуіне бар болғаны екі рет қана ат байланды. Бір рет Шерін Дөндіктің Сәмекеге тұтқын даулап бара жатқан екі елшісі соқты. Ол екеуі бұны біраз хабарға кенелтіп кетті. Доржы Назаровтың Шерін Дөндікпен ашықтан-ашық айқасқа шыққаны рас көрінеді. Бүкіл ұлыс атқа мініп ереуілдеп кетіпті. Екі елші күндіз қалқа-қалтарыстарға тығылып, түн бойы сәуір салып, ереуілшіл ұлыстың үстінен итшілеп зорға өтіпті. Бір байқағандары — Доржының еліндегі өрттің исі қазақ даласында да көңірси бастапты. Батыр сұлтанның қол астындағы ауылдардың қай-қайсысының да желкесі қаңтарулы аттан көрінбейді. Қазақтардың бүйтіп тал түсте ат қаңтарып жүргендері тегін емес сияқты.

Қалмақтың екі елшісі Сәмеке ұлысына аттанып кеткен соң екі күннен кейін қасында үш кісі жолдасы бар Қосбармақ деген қазақ келді. Көктемде қалмақ ұлысына барып сауда жасап қайтамыз деген сегіз адамын жолдағы Жайық казак орыстары ұстап қалып жібермей отыр, соларды босат деп қолхат берсейші деп жалынды. Елші де безеріп алды. Кейінгі кезде Жайық бойында да, Тобыл бойында да қазақтардың орыс қоныстарына тиісуі көбейіп кетті. Әулекі біреулер бұған қыр қылып орыс тұтқындарын қолдарын қыл арқанмен буып, ауыл сыртынан айдап өтеді. Анада Әбілқайыр аңнан келе жатып сондай төрт орысты шырылдатып ат көтіне өңгеріп бара жатқандарды көріп қап, соңынан қуып жетіп екеуін әзер айырып алыпты. Елшінің есіне сол

түсіп, Қосбармақтың жалынып-жалпайғанына илікпей қойды.

— Зорлықты батпан бөксе жуан ауылдар жасайды да, зардабын жүдеубас біздер тартамыз, — деп күйініп, ол кетті.

Содан соң ешкім ат ізін салмады.

Енді, міне, сентябрь өтіп, октябрь туды. Жылмаң төс Юмаш тағы бір тосын хабар тауып әкелді. Қазақтарға Доржы мен Лобжыдан тағы да бір елші келіпті. Аты — Бөлек. Сол Бөлек: «Ақылдарың болса, Әбілқайыр мен Бөкенбайдың айтқандарына ермеңдер. Есет үшеуінің көзін құртыңдар. Ақ патша жарылғаса, баяғыдан бері қол астында отырған қалмақтарды жарылғамай ма? Аюкеден қалған жалғыз шаңырақты қарқалази еткенмен, қалғандарымызды қан қақсатып отырған жоқ па?! Ертең сендерге де соны істейді. Әлгі Әбілқайыр, Бөкенбай, Есет — үш жәреукелерінің ауызынан ақ майды ағызады да, сендерді көк мұзға жалаңбұт отырғызады. Желкелеріңнен көк сүңгісін оқтап тұрып алғанда мына күндеріңе зар болғандарыңды бір-ақ білерсіңдер. Одан да бізге қосылып, патшаға қарсы соғыс ашайық. Олай ететін болсаңдар, біз сендерден алған тұтқындарымызды түгел қайтарып береміз. Арамыздағы өткен-кеткен ашу-араздың бәрін ұмытамыз», — деп үгіт таратып жүрген көрінеді. Бұл жолы қазақтардың әлгі арапшының айтқанына едәуір ылығып қалған түрлері байқалады. Екі арыстан жиырма мың әскер жиып қалмақтарға қолғабыс береміз деп желпініп жүрген қызылтанаулар жеткілікті көрінді. Олар ақ патшаның елшісіне енді ешкіммен кездестірмейміз, ешкімге хат жазғызбаймыз, ешқайда аттап шығартқызбаймыз, жасырынып еліне қашып кетуіне жол бергізбейміз деп жағалай қадағалау қойғызыпты. Бәсе, соңғы күндері алыс-алыс жалдардың басынан әлдеқайда әлдеқандай бір жүргіншілер өтуші еді. Ешқайсысы не бұның қосына, не хан ордаға бұрылып соқпайтын. Көкжиектен қылт-қылт көрінетін де, қайтадан жоқ боп кететін. Хан ауылынан анда-мында шығып тұратын Нияз сұлтан тағы да қап-қап хабар өңгеріп қайтатын боп жүр. Күйеу баласының аулын күні-түні ат қамайды да жатады дейді. Бұны бұрынғыдай жалбырай қарсы алмай, ерқашты аттай қыржындап қалатынды шығарыпты. Ұры тазы құсап Барақ ұлысының жігіттері сұқақтайды да жүреді. Әйелдердің де талай өсекке кенеліп қалған түрлері бар.

Батыр сұлтан баласы Қайыпқа Барақ сұлтанның қызын әйел үстіне алып бермекші көрінеді. Сонда Қайып қарындасын алып отырған Кіші жүз ханы Әбілқайырға да, қызын алғалы отырған Орта жүз сұлтаны Бараққа да бірдей күйеу, бірдей жұрағат болмақшы. Өткен қыста Батырдың Өсеке тұқымымен сүйек жаңғыртуға сонша неге өліп-өше қалғанының сыры да енді анықталды. Күйеу бала боп сызылып-мызылудан құтылып, құдандал боп терезесін тең ұстауға асыққаны екен ғой. Баласына Өсеке тұқымынан тағы бір қызды қосақтап, өз басына бостандық алса, енді оған Тұрсын тұқымынан қыз алып беріп, баласының басына бостандық алып бермекші. Бір ауылдың дербес күйеуінің қайын жұртымен қажасып жатпағы әдепсіздік, ал екі іргелі ауылдың ортақ күйеуінің қай қайын жұртына қырын қарап, қай қайын жұртына оң қарауы өзінің еркі. Соны жақсы білетін сұңғыла сұлтан әуелден бір-біріне тіс қайрап өткен екі әулеттің екеуімен де құда боп, екеуін алма кезек саялап, екеуін алма-кезек қарап қыт-қытпен күн көрмекші. Біраздан бері іргесі ажырамай бүтін отырған жанарыс ауылдарына алыста жатып азуын айға білеген Барақтың ықпалының өте бастауы көп ұзамай бір топалаңға ұрындырмай қоймады...

Қандай атқа мінсе де, аяғы салақтап жерге түсіп кететін, қуанышта да, қайғыда да — қандай жағдайда да, аузын ашса, көмекейі көлкілдеп көрініп тұратын осы бір мылжыңбас сұлтанның әңгімесіне Тевкелев те көп илана қоймаушы еді, бірақ осы жолы қай сөзі де, көңіліне тебен инедей қадалып-қадалып тұрып алғаны. Хан ауылына қайта-қайта адам жүгіртеді. Күні-түні құлағы түрік. Бірақ, жіпсіз маталып отырған көр құлақ елшіге мардымды ештеңе естіле қоймады. Бәйбек Ағлұқ Бөкенбайдың ауылына соғып қайтқан екен. Уфадан келіп жатқан саудагер қазақ Жаубасар Қасболатовтан қоржынның екі басын толтырып үнді шәйін әкеліпті. Оны өзіне шақыртып алып, воеводаға хат беріп жібермек. Күндіз бұл ауылдан ешкім хан ордадан басқа жаққа аттап шыға алмайды. Тымырайып жатқан қара жалдардың ар жағында оларды қандай қауып күтіп тұрғанын ешкім білмейді. Ай бата Таймасты Бөкенбайға жұмсады. Астына меңсіз қара мініп, үстіне мөлттей қара киіп, қара сойылды тақымына басып, талай барымтаны бастан кешкен Таймас батыр қара түнге сүңгіп жоғалды.

Ертеңіне күздің күні жылдай ұзарып батып болмағаны. Тевкелев те тызақтап кіріп-шығып отыра алмағаны. Башқұрт билерін жиып ақылдасты.

— Таймас, аман-есен жетті ме екен?

— Жетпесе, ендігі бір хабары шығар еді ғой. Жан-жақтың тым-тырыс жатқанына қарағанда, аман-есен жеткен болар.

— Ал, бүгін екеуі торушыдан қапысын тауып өте алар ма екен? Жолдан ұстап ап, бізбен сөйлескізбей кері қайтарып жіберсе қайтеміз?

Башқұрттар әрі ақылдасып, бері ақылдасып амал тапты. Текелев пен Юмаш жарық барында киімдерін өзгертіп хан ауылының қой тоғытып жүрген адамдарына қосылып өзен бойына барады да, жұрт ауылдарына қайтқанда тоғыттың маңындағы шоқ тоғайға жасырынып қалып қояды. Қараңғы түсе Юмаш қалтарыстан шығып, Бөкенбайдың ауылынан келе жатқан Таймастың жолын тосып, Жаубасар екеуін тығылып жатқан Тевкелевке апарып жолықтырады.

Күн батып, ымырт үйіріле елшілік қосы мен хан ордасы отырған тепсеңнің ту сыртындағы құныс бел қара ормандай қарауытып шыға келді. Кейінгі кезде елшілік қосына да бір қозғалыс біткені қарсы жақтың назарына ілініп қалса керек.

Бір жағы жарлауыт, бір жағы ойпаң жыланшық өзеннен қырға қашып сексие біткен бір шоқ талдың арасына етпеттей жығылған Тевкелев пен Юмаш қауқылдасып хан ордаға қарай жылысып бара жатқан шолғыншы топтарды көріп жатты. Маңайда аяқ басылып, түн қоюлана Юмаш Бөкенбай ауылынан келетін адам осы маңнан өтеді-ау деген тұсқа барып қарағанды қара жүлгенің арасына жатып алды. Түн ортасы ауа екеуі де қара киініп, қара мініп, аттарының тұяғын дүсір шықпасын деп киізбен таңып, үнсіз жылжып келе жатқан екі елесті Юмаш сонадайдан көзі шалып қалды. Бұқпақтап барып тізгіндеріне жармаса кетті. Шошып қалған, талдың арасында үсті-басы әлем-жәлем боп күтіп тұрған Тевкелев Жаубасарға жағдайды келте баяндап, қойын қалтасынан көнетоз әптиек шығарды.

— Кошелев мырзаға апарып бер, — деді.

Воеводаға хатын әптиектің соңғы бетіндегі ашық жерге кітаптың өз жазуынан аудармай әдемілеп арап хәрпімен орысша жазып еді.

Жаубасар қою қараңғыға қайта сүңгіді. Елші екі серігімен сай бойынан шыға берді. Әлдеқайдан шаң-шұң дауыстар шықты. Жаубасар бұта-бұтаның тасасында тығылып жатқан торуылшылардың төбесінен түссе керек. Шаң-шұң әңгіме көп ұзамай басылды.

— Енді қолыма түссең, көзіңді құртам. Бұл араға аяқ басушы болма, — деп біреу кіжінді.

Жаубасарды босатқан секілді. Тұла бойынан киелі кітаптан басқа сезікті ештеңе таба алмаған сияқты.

Қарашаның қара суыққа ұрынбай май тоңғысыз боп өтер түрі бар. Аспан ашық. Көз жетер жерде көңіліңді жабыр-қатардай ештеңе жоқ. Керілген дала кенезесін кептірген ыстықтан құтылғасын етек-жеңі кеңіп далия түскен. Мизам шалған шөп басы күміс шашқандай күнге шағылысып жарқ-жұрқ етеді. Ауылдар тағы да көген құрып, қой қосақтап күзем алуға кірісті. Бірақ қай ауылға барсаң да, қырықтық басынан қатын-қалаш пен кәрі-құртанды ғана көресің. Тепсе темір үзетін тегеурінді жігіттер жым-жылас. Олардың бәрі ат үстінде. Бірақ жағаласып жатқан жаулары жоқ. Ауыл мен ауылдың арасын шаңдатып, ер үстіндегі изендескен ерсілі-қарсылы бір жөңкіліс.

Күні-түні топылған қара нөпір аттан талай ауылдың үсті тозып, үзіктерін тозаң көмді. Бірақ, ондай топылысқа басқа ренжісе де, Батыр сұлтанның ренжи қояр түрі көрінбейді. Қиыр-қиырдан жарақтанып келген жау түсірер жігіттердің қарасы көбейген сайын көңілі тоғая түседі. Олардың кеңк-кеңк күлкісі мен кергіме дауы да құлағына майдай жағады.

Бір төлеңгітін әдейі жиылып жатқан жігіттерді санауға қойды. Екінші төлеңгіті кермедегі аттардың он тақымындағы айқұш-ұйқыш таңбаларға сығырандап әлек. Жігіттің саны төрт мыңға жетіп қапты. Кермедегі аттардың санынан тек алты шектінің ғана емес, исі алшының талай руының таңбасын табуға болады. Әзірге көзге ілікпей тұрғаны жеті рудың ғана таңбалары. Соған қарағанда хан маңайының тақырлана түскен сыңайы бар.

Кейінгі жылдары Қайыптан қалған көне орда қақырадай боп ағарды. Қашанғы қайың шаңырақтан басқаның бәрі жаңарған. Сырдың аяғындағы қарақалпақ миясарлары басып берген қан күрең тор көз керегелерді көрерге көз керек. Қыпша бел бойжет-

кендердей сылаңдаған сүйрік уықтар да иінді-ақ. Есік пен төрі ен жайлау сегіз қанат ақ орданың іші қызылды-жасыл. Оның көбі осы соңғы жылдары жиылған. Көрші Бұхара, Хиуа хандықтарынан келген тарту-таралғы. Кейінгі кезде қошаметшіл жұрт: «Хан орда сіздің орданың қасында жетім қыздың үйіндей екен», — дегенді көп айтып жүр.

Батыр өз ордасына жұртты көп кіргізе бермейді. Келім-кетімді басқа үйде қабылдайды. Мұнда қадау-қадау сенімді кісілер ғана аттайды. Бұрын өз ауылына туралап келе жатқан кісі көрсе, алдынан шығып қарсы алғысы кеп табаны қышып тұрар еді. Қазір іздеп келген мейманды қоналқы үйде саржамбас қып күткізіп қоятынды шығарып жүр. Міне, екі-үш күннен бері сый қонақтар түсетін жасаулы үйде Барақ ұлысынан келген екі-үш жігіт алдын көре алмай сарғайып жатыр. Олардың неге келгені де белгілі. Сондықтан да күткізе түсті. Өйткені, бұл ойланбай жауап қайтара салар оңай шаруа емес-ті.

Анада көктемде шаруасы шығып Әбілқайырдың ауылына барып қайтқан Барақ ұлысының кісісі Жансары жол-жөнекей бұған соғып бір тосын хабар айтқан-ды. Оны естігенде бұл ішін тартқан. Ақ пен қызылдың арасында солаң етіп кіріп келген әлгі қаба сақал суық хабарын Бараққа да жеткізіпті. Көкейіндегі қызыл құрт көмекейінен басын қылтылдатып тұратын көкіме неме араға апта түсірмей, бұған бір сенімді жігітін жұмсапты. Қалтасына хат салып беріп жіберіпті.

Ол жігіт өз ағайындарынан қысастық көріп қашып шығып, Батырдың панасына кеп бассауғалаған рай танытты. Сабазың менің балам болсын дейтіндей сүйкімді неме. Жазық маңдай, қыр мұрын, жайнақ көз.

Батыр сұлтан оны жеке ұстайды. Көп ешкімге қоспайды. Оңаша шақырып тапсырма береді. Оның не істеп, не қойып жүргенін бұл ауылда Батыр, ана жақта Барақ қана біледі. Қонақ үйдегі үшеу сол шаруадан не өнетінін білмек. Батыр үйінен шықпай қабырғасымен кеңесті. Қанша дегенмен, өзі бір кісінің жүрегін тітіркендіретіндей тосын шаруа еді. Бірақ, бұл жолы тәуекел етпесе, қолына бірте-бірте бой үйретіп келе жатқан бақыт құсы пыр етіп қайта ұшып кетуі әбден ықтимал. Қазақтың бас ноқтасына қолымды енді жеткізем бе деп отырғанда, ол бақытынан өзі айырылып қалғысы келмейді. Онысын мынау төңірегіне төрт

тараптан жиылып жатқан қарақұрым жұрт бет-бетіне шашырап безіп кетеді ғой. Сосын оларды маңына қайта жинап алып көр! Мансап деген де етегін жел ашпаған балапан бойжеткеннің уыз ықыласындай өтпелі неме көрінеді. Дер кезінде қапы жібермей қауып қалмасан, өмір бақи өкінумен өткенің. Ал, бұл жолы ойланбай-толғанбай көз жұмбайлыққа басуға тағы болмайды. Ел алдында біреуді масқара етем деп жүріп, өзің масқараға ұшырап қалып жүрсең...

Батырдың ойы олай бір көлбеп, былай бір көлбеп, ақыры бір шешімге келген сияқты. Не де болса, елшіні тап осы қалпында еліне аман жіберіп қоя алмайды. Не де болса, Өсеке тұқымын бүйтіп басқа секіртіп қоя алмайды. Ендеше, бір қанды оқиғаға бел бумай болмайды. Ол үшін тек ел үстіндегі игі жақсылардың ауызын алу аз. Жалпақ жұрттың өзі сенің жағаңа шығуы керек. Әбілқайырды сыртынан қанша ғайбаттағанмен дегеніңе жете алмайсың. Ол үшін одан жұртты біржолата түңілтуің керек. Сонда ғана сенің қан төккен қылмысың қасиетке, қараулығың ерлікке айналып шыға келмекші. Міне, сонау мамыр айынан бері жер түбіндегі Барақтың күнара кісі шаптырып құлағына құйып баққаны осы. Оны қайтып жүзеге асыратынын да өзі айтып берген. Бұл жайында ешкімге тіс жарып көрген емес. Тіпті Жалтыр мен Қосыбай да білмейді. Ертең болары болып, бояуы сіңген соң барып төбелерінен бір-ақ түсірмек. Егжей-тегжейлі хабардар тек Барақ екеуі ғана. Барақты бұрын арам шеміршегін аспанға төсеген әңгүдік біреу көретін. Сөйтсе, білмейтін қулығы жоқ қырық қалта қырқылжыңның нағыз өзі екен. Батыр сұлтанның шалғайына қолым тиді ме, тимеді ме дегендей Қайыпқа қызын теліп жүрген де өзі. Оны да төбедең түскендей қылмай, жер түбінен тұспалдап жеткізді.

— Өзіңді де, балаңды да Өсеке тұқымына кіндіктен байлап тәуелді қып қоямысың. Жігіттің жеті мүшесіне жеті әйел деген. Қайыпжанға қалған әулеттерден де бір-бір төс жегіз. Өсеке балалары саған сосын қалай кекірейе алар екен!

Барақтың бұл сөзі де көңіліне бірден қонды. Құшақтасып құйрық-бауыр асаспаса да, жекжаттықтан қаша қоймайтын рай танытып еді, екі арыс ел бұлардың құдандылығынан құлақтанып үлгерді. Құлақтандырып жатқан да бұл емес, еріні епсекті барақтың төңірегін. Одан, бірақ, айылын жиып отырған бұл жоқ. Күні кеше

«Өсеке тұқымының қол баласы» деп кекетіп жүргізбейтін кергімелердің бірі бүгін өзі кеп, қызының етегін бұның баласының шалғайына байластырып, онысына ақ түйенің қарыны жарылғандай алақайлап қуанып, өткен-кеткеннің тізгініне оратылып сүйінші сұрап жүрсе, масаттанбаса, неге ренжісін!

Болашақ құда жатса-тұрса мұның қамын ойлап, күнара бір атшабарын аяғын салақтатып жібереді де тұрады. Кешегі келген үш жігіттен жіберген хатын оқығанда қайран қалды. Бәрін қолмен қойып, көзбен көргендей қып мөлдіретіп жазыпты.

«Егер сөйтіп жатса, бүйткеніміз дұрыс», «ал бүйтіп жатса, өйткеніміз дұрыс». Әйтеуір қапы қалмайтындай қып барлық жағын қарастырып бағыпты. Төңірегіне топтасып жатқан қату қолдың көптен кіжінгенмен аттап өте алмай келе жатқан ала жібін қазақтың кіндік араласы шешіп бермек. Егер бұл ойлағандары іс боп шықса, мен қазақпынның бәрі Әбілқайырдан теріс айналып шыға келетіні сөзсіз. Бірақ оған дейін де солқылдақ ру басыларын ушықтыра, өшіктіре түсу керек. Ол жолда қандай тәсіл, қандай айладан да тайынуға болмайды.

Батырдың енді ойланып-толғанатын реті де жоқ екен. Жарақты көптің басын құрап алғасын не ойланатыны, не толғанатыны бар! Енді тек тәуекелге мінуі ғана қалды. Дауыстап сырттан төлеңгітін шақырды. Едірең басып төлеңгіт кірді.

— Бар, әлгі кірмені шақыршы...

Төлеңгіт ештеңе аңғармасын деп жайбарақат сөйледі.

Үстінде құс таңдай сап тоқыған түйе жүн шекпені бар, сусарбөрікті, сұрша жігіт табалдырықтан еппен аттады. Сексеуілдің шоғындай жылт-жылт еткен екі көзін сабаудай-сабаудай қою кірпіктің астына көміп, оң қолын көкірегіне апарып тағзым етіп тұра қалды. «Еркек адамның мүләйім болғаны неткен жексұрын! — деп ойлады ішінен мынау тал бойында бір міні жоқ сұлу жігітті жақтырмай қалған Батыр. — Бұндай жылысу немелерді көргенде он екіде бір гүлі ашылмаған бала қыздарда ес қалады дейсің бе? Барақ қу қайдағыны қайдан тауып жіберген!..»

— Қалай, айтқан тапсырма орындалды ма?

Мәймөңке жігіт басын изеді.

«Үн қатпауын қарашы... Бірақ үндегенде де не дейді бұл сығыр...»

— Қанша рет жолықтыңдар?

Жігіт қапелімде тамағы құрғап қалғандай шашала тіл қатты.

— Сол... төрт-бес рет...

Екі беті ду қызарды.

— Бара бер!

Жігіт зып беріп шығып кетті.

«Төрт-бес рет кездесе, екеуі оңаша сайдың бойында көсік қазып жүрмеген шығар» — деп ойлады Батыр мұртынан күліп.

Май тоңғысыз шуақ көзден бір-бір ұшты. Аспанның көкірегі аяқ астынан ит талағандай жұлмаланып шыға келді. Әлдебір құдірет терістіктен күнгеіге қарай шудаларын желкілдетіп мың-мың бура айдап өткендей, қара сұр бұлттар ертелі кеш түйдек-түйдек көшеді де жатады. Жерге кейде ақ жалқаяқ бірдеңелер түсіп, олары сол бойда еріп кетеді. Олардың неге жөнкілісіп жүргені белгісіз. Ал жердегілердің неге астарынан су шыққандай сергелдеңге түсіп жүргенін әркім-ақ білетінге айналды. Жал-жалдың тасасына тығылып тың тыңдаған құлақтарды селт еткізер жаңалық күн өткен сайын көбейіп барады. Уфадан елшіге Қауым Топаров деген башқұрт келіпті. Қасына ерткен он кісі саудагері бар. Орта жүздің жерінен асып, Кіші жүздің жеріне жете бергенде бір терең сайдан тондарын теріс айналдырып киіп алған елу қаралы әлем-жәлем біреулер шыға кеп, соңдарындағы керуендерін жетелей жөнеліпті, өздерін местей қып сабап жол бойына тастап кетіпті. Ол бұзықтардың екі арыстың қайсысына жататынын да ешкім білмейді. Қауым Топаровты воевода Кошелев Тевкелевтің хабарын біліп кел деп жұмсапты.

Арада он шақты күн өткесін Шерін Дөндік пен Лекбайдан үш салт атты хабаршы келді. Екі қалмақ билеушісі Әбілқайырға хат жолдапты. Онда қалмақ тайшыларының арасында алауыздық барын, бірақ оған қалмақ ханының еш қысылмайтынын, өйткені орыс жандаралы Борятинскийдің қол астында елу мың атты әскер, отыз мың жаяу әскер, үш мың зеңбірек қай жақтан «аттандаған» айқай шығар екен деп жаланып тұрғанын жазыпты. Оны өңшең қоқан-лоқының

ортасында қалған Әбілқайырға қобалжымасын деп орыс әкімдері әдейі жаздыртып отырғаны белгілі болды.

Бірақ, жер түбіндегі генерал-губернатордың мұндай жұбату хаты ханға да, елшіге де басу бола алмады. Өйткені, қазақ ұлыстарының қай пұшпағынан да келіп жатқан хабарлар бұл екеуінің мойынына қыл тұзақ бүгін түспегенімен ертең түсетінінен сыңай танытып баққан-ды. Батырдың маңындағы әскер күннен-күнге көбейіп барады. Алты шектіні былай қойғанда, Әлім мен Бай ұлының басқа ауылдары да Батыр сұлтанмен ауыз жаласа бастапты. Қайып баласы Сәмеке, Әбілмәмбет, Барақ ұлыстарымен де ат құрғатпай хабарласып тұрады деседі.

Хан орда мен елші қосы мынау аламан-асыр сең жүре бастаған ұлы дарияның ортасындағы қос аралдай. Қай күні топан басып қылғытып салары белгісіз. Жан-жақтан еміс-еміс жетіп жатқан хабардың бәрі үрейлі, бәрі қорқынышты. Белдеуге кеп тірелген ат дүсірінінің қай-қайсысы да төбе құйқанды шымырлата келеді.

Аралдың етегінде отырған Шатемір ханмен бірігіп Хиуаны жаула деп жіберген Нұралы сұлтан ел жаулап алмақ түгілі өз басымен қайғы боп төрт ай жатжұрттың ортасында пенде боп отырып-отырып елге зорға аяқ іліктірді. Ол Нұралының қырсыздығын емес, Әбілқайырдың одақтастарының алдында қадірінің кете бастағанын көрсетеді.

Күнгейдің хабары әлгіндей болса, теріскейдің хабары одан да сөлекет. Жаны ашитын азғантай ру басылардың бірі Есенбай бидің айтып келген хабары бұлардың басындағы қара бұлттың бұрынғыдан да бетер қоюлана түскенін байқатқандай. Мың атты башқұрт жарақтанып келіп Орта жүзді шауыпты. Қырық жігітті мерт етіп, екі мың жылқы, жүз тұтқынды айдап әкетіпті.

Бәрінен де осы башқұрттың барымтасы жанға батып тұр. «Жау жағадан алғанда, бөрі етекпен», — дегендей, Тевкелев пен Әбілқайырдың жандары онсызда мұрындарының ұшында жүргенде мынандай күйге тап қылды. Әлде олардың арасынан да осының бәрін қасақана істеп жүрген қаскөй біреулер табылды ма екен...

Тевкелевтің күйінгені сонша, бөксесін жерге тигізе алар емес. Отырса болды, қол-аяғы қалтылдап қоя береді. Екі қолын көкірегіне айқара қаусырып алып

сенделеді де жүреді. Әбілқайырды шақыртып еді. Оның да жетісіп жүргені шамалы екен. Көзінің алды жалқылдап ісініп кетіпті. Мынаны естігенде ішін тартып, шөгіп отырып қалды. Онсыз да сұп-сұр беті онан сайын бедірейіп, бұдан көзін айырмай тесірейіп алды. Егер қазір көзі тайып кетсе, бұның өзі де одан жалт бергелі тұрғандай.

— Бәсе, — деді хан ыңырсығанға да, ышқынғанға да ұқсамайтын біртүрлі әжептарқы үн шығарып. — Мана сары ала таңнан Орта жүзден бес кісі біз келгенше Тевкелевті қолыңнан шығарушы болма деп, ігір де жоқ, мігір де жоқ, дәм ауыз тиместен кері шаба жөнеліп еді-ау.

Бұны естігенде Тевкелевтің екі көзі төбесіне шықты. Мың күн сынбас шөлмектің бір күн сынар сын сағаты жақындап қалғаны ғой. Онсыз да түтіп жеуге дәлел таба алмай отырғандарға дәлел табылды. Енді не істемек керек?

Бір-біріне не дерін білмеген екі үрейлі адам меңіреуленіп әлі отыр. Екеуі тек тілден ғана емес, ес-түстен түгел айырылып қалғандай. Екеуі де бірінің бетінен бірі көз айыра алмай бажырайып қарайды. Екеуі де бірін-бірі жұбатқысы келеді, бірақ ауыздарына сөз түспейді. Біраздан кейін барып естерін жинасты. Алдымен, Әбілқайыр тіл қатты.

— Ендеше, Орта жүзден қол жеткенше, қарап отыруға болмайды. Тезірек Бөкенбайға адам жіберіп ақылдасайық. Жауға шабылып қанына қарайып отырған ұлыстан қол келсе, ол ешкімді де аямайды. Не істеп, не қоятындарын бір алла біледі! Бірақ олар не істеп не қойса да жаманатын арқалайтын мына менмін. Сондықтан, мен сендерді олар келгенше елдеріңе қайтаруым керек. Ақ патшаға берген антыма адал екенімді өзіңіз де көріп тұрған шығарсыз. Бірақ, мынау жалына қол апартпайтын жабайы жұрт діңкемді әбден құртып болды. Дәл қазір оларды бұғалықтай алар дәрмен менде жоқ. Сондықтан алдияр патшамызға айта барыңыз. Біріншіден, жер түбінен жіберген ақ жолтай елшісіне ұлы ағзамның ұлық дәрежесіне лайық сый-сияпат көрсете алмағаныма ұяттымын, екіншіден шарапатты да шапағатты патша ағзам біздей мұңлық үмбетінің қол астындағы жұртты дегеніне көндіріп жөнге сала алмағанына ашуланбасын. Бұл қазақ осы бетімен кете береді екен деп ойламасын. Егер ұлы алдияр

өзі қол ұшын берер болса, бұл жұртты да жөнге салуға болады. Ол үшін мынау көзіңіз көріп отырған қиқар ру басыларының бірсыпырасын жазалап, бірсыпырасын Ресейдің алыс шаһарларына жер аударып бұл арадан аластау керек. Басы Батыр сұлтан қып көздерін құртқан жөн. Сонда олардың орынын алатын жас билер әлгілер құсап дәліріп кетпей, тізгіндерін тарта ұстап, аяқтарын аңдап басатын болады. Бұның бәрі әуелі бір алланың, сосын ақ патшаның пәрменімен ғана жүзеге аса алатын шаралар...

Әбілқайыр өз сөзіне-өзі сенбей тұрғандай бұның көзіне алақтай қарайды. Іші қан жылап отырса да, Тевкелев ханның мынау таусыла сөйлеп тұрған түрін көріп біртүрлі аяп кетті.

— Қапа болмаңыз. Ресейге аман жетер күн болса, сіздің адалдығыңызды, ұлы императрица ағзамның ақжолтай елшісіне еткен ақ, қалтқысыз еңбегіңізді түгел айтам. Егер әлгі ниетіңізді расында да жүзеге асыратын болсаңыз, қазақ жұртының да жөнге келіп, салауатты ел боп кететініне мен сенемін.

Хан елшінің жүзінде кекесін жоқ па дегендей, жалтақ-жалтақ қарап қояды. Бірақ Тевкелевтің көзінен де, жүзінен де ондай кекесін нышанын таба алмады. Сосын барып жүрегін басып орнықты сөйледі.

— Егер алдияр патша біз пақырдың өтінішімізді құп алып, Ор өзенінің бойынан қамал тұрғызып, сол қамалдың ішінен маған арнайы үй, қора жай салып берер болса, әлгі әулекі билерді тарту-таралғы таратамыз деп алдап-сулап жинап алар едік те, көк желкелеріне көк сүңгі қадап қойып, ішкі Ресейге айдатар едік. Олардың көзі құрыса, қалған елдің жым болатынына мен кепіл.

Тевкелев ханның бұл өтінішін де мізбақпай тыңдап, ақ патшаға бұлжытпай айтып баруға уәде берді. Бірақ ханның ұлы императрица ағзамға өле-өлгенінше адал болатынын айғақтайтындай бір ишара жасағаны дұрыс болатынын сездіртті.

Әбілқайыр, бәрін үйінен алдын ала кесіп-пішіп келгендей, тез жауап берді.

— Алдияр патшаға елшілікке ұлым Ералы сұлтан мен немере ағам Нияз сұлтанды өзіңізге ертіп жібергелі отырмын. Бұдан былай ұлы ағзамның қарауына жыл сайын бір баламды аманатқа жіберіп тұрмақпын. Ақ патшаның алдындағы адалдығымды бұдан басқа немен дәлелдей аламын. Сізден жалғыз өтінішім, ұлым мен

сұлтанды көп ұстамай, елге тезірек қайтарарсыз. Әйтпесе, мұндағы ауызымен орақ орған көп кергіме жұрт алдында тағы да табаға ұшыратып жүрер. Алдияр тақсыр әлгі айтқан өтінішімді қабыл алып, мені үй-ішіммен қалада тұрғызар болса, әрі бүкіл әулетіммен сенімді аманат болар едім, әрі мынау бұзақы жұрттың тарапынан ешқандай қауіп-қатер көрмес едім, олардың тізгін ұстарларын сескентіп, тентек телісіне тіземді мықтап батыра алар ем. Не де болса, ақ патша өзі шешеді ғой. Мен әйтеуір алдияр патшаның айтқанын екі етпеймін. Елші мырза, ақыл айтқаны несі деп ашуланып қала көрмеңіз, Ералының қасына Бөкенбайдың немере інілерінің біреуін, бізге жақтас ру басыларының не өздерінен, не балаларынан біреу-міреуді ерте кеткеніңіз жөн сияқты. Қанша дегенмен, мынау ұйтқыма халық өз ұйтқысынан да бірдеңе араласпаса, айдаладағы төре тұқымның қай төлінің қайда шашырап жүргеніне бас ауыртып неғылсын! Ертең көз тайғасын кешегі уәделерінен айнып кетіп жүрмес үшін олардың кіндіктерінен де мықтап-мықтап матап ұстап отырмаса болмайды.

Тевкелев мынаны естігенде қуанып кетті. Екеуінің бұл сұхбаты бір тентектен әлімжеттік көрген екі момынның бірін-бірі жұбатқанындай бірдеңе еді. Бірақ, беттеріндегі үрей табы әлі түгел тарай қойған жоқ.

Әбілқайыр елшінің қосынан қайтып келе жатып Зердебайдың үйінің белдеуінде тұрған төрт-бес аттыны көргенде көңілі мұздап қоя берді. Ордаға жеткесін төлеңгіттерін шақырып сұрастырып көріп еді, Барақ ұлысынан шебердің сақау қызын бала жасынан айттырған құдалары келіпті. Үндемес зергер мен оның қашан көрсең де, самай шашы қопырап, алау-далау боп жүретін жырым балақ қатыны жүректері жарыла қуанып жатқан көрінеді.

Тевкелевтің хабарын естігенде Бөкенбай сазарып отырып қалды. Онсыз да ауыр денелі адам бөксесі жерге сіңіп бара жатқандай сәл ілгері итініп барып тіл қатты.

— Бұған Әбілқайыр хан не дейді?

— Ханның айтқаны: Орта жүздің қара-құраңы көп. Әрі қазір башқұртқа мал алдырып, жан алдырып өте ызалы. Кешегі башқұртқа кеткен еселерін сендерден қайтарғылары келуі мүмкін. Олар келмей тұрып елдеріңе асырам, қастарыңа балам Ералы сұлтан мен

немере ағам Нияз сұлтанды елші қып қосып жіберем, — деді.

Батыр ерінін жымқырып біраз отырып барып бір бүлк етті.

— Мұнысы ақыл екен.

Бөкенбай басындағы дағарадай бөркін алып, барқыт тақиясының астына қамшысының сабын жүгіртіп бірер қасып қойды. Онысы, шамасы, қатты ойланғаны болса керек.

— Жөн, жөн, — деді әлден соң қайта тіл қатып. — Мен де қасыңызға бір немере інімді ертіп жіберем. Құдайназар Уфаға дейін шығарып салады. Бірақ, оны Уфаға барғасын әрі алып кетпей, елге қайтарыңыз.

Тевкелев құптап басын изеді. Тамағын кенеп тіл қатты.

— Батыреке, энеугүнгі Шерін Дөндіктен келген екі елшіні сізге қалдырам. Өз ұлыстарына аман-есен жеткізіп салыңыз.

— Жақсы айттыңыз, — деді Бөкенбай. — Ол екеуін елдеріне жеткізіп салуды өз мойныма алайын. Бірақ, қастарына Шөребай деген немере інімді қосып жібергелі отырмын. Ол былтыр керуен тартып келе жатып қалмақ ұлысында тоналып қалып еді. Соған жәбір көрсетпей, алған дүниелерін қайтарсын деп Шерін Дөндікке қағаз жазып беріңіз.

Тевкелев батырдың ол өтінішін сол бойда орындады.

Бөкенбай батыр ауылына енді қайтқалы жатқанда терістіктен бір қарайған көрінді. Көкжиекте аттылыдан гөрі түйеліге ұқсаңқырайтын тәрізді. Біраздан соң түйе жетелеп келе жатқан жаяу адам екені көзге анық шалынды. Бұнысы қалай? Қолында бұйда тұрып, түйеге мінбей жаяу келе жатқаны несі?

Елші қасындағы аң-таң жұрт одан әріге шыдай алмай, бір-екеуі атқа мініп алдарынан кетті. Қалғандары әлгі жұмбақ түйелі қастарына келгенше тарамай көлеңкеде тұрып алды.

Жырық мұрын қара нар елшінің үйінің оң жақ бетіне: «Уһ, жеттім бе?» — дегендей сылқ шөге кетті. Үстіне екі адамды мінгестіріпті. Екеуінің де тұла бойы айғыз-айғыз қан. Жер түбінен ілесіп келе жатқан көк шыбындар әлі айырылғысы келмегендей құж-құж жабылып жатыр. Түйе жетелеп келе жатқан жаяу жігіт әбден болдыртып жалп етіп отыра кетті. Қолымен ымдап бірдеңе дейді. Жұрт арқасы қырдай қара көрттің

үстіндегі, екі кісіні шандып, буып тастаған қыл арқанды әрең шешіп, түсіріп алып көрші үйге алып кетті. Ал екі тізесін топыраққа көміп сұлқ отыра кеткен жігітті екі қолтығынан демеп тұрғызып елшінің үйіне алып жүрді. Оң жаққа әкеліп отырғызып, үстіндегі шаң-шаң сырт киімін шешкізіп, беті-қолын жуғызды. Алдына апарған жез құманның шүмегіне шап беріп еді, су құйып тұрған жігіттер зорға айырып алды.

— Әбден қаталап келген екен, бойына түсіп кетіп жүрер.

Әлсін-әлсін ауызын шайғызыңдар.

Жігіт біраздан соң барып есін жинады. Уфа маңындағы тұратын Боращ деген қазақ екен. Бұны да полковник Кошелев Тевкелевке хат апарып беруге жұмсапты. Қасына осыдан екі ай бұрын Уфаға кеткен ханның бір жігіті мен Бөкенбайдың бір жігітін қосыпты. Үшеуі үш ат мініп, бір-бір аттан бос жетектеп, алты атпен шыққан екен, алдарынан сексендей атты кісі қарсы жолығыпты. Ешқайда қашып құтылуға жағдай жоқ. Амалсыз тоқтапты. Сөйтсе, әлгілер башқұрттар боп шығыпты. Орта жүзден жылқы қуып қайтамыз деп барып, соққыға ұрынып, бірер жігіттерінен айырылып, өштерін кімнен аларын білмей келе жатқан ызақор топ құдай айдап тап қылған үш қазаққа бөрідей шүйлігіпті. Үшеуінің аяқ-қолын буып ат көтіне өңгеріп алыпты. Жол-жөнекей тоқтаған жерлерінде бұлардың кім екенін анықтап, воеводадан келе жатқан Боращқа көп тимепті. Ал хан мен Бөкенбайдың жігіттерінің тұла бойында найзаның ұшы мен дойырдан түскен жарақаттан саутамтық жер қалмапты. Ол екеуін ішін кептіре сабап арқасы қырдай көртке мінгестіріп, жол-жөнекей құлап қалмасын деп қыл арқанмен шандып байлап, бұйдасын Боращқа ұстатып жіберіпті.

Ит қорлықты көріп келген үш мұңлықтың сөзін тыңдап отырып Бөкенбай мен Тевкелев бір-біріне көздерін көтеріп қарай алмады. Елші қосындағы мына қарбаласты көріп Әбілқайыр да келген екен. Үшеуі ақ патшаның елшілігі қазақ ұлыстарынан аман-есен аттанып кеткенше мына жәйді ешкімге айтпауға, жарақатты екі жігітті ел көзіне шығара бермей оңаша бағып-қағуға пәтуаласты.

Содан елші қосы, сыртынан қарағанда, баяғысынша жым-жырт тұрғанымен, іштей буынып-түйініп жолға

жинала бастады. Әбілқайыр мен Бөкенбай да алыс жолға аттанатын адамдарының жол жабдықтарын әзірлеп әлек.

Хан мен елшіден қалыспағысы келгендей шет жақтағы Зердебайдың үйі де абыр-сабыр. Ертелі-кеш балға тықытып отыратын неменің қара көрікті атымен жиып тастағанына бір апта болып барады. Күні бойы қараша үйіне бір кіріп, бір шығып тыным таппайды. Самайы қопыраған бәйбішесінің де етек-жеңі жинақталып қалыпты. Аанадағы құдалар келіп кеткеннен бері қашаннан бері ауызы ашылмаған сандық-кебежелері мен жібi шешілмеген теңдерін түгел ақтарып шықты. Бар жылтырағын әуелі қызына, сосын өзіне жапсырып әлек. Әншейінде жалғыз үй кірменің мұндайда ағайын-жекжаты да көбейіп шыға келеді екен. Күйеудің ұрын келетін хабары шыққасын-ақ, қоңсылас рулардың арасынан ағайын табылып, екі-үш үй әкеп тікті. Соғым жетелеп, саба өңгеріп келген ағайындар Зердебайдың өзін ортаға алып кеу-кеулесе, үй тігіп, жиһаз әкелген абысын әйелін ортаға алып санылдасады. Әйтеуір, Зердебайдың үйінің маңы ертелі-кеш жапыр-жұпыр әңгіме. Белдеуінде ертелі-кеш қаңтарулы ат. Жалғыз үй ұстаға жан-жақтан құйылып келіп жатқан жүргіншілерге елші де, Әбілқайыр да жақтырмай қарайды. Мынау абыр-сабырдың бәрін қарсы жақ әдейі істеп отырғандай. Осы арқылы хан мен елшінің не істеп, не қойып жатқанын білгілері келгендей. Анау жер ошақ басында топылып жүрген қаба сақалдар тек қазан қуып, пышақ қайрап, мал сойып жүрмегендей, сонымен қоса хан орда мен елшілік қосын сырттан бағып, тың тыңдап жүргендей. Сондағы көрген-түйгендерін төсеніш іздеп, ыдыс-аяқ сұраттырып жан-жаққа шаптырып жатқан салт аттылардан айтып жіберіп жатқандай.

Не де болса, сақау қыздың той-томалағының дәл осы тұсқа сәйкес келуі тегіннен-тегін емес. Әбілқайыр сыр тартқысы келіп төлеңгіттерін жіберсе, тойлы ауыл аяқтарын тартып, ауыздарын тыйып, сыртқа тебетін көрінеді. Тевкелевтің адамдарынан Зердебайдың үйімен әуелден араласы бар Сергей Костюков. Ол Сартайлақ десе сартайлақ, жоғалған түйедей қаңғалақтап барып қалады да, аңырайып тұрып-тұрып кері қайтады. Оған зергер мен қызынан басқа жұрт онша жылы шырай таныта қоймайды. «Сұқақтап мынау қайдан шыға келді?»

— дегендей, теріс айналып тыжырынысып қалады. Зергердің онымен бұрынғыдай ерінбей-жалықпай мылжыңдасып отыруға уақыты жоқ.

— Ә, Сартайлақ, келдің бе? — деп бір ыржиып қояды да, не мал сойып жатқандар, не үй жасаулап жатқандар шақырып, кетіп қалады. Жалғыз қызының жөнін тапқанына мәз болған еңгезердей кісі мынандай шаруаның тұсында қол ұшын беріп жатқан ағайындардың бір сөзін қаза жібермей, елпек-ұшып жүр.

Торғынның да мұршасы жоқ. Біресе ана жеңгесі шақырып алып, жаңа тігіп жатқан көйлегін кигізіп көргізеді, біресе мына жеңгесі шақырып алып, ертең келін боп барғанда киіп баратын әшекейлерін қаратады.

Сергей Костюковтың абыр-сабыр тойлы ауылдан күні бойы төңіректен жүргенде айтып келетіні: «Зердебайда ес жоқ, сондай қуанышты. Торғын бұрынғысынан да әдемі болып кетіпті.

Гүл-гүл жайнайды. Қазақтардың қыз ұзатқаны қызық... Әншейінде алау-далау болып жүретін шешесіне дейін құлпырып кетіпті».

Мұны естіген Цапаев тағы да шағып алады:

— Сен енді қызынан күдер үзгесін, шешесіне көз салайын дедің бе?

Не де болса, хан ауылының о шеті мен бұ шетінде күні-түні мігір жоқ, абыр-сабыр.

Іргеден аттанбай жатып жер төмпештей жөнелген көп дүсір бірер қыр асқанша құлағында тұрды. Сол бір қияңқы дыбыс басылғасын да көңілі орнықпай, Әбілқайыр үйге кіре алмады. Желтоқсанның екілене соқпаса да, дене түршіктірер ызғар желін ең күздігүні қоңыр жусанның тарам-тарам сілті шашағы бой көтере алмай дірдек-дірдек етеді. Ханның іші бауыры да қыс алдының сол әлем-жәлем қара шөбіндей бебеу қағып қалтыратып алып барады. Бірақ, енді басқа амалы бәрібір жоқ. Не де болса көріп алады. Әлгінде ғана көкжиекке сіңген үш жүз аттының ала тозаңы аспанға айналып әлі тұр. Ежірендей сөйлеген дәукес билердің қабарыңқы жүздері көз алдында, сөздері құлағында. Ешқайсысы ақырып-бақырған жоқ, былайғы даулардың тұсындағыдай қамшыларымен жер сабамады да. Сыздана, тістене сөйлесті. Ауыздарынан шыққан әр сөздерін қорғасынмен қаптап қойғандай, көңілінде

опырып түсердей ап-ауыр. Алдарынан шығып, аттан түсіріп алған жігіттерімен де жөндеп амандаспапты. Үйге кіріп жайғасқасын, сырттан қарш-қарш пышақ қайралып жатқанын естіп:

— Жігіттеріңізге айтыңыз, әуре болмасын. Көп отырмаймыз. Әлгі шоқыншығыңды шақыр. Екі ауыз сөзіміз бар, айтамыз да қайтамыз, — деді топты бастап келген қабақ Тәңірберді.

Хан сәл ойланып барып, Бәйбекті шақырмай, Мырзатайды шақырды. Мыналардың келмей жатып кергіген қатал жүздерінен көңіліне бір үрей қашты. Өткен жолы елшімен оңаша мәслихатта: «Енді екеумізді де тыныш қоймас. Қарсы жақтан біреулер келер. Қайбір ағайындық әңгімемен соғады дейсің, қоқан-лоқы жасап қоқандай келер. Сонда хабаршы жібергенде қапы қалмайтындай боп ойланып алайық», — деп пәтуа байласқан. Егер бұл Бәйбекті, ол Юмашты жіберсе: «Қауіп-қатер ештеңе жоқ, келе бер», — дегендері, ал бұл Мырзатайды, ол Таймасты жіберсе: «Ойлан, қапы қалма» — дегендері.

— Елші мырзаға барып, билердің шақыртып жатқанын айтшы, — деді хан балдызына.

Мырзатай үй-ішінде отырғандарға алара бір қарап шығып кетті. Көп ұзамай қайтып оралды. Соңына елші емес, Таймас ілесе кірді.

Билер мынау өндірішегі сорайған құс тұмсық башқұрт биімен сөйлескісі келмей:

— Әлгі ноғайың қайда? Өзі неге келмейді? — деп еді, Таймас ханның оң тізесінен кеп орын алып:

— Ұлы императрица ағзамның алдияр елшісі қазақ билерінің өз ғұзырына жеткізбек өтініш-ғарзаларын естіп қайтуды маған, башқұрт биі Таймас Шаимовқа тапсырды, — деді.

Онысы: «Мен, немене, тақияларыңа тар келіп отырмын ба? Мен де тап сендердей қамшы ұстаған қадау бимін. Патша ағзамның ақжолтай елшісімен тізе тиістіріп қатар отыратындай теңдікті сендерге кім беріпті, өңшең жыртық шидем, жалба тымақтар!» — дегені еді.

Ханның сол тізесіндегі ат жақты айыр сақал Тәңірберді ажырая қарады.

— Біз өтініш-ғарзамен келіп отырған жоқпыз. Талаппен келіп отырмыз. Талабымызды мына Әбілқайыр ханның алдында елшінің өзіне айтқымыз келеді, — деді.

Таймас та ызғарлана сөйледі.

— Ханға айтар талабыңызды қайда айтатындарыңызды өздеріңіз біліңіз. Елшіге айтар талабыңызды маған айтыңыз. Тевкелев мырза қазақ сұлтандарымен, билерімен өзі сөйлесе ме, жоқ өкілін жіберіп сөйлесе ме, оны сендердің мынау жиындарың емес, өзі шешеді.

Керегенің көгі басына бір-бір биден иін тіресіп отырған қарақұрым жиын түгел күреңітіп алды, бірақ бәрі де ұяттан емес, ызадан қызарып отыр. Таймастың мынау батыл жауабына айызы қанып отырған тек Әбілқайыр ғана. Бұлардың бәрібір илікпейтіні белгілі болды. Кетісу керек екен, осылай шекісіп кетісу керек. Ендігі мәймөңкеден бәрібір опа жоқ.

Қазықтай қағылып қақ төрге жайғасқан еңгезердей Тәңірберді қызарыңқы көзін төңірегіне шола тастап сөз бастады.

— Ендеше, біздің бұл келісіміз Ресей патшасының қол астындағы башқұрт жұртының бассыздығына байланысты болып отыр. Олар осы биылдың өзінде Орта жүз ұлыстарына бір емес, бірнеше рет шабуыл жасады. Тек соңғы жортуылдың өзінде Орта жүздегі ағайындарымыз қырық арысына өлідей, жүз азаматынан тірідей, екі мыңнан астам жылқы мен түйеден, қарайған дүние-мүліктен айырылып қалды. Біз қарындасымыз бүйтіп басына иүн туып, отқа түсіп жатқанда ақ патшаның елшісін алшаңдатып еліне аман-есен жіберіп қоя алмаймыз. Башқұрттар алған жесірі мен жетімін түгел қайырып, өлтірген арыстарымыздың құнын төлегенше, екі жұрттың арасында бітім болғанша, Әбілқайыр ханға келген елші аманатқа алынып қалынады. Біз соны ескерткелі келдік.

Таймас манадан оң көзін сығырайта тыңдап отыр еді, мынаны естігенде басын көтеріп ап, оқыс саңқ ете қалды.

— Бұндай талапты қойып отырған кім?

— Біз. Кіші жүз руларының билері.

— Ендеше, Кіші жүз ұлыстарына башқұрт тиді деген хабар естілмеп еді ғой. Ресей патшасының қол астына өз еркімізбен бағынамыз деген Кіші жүз руларына орыстар тарапынан да, қалмақтар тарапынан да, башқұрттар тарапынан да ешқандай қысастық болған емес. Ал, ресей патшалығының қол астына әлі өтіп болмаған Орта жүз ұлыстарының тыныштығына ақ патшаның елшісі ешқандай кепілдік бере алмайды және ол үшін аманат боп басын қатерге тіге алмайды. Егер анттарыңнан

айнып, ақ патшаның елшісін қайдағы бір башқұрт шапқыншылығына ұшырап отырған ұлыстарға аманатқа ұстап берер болсаңыздар, ертең ұлы императрица ағзам мен оның айбынды ғаскерінің алдында әлгі Орта жүз ру басылары емес, мына сіздер, ант қағазға қол қойған күннен бастап Ресей мемлекетінің боданы болып есептелетін Кіші жүз ру басылары жауап бересіздер. Бұл қылықтарыңыз біздің мемлекетіміздің заңында патша тағының алдындағы опасыздық, сатқындық саналады.

Жұрт сілтідей тына қалды. Тәңірбердінің қолындағы төрт өрме қамшының былғары шашағы дір-дір етіп қалтылдап тұр.

— Сонда, — деп сөз алды оң жақ қапталдан Бақтыбай батыр, — ақ патша біздің ағайынымыздан айыра ма?

— Бәсе, десейші-ау, — деп, оны төменірек отырғандар құптай жөнелді. — Ақ патшаға бағынамыз деп, сүттей ұйып, судай сіңісіп отырған ағайындарымыздан бөлініп бөтен жұрт болып кетеміз бе? Қарындастың басына күн түскенде, біз қалай қабырғамыз қайыспай, қол қусырып қарап отыра аламыз!

— Сонда бір шоқыншақ ноғайдың басы қазақтың өлі қырық, тірі жүз азаматының бастарынан артық бағалы болғаны ма?

— Қалған елшілікті аман-есен қайтарамыз. Ұстап қалсақ, тек елшіні ғана ұстап қаламыз. Онда да ақ патша башқұрттардың бассыздығын тыйдырсын деп ұстап қаламыз ғой!

Таймас жұрттың жапыр-жұпыр әңгімесін түгел тыңдап алды. «Айтарларыңды әбден айтып болыңдар», — дегендей әрқайсысының аузына қадала қарады. Бірақ билер кеңге көсіліп кетпей, бүгежектеп отыр. Шамасы, осынша бидің бәрі бір ауызды әңгімемен келіп отырған жоқ. Көбі шарпысқан екі жақтың ауыз ләмін өз көздерімен көріп, өз құлақтарымен естиін деп әдейі аңыс аңдып келгендей. Сыр шашпай тымпиып-тымпиып қалыпты. Әбілқайыр екі жақ босағадан бастап иін тіресе отырған билердің әр қайсысына көзін сұқтап үнсіз тергеп-тексеріп шықты. Мына жиынның алдында бүгежектей бермей, айбын көрсетіп қалған дұрыс екен деп ойлады.

Таймас қайта сөз алды.

— Осында жаңа тек тілмашты ғана ұстап қаламыз, қалғандарыңды елге қайтарамыз дедіңдер. Мен өзім

Мәмбет мырзаны мында тастап, елге қарай жарты қадам аяқ баспаймын. Менен басқа башқұрттар да сөйтеді. Біз ұлы патшамыздың аты мен абыройын арқалап келіп отырған ақжолтай елшіні өйтіп аяқ асты ете алмаймыз. Бірге келдік екен, бірге кетеміз. Жаңа осында тағы бір әңгіме болды. Ағайынымыздан айырмақсындар дедіңдер. Сендерді ешкім зорлап ағайындарыңнан айырмақшы емес. Соншалықты бауырмал болсаңыздар, әу бастан-ақ Сәмеке ұлысындағы ағайындарыңызға біз қол астына қарап отырған елге тиіспей тыныш жүріңіздер деп айтпадыңыздар ма? Барымтаны бастаған кім? Солар ма, башқұрт па? Баяғыдан бергіні былай қойып, осы сендер ант бергеннен бермен қарай қазақтардың орыс мемлекетіне қарсы істемегені қалды ма? Ақ патшаның керуенін айдалаға сусыз қамап, тонап алған кім? Сендер! Жайық бойындағы орыс қаласынан казак орыстардың қатын-баласынан он алты адамды ат көтіне өңгеріп алып, қашып кеткен кім? Сендер. Башқұрттардың қырық кісісін өлтіріп, алты мың жылқысын қуып кеткен кім? Сендер. Ал, енді шеттеу шыққан жалғыз-жарымды қымқырып кетіп бара жатқандарың өз алдына. Оның есебін ешкім білмейді. Сонда кім кімге обал жасап отыр? Егер Сәмеке ұлысы өзі тыныш отырса, башқұрттар тисер ме еді? Жоқ. Олар да анада шеккен тауқыметінің қарымтасын енді қайтарып жатыр. Ендеше, ұлы императрица ағзам қол астындағы қай халықтың да бүйтіп жылап жүріп зорлық жасағанына шыдап отыра алмайды, ешкімді өйтіп басынан секірткізіп қоймайды. Егер, ақ патшамен тату-тәтті болғыларың келсе, мынау елшісін бір күнде кідіртпей еліне қайтарыңыздар!

Үнсіз сазарып отырған қалың топтан тағы біреу тіл қатты:

— Дәл қазір қазақтардың елшіні еліне қайтара алатындай жағдайы жоқ. Алдияр тақсырдың атына лайық сый-сияпат жасамай, қайтып құр қол жібере аламыз?

Таймас: «Осыны да сөз деп айтып тұрсындар ма?» — дегендей кекете жымиды.

— Ақ патшаға сендердің адал көңілдеріңнен артық сыйлық керегі жоқ. Іргелі мемлекеттің басшысы өздері етек-жеңдерін дұрыс қымтай алмай отырған жарлы-жақыбай жұрттан не дәметуші еді!

Тағы да Бақтыбай дүңк етті.

— Сендерді аман-есен жіберсек, осының бәрін ақ патшаға жылап-сықтап айтып барып, ертең жыл өтпей жатып, біздің құлағымызды кесіп алуға қайтып келесіңдер ғой.

Таймас оған жалт бұрылды.

— Ақ патша ешкімге өзі тиіспей тиіспейді. Тыныш отырсаңыздар, сендердің құлақтарыңды қайтсын! Ал, егер соқтықпаларыңды қоймасандар, әр тентектің маңдайынан бір сипап отыратын ақ патша сендердің нағашы әжелерің емес, құлақ түгілі бастарыңды қырқып алады. Бірақ, естерің болса, ондайға өздерің де ұрынбассыңдар. Ұрынып жатсаңдар, сендерді тезге салатын айбынды әскерін бастап әкелетін адамды бізсіз де табады. Онан да әр гәпке бір соқтықпай, әлі де басымыз іспей, істің байыбына бара алмай отырмыз деп ашық айтпайсыңдар ма?

Манадан сілтідей тынып тыңдап отырған жұрт мына тұста гу ете қалды.

— Әй, басымызда нең бар?

— Абайла!

— Мына жаман естек қайтып-қайтып көстендейді-ай!

— Ақ патшаның бауыр еті, көз нұры өзі құсап, шекемізден шертіп тұрып сөйлейді ғой!

— Орыс нанын бұрын жегеннің бәрі бүйтіп әкірендей беретін болса, ақ патшаға қараған күніміз де күн болмайды екен.

Сұлқ отырған Тәңірберді: «Жә, қойыңдар енді!» — дегендей қамшысын жоғары көтерді.

— Біз елшіге айтарымызды айттық. Елшінің айтқысы келгенін естідік. Енді біздің сенде ешқандай сөзіміз жоқ. Ендігі сөзіміз мына Әбілқайыр ханда. Бірақ, сен де естіп ал. Ал, хан, исі алшының айтары қашан башқұрттар Орта жүзге салған ойранының орынын толтырғанша елшіні ешқайда шығарушы болмайсың. Бұл айтқанды орындамайды екенсің, төрелік түгілі тірлігіңнен күдеріңді үзе бер.

Әбілқайыр ыршып түсті.

— Өйтіп, қоқилана берме, Тәңірберді. Сенің ышқырыңа қыстырылып тұрған сары шаянның да құйрығы көрініп қалды. Сақалыңды сапситып осындай өнбес дауға кім жұмсаса да, айтып бар. Менің ақ патшаға берген антым ант. Кейбіреулер құсап бүгін биенің құйрығы, ертең түйенің құйрығы болып қырық құбылып

отырар жәйім жоқ. Ондайлар бүгін шолжаңдағанмен, ертең шолжаңдай алмайды, ақ патшаның алдында сазайын тартады. Олардың опасыздығы үшін бар айыпты бір мойныма артып ап, мен де өле алмай жүрген жоқпын. Егер елшіні аманатқа ұстаймын десеңдер, өздерің ұстандар да, обал-сауабын өздерің көтеріңдер. Елші — менің тұтқыным емес, қонағым. Қайтам деген күні қайтарам. Қасына балам Ералыны ақ патшаға елшілікке жіберем. Егер бұл қылығым үшін қатын-баламмен түгел қырып тастасаңдар да, артым сұраусыз қалады екен деп ойламаңдар. Ералыжан орыс патшасына тірі жетсе, біздің кегімізді сол қуады. Егер оның да періште қанына қолдарыңды былғамай құмарларыңнан шыға алмайтын болсаңдар, бұл опасыздықтарыңды ақ патшаның өзі-ақ із-түзсіз жібермейді. Ол кім-кімнің де кеше бағындым, бүгін қағындым деген шайпаулығын көтере қоймайды. Әуелде жайына қарап жүре алмай, өз аяғынан келіп ант беріп, енді бүгін онысынан жалт беріп отырғандар жазасыз қаламыз екен деп ойламасын. Бастарыңда ми болса, әлі де қабырғаларымен кеңессін. Менің айтқаным айтқан, елшілер елдеріне жүреміз деген күні жүреді. Мен оларды қайдағы біреулердің қапы кеткен ұпайы түгелденгенше ұстап отырар жәйім жоқ. Ойланам-толғанам деген кісіге аз ойлану, аз толғану болмаған сияқты!

Әбілқайыр орынынан өзі бұрын көтерілді. Онысы: «Сөз осымен бітті!» — деген еді.

Үй толы жиын сол сазарған қалыптары сыртқа шықты. Сол сазарған қалыптары аттарына мінді. Сол сазарған қалыптары «қош» айтыспастан жүріп кетті. «Қап, бәлем, сені ме!» — деп кеткендері бірден белгілі болды.

Бел асып бара жатқан қатулы шоғырды көріп тұрып Әбілқайыр: «Тіресер жерге енді келдік, — деп ойлады. Үйіне қайтып кіргісі келмей құла түзді бетке алып жүріп кетті. Мәреден енді оралып, тұяғы әбден қызып алған бәйге атындай бір жерге тұрақтай алар емес. Қарсы ескен суық леп те бетін шымылдатқанмен етіне өте алмай келеді, сонау көкірегінде өртеніп жатқан қордалы күйікті үрлей түспесе, сөндіре алар түрі көрінбейді. Әлгі айтқанына еш өкінген жоқ. Бірақ «енді не болар екен» деген бір желік әуестік бар. Ертең, тіпті бүгін түс қайтамынау жым-жырт ауылға тап болар зұлматты бір сәт көз

алдына елестеткісі келеді. Бірақ, көзінің алдын жыбырлатып келе жатқан соқыр ыза көңілінде ешқандай көрініс оятпады. Қайда қараса да, сол құлазыған тұлдыр кеңістік. Аспан асты, күллі дүние, алай-түлей көңілі бәрі-бәрі құлазып бос қалғандай.

Ауылдан біраз ұзап шығып кетіпті. Кенет көз алдындағы көкжиектен қылт-қылт бірдеңелер қарауытты. Қалт тұра қалды. Әлгі баяғыдан бергі қорқытып келе жатқан топалаңдары осы болмасын. Жаңағылар ауыр қолын жал астына иіріп қойып, өздері тағы да бір бұның алдынан өтіп мезірет жасауға келіп жүрмесін. Ат құйрығын үзіскен әңгімеден соң барып, манадан бері жаланып тұрған жарақты қол қанша айтса да көнбеген қайсар ханның шаңырағын ортасына түсіргелі қаптағайлап қоя бермесін...

Көңіліне бір түсініксіз діріл жүгірді. Өкініш деуге өкінішке ұқсамайды, ыза деуге ызаға келмейді, қорқыныш деуге қорқыныш тәрізді де емес. Айлап-жылдап ауырып, әбден сүлдері құрып, онсыз да күдерін үздірген күлдікөмеш тіршіліктен кетер алдында иегін кемсеңдеткен үмітсіз науқастың далбаса наласындай бір әлсіздік бойын билеп барады. Талай топалаңды көріп-біліп жүрсе де, тап мынандай сергелдең халді бастан кешіп көрмеген екен. Аяғының тиген жерінің бәрі шоқ боп қарып жатқандай. Бетіне қырын тиген терістік желі де тандырдың деміндей күйдіріп бара жатқандай. «Маған не болған? Маған не болған?» — деген мазасыз сауал құлақ шекесіне қадалып ап, қазанның түбін тесетін темір бұрғыдай зыр көбелек айналып, нелер көрмеген мәңгір басты үн-түнсіз үңгіп жатқандай.

Көкжиектегі қылт-қылт қарайғандар андыздап-андыздап жалбасына көтерілді. Бар болғаны он шақты ат. Қол емес... Тағы да бір бейуақ жүргіншілер... Бұлардың кім болғаны?

Хан жолаушылардың жолында тұрмайын дегендей ауылдың күн шығыс қапталын бетке алып баяу басып жүріп кетті...

Өңшең қара сүлік ат мінген бейтаныс меймандар ауыл шетіндегі Зердебайдың үйіне қарай беттеді.

«Е, әлгі күйеу жігіт осы екен ғой. Бұ да қалың ойнай келетін уақытты тапқан екен!»

Қыз ұзатқан ауыл — қашан да қызық құмар жұрттың көзінің құрты. Әлгінде ғана сазарып-сазарып атқа

қонған зілді топты шығарып салып, бүгежектеп қалған үрегей ауылдың ендігі назары түп-түгел Зердебайдың үйі жаққа ауыпты. Қатын-қалаштың құдайы берген. Еріндері еріндеріне тимей сыпсың-сыпсың.

— Күйеу жігіт Барақ сұлтанның жекжаты көрінеді.

— Тәйірі-ай, ұлыс билесең, қол астындағы елдің адамы түгілі иті шешем мырзаның үйінің қаншығымен ұялас еді деп мақтанатын әдеті ғой.

— Төренің жекжаты болса, кер сақауға ұрындап оны не құдай ұрыпты?

— Бесіктен атастырған дейді ғой. Жөргектегі нәрестенің ертең қандай боп шығарын қайдан білсін!

— Сонда немене, қалың малын төлеп қойған ба?

— Қалың малын кім білген... Бірақ, құда — құдайдың аты демей ме? Ант аттай алмағандары да.

— Бір пайдасына жарамайтын болса, Барақ ант түгілі алланың басынан аттап кетпес пе?! Басқа бір есебі бар шығар...

— Иә, деймін-ау, жігіттерді қойшы. Жеті мүшесіне жеті қатын ала салады. Бұнысы сақау болғанмен, басқасы сақау болмас. Беріп қойған малын неге зая жіберсін!

— Тілі жоқ демесең, бұ жазған көрерге көз керек сұлу ғой!

— Күйеуі қандай екен? Сұлулардың су мұрынға жолығатын әдеті еді.

— Сұлу кеседегі сүтке ит өш. Қаймағынан айырылғасын қай итаяққа төгілгенде не...

— Қандай күйеу болса да, бұл байғұстың тақиясына тар келе қоймас.

— Зердебай пақырда ес жоқ.

— Қайтсын, тірілей көз күйік бола ма деп уайымдап жүргенде, баласы құтты орынын тауып жатса, ол қуанбағанда кім қуанады!

Жұрт үйді-үйіндегі мұндай әңгімені місе тұтпай, күйеу келіп жатқан төрт-бес үйдің маңына жиыла қалған. Әсіресе еріні қайқайған қарасұр қатындар есік алдында иін тіресіп тұрып алып, ошақ басынан табақ әкеле жаққандарға жол бермейді.

Тойлы ауылдың адамдарының мұндайда айбындары асып шыға келетін әдеті. Әншейінде аз үйліктен бетегеден биік, жусаннан аласа болып жүретін зергердің ағайындары бүгін едірең-едірең етеді.

— Әй, қатын, бөксеңе сорпа төксін демесең, былай тұр!

— Жалақ ерін бейбақ, аулақ кет, ауыңа шоқ түсіп кетер!

Қызыққұмар халық оның бәрін кешіреді. Біресе ана жақтарынан, біресе мына жақтарынан қақсоқтаған даяшы жігіттердің алдында әрлі-берлі жөңкіліп, бәрібір сол маңайдан кетпей толып жүр.

— Күйеу баласы қайсысы?

— Төрдегі анау екі күйек сақалдан басқасы өңшең бір қылқандай жас, қайсысы екенін кім білген?

— Әне бір есік жақтағы шоң мойын дейді ғой.

— Шіркіннің сүзетін бұқадай аларған көзі жаман екен...

— Қой, қасындағы сабау кірпік шығар.

— Не де болса, сол екеуі былайғы жұрттан ала бөтен мызыла қапты.

Осы бір жапыр-жұпыр жиынның арасында Сергей Костюков та жүрген-ді. Мойынын қанша созып қараса да, иін тірескен жұрт ештеңе көрсетпейді. Кенет бір қарулы қатын үйдің оң жақ беттегі үзігінің шетін ырсыта түрді. Жұрт жапатармағай солай жүгірді. Елден бұрын Костюков жетті. Оң жақ босағаға бес-алты жігіт тізіле қапты. Арасынан желкесі шоттиып кейін шығып кеткен, қабағының астынан алара қарайтын торсық шеке нән бас біреу бұған: «Сен сығырға не жоқ?» — дегендей ежірейе көз тастады. Баяғы қара сайдың бойындағы боз шекпенді осы болғаны ма? Мүмкін емес. Мұндай немеге Торғынның көңілі қайдан құласын... Ал, әне біреу... Әлгі ала көздің сол қолындағы сабау кірпік қиғаш қас аққұба жігіт ше... Күйеу жігітке соның сыйы келіңкіреді ғой. Торғыннан сұрар ма еді. Бірақ, оны бүгін күйеу жігітке көрсетпейді дейді. Өңшең қыз-келіншектің ортасында оңаша үйде отыр.

— Ау, мына Сартайлаққа мұнда не бар? Соран-соран етіп осындайдан осы-ақ қалмайды екен!

Жұрт екі жағынан тықсыра бастады. Костюков амалсыз топтан шықты.

Ол күні күйеу қайын жұртынан қонақасы жеді. Зердебайдың үйінің маңындағы абыр-сабыр ертеңіне де тарамалды. Ертеңіне күйеу жігітті ортаға алып отырмақ жасалды. Қаз-қатар тігілген төрт үйден домбыра безілдейді, біресе асқақ дауысты жігіттер шырқайды,

біресе қыз-келіншектің күміс қоңырау үндері сылдырайды. Кешке дейін ойын-күлкі басылған жоқ.

Зердебай үйінің маңындағы топыр қараңғы түсе тарады. Кешеден бері дуылдатқан төрт үй енді оңаша қалды. Бірақ, ол маңайда әлі де қыбыр-қимыл жеткілікті. Әсіресе, келіншектердің сылқ-сылқ күлгені бір басымай қойғаны. Қолдарына бірдеңе ұстап үй-үйдің арасында ерсілі-қарсылы жүгіріп жүр. Қалған үлкендерде дыбыс жоқ. Тек сол күлегеш келіншектер ғана мынау жалғанның жалғыз қожасы боп қалғандай.

Бүгін — ұрын келістің ең жауапты күні. Қалыңдық пен күйеудің алғашқы жолығысы. Егер бір-бірінің көңілінен шығып жатса, соңыра түн ортасында әлгі күлегеш келіншектер алақайлап жүгіріп, қыздың шешесінен сүйінші сұрайды. Онда қызықтың көкесі ертең басталады. Мына ауылдың барша қатыны, қыз-қырқыны, жігіт-желеңі жиылып күйеу таламақ жасайды. Үсті-басындағы ұнатқан нәрселерін сыпырып алады, атымен үй-үйдің алдындағы күлді тасиды, құдаларды шаңыраққа кереді. Қыз беретін ауыл қыз алатын жаққа, әйтеуір не істегілері келсе, соны істейді. Сондықтан да мынау жан-жақтағы жым-жырт үйлер түн ортасынан ауғанын тосып жатыр. Түн ортасында «сүйінші» шықты-ақ, ертең тағы да тойға түсетіндерін білдіріп, оң езулері тартып, қаннен-қаперсіз ұйқыға кетеді.

Күздің түні осыншама ұзақ болар ма... Сол күні жұрт тыпыршыды да жатты. Бір уақытта тойлы ауыл жақтан оқыс ойбай шықты.

— Қап, атаңа нәлет-ай қылған қорлығыңды ма?

— Қап, мына масқарасын-ай!

— Жыртық тоқашын шелпек деп сатып көңілімді арамдағанын-ай! Бір әжептарқы гүжбан дауыс жер төбелеп өкіріп отыр, өкіріп отыр.

Мынау бір ел естімеген сұмдық болды. Қыздың үйі түгілі маңайдағы ауылдар, сілті жұтып қойғандай, қапелімде үндерін шығара алмай қалды. Жұрт түгел оянса да, ешқайсысы сыртқа шықпады. Әлгі бір өгіздей өкірген неме әлі балпылдап отыр.

— Қап, көріңде өкіргір-ай. Жер қылдың-ау, әбден!

— Қап, ақ-адал малым-ай!

— Қап баяғыдан бері есек дәме боп келген есіл үмітім-ай!

Өлген әкесіне жоқтау айтып отырғандай жұрттың бәрі естісін деп әдейі даусын соза түседі. Төңірек тынышталған сайын өршелене айғайлайды. Кенет қақпанға түскен аюдай арсылдаған басқа бір дауыс шықты. «Қу, құдай-ай, мұнша жерге кіргізетіндей неңді алып ем!» Сол-ақ екен; «Ойбай, ойбай! Ұста! Шауып тастар!» — деген әжептарқы айқайлар естілді. Зердебайдың үйінің маңында гүж-гүж дауыс көбейді. «Жібер деймін, жібер! Оны да өлтірем, өзім де өлем!», «Жібер деймін, жібер!» Зердебайдың дауысы. «Қап, жүзіқара, қап!» Қызы жатқан үйге ұмтылып жүр. Қауқылдасқан еркектер ашулы ұстаны қызы мен күйеуін салған оңаша отауға жібермей, қолына жармасады.

Жұрт жылы көрпенің астынан-ақ сыртта не болып, не қойып жатқанын біліп жатыр.

Таң атқанша сол бір абыр-сабыр басылмады. Ел ол күні ұйқы көрген емес.

Ертеңіне күн шығар-шықпаста күйеудің тобы қарабет ауылдан дүрсілдетіп шауып шықты. Көкжиектен асқанша артына қарамай шапты. «Масқараға ұшырадық!» — деп намыстанып бара жатқан адамдардан гөрі «Құдай берді!» — деп қуанып бара жатқан адамдарға келіңкірейді екен. Бастарын асқақ ұстап, шалқая шабады. Солардың атқа отырыстарынан-ақ Әбілқайыр көңіліне секем алып еді, бесін ауа жан-жақтан жиналған ақсақал-қарасақалдар әлгі күмәнінің үстінен шықты.

Қаумалаған ағайын төр алдында теріс қарап жатып алған Зердебайдың бетін бері қаратыпты. Қызыл тіл неткен епсекті еді. Қара тастай боп қатып қалған ұстаның қасіретті көңілін де жібітті. Алақандай қос жанарға дөңгелетіп жас келтіріпті. Бұл шаруаны бұл күйінде тастамайтын болыпты. Құдайдан зекет тиетіндей боп бақытсыз туған тірі мүскіннің періште көңілін аяққа басқан әзәзілді тауып, мына айыбын мойнына алдыртып, қаралай бетпақ болған мұңлыққа некелестіретінге серттесіпті. Оны орындамай тірі жүрмеске бүкіл ағайын боп ант-су ішісіпті. Сосын кешқұрым батар күннің жалқынында қарақұрым ауылдан ірге ажыратып алшақ қонған хан орда жаққа жалтақ-жалтақ қарап қойып елді-еліне тарасып бара жатты.

Төбеге тау құлағандай зіп-зілдей тағы бір күн тағы өтті. Ол күні ешқайдан хабар шыққан жоқ. Үшінші күні күн шығар-шықпаста сау етіп отыз атты Әбілқайырдың іргесіне түсе қалды. Өңдері қату, иіндері салыңқы. Бұның есігінен бір түрлі қаймыжықтап аттады.

Қақ төрге алшиып Қонысбай отырды. Әйтеке тұқымын алға салып келгендеріне қарағанда, бұл келістері оңай келіс болмады. Атақты бидің балаларының отырыс-тұрысында, сөйлеген сөздерінде аталарына тән ірілік бар еді. Қонысбай да қалған дәукес билердей шаршы төрге шығып ап, шақшақай құстай шақылдай жөнелмей, қоңыр домбыраның үніндей күмбірлетіп сөз бастады.

— Алдияр, сары ала таңда түскенімізге қарап та, жайсыз хабармен жүргенімізді біліп отырған шығарсың. Оразамызды ашпай тұрып әңгімелесетін төтенше іс тап келді. Табалап келіп отырғанымыз жоқ, өзіңмен бірге сүйегімізге дақ, бетімізге таңба салатын сұмдық оқиғаның бетін әрі қылғай деген ақ тілеумен жиылып отырмыз. Зердебайдың қызының кешегі абыройсыздығын жұрт мына іргесіндегі орыс қосынан келген пәлеге жориды. Ішінде бір ерең-серең жас жігіт бар дейді. Соны жұрт талай рет бейуақта Зердебайдың үйінің қасынан көріпті. Мұсылман болса, бір сәрі, қайдағыны қайдан шақырып, аузы түкті кәпірге қызымыздың етегін ашқызды деп сені пәлекеттейді. Ағайындықпен алдыңнан өтейін деп келдік. Салмақ салайық деп келген жоқпыз, ақыл айтайық деп келдік. Мынандай масқарадан құтылудың үш жолы бар. Біріншісі: «Адал көңіліммен, ақ дастарқаныммен қарсы алғанымда кәпір-кәпірлігіңді істедің!» — деп, бізді жиып пәтуамызды алып, әлгі Сартайлақты дарға астырасың да, қалғандарын бір күн кідіртпей еліне қайтарасың. Екіншісі, атасы кәпір орыс елшілігінің мұндай қылмысына ешқандай араласым жоқ деп ел алдында іргеңді аулақ сап, оларды ызалы жұрттың қолына бересің. Үшіншісі, әлгі Сартайлақтың ешқандай күнәсі жоқ деп ата аруағы жатқан қызыл үйіктің басына барып ант бересің.

Әбілқайыр мынаны естігенде шөжіп отырып қалды. Қонысбай да оған ес жиғызғысы келмей үстемелетіп түйдек-түйдек сөйледі.

Хан тамағын кенеді.

— Оразамды ашпай тұрып, айтар адал сырым, Зердебайға да, қызына да қысастық ойлаған жерім болған емес.

Жұрт гу ете қалды.

— Әлбетте. Ондай ой бізде де жоқ.

— Көзсіз көбелек бейшараны отқа итеріп жүрген орыстар деп тағы айта алмаймын. Олар да тірі пенде. Анық-қанығына көзім жетпей тұрып, бекер обалдарын көтергім келмейді.

— Әрине. Анығына жету керек.

— Дәл қазір аруақ басына барып ант-су ішуге де әзір емеспін.

— Ойлан. Сарапқа сал. Асықпа. Болар іс болып қалды. Патшаның елшілігін мынандай жағдайда жұрт бәрібір аттап шығартпайды. Өз бетіңше тергеп-тексер. Сосын келген шешіміңді хабар салып бізге айт. Бірақ бір ескертетін жағдай, ант беруге бел бусаң, антқа басыңдағы бағыңды, алдыңдағы малыңды, кеудеңдегі жаныңды тігесің. Ағайынды ренжіткен жәбірдің емес, аруақты апшытқан кесірдің тұсындағы анттың шарты сол. Ол деген сөз бағым деп басыңдағы тажыңды антқа ұстайсың, малым деп астыңдағы тұлпарыңды антқа ұстайсың, малым деп астыңдағы тұлпарыңды антқа ұстайсың, жаным деп тек өзіңнің ғана жаныңа бататын емес, күллі елдің қабырғасы қайысатын ең қадірлі, ең аяулы кісінің балиғатқа толмаған періште перзентін антқа ұстайсың. Өз тұқымың, Есет пен Бөкенбайдың тұқымы ол санатқа кірмейді. Антқа баласын ұстайтын адамың олар да болмасын, олардан кем де болмасын. Ал, біз жүрдік. Ойлан, мықтап ойлан!

Әлгінде бұған елжірей қарасқан отыз би үн-түнсіз шығып, аттарына қонып жүріп кетті.

Соңғы екі жылдың ішінде бұның төріне сабырмен аттап, есігін сабырмен жапқан тек әлгілер екен. Неге бұлар мынандай аруаққа тіл тиген кезде терілеріне сыймай күйіп-піспейді? Киені үркіттің деп туырлығын тіліп, төрін неге сабамайды? Неге қиястанып кіріп, қыжырына сөйлемейді? Неге бәрі кеңпейіл, кешірімді бола қалған? Неге, неге, неге ойбай... Неге...

Әбілқайыр астындағы ала-құла кілемді өзі төмпештеді. Не негесі болушы еді! Белгілі ғой бәрі де! Бүгін таңда бұл өңірде бұдан қор, бұдан мүсәпір кім бар дейсің? Онсыз да мүсәпір кісіге кім қиястанып, кім қырсығады? Өзі жер болып отырған кісіні кім төбесінен

төмпештейтін еді? Қазақтан шапағат көргің келсе, мүсәпір бол! Сәл дәулет, сәл қасиет, сәл абырой, сәл бағынды көре алмай қыржыңдап қалғыш жұрт, мүсәпірлерге дегенде қандай кешірімпаз, қандай кеңпейіл, қандай шапағатшыл! Әлгілердің бүйтіп жібектей есіліп тұрғаны да ертеңнен бастап бұны кісінің қоры, мүсәпір санағандары ғой. Әлгіндей сұмдық, қылмысты бұдан көріп отырып, бұны қайтып кісәпір санамай, мүсәпір санайды екен? Өйткені, бүгіннен бастап ол ешқайсысының жағасына жармаса алмайды, жолында тұра алмайды. Сонда мүсәпір болмаған несі қалды. Аруақтың көңілін бүтіндеп, рулы елдің ұпайын түгендейін деп жүрген олар жоқ. Оларға керегі бұның осылай тірілей жер болғаны. Алдына қойған үш шартының өзі соны көздемей ме? Қайда барсаң да, Қорқыттың көрі деген осы ғой! Сартайлақты дарға астырып, қалған елшілікті еліне қайтарсаң, ақ патшамен бәрібір ат құйрығын үзіскенің. Сосын оның шарапатына Жәдік тұқымының бір жылмаң төсі оп-оңай ие болып шыға келеді. Ертең ел алдында орыс елшілігімен ірге ажыратып, оларды мынандай қысылтаяң кезде тағдырдың тәлкегіне тастасаң, тағы да сол ақ патшаның алдында қара бет боп шыға келгенің. Бұл айырылған абыройды Жәдік тұқымы тіріде мақұрым жіберер ме! Бұны антынан айнытып, бағын тайдырады да, бөтен елде қорғансыз қалған елшілікті сын-сағатта өз қанатының астына алғансып, тағы біреудің жұлдызы жанады. Ал ант берсе ше? Алдымен, айдалада осынша уақыт бойдақ жүрген жат-жұрттық еркектерден не шығып, не шықпайды деп кепіл бола алмақшы? Абыройын айрандай төккен сұмырайдың кім екенін мылқау бейшара бәрібір айтып бере алмайды. Сонда ештеңеге көзі анық жетпей тұрып, ант алдына қайтып бармақшы? Ал, ата-бабаның аруағы басындағы бағын атсын! Онда баяғыдан бергі өз етін өзі жұлып жеген әуре-сарсаңның не керегі бар еді!? Ал, алдындағы дәулетін атсын... Ел алдында бәрібір қарабет болмай ма?! Ал, кеудесіндегі шыбын жанын атсын... Сонда біреудің жазықсыз періште перзентінің шырылдатып көзіпара обалына қалай қалмақшы!

Бұл қазір тор жайып ұстап алған арлан қасқыр сияқты. Алдына үш қақпанды қатар құрып қойып: «Осының біреуін таңда! Өлсең — өлгенің, өлмесең — шойнаңдатып, құр сұлдеңді тірі жібереміз. Бірақ азу

тісінді өз қолымыздан қағып аламыз!» — деп тұрғандай. Сонда арланға азу тіссіз тіршіліктің қажеті қанша! Арлан арлан ғой! Өзінің ындыны болмаса, арттағы ұрпағын ойламайды. Мұндай тығырыққа тірелгенде қаның қайнап, қара сойылға қарсы атылып, өз еркімен ажал құша алады. Ал, бұл ше... Бұл мынандай масқарамен қара жердің қойынына қалай кіре алады?! Артындағы ызғындай ұрпағын қалай қарғысқа тастап кете алады? Оның үстіне, бұл осының бәрін тек өзі үшін ғана істеп пе еді? Мына маубас қандастары бұдан аяған бақ пен абыройды қызыл итке жем қылғанда, қаралай есі шыққан үрей жүрек бейшара жұртты тағы қандай кесепаттарға бастамақшы? Жел етек ұрғашының абыройының ашылғанына осынша тұлынып тұтып жатқан есер елдің ертең бір-бірімен не деп ұстасып кететінін кім біліпті?! Жоқ, басқа түскен тауқыметті ақырына дейін көріп алады. Сонда қарсы алдында құрулы жатқан үш қақпанның қайсысына пейіл болғаны жөн. Алдыңғы екеуіне жоламайды. Өйтіп, тірілей өліп жүре алмайды. Ендеше, үшіншісі... Тақтан, дәулеттен, жаннан баз кештіретін үш серіппелі болат қақпан. Оны басуға әуелі тәуекелі тұра ма? Тәуекелі тұрса, тірсегі шыдай ма? Үш серіппе бірдей қаппай-ақ, бір-екеуі қарш етіп қармап алғанда, қақсал сүйек омырылып кетіп жүрмес пе екен? Не де болса, нар тәуекел... Ол үшін бірақ патшаның елшісімен сөйлесіп, Сартайлақтан сыр тартып көру керек емес пе? Сол бір аш ішектей немеге түтін-түтін құрым күркеден шықпай не көрінді* екен десейші? Елші де бір маубас неме... Соңына ертіп келген қу сирақтарын ауыл-үйден тыйып ұстамас па! Қайдан тыйып ұстасын! Қайта оған керегі де, олардың сол жүріп-тұрғаны, естіп-білгені емес пе... Ендеше, міне, естіп-біліп қарқ болды! Ал, жарайды, ол неме адал-ақ болсын! Қызы бар үйге кім сүйкенбейді, ауыл-үйдің ұры тазылары-ақ қарап жүрмей қара жақсын! Сонда Қызыл үйіктің басындағы ант ошаққа басындағы тажын тастасын, астындағы атын ұстасын, ал әлгіндей бүкіл рулы жұрттың тілегі бір өзінің үстіндегі ала бөтен аяулы перзентті қайдан табады? Бөкенбай ол санатқа кірмеді. Есет ол санатқа кірмеді. Мұның өз тұқымы ол санатқа кірмеді. Сонда кім? Әлгілерден кем болмасын дейді? Ондай кім бар еді?

Әбілқайыр мүдіріп қалды. Есіне ештеңе түспеді. Бұның төңірегіне тек өз тұқымы ғана емес, қайын

жұрты, нағашы жұрты, бүкіл зәузаты түгел жатады. Сонда бұның өзі де, елі де жанындай жақсы көретін тағы кімі бар?

Е... е... Сол, сол ғой! Ол қырсықтардың тұспалдап отырғаны соның дәл өзі. Бұған да, ел-жұртқа да аяулы. Аяулы болғанда қандай? Бұл төңіректе, тіпті, бұл білетін жерде одан аяулы, одан қадірлі кім болушы еді? Қой, қой, бұлардан сұмдық артылған ба?

Біраздан бері мынау өз төңірегіндегі итырқылжыңмен әбден басы қатып, өткен-кеткенді көп есіне ала бермейтін болған Әбілқайырдың жадына тағы да сол ұмыт бола жаздаған алыс оқиғалар оралды.

Апырай, ә! Бұл тағдырға сөз жоқ екен ғой. Баяғыдан бері екі ортада талай жүйрікті болдыртып, талай сұңғыланы жаңылтып, талай патша мен талай ханның құлағын талай мәмлегердің таңдайын жауыр қылған мына мәселе күндердің күнінде бесіктен белі енді шыққан тап соның тағдырына кеп килігеді ғой деп кім ойлаған?! Дүние жаратылып, су аққалы иті қырын жүгіріп, маңдайы бір ашылмай қойған кем талай халықтың ежелден тартып келе жатқан тауқыметі, бүгінде белшесінен кешіп отырған батпан-батпан бейнеті мен азабы, ертеңге деген есек дәмесі бәрі-бәрі жиылып кеп тап соның қылқандай мойынына қылыштың жүзіндей қылпылдай төніп тұрып алады деген үш ұйықтаса түсіне кіріп пе еді?! Пәлен уақыттан бері екі жақтың да жер түбіндегі көрмей біліп отыратын көсемдері қанша өлшеп-пішіп, ауызымен орақ орған шешендері қанша жақтарын сауып пәтуасын таба алмаған қырсық түйін тап сол әке-шешесінің жылы бауырында қаннен-қаперсіз мажыра боп ұйқы соғып жатқан бейкүнә сәбидің кеңірдегіне кеп кептетіле тұрып алады деген ой кімнің басына келіпті?!

Соны ойлағанда тұла бойы дір ете қалды. Онсыз да ол тұқымның алдында бұл аз қарыздар емес еді. Қыршаңқы жұрттың ортасында қиқалаң ғұмыр кешкен бұл оның тұқымының білігіне аз жүгініп, білегіне аз сүйенбеп еді. Соларының қарымтасын бір қайтарсам, осы балаларының тұсында қайтарған шығармын деуші еді. Енді, міне, сол там-тұм жақсылығы қарлы қаратау қиянатқа айналмақшы. Дүниеде бір кісі бұған қарыздар боп өтсе, сол бір баяғыда о дүниелік боп кете жаздаған шикі өкпе шарана қарыздар боп өтетін шығар деп ойлайтын. Құдай бұған оны да көп көріпті. Мынау екі

талай шаруаның арты насырға шауып жүрмей, жақсылығымен бітсе, оған тек бұл ғана емес, исі қазақ түгел қарыздар қалмақшы.

Оразаларын ашпай жатып опыр-топыр кіріп шыққан отыздың меңзегені басқа ешкім де емес, тап сол. Баяғы бір оқиға олардың да есінде. Әбілқайырдың бір кісіге жаны қатты қиналатын болса, тап соған қатты қиналатынын олар да жақсы біледі. Сондықтан да мұны жанды жерінен қауып отыр. Ақ-қарасы анық емес мына даудың тұсында антқа оны ұстап, біреудің көзінің қарашығындай жалғыз ұлының басын қатерге тіксе, Әбілқайыр ертең елдің көзіне не бетімен көріне алмақ? Соны біліп әдейі қинап отыр. Бұны ертеңгі көлкөсір бақ пен дәрежеден ғана емес, кешегі аз-мұз абыройынан да айырмақшы. Халықтың көкірегінен бір кездегі батыр Әбілқайырдың, ақылды Әбілқайырдың, әділ Әбілқайырдың атын қағынды тиген қара түйнемедей біржолата сылып тастамақшы. Бұған көңілін күпті қылатын ертеңді ғана емес, көңіліне медеу тұтып, ауық-ауық шүкіршілік қып қоятын кешегіні де қиғылары келмейді. Жоқ, ол оқиға мұның қос шырағы әбден өшіп, қара көрге түскенше, көкірегінде сайрап жата бермекші.

Баяғы сол алай-дүлейдің тұсында Әбілқайыр бастаған ауыр қол жыра-жықпылы ай құшақ қауып құшақтаса жығылған қазақ пен жоңғардың өлігіне толы Қаратауды шырқ айналып шықты. Әуелі Көсегенің көк жонынан көтеріле бере бұлардан бөлініп, алды-артына қарамай салдырта жөнелген Тайланның көз ұшында бұлаңытып бара жатқан қарасына ілесіп біраз шапқыласты. Бірақ, көкірегін қасірет құрсаған қайсар батырдың бәрібір көңіліне алған нәрсесін орындап шықпай, қайта оралмасын білген Әбілқайыр аттың басын құбылаға бұрды.

Қайда барса да — ойран болған ошақ, ортаға түскен шаңырақ. Қайда барса да — ұлып қалған ит пен үйіліп қалған өлік. Асу-асу, ұрымтал тосқауыл тұстардың бәрінде де жастықтарын мол қармап жер қауып жатқан қазақ қолдары. Теңкие құлаған аттардың қара санынан Ұлы жүз бен Орта жүздің талай руының таңбасы көзге ұрады. Талай жерде Әбілқайырдың артындағы қалың қол талай жорықта үзеңгі соғысып бірге шайқасқан көз таныс сүлейлерін көріп, іштей егіліп келеді. Ең болмаса,

қара жердің астына беттерін жасырып, бір уыс топырақ тастауға мұршалары болмай суыт жөңкіліп келеді.

Соның бәрін көре-көре әбден қандарына қарайып келе жатқан ызалы қол жақпар-жақпар шоқылардың қоршауынан құтылып, күнгеіге де ілікті. Жұрт аттарын тебіністі.

Әншейінде далиып жатар кең жазық бүгін бір түрлі мұнарға көміліп кіреуке шалып тұр. Жер түбінен көзге ілігетін Қожа Ахмет күмбезі де ғайып боп кеткендей. Еңкілдей шапқан ереуіл қол жан-жаққа көз тастап, жау әскерінің қайда бекініп, қазақ қолдарының қайда қорғаныс құрып жатқанын біле алмай келеді. Кенет көз ұшынан бір үйдек-түйдек қарайған көрінді. Ол бұларға беттемей көлденеңдей жылжып бара жатқан тәрізді. Онсыз да ақ тер, көк тер аламан одан сайын өлермендене әлгі бір қалың шоғырға қапталдай шапты. Қалың шоғырдың ұлы нобайы енді айқындалайын деді. Бір түрлі сары ала, қызыл ала. Ортадағы қызылды-жасыл керуен де, жан-жағындағысы найзасын көкке білеген ауыр әскер болып шықты.

Көздеріне қан толып келе жатқан ауыр әскер алдарынан жау тап болып, алақайлай қуанып, қиқулап дүрсе қоя берді. Сарт та сұрт шайқас басталды да кетті. Ақ семсер, көк найзаның тілегендері де осы еді. Аман қалудың жағдайын атымен ұмытып екілене соғысқан екі жақ бірін-бірі із-түзсіз құртпай тынатын түрлері көрінбейді. Құлатқан сайын құныға, өлтірген сайын өшіге түскен аусар желік қапелімде басылар емес. Қазақ жағы тіпті кімінің оққа ұшып, кімінің топқа түсіп жатқанына да қараған жоқ. Соқыр ыза оларға бәрібір ештеңені көрсете қоймас еді.

Қалың ойнай бара жатқан сәнқой күйеудің салтанатты шеруіндеі маңғаздана басқан жоңғар қолы манағы ажар-көркінен түгел айырылып, бесін ауа қозы жамыратқан қойлы ауылдай бытысып кетті. Ойламаған жерден қапталдан тиген қалың жауға, қапелімде, айла таба алмай қалса керек, бықпырт тигендей жайрап қалыпты. Енді жәндәрмен жүк артқан түйелерді қаз-қатар шөгеріп тастап, бекініп жатып алды. Қара атандар мен қара нарларды бық-бық бақыртып гүрс-гүрс мылтық ата бастады. Ет қызуымен анталай шапқан қазақтар тең-тең жүктердің тасасынан сары масадай жауып кеткен садақ оғынан баудай түсіп жатыр.

Әбілқайыр желкесін қасып тұрып қалды. Мынау ойран көлгір ойсыл қараларға не айла істегені жөн! Жандарын аямаса да, малды аяйтын қазақтарға түйелерді көздеп, көздегенде де көзден көздеп оқ жаудыруға пәрмен қылды. Көздері ағып түскен талай түйе матаулы екендеріне қарамай орынынан атып тұрмақ болып, бақырып-шақырып тулап жатыр. Талайы жан-жағына ақ жын атып арпалысып кетті. Түйелерді қалқалай шайқас салғылары келген жоңғарлар бұйдамен алысып, бастарымен қайғы болды. Олар жақтан төпеп тұрған қара нөпір оқ та сирейін деді. Соны пайдаланған қазақтар түйелі бекіністі ту сырттарынан айналып өтіп, қылыштаса, найзаласа жөнелді. Бұны көріп бергі беттегі қазақтар да лап қойды. Жандары мұрындарының ұшына келген жиырма шақты жоңғар түйеге теңдеулі кебежелерден сықитып ораған бірденелерді қолдарына алып ап, құйғытып қаша жөнелді. Қашқанда да кері қарай қашты. Әбілқайыр шайқас басына Бөкенбай, Есет, Батырларды тастап, өзі қасына елу шақты жігіт ертіп әлгі жиырманың соңынан салды. Жоңғарлардың тақымындағы ен қазақтың қаран малынан таңдап мінген сәйгүліктер бұлардың пәлен күннен бергі борбай созды аттарына жеткізе қояр емес. Бұлар енді қорамсаққа қолды мол салып, аттан көздей бастады. Талай жүйрік мұрттай ұшты. Домалап түскен жоңғарлардың бір қатары атып тұрып жаяу жүгіріп барады. Қолдарындағы түйіншектерін бәрібір тастар емес. Бұлар қуып келеді, бірақ қайран қалып келеді. Не де болса, қолдарындағы буыншақтарды атқан жоқ. Аттарынан айырылған бір-екі жанықас жоңғар әлгі түйіншектеріне анадай жердегі күнгеі жақтағы әлдебір қарлы таулардан бас алып ақ айрандана сапырылыса жөнелген көктемгі көк дүлей дарияға лақтырды. Әбілқайырға қазір дариядан әлдене гүрс ете қалатындай көрінді. Баяғыда жасырақ кезінде ойраттарда тұтқында болып келген кәриялар айтатын еді. Олар жиын-тойларының артында бала құсап орап алған түйіншектерін отқа лақтыратын көрінеді, сонда күллі дүние төбеңе тау құлағандай гүрсілдеп қоя беретін көрінеді. Бірақ, мына түйіншектері олай болмай шықты.

Бұл соңына түскен ақ боз атты қашып құтылудан күдерін үзсе керек, ат-матымен дарияға қарай салды. Бұл да емініп қуып келеді. Дарияның жағасына жете беріп, әлгі ақ боз атты қалмақ артына жалт бұрылып,

қылыш сермеп қалып еді, бұның оң иығы салдырап қоя бергені. Иығын жуып бара жатқан қызыл қанға қараған жоқ, сол қолымен қайқы селебесін суырып алып, қарсы алдында қайқая шауып бара жатқан ақ боз аттыға қарай атып жіберді. Ақ боз атты жоңғар шалқалаған күйі ат-матымен жардан домалап жөңкіліп жатқан ақ түтекке күмп берді. Көзіне қан толып келе жатқан бұның астындағы қара кер де тік жардан бір-ақ секірді. Мұздай су кеңірдегінен келсе де, үзеңгіден аяғын суырған жоқ. Атының қайда кеткенін білмейді. Құла аттың жалындай көпірген сары ала толқынның үстінде алшысынан түсіп алшайып отыр. Әлдене тақымынан тартып құрдым түбіне батырып барады. Кенет қалқып су бетіне қайта шықты. Бет-аузын жуып кеткен лай суды сүртуге мұршасы болмай, жан-жағына көз салды. Қарсы алдынан қара кердің қалқыған екі құлағын көріп көңілі орынына түсті. Аты аман екен. Малтып келеді. Анадай жерде ақ боз ат бос жүзіп барады. Сауырындағы қаба сақалды шұнақ құлақ жоңғардың қайда сыпырылып қалғаны белгісіз. Кенет қапталдаса жүзген екі аттың ортасында қалқып келе жатқан бір түйіншекке көзі түсті. Манағы ақ боз атты жоңғардың қолындағы түйіншек. Қолын соза қармай алды да, қолтығына қысып, атының басын көлденеңдей киліккен қызыл мүйіске қарай бұрды. Бұның дарияға қойып кеткенін көрген төрт-бес атты алдынан жолықты. Қара кер жануар саздақ жағаға шатқаяқтай тырмысып әзер шықты. Жағада тұрған төрт-бес атты секіріп түсіп, бұны көтеріп алысты. Оң қолы салбырап қалған хан қолтығындағы буыншақты қасындағыларға ұстата берді. Сол-ақ екен жас нәрестенің шырылдаған дауысы шықты. Опыр-топыр ұрт қимылдан шошып қалған бала есін жинады ма, әлде бұрқ-сарқ дарияға малшынып жүріп, Әбілқайырдың құлағы бітіп қалып енді ашылып тұр ма, мына дыбысты манадан бері бірінші естіп тұр.

— Ойбай, мынау бала екен ғой!

— Алда, мүсәпір-ай!

— Өлім ауызынан қалды-ау!

Серіктері түйіншекті шешіп, жөндеп су өте қоймаған баланы қойындарына тықты.

Хан құрғақ атқа ауысып мініп шайқас болып жатқан жаққа қарай салды.

Майдан орыны жайрап жатқан өлік пен шашылып қалған дүниеге толып кетіпті.

Тіздеулі түйелер тіздеуін ағытқан соң алды-артына қарамай бет-бетіне безіп барады. Керуенде көзінен тізіп айдап бара жатқан қазақ тұтқындары да бар екен, қандастарының аяғын құшып шұрқырасып жатыр. Түркістанды әлдеқашан жау алыпты. Жоңғарлар осылай олжа артып күніне он-сан керуенді елдеріне жөнелтіп жатыр дейді. Кешегі керуенмен жүздеген тұлымдыны шулатып айдап өтіпті. Қазақтың қызқатынының шырайлыларын шырылдатып күндікке алып кетіпті. Бүгінгі керуендегілер Түркістан, Сауран, Қарнақ, Иқандағы он қолынан өнер тамған шеберлер екен. Қаратаудың екі бетін жайлаған қазақ ауылдарының талай дәулетін бастыра артқан бұл шерудің қақ ортасына да екі-екіден кебеже теңдеген он түйе келе жатқан-ды. Ол ойраттар шапқан іргелі ауылдардан алынған бір-бір тұяқ еді. Қазақтардың ең атақты билері мен батырларының қолға түскен бір-бір нәрестесі ертең жоңғардың қолындағы мықты қаруға айналары сөзсіз. Сол бір күшпен алынған аманаттарды пайдаланып ертең қонтайшы қазақтардың ауызы дуалыларын өз жағына шығармақ боп саудаласып бағары анық. Сондықтан да олар жаңа қалған керуенге қарамай, әлгі жиырма түйіншекті кері қарай алып қашты. Енді, міне, сол сәбилердің көбі әлгі бір алыс-жұлыстың үстінде шәйіт кетті. Ал, әлгінде хан қолтығында келген кішкене түйіншек жеркөкке сыймай бұлқынып жатыр. Жұдырығын түйіп ап қып-қызыл боп жылаған қара шұнақ балаға ханның көзі түсіп кетіп еді, жүрегі дір ете қалды. Апырау, мынау Тайланның баласы ғой. Тұяқ қой...

Әбілқайыр кішкене түйіншекке қайта ұмтылды. О, тоба! Әншейінде мықты кісінің бойын сол арада бір бусаңдық жеңіп, құйтақандай жып-жылы түйіншекті омырауына қыса түсіпті. Тұяқ! Кіндігін өзі кесіп, атын өздері қойған. Сол күнгі Мәтінің қуанышы да көз алдында. Күні кеше Көсегенің көк жонына шығар жерде бетін өздері жасырып кеткен жарықтық екі тұяғының да жер басып тірі жүргенін білсе, о дүниеде де мұңсыз жататын шығар. Қайран Мәтекең бұл туғанда жүрегі қалай жарылып еді. Әншейінде лекілдеп көп сөйлеуді білмейтін сыншыл қария осы туғасын қабағы ашылып, кім-кіммен де жарқылдай амандасып, жалпылдай қалатынды шығарып еді. Елден шеттеп кеткен жалғыз үйлі бұйығы мінезін тастап, той-думандарға баратын

болған. Жомарттың ауылындағы бір жиында артық дәулетке кекірегі азып, астамсып сөйлеген бір әулекінің Мәтіге төрді қимай:

— Апырай, жер тырмалап, індігеш баққан мына жаман жатақтың той не теңі екен, кіммін деп, қай қалың ағайынын, қай мол шашуын бұлдап келеді екен! — дегенін естігенде кәрі би айтыпты деген бір сөз ісі алашқа түгел тарап кетіп еді.

— Жарлығымды сұрасаң жалғыз қара бурамен елден бөлініп көшкенім рас; мырзалығымды сұрасаң, сол жалғыз бурамды сұраған мүсәпірге түсіп беріп, күркем жұртта қалғаны рас, ерлігімді сұрасаң, Тәуке ханды жау қамағанда туын ұстап, қапияда туым жығылып, жау қолына түскенім рас; билігімді сұрасаң, сол жауды қызыл тіліммен балқытып, өлімнен құтылғаным рас; барлығымды сұрасаң, тістелеп баққан жалғыздың соңына қара еріп, жылқысы жайса белге, жапса көлге сыймас Садыр Жомартпен құда болғаным рас; бар малым бір бура болғанда жарлық бұдан өтіп не болсын; сол бураны мүсәпірге түсіп беріп жұртта қалғанымда, мырзалық бұдан өтіп не болсын; ту ұстап жауға шаптым, батырлық бұдан өтіп не болсын; қызыл тілдің жүйріктігінен ажалдан құтылдым, билік бұдан өтіп не болсын; жалғыз балама Қаратаудың терісін бір өзі малға толтырған Жомарттың жалғыз қызын ап бердім, байлық бұдан өтіп не болсын, қаршадай ұлым қарқарадай отау тігіп, торсық шеке немере сүйдім, барлық бұдан өтіп не болсын, өзім батыр, өзім бай, өзім би де, өзім бар, мен бұл тойға не бетіммен келмеймін, қотаның толып, қойыртпағың молайғанда бұтқа толып отырған жаман қойшы мен тұрғанда саған төр қайда! — депті Мәтекең.

Айдалада басыр боп жалғыз үй қалған кәрі бидің ауызын астам ашырып, еңсесін тіктеткен осы бір қызыл шара шаранатұғын. О да, міне, енді болмағанда, шешесі құсап жауға қолды боп кете жаздапты. Бүгін құдайдың осынау ұлы шоғырға тап қылғанына мың шүкір! Ісі қазақтың абыройын арқаласып келе жатқан айтулы тұқымның мына тұяғының аман қалғанына мың шүкір!

Содан Әбілқайырға ерген қалың қол әлдеқашан жау алып қойған Түркістанға беттей алмай, Сауранды бір айналғанда үй айналып шырғалаңға түскен Кіші жүз ауылдарының бас-аяғын жинап Хиуа ауған... Ата-анадан тірі айырылған кішкене Тұяқ хан көшінде кете барған. Ай өтті. Тайлан мен Пәйтшайымнан хабар

шықпады. Жыл өтті. Тайлан мен Пәтшайымнан хабар шықпады. Екі жыл өтті — кішкене Тұяқтың әкешесінің тірлігінен еш белгі ұшыраспады. Сүйтіп жүргенде бір күні Бөкенбайдың көшіне қапталдан бір бейтаныс әйел мен бір бейтаныс еркек кеп қосылды. Мынандай алмағайып заманда талайды бастан кешкен қазақ көші айдалада жалғыз атқа кезек мініп келе жатқан әйел мен еркекке еш таңданған жоқ. Қашан қастарына кеп жөн сұрасқанда барып, ұлан-асыр ұлы дүрмек гу ете қалды.

— Ау, мынау Тайлан ғой.

— Қасындағы Пәтшайым ба...

— Жоқ, ол емес...

— Алда жазған-ай, тірі екен ғой...

Күнгеіден теріске қарай шеру тартқан ұзыншұбақ көш кілт кідіріп, тайлы-таяғымен Тайлан батырға жылап көрісті. Екі жылдан бері ел қарасын көрмей жат боп кеткен Тайлан бір түрлі кеңірейіп илікпей тұр. Қос самайы құдай боп ағарып, қобаған мұрынының үстінен шаншылып, бір сызық әжім түсіпті. Жүріс-тұрысы делсал. Көзқарасы суық. Қаумалаған қарындастың: «Алда, асылым-ай, азаматым-ай!» Иірілген халық күні кеше алдарына ұстап, төбелеріне көтерген азаматтарының бүйтіп тасбауырланып тапжылмай тұрғандарына еш таңырқаған жоқ.

— Қайтсын, көрмеген қасіреті бар ма?

— Тақсірет деген осы ғой, күллі дүниеден көңіліңді қалдырады ғой!

— Айтпақшы, одан сүйінші сұрамайсыңдар ма?

— Иә, Тұяқ тірі!

Сонда ғана Тайланның тас кесектей көк сұр жүзі қыбырлағандай болды. Екі жылдан бері тілі байланып қалғандай ешкімге тіс жарып көрмеген үндемес батыр қинала езу жиырды.

— Тұяқ тірі ме? Қайда өзі?

— Тірі. Балаң қазір Әбілқайыр ханның қолында.

Тайлан мынаны естігенде көзін жұмып теңселіп тұрып қалды. Не істер, не дерін білмей жапа-тармағай жалпылдасып жатқан ағайынға жалтақ-жалтақ қарай берді. Қасындағы бейтаныс әйел де әлгі хабарды естігенде көзі дымданып, батырдың жүзіне жаутаңдады.

Тайлан сол арада ат аударып мініп ханның ауылына тартты. Хан ордаға еңкейіп кірген еңгезердей батыр құшағын жая ұмтылған құрдасының иығына басын

тығып тұрып қалды. Күн исі, тер исі аңқыған қылшық-қылшық беті Әбілқайырдың жағын оттай күйдіріп барады. Бопай бәйбіше көтеріп әкелген кекілі жалпылдаған екі жастан жаңа асып бара жатқан қара баланы «келе ғой» деп шақырмады. Ебіл-себіл үсті-басымнан қорқа ма деп, ауық-ауық көз қиығын тастап қояды. Хан мен ханымның ортасында отырған қара бала: «Мына бір бейтаныс еркек қайдан келді», — дегендей көз алмай қарап қапты.

Содан Тайлан хан ордада бір айдай жатты. Кекілі жалпылдаған қара баланың да оған бойы үйренейін деді. Шақырса барып тізесіне отырып алады. Батыр баласын түнде қойынына алып жататынды шығарды. Енді екі жетім бір-бірінен бір елі ажырамайтындай күйге жетті. Хан досынан сосын барып жағдай сұрады. Сөйтсе, Тайлан баяғы Көсегенің көк жонынан бұлардан бөлініп кеткесін жоңғар ұлыстарын бетке алып бет алды құла дүзге лаға беріпті. Күндіз қалтарыста жатып, түнде қараңғыны жамылып жорта беріпті. Не істеп, не қоймақ екенін өзі де білмейді. Төрт жағын түгел қоршап тұрған асқар тауларының бәрі құлап, аяқ астында мынау аңылжыған айдалада жаңғыз қалған неме әйтеуір көкірегін бірдеңенің жарып бара жатқанын біледі. Сол қыжылдың бір төтен қимылсыз басылмасын біледі. Аанада өзі топырақ салып кеткен шәйіт әкенің, қазір мына жердің үстінде бар-жоқтары белгісіз пұшайман жары мен тірі жетім ұлының кегін қайтып қайырарын білмейді. Жоңғар ұлыстарына керуен шұбырып жататын ұлы жолдың бойындағы бір жақпар құз қапыны торып екі жыл жатады. Әрлі-берлі өткен талай жоңғар керуенін дүрліктірді — өші қайтпады. Талай-талай жоңғар қолына қапияда тиісіп қанға бөктіріп кетті — өші қайтпады. Не де болса, мынау жарық жалғанда тыныш жүргісі келмеді. Екі жыл тау тағы боп кеткен тентіренді қара іздемеді. Жоңғардың не марқасқа батырларының қапысын тауып қанын ішті, бірақ іші-бауырын өрттей жалап бара жатқан ыза бәрібір қайтпады. Ақар-шақар құз жартастардың арасынан әлем-жәлем боп бұл шыға келгенде жұрт жын көргендей қашатын болды. Тасты төсек қып, тағыны тамақ қып сол бетімен жүре берер түрі бар екен, бір күні елсіз бұлақтың басына кеп атын суарып, өзі шөлін қандырып құз арасына қайта сіңіп бара жатқанда бір кеу-кеулескен бес-алты аттыны көзі шалыпты. Атынан

түсіп, бір жақпар тастың тасасына тығылып, әлгі бейсауат жолаушылардың өтіп кеткенін тосыпты. Ол бұл кезде кез келген жүргіншіні үркітпей, олардың да аттарының алшаң басына қарап, менменсінген сүлейлеріне ғана тиісетін болған-ды. Әлгінде ғана бұтқа толып келе жатқан сабаздарды бөрі тигендей бөрліктіріп, тым-тырақай еткенінен бір түрлі кеудесінің басына кептеліп тұрған зіл сәл де болса, жеңілейгендей көретін. Мынау алты атты оған тап ондай айдынды дұшпан көрінбеді. Қазір елсіз тұмаға ат суытып жөндеріне кетсін деп, тым-тырс тосып жатты. Алты атты қаннен-қаперсіз қауқылдаса жақындап оңаша бұлақтың басына келгесін аттарынан түсті. Қол-аяғын шандып матап тастаған біреуді сылқ еткізіп ерден түсірді. Суат басында отырып, қоржындарынан азық алып тамақтанды. Елсіз таудың тұнық ауасына әлдеқашан ұмыт бола бастаған қара қазанда піскен үй тағамының исі аңқып қоя берді. Тайлан жұтынып қойып тұра берді. Алты атты қауқылдасып бірдеңе туралы таласады. Тамақтанып болған соң сайдың арғы бетіндегі жақпар тастардың тасасына бір-бірлеп барып, іш босатысып қайтты. Ол алтаумен ешқандай шаруасы жоқтай қол-аяғы байлаулы біреу тасқа сүйеніп сұлқ отыр. Бұған теріс қарап отыр. Бет-бейнесін көре алмады. Әлгілердің біреуі оның қасына барып тамақ ұсынды. Сайдың арғы бетіне барып шаруасын тындырған біреу жүре ышқырланып қайтып келе жатып бергі беттегілерге бірдеңе деп айқайлады. Оған бергі беттегілер қарқ-қарқ күліп мәз болды. Әуелі солай мәз-мәйрам басталған әңгіме бірте-бірте өңмеңдеген дауға айналып барады. Тіпті бірінің бірі қолынан қағып, жағасынан жұлқылап қояды. Бұл не туралы талас болып жатқанына, қапелімде түсіне алмады. Бар түсінгені — анау әрі қарап тасқа сүйеніп отырған қол-аяғы шандулы мүсәпірден басқаның бәрі өжеңдесіп кеткен. Әлгілер әрі қарап отырған адамға бірінен соң бірі тап-тап береді: оның қолын екіншісі қағып тастап, өзі өңмеңдейді. Әне, әне... Бір қаба сақал қасқа бас қанжарын суырып ап әрі қарап отырған адамның қол-аяғын матап тастаған қыл арқанды кесіп жіберіп, қолынан сүйрелеп көгалға алып шықты. Оған қалғандары дүрсе қоя берді. Осылай өзді-өздері алысып-жұлысып кеткен кезде шеткерірек тұрған біреуі әлгі қол-аяғы арқаннан босаған мүскіннің үстіндегі лыпасын жұлқып қалып еді, дар айырылды.

Мәссаған... Әйел екен. Жалма-жан қос көкірегін көлкештей алды. Шашы уда-дуда боп, қос бұрымы қопырап алдына түсіп кетіпті. Манағы қасқа бас маңына ешкімді жолатпай, оң келгенін оң ұрып, сол келгенін сол ұрып аламан-асырды салып жатыр. Шалбарының бір балағы шешіліп, бір балағы тілерсегіне жабысып жалпылдап тұр. Әлгінде ғана тұтқын қыздың омырауын жалаңаштап тастаған ұзын тұра опыр-топырға қосылмай оқшау барып, кеудеден төменгі жағындағы киімдерін енеден туғандай тыржалаңаш сыпырып тастады. Саны жарқылдап қызға қарай ұмтыла беріп еді, қасқа баспен жағаласып жатқандар аяғына оратыла кетті.

Бұл одан әрі шыдап отыра алмады. Атын әлгі жерге қалдырып, құз бауырайды қиялай құлаған ұзын жақпар тастың тасасымен мысық табандап опыр-топырға қарай жақындай берді. Жақындап барып алдындағы сандық тастың үстіне ырғып шығып, анадай жерде асыр салып жатқандардың ортасына топ ете қалды. Айқай салып ақ семсерін суырып алды. Көзіне қан толып оңды-солды сермеленіп бақты. Жан-жағынан жабыла кеткендерді біреуін шынтағымен түйіп құлатып, біреуін теуіп құлатып, біреуін түйреп құлатып ойран ботқаларын шығарды. Көзді ашып-жұмғанша оңаша бұлақтың басында мүрдем қатқан екі-үш өлік пен ыңыранған екі-үш ауыр жарақатты сұлап жатты. Тайлан қылышын қынабына салып, жан-жағына қараса, әлгі тұтқын қыз зым-қайым жоқ. Құлағына шақыр-шұқыр тас дыбысы келді. Сөйтсе, көкірек жағында еш лыпа жоқ уда-дуда қыз анадай жердегі құс тұмсық жартасқа қарай салып барады. Жетсе — мынау масқараға арланған қыз құздан құлап өлмек!

— Тоқта!

Жоқ, тоқтар емес. Бұл қуғанмен кеш болып қалды. Енді сәлден кейін құс тұмсық тастың төбесіне қарғып шығады да...

Тайлан не істеп, не қойғанын өзі де білмеді. Қорамсағына қол салды да, балағы далаңдап жүгіріп бара жатқан қыздың тірсегінен көздеп тартып жіберді. Қыз баж етіп жеткен жеріне отыра қалды. Тайлан жүгіріп барып ұстай алды. Қыз қалш-қалш етіп, қолын тырналады:

— Ағеке, мені осы араға өлтіріп кет. Маған енді тірліктің қажеті жоқ. Болды бәрі, құрыды. Ағеке, өлтіріп кет!

Қазақ қызы! Сорлы мұңлық! Әлгінде ғана арыстандай арпалыс салған батыр делсал шөгіп отыра кетті. Солқылдай жылаған сорлы қыз көріп келе жатқан азабынан, әлгі масқарадан, мынау ұяттан әбден болдыртып, дауысы да шықпай, иегі кемседеп талып жығылды.

Тайлан үстіндегі түйе жүн шекпенін қыздың жалаңаш иініне жауып жерден көтеріп алды. Бұлақ басына кеп қыздың қара санына қадалған садақ оғын жұлып ап, жарасын жуып, үстіне исі күңірсіген нарпоздың жапырағын жауып таңып салды. Сосын қаңтарулы тұрған екі аттың екі қоржынын иығына салып, жаралы қызды құшақтай көтеріп атына жетті.

Сосын Тайлан бұрынғыша тау тағы боп жүре алмады. Ойда жоқта тап болған әлгі қызды тастап кете алмады. Ызақор неме бұның көзі тайды-ақ, өзін-өзі өлтіргісі кеп арпалысып бағады. Бұның екі қолына жармасып жарасын таңдырмай отырып алады. Тайлан күшке салып, зарлаған қыздың ұялғанына қарамай, тәнін жалаңаштап, қара санындағы жарасына шөп бастырды. Ай жарымдай ешқайда аттап шықпай тас үңгірде отырды да қойды. Ай жарымдай айдалада кездескен екі мұңлық бір-біріне ләмим тіл қатпады. Тек жарасын таңарда ғана қыз: «Құрысын, керегі жоқ, жоламаңыз!» — деп бақырады. Тайлан: «Тәйіт!» деп зекіп тастайды. Содан басқа ауыздарынан бір ауыз сөз шыққан емес. Қайдан жүріп, қайдан тұрған адамдар екенін айтып жөндерін де сұрасқан емес. Ай жарымнан кейін қыздың жарақаты жазылды. Тайлан үйреншікті аңғарды тастап, басқа бір ұры мекенге көшіп алды. Енді қыз өзімен-өзі арпалысқанды қойды. Бұл кеткенде қу тізесін құшақтап отырып қалады. Бұл қайтқанда — қу тізесін құшақтап қарсы алады. Бір-біріне ләмим үн қатпайтын екі мылқау үн-түнсіз тамақ ішеді. Екеуі екі жаққа телміріп теріс қарап жатып алады. Жаз өтіп, күз сылайы біліне Тайланнан маза кетті. Бұрынғыдай қасқа жолдың бойына қалаған уақытында шыға кеп, аламан-асырды сала алмайтын болды. Елсіз қуыста өзін сарыла күтіп отырған сол бір бейбақ есіне түсіп кетеді. Биылғы қыста мына құзқияда қала алмайтын түрі бар. Күн жылы жер қарада ел қарасына жетіп алмай болмайтынын сезді. Күні кеше жалғыз жүргенде оған тірі жан керек емес еді. Ел де, баяғы дәурен де есіне түспейтін. Әкесін, әйелін, баласын ойлағанда ғана

көкірек тұсы шаян шағып алғандай тыз ете қалатын. Ондайда көзіне қан толып, жолға қарай тұра шабатын. Ойранды салып, ойынан шығып қатқасын тояттаған бүркіттей елсіз таудың басында түнеріп кеп отыратын. Енді сөйтіп өзімен-өзі бола алмайды. Қасына адам жолады-ақ, көпшілік керек, ел керек болады екен. Ол қыс түсіп кетпей тұрып мына бейбақты қазақ арасына жеткізіп салудың талабын жасады. Әрі ойлап, бері ойлап Қаратаудың маңына жоламауға бел буды. Бетпақтың шөлімен башқұрт асып кетпек. Әнеугүнгі Бөкенбайдың көшіне солай тап болыпты. Ойламаған жерде өлгені тіріліп, өшкені жанды. Енді не істейтінін біле алмай отыр. Әрине, мынау жалғыз тұяғының қасынан қарыс қадам ұзап шыққысы келмейді. Ол үшін ат үсті жортуылдың бәрін тастайды. Бір кездегі атасы құсап жер бауырын еміп, бір оңаша судың басына барып, алақандай жер көгертіп, соны бағып-қағады. Тұяғын балапанын шіркей аулап асыраған қарлығаштай қасынан шықпай көз алдында өсіреді. Ендігі арманы — баласының ат жалынан тартып мінгенін көрмек. Ендігі арманы — баласының соңына қарайып қалып бара жатқанын көріп көз жұмбақ.

Хан оның бұл сөзіне ештеңе деген жоқ.

— Ал, әлгі әйелді қайтпексің? — деді, біраз үнсіз отырып барып.

— Білмеймін, — деді Тайлан да аңтарыла қарап.

— Қайдан білейін, — деді хан. — Балаң екеуіңнің кір-қоңдарыңды жуып берсе де...

Содан Тайлан баласын алдына мінгізіп хан ауылынан аттанып кетті. Содан Тайлан жолда Бөкенбайдың ауылына соқты. Баяғыда соңына еріп келген бейбақ қыз соңынан ере жүрді. Үшеуі Шерубай Нұра үстіртінің күн батыс жақ кемер ернегіндегі бір оңаша бұлақтың басына барып қоныс тепті. Шешесінен көзін ашпай жатып айырылып, бет-бейнесінің қандай екенін ұмытып қалған кішкене бала мынау қастарынан қалмай ербеңдеп жүрген ебіл-себіл әйелді: «Апа!» — дейтінді шығарды. Бауырына басын тығып ұйықтайтынды шығарды. Қараңғы түнде омырауына тұмсығын тығып пысылдап жатқан кішкене сәбидің кекілін сипап кемсеңдеп жылап шығатын атымен бөтен бейтаныс әйелдің көкірегіне сүт жүгірді. Соны ұйқылы-ояу ыңырсып соратынды шығарды. Кішкене Тұяқ беске дейін емшек емді.

Тайлан әуелі баяғыдан бері тіл қатыспай келе жатқан әйелге сол тіл қатыспаған күйі біраз жүрді. Бірақ талай түнде қайдағы бір бөтен әйелдің қасына барып жатып алған баласын жоқтап тыпыршып ұйықтай алмай қойды. Сосын баласының бер жақ қасына жақындап жатып көз жұматын болды. Бір күні түнде баласының маңдайынан сипап көрем дегенінде қолы әйелдің ыстық білегіне тиіп кеткені. Қапелімде, жалма-жан тартып ала жаздады да, Тұяқжанның асты-үстіне түсіп жүрген бейшараның жанын жарақаттап алармын деп қолын қозғамады.

Сол күні екеуі де көз жұмбай шықты. Әйелдің не ойлағанын өзі білсін. Ал, Тайлан көрген түстей баяғы келте дәуренін ойлады. Өзін тістелеп жүріп жеткізіп кеткен әкесін ойлады. Мына жердің бетінде бары-жоғы белгісіз Пәтшайымды ойлады. Оның жарқылдаған жанары көз алдына келді. Сол-ақ екен жарық жалған қайтадан аңылжып сала берді. Бір уақытта баласы ар жағындағы бөтен әйелге қарай аунап түсті. Әйел оттай лаулап жатқан ыстық білегін тартып алып, баласын қымтады. Құдая, жалғызымды қасымда қалдырғаныңа да шүкір! Енді саған ешқандай өкпем жоқ», — деп ойлады Тайлан сол күні таң атқанша көз ілмей жатып.

Бір шаңырақтың астындағы үш адам бір-бірімен солай үн-түнсіз табысып, бір үйлі жан болып кетіп еді. Бәрінің ортасындағы дәнекер, бәрінің де тірлігінің мағынасы — сол кекілі жалпылдаған жалғыз Тұяқтұғын.

Енді, міне, Әбілқайыр сол құдайдан бір сұрап, адамнан екі сұрап алып қалған Тұяқтың басына өз қолынан зобалаң төндіргелі тұр. Бұған деген өштестіктің бар қияпаты ақыры айналып соған тірелмек.

Әбілқайырдың бағын соңғы рет сынайтын жері жалпақ алаштың алдында айрандай төгіліп бара жатқан абыройын қайта жиып алса, бір жиып ала алатын жері, ала алмаса мәңгілікке біржола айырылатын жері осы. Осы жолдан қалса, баяғыдан бергі есек дәмесінің бәрі желге ұшып, мойынына қияметтің қыл арқаны тірідей байланып, ат құйрығында кетеді. Мынау жанын талай шүберекке түйіп талай жаумен шайқасқа шыққан құба сахарада көзі де, аты да біржола өшеді. Енді ешкімнің жадына да, ауызына да оралмастай боп жым-жылас құриды. Баяғыдан бері осының бағының жанбағанына тілектес боп сырттай көз сатып отырған талай қара жүректің құдайлары береді де қалады. Жұрт мұны

талай қиында оқ өтіне шығарып, алға ұстағанын, ел басына күн туған қилы заманда екі рет ақ киізге мінгізіп төбелеріне көтергенін, атынан айналып, аруағына сиынғанын — бәрін-бәрін ұмытады. Күні кеше Қарақұмның қалың жықпылында, Ордабасының қара шоқысында күндей күркіреп қошамет айтқан жұрт енді ауызы-мұрындары қисаймай қарғыс айтады. Сол кездегілеріндей бұл жолы да басын қатер мен қауіпке байлап, тек өзі үшін ғана емес, солар үшін де, өзінің абыройы, солардың игілігі үшін де нартәуекелге бел бұғаны үшін лағнат естімек. Арғы-бергіде қазақтың талай ноқта ұстарының көкейін тескен, бірақ ешқайсысы соңына мықтап түсіп, іс қылып шығара алмаған шаруаға бас тіккені үшін сөз естіді. Ол қарғыстың қияпаты тек бұған ғана емес, айдаладағы кінәсіз сәбиге тимек. Бұның басындағы қырсықтан ешкімге ешқандай жазығы жоқ бейкүнә адамдар зардап шекпек. Бұның дүниедегі ең бір іші жылып еміренетін адамының талай өртеңнен соң қайта бой көтеріп келе жатқан жас терегін мына жарық жалғаннан қармап қалған жалғыз талын жасыл боп түсіп жайратып кетпек. Жоқ, жоқ... Беті аулақ... Үрім-бұтағымен қарғысқа ұшырап кетсе де, Тайланның жалғызын антқа ұстамайды. Мынау қорқау жұрт не істесе де, бұның өзімен болсын.

Әбілқайыр өз төріне өзі үйелеп, шөкедей шөгіп отырып қалды. Жан-жаққа ешкімді шаптырмады да. Тіпті орыстың елшісі мен Бөкенбайға да хабар бермеді. Оның мынау ештеңеге көзі жөндеп түспей, әлемтапырақтанып кеткен бет-ауызына ешкім дұрыстап қарай да алмады. Әншейінде сабырлы Бопай бәйбіше хан ордаға қаздай мамырлап бір кіріп, бір шығады. Жүрегі дауалап ешқандай сұрақ та қоя алмады. Ханнан дін ашып ештеңе біле алмасына көзі жеткен соң Мырзатайды Бөкенбайға жұмсады.

Мырзатай барса, Бөкенбай да жер-көкке сия алмай отыр екен. Билердің кесігі оған да жетіпті. Аяғы салақтап Есет те келді. Ағалы-інілі екі жақайым Бәйімбет пен Қара да іргесіне кеп ат байлады. Алты шектінің ішінде біржола Батыр жағына шығып кете қоймаған осы екі би. Ол екеуінің айтуынша, қарсы жақтың қабағы тым қату көрінеді. «Кәпірді іргесіне шақырып ап, қой ауызынан шөп алмас момынның қызын қойынына салып береді дегенді кім көрген? Сүйекке түскен бұл даққа бейшара

Зердебай да, бейбақ қыз да емес, анау сұмырай хан жауапты. Енді ол бір басына бақ қондыру үшін неден болса да, тайынбайын дегені. Осы жолы ата-баба аруағының алдында ол кісәпірдің көзін біржола құрту керек. Әрине, Тайлан сорлыға обал болатын болды. Бірақ, обалы досына, Әбілқайырға...» — деп желпінісіп жатыр дейді. Бұған дейін аңдап екі жақ бірдей көз сүзіп отырған тыныш ауылдардың талайының аты Батырдың іргесіне барып байланып та үлгеріпті.

Ағайынды екі шектінің айтып келгендері төбе құйқанды шымырлатады. Ертең қарғыс атқан ханды нәлеттеуге Кіші жүздің жиырма бес атасынан жиырма бес биді осы күннен іріктеп жатқан көрінеді. Батырдың ауылындағы қызды-қызды жиында біреу: «Кәпірдің қолынан сарқыт асаған Әбілқайырды әлгіндей қылғанда, бала құсап алақандарын жайып құлақ жеген Бөкенбай мен Есетке не істейміз?» — деген екен. Жалтыр: «Жадының өзін аластасақ, жадыға арбалғандарға қол көтеріп қайтеміз. Жұрттың басын айналдырып алмаса, жадының аты жады бола ма! Есет пен Бөкенбайға ештеңе де жасамаймыз», — депті дейді. Олары қулық. Әбілқайырдан енді Бөкенбай мен Есеттің де іргелерін аулақ салдырмақ. Көзінің қарашығындай жалғызын антқа ұстауға Тайланның көнер-көнбесі белгісіз. Онсыз да тау тағы боп қалған неме ақ-қарасы белгісіз қиямет-қайымға бас тігіп, тұқымсыз қалғанша, бір күн түнде тып қойып Орта жүз асып кетсе де, башқұрт асып кетсе де, күнін көрмей ме!.. Енді онда күнкөрістен басқа не мұрат қалды... Бейшара мынау қасындағы қаңғып келген әйелмен қанша жыл тұрса да, бір шарана сүйе алмады.

Бөкенбайдың үйінде айтылмаған сөз қалмады. Оның үстіне батырдың шешесі Құттыбике де зарлап жатыр. Төре тұқымынан туып, ағасы Ұлы жүзге ұлысбек болып, одан туған екі бала екі арыстың тізгінін ұстап, өз құрсағынан шыққан Бөкенбайы ханнан кем қадірсіз болмай тұрса да, өмір бақи: «Енді қайтып кетер екенбіз?» — деген қос үрей тіршіліктен әбден қажыған бәйбіше кейінгі жылдары төсек тартып жатып алды. Құдай қосқан қосағы табын Қара батыр Ырғыздың арғы бетіндегі бір оқшау төбенің басын бұлтитып ол жатыр. Кәрі кісінің ендігі тілегі баласы мен бауырларының үстінде. Былтырдан бері Әбілқайыр мен Бөкенбайға

жан-жақтан жасалып жатқан қоқан-лоқыны ести-ести әбден жүрегі шайылығып болды. Екі-үш күннен бері байғұс түн баласы: «Ойбай, Әбілқайырдың үйі өртеніп жатыр ғой! Бармай, неғып отырсыңдар!» — деп айқайлап шығады. Ертеңіне оянғасын: «Ол ауылдан хабар алдыңдар ма? Аман ба екен?» — деп қайта-қайта қақылдап сұрай береді. «Аман», — десең, сенбейді. Әлгінде ғана Бөкенбай Мырзатайды жетектеп апарып: «Мынау Бопай келініңнің інісі. Ханның ауылынан жаңа келді. Аман көрінеді», — десе, төсекте тек құр қаңқасы жатқан тірі аруақ: «Әй, жаман адай, алдап отырған жоқсың ба, аман ба, тек шыныңды айт!» — деп қадала кеткені. Өлім аузындағы кәрінің мына сандырағы одан сайын зәресін кетіріп отыр. Бөкебай мен Есет әрі ойланып, бері ойланып, Әбілқайырдың алдынан өтпей-ақ, Тайланға баруға бел буды.

Тау аңғарында отырған жалыз үй аяқ асты келген сыйлы қонақтарға, қапелімде, қапылып қалды. Бөкенбай мен Есет көптен көрмеген достарымен құшақтасып көрісті. Баяғы жайбарақат кездегідей асықпай отырып амандық сұрасты, асықпай отырып қонақасы жеді. Сосын ат басын ауылдарына туралайтын кезде үй иесін ертіп анадай жердегі оқшау төбенің басына шықты. Қазақтың бас білікті азаматтарының талай оңаша сұхбаты осындай домалақ төбенің басында өтетін. Өткен жылы Әбілқайыр да осылай амандаса келіп, Тайланды дәл осы домалақ төбенің басына жетелеген. Міне, Есет пен Бөкенбай да бұны дедектетіп солай қарай жетектеп келеді. Бұл келістері тегін келіс емес. Екі күннен бері бұның ұйқысы қашып кетті. Тек бүгін түнде ғана таң алдында көзі ілініп кеткен екен, баласы ақ боз ат мініп бір ақ шаңқан бауырына өрмелеп барады екен. Оған қуанып оянған. Көптен аяқ ізін салмаған Есет пен Бөкенбайдың келе қалғанын да жақсылыққа жорыған.

Енді байқаса... Екі мейманының да қабағында қаяу бар. Бұлар екеуі бірдей қосақтасып неғып жүр? Әлде жаманат хабар естіді ме екен? Бұның жаманат хабары шығатындай да кімі қалды?! Пәтшайім енді бұл үшін құрыған кісі. Анда-санда көкірегіннің бір шаншып өтетіні болмаса, осы күндері ойына көп ала да бермейтін бопты. Ол жәйінде жаманат естісе, оның несін оңашалап айтады! Жаманат хабарды өз төрінде, өз шаңырағының астында естіртуші еді ғой. Бұндай оңашаға не бір

бұйымтайы бар кісі, не бір төтен шаруа жайында ақылдаса келген кісі сүйрелетін сияқты еді ғой! Ендеше, бұлардың бұнда қандай бұйымтайы болмақ? Құда түсетіндей қызы жоқ. Кәрі аруағын қозғап, жорыққа шақырғылары келсе, шабарман жіберсе де болады. Бірақ, қазір бұл ондай-ондайына шақырса да, бармайды. Тұяғын тұлымшағын жалбыратып қалай жалғыз тастап кетеді. Ол мұны жорыққа жібермек түгілі екі адым аттатып шығармай, шалғайына оратылып еріп келеді.

Бұлар тасы шықырлаған оңаша төбенің басына да шықты. Үш батыр қаршадай қара баланы ортаға алып, тізе бүгіп отырысты. Сөз бастаған Бөкенбай. Есет пен Тайлан тек тыңдаушы. Тайлан әуелі ештеңеге түсінбеді. Айдаладағы ақ патшаның елшісінің Зердебайдың қызына қандай қатысы бола алатынын ұға алмай бір дағдарды. Әлгі Сартайлақ баланың құдайға болмаса, адамға ешқандай жазығы болмаса, оған Батыр төңірегіндегілердің сонша кәрін төгетіндей несі бар екенін түсіне алмай екі дағдарды. Жар түбіндегі Барақ ұлысындағы атыкелді күйеудің намысына бола Батыр сұлтанның шабына қалай шоқ түсетінін біле алмай үш дағдарды. Сол бір шым-шытырыққа бола Әбілқайырдың жаны неге күйзелетіні де миына тіптен кірмей қойды. Кенет Тұяқтың аты аталғанда селк етіп шошып кетті. Екеуі екі жағынан жүрелей жайғасқан екі батырға алақтай қарады. Олардың бастарына бір қарлы қара тау тауқымет түсіп отырғандай түнере қалғандарын көріп қайта ойланды. Бұл екеуінің мұнша күйзелгені, шынында да, анау-мынау емес қиын шаруа болғаны ғой. Бұл тауқымет, бұл масқарадан тек Тұяқ қана құтқара алады дейді. Бірақ, Тұяқтың өзіне де қауіп бар дейді. Абыройсыздыққа ұшырап қалған бейшара қыздың бақытсыздығына орыс елшілігінің де, Әбілқайырдың да ешқандай араласы жоқ дейді. «Соған сенсең аруақтың әділ екеніне сенсең, Тұяқжанды антқа ұстауға ертіп кетейік деп келдік», — деді.

«Жалғыз балаң, зорлығымыз жоқ. Өзің пейіл болмасаң, ертпей-ақ қой», — дейді. Сонда не болмақ! «Құтырынған жұрт Жәдік тұқымының тілін алып, Әбілқайырдың нақақтан нақақ қанын ішпек», — дейді. Мынаны естігенде Тайланның тұла бойы дүр түршігіп кетті. Ойына қай-қайдағылар түсті. Толғатып жатқан Пәтшәйімнің алдында қынабынан қанжарын суыра

алмай абдырап тұрған Әбілқайыр көз алдына келді. Енді болмағанда жау қолында кете бармақ баласына құдай айдап Әбілқайырдың тап келгені есіне түсті. Егер оның тәуекелі тұрмағанда, мынау тұлымшағы жалбырап қасында отырған жалғыз баласының қорқау дарияның түбінде шіріп қалуы мүмкін екені есіне түсті. Елден, жерден, өмірден безіп, адамшылықтан безіп, тағы боп түзге қаңғырып кете жаздап тұрғанда мына жарық дүниеге, адамдар арасына, ағайын-дос жаранның ықыласына қайта оралтқан да сол Әбілқайыр екенін ойлады. Көз алдына хан мен бәйбішенің ортасында көзі жаутаңдап өзіне қарап отырған қызыл шақа нәресте елестеп кетті. «Дүние-ай!» деп ышқынды ішінен. Ол екеуін, Тұяқ пен Әбілқайырды тағдыр әуелден кіндіктерінен матастырып жаратқандай екен ғой. Тұяқжанға мына тіршіліктің жарығы бұйырар-бұйырмас боп екі талай тұрған кездің бәрінде де Әбілқайыр тап бопты да отырыпты. Енді сол Әбілқайырдың өзінің көрер жарығы сынға түсіп тұрғанда, Тұяқты бейтарап алып қалғаны бүгін былай ұйтқыса, ертең олай ұйтқитын бейпәтуа екі аяқтыларды былай қойғанда, ертең жаратқан алланың алдында бетіңе шіркеу түсірер қиянат емес пе! Жігітті достың назарынан, көптің назарынан сақта дейтін еді. Достың назарын, көптің назарын қалдырған жігіт оңбас дейтін еді. Тұяқжанның Әбілқайырдың басына іс түскен сын-сағаттан қалып көрген жарығының қалай болып бұйырарын кім білген! Ендеше, екеуі де пейілдерінен көріп алады да! Бұл дос назарын, жұрт назарын жығып қайтеді. Жердегі аруақтың, көктегі бір алланың көзі оң болса, кісінің қараниеті не істей алады дейсің! Жазмышы солай болса, қашқанда не істей алады?! Оның үстіне тек қараниеттілердің есесі ғана ылғи түзу боп шыға беретін болса, мына дүние әлдеқашан қараң қалар еді ғой. Оның әлі өз орынында тұрғанына қарағанда аспан астында шындыққа да орын бар шығар!

Тайлан қапелімде қарысқан жағын аша алмай, ыңыранып барып:

— Сонда бүгін ертіп кеткелі отырсыңдар ма? — деп сұрады.

Түнеріп отырған Бөкенбай мен Есеттің жүзінде үміт нышаны лып ете қалды.

— Иә.

Тайлан орынынан көтерілді. Жолай ши арасында жайылып жүрген Әбілқайыр мінгізген меңсіз тобылғы торыны жетелей жүрді. Ләмим жақ ашқан жоқ. Баласының атын өзі ерттеді. Өзі киіндірді. Атқа өзі мінгізді. Сосын оң жақ жауырынына алақанын апарып:

— Ал, жолың болсын! — деді.

Ештеңеге түсіне алмай қалған әйелде үн жоқ. Көз ұшындағы қара жалдан асып кеткенше Тұяқ ауық-ауық артына қарап қояды. Үйдің қасында әкесі мен шешесі ербиіп әлі тұр. Көзі тостағандай қара бала мына дүниеде өзіне ең ыстық екі жанды тасасына тығып көлбей сулаған қара жалға бір сәт тесіле қарап келе жатты да, жүзін тіктеп алды. Содан хан ордаға жеткенше үндемеді. Мұншалық текті балаға сүйсінген Бөкенбай, Есет, Мырзатайлар бір-бірімен тіл қатыспай үнсіз жортысты.

Олар жолда келе жатып шөмекейлердің ауылына қонған түні Әбілқайыр бір түс көрді. Түсінде осы Нұра үстіртінің үстіндегі көлкөсір кең жазықта қалың қолмен құйғытып құлан қуып келе жатыр екен. Дүркірей қашқан есер тағы қайырмалағаныңа қарамай топырағы қызарып шығып жатқан аранға қарай тартып бергені. Тайсалатын түрлері жоқ. Хан қос құлағын жымып алған қалың нөпірдің мұншалық соқыр ызасына, ештеңеге қайырылмайтын есер қайсарлығына риза болудың орынына, ыза боп келеді. Кенет артына бір қарап еді, өзі қуғыншы емес, қашқыншы сияқтанып кетті. Бір қызығы әлгінде ғана алдында кетіп бара жатқан қалың дүсір соңында келеді. Жер қайысқан қара нөпір құлан басқа ештеңемен шаруасы жоқ, өңмеңдеп мұны қуып келеді. Апырау «бық» дегенде зып беретін қоян жүрек тағыларға мынандай қасиет қайдан біткен?! Бұрын жалғыз ат пен жалғыз тазы көрсе, дүркірей жөнелетін ессіз мақұлық қуғыншыны алдына салып ап өзі сүркіте жөнелгені не сұмдық? Көздері аларып кеткен. Бұны өзі қаздырған аран шұқырға айдап апарып құлатпай тынатұғын түрлері көрінбейді. Тұяқтары қара жерді қарш-қарш шайнап обып барады. Енді, міне бір қараса, өзіне шұбатылған құйрық бітіпті. Иығында да бірдене жалпылдайды әлдене бетін тырналап желп-желп ұрады. Сөйтсе, құлан болып кеткен екен дейді. Мына қашқын дүсірді өзі бастап келе жатыр екен дейді. Сол бір соңындағы есер топ өзін қуып жетіп тапап кетер ме екен деп қорқып келеді. Міне, тажал аранға жете беріп

жандәрмен қарғып кетті. Бұның соңындағы қалың дүсір омақатып құлап жатыр, құлап жатыр. Кенет жалт бұрылып артына қараса, әлгінде ғана ырсиып жатқан аран жым-жылас жоқ. Қара жер қайта желімделіп қалғандай. Әлгінде ғана дүсірлей шауып келе жатқан қара нөпір де жоқ. Бәрін жер жұтып кеткендей. Бұл жалғыз қалыпты. Ешқандай құйрығы да, жалы да жоқ. Ешқандай құлан да емес. Кәдімгі екі аяқты адам. Кәдімгі сұлтан Әбілқайыр. Өзіне-өзі таңданып жатып оянып кетті.

Сол күні ұйқысынан сергек тұрды. Бірақ күндегі әдетімен үстіне ешкімді жібермеді. Ешкіммен тіл қатысып сөйлеспеді. Бесін ауғанша маңдайшаға телміріп отырды да қойды. Бесін ауа ауыл адамдары абыр-сабыр болды да қалды. Үй сыртынан Мырзатайдың қауқылдаған дауысы шықты.

Бөкенбай мен Есет алдарына Тұяқты салып хан үстіне кіріп барды. Әбілқайыр алая қарап отырып қалған. Тұлымшағы жалбыраған қара бала жүгіріп барып алдына тізерлей отыра кетіп, маңдайын тосқанда, сұп-сұр хан итініп ілгері ұмтылды. Қос қолын бірдей созып, баланың басын омырауына қысып, екі иығы үнсіз селкілдеп біраз тұрды да: «Жоқ, жоқ. Беті әрмен!» — деп шалқалап құлай берді.

Үй-іші оның қатты жүйкелеп шамырыққанда осылай құлап қалатын талма ауруға тап болғанын біраздан бері байқап жүрген. Жаңа кісілермен бірге жарыса ішке кірген Мұханбет қожа Әбілқайырдың қасында қалды. Қалғандары тысқа шығып: «Біз ант беруге әзірміз!» — деп Батырдың ауылына хабаршы аттандырды.

Қыста қар басып, жазда шөп өсіп, біресе ақ, біресе көк, біресе сарғыш тартып қырық құбылып тұратын осы бір он екіде бір гүлі ашылмаған бала қыздың енді-енді қылтиып келе жатқан ұялшақ көкірегіндей бұлтын төмпекті жұрт «Қызыл үйік» деп атайды. Бауырайындағы әр жер, әр жерден ұшырасып қалып отыратын қыш кесектер ме, ұшар басындағы айналысын таттандырып быт-шыт сынған көне қарудың жұрнағы ма, етегіндегі сәл су түссе қан күрең боп қалқып шыға келетін қызыл саз ба — не себеп болғаны белгісіз — әйтеуір атам заманнан әлгіндей атанып кеткен көрер көзге сондай жұпыны осы бір жапырайған болмашы биікті ел әулие тұтады. Аनाдайдан аттарынан түсе қап құран оқиды.

Сол жаққа қарап: «Сақтай көр!», «Қолдай көр!» — деп қол жайып жалбарынады.

Томпақ төбенің басындағы ойылып, топырағы ортасына түсіп кеткен беймәлім қабірге біреулер күні кешегі ноғайлы замананың аты жер жарған батырларының бірі жерленген десе, екіншілері: «Жоқ, баяғы Жошы заманынан қалған мола», — деп жеңістік бермейді. Ақсақалдарды сөйлетсеңіз, ол қабірді мынау ұлан-асыр даланы бізден бұрын жайтапты-мыс жеті жұрттың жетеуіне де телиді.

Олар: «Бұл төбенің шын аты «Қызыл үйік» емес «Дәурен биік», ата дұшпан осы маңға да жетіп, әлгі төмпектен бір уыс топырақ алар болса, онда ол жұртыңның басынан дәурен ауғаны. Баяғыда Шәйбан тұқымына көңілдері қалып, ірге суытысқанда Жәнібек пен Керей осы «Қызыл үйікке» келіп, бір уыс топырағын ала кеткен екен. Содан түкірігі жерге түспей тұрған үстем әулет қоныс жаңартып, бастарындағы бақыттан айырылып, бақа-шаянға айналғанда, бұл өңір бір кезде солардың тізесі батып, ел ауып, жер ауып кеткен Орыс хан әулеті екі сұлтанның қол астындағы қазақ жұртына қайта бұйырыпты, — деседі.

Оларға айтқызсаңыз — «Қызыл үйіктің» топырағын алдырғаның ата-бабаның аруағына қас дұшпаныңның итін сарытқаның, етегін жел ашпаған бойжеткеніңнің уыз көкірегін басқыншы дұшпанның озбыр қолына басакөктеткенің.

Оларға айтқызсаңыз — жұрт болар жұрт қызыл өңешінен гөрі ата-баба аруағы мен қыз баласының абыройын көбірек күйттейді: ата-бабаның аруағын салғыртсынғаның — жұртыңның кеше кім болғанын ұмытқаның; қыз балаңның абыройын қастерлемегенің — жұртыңның ертең кім болатынын ойламағаның.

Оларға айтқызсаңыз — жұрт болар жұрт ата-бабаның аруағы мен қыз баланың абыройы жолында халықты ұстаған атан жілікті азаматтың алтын басын садағаға шала алады.

Оларға айтқызсаңыз — бізден бұрынғы жеті жұрт бұл өңірден осы «Қызыл үйіктің» топырағын қори алмағандықтан айырылып қалған.

Бұл әңгіме өтірік пе, шын ба — анығын айтып бере алар ешкім жоқ. Оның анық-танығын тіл бітсе, тек жұмбақ биіктің басынан ертелі-кеш бір кетпейтін тарғыл бүркіт қана айтып бере алар еді. Талай ғасырды көзі

көрген тарлан бүркіт бір кезде осы арада опат болған баһадүрдің қолындағы саят құсы екен. Әлгі жалғыз моланың жан-жағында шашырап жатқан қып-қызыл таттар сол баһадүрдің қару-жарағының жұрнақтары екен. Төбенің етегінде шашылып жатқан көп сүйек оның тұлпары деседі. Дүниеден бәрі өтіп, бәрі жоғалғанда тек бүркіті ғана қалыпты. Осы бір нысаналы бүркіттің мойыны мен тұмсығындағы ерекше сарғыш жолақ иесінің сыпыра алмай кеткен томағасының орыны көрінеді. Сол бір тарғыл бүркіт қонып отырғанда төмпектің астында жатқан беймәлім ата-баба аруағына еш нұқсан келмекші емес. Ата-бабаның аруағы ренжісе, тарғыл бүркіт әлдеқайда ұшып кетеді-мыс.

Мынау ұшан даланың иесі тарғыл бүркіттің «Дәурен биіктің» басында отырғаны жұртыңның басынан әлі дәурен өтпегені. Оның жүрегін шошытып, көңілін қалдырмаған жұрттың басындағы бақ мәңгі аумақ емес.

Әйтеуір мынау сағым шалған далада көзге түсер жалғыз нысана көнелікті обаның басында жұдырықтай түйіліп мізбақпай отырған қашанғы тарғыл бүркіт қылауытады.

Көл-көсір кеңістікте сүйелдей боп қана қылаңытар қалжасы бар оқшау төмпектің басында ертелі-кеш қанатын қомдап отырған тарғыл бүркіт ай асты тіршілікте өткіншілік пен өкініштен, үміт пен тәуекелден, күдік пен күманнан басқа тұрақты ештеңе жоғынан хабар бергендей.

Жұрт басына сәл іс түссе, осында ағылады. Беймәлім молаға кеп шырақ жағып түнейді. Жақсы түс көрсе, ақ түйенің қарынын жарып ұлан асыр той жасайды. Не бір жылдан жылға ұласып келе жатқан шытырман көне даулар осының басында шешіледі. Не бір мойынына жала артқандар күнәсыздығын дәлелдеп берер куә таба алмағанда, осында келіп ант береді. Аруақ шамданар қара істің тұсында ант ауызға алынғанда құдайдың күнінің өзі бұрқ-сарқ бұзылып жүре береді деседі. Қараға бола ант беріп тұрған талай қарабет табан астында тобан аяқ болып та қапты. Талайының төбесіне қызыл көргендей тарғыл бүркіт шаңқылдап тап-тап беріпті. Қара істің тұсында ант берген адам да, антқа ұсталған адам да оңбайтын көрінеді. Сондықтан да антқа халыққа әрі қадірлі, әрі ешкімге қиянаты тимеген бейкүнә адамның әлі балиғатқа толмаған ер баласы ұсталады. Егер ант беруші қара іске ант берсе, антқа

ұсталған адам да қияпатсыз қалмайтын көрінеді. Ондай жағдайда қараға бола ант беріп, біреудің обалына қалған кісі әлгіндей қияпатқа ұшыраған сәбидің ата-анасына жеті батырдың құнын төлейді. Қараға ант берген қара беттің басы қырқылып, дүние малы талауға түседі. Сондықтан да жұрт қанша өштесіп жүрсе де, ант жайын ауызға ала бермейтін.

Бұл жолы Әбілқайырға жеке бірен-саран кісінің емес, бүкіл ел тарапынан сенімсіздік туып отыр. Қараға бола ант берсе, одан келер қияпатты өзі көтеріп алады. Ел-жұрттың алдында да, Тұяқ пен Тайланның алдында да, Зердебай мен қызының алдында да тек сол ғана қара бет боп шығады. Егер әулие оның ешқандай жазығы жоқ, адалдығын меңзеп нышан білдірсе, хан ешкімге маған нақақ жала жаптың деп өштесе алмайды. Өйткені, билер кесігі — бүкіл елдің үкімі. Сондықтан да, Әбілқайырдың ендігі тағдырын бүгінгі ант шешеді. Сондықтан да жұрт бүгін «Қызыл үйікке» қарай тайлы-таяғы қалмай шұбырып келеді.

Омырауларын желге төсеп қызыл үйікті бетке алған топ-топ жүргінші бұта басының сәл қимылына дейін жіті бағып, әр жер, әр жерден бұрқ-бұрқ көтерілген оқшау шаңдардан қаралай шошынып жағаларын ұстап келеді. Біреулері Тұяқты аяса, біреулері Әбілқайыр ханның мынау арам іске, шынында да, қатынасы болған жоқ па екен деп қуыстанып келеді. Көбі мұндай кесір істің артынан елге тигізер кесепатынан қорқады. Бопай бәйбіше сол бір ылдырмақ-шылдырмақ жасалмағанда байсыз қалатындай, қайдағы бір саяқ кірмені іргесіне амалсыз қондырғызған, ертең күйеуге кеткелі жатқан өз қайынсіңлісін іштей қарғап-сілеп бақты. Жер түбіндегі ақ патшадан елші шақыртқан Әбілқайырды біреулер аяп мүсіркесе, біреулері ашына күстаналайды. Не де болса, айдаладағы жалғыз төмпекке жапа-тармағай жөңкілген жұрт табандарының астына ине шаншып қойғандай қаралай қалтырап-дірілдеп келеді. Қазір олардың сәл нәрседен жүрегі ұшып талып жығылуы мүмкін. Бәрінің де көздері аларып кеткен, қосүрей.

Қызыл үйік бірте-бірте жақындай түсті. Шаңыт бірте-бірте басылайын деді. Лек-лек шоғыр оқшау шығып, Мұханбет қожаға құран ұстатып, киелі әулиенің құбыла бетіне қырық құлаш ала арқанды көлденең тастап, бір басына қап-қара ат мініп, қап-қара киім киген Тұяқты, бір басына жауға мінер ақбас жиренінің тізгінін

қарына ілгізіп, басындағы алтын зермен қайыған асыл қалпағын қолына алғызып, Әбілқайырды тұрғыза бергенде, сонау теріскей дөңнен инедей шаншылып шыға кеп, түп-тура бұларға қарай бұралаңдай тартып келе жатқан түйдек шаң желкедегі қара ойға келіп, жерге сіңіп кеткендей ғайып болды. Көздері бақырайып кеткен жұрт қайтадан ақ сәлделі қожаға қарады.

Қоңқақ мұрын қожа танауын желге төсеп, мынау жан-жағынан анталай төніп тұрған қара нөпір жұртқа емес, сонау көктегі тәңірдің өзімен тілдесіп тұрғандай бір бейтаныс мақаммен сөз бастады.

— Уа, құдайдың пендесі Әбілқайыр Абдолла оғлы...

Күні кешегі жұрттың ауызынан ащы ішектей шұбатылып шығып болмайтын айтулы ханның атақ-лауазымы бүгін ұры иттің құйрығындай бір тұтам боп шолтаң ете түсті.

— Мына жұртыңның саған дін аттап, ата-бабаның ғұрпын аттап, Мұхамбетке үмбет емес, Шәдиярға дос емес теріс оқулы жаттың шылауына ілігіп, тірінің мерейін, өлінің үрейін қорлап, аруаққа тіл тигізіп, жүрегі теріс, жүзі бөтен жады кәуірге біреудің ақ жұмыртқа сары уыз перзентінің абыройын тонатты, басындағы бақ пен абыройдан, кеудесіндегі жаннан, алдындағы мал-дәулеттен айырылуға лайық ел құлағы естімеген қылмыс жасады деген айып тағып тұр. Оған не дей аласың?

Хан жер тізерлеп қос қолын көкірегіне апарып үш рет:

— Нақақ, нақақ, нақақ! — деді.

Мұхаметжан қожа: — «Естідіңдер ме!» — дегендей жұртты шолып біраз тұрды. Жым-жырт. Адам түгілі жылқы екеш жылқы да осқырынбай, пысқырынбай сілтідей тына қалыпты.

— Ендеше киелі кітапқа қолыңды тигізіп, аруаққа бас иіп, ел-жұртыңның алдында әлгі сөзіңді растап, басыңдағы бақты, алдындағы малды, кеудеңдегі жаныңды пидаға шалып ант беруге пейілмісің.

Хан сол жер тізерлеген қалпы:

— Пейілмін, пейілмін, пейілмін, — деп үш рет басын иді.

— Құдайдың пендесі Әбілқайыр Абдолла оғлы тағылған айыптың нақақтығына басындағы бақытын пидаға шалып ант су ішіп тұр. Уа, құдая, тірі әулие, өлі аруақ, көрдіңдер ме, естідіңдер ме! Әбілқайыр Абдолла

оғлы киелі кітапқа маңдайын тигізді. Басындағы тажын антқа тікті.

Хан қолындағы зер қалпақ ала арқанның үстіне қойылды.

— Адалмын, — дейді.

Хан арасын сиретіп:

— Адалмын, адалмын, адалмын, — деп үш рет ант су ішті.

Күнге шағылысқан зер қалпақтың не өзі, не маңындағы топырақ бұлк еткен жоқ. Үш би зер қалпақты жерден көтерді.

Мұхамбет қожа тамағын кенеп, тағы да мақамдай жөнелді.

— Уа, жасаған, тірі әулие, өлі аруақ! Көрдіндер ме, естідіндер ме! Құдайдың үмбеті Әбілқайыр Абдолла оғлы алдындағы әулеті мен ұрпағының ырзығын пидаға шалып ант су ішеді.

Хан тағы да құранға қолын тигізіп, үш рет:

— Адалмын, адалмын, адалмын, — деді.

Ала арқанның қақ ортасына қойылған шабдар ат көзі жасаурап жайбарақат тұр. Еш жері бұлк еткен жоқ. Ең болмаса, жал-құйрығын жел тарамалды.

Мұхамбет қожаның желкесінде тұрған жиырма бес бидің үшеуі тағы да бөлініп шығып, шабдар атты ала арқанның қасынан аулаққа ап кетті.

Мұхамбет қожаның дауысына діріл жүгірді. Жұрт бір қозғалақтап қойды.

— Уа, жасаған ие, өлі аруақ, тірі әулие! Көресіндер ме, естисіндер ме! Құдайдың үмбеті Әбілқайыр Абдолла оғлы қара іске ант беріп тұрса, кеудесіндегі шыбын жанынан айырылуға пейіл боп, бұл күнаға ешқандай қатысы жоқ ақ адал Тайлан Мәті оғлының балиғатқа әлі толмаған перзенті Тұяқ Тайлан оғлының обалынан сескенбей пидаға шалып «адалмын», «ақпын» деп ант су ішеді.

Қожа жайлап басып ханның қасына жақындады. Әбілқайыр қожаның қолындағы құранды алып үш рет маңдайына тигізді. Содан соң тамағына бірдеңе көлденең тұрып қалғандай қырылдай, қылғына тіл қатты.

— Адалмын, ақпын! — Адалмын, ақпын! Адалмын, ақпын!

Қара ат мінген қара баланы ала арқанның үстіне әкеп тұрғызды. Әлгінде ғана селк етпей жатқан жіп арқан

енді әб жыландай суытып, қиралаңдап қозғалып кетердей үрейлі көрінді. Жұрттың бәрі бозарып кеткен. Жер тізерлеп отырған ханның екі самайына шып-шып тер шыға кепті. Аспанда алақандай бұлт жоқ. Тарлан бүркіт анадайда жайбарақат қалықтап жүр. Не қара аттан, не қара баладан селт еткен бір қимыл байқалмады.

— Құдайдың құлы Әбілқайыр Абдолла оғлы сөзінде тұрды. Жаратқан ие, тірі әулие, өлі аруақ оның айтқанын теріске шығарған бір де бір нышан байқатқан жоқ. Құдайдың құлы, Мұхамбеттің үмбеті, Шәдиярдың досы Әбілқайыр-Мұхамбет Ғазы баһадүр ханға тағылған айып нақақ деп табылады.

Майда топыраққа тізесі қарыс кіріп, жерге шөгіп отырып қалған ханды Есет пен Бөкенбай екі қолтығынан демеп тұрғызып алды.

Ала арқанды қақ ортасынан қанжармен қырқып, ханның, Тұяқтың шабдар ат пен қара аттың басынан бір-бір айналдырып анадай жерге лақтырып жіберісті.

Мұхамбетжан қожа тағы дауыстады.

— Билердің құран ұстап пәтуаласқан кесігі бойынша, Әбілқайыр ханға тағылған айып нақақ боп шықса, Зердебай Ерен оғлының аяқ-қолы аман, ақыл-есі дұрыс, балиғатқа толған қызы Торғын төгілген абыройына әуелі өзі, сосын әкесі Зердебай Ерен ұлы жауап беруге тиісті. Талапкер Сүлей Күшікбай оғлы құдай жолы, ата-баба үрдісі қалыңның аманатын аттап, ант бұзған қайын жұртынан ақ адал малының үстіне айып төлетем десе де, қара бет жесірін жар қылып құшам, күн қылып жұмсаймын десе де, оны төгілген арымның құрбандығына шалам десе де өз еркі. Не жан десін, не мал десін! Не де болса, өз ауызынан айтсын! Ешкім ақыл қоспасын.

Әлгінде ғана жапыр-жұпыр гуілдесе бастаған жиын қайтадан жым болды. Әлгінде ғана шайдай көкжиектің әр жерінен қылтиып ала бұлттар шыға келді. Терістік беттен ызғырық жел тұрып, жұрттың етек жеңін желпілдете бастады. Бір күнде қырық аунақшып тұратын күздің күнінің құбылмалы мінезі ме, жоқ шын күнаһардың аты енді аталғасын аруақтардың шамырқанғаны ма, жұрттың қабарыңқы жүзін мұздай леп қарып, айнадай жарқырап тұрған төңірек қайтадан алашағырмақтанайын деді. Дөңбек жалдардың бауырай-бауырайынан бүлкілдеп тозаң жортақтай бастады.

Жұрт тағы да қанын ішіне тартып алған. Батыр сұлтанның мол тобынан бөліне тұрған жиырма-отыз қара атты бар еді. Ол күйеудің жұртынан екен. Барақ сұлтанның әдетіне басып, жалын төгілдіріп қара ат мінген сәнді топтың қақ ортасындағы алақандай көзінің қызылы мен ағы шарпысып жатқан гүжбан қара гүж ете қалды.

— Мал керек емес, жан! Жан, жан, керек!

— Жан керек болса, ал!

Анадай жерде бетіне күл жағып, маңдай шашын кесіп, бұлқыntyп ұстап тұрған Торғынды ортаға алып шықты. Зердебайдың ағайындары қорқарын, не қуанарын білмей үрпиісіп қалыпты. Жұрт от пен суға салуға жаудан түскен етекбасты ұрғашыны да алып жатады ғой. Кім біліпті, мынау күжбан күйеу Торғынды жар қылып қасына жатқызбағанмен, күң қылып есігінде ұстауға көнетін шығар.

Үрпиісіп тұрған жұрт ат үстіндегі гүжбан қараға анталай қарай қалысты. Ұйпа-тұйпа шыққан бейшара қызды қара атты гүжбан қараның алдына апарып зорлап тізе бүктіреді. Бұрым қып өргізбей бос салдырған қолан шашы алдына төгіліп бет ауызын көрсетпей тастады. Бейбақтың тек екі иығы ғана бүлк-бүлк етеді. Оны аяуға аруақтан қорыққан еркектер сыр бермейін деп тістеніп-тістеніп апты.

Айыптан құтылып, өз дүрмегіне барып қосылған сұп-сұр хан әлгінде ғана өзінің екі тізесі қазып кіріп кеткен ұлпа топырақтың үстінде жүгініп отырған бейшара қызға есеңгірей көз тастап тұр. Әлгінде ғана өз басынан өткен мүсәпір халдің соншалық қорлық кейпін енді аңғарып, енді танып тұр. Ішінен: «Тәуба, тәуба!» — деп сан рет қайталады.

Жұрттың көзі қол-аяғы тоқпақтай жалды қара аттың үстінде ентелей тебініп тұрған гүжбан қарада. Ол да шойыннан құйылғандай мол денесін бір қыбыр еткізбей қаққан қазықтай қақшиыпты да қалыпты. Ту сыртындағы өңшең қара аттылар мен Батыр сұлтанның тобы: «Мынау неғып тұр-ай!» — дегендей жабыла қарап телміре қапты. Гүжбан қара жан қалтасынан шақша суырғысы келгендей қолын ербеңдетіп, жан-жағына қармана қаранып, анадай жерде ер-тоқымсыз екі қара құнанды ұстап тұрғандарға иек қақты.

Мана Батыр сұлтандарға ілесе келген қарақұрым топтың ішіндегі екі ер-тоқымсыз құр атты біреу көрсе де,

біреу көрген жоқ еді. Енді жұрттың бәрі соған қарады. Өздері шу асау екен. Жер табандап тартынып ортаға әзер шықты. Жұрт қақ жарылып жол берді. Қара киімділер тобынан тағы бір екеу қолдарына қыл арқан ұстап ортаға озды, біраз кісі еріксіз ышқынып қалды. Әсіресе, Әбілқайыр ханның көзі атыздай боп барады. Мынау қыл арқан әу баста бұған бағышталған ғой. Мана ант бергенде бұл қара боп шықса, мұның шаруасын осы қыл арқан мен мына екі шу асау бітіреді екен ғой.

Аршынды жігіттер қыл арқанның ортасынан тұзақтап гүжбан қараның қолына ұстатты, қалған екі ұшын тұзақтап екеуі екі шу асаудың қасына барып тұрды.

Гүжбан қара қолындағы тұзақты әуелі Мұхамбет қожаға, содан соң билерге, содан соң ту сыртына бұрылып, Батыр сұлтанның тобына, ең артында былайғы тобырға көрсетті. Жұртта үн жоқ. Бірденеге қатты толқығаны екені де, жоқ әлденеге көңілінің хошы келіп құлшынғаны екені де белгісіз, тайға бас білдіріп, асау жуасытып қалған әдетіне басып шалт қимылдап, шұғыл еңкейіп, қолындағы қыл тұзақты басын иіп жер тізерлеп отырған Торғынның мойынына көз ілеспес жылдамдықпен кигізе салды. Екі жігіт қолдарындағы тұзақты көз ілеспес қимылмен асау құнандардың мойынына іле-іле салысты. Сосын екі шу асаудың ноқталарын жып еткізіп сыпырып ап, сандарынан құлаштап тұрып бір-бір тартты. Екі құнан құйрығын теуіп тулап ала жөнелді. Жұрт жан-жаққа тым-тырағай қашты. Торғынның: «Апа!» дегені де, «Алла!» — дегені де белгісіз, жан дауысы бір-ақ шықты. Құйғытып бара жатқан қос шу асаудың соңында буырымен жер тырнап бара жатқан құр сұлдер әп-сәтте-ақ көзден алыстап кетті.

Жұрт аттарына мінді. Манағыдай қарақұрым лек құрмай шоғыр-шоғыр боп жан-жаққа бытырай бөлінді. Әлгі сұмдықты көргендер мынау қанды оқиғаның орынынан да, бір-бірінен де тезірек безіп кеткілері келгендей суыт жортақтасты.

Батыр сұлтанның маңындағы қара манағысындай емес азайып қапты. Алды-арттарына қарамай шығысқа салды.

Әлгі сұмдықтан әбден есеңгіреп қалған Әбілқайыр сәлден соң көзін ашып қайта қарап еді, көкжиектегі күн

көзіне аяқ бітіп, әлгі бір қан-жынның соңынан қызыл тазы боп тілін салақтатып, қуып бара жатқандай көрінді.

Ертеңіне Әбілқайыр кешегі бастан кешкенінің өңі екенін, түсі екенін біле алмай біраз уақыт дел-сал отырды. Сәске шамасында сыртқа шықты. Анадай жердегі қараша ауылдың шетіндегі Зердебайдың үйінің жұрты таздың басындай тықырайып бос жатыр. Демек, кешегі көргені түсі емес, өңі екен. Аршыл ағайындары Зердебайды бір түннің ішінде хан орданың қасынан көшіріп әкетіпті.

«Сонда... сонда...»

Әбілқайыр әлденеге ойы мүдіріп, жан-жағына алақтай қарады. Сонау көз ұшындағы елшілік маңында ат бар. Бұл иығына жаба шыққан жағасын қамқамен әдіптеген жұқа шапанының жеңін киіп, солай беттеді.

Келсе — Бөкенбай мен Есет сонда екен. Көзі шарасынан шығып үрпиіп қалған елші Әбілқайырды көре сала орынынан атып тұрып құшақтай алды. Балпылдап бірдеңе деп еді, хан ести қоймады. Жәй басып төрге өтті.

Патшаның елшісі кешегі оқиғадан хабардар болып шықты. Торғынның не күйге ұшырағанын естігенде Сартайлақ талып қалыпты. Көзін жаңа бір әзірде ашыпты. «Мүмкін емес, мүмкін емес!» әлі сенбей жатыр дейді. Оған қылжақбас Цапаев: «Мен саған баяғыда айтпап па ем. Бұл тағылардан бәрі де шығады. Не сенбейтіні бар!» — деп өжеңдейтін көрінеді.

Не де болса, орыс елшілігінің зәселері зәр түбіне кетулі. Бөкенбай мен Есет ой үстінде.

— Енді не істейміз? — деп Мәмбет мырза қылғынады.

Не істейтіні бар? Кеше қарсы жақ оңбай омақасты. Әбілқайырды сүріндірем деп жүріп өздері қалай шалқаларынан түскенін білмей қалды. Бүгін олар естерін жия алмай есеңгіреп жатыр. Бірақ ертең жамбастарын бір-бір сипап қайта түрегелер. Тағы бір дауды бастайды. Олар сол жаңа дау, жаңа сылтауын таппай тұрып, елшіліктің қарасын бұл арадан өшіру керек. Әйтпесе, кешегі гүжбан қараға мал керек болмай, ар керек бола қалғаны тегіннен-тегін емес. Оларға кеше қалай да біреудің қанын төгу, сөйтіп ескі дауды біржолата тындырмай жаңа дауға ұштық шығарып беру керек болды. Зердебайдың қызының мұндай масқараға ұшырағанын аузы жүйрік Жәдік әулеті ертең көрші ұлыстарға жаяды. «Жалғыз үйлі ағайынға жасаған

қысастығы анау!» — деп бұлар жаққа күнде қол шошайтады да отырады.

Мейлі, олар ертең нені істесе оны істесін! Тек мына елшілікті тезірек бұл арадан аттандыру керек. Кеше қапы қалған қас дұшпан қайта есін жиып алғанша бұлар орыс шебіне бір жетіп алса, ар жағын көре жатар.

Ханның бұл ойын Бөкенбай да, Есет те, елші де қостады.

Елең-алаңда атқа қонған қалың түйдек күн кештете Найзакескеннің құлауына еңкейді. Баяғыда Қарақұмдағы құрылтайдан кейін үш жүздің қара ормандай көк сүңгісіне сап тауып берген қалың жыныс, бүгінде арасына қол жасыра алмастай боп әбден сиреген. Бірақ уәделі ауылдар кеше бір-біріне ат шаптырысқанда, ызғыған далада аз да болса ықтасыны бар ғой деп, осы араны қолайлы көрген.

Хан ауылы бүгін күні кеше қақырайып-қақырайып тұрған елші қосының қаңырап бос қалғанын бір-ақ көреді. Әбілқайыр елшілік жайғасқан ақ отауларды жыққызбай, әдейі тігулі күйлерінде қалдырды. Елшіліктің бір күн түнде көшіп кеткенін жұрт қапелімде сезбей қалсын деді.

Бүгін Сәмеке, Барақтарға шабарман кетіп, олар хабар тигізгенше елшілік орыс шебіне жетіп те үлгереді. Бұл жақтағы Батырдың кешегі масқарадан кейін қылар қайраны шамалы. Сондағы дүрбелең Қызыл үйіктің басында-ақ тарап кеткен.

Найзакескеннің басына әуелі Есеттің тобы келіп, тосқауылдай тұрды. Оған көп ұзамай тек жеті рудың ғана емес, басқа да тілеулес ауылдардың ру басыларын жинап, Бөкенбай қосылды.

Бір күншіліктей жол жүріп, елдің ең соңынан жеткен хан мен елші тобы алдарынан қайың арасынан жамырай шыға келген қалың қолды көргенде жүректері жарыла қуанысып қалды. Олардың арасында көптен бері ат ізін салмай кеткен ауылдардың да ақсақалдары бар екен. Шамасы, кешегі Қызыл үйік оқиғасы қай тарапқа шығарын білмей, шөре-шөре болып жүрген біраз жұртқа жөн сілтеп берсе керек.

Күн еңкейе селдір қайың арасындағы дөңгелек алаңқайға жиналған билер ақ патшаның елшісінің алдына ақ дастарқан жайып, ақ сарыбас марқаның басын

ұстатып, ақжол тілесті. Мәмбет мырзаның қасына қазақ жұртының елшілері боп он екі жасар Ералы сұлтан, Нияз сұлтан, Кіші жүзден Шәдік би, Құдайназар мырза, Бөкенбай батырдың немере інісі Мырзакелді батыр, Масқар Төлебай би, Орта жүзден Қыпшақ Күдері, Байкенже батырлар, бірсыпыра қызметші жігіттер еретін болды.

Дастарқан жиналған соң Әбілқайыр елшіні оңаша шығарып әкетті.

— Ал, Мәмбет мырза, — деп сөз бастады былайырақ шыққан соң. — Сөге жамандамай аттанасыз ғой. Біздің арамызда болған бір жылдың ішінде басыңыздан жақсы да өтті, жаман да өтті. Жағдайды өзіңіз білесіз. Әйтеуір, ақ патшаға берген уәдеме адал екеніме, ол жолда ештеңеден тайынып, тайсалмайтыныма көзіңіз әбден жетсе, оны алдияр тақсырға бұлжытпай айтып барсаңыз болғаны. Сіздей ақжолтай елшінің қанжығасын бүйтіп қаңсытып құр қол қайтарамыз ғой деп ойламап едік. Мынандай қилы заман кез келіп, жоқтық жомарттың қолын байлап тұр. Кездесуіміздің алды-арты бір бұл болмайтын шығар. Бұдан былай сіз бен біз қалқыған дарияның ортасында қалтылдақ қайыққа бірге мінген жандай, бір-бірімізге тілектес боп жүреміз ғой деп ойлаймын. Мұнда көргеніңіздің бәр-бәрін жіпке тізіп айта бермей, жақсысын асырып, жаманын жасырып, патша ағзам көңіліне секем алып қалмайтындай ғып жеткізгеніңіз дұрыс шығар. Өйткені, бұл шаруаның абыройы да, ұяты да екеумізге бірдей ортақ қой. Қазақтың бәрі кешегілердей тентек-телі екен деп ойлап қалмаңыз. Халық болған соң аласы да, құласы да жеткілікті болады. Азын-аулақ сотқарлардың сотанақтығына күллі халықты күйдіріп қайтеміз. Қазақ жұрты қанатының астына алар рақымды қамқоршы табылып жатса, қуанбаса қашпайды. Сырттан жұдырық түйген жаудың қоқан-лоқысынан да, өз тентектерінің ырың-жырыңынан да әбден титықтап отырған жәйі бар. Сондықтан сіздің бұл сапарыңыз, не де болса, із-түзсіз қалмайды. Айтқанымыз айтқан! Не көрсек те сертімізде тұрамыз.

— Әбілқайыр ханның мына сөзін естігенде Мәмбет мырзаның кірпігі шыланып бара жатқандай болды. Бүгінгі күн — оның да бір жыл бойы армандаған күні еді. Ханның қос қолын қаусыра қысып:

— Ол не дегеніңіз, алдияр. Сіздің ұлы мәртебелі императрица ағзамның алдындағы адалдығыңыз, орыс елшілігіне жасаған қалтқысыз қызметіңіз адамға да, құдайға да аян шығар. Ол жағынан ешқандай қам жеменіз, — деді.

— Мына баламды бір өзіңізге сеніп жіберіп отырмын. Көз қырыңызды сала жүрерсіз. Үстіндегі киімі патша сарайына кіріп-шығуға жұпынылық етер ме екен деп те сескеніп тұрмын.

— Ол жағын уайымдамаңыз. Өзім реттеймін. Маған осы алған бағытыңыздан айнымағаныңыз, қарсы жақтың қиянаты мен қысастығынан қаймықпағаныңыз қажет. Ақ патша сіздің ақ-адал қызметіңізді аса жоғары бағалайтынына менің сенімім кәміл. Тек шыдап бағыңыз.

— Сіз де қам жеменіз. Орыс шебіне жетіп алсаңыз, ол немелер аяқтарын өздері-ақ тарта жүрер. Ал, ертең көрсек те, аман тұрайық! Көріскенше күн жақсы!

Хан мен елші мұсылман ғұрпымен төстеріне төстерін тигізіп, құшақтасып қоштасты. Әбілқайыр елшіге еріп келген башқұрт ру басылармен қоштаса бастады. Елшінің қасына қазақ ру басыларын ертіп Бөкенбай келді.

— Ал Мәмбет мырза, алдыңыздан ақ күн тусын дейміз. Ақсақалдар оның сөзін қағып алып кетті.

— Ұшан далада ұшып-қонып жүрген қиқуқұлақтау жұрт едік. Ерсі мінез көрсеңіз, ертең ұмытыңыз. Жақсы қылық көрсеңіз, өмір бақи ұмытпаңыз. Азын-аулақ тентек-теліге бола жалпақ көптің көлдария көңіліне түкірмессіз.

Тевкелев ру басыларымен жеке-жеке қол алысып, құшақтасып, қоштасып шығып:

— Өздеріңіз де сөге жамандай көрмеңіздер. Қай-қайсыңыздың да адал ниет, ақ пейілдеріңізді, еткен қызметтеріңізді тәрк қылмай, ақ патшаға айтып барамын. Сұрайтыным — азғырынды әңгімелерге ермеңіздер. Бүгіннен бастап патша ағзамның құлағына жайсыз хабар тимейтіндей боп, жақсы жүрерсіздер деп сенем, — деді.

— Уәде — құдайдың аты. Құран ұстап айтқан сөзден неге айныйық! Екі жағымыз да сертке берік болайық, — деді ақсақалдар. Бізді ақ патша мынау жоңғардың құқайынан құтқарса жеткілікті. Басқа ешқандай қолқа салмаймыз.

Елші елдің ең соңында кеп, Бөкенбайдың қолын алды. Тығыншықтай Мәмбет мырза алпамсадай Бөкенбайдың құшағына көміліп, көрінбей қалды.

— Құдайназарды Уфаға барған соң елге қайтарарсыз, — деді батыр.

Жұлдыздай ақ меңі бар күрең төбелдің үстінде құлағы қалқиып ырғай мойын ақ сұр бала Ералы отыр. Көзіне түсе берген сусар бөркін қамшысының сабымен жоғары көтеріп, жаутаң-жаутаң әкесіне қарап қояды.

— Ал, балам, қадамыңа гүл бітсін, — деді Әбілқайыр Ералыны арқасынан қағып.

Баланың кішкентай қорамсағындағы жалғыз тал қызыл жебені түзеп қойды. Ол — Ералының ханзада екенінің белгісі еді. Бала зорлана жымыған болды.

Жүзден астам салт атты қайың арасынан саудырап шыға берді.

Хан тобы кетіп бара жатқандардың соңынан сексие қарап әлі тұр. Қасындағылар: «Қайтамыз ба?» — дегендей ыңғай танытып еді, Әбілқайыр тұрған жеріне желімделіп қалғандай тырп етпеді. Жүргіншілер қашан көкжиекке көтерілгенде барып, атын тебінді. Баласын тағы бір көріп қалайын дегендей артына бұрылып қарап еді, қара жалдың тасасына қылт-қылт сіңіп бара жатқан көп атты қайсысының кім екенін ажыратып болмастай жерге ұзап кетіпті.

Әбілқайыр енді ешқайда көз салмады. Астындағы атының ербеңдеген екі құлағына телміре қарап үнсіз келеді. Қасындағыларда да сыбыс жоқ. Дүсір-дүсір тұяқ дыбысынан ештеңе естілмейді. Жұрттың бәрі бір тұңғыық ой дариясына шым батып кеткендей. Әншейінде екеуінің жолы бір түссе, қауқылдасып кең даланы бастарына көтеріп ала жөнелетін қазақтардың ауыздарына бүгін не тиырым бола қалғаны белгісіз. Тек түн жамылып барымтаға аттанғандар ғана тап осылай тіл мен жақтан айырыла қалатын еді. Ал, алыс жолға кісі шығарып салғандар аламан көрген құр аттай біразға дейін тұяқтары қызып, желіктерін баса алмаушы еді. Бұл жолы олай болмады. Бұған келгенде қай нәрсенің де тонын теріс киіп шыға келетін әуелден әдеті. Жеңісі жеңіске, қуанышы қуанышқа, тойы тойға ұқсамай кете барады. Әйтпесе, бүгін Әбілқайыр үшін ақ түйенің қарны жарылған күн емес пе? Бір жылдан бері жанын тырнағының ұшында дызылдатып келген мына бір

шаруа жақсылығымен бітті. Айтқанын істетті. Дегеніне жетті. Жолын кескестеген дұшпанның еткені ем болмады. Осы ара сын болады-ау деген жердің бәрінен құдай тағала сәтін салып, сүрінбей өтті. Аруақ екеш аруақтың өзі бұны жақтады. Ендеше, мына жұрт нағып әкелері бүгін өлгендей түнере қалған?! Бұны іштері жаратпай келе жатса: «Тап осы шаруаға жиыла көріңдер!» деп тап осы жолы ешкім жалынбаған еді ғой! Өздері келмеп пе еді? Көпшілігі Батыр сұлтаннан күдерлерін үзіп, бұның жағына біржола шыққан сияқты боп келген еді ғой. Тіпті әлгінде орталарында ақ патшаның елшісі тұрғанда бірінің аузындағы сөзді бірі қағып ап жалпылдасып жатпап па еді? Ендеше неғып көмейлеріне құм құйыла қалған? Әлде бүгін бұл қайтер екен деп, әдейі сынап келе ме екен...

Жоқ, ешқайсысының бұнымен шаруасы жоқ. Бәрі де аттарының жалының қылын санап келе жатқандай тұқшиып-тұқшиып алыпты. Бәрі де түнеріңкі. Ой үстінде. Ойланғанда бұлар не ойлайды? Бұдан басқа барар жер, басар тауларының қалмағанын неғып түсінбейді? Жан-жақтан анталаған сояу тіс сойқандардың ортасында отырып, қайтып пана іздемессің?! Анталаған арыстандардың аузында кеткенше, оларды тайсалтатындай айбын іздегеннің несі айып!? Егер оған түсінбейтін болса, баяғыдан бері бұны айналсоқтап не жындары бар еді? Енді, ойлан мейлің, ойланба мейлің, болар іс болды емес пе! Бұйда, бәрібір, ақ патшаның қолына өтті. Тек ол оңға бастағай деп тіле!

Бәлкім бұлар да соны ойлап тұнжырап келе жатқан шығар. Тұмсығын тестірген нар қоспақтай өз бұйдамызды өзіміз қолына апарып ұстатып, салпақтап соңына ергенде, діні басқа, тілі басқа, түрі басқа, түсі басқа патшайым көлге бастай ма, шөлге бастай ма? Оның не ойлап, не шарапат тигізерін, шынында да, кім білген? Мәмбет мырзаға айтқызсаң, ауызымен орақ орып, қарық қылады да салады. Онысы рас па, өтірік пе? Көп ұзамай белгілі болады ғой...

Шіркін, мұндайда қасыңда Тайлан болар ма еді! Осындай дағдарып келе жатқанда ол шөп басындағы мизамға қарап, ат үстінен еңкейіп жұлып алған жусанның тармағының айыры мен бітеуіне қарап, көктегі жұлдыз, жердегі сағымға қарап бал ашып беретін еді-ау. Сонда балы жақсылыққа түссе, қараптан-қарап желпініп қалатынсың. Қанша дегенмен, үміттің аты үміт

қой! Қолыңа ұстап тұрған ештемең болмаса да, алдыңда жақсылық бар деген далбасаның өзі-ақ төбеңді көкке бір жеткізіп тастамай ма!..

Апырай, күн бүгін неткен тымық! Желтоқсанның ортасы бүйтіп сауыны болған биенің желіндей балбырап тұрмаушы еді ғой?! Әнеугүні қарап тұрып ызғып тұрар Қызыл үйіктің басында құдайдың ұйтқыма шаңыты аяқ астынан сап болып басыла қалып еді. Осының бәрі тегін дейсің бе? Істің оңға басайын дегені шығар. Құдай мынау бейшара жұрттың күнде көлдеткен көз жасын көрейін дегені шығар. Бұл осынша азап, осынша тауқыметті тек бір басының бағы үшін тартып жүр ме? Елі үшін, халқы үшін де өліп-өшіп жүрген жоқ па? Еліне не керек, не қардар екенін бір кісі білсе, осы-ақ білер. Сол білгендігінен де осындай тәуекелге мінбеп пе еді? Қоянның құйрығындай күнде қыпылықтап отырғаннан обал-сауабыңды біреуге артып, тыныш отырғанды жөн көрмеп пе еді? Аз жұрт та бір бойжетіп, толықсып отырған қыз секілді нәрсе екен ғой? Оның да біреудің білегінен ұстамаса, күні қараң көрінеді. Әңгіме тек оның алжаспай кімнің білегінен ұстай білгенінде... Құдай тек содан жаңылыстырмаса болғаны...

Түн, түн неткен қараңғы еді! Жұлдыздар да шілде ортасындағыдай шүпірлей қапты. Анау — темірқазық, анау — жетіқарақшы. Анау — ақбоз, көкбоз... Анау... Апырау, мынау ат құлағының арасынан қылаңытқан күлдей бозаң шоғыр үркер ғой! Жарықтық, бұдан ұсақ, бұдан солғын жұлдыз жоқ шығар. Бірақ, соған қарамастан, қаншама самала шырақтар самсаған түнгі аспанда оны көзің бірден шалып тұр-ау! Оның сиқыры неде екен? Әлде жұп ажыратпай бірге туып, бірге бататынынан ба? Жұлдыз екеш жұлдыз да неғұрлым саны аз, неғұрлым жарығы солғын болған сайын жиі тұрмаса, көзге түсе алмайтындарын білген ғой! Өздері неткен ыңғайтөк еді! Жаздың жаңбырлы, құрғақ, қыстың жайлы, жайсыз боларын жұрт осы Үркерге қарап біле қояды. Бәрін алдын ала осы бір шөкім солғын шырақтар сезіп қоятындай. Бәлкім, мынау бірін-бірі иықтап, бірін-бірі төбеден нұқып жатқан әумесер дүниеде аз халықтарға да осы Үркер мінез керек шығар! Бәлкім, олар да мынау ұйтқымасы көп аласапыран дүниеде тек Үркердей тығыз тұрып, дауыл мен боранды Үркердей алдын ала біліп, алдын ала ыңғайға аунап отыра алса ғана, аман қала алатын шығар...

Жол шыққанда Үркердің маңдайынан туғанын жақсылыққа жорымаушы ма еді! «үміт артсаң Үркерге қара!» деуші еді ғой. Желтоқсанда да Үркердің ат құлағынан асып көтерілмегені алдағы қыстың жайлылығы шығар. Алдың жақсылықтан асқан бақыт бар дейсің бе!

Үркердің қарсы алдыңнан туғаны маңдайынан ашылайын дегені ме екен?! Не де болса, үміт бар ғой. Қаршадай Ералы көз көрмеген алыс жолға сол үмітпен аттанды ғой. Бұрын қайда аттап басса да, үрей анталап тұрмаушы ма еді. Жоңғар қайтер екен, қалмақ қайтер екен, башқұрт қайтер екен деп қаралай қылпылдап бітуші ек ғой. Енді, не де болса, бір үміт бар емес пе. Үрейден үміт қашан да жақсы емес пе. Ендеше, мынау Үркер де жақсылығымен туған шығар. Тек бұның, тек мынау талайды көріп, талай тауға басын соққан көнтері жұртының алдынан ылғи осылай үміт шырағы туып тұрғандай!

Хан ішінен: «Е, жаратқан, бұныға да шүкір! Тәуба, тәуба!» — деп сан рет қайталады.

ТІЛМАШ ТЕВКЕЛЕВТІҢ КҮНДЕЛІГІНЕН

Эпилог орынына

«...1733 жылғы ғинуардың екісі. Тілмаш Тевкелев Уфаға келді.

Ғинуардың төрті. Санкт-Петербургтан қайтып келе жатқан қырғыз-қайсақтардың елшісі Құлеке хан баласына ұлы мәртебелі императрица ағзам керуенінің тоналғаны үшін қатты ашуланып, елшілерді жібермей қалды деген хабар айтыпты. Оны естігенде, ханның баласы, өзге қырғыздар, әсіресе Бөкенбай батырдың інісі Құдайназар мырза ас батпай жаман ауырып қалды.

Ғинуардың тоғызы. Тілмаш Тевкелев қасындағылардың ас-судан қалып, азып-тоза бастағанын көріп, Құлеке елші әлгі хабарды әдейі оларды қорқыту үшін айтқанын, ондай-ондай қаңқу сөздерге құлақ аспау керектігін ескертті.

...Оның бұл сөзіне ешкім илана қоймады... Құдайназар мырза Уфадан еліне қайтаруды сұрады... Тілмаш Тевкелев

оған: «Марттың аяғына дейін кідіре тұр, ағаң Бөкенбай екеуіңнің адал қызметтеріңіз үшін сый-сияпат бермей, қалай құр қол қайтара алам? Ол жайында Москваға хат жазып жібердім, соған жауап келсін», — деді. Ол хат келгенше өзінің Қазанға барып, ұлы императрица ағзамның әмірі бойынша, губернатормен ақылдасып қайтатынын, ол жақтан келген бойда оны еліне жіберетінін айтты. Ал егер де ол жақта оған елшілікті Санкт-Петербургке өзің апарып қайт деген бұйрық берілсе, Қазаннан әрі Петербургке асып, оған елшілікпен бірге Уфаға оралып, бәріңді елге бірге қайтарамын деп уәде етті.

Тілмаш Тевкелев қырғыз-қайсақ ортасында болған кезінде қырғыз-қайсақтардың зеңбірек құймайтынын ондайларының болмайтынын және пайдаланбайтынын, сол сияқты оқ-дәрілі мылтықтарды да өздері жасамайтынын, Хиуа мен Бұхарадан қойға, жылқыға айырбастап алатынын, оқ-дәрі мен тотияйынды әркім керегінше әртүрлі әдіспен жасап алатынын, ірі-ірі заводтарының жоқ екенін, садақты аз қолданатынын, соғыста көбінесе шүріппесі жоқ пілтелі мылтық пайдаланатынын байқады. Башқұрттар соғыс жағдайында тек жебе мен садақты ғана пайдаланып, оқ-дәрілі мылтықты атымен білмейді екен.

Тілмаш Мәмбет Тевкелев.

Июнь 1978 жыл — март 1980 жыл.

Бірінші романның соңы

Нұрлан ОРАЗАЛИН

ОЙ МЕН СӨЗДІҢ БИІГІ

ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНА
ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

Әдебиетте жаңа сөз айту екінің біріне бұйырмаған. Ал бұйрығы жетіп, дүниеге келген жаңа сөз, шын мәніндегі жаңа сөз — әдебиеттің ортақ абыройы, ұлттық көркем ойдың мерейі. Алпысыншы жылдардың басында көркемсөз майданына тиянақты таным, мол білім, үлкен дайындықпен келіп, елді елең еткізген: оқырманын ойлантып, тыңдаушысын ұйытқан талантты шоғырдың маңдайалды өкілі — Әбіш Кекілбаев творчествосы өзінің көркемдік тұтастығымен оқшау көзге түсер, қазіргі қазақ әдебиетіндегі, қала берді одақ әдебиетіндегі тумысы бөлек жаңа сөз екеніне бүгінде ешкім шәк келтірмейді.

Бұл — дақпырт емес, өнер шындығы. Алғашқы «Ажар» триптихынан бастап, күні кешегі «Дала балладалары» мен «Аңыздың ақырында» қолтығын сөге шапқан, енді міне, қалың оқырман қауым жата-жастанып, оқып жатқан «Үркер», «Елең-алаң» романдарын дүниеге алып келген сол суреткер сөзі хақында аз айтылып жүрген жоқ. Соның қай-қайсысында да кең тынысты қаламгер болмысы әр қырынан қарастырылып келеді...

Сыни пікірдің көбіне арқау болып жүрген Кекілбаев прозасындағы бір түс — ірі түс — сындарлы мінез, салмақты баяндаудың өзгеше табиғаты. Қай шығармасында да аптықпай айтып, асықпай сөйлеуге әбден қалыптасқан жазушы қаламының өзіндік айшық бедерін айқын танытар, сонымен қатар ұлттық прозамыздың бүгінгі ойлау өресін, көркемдік дәреже-деңгейін аңғартар осы бір терең тамырлы, кең тынысты баяндау бүгінгі әңгіме арқауы болар қос романның да көркемдік салмағын айғақтар басты кредо екені шүбәсіз.

Бұл орайда, автор ұсынар көркемдік әдіс — монологтық баяндау үлгісіне еріксіз сүйсінесіз. Бұл, біріншіден, екі романның стильдік, бейнелік тұтастық қалпын сақтауда үлкен роль атқарып тұрса, екіншіден, көркемдік ойлаудың шек-шегарасын кеңейтіп, тарихи шындық пен тарихи кезеңдерді, тарихи тұлғаларды танудың, жазудың, сомдаудың өзгеше ұлттық моделін құрауға мүмкіндік береді. Автор ойы, автор қиялы хронологияның құрсау-қамалында қалып қоймай, тарих туралы ойлау мен сөйлеудің мейлінше еркін, мейлінше көркем болуына күш салады. Бірақ, сөйте тұра, жинақталып қорытылған, өз қазанында әбден қайнап, піскен тарихи деректер мен сол кезең хақындағы аңыз әңгімелерді бұрмалаудан

аулақ. Патшалық Россияның отаршылдық саясатынан туған толып жатқан миссионерлік жазба деректері мен есеп-қисап қағаздарындағы әр алуан пікірлер, тұжырымдар, тоқтамдар — сол уақыт беделі мен сол кезең ықпал-ойы тасқа түсірткен қазақ халқы мен Орта Азияның басқа да халықтары турасындағы қилы-қилы, қайшы пікірлердің қай-қайсысы да молынан зерттеліп, романдардың таза эпикалық болмыс-қалпын кеңейтіп, халықтық мінез бітімін ірілендіруге сәтімен пайдаланылған. Бұл ретте Тевкелев жазбалары мен Орынбор экспедициясының бастығы статс-советник Кирилловтың мәлімдемелері секілді толып жатқан сол дәуір шындықтарынан ақпар айтар деректердің орасан мол қамтылғанын атап өту керек.

Жазушы тарих хақындағы мол білімнің жетегінде кетіп қалмай, сол ұлан-асыр мәлімет-мағлұматтың бәрін түпкі ойы мен түбегейлі мақсатына жұмылдырып отырады. Бірде күнделікті тіршілік нышанын танытар дәстүрлі баяндау сорабымен жүрсе, енді бірде, осыған дейін «Аңыздың ақырында», ара тұра «Ханша дария хикаясы» мен «Шыңырау», «Күй» повестерінде қаламының қуат-күшін жан-жақты танытқан монологтық баяндау үлгісіне бой ұрады. Соңғы үлгі, әсіресе, кейіпкерлердің ішкі ала-сапыран көңіл-күйін тап басып тануға белгілі бір ірі бетбұрыс оқиғалардың қоғамдық-әлеуметтік сипатын ашуға, адам мен қоғамның ара қатысын талдап-талқылауға, дүниелік құбылыстардың қай-қайсысына да жан-жақты психологиялық анализ жасауға мүмкіндік береді. Сайып келгенде, авторлық ойлау жүйесінің тегеурінді құралы болып табылар осы әдіс «Үркер», «Елең-алаң» романдарына өзгеше мақам, ерекше кескін-келбет үстей түседі. Мұндағы, қайсыбір шыдамсыз оқырмандарымыз аттап кетіп оқитын, ұзақ-сонар ойлардың жойқын көшін аспай-саспай отырып, жеріне жеткізе суреттейтін, кейде салаласып, кейде сабақтаса байланысатын құрмалас сөйлемдердің астарында қаншама күрделі өмір, тіршілік құбылыстары хақындағы ойлар, тоқтамдар жатқанын аңғару аса қиын емес.

Екі кітапта да автор өз қаламына арқау еткен арқалы кезең, аламан дәуірдің осыншама көл-көсір, кең панорамасын әр түрлі ракурсте суреттей отырып, эпикалық туындыға тән халықтық мінездің, халықтық сипаттың үлгілерін жан-жақты қамтығанын көреміз. Сол көп кейіпкерлердің қай-қайсысын да таза характер, образ табиғатына сай даралауда жазушы қаламы өзінің жорғасынан жаңылмайды, жүрісі мүлтіксіз. Диалогы некен-саяқ, бірақ жүрек тербеп, шымырлап, бойға жайылар, бірде қуантып, бірде мұңайтар, мына ұлы дүниенің өзіндей қырық қатпарлы сыр өңгерген сырбаз баяндау бәрін де атқарып жатыр. Кейде кескін-келбетіне, жүріс-тұрысына, киіміне қарап, кейіпкер ахуалынан мол түсінік алсақ, көзінен тегін, сөзінен өзін танысақ, кейде шынайы суреткерлік бояу мен эпикалық мол толғаныс-тебіреністердің астарынан тіршілік, тұрмыс, өмір харакеттері хақындағы өзекті ойларды оқимыз. Мұндай тұстарда автор ұсынар тарих осыдан үш ғасыр бұрынғы қошқар мүйізді қазақ қауымының этнографиялық гардеробы ғана емес, бүгінгі жұмыр басты пенделерге тән дүниелік ахуалдар жөніндегі әр тарап ойлар мен әр алуан сезімдердің де пернесін басар, замана жалғасын, уақыт байланысын айғақтар алып құралдай елестейді. Кекілбаев қаламынан буырқанып шығып, түйдек-түйдек ой атқылай бастайтын сөз шабуылы, әрі-беріден соң, мына жер үсті тіршілігін күйттеуден туар, үлкен сенім мен махаббат жүгін арқалаған суреткерлік бітім мен өзге мінезді суреткер сипатын аңғартады.

Тарихты меңгерудегі ұлы Әуезов дәстүрінің заңды жалғасындай елестер, өзінің түрлік, мазмұндық сипаты жағынан ұлттық прозамызды көркемдік ойлау жүйесінің эпикалық жаңа нышандарымен толықтыра,

молықтыра түсер осынау қос романның орталық кейіпкері қазақ халқының өзегін өрт шалған үлкен тарихи бетбұрыс кезеңінде ел басында отырып, сөз сұраған, Қазақстанның Россияға өз бетімен қосылуында біршама прогресшіл роль атқарған тарихи ірі тұлға, Кіші жүз ханы — Әбілхайыр. Кекілбаев бейнелеген Әбілхайыр хан — тарих өз бағасын берген, күрделі мінез-характерінде қайшылығы мол, әрісі мен берісін қатар сапырған, бір басында хандық заманның қаталдығымен қатар, кейде пендешілік мейірім де жылт етіп отыратын жан. Әбілхайыр басында болатын алмағайып оқиғалар мен тосын жайларға, оның мына пенделер арасындағы қым-қуыт тартыс пен ағайын арасындағы «алтыбақан алауыздық» күресі жөніндегі пайымдауларына екі кітаптың екеуінде де мол орын берілген. Тіпті ол өзі араласпаса да, не бір сәлемі, не бір сөзі, тым құрыса, елші-қосшысы араласып отырады. Шығысына қарап ортайып, Батысына қарап, үмітімен марқайып отырар ханның өз қара басының қамын да ұмытпай, халық қамын да ұмытпай сергелдеңге түсіп, ойға батар шақтары сенімді, нанымды, көркем суреттеледі.

Хан мен қарашасының қатынасын суреттеуде жазушы қиялы хронология мен деректер қорығынан шығандап ұзап шығып, халықтық аңыздар мен әңгімелерге, ұлттық наным мен сенім толы мифтік сарындарға жиі барады. Ұлттық ойлау мен адамзат ойының арасындағы кейбір көлденең кірпіш-кедергілерді тегістей отырып, автор өзінің түпкі мақсаты мен концептуальды ойына жетуде психологиялық параллелизм әдісін, психологиялық анализ жасау жүйесін жақсы пайдаланады. Бұл жәйт халықтық бейнелерді сомдаудан, солардың қуаныш-күйінішін суреттеуден, сол секілді, орыс елшілері мен қазақ сұлтандарының араласу-арбасуларынан мол аңғарылады. Соның қай-қайсысында да, әңгіме құлағында тұрар бір жан — Әбілхайыр. Ол қай тұста да өзінің күнгей-көлеңкесімен көрініп отырады. Сызданып отырып, сыр бермей кетер хан бірде бақталас, бәсекелестерімен іштей шарпысса, енді бірде шарт үзіліп, ашық айқаста жүреді. Кейде оның дәл қазір қандай ойға шомып, нендей шешім қабылдап отырғанын, қара халықты былай қойып, қасына ерген сұлтандары да тани алмай, таба алмай әлекке түседі.

Таққа табынғандар мен ұғымға жығылғандардың он сан бейнелерін сүзіп отырып, сол арқылы автор өзінің ең басты, ең үлкен мұратты ойына жол тартады. Ол — қос романның бас кейіпкері — өмір тіршіліктегі «қарашы» деген аты қосамжарлап қасынан қалмай келе жатқан, қай заманда да маңдай соры кетпеген, айқай-үні «құдай» құлағына жетпеген қазақ есімді халықтың ұлттық мінез-сипатын, жақсысы мен жаманын, артықшылығы мен кемшілігін, қуанышы мен күйінішін, ездiгi мен ерлігін, жалыны мен жасығын, қысқасы, жер еміп, еңбек еткен, мал бағып, пішен шапқан осынау ұланғайыр даланың иесі болған елдің Батыс пен Шығыстың түйісер тұсында тұрған бір кезеңдегі болмыс-күйін молынан суреттеу. Бұл — нағыз эпикалық құлаш-қарымы кең суреткердің мінезі.

Қарадан туып, ханға шығып ханым болған Бопай бейнесі мен Бөкенбай, Есет, Тайлан, Мәті тәрізді халық өкілдерінің ойын, сөзін, мұратын үлкен тартыс алаңына алып шығу арқылы жазушы сол ереуілді замана мінезіндегі қауымдық сипат пен халықтық үрдістің қайталанбас бояу үлгілерін, болмыс-қалпын жасайды. Бұл тұстарда Кекілбаев қаламы шабыттана ширғып, тынысы ашылып, қолтығы сөгіле түседі. Ел сипатын, ел мінезін, елдік қарым-қатынастарды беруде автор тілі — «үстінен су төгілмес жорға» тәрізді; ол халықтың қолына найза ұстап, жауға шапқан сәтіндегі ереуілді қалпынан да, үш орданың үш ханы мен ала көз сұлтандары жан-жаққа тартып, тағдыры додаға түскен халықтың жоңғар тұяғының астында қалған аянышты сәтінен де, құйтақандай, Ералы ханзада

бастап, Петербург босағасын именіп аттаған шағын елшілердің пұшайманды халінен де көрініп отырады.

Әр кейіпкерінің әр қимылын былай қойып, бет әлпетіндегі көңіл-күй толқыныстары мен ішкі жан дүниесіндегі шарпылыстарына дейін көзінен көлденең жібермес реалист жазушының Бопай мен Әбілхайыр арасын айрықша суреттеуінен ер мен әйелдің, хан мен ханымның жан күйін қалай егіз аңғарып отырсақ, Бопай мен Мырзатай арасынан бір емшекті тел емген туған бауырлардың туыстық, жақындық характерін көріп, кейде толқып, кейде ренжіп, кейде қуанып отырсыз... «Елең-алаңның» алғашқы беттеріндегі тас үйлер мен зәулім сарайлардың мінезі бөлек, тілі басқа, үні бөлек, діні басқа ортаның қоршауына түскен бір сәтіндегі кішкентай Ералының аспандағы Үркерге қарап тұрып, жанын сағыныш кеулеген, есіне әжесі мен анасының кескін-кейіптері, туып-өскен даласы түсетін сәтін алсақ та, әйтпесе «Үркер» басындағы «көптен бері қару ұстамай балғын тартқан саусақтардың» иесі ханның «ақ шарқат қалтадан ақ жаймаға саудырап төгілген қырық бір құмалақты, қырық бір жиде тасын үшке бөліп» отырған әрі-сәрі шағына ойша оралсақ та реалистік діндегі берік талай-талай ой мен сезімнің куәсі болар ек.

Сонау ығылым замандар мен көне күндердің құшағынан дауыстары талып жетер, бүгінгі біздің дулы ғасырға, мына алып планетаның басын дау-дамайға салған жиырмасыншы ғасыр перзенттеріне ағынан жарылып айтары сыры да көп қилы-қилы мінез характері бар жандармен кездестіретін, соларға бауыр бастырып, етінді үйретер, бірде жылатар, бірде қуантар осынау қос романның идеялық тұтастығы мен тақырыптық меңгерілудегі мінсіздігін де айтпай болмайды. Суреткер халықтар арасындағы мәмлеге келіп, тоғысу, жақындасу процесін, іргелес жатқан елдер мен ұлттар ойынын, мұрат-мақсатының үндесуін тарихи шындық аспектісінде ғана қарастырып қоймай, сонымен қатар, сол тарихи мәні бар үлкенді-кішілі актілердің пісіп жетілуінің объективті, субъективті факторларын іздестіреді. Әрбір құбылыс, өзгерістердің шындық сипатын, психологиялық шырайын танытар кейіпкерлер іс-әрекетіндегі реалистік мінездің түпкі мақсаты — ұлы достыққа, орыс халқы мен қазақ халқының тағдырын байлаған елең-алаң дәуірде туған достыққа Дала жұртының келу жолы. Әрине, бұл тұста автор ұстанар берік қағида екі Россияның мінез-құлқы мен екі Даланың психологиясы. Ұлы жол үстінде тұрған екі түрлі алмағайып мінездердің шарпысуы — романдар бойында жатқан күретамыр конфликтінің арқауы...

Автор үш орда қазақтың төбе биі Төлені сөйлетсе де, Әбілхайырды Мәтіге жолықтырып, түсін жорытса да, оны топыраққа тізесінен бастырып, хан басымен халық алдында иілтіп, үрім-бұтағын, өткен-кеткенін аузына алғызып, көрер қызығын, ырзығын пидаға шалғызса да есінен екі елі жібермес бір ұғым бар. Ол — халық, халық бейнесі. Халық бейнесін танытар үрдіс қасиеттерге берілер баға бірде хан аузымен айтылса, енді бірде балиғатқа толмаған баласы — Тұяғын ел жолына тігуге бел байлаған Тайлан бойынан байқалады. Қай тұста да, қай сәтте де қуатты қаламға жарасар ірілік бар, кесек-кесек қалып бар, мінез бар; сол қалып, сол күйді оқырманна жеткізер зергер сөз боп шұрайлы тіл бар.

Ендеше қилы-қилы ауыр күндерді басынан өткеріп, томаға-тұйық бір шақта сәуле нұрды іргедегі ұлы жұртпен бодан болып, тізе қосудан көрген ханның қара жұрты — халқы ұлы достыққа алғашқы қадамды қалай бастап, қалай серттескенін бүгінгі ойлы оқырманға ұсынар «Үркер», «Елең-алаң» романдарының Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылуын заңды деп білеміз. Өйткені бұл туындылардың жазылу үрдісі мен үлгісі, автор шығар асқарды ғана мегземейді, сонымен қатар, ұлттық үлгідегі, социалистік мазмұндағы бүгінгі қазақ прозасының да алар асу, шығар биігін анықтары анық.

ТҮСІНІКТЕР

«Үркер». 1981 жылы «Жазушы» баспасынан жеке кітап болып шықты. 1991 жылы «Жалын» баспасынан орыс тілінде «Плеяды — созвездие надежды» деген атпен басылды. 1999 жылы — «Сөздік-словарь» баспасынан екінші рет жарық көрді.

ТОМ СОҢЫНА берілген мақалаға түсінік

Нұрлан Оразалин. *«Ой мен сөздің биігі».* «Үркер» және «Елең-алаң» романдарының Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылуына орай пікір. «Қазақ әдебиеті» газетінде 1986 жылдың шілде айында жарияланды.

МАЗМҰНЫ

Екінші бөлім	
Елшілік	5
Үшінші бөлім	
Арбасу	158
Төртінші бөлім	
Айқас	300

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ

Он екі томдық
шығармалар жинағы

Редакторы

Г. Мұқышева

Көркемдеуші редакторы

Т. Ильяшев

Тех. редакторы

А. Мұқышева

Компьютерде безендірген

А. Құрманғалиева

Теруге берілген күні 07.09.99. Басуға қол қойылған күні 10.11.99.

Формат 84x108¹/₃₂. Шартты баспа табағы 24,4.

Есепке алынатын баспа табағы 29. Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс № 3041. Бағасы келісімді.

«Өлке» баспасы:

480002, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 7 үй.

Тел.: 33-22-21, 26-09-13.

Қазақстан Республикасының Мәдениет,
ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі,
480009, Алматы қаласы, Гагарин даңғылы, 93-үй.

